

12007  
380к




Вилли  
Майнк


# Марко Полоның таңғажайып сапары











ТАРИХ • ТАНЫМ  
ТАҒДЫ





---

**Вилли Майнк**

---

**Марко Полоның  
таңғажайып  
сапары**

---



---

**“Аударма” баспасы  
Астана-2006**

ББК 84 Нем.7-44

М 19

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ  
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

**Майнк В. Марко** Полоның таңғажайып сапары. Неміс  
**М 19** тілінен орыс тіліне аударған *Л.Лунгина*. Ғылыми кеңесші  
және түсініктердің авторы *Я.Свет*. Орыс тілінен аударған  
*Қуаныш Ахметов*. – Астана: Аударма, 2006. – 480 бет.

ISBN 9965-18-159-4

Белгілі неміс жазушысы Вилли Майнктын тарихи хикаятында венециялық саяхатшы Марко Полоның XIII ғасырда монғол империясына жасаған шытырман оқиғаларға толы таңғажайып сапары көркем тілмен баяндалады. Оқырман бұл кітаптан сол кездегі шығыс елдерінің салт-дәстүрінен, дипломатиялық қатынастарынан, Құбылай сияқты тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметінен және Еуропа елдерінің Шығыс халықтарына көзқарас-танымынан құнды мәліметтер алады.

М  $\frac{4703010000-170}{00(05)-06}$


ББК 84 Нем.7-44

ISBN 9965-18-159-4

© Қазақша аудармасы, Ахметов Қ., 2006.

© “Аударма” баспасы, 2006.





Тып-тымек қоңыр кеш. Олар асықпай адымдап келеді.

– Гуэльмо пірөдар<sup>1</sup>, біз қайда аттанбақыз?

Сопы жауап бермеді. Ол кілт тоқтап, айдынға көз тікті. Қасындағы серігі суықтан тітіркеніп, қоңыр сутанасының<sup>2</sup> омырауын жапты.

Олар тулаған теңіздің жағасында тұр. – Қайда жүретінімізді сұрадың ғой, – деп Гуэльмо пірөдар қолын сілтеп, теңіз бен көкжиекті нұсқады.

– Ана жаққа. Сапарымыз осы тар мүйістен басталады, ал оның қай жерде аяқталары белгісіз.

– Бізге құдайдың өзі жар болсын, – деп сиынған Николо да Винченца пірөдар серігіне сынай қарады. – Гуэльмо пірөдар, сен

мосқал адамсың. Папаның бұл сапарға жастау біреуді таңдауына болатын еді ғой.

Гуэльмо пірөдар жайбарақат қана:

– Пано Карпини\* христиан шіркеуі басшысының тапсырмасымен монғолдарға аттанғанда алпыс бес жаста болатын, – деп жауап берді.

– Алда қандай сынақтар күтіп тұрғаны өзіңізге мәлім. Карпини мен оның серіктеріне түнеп шығатын орындарын қардан қолмен аршуға тура келді, ал кейде таңертең оянғандарында түні бойы борап, басып қалған аққаланы тесіп шыға алмаған кездері болды.

– Мұның бәрі маған белгілі, Николо пірөдар. Ал енді монастырьға қайтайық.

Қалықтаған шағаланың канаты талған секілді. Теңіз бен көкжиек тұтасып кеткен, жұлдыздар көрінбейді. Ерке жел түнделетіп жүрген сопылардың далбайларын бір көтеріп, бір түсіреді.

\* \* \*

Дәл осы кезде Марко Поло жасырынып үйінен шыққан еді. Ол Пьяцеттаға<sup>3</sup> жетіп, дабырлаған дауысты естіп, шырақтар мен шамдардың жарығына малынған тобырды көргенде ғана аптығын басты. Сан-Джорджиода<sup>4</sup> оттар жалтылдайды. Міне, айлақтағы емен дінгектерге мықтап бекітілген кеме. Палубаға көтерілген матрос бұркылдап ұрысып жүріп, желкендерді тексеріп жатыр. Марко одан көзін жазған жоқ.

Бозбала өзінің достары Муранолық Джованнимен және Сан-Микилелік Джанинамен қоштасу арқылы әсері де, катері де мол балалық балдәурен шақтан қол үзгендей. Ол енді Венециямен қоштасуда. Салбырап шайқалған шамдардың жарығы астында қайықтар айдынды кесіп өтіп жатыр. Түн тыныштығын анда-санда шыққан айқай-шу бұзады. Қарауылшы қаланған тактайлардың тасасына жайғасқан қайыршыны сыбап боктап, қуып тастады.

---

\* жұлдызшамен белгіленген сөздерге кітап соңында түсінік берілген.

Марконың үйіне қайтатын кезі болды. Бірақ осы мезетте палубаға екі адам көтерілген еді. Олардың аласа бойлы шымыр келгені кеменің капитаны болатын. Марко оны кеудесіне түскен сақалынан жазбай таныды. Ал анау, оны бірдеңеге кондіргісі келіп, сыбырлап сөйлеп жатқан екінші адам кім? Марко жақын келіп, діңгек түбіне жасырынып, палубадағыларды бақылай бастады. Капитан матросты бір жаққа жұмсап жіберді. Жалпақ жауырынды мығым кісі кім болды екен? Маркоға оның бет әлпеті көрінбеді, алайда бойына, басының пошымына және кербез қимылына қарағанда...

Иә, Марко әбден анықтап қарап үлгермей жатып-ақ бұл кісінің капитан Матео екенін білді.

Қара қайықтың кожасы Матеоны мұнда, ертен ертемен әкесі, көкесі және екі сопымен бірге Марконың өзі Арменияға жүретін кеменің палубасына қандай себеп әкелді? Капитан матросты кетіріп, неге оңашаланды? Ол нені құпиялап сыбырлап сөйлесті? Марко бұл сұрақтардың біреуіне де жауап таба алмады. Оған Матео капитанды контрабандамен айналысуға азғырып жүрген жоқ па екен деген ой келді.

Палубада ерсілі-қарсылы жүріп әңгімелескен капитан мен Матео Марко тасаланған діңгекке таяп келді. Бірақ олар өте жай сөйлескендіктен Марко бұрынғысынша ештеңе естіген жоқ. Алайда қимыл-қозғалыстарының сыңайынан олардың өзара келісімге келгенін түсінуге болатын еді. Оның құлағына Матеоның капитанмен қоштасқан даусы жетті:

– Ариведерчо<sup>5</sup>, ертен көріскенше, Антонио!

Ол осы алып адамның кеме басқышынан жеңіл секіріп түсіп, жағаға шыққанын көрді. Марко аяғын сенімсіздеу сылбыр басып, оның соңынан ерді. Матеоның делла Палья көпірі тұсында тұрған гондолаға<sup>6</sup> беттегенін білгенде ғана ол жүрісін жылдамдатып, жақындап келіп:

– Буона сера, капитан Матео!<sup>7</sup>– деп, айқайлап амандасты.

Таңданған капитан кілт тоқтады.

– Маркосың ба? – деп сұрады ол өзінің гүжілдеген зор даусымен. Мынандай кеш мезгілде пристанда не бітіріп жүрсің? – Ол қолын бозбаланың иығына асып: – Дегенмен мен сені түсінемін. Осындай сапар алдында мен де тыныштық таба алмас едім. Менің гондолама отыр, үйіңе дейін жеткізіп тастайың. Барғанша аз да болса әңгімелесеміз, – деді әкелік қамқорлықпен.

Марконың көңіліне кірген күдік сейіліп сала берді. Оның есіне бірде қажет кезінде көмек сұрап барғанында капитан Матеоның бетін қайтармағаны түсті.

– Ал, отыр, – деп асықтырды Матео. – Менің қазір ертеңге қалдыруға болмайтын шаруам көп.

Марко гондолаға секіріп мінді. Капитан Матео ескектерін есіп, жағадан қозғалды. Гондола Сан Марко каналымен жылдам жүзіп келеді. Түнгі Венецияның сымбаты бозбаланы сүйсіндірмей қоймады. Ол болашақта осы көрініс көз алдына жиі келетінін сезгендей еді.

Капитан Матео есуді тоқтатты. Алабажак тобырдың даусы ешқашан басылмайтын Пьяцетта жағалауымен гондола ағыс әсерімен баяу жылжып келе жатқан, кенет алып кеменің корпусы түк көрсетпей, бәрін жауып тастады. Аянышты, мұнды ән естілді. Ол Сан Марко каналында зәкірде тұрған қызыл галерадағы күлдардың даусы еді.

Капитан Матео қайтадан есуге кірісті. Санта Мария делла Салюта шіркеуі тұсынан олар Гранде каналына бұрылды. Мұндағы ерсілі-қарсылы жүзген гондолалардың көптігі сондай, соқтығыспай отудің өзі қиын.

– Сіз біздің кемеді болдыңыз, – деді кенет Марко. – Мен онда капитан Антонио екеуіңізді көрдім.

Матео бозбалаға таңдана қарады. Олардың қайығы судан басы шығып тұрған боренеге соқтыға жаздады.

– Сен немене, біздің әңгімені тыңдадың ба? – деп сұрады капитан Матео. даусы дірілдеп.

– Мен айлаққа тың тыңдау үшін келгенім жок, – деді Марко маңғаздана сөйлеп. Менің кемеңі тағы да бір көріп шыққым келді. Үйде байыз тауып отыра алмадым.

Матео күліп: – Кемеңі тағы бір көргім келді дейсің бе? Шамасы, оны түнде ұрлап кетеді деп қорыққансың ғой? – деді де, кенет бойын тіктеп, қатуланып:

– Сен біздің әңгімеңі естіген жоқсың ғой? – деп сұрады.

– Жок. Мен тек сіздің “Сау тұрыңыз, ертең көріскенше” дегеніңізді естідім. Капитан Матео, түсіндіріңізші, бұл нені білдіреді?

Қаптаған қайық құртша құжынаған Гранде каналынан олар қапталдағы тар арнаға бұрылды. Бұл арна бос, әрі тыныш еді. Бірде-бір қайық көзге түспейді, бөгде дауыстар да естілмейді. Оныңнан да, солыңнан да тұнжыраған тас қабырғалар төніп тұр. Каналда ағаш көпір бар, оның ортасына жарығы су беті түгіл, өзінің түбіне де түспейтін сырыққа байланған сықсима шам ілінген.

– Капитан Антонио менің ескі досым, – деді Матео. – Біз екеуміз “Санта Марияда” матрос болдық, Франция, Испания, Африка жағалауларымен бірге жүздік... – Капитан Матео кенет алға еңкейіп, даусы тітіркеніп: – Саған мұны несіне айтып отырмын? Ұрымын ба, қарымын ба? Еркін адаммын, қай кемеңің палубасына шығарымды өзім білемін! – деді.

Марко жедел оның көңілін ауламақ болып:

– Менде сіз жайлы бөтен ой болған жок, капитан Матео, – деді. Матеоның ашуының қайтымы тез болды. Алайда оның еріндеріндегі әзер сезілер мысқыл табының капитанның шүңірек коздеріне барып қонғанын Марко байқап үлгерді.

– Қолыңды әкел, ұлым, – деді капитан Матео. – Кім біледі, енді қашан жолығарымызды. Алда не барын ешкім болжап біле алмайды. Мүмкін, бес күннен кейін, әлде бес жылдан соң кездесерміз, тіпті ешқашан көріспесіңіз. Теңіздің көрі көкжалы саған сәт сапар тілейді. Ал бұл деген мың дуқаттан<sup>8</sup> да қымбат.

Оның қаркылдап күлгенінен канал бойында жаңғырық пайда болды. Марконың қолы Матеоның күректей алақанының ішіне кіріп кетті. Қолын құшырлана қатты қысса да бозбала сыр берген жоқ, бет әлпетінен түк білінбеді.

– Көріскенше, капитан Матео! – деді ол сыңғырлаған дауыспен.  
– Біз бес күннен соң кездесеміз.

Күлімсірген Марко жағаға секіріп түсіп, абыржыған капитан отырған гондоланы аяғымен итеріп жіберді.

\* \* \*

Таңертен жел тұрып, салқын болды. Желкендерін көтерген кеме Сан-Николо<sup>9</sup> фортын бетке алды. Папаның елшілерін шығарып салған сенаторлар мен монастырь басшысы Дождар Сарайына<sup>10</sup> таяп та қалды. Тек Джованни мен Джанина ғана әлі айлақта тұр. Шашын жел жалбыратқан Марко Поло болса, достары мүлдем көзден таса болғанша палубадан кетпей, олармен қол бұлғап қоштасты. Содан соң ол барлық желкенін керіп, шығанақтан шығып бара жатқан кеменің алдыңғы жағына өтті.

Марконың куанғаны соншалық, ол өзін көк аспанда еркін қалықтаған қырандай сезінді.

Жіңішке Лидо мүйісі көрінбей кетті, теңселген толқындар кеме қабырғасын соққылап жатыр, қай бағытқа көз салсаң да сұрғылт жасыл айдынды көресің.

Маффео Поло немере інісінің қасына келіп тұрды. Оның да бет әлпетінен әрбір жолаушы мінген кемесі желкендерін көтеріп айлақтан ашық теңізге шыққанда басынан кешетін қуаныштың табы білінеді.

Маффео сәл еңкейіңкіреп Маркоға:

– Міне, біз де сапарға шықтық! – деді.

– Қандай тамаша, Маффео көке!

Гуэльмо пірөдар да палубада, бірақ ол жаңа ғана Сан-Николо монастырының жалпақ қабырғалары көрініп тұрған артқы жақтан

козін алар емес. Монастырь бейне бір Лидо аралдарымен бірге теңізге батып кеткендей.

Николо пірөдар папаның ұлы ханға арналған сыйлықтары: әдемі хрусталь ыдыстар, кымбат киімдер, сопылар кошiрген діни кітаптар және басқа да асыл бұйымдар жиналған каютада отыр. Дүниенің көптігі сондай, ол әбден тарылып, екі кереует бірінің үстіне бірі қойылды, қалған жерге кішкентай үстел мен екі орындық қана сыйды. Өте тәжірибелі оқымысты сопы құдайдың адал құлы болатын, алайда Николс пірөдар Григорий X-шы<sup>11</sup> папаның аса абыройлы тапсырмасын орындауға шықса да, монастырьдың бірқалыпты мамыражай тұрмысын ешқашан сапар азабына айырбастамас еді.

Николо пірөдарға теңселіс күшейе түскендей көрінді. Ол орындыққа шығып, кеме бір қисайғанда өзін тосекке лақтырып жіберердей болған серпін толастағанша жоғарыдағы белдіктен айырылмады.

Төсекке ыңғайлы жайғасқанда ғана сопының көңілі орнына түсті. Ол жуан еді, дүңкиген қарны каютаның төбесіне сәл тимей жатыр, ал орнынан аударылу деген Николо пірөдар үшін қиямет-қайым шаруа болатын. Теңіз шуына құлақ түріп, теңселген каютаның қабырғаларынан көз алмай жатып, сопы ащы мысқылмен монастырь ішіндегі алансыз өмірін еске алды. Ол соңғы тәуліктердегі қарбалас шаруалардан қажыған еді, жылдам ұйықтап кетті де, кешкен шырғалаңның бәрін ұмытты.

\* \* \*

Осы уақыт ішінде Марко Поло кемемен түбегейлі танысып, матростармен әңгімелесе келе, мұндағы қызметшілер жайлы әжептәуір мағлұматқа ие болды. Оған тәжірибелі командаға және руль ұстаушыға әбден сеніп алған капитан Антонионың палубадағы мінбесіне тым сирек көтерілегіні түсініксіз еді. Боцманның Маркоға айтуына қарағанда, капитанның каютасында шарап жағы өте мол,

әрі капитан Антонионың өзі бір-екі стаканды тартып жіберуге әрқашан дайын. Сөйте тұра, командадағы басқа біреу бір жұтым шарап ішкенін білсе, капитанның жыны қозып кетеді. Оның, аспаздан лоцманға дейін бәрін палубаға тізіп қойып, шетінен ішкен ішпегендерін тексеретіні бар. Сондайда, капитанның мұрны беттеріне төніп келгенде, олар амалсыздан кері шегінуге мәжбүр, өйткені капитан Антонио тексеріс алдында өзі де оңашада спиртті ішімдікке тойып алатын.

Әйтсе де Антонио теңдессіз теңізші еді, сондықтан матростар оның мұндай әдеттеріне күлгендері болмаса, ашуланбайтын. Бірде, Бискай шығанағындағы алапат дауылдан кейін, капитан Антонио өз каютасына бүкіл команданы бір-бірлеп шақырып алып, барлығын шараппен сыйлаған және өзі де олардың әрқайсысымен соғыстырып ішкен.

Марко Полоо бірте-бірте көңілді-көңілсіз бар дегендей біраз әңгімеге қанықты. Ол палубада бетін желге тосып, шымырлаған су бетін, сендей соғылысқан толқындарды, маржандай шашылған тамшыларды, мың құбылған айдынды, жебедей зымыраған шағалаларды тамашалаудан ешқашан жалықпайтын.

Теңізде, әсіресе, сұп-сұр сүренсіз су бетінде кеме баяу жылжитын тұманды тымық кездерде, еңсені езетін сәттер де болады. Ондай шақтарда бар аңсар-арманың – көк шалғынды кешіп жүрген адамдарды көріп, қара жерді өз аяғыңмен бір басу ғана.

– Күйзеліс, теңіз ауруына ұқсас ерекше жүйке күйзелісі деген осы, – деп түсіндірді оған боцман. – Ол күн шыққанда немесе сұрапыл дауыл тұрғанда ғана жойылады. – Жел қағып, күнге күйген боцманның ойлы жанарына бір тылсымның табы қонғандай. – Жойқын дауыл – жүзудің сәні мен мәні ғой. Тек сондай кездерде ғана өзіңді нағыз азаматша сезінесің.

Марко Полоо үшін айналадағының бәрі қызықты болғандықтан, ол теңіз күйзелісіне ұшыраған жоқ. Санар басталғалы үш тәулік өтсе де, ол әлі күнге дейін капитан каютасына көзінің қиығымен де



қарай алмады. Капитан Антонио палубаға көтерілгенде есігін құлыптап кетуді ұмытпайды. Мұндайда Марко зып беріп томен түсіп, кілт салатын тесікке құлағын тосады. Бірақ капитанның қаютасынан бөгде дыбыс естімейсің.

Әлде өзі қателесті ме екен? Олай болуы мүмкін емес сияқты. Кілт тесігінің қалқаны кілең жабық тұрады, сондықтан Марконьң күдігі бұрынғыдан да күшейе түсті. Капитан қаютасына қатысты бір құпияның бары анық. Оның сырын капитаннан басқа жаңдардан жалғыз Марко ғана біледі. Егер сезімі алдамаса, сапардың бесінші күнінде кемеде тосын оқиға болуға тиіс.

\* \* \*

Сопылар уақыттарының барлығын дерлік өз қаюталарында өткізіп жатты. Марко оларға жиі-жиі баратын. Николо да Винченца пірөдар оған өзінің жыламсырағандай даусымен ұнамай қалды. Оның есесіне Гуэльмо пірөдармен әңгімесі жараса кетті. Николо да Винченца демін өзер алып палубаға көтерілген кезде Марко томен түсіп, сопылар қаютасының есігін қақты.

– Иисус Христосты ардақтайық, – деді ол сәлем орнына.

– Әмин, айтқаның келсін. Отыр, ұлым менің.

Гуэльмо пірөдар оған орындық ұсынды.

– Нені оқып жатқаныңды білуге бола ма, Гуэльмо пірөдар? – деп сұрады Марко Поло үстелде жатқан қолмен көшірілген кітаптың көркем жолдарына қарап. Сарғыштау қағаз бетіне тізілген түп-түзу әріптер көздің жауын алады.

– Бұл – папаның елшісі болып 1245 жылы монғолдарға барған Джованни Пано Карпини пірөдардың жазбалары\*. Оның есебінің кейбір тұстарын қажет болғасын көшіріп алғанмын. Мыналар солар. Жағаға шығар алдында бұлардың бәрін жойып жіберемін, – деді Гуэльмо пірөдар күрсініп.

– Сонда оның жазғандарының барлығы жағымсыз ба? – деп таңданып сұрады Марко.

– Монғолдар орқоқірек, әрі ешкімді аямайды. Қаншама ауыр жолдан өтіп, Күйік ханның сарайына жеткен папаның елшісіне оның қабылдауын ұзақ күтуге тура келген. Соның өзінде хан оны адам екен деп есептемеген.

– Плано Карпини пірәдардың бұл жайлы не жазғанын менің оқуыма бола ма? – деп сұрады бұған әбден қызыққан Марко.

– Өзім де тағы бір тыңдайын, дауыстап оқы. Міне, мына, сопыларды ханның қалай қабылдағаны жайлы жерден баста.

Гузьмо пірәдар қолжазбаны бозбалаға ұстатты.

– “Бір кезде бізді жаңадан сайланған императордың алдына шақырды, – деп оқи жонелді Марко. Ханның бас хатшысы Хингай<sup>12</sup> біздің есімдерімізді, өзімізді сапарға жұмсағандардың, сондай-ақ Соланг көсемінің және басқалардың аты-жөндерін жазып алып, оны император мен оның нокерлері алдында айқайлап оқып шықты. Содан соң әрқайсысымыз сол тіземізді төрт қайтара бүгіп, тағзым еттік, олар табалдырықты баспауды алдын ала санамызға сіңіріп қойған еді. Қару-жарак іздеп біздің бойымызды мұқият тінтіп, ештеңе жоғына көздері жеткен соң, шатырдың шығыс жақтағы есігінен ішке енгізді, себебі, батыстағы есіктен императордан басқа жан баласының кіруіне болмайды. Өз шатырында бұл үрдісті әрбір көсем сақтайды, ал мансабы томеніректері бұл үшін бастарын ауыртып жатпайды. Осылайша жаңа императордың тұңғыш қабылдаған адамдарының ішінде біз де болдық; елшілер оған келіп жатты, бірақ шатырына кіргендер онша көп емес. Елшілердің алтынмен аптап, күміспен күптеген жасау-жиһаздардан, асыл маталар мен бағалы терілерден тұратын аса қымбат сыйлықтары шатырдың ішін жайнатып, көздің жауын алады. Сондай-ақ тарту-таралғылардың ішінде императордың төбесіне күн түсірмес үшін ұстайтын, інжу-маржанмен барынша безендірілген әсем қолшатыр болды. Ал бір аймақтың билеушісі үстеріне тоғілдіре жабу жауып, қоршау орнатылып, оның ішін адам отыратындай етіп жайғастырған қырық-судей түйені, осыған қоса әбзелдері былғары мен металдан

жасалған көптеген аттар мен қашырларды сыйлауға әкелінгі. Сый-сияпат жасайтын ойларың бар ма деп бізден де сұраған еді, алайда бұрын зор шығынға батқандықтан, көдеге лайықты бізде ештеңе болмады. Орданан өудем жердегі қыратта алтын, күміс, асыл киімдер мен маталар тиелген 500-ден астам арбалар тізіліп тұрды. Ондағы мүліктер император мен оның етжақындарының арасында бөліске түсті; көсемдердің кейбіреулері мүліктен тиген үлесін өз адамдарына қалауынша таратып жіберді.”

Оқу үстінде Марко кішкентай каютада отырғанын ұмытып кетті. Оның көңіліне ертегідегідей таңғажайып әлемнің есігі ашылып, байлығы телегей теңіздей тасыған елдерді көрмек арман-аңсары бұрынғыдан да үдей түсті.

Оны елес құшағынан Гуэльмо пірөдардың көңілсіз даусы шығарды.

– Әрі қарай оқыма, ұлым, бұл күнөкарлық тірліктің сені баурап бара жатқанын байқап отырмын.

Марко кітапты үстелге қойды.

– Солай, Гуэльмо пірөдар. Мен біздің саяхатқа өте қуаныштымын. Ұлы хан Құбылайдың\* сарайы жайлы әкем маған көп әңгіме айтты. Қазір оларда да өзгерістер жеткілікті көрінеді: монғолдар отырықшыланып, алыс Катайдағы<sup>13</sup> әсем сарайларда тұрады екен. Соларды көргенше тағат жетер емес.

– Сен жассың, ұлым. Тек құдайдың көзі оң болсын де... Ал, енді, бар. Мен кішкене дем алып алайын.

Марко сыртқа шыққан сәтте капитан Антонио палубаға көтеріліп барады екен. Марко аяғын аңдап басып келіп, капитан каютасының есігіне құлағын тосып, тың тындады. Ол іштен ауыр қозғалақтап, жайлап жөткірінген дыбыстарды естіді.

Марко шаттана жымыңп, жұдырығымен есікті қақты. Іште тым-тырыс тыныштық орнай қалды.

Бағытын өзгерткен жел бар күшімен желкендерді кере түсті. Күн оттай күйдіріп тұр. Көк аспанның ана тұс, мына тұсында ақ мамық бұлттар қалықтайды. Италия жағалауы артта, тым алыста қалды. Кеме енді Эгей теңізімен жүзіп келеді. Палубаға жайлана орналасқан жолаушылардың барлықтарының көңілдері аса көтеріңкі, тіпті Гуэльмо пірәдардың бет ажары да нұрға бөленіп, жүзінен үйреншікті абыржу табы мүлдем жоғалған секілді.

Марко әкесі мен көкесінің қасына келіп, желкен дінгегінің түбіндегі бума арқанның үстіне отыра кетті. Олар сапарға шыққалы бес тәулік болды, бозбала әне-міне дегенше ерекше бір оқиғаның боларын тағатсыздана күтуде. Оған әкесі мен көкесін дайындап қою үшін Марко:

– Матеоның бізбен шықпағаны өкінішті-ақ, – деді.

Ешкім үн қатқан жоқ. – Солай ма, көке?

Тенселген толқындардан көз алмай тұрған Маффео Поло мақұлдап басын изеді.

Ал, Николо болса, ұлына сынай қарап:

– Сен мұны неге айтып отырсың? – деп сұрады.

– Менің айтпағым мұндай сапарда сенімді кісінің бізге өте пайдалы болатындығы еді.

– Тыңдап көр, қалай-қалай көсіледі! – деді Маффео күлімсіреп. – Түп-тура көпті көрген керуенбасыдан аумайды.

– Не десек те, баланікі дұрыс, – деп қостады Николо Поло. Ертеңін ойлайтындығы үшін немере інісін Маффео да қосыла мақтады, осылайша ағайынды Пололар өзін мүлдем ересек сезінген Марконың азамат болғандығы жайлы әңгімені үздіксіз соза түсті. Бейне бір керемет косем тұлғаны мадақтағандай. Осы сәтте палубаға шыққан капитан Антонио Марконы ымдап шақырды. Ол орнынан тұрды.

– Кешірерсіздер, мені капитан шақырып тұр, – деді де Марко Антониоға беттеді.

– Менің каютамның табалдырығынан аттаған бойда-ақ аң-таң қаласың, – деп капитан Антонио төменге қарай жол бастады.

Марко үнсіз соңынан еріп келеді.

– Оның, неге екенін қайдам, тек сенімен сөйлескісі келеді.

Есік ашылғанда Марко каютаның қас ортасында тұрған Матеоны көрді. – Бон джорно!<sup>14</sup> капитан Матео, – деді Марко. – “Мүмкін, бес күннен кейін, әлде бес жылдан соң кездесерміз, тіпті ешқашан көріспеспіз”.

Матео бозбаланы пығынан қапсырып ұстап, жұлқылап:

– Мынаның пәлесін қара, Антонио! Менің айтқандарымды нақпа-нақ есінде сақтапты, – деді.

Матео Марконы босатып, орындыққа жайғасып отырды.

– Ал енді не істейміз, Марко? – деді ол.

Марко болса, Матеодай дүлей күш иесінің ақжарқын дос көңілмен амандасуынан әлі өзі-өзіне келе алмай жатқан, оған каютаның қабырғалары тау толқындар соғып, теңселіп тұрғандай көрінген.

Капитан Антонио Матео досына қарап:

– Сен болсаң, дегеніңе жеттің. Біз болсақ, мисыз оқушылардай мынадан жөн сұрап жатырмыз, – деді.

– Тырс етпе, Антонио! Матео орнынан тұрды.

– Саған бәрі оп-оңай. Ал маған салса, сені өз қолыммен теңізге лақтырып жіберуге дайынмын! – деді Антонио сакалын жұлатындай-ақ иегін уыстап.

Оған Матеоның қарқылдап күлгені сондай, Антонио да өзін-өзі ұстай алмай, қосыла күлді.

Марко бұл кезде каютаны шолып шыққан еді. Капитан жаман жайғаспапты. Мұнда аяқтары оюланған үстел, шағын төрт орындық, үлкен шамдал, қабырғадағы шкаф және түнде төсек болардай ұзынша тағы бір отырғыш қойылған.

Қабырғаның бөріне кілем ілінген, сол жақтағы кішкене есік арқылы қоймаға барасың.

– Бұл тығырықтан шығу керек. Мен досыма үлкен жүк арқалағым, – деді Матео.

Капитан Антонио шарап әкеліп, үш стаканға құйды. Марконың есіне боцманның айтқан әңгімелері түссе де, корсетіліп жатқан сый-күрметке разы болды.

Олар ішін жіберді. Күшті қызыл шараптың әсері басқа шапты. Капитан Антонио қайталап құймақшы болғанда, Матео оны қолынан ұстап тоқтатты.

– Шарап ішудің сіздей шеберлері шамалы, – деді ол. Сойтті де Маркоға бұрылып, әңгімесін жалғастырды: – Тыңда мені, Марко! – деді Матео, ойлы жанарын бір нүктеге қадап. Бұл әңгімені бастау ол үшін ауыр екені байқалып тұр, дегенмен оның: – Сендердің алыс сапарға аттанатындарыңды білгенде менен маза кетті. Жан дүниемде бірдене оянғандай болды. Венецияға қарай алмадым. Маңайымда ештеңе ұнамады, каналдағы сулар сасық колшіктердей, ортамыздағы айдын шалшық судай көрініп, түсіме теңселген теңіз кіретін болды, – дегені шын жүрегінен шыққан шынайы сөздер болатын.

Үнсіз қалған оны ешкім мазалаған жоқ.

– Марко, сен біліп қой, осының бәрі біздің әйелдерге, аналарымызға өте ауыр соқты. Мен қара қайығымды сатқанда анам: “Енді сен де кетгің ғой, Матео!” – деді. Мен ол кезде алдағы жоспар жайлы ешкімге тіс жарып әңгіме айтпаған едім. Анамның сезімтал жүрегі менің ойымды бірден сезді.

Үстелге шынтағын тіреген Матеоның көзі бір нүктеге қадалған. Шыныдағы шарап толқын ырғағымен шайқалып тұр.

– Мен Антонионы озімді жасырын алып кетуге қондірдім. Өйткені сенің әкен: “Матео, сенің бізге қажетің жоқ” деп айтады ма деп қорықтым. Міне, енді сендермен бірге әңгіме соғып отырмын.

– Мен сізге көмектесемін, капитан Матео, – деді Марко.

– Сіз бізбен жүресіз! Қандай қуанышты сәт! Күте тұрыңыз, мен өкеммен сойлесейін.

Марко жоғары көтеріліп, жиналған арқан үстіне қайтадан отырды.

– Осы капитан Антониомен араларыңда қандай құния бар? – деп қызығушылық танығты Маффео Поло.

– Әке, менің сізбен сөйлесуім керек.

– Не жайлы?

– Маған бұл әңгімеге қатысуға бола ма? – деп сұрады Маффео.

– Әрине, болады. Содан соң Марко капитан каютасында болған жағдайды баяндап, Матеоның арман-тілегін орындауды қызу отіне бастады.

Николо мен Маффео Пололар Матеоның кім екенін жақсы білетін. Оның контробандалық сапарлары жайлы да хабардар еді. Бұл – бүкіл Венецияға белгілі жағдай. Әкесі мен көкесі бір-біріне қарады. Жүрегі лүпілдеген Марко олардан көз алған жоқ.

– Жарайды, сенің капитан Матеонды да көрейік, – деп Маффео Поло орнынан тұрды. – Николо, сен қалай ойлайсың, ұнаса, оны өзімізбен бірге аламыз ба?

– Жүр, барып амандасайық, Маффео.

– Матео сізге ұнауға тиіс, көке, – деді Марко. – Ол өзіңізге өте ұқсас.

– А-а, солай де. Онда не тұрыс...

Кеме жағалауға жақындап қалған. Алыстан қарауытың таулар көрінеді. Толқындар тіп-тік жартастарға соғылуда. Марко болса, орнынан қозғалған да жоқ, ол әкесі мен көкесінің оралуын тағатсыз күтіп отыр. Ал, олар келер емес. Жағалау қайтадан көрінбей кетті, жан-жағыңда тек теңіз бен аспан ғана.

Бір кезде қастарына капитан Антонионы ерткен ағайынды екеу де палубаға көтерілді-ау.

– Не болды, әке? – деді Марко. – Сіздердің жандарыңызда капитан Матео неге жоқ?

– Оның мәнісі бар, – деді Маффео. – Өз еркімен қамауда болған оның ұсқынынан біздің қадірлі сопылар шашып кетуі әбден мүмкін, оны қалған жолаушыларға капитан Антонио ертең таныстырағын болады.

– Онда ол бізбен бірге жүретін болған ғой! – деп айқайлап жіберді шаттанған Марко.

Николо Поло мақұлдап басын изеді.

– Меніңше ол өте мықты азамат, – деді Маффео.

Капитан Антонио палубада ерсілі-қарсылы ширақ қозғалып, матростарға бұйрық беруде. Жел қолайлы жақтан соғып тұр. Тағы да бірнеше тәулік өтті. Теңіз беті бұрынғыдан өзгере бастады. Анда-санда болса да, желкенді кемелер мен ескекті қайықтар көзге жиірек түсетін болды. Алыстан көз салғанда теңіздің беті шыныдай жасыл және сиядай көк ағыстардан тоқылған алашадан айнымайды.

Руль тұтқасына қолы тигенде Матеоның төбесі көкке жеткендей болды.

Марко оның қасынан бір елі қалмады. Бірде таңертең оларға кұрлық көрінді. Таудың бөктерінде кішкентай қалашық тұр. Жатаған төбелі сарғыш және ақ түсті үйлер шығанақты бойлай орналасыпты. Бұл – армян елінің жағалауы еді.

– Діттеген жерге жеттік, – деді Матео. – Өкінішті-ақ! Теңізге татыр не бар?!





Таяуда гана бастарынан кешкен сүмдыктар дәл казір кайталанатындай көрінген адамдар жан-жақтарына үрейлене алаңдай карап, дауыстарын көтермей, ақырын сөйлеседі. Қалаға жау шапқан, мынау – қираған үйлер, суға батқан кемелер, жебе мен найзадан өлген адамдардың үйілген денелері – сол кырғынның канды ізі.

Күздің шуақты күні Аяс\* айлағына нұрын төгіп тұр. Жағалауда зәулім пальмалар тербеледі. Көгілдір шығанақты карасұр таулар қоршаған.

Николо мен Маффео Пололар бірден венециялық көпестердің дүкендеріне кетті. Бұдан екі жыл бұрын отандарына оралып келе

жатқанда соққанда Аяс түзденген сауда орталығы еді. Мұнда Венеция, Генуя, Бағдад және Ормуз көнестері әрқашан қаптап жүретін. Көп ұлтты, алашұбар тобыр кошелердің сәні болатын. Енді қарасаң, бәрі астан-кестен қираған, әйелдер жат жұрттықтарды көрсе, үрейленіп, балаларын қастарына шақыра бастайды.

Не болған сонда?

Аяста кездескен жалғыз венециялық мессер Нелли Пололарды қуана қарсы алып, қошемет көрсетіп, үйіне қонаққа шақырды. Бар болғаны бірнеше апта ғана бұрын бұл жерде қандай оқиғалар болғанын олар содан сұрап білді.

Мысыр сұлтаны Байбарыс Арменияға көп әскермен шабуыл жасап, оның тас-талқанын шығарып кеткен. Ел астанасы Систі басып алып тонаған, патшаның салтанатты сарайларын қиратқан, әсем бақтарды жер бетінен жойған.

Жау жасағының келіп қалғанын естіген Аяс тұрғындары тауға қарай қашқан немесе жағалауда тұрған кемелерге барып тығылған. Сұлтанның сарбаздары бос қалған қаланы мейлінше тонап, өрт қойған. Содан соң кемелерді қолға түсіріп, суға батырған. Осылайша екі мың армян бірден қырылған.

– Сіз қайда тығылдыңыз, мессер<sup>15</sup> Нелли? – деп сұрады Маффео Поло.

– Мен армян көчестерімен бірге тауға қаштым. Мысыр әскері отіп кеткенде қайтып келсем, біздің дүкендер әбден тоналыпты, бір тәуірі, қирағаннан аман екен. Есін жиған адамдар бірте-бірте қалаға оралып жатыр.

– Сонда қазір сапарға шығу қауіпті ғой? – деп сұрады Николо Поло.

– Мен өзімді қорқақтар қатарына қоспасам да, қараңғы түскеннен соң қошеге шығуды қойдым, – деді мессер Нелли.

Күтуші әйел шарап әкеліп, шырақ жақты. Мессер Нелли кешкі асты осында ішуге шақырса да, ағалы-інілілер қонақжай жерлес-теріне рахметтерін айтып, онымен қоштасуға асықты.

– Дұрысы, шамалы кідіре тұру керек шығар. Сапарымызды жалғастыру қауіпті екен, – деді Маффео Поло.

Бір басы айлаққа апаратын қоше бойымен жел гулеп тұр. Аш иттер коқыстан жүрек жалғарлық бірдене іздеуде. Еңкейген күннің сарғылт шапағы аспан мен теңізді шарпып жатыр. Қызыл және сарғылт сәулелер теңіз бетінде дірілдеп, түйдектелген шаңды тықсырып тастағандай әсерге болейді.

– Мамлюктардың\* қолына түссек, олар бізді тірі қалдырмайды.

– Несін айтасың, пананың елшілерін ұлы ханға арналған сыйлықтарымен қолға түсіру – оларға осал олжа емес.

Ағалы-інілілер тез адымдап кемеге тартты. Езуінен ешқашан мысқыл табы кетіп көрмеген төртнақ Маффео мен денесі сымдай сызылған қайратты Николоны сырт көз ешқашанда ағалы-інілі деп ойламас еді, бірақ олар бір-бірін үнсіз-ақ түсінісетін. Енді өздерін іштей толғандыратын мәселе жайлы өңгімені бірінші болып кім бастайтынын әрқайсысы үнсіз күтіп тұр.

– Бізге Марконы капитан Антониомен бірге Венецияға қайтаруға болады, – деді ақыры Маффео.

– Иә, оның рас.

Тылсым тыныштық орнады. Теңіз бұрынғысынша мың құбылып жатыр, алайда көзді қаритындықтан жалт-жүлт еткен айдыңға тіке қарау мүмкін емес. Алда көрінген кеме колеңкедей қарауытады.

– Венецияда ол не бітіреді? – деді Николо. – Венецияда жападан жалғыз...

– Бізбен жүргені дұрыс болар. Бәрібір ол кері қайтуға ешқашанда қонбейді.

Туыскандар қайықпен кемелеріне жетіп, палубаға көтерілді. Олардың оралуын күте-күте капитан Матео мен Марконың әбден мазалары кеткен болатын. Қаладағы қырғын жайлы бұлар да естіген еді.

– Не болды, әке? – деп сұрады Марко.

Баланың бойы әкесінен екі-ақ елі томен еді. Оның сопақша келген балғын жүзінен шыдамсыздық пен күдік табы анық сезіліп тұр.

– Айтшы, біз мұнда бөгелмей, әрі қарай жүреміз бе?

Жауап болмаған соң, ол Маффео кокесіне бұрылып:

– Неге үндемейсіздер? – деді.

Маффео маңдайын тыржитты.

– Өйткені, сенің сұрағыңа жауап беру оңай емес. Осылай жүргенде біздің басымыз шабылып қалуы да әбден ықтимал, мен өзім оған онша күмәнданбаймын.

Ренжіген Марко қолын сілтеді, Маффео оған назар аудармай, әңгімесін жалғастыра берді:

– Капитан Матеоның пікірін білейік. Соның айтқаны болсын. Сен қалай ойлайсың, Николо?

Николо Поло келіскен сынаймен басын изеді.

– Шегірткеден қорыққан... – деді Матео даусын көтеріп.

\* \* \*

Сопылар ғибадатханаға кеткен еді. Танертен, Гуэльмо пірөдар жалғыз өзі оралды. Шашы қудай ақсақалдың еңсесі мүлдем түсіп кетіпті. Ол Николо және Маффео Пололармен сөйлесуі қажет екенін айтты. Ағайындылар оны өз каюталарына шақырды.

Гуэльмо пірөдар ыңырана демалып, орындыққа жайғасты да:

– Сіздер сұлтанның таяудағы шапқыншылығы жайлы естіді-ніздер ме? – деді.

– Естідік.

– Сонда, ендігі ойларың қалай?

– Қажет заттарды жинақтап алып, жолымызды жалғай бермекпіз.

Гуэльмо пірөдар ештеңе ұқпағандай олардың беттеріне қарады.

Маффеоның коздеріне күлкі үйірілді. Николоның жүзінен дым білінбейді.

– Мен сіздерден қашан тыныштық орнағанға дейін сапарды тоқтата тұруды өтінемін.

– Болмайды, Гуэльмо пірөдар, – деп қарсы келді Маффео Поло.

– Біз сапарды бастамай жатып солқылдақтық танытсақ, коздеген

мақсатқа жете алмаймыз. Айтипакшы, Николо да Винченна пірөдар қайда? Оның да пікірі сіздікі сияқты ма?

Сопы қып-қызыл болып кетті.

– Николо пірөдар сырқаттанып, ауруханаға түсті, – деді ол абыржыған түрмен.

– Аяқ астынан ауырғаны қалай? – деді Николо.

Қажыған сопы басын шайқады. Айып-күнәсін басқаға артқанда не таппақ? Шындығында да Николоның оны әрі қарай жүрмеуге көндіргені шындық еді, бірақ, ар алдында айтса, өзі де бұл ұсынысқа онша қарсыласа қоймаған болатын. Үрейден ауырып қалған Николо пірөдар сияқты ол да азап пен қорқыныштан бойын аулақтау ұстағанды қалайтын.

– Амал не, сапарды өздерің жалғастыра беріңдер, мырзалар. Сіздерді құдай қолдасын, – деді бір кезде Гуэльмо пірөдар. – Ал біз Италияға қайтамыз. Мен қарт адаммын, сендерге жолда тек масыл болам.

Маффео Поло сопыға палубаға шығуға жәрдемдесті. Ол қартты шынымен аяп кеткен еді.

– Біздің сіздерге ешқандай ренішіміз жоқ, Гуэльмо пірөдар, – деді Маффео. – Қормеген, білмеген елдерге деген күштарлық бізді алға жетелейді. Саудагер адам байыз тауып отыра ала ма? Соқыр тиын пайда үшін біз жердің түбіне баруға дайынбыз. Сау тұрыңыз. Қайтар жолдарыңыз сәтті болсын.

Венециялықтар Аяста тағы бір айдай тұрды. Оларға соғыс қимылдарының барысы жайлы жеткен мәліметтер онша жайсыз емес болатын. Осы мерзім ішінде сауда да жақсы жүре бастады. Айлаққа кемелер де жиі соғатын болды. Қолонершілер қалаға қайта оралды. Шеберханалардың жұмысы қыза түсіп, қираған үйлер қалпына келтіріліп жатыр.

Қоңыр күздің жаңбырлы бір күнінде венециялықтар Аяспен қоштасты. Олар Мосул мен Бағдад арқылы Парсы шығанағындағы Ормуз қаласына бара жатқан көпестермен бірге жолға шықты.

Арменияның басқа да қалаларынан оларға тағы да көптеген саудагерлер қосылып, керуен тiптi үлкейiп кеттi.

Әр күнi әсерге толы сапар оуелде Маркоға қатты ұнады. Көшпелi өмiр, қай жағынан болсын, Венециядағы тұрмысқа мүлдем ұқсамайды. Керуен жолы бiрде меңiреу тастакты шатқалдар арқылы өтсе, бiрде ұшы-қиыры жоқ құнарлы даламен өтедi. Таудан соққан салқын жел көтерген қою шаңдақ тұмандай тұтасады. Аңғарларда лүi еткен леп жоқ, сондықтан түнде салқындаған тошырақтан таңертең күннiң қызуымен бу көтеріледi. Бiрнеше күн қатарынан жолдан адам тұрағын көрмейсiң, сосын кенеттен еңiсте жатқан үлкен қала алдыңнан шыға келедi.

Тау жоталарын қалың қар басты. Төменде, шатқалдарда, жаңбыр тынбай құйды да тұрды. Сайлардағы өзендер арнасынан асып тасып, керуен өткел iздеп, талай шақырым артық жол жүруге мәжбүр болды. Бiрақ, ешқандай қиындыққа қарамай, олар алға жылжып келедi.

Әйтсе де Марко қиялдаған таңғажайып оқиғалар қайда?



Венециялықтар конуға тоқтаған керуен сарайдың аядай болмесінде май шам жанып тұр. Есік айқара ашылған. Сөкі үстінде қаншама керіліп-созылса да, Марконың көзі ілінер емес. Қасындағы Матео ұйқыны соғып жатыр. Көзге түртсе көрсіз тастай қараңғы түнде жұлдыздар айрықша жарқырайды. Тас төселген төртбұрышты ауланың ортасындағы фонтаннан су атқылап тұр.

Кейде Марко өзін жылдар бойы сапарда жүрген адамдай сезінеді. Жол-жәнекей басып өткен қалалардың у-дулы, тылсымға толы өмірі оны баурап алғандығы сондай, балалық шақтың естеліктерін бірте-бірте көмескілендіріп жіберді.

Каналы мен аралы көп Венеция оған өзі ертеректе көрген жақсы таныс көркем сурет сияктанып елестейді. Марко тері жамылғыны ысырып тастап, орнынан көтерілді. Тас еденмен үлкен қызыл қоңыз жүгіріп өгіп, қараңғы бұрышқа барып тығылды.

Фонтанның түбінде екі ер адам отыр. Кенет жұлдыздар жерге жақындаған секілді болып, неден екені белгісіз, түн қараңғылығы сөйле бастады. Алыстан қорқау қасқырдың ышқына ұлығаны және қынсылағаны естілді де, сәлден соң тына қалды.

Матеоның қатты ұйықтап жатқанына көзі жеткен Марко аулаға шықты. Шамасы, көрші бөлмедегі Николо мен Маффео Пололар да шырт ұйқыда жатыр. Марко фонтанға келіп, маңдайын салқындатты.

Бозбала жақындағанда еркектер әңгімелерін тоқтата қойды. Олардың біреуі – үстіне қалың жібек шапан киген ұзын бойлы шымыр кісі – орнынан тұрып, фонтанды айналып шықты. Ол адамның оңменінен отердей кара көздерін тайдырмай, Маркоға қарады.

– Ау, мынау мессер Поло ғой, – деді ол, – басқалардың әңгімелерін аңдыған тыңшы келіп қалды ма деп ойлаған едім. Кел, бізге қосыл.

Мынау ұзын бойлы келген қара шашты адамның парсылық көпес Қажы-Мұхаммед екенін Марко жаңа таныды. Ол итальян тілін кез келген неополитандықтан кем білмейтін, әрі осы тілде сөйлескенді ұнататын.

– Кешірерсіздер, әңгімелеріңізді боліп жібердім-ау деймін, – деді Марко.

– О не дегенің! Өтінемін, отырыңыз бізбен бірге. Мынандай түндерде жүрек сыры шертіледі. Аспанында сансыз жұлдыздар жымындаған біздің Керманда осылай дейді.

Марко оның ұсынысын күн алып, көпестің қасындағы бейтаныс кісімен парсы дәстүрі бойынша оң қолын кеудесіне басып сәлемдесті.

– Самарқандтық Хасан-бек, – деп таныстырды оны Қажы-Мұхаммед. Ол да Ормузға бара жатыр.



Орға бойлап төртпак келген парсылық оның сөлеміне иілін мұрнының астынан жауап бергендей болды.

Олардың алдарына жайылған дастарқанда салқындатылған ешкі сүті күйылған қыш құмыра және екі козе тұр. Қажы-Мұхаммед бір козе сүтті Маркоға ұсынып, одан итальянша:

– Сізге Мосул ұнады ма? – деп сурады.

Хасан-бектің итальян тілін түсінбейтінін сезген Марко конеске парсыша сойлей беріңіз деді. Сапар барысында Марко көптеген парсы сөздерін үйреніп алып, бұл тілде еркін ұғыныса алатын деңгейге жетіп қалған болатын.

– Бұдан бұрынырақ Мосул өте әдемі қала еді, – деп әңгімесін жалғастырды Қажы-Мұхаммед.

Мосулға керуен кеше келіп жеткен. Марко үшін бұл қаланың осы кезге дейін өзі көрген шығыстың басқа да сауда орталықтарынан ешқандай өзгешелігі жоқ еді. Мұнда да сол баяғы тап-тар қуыс-қалтарыстардағы саз балшықтан соққан күркедей үйлер, көгілдір күмбезінің кей жерлерін алтын жалатып көркемдеген, мұнаралары найзадай үшкір ақшаңқан мешіттер, қос қапталы терезесіз тас қабырғалардан тұратын арғы жағында байбатшалардың бау-бақшалы сәнді ғимараттары орналасқан кең кошелер. Базарларда жібек жіптер мен алтын талшықтарды араластыра тоқыған жалт-жұлт еткен маталар сатылады. Қабырғалары тастан қаланған түйе-тайлы тобелі дүкендер қатар-қатарымен бір-біріне жабыстырыла салынған. Шеберханаларының алдына көшеге шығып отырған етікшілер інжумен өрнектен, алтын талшықтармен әдіптен, көздің жауын алатын кебістер тігеді. Ұсталар құмыралары мен қазандарын жалтыратып, бармақтарынан бал тамған зергерлер алтын мен күмістен соққан өрнегі қайталанбайтын білезік-сақиналарын ысқылап, асыл тастардан жасаған бұйымдарын көрсетіп, ағаштан түйін түйегін шеберлер піл сүйегіндей сап-сары жәмшіттен әсем қобдишалар құрастырып тыным табатын емес.

Миниды мың айналдыратын бұл өмір Венециядағыдан өзгеше: сәл жеңілдеу, сәл сәнділеу, дегенмен оған бірдеңесімен ұқсас. Желкенді және ескекті кемелер, теңіз, шығанақ, Дождар Сарайы мен сәулетті Сан-Марко шіркеуі ғана жетіспей тұр.

Бұл дүниенің нағыз қожалары аттарды да, алтын-күміс заттарды да, асыл тастарды да, мата мен теріні де, тамақ пен құлдарды да, бәрін-бәрін сағатын сәнді киінген көпестер болатын. Олардың қолынан не істеймін десе де келеді. Мосулда да соя Венециядағыдай.

– Ойға батып кеттін ғой, – деді Қажы-Мұхаммед.

– Сіздікі дұрыс, Мосул – көрікті қала, – деді Марко.

Бейтаныс кісі оларға еңкейе бұрылып, қарсы дау айтты:

– Біздің елде ендігі жерде сымбатты ештеңе жоқ, барлығы татар аттарының тұяғы астында тапталып қалды!

Кеудесінен зар-запырандай болып шыққан осы сөз оны соңғы күш-қуатынан айырғандай Хасан-бек еңсесін көтере алмай қалды.

Керуен сарайдың артындағы балшық лашықтан баланың жылаған үні естілді. Оны жұбатқан әйелдің даусы шықты да, содан соң түнгі тыныштық қайтадан орнады.

– Хасан-бек татар шапқыншылығы кезінде отбасынан, бүкіл жиған-тергенінен, шаңырағынан айырылды, – деді Қажы-Мұхаммед даусын көтермей. – Бір кезде Иран белді мемлекет еді. Ол заманда Иран батырларының ерлігі ауыздан-ауызға тарайтын. Кейін басымыздан бак тайды ғой. Шамасы, Алланың қаһарына ұшырадық білем. Татардың атты қосындары ауылдарымызды ортеп, қалаларымызды қиратып, егістіктерімізді таптап, малдарын өргізіп, жолындағылардың бәрін жайпап отті. Соғыс аяқталар емес, Отанымыз жат жерліктердің табанына тапталуда.

Мұның бәрін Қажы-Мұхаммед итальян тілінде айтты. Фонтанның күмістей жалтылдаған суынан көзін аудармай отырған Хасан-бек олардың өңгімесіне назар аудармаған сияқты.

– Маған өз елдеріңіз жайлы өңгімелеп беріңізші, – деп отіңді Марко.

– Кеш қой, ертең бозала тащан, алғашқы есек ақырған бойдан жолға шығуға тиісіңіз. Шаршап кайтесің...

– Мен сізді түні бойы тыңдауға бармын, – деді Марко.

Венециялықтың ықыласына тәнті болған парсы көпесі әңгімесін бастай жөнелді:

– Жарайды, мен сізге Бағдадтың халифы жайлы бір әңгіме айтайын. Ол кезде мен сенің қазіргі жасыңның шамасында едім, ал Бағдад – аса қуатты елдің орталығы болатын. Халиф – бүкіл мұсылман қауымының көсемі, сондағы салтанатты сарайда тұратын. Бағдад сауда орталығы ғана емес, ғылым мен өнердің де ордасы еді. Менің өз ғұмырымда болған қалаларымның ішінде Бағдадпен нық ірестіруге жарайтыны санаулы ғана болатын. Халиф жиған байлықты басқа ешқандай өмірші түсінде де көрген жоқ. Алайда ол соғыс қаупін болдырмау үшін шоп басын сындырған жоқ.

Қажы-Мұхаммедтің төмендеп кеткен даусын есту үшін Марко барлық ынта-ықыласымен назарын әңгімеге аударды.

– Әлемге өз биліктерін жүргізе бастағанда монғол князьдары торт ағайынды болатын. Муникэ<sup>16</sup> есімді ең үлкені астана қалада отырды, оны патшалардың патшасы деп атайтын. Қытайды және басқа да көрші елдерді жаулап алған олар иеліктерін одан әрі ұлғайтқысы келген. Әлемді тұтас бағындырып, орасан зор империя құрып, оны тортке бөліп, билеп-төстеуді ойлады. Осы мақсатпен олардың біреуі шығысқа, екіншісі оңтүстікке, ал қалған екеуі басқа аймақтарды басып алуға аттанды.

Хұлағу\* орасан көп әскермен оңтүстіктегі елдерге бет алды. Мессер Поло, мен су жүрек емеспін, бірақ, сенесің бе, татарларды алғаш көргенде қорқыныштан бойымды билей алмадым. Содан бері де он үш жыл өтті. Жолдарындағы елдердің бәрін жайпап өткен татарлар Бағдадқа да жетті. Оларда жаяу әскерді есептемегеннің өзінде, тек атты әскер ғана жүз мыңнан артық болатын. Хұлағу қулыққа басты. Әскерінің үлкен бөлігін таяу маңдағы тоғайға жасырып қойып, ол қала қақпасына шағын топпен келді.

Сонда азғантай ғана әскерді көрген халиф болмашы жауды жайнап тастамақ болып, сарбаздарын бастап жедел қала қақпасының сыртына шықты. Қазір осы оқиға есіме түскенде мүлдем жынданып кете жаздаймын. Бұлайша алдану – барып тұрған ақымақтық емес пе? Хұлағу әдейі орманға қарай қашқан болып, артынан қуған жасақты сол жерде қоршап алып, толық жойып жіберді, халифты тұтқындады. Бағдад осылай құлады.

Қаланы басып алған Хұлағу іші алтынға сықия толған зәулім мұнараны көргенде, шексіз танданды. Ол халифты жедел алдыртып, тұтқынға: “Алтынға толы мұнаранды тамашалап отырмын. Сен менің соғыспен келе жатқанымды білдің ғой. Неге күшті әскер жинап, осы байлығыңды қаланы қорғауға жұмсамадың? Мен енді сені осыншама сараңдығың үшін жазалаймын” деген екен. Сосын ол халифты ас-су бермей, осы мұнараға қамап тастауға әмір еткен. Сөйтіп, халиф өзінің қисапсыз қазынасының ортасында олген.

Қажы-Мұхаммед әңгімесін тоқтатты. Фонтаннан атқылаған судың сылдыры мен атқорадағы жылқылардың пысқырғанынан басқа богде дыбыс жоқ. Ауа салқындай бастады. Түн ортасы болып қалды.

Хасан-бек кенет жаңа оянғандай бойын тіктеп алды да:

– Ұйықтайтын кез болды. Сіздерге Алла разы болсын, – деді.

Ол орнынан тұрып, иіліп тағзым етті.

– Қажы-Мұхаммед, әңгімеңіз үшін көп рахмет, – деді Марко.

– Аспанда қаптаған жұлдыздар жымыңдаған түндерде көңіл ашылатынын айтып едім ғой. Қайырлы түн болсын, мессер Поло.

Марко өзінің бөлмесіне кіріп, есікті жауып, сәкісіне жантайды. Ол әбден қажыған еді, жаңағы әңгіме жайлы біраз ойлап жатты да, ұйықтап кетті.

Ол оянғанда керуен сарайдың қорасындағы өмір қазандай қайнап, әбден қызып жатыр екен. Есектің ақырған, түйенің бақырған, иттің үрген, ешкінің маңыраған дауыстарының арасынан анда-санда қызметшілер мен атшылардың айқай-үйқайы естіледі. Матео ертерек тұрып кетіпті, жүк артуды басқарып жүр.

Таңғы ауа дымкыл әрі төңіректі тұман басып тұр. Міне, жолға жиналып абыр-сабыр болып жатқан жолаушыларға буылдыр ауаны өзгеріп өткен күн сәулесі түсе бастады. Бір бұрышта үш түйе; олар өздерінен басқа адамдар мен жануарларға төкаппарлана, үлкен биіктіктен бей-жай ғана қарап тұр.

Николо Поло ұлының болмесіне кірді.

– Қайырлы таң, Марко. Менің сенімен сөйлесуім керек.

Марко әкесіне тандана қарады.

– Бейтаныс адамдарға көп сене беруге болмайды, – деп бастады сөзін Николо Поло. – Мен түнде сенің танымайтын адамдармен әңгімелескенінді көрдім. Бұның маған ұнамайды.

– Әке, Қажы-Мұхаммед те өзіміз секілді көпес. Онымен әңгімелескенде тұрған не бар? – деді Марко даусы реніштен жарықшақтанып.

– Ал, екінші адам кім?

– Оның аты Хасан-бек. Кеше бірінші рет көрдім.

– Солай де, аты Хасан-бек дейсің, – деп қайталады Николо Поло. Кім екені белгісіз біреулер жолығады, онымен менің ұлым түнімен фонтан түбінде әңгіме соғады!..

Марко қызарып кетті. Әуелде қарсы сөйлегісі келген, бірақ өзін-өзі ұстап қалды. Таяу уақыттан бері оның әкесімен екі арасына жік түсті. Маркоға оның себебі түсініксіз. Әкесі онымен көп сөйлеспейтін болды, төгеден қойылған сұрақтың өзіне жаңғалақтана жауап береді.

– Сонда маған Маффео көке, капитан Матео және өзіңізден басқа ешкіммен әңгімелесуге болмайды екен ғой? – деп сұрады Марко.

Есік жаққа көз салып отырған Николо Поло бірден жауап берген жоқ.

– Сенің мені түсінгің келмейді, – деді ол бір кезде.

– Әке, менің келген еліміз, оның тұрғындары жайлы жақсы білгім келеді... – деген Марконың үнінен өтініш табы білінді. – Түнде біз Бағдад жайлы, бұл елді татарлардың қалай жаулағаны жайлы әңгімелестік.

– Сен оларға біздің ұлы ханға ишаның тапсырмасымен бара жатқанымызды да айтқан шығарсың?

– Жоқ. Бұл жайлы тісімнен ештеңе шыққан жоқ.

– Бұл туралы адам баласына айтушы болма, – деді Николо нығырлап, содан соң жаймашуақтанып: Бұл елден тыныштық кеткен, ал біздің алдымызда ұзақ, қауіпті сапар тұр. Осы маңдағы тауларда жансыздарын керуендерге енгізетін қарақшылар да аз емес көрінеді. Сондықтан кім көрінгенмен түнде, фонтан түбінде әңгімелесудің қажеті жоқ, – деп ол орнынан тұрды. – Маффео екеуіміз ғана жүргенде бәрі басқашалау еді, қазір қасымызда сен барсың...

Марконың даусы қатқылдау шықты:

– Мен үшін қам жеме, әке! Мен өзімді-өзім қорғай алмайды деп ойлайсың ба?

– Әрине, қорғай аласың, – деп күлімсіреді онымен келіскен Николо Поло.

– Сен өзіңді қорғай аласың. Менің айтайын дегенім: құдай сақтанғанды сақтайды. Басқалар татарларды жамандап жатқанда, сенің үндемегенің дұрыс. Біз көпеспіз, әрі папаның елшілеріміз. Егер шаруамызды ойдағыдай атқарсақ, әрі құдайдың көзі оң болса, біздер Венецияға орасан зор байлықпен ораламыз. Біздің, ең біріншіден, көпестер екенімізді ешқашан есіңнен шығарма.

Күнді бұлт көлегейледі. Жаңбыр себелеп тұр. Ерте көктемдегі мұндағы ауа райы әдеттегідей: түні жылы, таңертең тұман түседі, сосын ақ жаңбыр басталады.

Марко, Николо және Маффео Пололар бұршақ салған ыстық сорпамен бидай ұнынан пісірілген күлшелерді жеп тамақтанып жатқанда қаштан Матео көліктерге жүк артуды қадағалады. Аулада түйенің құмалағымен және бұта-шытамен жағылатын қазандық тұр. Одан шыққан көкшулан түтінді тұманды ауа жерге жапсырып тастаған. Көлік айдаушылар, ақырып-бақырып, арасында нандарын да шайнап қойып, қашырларға жем салып, артылған жүктерді тексеріп жүр.

Керуенге қолденен қатерден қонестерді қорғауға тиісті он бес салт атты сарбаз еріп келеді. Шығыстың өміршілері, алыста, ұлы теңіз жағасында немесе күнбатыс аймақтарда жатқан елдермен сауда-саттық жүргізуге орасан зор мән мен маңыз беретін. Сондықтан олардың керуендерінің барлығы сенімді адамдардан тұратын қарулы күзетпен жүрсін деген жарлығы бар еді. Әр жігітке жолдың ұзақтығына қарай керуендегі көлік басына екі немесе үш қарабақыр толенетін.

Кескіндері онша келісе қоймаған жүдеу-жадау тыриған атшы-қызметшілермен салыстырғанда Матео парсы ертегілеріндегі нағыз алыптардай еді. Үстіндегі былғары костюмі оның ширақ қимылы мен балпаңдаған жүрісіне әбден жарасып, оны тіпті сестілеу етіп көрсететін. Матео парсыша екі-үш-ақ сөз білсе де, басқалармен тамаша ұғынысатын. Әркім оның ишарамен айтқанын тілсіз-ақ түсінуге тырысатын. Құрлықтағы осындай өмір Матеоның өзіне де қатты ұнайтын.

Дегенмен керуеннің жолға шығар уақыты таянған сайын Матеоның көңіл күйі бұзыла бастады: ол Джульеттаны, өзі үшін ұзақ іздегенде өзер табылған күшті тозімді байталды онша жақтыра қоймайтын. Көпшіліктің пікірінше, бұл аса жуас көнбіс жануар салт атқа мініп үйренбеген капитан үшін ең қолайлы таптырмайтын көлік еді. Джульетта үстіндегі адамның ауырлығын мүлдем сезбейтін, оның үстіне жуастығы сондай, шабына түртсең де тырп етпейтін.

Өзер дегенде керуен де қозғалды-ау. Алдымен ауладан керуен басы шықты. Одан кейін ылғи көш басында жүретін мүсінді келген жылтырқоңыр қашыр келеді. Орнынан қозғалғанда-ақ оның мойнына тағылған күміс қоңыраулар сыңғырлап қоя берді. Папаның ұлы ханға жіберген сыйлықтары осы қашырға артылған болатын.

Матеоның атқа отыруына көмектеспек болған Марко өзінің оқтай ұшқыр айғырының тізгінін тежеді. Тас мүсіндей қатып қалған Джульетта орнынан қозғалар емес. Көлік айдаушылар мен атшылар Матеоның Джульеттаға мініп-түсердегі машақатына қодімгідей

кинала қарайды. Бір жігіт бұған күлің еді, Матео сұрианың, оған көзін қадаған кезде әлгі күлекеш жым болып, түк болмағандай тек сакалын тарамдай берді.

Марко байталының сауырын жайлап қана алақанымен шапаттағанда, ол орнынан қозғалды. Джульетта осы жеңіл желісінен еш айнымай, бүкіл жер шарын айналып шығатын сияқты.

– Көңіл күйіңіз бүгін қалай? – деп сұрады Марко капитан Матеодан, онымен қатарласа желіп келе жатып.

Матео жауап орнына Маркоға қарады да қойды.

Жаңбыр сіңген топырақты ат, қашыр, түйелердің жүздеген тұяқтары әбден езгілеп илеп, жалпақ жолды лайсаңға айналдырып жіберген. Апандарда жиналған су саз балшықтай сап-сары.

Капитан Матео мен Марко керуенбасыға ілесе келеді. Олардан кейін – жолда жүруге әбден төселген, астарындағы аттары да өздеріне сай, тәжірибелі жүргіншілер Николо мен Маффео Пололар. Парсы жылқыларының атақ-даңқы дүниеге тараған. Мұндай ат ең кем дегенде екі жүз түрік фунты тұрады, әсіресе Үнді елінде бағасы тіпті аспандап тұр. Бірақ олар ондай ыстық елде ұзақ өмір сүрмейді. Бірде аптап, бірде ылғал ауа райынан жылқылар ауруға шалдығатын еді.

Сондай-ақ Парсы елінің даңқы әлемдегі ең ірі, ең әдемі, жүкті көп көтеретін және жем-шөп талғамайтын есектерімен де алысқа тарап тұр еді. Керуенге шөл даламен немесе қаңсып кеуіп қалған өзен арналарының бойымен, жалпы суы тапшы, құдығы аз жерлермен жүргенде парсы есегінен ыңғайлы көлік жоқ болатын. Сондықтан олардың бағасы кейде аттан да асып түсетін.

Керуеннің негізгі көлігі үстеріне қандай ауыр жүк артылғанын елемей, алға жылжи беретін есектер еді. Олардың біреуінің жүгі ауса, артындағылар тоқтай қалып, теңдерді көлік айдаушылар қашан түзегенше, тапжылмай күтетін.

Жол таңдамайтын көлік – түйе. Үстеріне керман кілемі, Мосул матасы, жібек пен барқыттың небір түрлері ыңқита артылған жануарлар ми батпақ жолда маң-маң басып келе жатыр.



Шұбатылған керуеннің ең соңында арагидік ат құлағында ойнайтын онерлерін корсетіп қойып, күзетші жігіттер келеді.

Марко тері торсығын алып су жұтты. Пішініне қарағанда капитан Матео да шөлдеген сияқты, бірақ ол Джульетта жол үстінде бірқалыпты өте жақсы жүріп келе жатса да, ердің қасына әбден қарысып қалған екі қолын бір мезетке босатудан зәресі ұшады.

Ауа райы әжептәуір түзелді. Бұлттардың ара-арасынан әр жерден көгілдір аспан көріне бастады. Шығыс жақ бетте қою орман көмкерген таулар мұнартады.

– Сен қалай ойлайсың, атқа мінуді ептеп үйрене бастадым ба? – деді Матео ер үстінде шірене шалқайып.

– Өте тамаша игеріп алдыңыз, капитан, – Марко оны қолпаштап қойды.

– Дәл қазір нені армандап келемің, білесің бе?

– Әрине, білем. Қандай да болмасын бір кемеңің рулін ұстап теңізде жүзіп жүрсем дейсіз.

– Дәл таптын. Желкендер керулі, кеме жақтауын таудай толқындар сабалап жатады. Қай жағына қарасаң да, көретінің көк айдын, қолындағы штурвалды қалай бұрсаң, ағаш пен темірден жасалған алып кеме еркіңе көніп, солай бұрылып, толқында тербеледі. Түсінесің бе, Марко? Кемеңің жанында ат арқасы деген не?! Палубамен салыстыруға келе ме? Қайдағы! Мен үшін тесік қайық тұлпардан артық. Мына байталдың үстінде сүйектерім шашылып қалатын сияқты.

– Бірақ шөл далада кемемен жүре алмайсың ғой.

– Бәрін дұрыс айтып тұрсың. Ендігі жерде мен қалайда Джульеттамен тіл табысуым керек.

Матео тағы да үнсіздік құшағында. Сәске түс шамасында парсының бір лауазымды мырзасы бастаған керуен қарсы жолықты. Алдарында бірыңғай ақ аттарға мінген жиырма күзетші келеді.

Оларға қошемет корсеткен керуенбасы ернеуге түсіп, жол берді. Оның ізімен бүкіл керуен жолдың жиегіне шықты. Тек Джульетта

ғана жол бойынан ешкайда бұрылмай, тура тарта берді. Марконның ат үстінде отырып Джульеттаны шетке бұрғысы келгенінен ештеңе шықпады.

Екі күзетші тізгіндерін тартып, ұрсып қамшыларын көтерді. Джульетта болса, сол баяғы қалпы, жолдан шығар ойы жоқ.

Күзетшілерге ілесе келе жатқан он түйені де Джульетта назарына ілген жоқ. Түйелердің соңынан әдемі әбзелдері көздің жауын алатын бірінен-бірі өткен төрт ақ қашыр келе жатыр. Күміспен әшекейлеген ерлерін қос-қостан жұптап, екі жабық тоқыма зембіл қойылған. Оларда лауазымды мырзаның үлде мен бүлдеге малынған әйелдері отыр.

Күзетшілер айкайға басып, қырсық байталдың айналасында шапқылаумен жүр. Кенеттен Джульетта сүрініп кетіп, құлап түсті. Ер үстінен ұшып кеткен Матео, тура екінші зембілдің алдына, былжыраған саз балшықтың үстіне созыла құлады. Сыңғырлаған күлкі естілді де, біреудің нәзік қолы зембіл пердесін жауып жіберді.

Бұл күлкі, әрине, капитанды мазақтау еді. Сөйткенше болмады. Матеоға күзетшілердің бірі жетіп келді. Аттан құлаған адамды сықпырта боқтаған оның бұл өнерге аса жетік, тәжірибелі боқтампаз екендігі анық байқалып тұрды. Дұрыс болғанда, Матео боктықтың бірде-бір сөзін түсінген жоқ.

Алайда күзетші осы кезде алдындағы батпақта тізерлеп отырған адамды тартып жібермек болып, қамшысын көтерді. Ол өз мырзасының жолын қамшымен тазартып отыруға әбден машықтанған болатын.

Көзді ашып-жұмғанша орнынан ұшып түрегелген Матео өзіне шабуыл жасаушыны білегінен шап беріп ұстап, сілкіп қалғанда, өні бозарып кеткен күзетшінің қолындағы қамшысы ұшып кетті. Жігіттің есін жиғызбай атынан аударып тастаған Матео, оны көтеріп алып, саз балшыққа былш еткізіп тастай салды. Жылдам қимылдаған Матеоның аузынан боқтауға келгенде итальяндықтардың парсылардан кем түспейтінін білдіргендей, ақ ит кіріп, көк ит шығып жатыр.

Осы кезде ерекше оқиға болды. Екі керуеннің адамдары шатақ иығарып, айқайға басып, бір-біріне қыр көрсете қозғала бастағанда. Джульетта толқыған топты ештеңеге қарамай жарып өтіп, ызбарлы түрінен сескеніп, маңайына ешкім жақындай алмай тұрған Матеоға келді.

Мүмкін, болған іске Джульетта өзін кінәлі санаған шығар, мүмкін, ебедейсіздеу иесін жақын тартқаны шығар, кім біліпті, әйтеуір ол өзінің басын Матеоның иығына салып, қожасына мұңға толы көздерін қадап, сонан соң оның балшыққа былғанған қолдарын жалай бастады. Осы нәзік көрініс ашуға беріле бастаған жұртты сабасына түсірді. Матеоның қозған жыны басылды, күзетшілер де ештеңе болмағандай, зембілге қарай жайларына кетті.

Матео аттан жұлып алып балшыққа лақтырған күзетші шалшықта жатқан **камшысын алып**, атына мінді де, өзінің серіктерінің соңынан далбақтап шаба жөнелді.

Осы оқиғадан кейін Матеоның керуеншілер арасындағы беделі тіпті аспандап кетті. Ал, Джульетта мен екеуінің арасында бұдан былайғы жерде қыл өтпейтін достық орнады.

Бірде, жолда, қонуға тоқтағанда, Матеоның түн жамылып аттарға барып, Джульеттаға қосымша жем беретінін Марко байқап қалды. Ұйқы басқан қарауылшы ештеңе де сезетін емес, рақаттанып қорылға басып жатыр. Тек алдындағы сулының бір бөлігін Матео алып кеткен қашыр ғана бірдене түсініп, кісінеп жіберді.

Керуен тынымсыз жүріп келеді, көпестер де бір-бірімен жақын танысып, жақсы білісіп қалды. Түскі тамаққа отырғанда немесе керуенсарайларға қонғанда олар өздерінің бөтен елдерде басынан кешкендері, көрген-білгендері және бітірген шаруалары жайлы қызғылықты әңгімелер айтатын. Хасан-бек те солардың бел орғасында, бірақ ол анда-санда әңгімеге сөз қосқаны болмаса, негізінен тек тыңдаушы ғана еді.

Бір жетіден соң Бағдадтың үйлері мен мұнаралары көріне бастады. Кеш болып қалған еді. Алаулаған күн көктегі орнынан

қозғалмай қалғандай, оның ыстық шапағы мешіт мұнарасын нұрландырып, үйлердің түрлі-түсті шатырларын нәзік сәулеге малып, Тигрдің лай суын алтындай жарқыратып жатыр. Сәулетті ғибадатхананың күмбезіне қонақтаған күн, сырғып, оның салтанатты қабырғаларына түсе бастады. Көкжиекке төгілген алқызыл алау да сөніп, айналаны буалдыр қараңғылық баса берді.

– Міне, көрдің бе, Джульетта, біз Бағдадқа да жеттік, – деді капитан Матео.

Марко күліп жіберді.



Бағдадта оларды бақтар мен қираған құрылыстар тандандырды. Халифтің бір кездерде алтын мен күмісін сақтаған мұнаралы ғажайып сарайының быт-шыты шығыпты. Қаланың қорған-қабырғасы да далдал болған, айналдыра қазған ордағы су көгеріп кеткен. Тек мешіттерге ешкім тимеген – қираған үйлердің ортасындағы олар бұрынғыдан да еңселене түскендей. Биік мұнараларынан тиісті уақыттарда азан шақырылады:

– Ла илла иль Алла...

Осы кезде мұсылмандар шарта жүгініп отыра қалып, дұға оқуға кіріседі.

Биік төбешік басында кресі алтыннан жасалған шіркеу тұр. Оған қалың ағаш жапырақтарынан өтіп күн сөулесі түскенде, көз

алдыңның бәрі көгілдір түске боялып қалғандай болып көрінеді. Көктемнің алғашқы күндері аса ыстық болды.

Тигр өзені қала ішімен ағады, оның жағаларында бадам мен інжір ағаштары жайқалған бактар мен парктер орналасқан. Түрлі қайықтар мен баржалардан өзеннің беті көрінбейді. Бағдаттан Үнді мұхитына дейінгі аралықты он жеті күнде жүзіп өтесің.

Қала дұшпанның қол астындағы өмірге үйреніп үлгерген. Ал басқыншыларға Бағдаттай қаланың бай үйлерінде тұру – жарғақ құлақтары жастыққа тимей ат үстінде жүргеннен немесе күркеге қонғаннан әлдеқайда жайлырақ. Олар Шыңғысхан заманындағы бабаларындай нағыз көшпенді, айбаты арыстанды ықтырған сарбаздар емес еді. Әйтсе де жаулап алған елдерінде билік тізгінін толық ұстауға мейлінше қабілетті болатын.

Бұл тұста Бағдат қайтадан Таяу Шығыстағы сауда орталығына айналған еді.

Мұнда Хорезм мен Керманнан өте-мөте әдемі көгілдір ақықтар әкелінетін. Тылсым күдіреті бар деп түсінгендіктен шығыс елдерінде айрықша сұранысқа ие осындай көздің жауын алатын асыл тастан Николо мен Маффео Пололар көбірек сатып алмақ болды. Нишапурда өндірілетін “Әбу Жәки” деп аталатын ақық тасты омырауына тағып жүрген адам ешқашанда бақытсыздыққа душар болмайтын көрінеді, өйткені бұл асыл тас көздің нұрын күшейтіп, дұшпанды жеңуге көмектесіп, байбатшаның ықыласын түсіріп және жаман түс көруден сақтайды. Осынау таңғажайып қасиетті көгілдір тастың әсемдігі сондай, оны әміршілер өздерінің қазына-қоймаларын әшекейлеу үшін пайдаланады. Жұлдызшылар жана туған айдың жайлы немесе жайсыздығын болжар алдында әдетте “Әбу Жәкиге” үзак үңілетін.

Нишапурдан табылған көне қолжазбалардың бірінде осылай жазылған.

Венециялықтар айқай-шуға толы жабық базарды аралап келе жатыр. Марко өзіне жат, бірақ жат та болса ұнайтын осынау өмірдің

сиқырлы сырларын әкесі мен кокесіне карағанда тереңірек сезіне бастаған еді. Бозбалаға базар көріністерінің бәрі таңсық. Сәлден соң олар тыныштау бір қатарға шықты. Айырбас сауда жасайтын үнділіктер өздерінің дүңгіршіктерінің қасында күнге қыздырынып отыр. Алдарына кір тастарын тізіп қойған.

Көше жақ бетін темір шарбакпен болген шеберханада бармақтары майысқан бес әйел кесте тігіп отыр. Жібек матаға алтын-күмістей жарқыраған талшық жіптермен аң суреттерін кестелеген шеберлердің қолдары-қолдарына жұкпайды. Тура осында екі кара күл інжу тесіп отыр. Олардың жұмысын бакылаушы қоз айырмай қадағалайды. Үндістаннан Еуропаға апарылатын інжудің барлығына жуығы әуелі Бағдадка жеткізіледі. оны осында өңдейді, теседі, жіпке тізеді немесе алтынмен аптап, күміспен қаптайды.

Сауда жасаушыларға қашанда сын көзбен қарайтын жергілікті көпестердің көңілдерінде өздерінің сатып алу мүмкіндігі мол байлар екендігіне күмән тудырмау үшін, венециялықтар үстеріне ең қымбат киімдерін киіп алды. Олар енді алтын өндеушілер мен асыл тас сататындар отыратын қатармен жүріп келеді. Шеберханалардан шіңкілдетіп соққан балға дыбысы шығады. Қымбат әшекей бұйымдар сатып отырған шал көпестерді иегін қағып шақырып, не іздеп жүргендерін сұрады. Венециялықтарға көгілдір ақық қажет екендігін білген соң қутындаған қарт оларды ымдап дүңгіршік ішіне шақырды. Тауарын мақтаудан жағы тынбаған ол саудалаушыларды тап-тар қуысқа кіргізді. Николо мен Маффео Пололар сатушының өздеріне сынай карағанын байқап тұр. Шынашақтай шал оларды көзімен арбап, шамасы, көпестерді қалай алдап соғудың жолдарын карастыруда.

Оның қалталарының бірінде ұзақ уақыт бойы қыш құмырадағы суға салып қойылған тастар жатқан еді. Олар әбден әрленіп, ең таза ақыққа ғана тән көгілдір түске енген болатын. Алайда бұл тастар бірнеше апта өткеннен кейін жылтырағаны жойылып кетіп,

бастанқы қалпына түсетін. Сөйтін, жағалауда шашылып жататын жұмыр тастардан айырмашылығы болмай қалатын.

Қуыс бөлменің іші жанға жайлы, сап-салқын. Темір торлы терезе арқылы ортадағы үстел үстіне жарықтың жалпақ сәулесі құйылып тұр. Сатушы қабырғадағы жәшіктен бір қалташаны алып, ішіндегісін үстел үстіне ақтара салды. Күн сәулесіне шағылысып, айналаны арайландырған таңғажайып асыл тастарға таңданыстан Марко еріксіз айқайлап жібере жаздады, өзін-өзі өзгергенде ұстап қалды.

Сатушы бұл ақиқаттардың Нишапурдан әкелініп жатқандардың ішіндегі ең таңдаулылары екендігін айтып, қайта-қайта ант-су ішін сендіріп жатыр.

– Қарасаңдаршы, мырзалар! Міне, мынау ақиқат жұлдыздан да әдемі емес пе? Ал енді мына тасқа жақсылап қараңдар. Қалай-қалай жарқырайды! Оның мөлдірлігімен таңғы шықтың өзі таласа алмайды! Пайғамбардың сақалымен ант етемін, жиырма бес жыл бойы үзбей асыл тастар сатып келе жатқанда мұндайды көрсем, көзім шықсын. – Содан соң даусын төмендетіп, жалынғандай болып: – Өтінемін, менің қазір сіздерге ашпақ сырымды басқа біреулерге айтып, жұртқа тарата көрмеңіздер, – деді. – Сосын құпиялап, сыбырлап қана: – Таландарың бар екен, мархабатты мырзалар, жолдарыңыз болды. Сүлеймен патша заманынан бері мұндай тастар кездескен жоқ. Мынау алдарыңда жатқан ақиқат бір кезде халифтың қазынасының сәні болған екен. Маған оны татар нояны сатты, – деген шал бірнеше тасты алып көзінің алдына күн сәулесіне тосып, шексіз таңданғандығын танытты. – Мынау ақиқат күннен де нұрлы. Мынандай көгілдір сәулені тек құдайтағаланың көзі ғана шаша алатын шығар.

Шалдың әлсін-әлсін иіліп тұрып айтқан мұндай мадағын ағайындылар міз бакпай салқынқандылықпен тыңдады. Маффео үстелден ең үлкен тасты алып, оны алақанына салып салмақтады да, оны пешке қыздырып иіскеді. Сосын Маркоға қарап:



– Кейбір саудагерлер боялған піл сүйегін нағыз ақықтың орнына сатқылары келеді. Бірақ жалған тастардың табиғи ақықтан салмақтары жеңілдеу және оларды қыздырсаң, сүйек нісі шығады, – деді.

Мұны естіген асылтас сатушы қолын жан-жаққа сермеп сөйлеп, өзінің ешқашанда жалған жасанды тастарды сатып көрмеген беделді адал көпес екендігіне сендірмек болып, ант-су іше бастады. Әйтсе де ол үстел үстіндегі ақықтарды шалт қимылмен зып еткізіп жинап алып, бұрынғы орнына тықты да, қабырғадағы жәшіктен басқа бір қалтаны шығарды.

Асылтас сатушы үстел үстіне басқа ақықтарды төккенде Николо Поло інісі мен баласына қарап қуақылана жымыды. Тілінен бал тамған қу саудагердің әңгімесіне ешқандай назар аудармаған Николо ақықтарды кезек-кезек алақанына салып, сапасын тексеріп жатыр. Тастар тап-таза көгілдір сәуле шашады, реңкінен ешқандай қоспа білінер емес, қыздырғанда да еш өзгеріс болған жоқ.

Жарты сағаттай саудаласып, бағасына өзер келіскенде сатушы шал бұл саудадан өзіне соқыр тиын пайда түспегенін венециялықтарға қайта-қайта айтып, қақсаумен болды.

Николо Поло шалға кепілдік ақша берді. Ақықтарды ағалы-інілілер пальма ағашынан жасаған қобдишаға салып, оның қақпағын өз қолдарымен сорғыштап мөр басып жапты. Қайтарда, бір айдан кейін, олар тастарды алып, толық бағасын төлейді.

Сатушы көпестерді көшеге дейін шығарып салды. Ол ағайындылармен мадақ сөздің майын тамызып, қайта-қайта иіліп тағзым етіп қоштасты. Сәтті саудасына риза шал бай көпестердің артынан шынайы құрмет сезіммен қарап тұрды.

Керуен сарайға қайтып келе жатқанда венециялықтар Хасан-бекпен кездесіп қалды. Амандық-саулықтан соң ол бұлардың жұмыстарының не болып жатқанын сұрады. Бұл жолы Хасан-бек әдеттегіден созшең екен, көңіліндегі мұнды жеңген адамға ұқсайды. Алайда Николо мен Маффео Пололар онымен өте-мөте құлықсыз

сойлесті. Олардың өзін онша ұнатыңқырамай тұрғанын байқап қалған Хасан-бек төуір ат іздеуге базар жаққа асығып тұрғанын сылтауратып, маңайларынан тезірек кетіп қалды.

– Осың маған ұнамайды, – деді ойға батқан Николо Поло. – Ол бір жамандық ойлап жүрген адам сияқты. Болмаса оның біздің шаруамызда не жұмысы бар?

– Мен мұндай адамдарды көп кезіктірдім, – деп, Маффео ағасын қолдамады. – Олар бұл дүниеде сори арылмағандар.

– Кеше Ормуздан Бағдадка үш салт атты келіпті, – деп жалғады сөзін Николо. – Таудан түскен қарақшылардың шабуылынан осы үшеуі ғана аман құтылыпты. Олардың айтуына қарағанда қарақшылар адамдарды қара албастыға бастырып, шайтанның шапағатын пайдаланады екен. Керуенге шабуыл жасаған кездерінде тапа тал түсте айналаны қараңғылық жауып, адамдар бірін-бірі көре алмайды дейді.

– Олай болса, мойнымызға “Әбу Жәкиді” ілін аламыз, – деп қалжыңдады Маффео.

– Ең дұрысы, жақсы қару-жарак алу керек шығар, – деп шын ойын білдірді Николо.

Маффео Поло да байсалды қалыпқа түсті.

– Сенікі дұрыс. – деді ол – Біз өте сақ болуымыз керек. Хасан-бектің нұрсыз жанары ассасиндікі\* сияқты. Әрі татар десе, жыны қозады. Бірақ мұның бәрі оны қарақшылармен сыбайлас деп күдіктенуге негіз емес.

Бұл әңгімені Марко айрықша зейін қойып тыңдады. Оның көңіліндегі Хасан-бекке деген аяушылық сезім ақырында келіп сенімсіздікке алмасты. Қилы-килы қызықты оқиғалар іздеп жолға шыққан оны сапардың қауіпті бола бастағаны қуантты, ол енді парсы көпесінің басқан ізін аңдып, мұқият бақылайтын болды.

– Коке, мен түсінбей қалдым, “нұрсыз көзқарасы ассасиндікі секілді” деген нені білдіреді, – деді Марко.

– Қазір керуен сарайға жетеміз. Менің әңгімемнің мәнін Тау ақсакалы жайлы тарихты тыңдағанда түсінесің.

- Оны қазір айтыңызшы, – деп отінді Марко.
- Неткен шыдамсызсың, – деді Николо күлімсіреп.
- Түскі астан соң айтып беремін, – деп уәде берді Маффео.

\* \* \*

Саман қоршау артындағы бақта өрік ағашы гүлдеді. Күннің күшті қызуынан қыптып осімдіктер шыға бастады. Ағаштар мен бұталар бүр жарып, көктеп жатыр. Көпестер еденіне кілем төселінген болмелеріне тарады да, аулада тыныштық орнады. Өйткені түскі астан кейінгі үйреншікті ұйқының уақыты жеткен еді.

Марко берген уәдесін көкесінің есіне салды. Олар енді таза ауаны рақаттана жұтып, баққа қарай беттеді. Николо Поло мен капитан Матео да оларға ілесті. Қызметші баққа текемет әкеліп төседі. Олар парсыларша малдас құрып отырды. Өрік ағашының басында бір алабажақ күс ән салып отыр.

– Тау ақсақалы туралы әңгімені мен әлденеше рет естідім, – деп бастады Маффео Поло. – Оны қалай тыңдасам, солай баяндаймын. Көптеген жылдар бұрын Мысырда ислам дінін ұстанған болса да, басқа елдермен жасырын байланыс жасайтын секталар пайда болды. Сол тұста Хасан-ибн-Әли деген адам Персияда аз уақыттың ішінде аса зор ықпалға ие болған ассасиндер сектасын құрды. Бірде сатқындық жасау, бірде сатып алу, бірде алдап-арбау арқылы Хасан Персияның солтүстігіндегі көптеген сарайлар мен бекіністерге иелік етті. Айналасын таулар қоршаған Аламут атғы аса берік қамал оның түпкілікті тұрағына айналды. Өзі құрған сектаның мүшелері Хасанды нағыз әулие санап, Тау ақсақалы деп атайтын болды. Олар өз көсемінің қандай да болмасын бұйрығын бұлжытпай орындайтын еді.

Өз секталарының билігін нығайту жолында Хасан-ибн-Әлидің ізбасарлары мүмкін болғанның бәрін істеді. Мәселен, Хасанның орнына келген Руки-ад-дин жан-жағын таулар қоршаған көркем

шақалда ертегілерде ғана айтылатындай керемет бақ өсіруге өмір етті. Онда сирек кездесетін жеміс ағаштары мен таңғажайып гүлдердің неше түрі өсірілді. Жаркабақтарға жапсырыла шатырлары алтындатылған ғаламат сарайлар салынды. Олардың ішінің әсемдігі сыртына сай еді. Қабырғалары көркем суреттермен безендірілді, немесе олар сусылдаған жібек матамен қапталынды. Бақ ішінде бұлақ суынан фонтандар атқылап, мәрмөрдан жасалған арналар бойымен шарап, бал және сүт өзендері ағып жатты. Сарайларға әлемдегі ең сұлу қыздар алдырылды. Олар сазды аспаптың түр-түрінде ойнап, бақтағы гүлдер арасында билейтін.

Тау ақсақалы әлемде жоқ осындай таңғажайып бақты құпия мақсатпен жасатқан болатын. Ислам діні оның талаптарын бұлжытпай орындағандар жұмақтың рақатына батады деп уағыздайды. Ал Рукн-ад-дин болса, барлық адамдарды өзінің сүйікті пенделеріне жұмақтың есігін де ашып тастайтын пайғамбар екендігіне күмәнсіз сендіруге бел буды. Ол шатқалдың жасырын жолмен ғана баруға болатын төменгі жағынан алынбас камал салғызуға жарлық берді. Сектаның басшысы өзі түпкілікті тұратын осы камалға таяу маңдағы елді мекендерден он екі мен жиырма жас арасындағы бозбалаларды іріктеп алдырды. Олардың құлағына өзінің жұмақ есігін де аша алатын пайғамбар екендігін күн сайын қайталап құйып отыратын.

Уақыты жеткен кезде ол он-он екі жігітті іріктеп алып, оларға ұйықтататын ішімдік беруді бұйыратын. Содан олар ояна алмайтындай қатты ұйқыға кеткенде жігіттерді бақ ішіне салынған салтанатты сарайларға апаратын. Бозбалалар ұйқыдан оянғанмен, айналадағы ертегідегідей көріністерден естерін қайта жоғалтатын. Аландарда билеп, ән салып жүрген дүниедегі ең әсем қыздар олармен ойнап-күліп, дәмді тағамдармен сыйлап, шарап ішкізін рақатқа батырады. Сүт пен балдың өзендерін корген жасөспірімдер өздерін жұмақта жүрміз деп ойлайды және осындай рақат өмірден кетуге құлықсыз болады.

Жігіттер осылайша төрт-бес күн өткізгеннен кейін, оларды қайтадан ұйықтататын ішімдік беріп құлатғын, Рукн-ад-диннің камалына жөнелтіп отыратын. Ол жігіттерді өзіне шақырып: “Батыр бауырларым-ау, осыншама күн қайда жоғалып кеттіңдер?” деп сұрайды. Жастардың жауаптары белгілі: “Біз сіздің шексіз мархабатыңыздың арқасында жұмақта болдық” дейді оған. Олар тыңдаушыларының қызығуы мен таңданысын қоздырып, өздері көрген кереметтер жайлы әңгімелеуден жалықпайды. Ал Рукн-ад-дин: “Пайғамбардың айтуы бойынша кімде-кім өз мырзасын жан аямай қорғаса, сол жұмаққа барады. Сендер менің бұйрықтарымды бұлжытпай орындап, айтқандарымды істесеңдер мәңгі рақатта боласыңдар” деп олардың құлақтарына күюмен болады.

Бұл уағыз жігіттерге айрықша әсер етті. Өз князьдарының бұйрығын орындауды олар шексіз бақытқа балап, қожалары үшін олімге баруға да қуана келісетін. Рукн-ад-дин өзіне ұнамайтын қорші князьдарды өлтіруге жөндеттерін астыртын жұмсап тұратын. Оның кез келген сарбазы қожасы үшін ойланбай жанын беруге даяр еді.

Ассасиндер айналасына үрей сеуіп тұрды. Рукн-ад-диннің біреуі Дамаскіде, екіншісі Курдистанда отыратын екі орынбасары болды. Олар да тура Рукн-ад-дин сияқты жас жақтастарын өздеріне басыбайлы бағынышты етіп тәрбиеледі. Сондықтан ең атақты деген әміршілердің өздері, егер Тау ақсақалымен келіспей қалған болса, олімнен ешқайда қашып құтыла алмайтын.

Татарлар шығысқа қарай бет бұрып Персияны жаулап алған кезде ұлы қаған Мөңкенің інісі Хұлағу ханның құлағына Рукн-ад-диннің қылмыстары жайлы хабар жетеді. Оған Тау ақсақалы жігіттерінің осы елдің жерімен отіп жатқан саяхатшыларға шабуыл жасайтыны жайлы айтылады. Содан 1256 жылы Хұлағу хан қарақшы князь бекінген қамалды шабуға қомақты қол жібереді. Қамалдың беріктігі сондай, үш жыл қоршауда тұрғанда құламайды, ақыры аштық титықтатқан Рукн-ад-дин берілуге мәжбүр болады. Қамал жермен жексен етіліп, таңғажайып бақ жойылады. Қол-аяғына кісен салынған

қарақшы князь, ұлы қаған Мөңкенің алдына, Қаракорымға\* жеткізілуге тиіс еді, алайда оны Гилянда жол үстінде біреулер өлтіріп кетеді.

Татарлар ассасиндердің сазайын беруге ұйғарды. Ұлы қаған Мөңке еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін бүкіл секта мүшелерін аяусыз жойып жіберуге жарлық берді. Бұл қызылала қырғыннан санаулы адам ғана аман қалды.

Маффео Поло әңгімесін аяқтады. Марко күннің түстен кейінгі оттай алаулаған жанып тұрған сәулесінен бұр ашқан гүлге таңырқай қарап отыр. Көкпеңбек бұталардың бәрі бұр жарып, гүл жайып тұр. Қалың шөпті жарып бұлақ ағып жатыр. Саман дуалдың арғы жағынан көкшуда түгін көкке көтерілді. Түгіннің ащы иісі көктемнің хош иісін тұншықтырып тастады.

– Джульеттаға барып қарап келейін, – деді капитан Матео. – Бақташыларға тым сене беруге болмайды.

Ол бақты кесіп өтіп, тар есік арқылы аулаға кірді.

– Ассасиндердің нұрсыз көзқарасы туралы айтқанда менің ойымда не тұрғанын енді түсінген шығарсың, – деді Маффео Поло.

– Иә, енді түсінікті. Сіз, Хасан-бекті ойлайсыз... – Қажы Мұхаммед анада, фонтан түбінде, татарлар Хасан-бектің отбасын, үй-жайын, жиған-тергенін түгел жойып, тып-типыл еткенін айтқан, – деп Марко өткендегі әңгімені есіне алды.

– Мүмкін, біздікі қате шығар, – деді Маффео.

– Дегенмен сақтықта қорлық жоқ, – деді Николо Поло.



Беліне дәу семсер байлаған капитан Матео керуеннің ең соңында келе жатыр. Жол қырқаға көтеріліп барады. Пальма тоғайының ішін кеулеген тымырсық ыстық ауа жан-жаққа от шашқандай толқындана тарайды. Аспан болса, төбеден төнген жез қоңыраудай, жалын төгіп тұр.

– Мұның да басылар кезі болар, – деді Матео астындағы атына карап, – Көр де тұр, Джульетта. Қалай қырқаға шығамыз, солай теңіз көрінуге тиіс, ауа сонда ғана салқындайды.

Ол маңдай терін сүртті. Джульетта оның әңгімесіне құлақ салып келе жатқандай. Алда маң-маң басып он бес түйе келеді. Ұсқын сыз көк есектер ешкайда асығар емес, ілбіп қозғалады.

– Сен жылдың осы мезгілінде Венецияның керемет әсем екенін білмейсің ғой. Өзің жалпы ғұмырыңда түп-тура суда тұрған қала коріп пе едің? Жоқ, мұны көзіңе елестете де алмайсың. Салтанатты сарайлар мен көлемді көпірлер жайлы айтып та қажеті жоқ...

Капитан Матеоның тамағы кеуіп қалған, құрғаған тілі аузына сыймай келеді. Әйтсе де ойындағысын ақтарғанға бойы жеңілдеп, өңгімесін тоқтатар емес.

– Елестете бер: жан-жағыңның бәрі айдын су. Қолыңды малып қалсаң, денең тітіркеніп қоя береді. Өзіңді судағы балықтай, балық болғанда да көк теңізде еркін ойнаған, қармаққа түсер қауіпті ойламаған балықтай сезінесің.

Керуен көтерген қою шаң жол бойындағы өсімдіктерге қонып, олардың жапырақтарын бірде сары, бірде сұр түске бояйды. Араларында жүрген тотықұстардың мың құбылған қауырсындары ғана аптаптан солыққырап тұрған өсімдіктердің ажарын кіргізіп тұрғандай. Жол бойында отырған құр мен қырғауыл ештеңеден үркер емес, тек Джульеттаның тұяғы таптап кететіндей кезде ғана пыр етіп көтеріліп, бұта ішіне жасырынады. Жолдың қос қапталында мыжырайған лашықтар тұр. Олар құрма ағашының діңінен салынып, төбелері пальма жапырақтарымен жабылған. Аласалау балшық дуалдың ішінде грек жанғағы, лимон, інжір және гранат өсірілген тамаша бақтар жайқалып тұр.

Жол бойында тірі жан көзге түспейді. Күн қайнап тұрған тал түсте бұл елді мекенде тіршілік бар деп ойламайсың.

Марко әкесімен үзеңгі қағыстырып келеді. Сымбатты, қуатты бозбала тізгін ұстауды, атқа мінуді жақсы менгерген. Ол бірте-бірте тәжірибелі шабандоз болып алды. Орайы келген тұста ат құлағында ойнайтын жігіттерге еліктеп, ер үстінде өнер де көрсетіп қояды. Әрине, мынандай аптапта басқалар сияқты ол да артық қимыл жасауға ынталы емес. Күн көзінен қорғану үшін ол басын еңсіздеу мойын шалмамен орып алған. Алайда оның беті баяғыда-ақ күнге тотыққан болатын. Ол жеңіл аяқпен көңілсіздеу келе жатыр.



Марконың маңдайы мен самайынан ағылған тер оны оз жасынан ересектеу етіп көрсетіп тұр. Оның бет әлпеті әбден қалжыраған соң тыныстап жатқан, бірақ жау кеп қалса, жан аямай шайқасуға дайын сарбазға ұқсайтын.

– Капитан Матео қайда қалды?

Әкесінің сұрағы Марконы делсал күйден бірден шығарды. Ол бұрылып артына қарады. Маффео көкесінің жалғыз өзі келеді. Оған Хасан-бек ілескен. Жол тарыла бастады. Олар тау басына жақындап қалыпты.

– Матео қорінбейді. Мен оған қарама-қарсы жүрейін.

– Жарайды, бірақ тым алысқа кетпе. Егер Матеоны таба алмаған, онда жігіттерге хабар бер.

Тапсырма Марконы қанаттандырып жіберді. Ол бейне бір қоңіл сергітер сусын ішкендегідей бойына күш құйылғанын сезініп, астындағы атын ойланбай кейін бұрды. Шамасы, ер үстінде қалғып-мүлгіп отырса керек, көкесі қасынан үндемей өтті.

– Қай жаққа тарттыңыз Поло бек? – деп сұрады Маркодан Хасан-бек, айналасына мұқият бағдарлай қарап.

– Сенің шаруаң қанша. Мұны Марко естілер-естілмес айтты да, сонан соң даусын көтеріп: — Мен қазір ораламын, – деді.

– Керуеннен алыстап кетуші болма! – деп айқайлады оның соңынан Хасан-бек.

Марконың жыны келіп, қамшысын сарт еткізді. Ендігі жетпеген қамқоршысы осы Хасан-бек пе еді? Әкесі мен көкесінің айтатын ақылы онсыз да қол-көсір емес пе!?

Марконың маңынан аттар, қашырлар, есектер және түйелер айдаушылармен бірге өтіп жатыр. Сақшы жігіттердің тобы керуеннің ұзына бойына созылып шұбатылып кетіпті. Марко олардың біреуінен капитан Матеоны қорған-көрмегенін сұрады. Жауап берудің орнына бұл жігіт иығын қиқаң еткізді. Марко не істерін білмей тоқтап қалды. Өзіне жабыла кеткен қарақұрым маса мен шыбын-шіркейден ол қамшы ұстаған қолын сілтеп қорғаныш

жатыр. Аты тышырышып орнында тұрар емес. Ол тақымын қатты қысып, тізгінді тартқанда ғана қозғалмай қалды.

Міне жол бұрылып, керуеннің соңғы көлігі де көзден таса болды. Не істеу керек? Әлде, Матеоны іздемей, кейін қайтуға тиіс пе? Бозбалаға тасырлаған тұяқ үні де, айдаушылардың айқай-ұйқайы да естілмей кетті. Айнала тосын тыныштық құшағында қалды. Төбеден от төгіліп тұрған бұл жерде өсімдік атаулы өте нашар өсетін, қылтыш шықпай жатып бірден курайтын, ал тұлдыры жоқ, ағаштар тас бағандардан аумайтын. Марко шыбын-шіркей, маса, улы өрмекші, жылан сияқты жиіркенішті пайдасыз жәндіктердің осындай жерлерде жылдам өсіп-өнетіні жайлы ойға батты.

Алайда капитан Матео қайда?

Керуен Ормуздан үш тәуліктік жерде, түп-тура караунас қарақшылары мекендеген таулардың ішінде келе жатыр. Мұны оған әкесі ертерек ескерткен болатын. Марко Матеоны айқайлап шақырып еді, бірақ өртеніп тұрған ауа дауысты алысқа таратпай, жұтып қойды. Ол атына қамшы басып, жолдағы елді мекенге қарай шаба жөнелді. Мұнда шапқылап отырып жылдам жеткен Марко құдық басында бойын кернеген ашудан жүзі әбден тотығып кеткен Матеоның тұрғанын көріп, тізгін тартып, тоқтады. Капитан орамалын су толы тері қауғаға батырып алып, тершіген маңдайына басты да, сосын сол орамалмен Джульеттаның жонын сүрте бастады. Матеоның жанында ақшаңқан киімді қарасұр өңді үш еркек тұр екен.

Ашуы тараған Марко айқайға басты:

– Тез кеттік, капитан Матео! Керуен асуға таяп қалды. Бұлай богеле берсек, бізге оны қуып жету қиын болады.

– Келгенің қандай дұрыс болды, Марко. – Матео тері қауғаны тағы да құдыққа түсіріп, оны қайтадан кері тартып шығарып жатқанда да шүңірек көздерімен өзін қоршаған еркектердің әрбір қимылын қалт жібермей бақылап тұрды. – Мүмкін, сен маған түсіндірерсің, мына құбыжықтардың кімдер екенін? Тек аттан

түсуші болма, Марко... Мұнда бір нәле бар... Әй, шайтанның саналағы. жылдам арам қолыңды тарт! – деп ақырды ашудан түтігіп кеткен Матео байталының тізгініне жармаспақ болған парсылыққа. Білегінен қатты қысып ұстаған капитан оны өзіне қарай еңсеріп әкелін:

– Әй, достым, тыныш қана тарқайық, әйтпесе құдықтың түбінен бір-ақ шығасың. Марко, сен аттан түспе! – деді.

Босанғысы келіп тырбаңдағанынан ештеңе шықпай, мойны мен шекесінің күреғамырлары білеуленіп кеткен парсыны сүйрей-мүйрей капитан Джульеттаға мінуге беттеді. Матеоның ойламаған жерден парсыны қатты итергені сондай, ол бірнеше қадам жерге барып, ұшып түсті. Сосын мынау дүлей күш иесіне не істерін білмей қалған екі парсыдан көзін аудармай тұрып, ол ат тізгінін ыңғайлап алды. Матео атқа қона бергенде жан-жақтан кикүлап айқайлаған дауыстар қаптап кетті. Маңайды жауынгерлік ұранмен жаңғыртып, атой салған салт аттылар құдыққа қарай қаптап келеді. Солардың біреуі лақтырған найза Марконың иығын жалап өтті. Екінші найза Джульеттаның аяғына қадалды. Оқыранған жануар жер тарпып, алдыңғы аяқтарын қарақшыларға қарай көтерді. Жарақатынан қан саулап тұр. Кенет оның тізелері бүгілді де, сүрініп құлады. Мұндайды күтпеген Матео жерге жалп ете қалып еді, алайда жылдам бойын тіктеп, семсерін ыңғайлап алды.

Қараунастар ғой деп ойлады Марко. Ол бастапқыда құдық басында қару-жарақсыз тұрған, кейін үйлеріне кіріп кеткен үшеуден басқа оншақты салт аттыны санап шықты. Ақыл-ой емес, бойдағы бір тылсым сезім оған өздеріне қатер төнгенін сездіргендей болды. Ол ат жалына жабысып жата қалды. Зуылдап ұшқан найза оның басына тиер-тимес жерден өтті. Марко атын шапшаң бұрып, оның омырауымен найгазерді қағып, құлатып кетті. Екінші қарақшыға семсер сілтеп атынан аударып тастады. Шайқастан бойы қызған Марконың терлеген денесіне киімдері жабысып, шашы басын суға малып алғандай дымқылданып кетті. Жамандықты сезген ат бұл маңнан зығуды қалайтын секілді.

Осы кезде алдында құдық түбінде болған үш еркек те үйлерінен жүгіріп шықты. Қаруланып алған олар караунастардың қоршауында қалған Матеоға қарай жан ұшырып келеді, Маркоға сытылып шығуға мүмкіндік туды, Қарақ-шылар оған ешқандай назар аударып жатпаған сияқты. Өзінің дәу семсерін оңды-солды сілтеп қарсыласып жатқан Матеоны олардың жабылып қолға түсіріріне күмән жоқ еді. Ең дұрысы – жігіттерге жедел хабар беру керек.

– Марко, қаш! – деген Матеоның даусы құлағына келді.

Қараунас лақтырған найза ат тұяғына тапталып жатыр. Аспанға көтерілген қою шаңнан түк көрінбейді. Біріне-бірі соғылған семсерлердің сартылы мен қарақшылардың жауынгерлік кикауы және жараланғандардың ыңқылы қосылып, маңай у-шу болып кетті. Өлген бе, әлде жараланған ба, әйтеуір төрт парсы жер қауып қалған.

– Көмек шақыр, Марко, – деген Матеоның қырылдаған үні шықты.

Қалған оқиғалар көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Матеоның мойнына бұғалық түсті. Арқанды жұлқып тартқаннан алып дене жерге гүрс ете құлады. Семсері колынан ұшып кетті. Қарақшыларға қарсы ұмтылмақ болған Марконың дәл алдынан кескестеген бес найза бірден көтерілді. Ол тебініп қалып, тақымын қаттырақ қысқанда кеудесін көтерген ат артқы аяқтарымен артқа жалт бұрылып, Марконы ұрыс алаңынан алып кетті.

Марконың ойында дәл қазір бір ғана мақсат бар – ол тезірек Матеоға көмек жеткізу. Улап-шулаған қарақшылардың дауыстары алыстан әлі естіліп тұр. Астындағы аты жолдағы ағаш, бұта, жартастарға қарамай, көсілтіп-ақ келеді. Ат пен Марко тұтасып, бір денеге айналып кеткендей, тебінген сайын жылдамдық үдей түсуде.

Ирек-ирек жол асуға келіп қалды.

Матеоны құтқару керек!

Марконың құлағы шуылдап; шекесі солқылдап, басы мең-зең болып келе жатыр. Жүрегі орекіп, тамырларындағы қан бұлақтай

бұлқынды. Ол өзінің қатты шолдегенін енді байқады. Таңдайы кеуін қалған, түкірігі желім сияқты. Ал күн болса, бұрынғысынша жерге жалын төгіп тұр. Екі жағына бау-бақша егілген жол бітер емес.

Кенет Марконың құлағына тұяқ дүбірі естілгендей болды. Артына бұрылып қарап еді, тақыр жолда ештеңе көрінбеді. Оны қуып келе жатқан қарақшылар жоқ сияқты. Шамасы, олар керуенді құзеткен сақшы жігіттерден сескенген болар.

Марко бұдан да жылдамырақ жүру үшін аттың басын жіберіп, жануарға қамшы басты. Бозбаланың есіне әкесі түсті. Николо Поло ұлының өздігінен араласқан шаруалары жайлы не айтар екен?

Осы кезде Марко өзіне қарама-қарсы ауанымен желіп келе жатқан арқаларынан ер-тоқымдары алынбаған иесіз екі атты көріп қатты танданды. Әуелде ол аттар түскі ас кезінде керуеннен қашып кеткен шығар деп ойлаған еді, алайда бұл болжамынан тез қайтты, өйткені сақшы жігіттер оларды тым ұзатпай ұстаған болар еді. Аттар жақындап келгенде Марко олардың біреуі өз әкесінің аты екенін жазбай таныды. Қорыққанынан зәресі тас төбесіне шықты. Тізгін тартып, астындағы атын тоқтатты. Қателесу мүмкін емес: әкесінің құла айғыры қарсы келе жатыр. Марко аттан қарғып түсіп атты құр-құрлап шақырды. Таныс дауысты естіген ат жанына жақындап келді.

Марко оның тізгінінен ұстады да қайтадан босатып жіберді. Ең әуелі ол керуенде не болғанын білуге тиіс. Басына бірі кіріп, бірі шығып жатқан ойлардың жетегінде кетпей, орекіпген жүрегін басуға тырысқан Марко атын ағашқа байлай салып, әрі қарай жаяу жүгірді.

“Әкем жалғыз емес, қасында Маффео және сақшылар бар. Әрі олар тегіс қаруланған, – деп ойлады ол – Керуенге шабуыл жасауға қарақшылардың батылдары бара қоймас”.

Марко әкесінің қасынан кетіп қалып, оған қиын сәтте көмек бере алмағанына қатты өкініп келеді. Бірақ керуенге шабуыл жасала қойды ма екен? Қазір ол пальма орманының ішінде алаңсыз демалып жатқан оз адамдарының үстінен шығуға тиіс...

Марко жүрісін жылдамдатты. Биік қырқаға көтеріліп келе жатқан жол бір бұрылыста көзге көрінбей кетті.

Асиан шайдай ашық, бір шөкім бұлт жоқ. Қай жағыңа қарасан да түнерген тауларды көресің. Жалғыздық бозбаланың жанын жей бастады. Тау бөктерін тікенекті және күмістей жылтылдаған хош иісті шөптер мен өсімдіктер басқан.

Тырбиған өсімдіктердің қысқа тамырлары топырақтың үстіңгі қабатын толық бекіте алмайды, сондықтан аңызға жел соқса, қою шаңнан түк көрінбейді. Марко көзін алақанымен колегейлеп алға қарады. Көкжиектен бір топ салт атты көрінді. Олар жылдам жақындап келе жатыр. Ақ киім киген салт аттылардың көзіне өзінің түскен-түспегенін білмеді, алайда кейін қарай атына жүгіруге кеш еді. Ол етбетінен жата қалып, жербауырлап еңбектеп жол бойынан елу кадамдай жердегі жыраға жетіп, сонда тасаланды.

Бірнеше минуттан соң Марко басын сәл көтеріп, селдір шөптердің арасынан сығалап жол бойына қарады. Ұйпа-түйпа шашы бетіне төгіліп, шаң кірген көздері әбден қызарып кетсе де, оған отряд өте жақсы көрінді. Ол жолдағы елді мекенде кездескен қарақшылардан ешқандай айырмашылығы жоқ он екі салт аттыны санап шықты. Бұлар да солар сияқты найзамен қаруланған, асынған садақтары болғанмен, алайда қорамсақтарында жебе жоқ сияқты.

Марконың жүрегі дүрсілдеп кетті. Салт аттылар тура өзіне қарсы келе жатқандай көрінді. Ол семсерін қынабынан суырып қасына қойды да, сол қолына қанжарын алды. Бойын билеген үрей басылған сияқты. Енді не болса да көріп алады. Шегінер жер жоқ. Егер оны қарақшылар байқап қалған болса, онда олтірмей кетпейтінін біледі.

Міне, саған қызық керек болса! Бұрын, Венецияда, айдынның әсемдігін көзге де ілмей, алыс сапарға аттанып бара жатқан кемелерге қызыға карағанда осындай қауіп-қатер боларын кім ойлаған?! Немесе керуен нөсер жаңбыр астында әрең ілбіп келе жатқанда мұндай жағдай болары кімнің есіне келіп еді?

Ол армандаған шым-шытырман оқиға осындай ма еді? Қапаста мұнға батқан үндінің жас аруын тұтқыннан құтқарып, керемет ерлік

көрсеткені, осы еңбегі үшін айналасындағы адамдардың құрметіне боленгені, сыйлыққа алтын мен күміс алғаны және оған қоса айдай аруды да өзіне бергені ылғи да өмірде болғандай көзіне елестеп, қиялынан өшпейтін.

Сол батырың енді әлдебір белгісіз өсімдіктен тараған қышқыл-тым мұрынды жаратын ауаны жұтып, аңызак жел мен жалын шашқан күннің астында шаң қауып жатыр.

Ақ киімді салт аттылар таяп қалды – олардың күн қакқан сұсты жүздері анык көрінетіндей болды.

Марконың жүрегі тоқтауға таяғандай, үздігіп барып сағатына бір-ақ рет соғатындай болып көрінді. Ол өтіп жатқан уақытты сезбеді, бүкіл денесі бастан-аяк ширығып ұрысқа дайындалды. Семсері қасында жатыр. Қатулана сілтеген қанжары сабына дейін кара жерге кіріп кеткен. Жауға арыстандай атылуға дайын тұр.

Салт аттылардың найзалары қанға боялып, киімдері жыртылыпты. Олар тура жанынан желіп өте бергенде Марко топ ортасынан атқа колденең таңып тастаған екі тұтқынды байқап қалды. Біреуінің Хасан-бек екенін таныды. Жейдесі қан-қан ол ат сауырында созылып жатыр.

“Бұл дүниеде соры арылмаған адамдар болады, мен ондайларды көп көрдім”, – деген еді Бағдадта болғанда Маффео Поло.

Енді сол Хасан-бек ауыр жараланып, тұтқынға түсіпті.

Не болды екен? Осы сұрақ Марконың енесін езіп тұр.

Екінші тұтқын сақшы жігіттерден екен.

Марко тізерлеп отырды. Салт аттылар корінбей кетті. Сәлден соң олар Марконың жол бойындағы ағашқа байлап кеткен айғырын және ерттеулі аттарды коруге тиіс. Ол қару-жарағын алып жолдан бір бүйір кетті. Жабайы жүзім жүргізбей аяғына оратылып, тікенектер киімін тырнап жатыр.

Қыраттың бір беткейінен шаң көтерілді. Айқай-шуды, аттардың оқыранғанын естіген Марко бұтаның тасасына тығылды. Сәлден соң ол ақ киімді салт аттылар шыбыртқыларымен шықпыртып,

боқтан, алдарына салып қуып бара жатқан өз керуенінің аттарын, есектерін, қашырлары мен түйелерін қорді. Шошып, елірген жануарлардың бастары қосылар емес, әрқайсысы әр жаққа тартады. Екі түйе кенет жалт бұрылып, жолдан шыға қашты, қарақшылар қуып берді. Марко олардан алыста қалды, оның тасаланған жері қауіпсіз еді.

Марко көзін күннен көлегейлеп, салт аттыларға қарап тұр. Тұтқындалған ешкім жоқ сияқты. Сонда керуендегі адамдарға не болды екен? Әкесі қайда? Маффео көкесі қайда? Қарақшылар шынымен бәрін қырып кетті ме екен?

Самсаған сұрақ!

Жоқ, оның армандағаны мұндай оқиғалар емес. Оның көніліндегідей оқиғаларды маздап жанған ошақтың қасында жалынның сумаңдаған қызыл тілінен көз алмай отырып, қиялмен қиыстырып, ойдан шығарады.

Әбден шолдеген Марконың таңдайы таңдайына жабысып қалды.

\* \* \*

Биік жартастың арғы жағынан су ағып жатыр. Қатпар-қатпар тас қабырғаны талай жерден тесіп шыққан су шикіл сары алқапқа нәр береді. Тап-тар болса да жеміс ағаштары мен құрма пальмалары жайқалып өскен топырағы құнарлы шатқалдың бойымен асау озекшелер томенге күлдилай құлайды. Көк шалғынды қолатта жылқылар, есектер және ешкілер жайылып жатыр. Шағын тоғайдың тасасындағы караунастардың үйлері бөгде көзге көрінбейді.

Күн батуға таянды. Жергілікті қарақшылардың басшысы, жылтыңдаған кішкентай адам, бүгінгі олжаны: жібек маталарды, кілемдерді, бидай мен күрішке толы қаптарды, тең-тең макта мен теріні, толып жатқан басқа да дүние-мүліктерді тамашалап қарап жатыр. Оның қою қара мұртты жалпақ бетінен тойымсыз ашқоз пенде екендігі байқалады. Караунастар олжадан үлес алар сәтгерін үнсіз күтуде. Тек қуанған балалар ғана шуылдағандарын тоқтатар емес.



Күн орманнан асып құлады да, таулар кемпіркосакша құбылған ғажайып реңге енді. Қаза тапқандар лашықтарына кіргізіді, мәйіттердің жанында әйелдері бүйірлерін таянып, төбе құйқанды шымырлатар жоқтау айтып отыр.

Тұтқындарды күзеткен сақшы өзінің жолы болмағанына ренішті, ойткені нағыз олжа бөлісер сәтте карауылға тұру кезегі келе қалды.

– Әй, сен, сүмелек, аузыңды жауып тыныш отыр! – деп ызалана ақырды ол, төмендегі өздерін жағы тынбай сыбап боқтап жатқан тұтқынды тыныштандырмақ болып, терең зынданның үстін жапқан торкөз бөрене қақпақтан найзасын жоғары-төмен сұққылап. Кенет сақшы найза сабын сілкіп қалған күш әсерінен етпетінен құлады. Зындан қақпағының дәу темір құлып салынған шынжырына соғылып, аз уақыт есінен танып қалды.

Ал зындандағы тұтқын алақанын қанатып алса да, найзаны босатар емес. Қолына найзаның ұшы іліккен бойдан ол қаруды шапшаң сілке тартып, сақшының қолынан жұлып үлгерді.

– Қаракожалақ шайтан! – деп бебеуледі жанға батқан жарадан бет әлпеті өзгеріп кеткен Матео. – Енді сақтан, әйтпесе қышыған жерлеріңді өз найзаңмен қасып беремін.

Осынау үстіңгі жағына қарай қушия беретін тар зынданда Матеоға найзаның ұшын жоғары қарай бұруға әжептәуір уақыт қажет болды. Ол найзаны тіктеп, түбін алақанына қойып серпіп қалып еді, қару зындан қақпағына соғылды. Сақшы орнынан ұшып түрегеліп, қауіпті болған соң қақпақ үстінен қапталға қарай жылжыды.

Капитан Матео зындан бұрышына отырып, күртесінен шүберек жыртып алып жарақатын таңды. Қаруланудың орайы келді, енді ол сол қарудан тірідей айырылмақ емес.

Есі кіріп, не болғанын ойлаған сақшының зәресі зәр түбіне кетті. Ойтпегенде қайтеді, мынау долданған алып адам қарусыз көзінің өзінде арыстандай айбатты еді, енді қолына найза тиді. Сақшы өзінің бұл сәтсіздігін жолдастары білсе, мазаққа айналатынын да,

басшылардың өзін жеке сұрын көретінін де айқын сезінді. Бокталып-датталып, әбден масқараланып, түптің түбі тура өзінің де зынданнан бір-ақ шығатынын түсінді.

Сорлы сақшы етпеттеп еңбектеп жылжып, торкөз қақпақтан зынданның түбіне қарағысы келді. Алайда оның жалбыраған шашын корген бойда-ақ тұтқын найзасын жоғары сілтеді. Сақшыға тағы да бас сауғалауға тура келді. Оған тұтқынға найзасын қайтаруды өтініп жалынып, бұл үшін сүт, қымыз, тандыр нан және піскен қой етін әкелуге уәде беруден басқа жол қалған жоқ.

Матео қызына сөйлеген сақшының айтқанынан жалғыз сөз түсінбесе де, оның өзіне деген үлкен өтініші барын ұқты. Олай болса, найзаны жұлып алғаны мұның жағдайына оң әсер етіп отыр. Масқара болып бұралқы күшіктей сасық апанда жатқаны Матеоның есінен мүлдем шығып кетті. “Ал енді, мықтап ойлан, бекем бол, – әйтпесе бостан-босқа өлесің де қаласың”, – деп ол өзін іштей қайрады. Оның үстіне өзінің кесірінен пәлеге ұшыраған Марконы ойлап, бойын билеген үрейден арыла алмады.

– Достым, бері жақында! – деп айқайлады ол байсалды дауыспен. – Кел, сойлесейік.

Торкөз қақпақтың арғы жағынан төменге еңкейген сақшының кара торы жүзі, үрейлі көздері көрінді.

– Қорықпа, саспа, қотыр төбет, мен саған тимеймін, – деді Матео зілсіз ғана, құлаққа жағымды дауыспен. – Маған жүрек жалғар бірдеңе мен шөл қандыратын салқын сусын әкел Молдау болсын, түсіндің бе? Сонда мені аспай-саспай жарып тастауың үшін найзанды өзіңе қайтарамын. Міне, сенің найзаң, көрдің бе! Ал енді асқа жүгір, достым!

Сақшы айналаның бәрін көзімен шолып шықты. Қараңғылық қоюланып барады. Жерлестері әлі де олжаны бөлумен әлек болып жатыр. Ол бәрін ұққандығын және оның өтінішін орындайтынын Матеоға асыға басын шұлғып тұрып, ыммен түсіндірді.

Сақшы кеткен бойдан Матео жұмысқа кірісті. Ол найзаның ұшын сындырып алып, зынданның қатты қабырғасынан аяқ тірер

баскыштар оя бастады. Анан іші тастай қараңғы еді. Аспанда алғашқы жұлдыздар жымындай бастады.

Кенет Матео кинала ыңырсыған дыбысты естіді. Оған бұл дыбыс тура жердің астынан шығып жатқандай болып көрінді. Ол қабырғаны ойғанын тоқтатып, тың тындай бастады. Ыңырсыған адамның біреуді шақырғаны еміс-еміс естіледі. Шыққан дыбыс ішінде өзінің де аты аталды. Матео адамнан да, шайтаннан да қорқа қоятын пенде емес еді, алайда жердің қойнауынан шығып жатқан мына тосын дауыстан жүрегі шайлығайын деді. Мүмкін, оны өлі аруақтар молаға шақырып жатқан болар...

Ол жатқан зындан ауылдың ең шетінде еді. Күндізгі күйкі тірлік тоқтаған, иттер де үруін қойып, құстар бұтақтарға қонақтаған мезгіл болатын. Әйелдердің де жылап-сықтағаны естілмейді.

– Бұл қайсысың? – деп сұрады Матео даусы дірілдеп. Ол назар қойып тындағанда өз есімін анық естіді, әйтсе де парсы тілінде айтылған кейбір сөздерді аңғарғанда ғана бойы жеңілдеп сала берді. Сол сәтте ол өзін лақтырған апанның қасында тағы да сондай үшеуін көргенін есіне түсірді. Олай болса, жапсарлас зынданда тағы да біреулердің отырғаны анық.

– Сен кімсің? Атыңды айт! – деп айқайлады Матео.

– Хасан-бекпін.

– Шыдай тұр, Хасан-бек. Мен қазір бұл жерден шығуға әрекет жасап жатырмын. Егер ойлағаным орындалса, саған да көмектесемін.

Матео жанталаса қимылдап, жұмысын жалғастыра берді.

Мұндайда әңгімеге уақыт жоғалтуға болмайды. Хасан-бектің осында жатуы оның жорамалын растады. Енді қарақшылардың керуенге шабуыл жасағанына ешқандай күмән жоқ. Бірақ, қалған адамдар қайда? Николо мен Маффео Пололарға не болды екен? Марко қайда?

Жерге қадаған найзаны тіреуіш ретінде пайдаланған Матео, қабырғадан ойған баскыштар арқылы жоғары қотерілуге талаптанды. Алайда шамалыдан кейін босқа арамтер болып жатқанына

козі жетті. Екі-үш фут<sup>17</sup> көтерілген соң-ақ денесін тең ұстау мүмкіндігі жоғалып, қайтадан төменге секіруге тура келді. Ол бұл зынданның қабырғаларын бойлап көтеріліп, жоғарыдағы қақпағына жету мүмкін еместігін, мұнда тірідей көмілгендігін толық байқады. Өзі парсыша, Хасан-бек итальянша түк түсінбегендіктен, олар өзара толық ұғыныса да алмады.

Әбден ұнжырғасы түскен Матео жерге отыра кетті. Жалын шашқан ыстықтың беті қайтты. Бірақ жанталаса басқыш ойған ол кара терге малшынған еді. Жараланған қолы да ауырып барады. Оның үстіне аштық пен шолге тәзер емес.

Осы сәтте Матео жылмандаған сақшының қақпақ арқылы зынданға үңілгенін көріп, орнынан атып тұрды. Оның аяғының жанына бірнеше тандыр нан келіп түсті. Матео оларға жүкқан топырақты қағып жіберіп, үзіп-үзіп жей бастап еді, таңдайы кеуіп қалғандықтан оның тамағынан титімдей нан да өтпей қалды.

Сақшы Матеодан найзасын қайтаруды талап етті. Бірақ Матеоның бойында өмірге деген күштарлық қайтадан оянып, ол еңсесін езген уайымды бойынан қуып тастады. Қайтсе де басына келген ойды іске асыруға бекінді. Сақшы қақпаққа еңкейіп еді, Матео сөйлеп берді.

– Қақпақты аш, қайырымды сабазым. – Матео даусына барынша жылы шырай бермек болып, әндете сөйледі. – Қақпақты көтеріп, маған сусын бер. Матео шөлдеп отыр, түсіндің бе? Токта, тоқтай түр, онда батырым. Әуелі маған құмырамен сусын бер, шолім қанғанда найзанды аласың. Міне, қарашы, қандай ғажап найза! Өтген ұшы жоқ, бірақ онда тұрған не бар? Міне, мен былай ыңғайлап беремін, сен мықтап ұстайсың. Ақ енді қақпақты ашсайшы.

Матео ымдап және бетін мың құбылтып түсіндіріп, әңгіме нобайын сақшыға ұқтырғандай болды.

Жетіп жатқан дауыстарға қарағанда олжаны бөлу аяқталған: сақшы оны адамдардың сөйлеп, қозғала бастағанынан білді. Ол құлыпты жылдам ашып, шынжырды суырып, қақпақты көтерін,

ішке арқанға байлаған құмыраны түсірді. Тағы да найзаны қайтаруды өтінді.

Долданған сақшының аузынан өзіне ұрсып ақ ит кіріп, көк ит шығып жатқанына қарамай, Матео салқын сүтті асықпай сімірді. Бейне бір ғұмырында мұндай ғажайып сусынды жұтып қормегендей лезде-ақ ол жарты құмыра сүтті тауысып тастады.

– Менің қымбатты алаңғасарым, сен тура періштесің, – деді ол күбірлеп. – Енді мына құмыраны тартып ал да, сосын Хасан-бек отырған зынданға түсір. Соңа соң найзанды қайтарамын.

Сақшы тұтқынның не айтқанын түсінді. Енді оған мынау диюдай пәленің талабын орындаудан басқа ештеңе қалмады. Оның бүкіл мақсат-арманы – кайткенде де найзасын қайтарып алу болатын. Содан соң бұл тұтқынның көзіне көк шыбын үймелетеді.

Хасан-бектің даусы Матеоның құлағына еміс-еміс келіп тұр, ал көрші зынданның қақпағы жабылғанын ол анық естіді. Соңа соң сақшы Матео отырған апанның аузына келіп, венециялықтың жоғары көтерген найзасын алмақ болып, еңкейе берді. Ол найзаға шап бергенде, Матео сырықты кілт кері тартып қалды. Сақшы зынданға топ ете түсті.

– Мінеки, сен де түстің қолға.

Зәресі зәр түбіне кеткен сақшыны Матео кеудесінен қусыра ұстап, бастан бір пергенде ұшып кеткен ол қожелкесімен қабырғаға барып соғылды.

– Бұл мені мына найзамен шұқылағың келгені үшін. Ал енді саған жан керек болса, орныңнан қозғалма, мен сенің иығыңа шығамын. Міне, былай, түсіндің бе? Қисаландасаң, көкеңе көрістірем!

Сақшының иығына шыққанмен Матеоның қолы зындан қақпағына жеткен жоқ, өйткені апан өте терең болатын. Әбден торыққан ол жерге секіріп түсті.

Ол мынау зынданға сақшымен бірге қамалып қалды. Қашып шығу мүмкін емес.

Марко каракшылардың сонынан ере отырып, керуен жолында қалған манағы елеусіз қаңырап қалған мекенге дейін келді. Ол бұға арасында жасырынып отырып, караунастардың түйелерді, кашырларды аттар мен есектерді жасырын соқпақпен тау ішіне айдағанын байқап, бақылады. Сондай-ақ ол бірнеше адамның таңдап тәуір аттарды ұстағанын және олардың тұтқындарды әкеле жатқан отрядқа қосылғанын көрді. Тұтқын жігіттің көзін байлап тастаған, ал Хасан-бекте ес-түс жоқ. Марко салт аттылардың ауылдан кеткенін күтіп тұрды да, сонан соң қалған аттардың біреуін ұстады. Жануарды құдыққа әкеліп суарды, жылымықтау кермек дәмді судан өзі де әбден қанып ішті. Сонан соң жүрек жалғарлық бірдеңе іздеп, бірнеше лашыққа кіріп шықты. Тоналған бұл ауылдан каракшылар бәрін тасып әкете алмаған екен, өзі де тойынды, атына да жем табылды.

Матеоның қайда жоғалғанын білмеген Марконың басы әбден қатты. Ол каракшылар капитанды өлтіріп кетті ме деп қатты қорықты.

Аспан айналып жерге түскендей ыстық. Көкте сегіз бүркіт қалықтап ұшып жүр. Таяуда ғана болып өткен оқиғалардан кейін түс ауа бере орнаған мына тыныштыққа адам таңданғандай. Маркоға әрі қарай не істейтінін шешу керек еді. Қаракшылардың тұрағын барлауға кірісе ме, әлде керуенді, яғни одан караунастар шабуылынан кейін тірі қалғандарды іздей ме?

Әкесінің ерттеулі аты оған жолда кездескені қандай үрейлі!

Қаракшылардың папаның ұлы ханға жіберген тартулары және Пололардың өз дүние-мүліктері артылған кашырларды айдап әкеткені ақиқат. Егер Марко дәл қазір олардың ізіне түспесе, онда кейін бұл байлықтың тығылған жерін таба қою екіталай шаруа.

Ал капитан Матео қайда? Ауыр жараланған Хасан-бек ше?

Сондықтан Марко каракшылардың сонынан қалмауға бекінді. Әзер байқалатын іздерден түскен комескі соқпақ жол әуелі тауға

тік көтерілді. содан екі қапталын бұжыр-бұжыр жартастар қоршаған аңғарға түсірді де, ақыры тар шатқалға әкеліп кіргізді. Табын-табын мал айдаған қарақшылардың жүрісінің жылдамдығына адам танданғандай. Марко атына қамшыны басыңқырап жылдам жүріп отырса да, оларды қуып жете алған жоқ. Құдай оңдағанда Марко қарақшы тобырдың озеннен өткен жерін тауып алды. Алдағы алаңқайда жайылып жатқан малдарды көргеннен соң, қараунастардың тұрағын табу қиынға түспеді.

Мол олжаға масаттанған қарақшылар қуаныштары қойындарына сыймай аттар мен қашырлардан жүктерді түсіріп жатқанда Марко айналасын бағдарлап алды. Ол ауыл толық көрінетін, тығылуға ыңғайлы, қалың бұта өскен тау бөктеріне жасырынды. Жүз қадамға жетер-жетпес, тура таяқ тастам жердегі зынданда тұтқындар жатыр.

Ол сақшының зынданның тор-қоз қақпағы арқылы ішке найзасын сүкқылағанын, сөйгіп жатып тас төбесіне жасын түскендей омақаса құлағанын көрді. Әрі қарай найзасынан айырылған жігіттің орнынан тәлтіректеп өзер көтерілгенін бақылады. Марко шаршағанын ұмытып, бойын билеген үрейлі ойлардан арылды: ешқандай күмән жоқ, мұндай іс-қимыл тек қашқан Матеоның ғана қолынан келеді!

Марко қараңғы түскенін асыға күтті. Матеоның сақшыны зынданға құлатқанын көргенде күлкісін тыя алмады. Қараунастар болса, олжаға лық толы ауыр қашықтарын арқалап, лашықтарына тарай бастады. Тау бөктерінен абайлап, еңбектеп етекке қарай түскен Марко зынданның аузына келді.

– Матео, бұл мен, Маркомын. Сіз естіп тұрсыз ба?

– Керемет! – деді танданған Матео.

– Токта, мен қазір сізге арқан түсіремін.

Осының алдында ғана сақшы апанға құмыра түсірген арқанның бір ұшын Марко қақпаққа байлады да, екінші ұшын төмен лақтырды.

Матео сақшының тас төбесінен бір қойып, есінен тандырды да, зынданнан шықты.

– Ұлым... – деген даусы үздіге шықты оның. – Ұлым, қайдан келдің сен? – Ол Марконы құшағына алып, қатты-қатты қысты. – Жүр, Хасан-бекті құтқаруымыз керек. Ол жатқан зынданның кілтін сақшыдан алып кеткенмін.

Олар тың тыңдады. Маңай тып-тыныш. Матео зындан құлпын ашты да, қаппақты жоғары көтерді.

– Хасан-бек! – деп дауыстады төменге еңкейіп Марко. – Арқанды ұста!

Жауап болған жоқ.

– Біз сені құтқарғалы келдік... Хасан-бек! Шамасы есінен танып қалған-ау.

Матеоның бойын жаман ой биледі. Ол арқаннан ұстап апанға түсті. Көп ұзамай жоғары көтерілді.

– Біз енді оған көмектесе алмаймыз. Хасан-бек қайтыс болыпты. Кеттік, Марко, бізге уақыт жоғалтуға болмайды.

“Хасан-бектің нұрсыз жанары ассасиндікі секілді”... Өзімен-өзі болып, әрқашанда бұйығы жүретін оған адамдар сенімсіздікпен қарайтын. Енді міне, өліп жатыр, қарақшылармен шайқаста шейіт болды.

Қараңғыда ағаштар таудай болып көрінеді, ал бұталар жолаушыны жол шетінде тосқан құбыжықтардан аумады. Қапталдағы тоғайды жарып жабайы аңдар өтті. Ысылдаған жылан бұта түбіне тығылды. Қорқау қасқырлардың ұлығаны естілді. Алыста арыстан ақырды. Аспанда мыңдаған жұлдыздар жымындап тұр.

Матео мен Марко қараңғы түн ішінде жүріп келеді.

\* \* \*

Қарақшылар шабуылынан кейін қос тәулік өткенде Николо мен Маффео Пололар екі жүз татар жауынгерін және елу салт аттыны ертіп алып, аттарына топелеп камшы басып, жолда жосылтып келеді. Жол бірте-бірте жоғарылап барады. Алда аумағын мұнар басқан таулар жатыр. Артыңа бұрылып қарасаң болды, көзіңе керіліп



жатқан көгілдір теңіз көрінеді. Жолаушыларды содан соққан самал желшиді. Ормузға апаратын жол бойындағы шатқалда бидай, арпа, сұлы пісіп тұр. Дымқыл майда жел егістікті баяу тербетеді.

Николо Полоның түрінен адам шошығандай. Оның есі кіресілі-шығасылы сияқты. Жаман ойлар басын темір шығыршықтай қысады. “Оның ажалына мен кінәлімін.. Жылдамырақ, жылдамырақ қозғалындар! Оны Венецияда қалдыру керек еді... Тезірек, тезірек!.. Тізгінді тартпандар”...

Татардың жүндес аласа жылқыларының жүрісі өнімді, күйіндай зулап отырады, тек ер үстінде жануарлардың желіс ырғағына ыңғайлана білсең болғаны. Мініс аттары қару-жарак, су құятын ыдыс, тамақ салатын қоржын секілді жауынгерлердің ажырамас бөлшегіне айналып кеткендей. Сарбаздар сан тәулік бойы ер үстінен түспейтін жорыққа әбден қалыптасқан. Ат шалдырғандары да өзгеше: астарындағы көліктері жайылып жатқанда да өздері ер үстінде көз шырымын алады.

Бойындағы үрейді жасыруға барынша тырысып, Николо Поломен үзенгі қағыстырып бауыры келеді.

– Барлық ақшамызға ақық сатып алғанамыз қандай жақсы болды, – деді ол, меңіреу үнсіздікті бұзу үшін.

– Көптен бері жолым болмай жүргенін ойлап, Марконы Венецияда қалдыру керек еді.

– Бос әңгімені айтпа, Николо, – деп қызына сөйледі Маффео.

– Баланың тірі екендігіне мен сенімдімін. Қарақшылар ол үшін өтемақы алмақшы.

Николо есі енді кіргендей болып:

– Қарақшылардың қақпанына өзі барып түсті! Қарғыс атқыр Матеоны ізден шығып несі бар еді? – деді.

Сәске түсте саит аттылар аздап болса да бой жазып, тыныс алуға тоқтады. Бірте-бірте биікке тартқан жол шатқалдардың бойын қуалап келеді. Оларға бірнеше рет өзеңдер мен өзендерден өтуге тура келді. Мұндай сәттерде жасақтағылар бойларын сергітін

шомылып алады. Кешке қарай бұлар бастапқыда қарақшылар керуенге шабуыл жасаған аймақтан әлі де бір көштік жерде болатын. Николо Поло татарлардан қонатын қостарын тікпей, тек аздап демалуды ғана өтінді.

От жағылды. Сумандап, шалқып көкке көтерілген жалын жарығынан жыртқыш аңдар безіне қашады, ал ащы түтін құрт-құмырсқа, шыбын-шіркейдің жауы. Аттарын тұсап, жайып жіберген сарбаздар астарын жедел ішті де, тері-герсек, токым-терліктерін астарына тосеп ұйқыға кірісті. Екі сағаттан кейін оларды қарауылшылар оятты, барлығы жедел жиналып, қайтадан атқа қонды.

Ми қайнатқан күндізгі ыстықтан гөрі түнгі салқынмен жол жүру – әрі өнімді, әрі жеңіл еді. Николо және Маффео Пололар ат үстінде қалғып-мүлгіп келеді. Маңайды басқан мүлгіген қою қараңғылық, ағаштар мен бұталардың арбиған сұлбасы, таулардың тұрпаты, тасқа тиген тағалардың үздіксіз шыңылы бәрі-бәрі ұйқы келтіретіндей әсер етеді. Ағайындылар жасақтың бас жағында, татарлардың алғашқы ондығының соңында еді. Кенеттен алда келе жатқан жолбасшы кілт тоқтады... Оның сақтануды ескерткен даусы түнгі тыныштықты бұзды. Сарбаздар шайқасқа дайындала бастады.

– Шайтан алғырлар, немене, көздерің жоқ па? Біздің қарақшы емес екенімізді көрмей тұрсындар ма? – деген гүжілдеген дауысты естіді ағайындылар.

Іле-шала бозбаланың тап-таза даусы шықты:

– Сендердің басшыларың қайда? Біздің керуенге қараунастар шабуыл жасады.

Соңынан Маффео ерген Николо Поло атына қамшы басып алға ұмтылды. Ол осының бәрі түнгі елес болар деп қорықты.

– Марко! – деп айқайлады ол тынысы тарылып. – Бұл менің ұлым ғой, сендер, немене, түсінбей тұрсындар ма?

Татарлар жарылып жол берді. Николо Поло аттан секіріп түсіп, Марконы құшағына басты.

– Сен бұл жерге қалай келдің? – деп күбірледі ол соған сөз ұзын құшағынан босатып, даусы көтеріп: – Маффео көкен де осында. Оның да зәресі зәр түбіне кетті. Бар, амандас, – деді.

Николо Поло атын жетектеп шетке шықты. Оның тізгін ұстаған қолы қарысып қалған еді. Ол өзінің осыншама толқығанынан сыр бермес үшін тістеніп тұрды.

– Міне басымыз қайта қосылды, көке, – деді Марко қарлығынқы дауыспен. Ол әкесінің толқығанын жан-тәнімен түсінді. Өйткені бұл сәтте оның өз басында да қуаныш пен күйініш аралас сезім сапырылысып жатыр еді. Қайталанбас әсерден көзіне жас та келіп қалды.

Маффео немере інісімен әңгімелесіп жатқан кезде Николо Поло Матеоға келіп:

– Матео, саған шын жүрегімнен алғыс айтамын! Сіз Марконы ажалдан алып қалдыңыз, – деді.

Абыржыған Матео басын шайқап:

– Сіз қателестініз, Николо Поло. Бәрі керісінше. Марконың мені сасық зынданнан алып шыққанын мәңгі-бақи ұмытпаймын, – деді.

Николо оған сенімсіздікпен қарады. Осы кезде жасақты татарлар асықтыра бастады, олар қарақшылар тығылған жерге тезірек жеткісі келді. Керуенге жасалған шабуыл намысына тиген Ормуздың әкімі жүзбасыларға қарақшылардың ұясын жермен-жексен етіп талқандауды тапсырған болатын. Өйткені караунастардың керуенге қарақшылық шабуылы Бағдад пен Ормуз арасындағы сауда қатынасына айтарлықтай қауіп төндірген еді.

Жүзбасылар Марко мен Матеодан пайдалы мәлімет алу үшін жақын аңғарға шамалы уақыт аялдамақшы болды. Діттеген жерге жетіп, олар алаулатып от жағуға нұсқау берді. Отты айнала жайғасқаннан кейін, Марко басынан кешкендерін айта бастады.

Хасан-бектің қалай қайтыс болғанын естігенде, Николо Поло ынғайсызданып, жер шұқып қалды.

– Біз оған әділетсіздік жасадық, – деді ол. – Ал, Хасан-бек нағыз жауынгер екен. Ауыр жараланып, жерге құлап жатқанда да дұшпанға

қарсыласуын тоқтатқан жоқ. Бұл шайқаста бес көпес, керуенбасы және он сақшы жігіт қаза тапты.

– Мен сіздің атыңызды көрдім, әке. Ерттеулі күйінде менің дәл жанымнан шауып өтті.

– Шайқас кезінде әкең аттан құлады, – деп түсіндірді Маффео.

– Содан бір қаракшыны қылышпен шауып түсіріп, соның атын иемденді. Біз күні-түні суыт жүріп отырып, көмек шақыруға асықтық. Байқадың ба, Николо, – деді ол туысқанына қарап, – менің айтқаным дәл келді ғой. Караунастардың ізіне түскенмен, біз өзіміз оларға тойтарыс бере алмайды екенбіз.

– Марко тура осылай істеді, – деді мақтанш сезіммен Николо Поло.

– Несін айтасын, керуенге шабуыл еске түскенде шырт ұйқымнан шошып оянамын, – деді оған Маффео.

Кенет Марконың есіне Қажы-Мұхаммед және Хасан-бектермен түні бойы әңгімелескені түсті.

– Ал, Қажы-Мұхаммед тірі ме? – деп сұрады ол.

– Аман-есен. Ол бізді Ормузда асыға күтіп отыр.

Алаулаған отты айнала алты адам отар. Көлбей шалқыған жалын бірде татар жүзбасыларының қысық көздеріне шағылысып, жүздерінде сәуле ойнатса, бірде олардың пошымын кара көлеңкеге көміп жібереді.

Түні бойғы жедел жүріс Марконы әбден қажытқан еді. Шаршандықтан оның басы салбырап, көздері еріксіз жұмыла берді. Николо жамылғы әкеліп, ұлын қымтады. Матео өзгергенде өзін ояу ұстап отыр.

– Ең дұрысы, таң атқанша ұйықтап алу шығар, – деді Маффео татарларға.

Сәлден соң жасақ ұйқы құшағына енді. Белгі үшін жағылған оттар әр тұста жанып тұр. Ұйықтап жатқандарды айналып сақшылар жүр.

Келесі күні кешкісін татарлар караунастардың қонысын таудан құлаған тасқындай жайпап өтті. Қарсылық көрсеткендердің бәрінің

---


көзі жойылды. Тұтқынға алынғандар тегіс бір жерге әкелінді. Оларға тоналған керуеннен алынған дүние-мүліктің барлығын сабақны инеге дейін қалдырмай жинап, түгендеп қайтару тапсырылды. Бұл шаруа орындалған соң қарақшылар ат құйрығына мықтап байланды.

Осы екі арада венециялықтар зынданнан Хасан-бектің денесін алып шықты.

Оны ақ жуып, арулап бақтағы екі зәулім теректің ортасына жерледі. Жыртқыш аңдар тимес үшін қабірдің үстіне үлкен-үлкен тастар үйілді. Тақтадай тасқа мынандай жазу түсті:

“Бұл жерде Хасан-бек жатыр. Оны ешкім білген жоқ, ешкім сүйген жоқ. Біздің құдайымыз оның құдайы емес еді. Хасан-бек өте ер жүрек адам болатын.

Топырағың торқа болсын, Хасан-бек”.



Аралдың жартасты жағалауларын құрлықтан тап-тар бұғаз ғана бөліп жатыр. Үндінің бұрышы мен зімбірі, жақын аралдардың інжу-маржаны, алыс Қашғардың ақығы, Шамның қару-жарағы мен үлбіреген жібек маталары, парсы және араб жылқылары, піл сүйектері дейсің бе, небір асыл тауарлар толтыра тиелген әлемнің әр түкпірінің кемелері мен ескекті қайықтары осы бұғаз арқылы өтеді.

Сусыз тастақ аралға орналасқан саудагерлер қаласы – Ормузды аралағанда Маркоға әлемнің бүкіл байлық-қазынасы осы аумаққа орналасқандай болып көрінді. Кей-кейде санасының түкпірінде осыншама байлықтың иесі өзім болсам деген арман да қылаң беріп қалады.

Бозбала әкесі мен көкесінің саудагерлік шаруаларын жіті бақылап, олардың әрбір сәтті қадамына қуанды.

Оны бәрінен бұрын жергілікті халықтың салт-дәстүрі, сол елдердің тарихы қатты қызықтыратын. Марконың алты ай бойғы саяхаттан алған әсері өте көп еді, олардың бәрін ештеңесін ұмытпай есте сақтау мүмкін емес болатын. Әлі алда күтіп тұрған ғажайыптар қаншама! Ұлы хан Құбылайдың ордасына, Ханбалыққа\* жетем дегенше қаншама жылдар өтеді. Таулардың көк мұз жапқан жоталары мен шөл даланың оттай қаритын құмдары арқылы өтетін керуен жолы ешқашан бітпейтін секілді.

Дүниенің шексіз және өмірдің сан қырлы екенін Марко енді ғана түсіне бастады. Бозбаланың бойында жол үстінде көргені мен естігенін есте сақтасам деген ынта-ықыласы қоза түсті. Ол бір үнділік саудагерден самарқан қағазын сатып алды да, соған өзінің сапардан алған әсерлерін жазып отыратын болды. Алайда ол жазба түрде баяндаудың ауызша әңгімеге қарағанда үлкен шеберлікті, асқан дәлдікті қажет ететіндігін көп ұзамай түсінді. Көлденең көк аттылардың әңгімелеріндегі, біріне-бірі ұқсамайтын кереғар мәліметтерді тыңдай-тыңдай бозбаланың бойында олардың бұрысы мен дұрысын ажыратуға құштарлық қалыптаса бастады. Әңгімешілердің айтқандарының ішінен мәнді деректерді іріктеп, олардың шындыққа қаншалықты жанасатынын зерделеп отырды, дегенмен оның ойында құлағыммен естігенді көзіммен көрсем деген мақсат басым болатын.

Ормуздың даңқын орасан үлкен базары шығарған. Онда араб пен парсының, үнді мен үрімнің саудагерлері қаптап жүреді. Бұл қаладан сауда жасалмайтын жер таба алмайсың.

Тастақ аралда құдық қазу қияметқайым шаруа болса да, жергілікті шонжарлардың аулаларында фонтандар үздіксіз атқылап тұрады. Қаптаған су тасушылар мұнда тері торсықтарға құйған суды жалпақтабан қайықтарымен тынбай тасиды да жатады. Жалпы алғанда жағалаумен қатынассыз қалса Ормуздың күні қараң екені сөзсіз.

Жазда, аспан айналып жерге түскендей аптапта, ауқатты адамдардың барлығы қала сыртында тұрады. Олар құрлықта өзен алқаптарында жатқан құжынаған аралдардағы немесе жағалау бойын тұтас жауып тұрған бақтардағы жүзім сабағынан тоқып салынған қазықаяқ кең үйлеріне көшіп алатын. Осылайша жан төзгісіз ыстықтан тобесін жапырақпен жапқан шатырды көлеңкелеп жан сақтағандар күннің батқанын асыға күтетін. Ал, егер, жазықтан жалын шашқан аңызак соқты дегенше, мұнда тіршілік мүлдем тоқтады дей бер. Одан тек бүкіл дененді аңызак қашан біткенше суға батырып тапжылмай отырып қана жан сақтауға болады.

Ормузда ұзағырақ болып жүрген Қажы-Мұхаммед өткен жылы ғана алты мың адамның өліміне себеп болған осындай аңызак жел жайлы Маркоға әңгімелеп берді. Ормуз князы Керман билеушісіне жылдық салықты дер кезінде төлемеген екен. Сол үшін билеуші қаланы жазалап, салықты күшпен жинауды ойлайды да, бір мың алты жүз атты әскер мен бес мың жаяу жауынгерді жасақтап, оларды Ормузға шабуыл жасауға аттандырады. Керманның құнарлы, бай, ауасы жанға жайлы жерімен жолға шыққан жасак ештеңеден қауіптенбей, қаннен қаперсіз жатқан Ормузға ешқандай қиындықсыз жол азабын тартпай жетеді. Әдеттегідей бұл жазда да барлық бай көнестер мен әкімқаралар ыстықтан қорғанып, қала сыртындағы жағалау бойындағы үйлерінде тұрып жатқан еді.

Керман қосыны Ормуз маңындағы пальма орманына орналасып, қалаға шабуыл жасауға дайындалып жатты. Мол олжаға батамыз деп ойлаған сарбаздардың көңіл күйлері мүлдем көтеріңкі еді. Келесі таңда қалаға қарай қозғала берген қосын жалындай шарпыған айдаһардың деміндей желдің астында қалды. Оттай ауадан оңеші күйген аттардың бір-екі тұяқ серпуге шамалары әзер жетті. Әскер болса, мына сұмдықтан қашып, жерге кіріп кетуге тесік таппады. Ажал бүріккен аңызак жолындағының бәрін жайпап өтті. Осылайша Керман әміршісінің жасағы қала қақпасына жетпей жатып-ақ түгелімен жер жастанды.



Ормузга венециялықтар жаздың басында келген болатын. Олар да ыстықтан азап шекті, дегенмен бұл олардың өз шаруаларымен айналысуына кедергі келтіре алған жоқ. Матеоның жарақаттанған қолы жазылып кетті. Караунастармен шайқас ол үшін үрейлі түс сияқты еді.

Марконың да бойын осындай сезім билеп алған. Жаңа әсерлер оның басынан кешкен оқиғаларын комескілендіріп, үнемі алдағы жұмбақ асуларға қарай жетелей берді. Ол Ормуздан аттанып кететін сәтті тағатсыздана күтіп, әрбір күннің өткенін санап жүр.

Венециялықтар тура аралға қарама-қарсы жағалауға салынған Қажы-Мұхаммедтің үйінде тұрып жатты. Ғажайып бактың қас ортасында тұрған үйдің жасау-жабдығын көргенде Марконың есіне еріксізден ассасиндердің қолдан жасаған жұмағындағы салтанатты сарайлар жайлы әңгіме түсті.

Марко, бірде, үйдің ерлер жақ бөлігіндегі үлкен залда, онаша ой құшағында отырған болатын. Үйде одан басқа ешкім жоқ еді. Күнгірт әйнек арқылы ішке түскен жарық та күнгірт. Болмеде жанға жайлы өзгеше бір қоңырсалқын ауа тербеледі. Кенет бозбаланың құлағына мұңлы ән естілгендей болды, алайда саз сарынының көмескілігі соншалық, Марко бұл әуенді не өнінде, не түсінде тыңдап отырғанын өзі де айыра алмады.

Кешқұрым теңізден оралған балықшы қайықтарын Лидо жағалауында әйелдер әрқашан ән салып қарсы алатын... Балықшылар да шырқайды келіп: біреуі бастаса болды, қалғандары жалғастырып әкетеді. Венеция каналдарын ән тербетіп тұрады... Гондолалардың су бетімен жылжығаны білінбейді... Толқындар баяу тербеледі. Кеме жасаудың шебері Джованнидің жартылай қираған римдік вилланың тас басқыштарында тұрып шырқаған әнін қара шашты Джаннина рақаттана тыңдайды. Маңайдан өтіп бара жатқан қашыр айдаушылар тоқтайды, балықшылар ескектерін қозғамайды, шыны үрлеушілер тым-тырыс тынышталады. Венеция бұл... Джованнидің әні. Балалық шақтың естеліктері әрі мұңды, әрі қорқар.

Ол Венецияны аңсай ма? Марко өз жүрегінің терең түкпіріне бойлауға талпынды. Сондағы ұққаны: бойындағы алыс беймәлім елдерді коруге деген құштарлықтың Сан-Николо фортынан аттанып бара жатқан кемелерден үздіге көзін алмайтын баяғы бала кездегісінен бәсеңдей қоймағаны еді.

Әрине, оның Пьяцеттаны, Сан-Микеле аралындағы анасының кабірін, гүл жарған каштандарды көргісі келеді, сағынады, алайда бұрын болмаған елдермен танысуға деген құштарлық сезім олардың бәрінен басым. Оның бар арманы – басталған саяхатты әрі қарай жалғастыра беру.

Паранжалы әйелдер бак ішінде даңғыраға қосылып ән салып жатыр.

Марко отырған залға Қажы-Мұхаммед пен Матео келіп кірді.

– Сізді осында кездестірген Аллаға мың да бір рахмет! – деді көпес. – Біз сізді Ормузда шығар деп ойлаған ек. Мен қазір Бахрейн аралдарына сапар шегуге дайындық жасап жатырмын. Сіздер, капитан Матео екеуіңіз, менімен бірге жүрсеңіздер қуанышымда шек болмас еді.

– Бахрейн аралдарына\*, інжу-маржан сүзушілерге ме?

– Марконың қуанышы қойнына сыймады. – Әкем рұқсат берсе, сізбен сапарға шығуға мен дайынмын.

– Поло мырза қарсы емес, – деді Қажы-Мұхаммед. – Өзің келіссен болды, онда ертең ертемен біз жолға шығамыз.

– Мынау аптаптан құтылғаннан артық қандай бақыт болмақ, – деді қайтадан кеме палубасына көтерілетініне қуанған Матео мұрнының астынан мінгірлеп...

Николо мен Маффео Пололар кешкісін қаладан оралға дейін Марко жолға қажетті жабдықтардың бәрін мұқият жинастырып, желкенді кемеге жіберіп те үлгерді.

– Қарандар мынаған, қалай асығады, ә! – деп күлді Маффео. – Ал, Матео мүлдем көрінбейді. Меніңше ол ертеңді күтпей, бүгін-ақ кемеге тартқан шығар.

Марко бұл жолы кокесінің ойшақы өзіліне косыла қойған жоқ.

– Ертең таңертең біз сапарға шығамыз, әке, – деді ол, өлі де болса қолденең бірдеңе жолдан қалдыра ма деген қорқынышын жасыра алмай. – Жолға бәрі дайын.

– Жақсы, – деді Николо Поло. – Тек есінде ұста, бұл – еріккендердің қыдырысы емес. Біз, кокең екеуміз, сен бұдан былайғы жерде бізге қолғабыс етсін деп шештік. Бахрейн аралдарында асыл тастарды арзанға сатып алуға болады. Әрине, ол үшін өте шебер саудаласа білу қажет. Қажы-Мұхаммедтің көмегіне сүйен. Ол саудагерлермен сөйлесе де біледі, қажет болғанда сенен де ақылын аяп қалмайды.

Бұл Марконың үлкендерден алған алғашқы жауапты тапсырмасы еді. Ол әкесінің осындай күрделі шаруаны өзіне сеніп тапсырғанына шаттанып, іштей Қажы-Мұхаммедтің айтқанынан шықпауға бекінді.

Ертеңіне таңертең, күн шықпай тұрғанда, желкенді кеме айлақтан аттанып кетті. Бір мачталы жеңіл кемені Матео Венеция суларындағы үлкен және сенімді кемелермен ойша салыстырып көрді. Әрине, шағындау кеме капитанға мүлдем ұнаған жоқ.

– Марко, мынау кеме емес, бар болғаны үлкен баржа ғана, – деді ол көңілі толмай, басын шайқап. – Қарашы, тақтайларының өзі ешқандай шегесіз киюластырылған. Тіпті зәкірінің өзі ағаштан жасалыпты. Мұндайды біз көрген жоқпыз. Егер жолай жойқын дауылға ұшырай қалсақ, мынаның дал-далы шығатын шығар.

– Қам жемеңіз, капитан, – деді Қажы-Мұхаммед, Матеоға қарап күлімсіреп. – Тақтайларды бекіткен ағаш шегелердің мықтылығы темірден кем емес. Бұл аймақта аса қымбаттығына байланысты темірді өте сирек қолданады.

Қауіпті, әрі ауыр жолда ебедейсіздеу көрінген кемені үлкен шеберлікпен, аса ептілікпен басқарып келе жатқан команданың тәжірибелілігін Матео амалсыздан мойындады. Мынандай теңізде екінің бірі жүзе алмайды. Судың беті заматта мың құбылады екен.

Жаңа ғана таудағы тұнық көлдей тып-тыныш жатқан моң-молдір айдын көзді ашып-жұмғанша астан-кестені шығып, қайдан пайда болғандары белгісіз таудай толқындарды үйіріп әкеліп, кеме кабырғасына соқтырады келіп. Құтырған құйын желкенді жыртып, мачтаны солкылдатады. Кеме біршама уақыт дауыл мен толқынның ырқына көнгендей теңселіп тұрады да, кенет бәрі басыла қалып, мүлгіген тыныштық орнайды.

Бір күні түнге қарай Марко, Матео және Қажы-Мұхаммед палубаға жайғасқан болатын. Ай туып, теңіз бетіне күміс жолақтар керілді. Марко жұлдыздар жымындаған аспанға рақаттана қарап жатқан. Бірдене толғандырған Қажы-Мұхаммед палубаны кезіп жүрген. Матео руль ұстаушының қасында, ештеңеге алаңдамай, теңізге құмарлана көз тастап тұрған.

– Сізге біздің ел ұнады ма? – деп сұрақ қойды кенет Қажы-Мұхаммед.

Марко Қажы-Мұхаммедтің бұл сауалды жайдан-жай қоймағанын бірден байқады да, біраз уақыт ойланып барып жауап берді:

– Сіздің еліңіз кең байтақ және өте ғажайып.

– Егер сіз Керманды көрсеніз ғой, мессер Поло! Ол – асыл тастай жарқылдаған қала. Алла біледі, одан әсем мекенді көзіме елестеге де алмаймын. Қаладағы жайқалған бактардың ортасында мәрмәр тастармен көмкерілген науалардың бойымен шипалық қасиеті мол ыстық кайнарлар ағып жатыр. – Қажы-Мұхаммед Маркоға өтініш қарағандай болды. Оның қышамен боялған сарғыш жирен сақалы бозбаланың нығына тиді. – Мен өте бай адаммың, мессер Поло. Керманда да, басқа қалаларда да патшаның өзін қысылмай, қымтырылмай қарсы алуға жарайтын үйлерім бар. Өзімді тым көтеріп жіберсем, мені кешіресіздер, – деді де ол үнсіз қалды.

“Қажы-Мұхаммед нендей себеппен кенет Керманның сөн-салтанатын мадақтап, өзінің байлығы жайлы айта бастады? – деп ойлады Марко, көпестен көзін тайдырып, жалтыраған айдынға қарап тұрып. – Бұл елде жұмбақ көп. Біреуін шешсең, екіншісі алдыңнан

дайын тұрады. Мынау ұзын бойлы қара шашты аққұба онді парсылық дәл осы сәтте не ойлап тұр екен?”

– Неге үндемейсіз? Әлде менің әңгімем сізге ұнамады ма?

– Мен әлі сіздің не айтпағыңызды түсініп тұрғам жоқ.

– Сіз ақылдысыз, мессер Поло, ақылдысыз, әрі ержүрексіз. Сіз болмағанда караунастар тонаған дүние-мүлікті қайтара алмаған болар едік.

Марко басын шайқап, бұған келіспеді.

– Менің сізге бір ұсынысым бар, – деп сөзін жалғастырды Қажы-Мұхаммед. – Осында Персияда қалып, менің шаруама көмектесіңіз. Туған баламдай біздің отбасының бір мүшесі боласыз. Біз Үнді, Мысыр, Үрімге бірге сапар шегетін боламыз... – Қажы-Мұхаммед Маркоға ойлы қара көздерімен тесіле қарады. – Мен үшін аса қымбат адамсың, мессер Поло.

Қажы-Мұхаммед Маркоға адам қызығарлық ұсыныс жасады. Егер бозбала мұны қабылдай қойса, онда оны алда аса ауқатты саудагердің алаңсыз әрі шат-шадыман өмірі күтіп тұр. Ал, Қытайға сапар, шындығына келсек, әрі азапты, әрі қатерлі.

Кеме тұңғиық айдында жылжып келеді. Толқындар баяу тербеледі. Руль ұстаушының қасында капитан Матео тұр. Оның махаббат пен мейірім төгілген ойлы көздері теңіз бетіне караудан жалығар емес.

– Рахмет сізге, Қажы-Мұхаммед, – деді бір кезде Марко Поло. – Сіздің ұсынысыңызды қабылдамағаным үшін маған ренжіменіз. Сәби кезімнен алыс елдерге сапар шегуді армандаған едім... Оның үстіне жарты жолда әкем мен көкемді қалай тастап кетемін?

– Әкең қарсы болмас еді, – деді жанарын төмен түсірген Қажы-Мұхаммед. – Мессер Поло, әкеңіз сізді өте жақсы көреді, сондықтан да өзінді алыс сапардың қауіп-қатерінен сақтағысы келеді.

– Иә, сонда бұл ұсыныс содан шығып тұр ма? – деді абыржыңқыраған Марко. – Сізге мұны айтқызып отырған әкем бе?

Копес оны тыныштандырғысы келгендей қолын көтерді.

Жо-жок, бұт менің қалауым. Мессер Поло, сіз әлі жас болсаңыз да, жөні болек адамсыз. Біз, көпестер, адам тани білеміз, болмаса бағамыз көк тиын тұрмас еді.

Қажы-Мұхаммед үндемей қалды. Қазіргі бет әлпетіне қарап оны томаға тұйық адам екен деуге болатындай.

Қаптаған қалың ойдан Марконың басы қатты. Ол кеме ернеуінен айдынға қоз тастады. Әкесінің өзін жекедара шаруаға жұмсағанына соншама қуанған еді, бәрі бекер болып шықты. Марконың кеудесін кернеген өкініштен өзегі өртенгендей. Сөйтсе, қазір белгілі болғандай, әкесі ұлының Қажы-Мұхаммедке көмекші болғанын қалаған екен. Марко өзінің кезкелген тапсырманы байқап-бағдарлап, ақылға салып атқаратындығын дәлелдегендей-ақ еді ғой. Ол әкесін түсінбей, дал болды.

\* \* \*

Сапардың сегізінші күні аспан кенеттен қап-қара болып кетті. Бұлт көрінбейді. Бейне бір алып залға кірген адам шырағдандардың бірінен соң бірін сөндіріп келе жатқан секілді. Теңіз балқыған қалайы сияқты.

– Су желімдей жабысқақ, – деп күбірледі Матео. – Өте зор дауыл келе жатыр. – Ол бір кезде өздерінің кемесін жартасқа соқтырып қиратқан испан жағалауындағы дауылды есіне түсірді.

Бүкіл команда палубаға жиналды. Матео Маркоға арқан лақтырды.

-- Тездетіп өзінді бір нәрсеге байла!

Аспан сүп-сүр еді.

Теніздің беті де сүп-сүр болатын.

Ауа да сұрланып кетті.

Дауыл алдындағы тыныштық. Үп еткен леп жоқ. Ауа оттан ыстық, дем алу мүмкін емес. Сәл қозғалсаң, қара терге малшынасың.

– Ең дұрысы палубадан кеткен, – деді де Қажы-Мұхаммед төменге түсіп кетті.

– Жоғарыдан кетпе, – деп бұйырды Маркоға Матео. Сосын капитан тұғырының жақтауына әуелі оны, содан соң өзін байлап тастады. – Төменде төзім жетпес...

Маңайды тегіс тұмшалап тастаған сүп-сүр тұман ойламаған жерден сарғая бастады. Кенет, қайдан шыққаны белгісіз, оттай ыстық құйын үйіріліп келіп, желкенге соқты, керілген матаның тоз-тозы шықты. Матео мен Марко етпеттеп арқандардан мықтап ұстап, жата қалды. Таудай бір толқын палубаның үстінен аунап түсті. Келесі сондай толқын кемені жаңқа құрлы көрмей көтеріп әкетіп, содан соң төменге, тұңғыққа лақтырды. Шайқап, үйіріп, зырылдауықтай айналдырып жіберді. Руль ұстаушы кемені түзен, бағыттап басын бұрмак болып әлек. Көмекке келген Матео өзінің зор салмағымен басса да, руль қозғалар емес. Дауыл өрши түсіп, алып толқындар кемені тынбай соққылауда. Мачта адам қорқардай болып қисайып кетті.

Марко кеуде тұсынан жуан арқанмен байланған еді. Барынша тырысып капитан тұғырының жылшылдаған жақтауынан ұстап алған. Толқындар палуба үстінен аунап отіп жатыр. Бозбаланың жанына еңбектеп жеткен Матео оның құлағына бірдене деп айқайлап еді, алайда Марко ештеңе түсінбеді. Кеме шоңқайып қалды, бейне бір құйрығымен тұрған күс секілді. Содан ытқып кетіп, тұмсығымен айдыңға сүңгігендей болды. Таудай толқындар кемені бір көтеріп, бір лақтырып қақпақылға салып-ақ жатыр.

Марконың бар қайрат-қажыры, ақыл-есі қайтсе де палубадан ұшып кетпеуге жұмсалды. Толқындар тынбай лақтырған кеме жаңқадай қалқып жүр, ол баяғыда-ақ команданың ырқынан шығып кеткен. Палуба үстінен отіп жатқан әрбір келесі толқын Маркоға өзін шайып кететіндей болып көрінді. Оның есіне Матеоның: “Жол-жөнекей күшті штормға ұшырай қалсақ, бұл кеменің дал-далы шығатын шығар”, – дегені түсті. Шынымен мынау аджаһанның аузындай тұңғыққа түсіп-ақ кетер ме екен? Онда су түбінен бір-ақ шығады ғой.

Кенет найзағай жарқылы тұман тұмшалаған кеңістікті кескілеп өтті. Артынша күн күркіреп, огіздей өкірген теңіздің үні оше бастады.

– Қазір жаңбыр жауса, онда біз апаттан құтылдық, – деп айқайлады Матео. – Арқаннан мықтап ұста, Марко! Алақаныңды ашушы болма!

Жел қантанның аузынан шыққан сөзді жұлып алып, алысқа өкетеді. Теңіз үстінде найзағай жаркылдап тұр. Аспан мен айдындағы толқын, найзағай мен дауыл бәрі бір-бірімен арпалысып жатқандай. Шағын ғана желкенді кеме жұмыртқаның қабығындай қалқыды.

Марко басын дінгекке соғып алды, колдары әбден талды. Кендір арқанмен шандыланған кеудесі де ауырып барады. Осындай кезде Матео оны қапсырып ұстап, қантан мінбесіне көтерді. Ол ептеп арқанды босатып еді, Марконың бойына қайтадан күш жинала бастады. Бозбала мінбе жақтауынан мықтап ұстады.

– Жаңбыр құйды, енді дауыл басылады, – деген Матеоның даусы естілді.

Дауыл шынымен әлсіреді. Арыны басылған теңіз бен аспанның аражігі ашылып, қуанған матростардың дауыстары естіле бастады.

Кеме толқыннан толқынға қойқандап секіргенін тоқтатып, қайтадан адамдардың ырқына көне бастады. Аспанды найзағай жарқылы тілгілесе, сабалалаған носер жаңбыр теңіз бетіндегі толқындарды тегістеп жатқандай болып көрінді.

Бұл өзі жанға жайлы салқын жаңбыр еді. Міне, күн де көрінді. Ол айдынды да, жаңбыр тамшыларын да алтын арайға малындырып жіберді.

Матео мен Марко палубада кендір арқанды жинап алып жатыр.

– Керемет кеме! – деп айқайлады Матео мачтаға масаттана көз тастап. – Мен осы әуелде-ақ осылай деген жоқ па едім?

– Керісінше, – деді оған Марко күлімсіреп. – Сіз штормға ұшырай қалсақ, бұл кемеңің дал-далы шығады дегенсіз!



\* \* \*

Он екінші күн дегенде желкенді кеме Самак атты шағын айлаққа келіп тоқтады. Қажы-Мұхаммед Марконы өзінің досы үнді көпесімен таныстырды, ал, ол жолаушыларды өз үйінде тұруға шақырды. Бахрейн аралдарындағы інжу өндірісі толығынан үнді көпестерінің қолында екен. Ішкі жағында шаршы түрдегі ауласы бар мына көпестің кішігірім сарайдай салтанатты қонысы нарсы үлгісінде тұрғызылыныпты. Негізгі залдың үш қабырғасына көгілдір және алғындай жарқыраған бояулармен суреттер салынған, ал, аула жаққа қараған төртінші қабырға болса, толығынан түрлі-түсті ойнектерден тұрады. Осы шыны қабырға арқылы өткен кемпір-қосакқа ұқсас сәулелер болмені айрықша өрлендіріп, онсызда әсем залдың салтанат-сәнін одан сайын асырып тұрғандай.

Келесі күні Қажы-Мұхаммед Марко мен Матеоны жартасты жағалауға ертіп келді. Жолай, олар, бірнеше мыжырайған лапықтардан тұратын елді мекенді басып өтті. Жолаушыларды қарындары шермиген арық-тұрық балалар қоршап алды. Қарадомалақ балалар алақандарын жайып, қайыр сұрап, шалғайға жармасып, жүргізер емес. Матео тоқашқа толы қалтаны соларға бере салды. Олар ашқарактықпен нан толы қалтаны жұмалауда.

– Мына лапықтарда кімдер тұрады? – деп сұрады Марко.

– Інжу іздеушілер. Негізінен бұлардың бәрі зәңгілер... Қараңдар, оне теңіз де көрінді!

Олардың көз алдында шалқар айдын жарқырап жатты. Жағалаудағы су көздерін қуалай, жеміс бақтары өсіріліп, әсем ғимараттар салыныпты. Байлығы мол арал!

Жағада ұлу қабыршақтары тау-тау болып үйілін жатыр. Кімдері алба-жұлба қара нәсілді әйелдер қабыршақтарды шетінен алып аршып, шіріген ұлу еттерін езгілеп, інжу іздеуде. Бақылаушы адам әйелдерден бір сәтке де көзін аудармай, аса сақтықпен қадағалауда. Бір әйел белін жазып алу үшін орнынан көтеріліп еді, бақылаушы шыбыртқысын ала ұмтылып, бейшараны тартып-тартып жіберді.

Бақылаушы оны кiжiнiн сыбап бoктан, жұмысты тоқтатпауды талап еттi.

Қолынан келер еш дәрменi жоқ әйел еңсесi езіліп, амалсыздан қайтадан сасыған ұлу еттерiнiң iшiнен iнжу iздеуге кiрiстi.

Жағалай жартастар қоршап жатқан шығанақтағы айдын су гауһар жүзiктей жарқ-жүрқ етедi. Жағаның бiр ыңғайлы қалтарысында iнжу iздеушiлердiң қайықтары төңкерiлiп жатыр.

Бойын кернеген ашудан көздерiнен от ұшқындаған Матео асықпай адымдап, бақылаушының жанына таянды. Үрейленген бақылаушы артқа, айдынға қарай шегiншектен барады.

– Әй, сен, оңбаған сүмелек, мына әйелдi не үшiн ұрдың?

Тiл бiлсе, Матеоның қояр сұрағы осы едi.

Мынау алып адамның озiне неге тиiскенiн түсiнбей, бақылаушы дал болды. Сойтiп тұрғанда, Матео оның қолындағы шыбыртқысын жұлып алып, теңiзге лақтырып жiбердi.

– Ау, не iстедiңiз! – Ренжiген Қажы-Мұхаммедтiң даусы қаттырақ шықты.

Әйелдер ештеңе болмағандай ұлу қабыршақтарының iшiнен iнжу iздеген жұмыстарын үнсiз жалғастыруда.

Бақылаушы кетiп бара жатқан Матеоның соңынан ызбарлана айқайлап едi, қаптан жалт қарағанда жым болып, мұрнының астынан мiнгiрледi де қалды.

– Мессер Матео, сiз ботен адамдардың шаруаларына араласпауыңыз керек. Бұл бiздiң саудамыздың барысына кесiрiн тигiзедi. Мынау әйелдер – Африкадан әкелiнген күндер. Олардың қожайыны – бiздiң досымыз – үндi көпесi. Бұл жайлы сiз қандай пiкiрдесiз, мессер Поло?

– Мен Матео дұрыс жасады деп есептеймiн.

– Бiз – күл-күтандардың қорғаушысы емеспiз, бiз – көпестермiз, – деп қатаң ескерттi Қажы-Мұхаммед. Бұны түсiну керек. Әйтпесе, саудада мән болмайды.

Қажы-Мұхаммед жылдамдатты. Ойға шомған Марко оның соңынан iлесiп келе жатыр.

Шығанақтағы су мөп-мөлдiр, одан өткен күн сөулесi айдын түбiндегi аяқызыл жартастардың өзiн нұрға малады. Жағалағы жартасты жағалай оқтау жұтқандай тiкiрейiп, iнжу iздеушiлер тұр. Олардың жып-жылтыр қоңырқай денелерiнен жалт-жұлт етiн су тамшылары домалап түсiп жатыр. Сүнгүiрлер ауыр тыныстайды. Әрқайсысының мойнында тор коздi дорба салбырап тұр, олар қолдарына ұлу қабыршақтарын су түбiндегi жабысқан жартастарынан айыратын қайкы пышақтарын қысып ұстаған. Олар шығанаққа жайбарақат коз тастап, бұлшық еттерiн демалдырып тұр.

Iнжу iздеушiлердiң бұл тынысын бақылаушының айкайы бұзды.  
– Әйда-а! Сүнгiндер!

Сүнгүiрлер бiр мезгiлде секiрiп, су астына кеттi. Олар алып балықтардай тереңге қарай зулап, жартастарға жабысқан ұлуларды пышақтардың комегiмен болiп ала бастады. Бұл көрiнiстi Марко демiн iшiне тартып бақылап тұр. Су бетi әбден тынышталды, ешқандай иiрiм жоқ. Әжептәуiр ұзақ уақыт өткендей болды. Адам да су астында осыншама уақытқа шыдай алады екен-ау.

Жүрек ең кемi жүз рет соқты...

Бақылаушы анда-санда шыбыртқысының сабын тiрсегiне соғып қойып, жағалауды ерсiлi-қарсылы кезiп жүр.

Жүрек жүз жиырма рет соқты!

Су астында не болып жатыр екен? Iнжу iздеушiлердiң кимылынан тереңнен лай котерiлiп, теңiз түбi көзге көрiнбей кеттi.

– Қарандар, кокжиекте желкендi қайық көрiндi! – дедi Қажы-Мұхаммед, қолымен теңiз жақты нұсқап.

Жүрек жүз қырық рет соқты!

Мiне, теңiз бетiнен әуелi бiр адамның, сосын екiншiсiнiң, содан соң үшiншi сүнгүiрдiң бастары көрiндi. Олар жағалауға қарай жүзiп келедi. Бет әлпеттерiнен қатты шаршағандықтарының табы сезiледi. Судан шыққан бойдан олар бiр сәтке жағадағы сарғыш күмға тiзерлеп отырып, еңкейiп, қолдарымен жер тiреп, бастарын томен салбыратып бiр түрлi көзге тосын қалыпта демдерiн алды. Содан

соң орындарынан әзер көтеріліп тұрып, есепшіге барып, соның алдына мойын дорбаларындағы ұлуларды тоқті.

Есепші жазып жатыр. Әли – 30 ұлу қабыршағы, Абдулла – 40, Мұстафа – 35.

– Әйда, орындарыңа барыңдар, жалқаулар! – деп бұйырды бақылаушы.

Ұнжырғалары түскен сүңгуірлер жағалаудағы жартастарға қазқатар тұрды. Олардың әйелдері бұрынғысынша қабыршақтарды аршып інжу іздеуде. Ал балалар болса, аш күшіктердей айналаны тіміскілеп жүр. Бір мыңнан екі мыңға дейін ұлу қабыршақтарын жинау үшін інжу іздеушілерге күн сайын қырық-елу рет сүңгуге тура келеді.

Бақылаушы кезекті бұйрығын берді. Сүңгуірлердің қоңыр-кошкыл денелері теңіз түбіне кетті.

– Әй-әй! Әлит, сен неге сүңгімейсің? Әй! Ақ нәсілді, жылдам сүңгі. Немене, шыбыртқымен шықпыртсын деп тұрсың ба?!

Әли мен ақ нәсілді жігіт демдерін әзер алып, суға секірді.

– Желкенді қайық айлаққа келіп қалды, – деді Қажы-Мұхаммед.

– Мынау иттің баласы сүңгуірлерге неге айқайлайды? Әлде ол бейшаралардың әбден қажығандығын көрмей тұр ма? – деді Матео.

– Бәрі інжудің қымбаттығынан, – деді Марко. Оның ауыр ойға батқандығы жүзінен байқалып тұр.

Қажы-Мұхаммед, Марко және Матео аралдың орталығына қарай жүріп келеді. Бақылаушының өктем үні біразға дейін олардың құлақтарына жетіп тұрды.

– Әй-да! Секіріндер! Әй-да!

Үнді көлесінің әйелдері оқшаулау орналасқан қос қабатты, сыртынан қоршалған үйде тұратын. Ол үйге апаратын ақшаңқан қабырғадағы кішкене есіктің арғы жағындағы ауланың ортасында фонтан атқылап тұр. Оның айналасында – жеміс ағаштары мен гүлдердің неше түрі өскен бақ. Хош иіске бөленген бұл бақта сондай-ақ жапырағы жалпақ саялы ағаштар да өседі.

Көпестің әйелдері алтын мен күмістей жалтылдаған жібек қойлектер киген. Білектері мен саусақтарына бриллиант әшекейлер тағып, шаштарын інжу-маржан шашбаулармен безендірген, олар қожаларының көңілін табу үшін бак ішінде ән салып, би билеп серуен құрып жүр. Олар алтын тордың ішіне камалған тотықұстар тәрізді, осындай мән-мағынасы жоқ босқа өтіп жатқан өмірден әбден торыққан.

Көпес Марко мен Қажы-Мұхаммедті қонаққа шақырды. Дастарқан жабылған үстелде кілең күміс ыдыстар тұр. Күтуші әйелдер ет пен көкөністен жасалған әр түрлі тағамдарды, тілінген қауынды, пісірілген күрішті әкеліп қойып жатыр. Қонақтар әуелі үй иесінің дәм алғанын күтеді, содан соң барып өздері де ішін-жеуге кіріседі. Күтушілер босаған ыдыстарды жинап алып, дастарқанға тәтті тағамдар салынған кішкентай табақшаларды қойды.

Қажы-Мұхаммед өздерінің керуеніне қараунастардың шабуылы жасағаны жайлы айтып берді. Әңгіме үстінде көпес ұшқыр жанарымен Марконы бір шолып өтті.

Содан соң барлығы шарап ішті. Үй иесі Қажы-Мұхаммедтің сөзін сыпайы ғана тыңдап отыр, алайда оның жездей жылтыр бет әлпетінен әңгіменің қалай әсер етіп отырғаны байқалмайды. Парсылық інжу жайлы айтқанда ғана көпес басын изеп қызметшісін шақырды. Сәлден соң қонақтардың алдына сұрыпталған інжу салынған сандықша әкелінді.

Көпес оның ішіндегісін дастарқанға төгіп тастады.

Ал Қажы-Мұхаммед болса, ойламаған жерден Ормуздағы жаздың ыстықтығын және өзінің Керманға сапар шекпек ойы барын әңгімелеп кетті.

Олардың алдарында кейбіреулерінің үлкендігі піскен шпеледей болатын домалақ және сопақша келген әдемілігі қоз қаритын інжулер жатыр.

Балауыз шамдардың жарығына шағылысқан інжулерден айналаға сарғыш және қогілдір сәуле тарауда.

Маркоға Қажы-Мұхаммедтің әңгімесі таусылмайтындай болып көрінді. Енді парсылық үйінесіне өздерінің сауда үшін сапарға бірге шыққан кездері, сонда бастарынан кешкен бүкіл ұсақ-түйек оқиғалар жайлы айта бастады. Көпес жымнып күліп, қонағының әңгімесіне анда-санда ғана сөз қосып қояды, және қызметшілерге шарапты жаналап құйып қоюды жиі-жиі ескертеді.

Ақыры бір кезде Қажы-Мұхаммед бір топ інжуді алақанына салып, оларды аударыстырып мұқият қарай бастады.

Осы тұста үйінесінің бетінде бұрынғы сыпайы қалыптың ізі де қалмады. Ол енді дүниеге ғажайып шығарма әкеліп, соның рақатына бөленген суретшіге ұқсап кетті.

– Мынау теңіз кереметіне қоз салыңызшы! – деді ол қызбаланып. Сосын шабыттанған ақындай інжулерін тілінің майын тамыза мақтауға кірісті.

Бір кезде ол аса салмақты қалыпқа түсті. Оның түрі мен сөзінен кедейленудің аз-ақ алдында тұрған адамды көргендей боласын.

– Менің бүкіл жиған-терген байлығым алдарыңда жатыр, – деді ол ауыр күрсініп. – Інжу іздеушілерді табу қиын, олардың өмірлері өте қысқа, ал өкпесі мықты қара құлдың базардағы бағасы аса қымбат.

Көпестің бет әлпеті қайтадан құбылып сала берді. Ол енді өзіне аса ауыр тисе де кез келген дүниесін досынан аямайтын өте ақкөңіл адал дос болып көрінді.

– Мен бұларды тек өзіңіз сұраған соң ғана сатқалы отырмын, Қажы-Мұхаммед, – деп тағы күрсінді көпес. – Оңтайлы бағасын айтсаңыз мынау патша қазынасы үшін жаратылғандай інжулер сіздікі болады да қояды.

Қажы-Мұхаммед асыл тастарды жеті жүз торнезге<sup>18</sup> бағалады. Үйінесі орнынан көтерілді.

– Сандықшаны алып кет! – деп бұйырды ол қызметшісіне. Сосын Қажы-Мұхаммедке қарап: – Сіз мені бұйытп келекелемеңіз, – деді.

Марко сауда барысын зор ынта-ықыласпен бақылауда. Оның қастарында отырғанын екі көпес те ұмытып кеткен секілді. **Көпестердің бет пішіндері мың құбылғанда нағыз артистерін айдалада қалады. Қаншама сыпайы сойлесіп отырғанмен, көздерінен пайдакүнемдік ұшқыны шашырап тұр. Қажы-Мұхаммедте үйі-жай мен жер көп, ал үнді көпесінің байлығында есеп жоқ. Олар базардағы ұсақ-түйек саудагерлердей бір-бірін алдауға тырыспайды дегенмен, кереметтей асыл тастардың нағыз бағасына түпкілікті келіскенше арбаса береді.**

Аулада фонтан атқылап тұр, ашық тұрған есіктен кешкі салқын самалдың лебі бөлмеге де кіріп жатыр.

Уақыт білінбей, зулап өтуде. Күтуші әйел тағы да тәтті тағамдар мен шарап әкелді.

Ақыры көпестер де келісті-ау.

Марко мен Қажы-Мұхаммед өздерін аула аузына дейін шығарып салып, түннің қайырлы тыныш болуын тілеген үй иесімен коштасты.

– Бұл бір өте пайдалы келісім болды, – деді Қажы-Мұхаммед. екеуі оңаша қалғанда. – Егер сіз қаласаңыз, онда інжулердің тең жартысын сатып алыңыз, – деп ескертті ол жымыып.

Олар аралда тағы да үш тәулік болды, содан соң кемелерін кері бұрып, қайту сапарына шықты.

– Әйда, сүнгіндер! Әйда, секіріндер!.. Осы бұйрықтар артта қалып бара жатқан аралдан көз алмай палубада тұрған Марконың құлағынан ұзақ уақыт кетпей қойды.

Теңіз бетін тербеген тұзды жел шіріген ұлулардың қолқаны ататын мұңкіген сасық иісін басқа бағытқа бұрып әкетті.



Инжір жинау науқаны бастала бергенде венециялықтар Қажы-Мұхаммедпен бірге Ормуздан аттанып кетті. Осы шағын керуенді сапар барысында қорғауға арнайы сақшы жігіттер бөлінген. Күн күйіп тұр, аспан айналып жерге түскендей. Дәл мұндай аптап ондаған жылдар бойына болып көрген емес. Сонда да Маффео мен Николо Пололардың әрі қарай кешіге бергісі келмеді. Ормуздағы сауда оларға аса тиімді болды. Енді қалған уақытта бөгелмей, Персияны басып өтіп, қалайда ұлы шығыс керуен жолына бірнеше айдың ішінде жетіп алулары керек.

Олар құнарлы алқаптарды басып өтіп, солтүстікке, Керман қаласына келе жатыр. Керуенді тәжірибелі керуенбасы Наср-ад-



дин ақсақал бастап келеді. Парсылық көпес оны Кермандағы бірден-бір сенімді адам деп сипаттаған еді. Наср-ад-дин күн мен желдің әсерінен бет әлпеті әбден тотығып кеткен тарамыстай қатқан шынашақтай қарт болатын. Қиялы ұшқыр ол сөздің майын тамызатын. Әңгіме айта бастаса болды, бетіндегі әрбір әжім қозғалысқа түсіп, жүзі мың құбылып, бірде ақылды, бірде аңқау, бірде қуанған, бірде ренжіген адамның кейпіне түсе қалатын. Осындай кездерде қалың қасы көмкере жауып тұрған көздері де ойнақшып, мың құбылатын.

Марко керуенбасымен әңгімелескенді қатты ұнатады.

Жолдың қос қапталында жайқалған жеміс бақтары және шүйгін жайылымдар орналасқан. Көк шалғынға көмілген алқаптарда жайылып жатқан қой мен ешкі, сиыр мен түйе, жылқы мен есектерде есеп жоқ секілді. Мұнда суы ыстық шипалы бұлақтар да өте жиі кездеседі екен.

– Бұл өте бай ел, мырзам менің, – деді Наср-ад-дин. – Бірақ мен сізге жергілікті бидайдың ұнынан пісірілген нанды жемеуді ескертер едім.

– Марко түсінбеген сыңайда керуенбасыға қарады.

– Ол бұл жердегі құдық суы қандай ащы болса, сондай ащы.

Шындығында да Наср-ад-дин ештеңені асырып айтпаған екен. Жолаушылар бұл жердің тұзы татымды нанына да үйрене бастады. Тұзды суға иленгендіктен нанның дәмі ашқылтым екендігі рас еді.

Бұл ерекшелікті ақсақал өзінше түсіндіріп берді.

– Біздің ел теңіздің үстінде жатыр. Өйткені теңіз жердің астымен Керман мемлекеті орналасқан межеге дейін келеді. Сондықтан бұл жақтың нанының тұзды екендігіне таңдануға болмайды.

Наср-ад-диннің қулығына құрық бойламайды. Өзінің сөзінің тыңдаушыларға қалай әсер еткенін бақылап келе жатыр. Марконың күлгенін байқап қалған ол қызыл тілдің майын тамызды.

– Менің айтқаным рас, біз дәл қазір теңіздің үстімен келе жатырмыз. Күндердің күнінде астын су кеулеп жатқан жер қабаты

толқындар соққысынан әбден жұқарып, ошырылып түседі де, Керман қаласы теңіз айлағына айналады. Мен піл сүйегі мен тамақ дәмін кіргізетін өсімдіктер тиелген үнді кемелерінің Керманға жүзіп келе жатқанын көзіме ойша елестетіп тұрмын. Ол кезде осылай қарай ағылған керуенде есеп болмайды.

Енді Наср-ад-дин өз қиялында пайда болған Керман айлағы жайлы қызу әңгімеге кірісті. Марко оны жалықпай төзіп тыңдауда. Қарттың қуақы әңгімелері қайнаған күн астындағы сапарды қысқартуға сен болады. Оның ішіндегі бос сөздің бәрі желге ұшып кетіп жатыр, ал қажеті болады-ау дегеннің бәрін бозбала құлағына күйіп алды.

Наср-ад-дин әуелі өзі ортаға сұрақ тастағанды ұнатады, содан соң оған өзі жауап береді.

– Дүниедегі ең қымбат және ең ғажап нәрсенің не екенін білесіңдер ме? Бәлкім, сіздер, алтын деп ойлайтын шығарсындар. Әрине, алтынға гүлдерді, аттарды, сарайларды, асыл тастарды, құлдар мен күндерді, бәрін-бәрін сатып алуға болады. Ал ащы су оған алтын салса, тұщы ма? Сіздер бұл сөздің мәнін шөл даламен жүрген кезде түсінесіңдер. Ал мен мал мен адамдар сатып алдым дейік. Қоліктерге жүк артып аламыз. Жаксы. Бірақ жын-шайтандар арам пиғылын іске асырып, мені тура жолдан адастырып, сор мен күм қоршаған шөл далаға шығарып жіберуі мүмкін. Онда құрыдық дей бер... Шөл.. Дүниеде одан асқан азап жоқ. Жігітім, сіз аңқан кеуіп шөлден көрдіңіз бе?

Мұны Алла сізге ешқашанда білгізбей-ақ қойсын. Шөл – дірілдеген жүрекке себілген тұздай. Шөл – іші-бауырыңды өртейтін от. Шөл – қан-тамырларыңды бітейтін шаң-тозаң... – Наср-ад-дин даусын бәсеңдетті. – Шөл деген Шыңғысхан шапқыншылығынан да қорқынышты. Шөлдесе, түйелердің өзі морт кетіп, оттай ыстық күмға омақаса құлайды. Бойларынан әл кеткен адамдар ашуланшақ болады. Шөл қысқанда олар кез келген жануарға – атқа, түйеге, қашырға – қанжар сұғып, шапшыған ыстық қандарын жұтады. Мен

солардың ортасында сом алтындарыммен тұр екенмін дейік. Мұндай кезде сол байлықтан не пайда? Алтын да бір, сусыған құм да бір. Енді түсінген шығарсың, дүниеде ненің ең бағалы, ең қадірлі екенін? – Наср-ад-дин аса байсалды қалыпқа еніп сәл тоқтады да, содан соң даусын кенеп өзі көп жылдар бойы сапарда жүргенде әбден көзі жеткен бір ақиқатты ақтарып салды. – Мен қайталап айтамын: бұл дүниеде судан қадірлі, судан бағалы ештеңе жоқ. Күлін тұрсыңдар ма? Күліңдер, күүле беріңдер. Күндердің күнінде менің айтқанымның мағынасын ұғатын боласыңдар.

Наср-ад-диннің жорта ренжігені жылдам басылды. Керуенбасы есегін сипай қамшылап, алға қозғала берді. Алайда салпаң құлақтарын таңдана қайшылаған есек жүрісің үдетер емес.

Марко керуеннің соңында қалды. Оның ойланшы-толғануға уақыты мол еді. Ол әкесі мен кокесінің парсы көпесімен өзіміне бүкпесіз ашық сөйлескенін ұната қойған жоқ. Осы үш кісінің арасында адам таңғаларлық қарым-қатынас орнаған. Марконың әкесімен оңаша қалғысы келмейді. Ол жол-жәнекей Матеомен немесе Наср-ад-динмен әңгіме соғады. Кейде сакшы жігіттерден атқа отыру мен қару қолдану өнерін үйренеді. Ал кешкісің лаулаған от жанында үнсіз отырады.

Кеме үстінде Қажы-Мұхаммедтің өзіне жасаған ұсынысы Марконың ойына қайта-қайта орала берді. Оның есінен парсы көпесінің: “Сіздің әкеңіз өзіңізді осынау тым ауыр сапардың қауіпі мен қатерінен арылтқысы келеді” деген сөзі шықпай қойды. Бозбала ойын сан сакка жүгіртіп, әкесінің неліктен бұлай дегенін түсінгісі келеді. Марко өзінің қайтыс болған анасы жайлы да жиі ойлайтын. Анасының кірпік қақпай, жібек жамылғы астында жатқан бейнесін ол әлі күнге дейін ұмытқан жоқ. Жүрек соғысы тоқтаған анасының салбыраған қолының қасында піл сүйегінен жасалған кішкентай аң мүсіні жатты. Оны алыс сапарға аттанар алдында Николо Поло сыйлаған болатын. Күйеуі бола тұра анасының бүкіл өмірі жалғыздықта өтті. Оның аузынан шыққан мына бір сөз Марконың

қулағынан кетер емес: “Сендер Венецияны теңіздің патшайымы дейсіңдер. Мен олай дей алмаймын. Ол – теңіздің күні...” Мұны анасы қайтыс болар алдында айтқан. Осылай дегенде ғазиз ана ұлының алыс елдерге деген құштарлығын басқысы келген. Анашының қорқынышы түсінікті болатын. Ол ұлын көпестердің қауіп пен қатерге толы, өзіне соншама жеркенішті болып көрінетін өмірінен аулақтау ұстамақ болған еді.

Ал Марко болса, әкесін мүлдем түсіне алмайтын. Неге екені белгісіз әкесі ұлының алыс сапарлар мен шым-шытырман оқиғаларға деген құштарлығын байқамағандай болады. Оның бәрін білсем, көрсем деген талпынысына, өзі Венецияда аузынан тастамайтын алыс елдерге деген қызығушылығына ешқандай мән бермейді.

Керуен Қажы-Мұхаммед тұратын Керман қаласына таяп қалды. Бұл жерде оның тағдыры шешілуге тиіс. Әкесі өз ойын орындар ма екен? Егер Николо және Маффео Пололар өздерімен бірге тек Матеоны қалдыратын болса, Марко не істеуге тиіс? Осылай да болуы мүмкін екенін ойлағанда оның бойын ашу мен ыза билейтін.

Марконың бойындағы менмендік пен кішілейілділік оның әкесімен түсінісуін қиындатты. Бірден бетін ашып алмаған соң әке мен бала арасында көрінбес қабырға орнағандай еді, әкесі оны елемегендей сынай танытты. Сапар жалғасқан сайын әкесінің көңілі де көтеріле түскендей. Ол парсы көпесімен де, Матеомен де рақаттана қалжыңдасып, тіпті өзінің інісінің сайқымазақ әңгімелерін де күліп қабылдайтын. Оның осылай көңілі көтерілгенін Марконың көптен бері көріп отырғаны осы еді.

Керісінше, күн өткен сайын Марконың ұнжырғасы түсе берді. Оған кейде әкесі мен көкесі қарсы астыртын бірдеңе ұйымдастырып жүргендей көрінетін. Алайда бозбала өзінің олардың маңайынан алыстап, таянбай жүргенін ескермейтін. Көкжиектен мұнартып Керманның мұнаралары көрінгенде Марко, тіпті әкесі рұқсат етпесе де, сапарын қалайда әрі қарай жалғастыра бермек шешімге келді.

Олар өздерін керемет қуаныш, асқан қонақжайлылықпен қарсы алған Қажы-Мұхаммедтің үйіне орналасты. Парсы көлесінің өзінің байлығы жайлы айтқан әңгімелеріне артық ештеңе қоспағанына Марконың көзі әбден жетті. Қаптаған күтушілер қонақтардың көңілінен шығуға тырысып жатыр. Үйдің жасау-жабдығының әсемдігі соншалық, мұндай салтанат тіпті князьдарда да болу-болмауы екіталай.

Венециялықтар сапарды әрі қарай жалғастыруға өте асығыс дайындала бастады, өйткені тура бірнеше тәуліктен кейін Наср-ад-дин бастаған үлкен керуен Керманнан ұлы жібек жолындағы белгілі сауда орталығы Балыкка\* қарай шықпақшы екен. Ертең жүреміз деген күні кешқұрым әкесі Марконың бөлмесіне келді.

– Дайындық аяқталды, Марко, – деді де күні бойғы қарбалас шаруадан шаршаған әкесі тосекке отыра кетті. Қызметші келіп, оларға не қажет екенін сұрады.

– Жаңа піскен қауын мен бір құмыра сүт әкел, – деді Николо Поло.

Марко өз жүрегінің соғысын естіп тұр. Қазір бәрі белгілі болады. Беті сазарып, ол әкесіне қарама-қарсы отырды.

– Саған не болған, Марко? – деп сұрады Николо Поло, ұлына сынап қарап. – Мүмкін сені мына сапар әбден шаршатқан шығар, әлде сенің Қажы-Мұхаммедтің қасында қалғың келіп жүр ме?

Марко бұл әңгімеден сұрақтық сипаты байқай алмады. Оған әкесі өзін келемежден, мазақ қылып отырғандай болып көрінді. Тосектің жібек жамылғысындағы гүлдер мен құстар суреттері көз алдында бұлдырап кетті. Өзін-өзі тістеніп әзер тежеп отырған ол ұстамдылығын бірден жоғалтты.

– Сіз, шамасы, мен Венецияда қалдырмағаныңызға өкінетін боларсыз? – деді ол қызбаланып. – Бірақ мені ешкім күштен ұстап отыра алмайды. Мұнда, Керманда, байлап қойсаңдар да қалмаймын.

Қызметшінің дастарханға хош иісті қауынды тіліп әкеліп қойғанын да Марко байқаған жоқ. Оның ызадан көзі жұмылып, беті қызарып кетті.

Николо Полоның сұсты жүзіне күлкі үйіріліп:  
– Сен менімен қалай-қалай сөйлесесің? – деді.

**Абыржыған Марко үнсіз қалды.**

Николо Поло катты ойланды. Міне, оның кең дүниені кезіп, тізе бүкпей сапарда жүргеніне тура жиырма жыл болыпты. Осы уақыт ішінде ол талайдың жүрегіне үңілді. Жақсылықты да, жамандықты да көп көрді. Алайда өз ұлының немен тыныстайтыны, не ойлайтыны жайлы қаперіне кірмепті-ау. Осы жолы ол Марконың ерте есейіп, жігерлі, өз пікірі бар бозбала болып өскенін әбден ұқты. Ендігі жерде оған айрықша қамқорлықтың қажеті болмайды. Оның еркек кіндікті азамат ретінде өз даусы бар. Николо Полоның жүзінен қанағаттандық байқалды.

– Сенің соңғы уақытта оқшауланып, көңілсіз жүргенің осыған байланысты екен ғой, – деді ол, – Біз өзінді осында тастап кетеді дегенді қайдан шығардың?

– Мені Қажы-Мұхаммедке қалдыру дұрыс болады деп өзіңіз айтқан жоқсыз ба? Әке, немене, бұл есіннен шығып кетті ме?

– Қажы-Мұхаммед біздің досымыз. Ол сені қуана-қуана алып қалар еді. Мен оған: “Маркомен өзіңіз сөйлесіңіз, ол естияр азамат. Өзі не айтса, сол болады” дегенмін. – Әкесі сәл үнсіздіктен соң былай деді: – Әрине, сен осында қаламын десең, біз қиналатын, ренжитін едік... Ау, мына қауынды ұмытып кетіпсіз ғой. Бұл – балдан тәтті тағам, жеп қойғанымыз дұрыс болады.

Марконың бойындағы ашу мен ыза тарады да кетті. Оның бойын енді шексіз шаттық билеп алды. Бір тілім қауынды алып дөмін көрген ол, тағамды аса зор таңданыспен тілі жеткенше мақтай бастады. Ал үй иесімен қоштасуға жайылған дастарқан басында Марконың көңілді болғандығы сонша, бұған Матео мен Қажы-Мұхаммедтің өздері катты таңданды. Николо және Маффео Пололар осы кеш барысында онымен күрделі мәселелер төңірегінде бірнеше рет ақылдасты. Марко болса, оларға ұтымды, мәнді ұсыныстарын айтты.

Келесі күні олар ертемен Керманнан шықты. Қажы-Мұхаммед қонақтарын қала қақпасына дейін шығарып салды. Қоштасар сөтте ол Маркоға қарап:

– Менің құттыхана қонысымның есігі сізге әрқашанда ашық. мессер Поло. Қайтар жолда Керманға келгенде үйге соғуды ұмытып кетпеңіз, – деді.

Марко Қажы-Мұхаммедпен кимай қоштасты. Бірақ қайтар жол оның ойына кіріп те шықпаған болатын. Оның бүкіл есіл-дерті алдағы ұзақ сапардың жағдайына бағытталған еді.

Шөл даланың шекарасына дейін керуен төрт тәулік жүрді. Сол жерде бір күн тоқтап, жүк көліктерін тынықтырып алды. Азық-түлік қамдап, су қорын дайындап, алда тұрған ауыр сапарға қажетті жұмыстардың бәрі атқарылды. Сырт қарағанда Наср-ад-диннің ойына бұл шөлден оту қиындығы мүлдем кіріп-шықпайтынға ұқсайды.

– Қарақұммен салыстырғанда бұл бір алақандай ғана алқан қой. – деді ол Маркоға. Бір аптада отеміз де шығамыз.

Үш тәулік бойы керуен жолында адам тұрағы түгіл, қылтқан жалғыз бұта кездеспеді. Керуен тіршілік тынысы жоқ ақ тақырмен жүріп келеді.

Құмның үстін басқан сордың түсі алабажак қарға ұқсайды. Осыншама уақыт ішінде адамдардың көзіне не бір ұшқан құс, не болмаса жорғалаған жәндік түскен жоқ. Жалындай ауа тұп-тұнық, оттай күйдірген күннен қорған таба алмайсың. Олар кей-кейде көгеріп, шалау басып кеткен борсыған шалшықтардың жанынан өтеді. Олардағы су да бір, у да бір, иісі қолқанды атып, құсқыңды келтіреді, ол суды адам түгіл малға да ішуге болмайды. Мұндайда аңқасы кепкен жануарларды көлік айдаушылар суға жолатпай, әлекке батады.

Қайратты қашырдың үстіндегі Матео өзінің қара қайығымен толқындар теңселген теңізде жүзгенін сағына есіне түсіріп келеді. Ол атқа отыруды енді-енді үйрене бергенде, қырсыққанда шеті мен

шегі жоқ мейіреу шөл далаға жолықты. Қашптан сойлемейтін болды, қол болса, күніне он шақты рет аузы ашылады, оның өзі бірденені боктау керек болғанда.

Бесінші күн дегенде Наср-ад-дин керуенді тап-таза ағын судың үстінен бір-ақ түсірді. Осы манда жер астындағы қуатты су арнасы тонырақ қыртысын жарып сыртқа шығып, айналаны абаттандырып-ақ жіберген. Адамдар мен жануарлар шөл қандырып қана қойған жоқ, олар салқын арнада шомылып, рақатқа батты. Түнде осында қонып демалған керуен, келесі күні су қорын толтырып алып, сапарын жалғастырды. Үш күннен соң олар шөл даладан өтіп, жолдағы кішкентай қалашыққа қонуға тоқтады.

Керуен тынбай жүріп келеді. Адамдар күнді де, аптаны да санауды қойды. Аңызак пен шаңдақтың әсерінен олардың беттері тотығып кетті. Күз түсті, егін тегіс жиналған. Ағаштардан әбден піскен жемістер тоғіліп жатыр. Керуен қамалдар мен ғибадатханалар бой көтерген алқаптармен, арыстандар мен қабыландар жайлаған ормандармен, жыландар мен кесірткелер ысқыра жылжыған тоғайлармен, қоғалы көлдер мен масасы қаптаған қамысты өзендерді бойлап, баяу жылжып келеді.

Керуен жолы қысқармағанмен, адамдардың әңгімелері қысқарған сияқты. Олар бір-біріне сирек тіл қатады. Қайсысы болмасын таудан самал жел сокқанда немесе нөсер құйып бергенде ғана бір желінініп қалады. Қойдың қоң етінен пісірілген кәуап пен бір құмыра мұздай судың өзі олар үшін үлкен қуаныш еді. Бағдад, Ормуз, Керман, толқынды теңіздер – бәрі артта қалды.

Наср-ад-дин Маркоға Шибирған\* қаласы жайлы әңгімеледі.

– Бұл қала шамалылау өзеннің бойындағы аңғарға орналасқан. Онда жаныңа қандай жеміс керек, құрма дейсің бе, анар дейсің бе, жалпы, бәрін, бәрін табасың. Осындағыдай тәтті қауынды әлемнен таппайсың. Өзің Шибирғаннан әкелген қауынқакты жеп көрдің бе? Ол да, бал да бір. – Ақсақал айналасына абыржып қарады. – Бірақ Шибирғанмен екі ортамызда шөл дала жатыр. Саған осыны



ескерткім келіп еді. – Содан соң: – Сіздер саспаңыздар. Наср-ад-дин аман болса, керуенді қысқа да нұсқа жолмен онда да жеткізеді, – деді мақтанған пішінмен.

Шөл далада шет жоқ сияқты көрінді. Марко күннің есебінен жаңылып қалды. Құмға қарай-қарай қоз жанары талды. Жолаушылар мекестердегі жылымық суды ішіп, зорлап болса да бірдене жеп, жүрек жалғағандай болады. Жол бойынан озен, құдық түгіл, сасыған шалшық кездесуді қойды. Бірде дауыл көтеріліп, құм борап берді. Аспанда қара бұлт қалқып, жаңбыр жауды. Ауыр тамшылар естерін жигызған адамдар еңселерін көтеріп, еріндерін жалады.

– О, Алла, бергеніңнен жазба! – деп күбірледі Наср-ад-дин.

– Құдайдың шын сыйы! – деп масаттанды Матео.

Жүргіншілер таза судан барынша көбірек жинап алу үшін барлық ыдыстарын құм үстіне жайып салды.

Сүт пісірім уақыт жауған осы бір жанды жадыратқан жаңбыр көкжиектен қарауытқан таулар көрінгенше керуендегі бүкіл әңгіменің өзегіне айналды.

Мен аңғарда ағып жатқан өзеннің иісін сезіп тұрмың, – деді Наср-ад-дин. – Сіздер, немене, ауаның өзгергенін сезбей тұрсыңдар ма? Ертең кешке біз Шибирганда боламыз.



Балық қаласы Персияның солтүстік-шығыс шекарасында орналасқан. Бір заманда ол “Аму аль булат”, яғни “Бар шаһардың анасы” деген атқа ие болған. Бұдан сан ғасыр бұрын Ескендір Зұлқарнайынның парсы патшасының қызына тура осында үйленгендігі жайлы ұрпақтан-ұрпаққа жеткен аңыз бар. Қаладағы мешіттің әсемдігі көрген жанды таңдандыратын. Қала қақпасының алды – жайқалған жеміс бақтары еді. Дуалмен қоршалған қаланың биіктеу жеріне берік тас қамал салынған болатын, оның айналасы – қаптаған мәрмәр сарайлар, үйлер, шеберханалар, мешіттер... Жабық базардан ығы-жығы адам арылмайтын.

Сол қалаға 1221 жыл да келіп кетті. Бұл кезенді көздерімен көрген қарттар әлі де баршылық. Осы жылғы сойқан жайлы шындықты айтуға олар күні бүгінге дейін қорқатын.

Тірі жанның үрейін ұшырған Шыңғысхан монғол әскерін бастап қалаға таянғанда ақсақалдар сый-сияпаттарын сайлап, бастарын иіп, күтіп алмаққа оның алдынан қала сыртына шыққан еді. Тұрғындар “Бар шаһардың анасын” жойылудан, өздерін өлімнен сақтап қалуға тырысты. Бірақ Шыңғысхан ешкімді аямайтын. Ол “Аму аль булатты” жермен жексен етіп, тұрғындарды қырып тастауды бұйырды.

Одан бері жарты ғасырдай уақыт өтсе де қираған мешіт сол қалпында жатыр, қала ішіндегі құлаған үйлердің үйінділері осынау қанды қырғыннан әлі күнге дейін хабар беріп тұрғандай.

Шағын алаңды қоршаған шала құлаған қабырға бойында әйелеркегі, бала-шағасы аралас, елу шақты адам тұр. Олардың барлығы тыриған арық, жан-жақтарына ештеңеге қызықпай көз тастап қояды. Құл сатушының айқай-ұйқайы мен ұрып-соққанынан ғана мүскіндер анда-санда естерін жинап алады.

Таң бұлыңғыр еді. Таудан күзгі ызғарлы жел соғып тұр. Алушы болмағасын құл сатушының көңіл күйі мүлдем нашар болатын. Тура топырақтың үстінде басын тізесіне сүйеп ап-арық қыз бала отыр. Оның кір қожалақ аяқтары тілім-тілім, жара-жара, көкпенбек. Мұның бәрі қожасының таяқпен ұрғанынан болған. Ол бүгін қызды бесінші рет базарға шығарып отырса да, ешкім саудаласпаған соң ашуы келіп, жыны қозып отыр. Қыздың мөлдіреген көздеріне мұң толған. Ол қолдарын әрең қозғап, бетіне түскен шашын кейін серпіді. Бір әйел оған түйір нан ұсынды.

– Жеп қой, Ашима, – деді ол. – Байқа, қожаң келе жатыр...

Ашима нанды көйлегінің ішіне тығып үлгерді.

– Не істеп жатырсың? – деп айқайлады көпес.

– Ештеңе істегенім жоқ, мырзам менің, – деді Ашима, ұра ма деп қорыққаннан торғайдай бүрісіп.

Алайда таяк жеу оның басынан кешкен азабының ең ауыры емес еді – бірте-бірте бұған да бой үйренеді екен. Бастапқыда ғана, әсіресе соққы жазылып үлгермеген жараға тисе – денен қатты ауырады. Артынан бәрі басылады. Ашығу мен шолдеу – ұрып-соққаннан да ауыр. Құлдық өмірдің жан тозгісіз азабы мен қасіреті шөл мен аштықта.

Ашима Сары озенді есіне алды.

Өзен тау ішіндегі терең аңғарды бойлай ағатын, онымен жүзген қайықтар жоғарыдан қарағанда бамбуктың жапырағындай болып қана көрінетін. Қайықтар аялдамасынан басталатын жол тауға тіке тартатын, оның бойымен құлдар ұбап-шұбап тыным таппай ауыр жүктерді таситын. Құлдардың терге малшынған арқалары күн соулесіне шағылысып жарқ-жүрк ететін. Айлақ-аялдамаға таңертеннен кешке дейін бір тынбай неше түрлі тауарлар түсіріледі де жатады. Оларды, тең-тең маталарды, түрлі темір-терсектерді, қаппен жәшіктерге салынған бұйымдарды, құлдар жоғары қарай жаяу тасиды. Қыз өзінің бойынан әл кетіп бара жатқанын байқады. Көзіне бір көзе піскен күріш пен бір құмыра су елестеген Ашима, қасындағы бағанға сүйеніп, тізерлеп отыра қалды. Әбден ашыққандықтан ішегі шұрылдап кетті. Бақылаушының ақырғанын естіді де, бар күшін жинап, орнынан көтеріліп, теңселіп барып, қайтадан қатарға тұрды.

Бұл қашан болған оқиға?.. Ашима уақыт есебінен жанылды. Ол ештеңе ойламауға тырысты, өйткені ойлай бергеннен түк пайда жоқ, үміттің бәрі үзіліп болған. Ой деген адамды шөл мен аштықтан жаман қажытады.

Дүниеде ең ауыры үміттің жоқтығы. Ондайда ұйқыға дейін қашады. Әйгеуір тірі жан болған соң қолдағы наныңды аузына апарасың.

– Оян, Ашима, – деп сыбырлады қасындағы әйел. – Наныңды тық.

Басын көтерген қыз айналасына таңырқай қарады. Қолында наны барын байқады. Қожасы оны ұрған жоқ. Қыздың құлағына оның майда даусы келді:

– Түр, қарғам. Мына мырза сені көргісі келеді.

– Ақымаксың ба, неге тұрмайсың? – деді жанындағы әйел.

Өтіп бара жатқан адамдар тоқтап, бұларға назар аударды.

Құл сатушылар тауарлары өтетін сәт жақындағанын сезгендей.

– Тұрындар, жалқаулар! Немене, саудалаушылар келгенін көрмей тұрсындар ма?

Көпестердің шаң-шұң дауыстары құлақ тұндырады.

– Мына жігітке қоз салыңызшы, мырза. Бұлшық еттерінің өзі неге тұрады!

– Міне, мынау қашырдай төзімді әйелге қараңыздар. Мына жігітті жүз елу дукатқа бере саламын! Су тегін!

Көшеде кездескен бейтаныс жандардың өзі құрметпен қоз тастап, назар аударатын бойы еңгезердей адам саудагерлерді елеңдетіп, арық қызды асықпай қарап шығып, оның қожасымен ботен тілде сөйлесе бастады. Саудалаушының алып денесін көргенде Ашима бастапқыда мүлдем шошып кетті. Мына дәу сатып алса, бағы ашыла ма, соры одан сайын қайнай ма, қызға бұл жағы беймәлім еді.

Қыз саудалаушы адамға қоз қнығын тастады. Бүйраланған самай шаштары оған қосымша айбын беріп тұрғандай. “Егер мынау үрса бірден өлтіреді ғой, – деп ойлады ол. – Киімі тамаша екен, басқа елден келген көпес шығар”. Оның көздері Ашимаға мейірімді көрінді, алыптың қозқарасынан қыз өзіне деген аянышты байқағандай болды. Қыз бала анда-санда арасына түсініксіз сөздер араласқан парсы тіліндегі әңгімені бар зейінімен тыңдауда. Оның көңілінде үміт сәулесі жылт етті.

Түрі тұнжыраған бейтаныс кісі көпеске қыз баланың аяғындағы жаракаттарды көрсетті. Құл сатушы оған қиналған жоқ, шамасы бір сылтау айта қойды. Ол саудалаушыға мәймөңкелей сөйлен. Ашиманы хан қызына теңей мақтай жөнелді. Алайда қызға жақсы күтім керек екенін де жасырған жоқ.

Бейтаныс кісі ұзақ ойланды. Ол алақанын Ашиманың иығына салып еді, зәресі ұшқан қыз шегіншектеп кетті. “Енді ол менің

осыншама жүдеу екенімді біліп қалды, сатып алмайтын шығар” – деп ойлады ол. Қоңілінде пайда болған үміт сәулесі бірден сөнді. Бейтаныс адам қызға тағы бір қарады да, шешімге келе алмағандай, кетіп қалды.

Қаны қайнаған көпес қызды итеріп жіберді.

– Қотыраш албасты, сенің ешкімге керегің жоқ!

Ашима тізесін бүгіп, бей-жай күйде топыраққа отырды. Көздері бір нүктеге қадалған.

– Саудалаушы келгенде жымыып күліп тұру керек, – деді қасындағы әйел – Ал, сен болсаң... Наныңды жеп ал, енді.

Қыз алба-жұлба койлегінің ішіне тығып қойған нанын алып, шетінен бір тістеді.

Бұлыңғыр танды ашық күн алмастырды. Тағы да бірнеше сағат өтті. Тоңған Ашиманың арқасы құрысып қалды. Ол бір жерде қозғалмай отыр. Іңір қараңғылығы түсті.

– Түр! – деді қожасы. – Сен үшін бостан-босқа төлеген жиырма дукатымды ойлағанда... – деп зар жылады ол – Ал сенің ешкімге керегің жоқ. Ай-й, не деген ақымақпын!

Оның күйінің бармағын тістегені соншалық, бұрынғыдай қызды ұрған да жоқ.

Козге түртсе, көргісіз түн. Аспанда жалғыз жұлдыз көрінбейді. Қожасы қызға үзім нан мен қыш құмыраға құйған су берді де, оның аяғына тот басқан кісен салды. Сосын оны үй түбіндегі тақтай сарайға қамап тастады. Қуыс-тесіктердің бәрінен суық жел ұрып тұр. Ашима жылынбақ болып екі қолын кеудесіне басып, сусылдаған шопке тығыла түсті. Козіне өткен өмірінің кейбір сәттері елестей бастады. Құлағына таныс дауыстар келіп, есіне небір оқиғалар оралды.

Гүлдердің бұл дүниеде есебі жоқ,

Алайда Ашимадан әсмі жоқ, –

деп әндетіп отыр анасы.

Ашима тосегінде жатыр. Анасы жібек шымылдықты ашып:

“Неге ұйықтамай жатырсың? Әлде саған Ашима сұзу жайлы аңгімені айтып берейін бе?” – деді.

“Айтшы, апа, айтшы”.

Міне, оның құлағына анасының өз халқының ең көркем аңызын айтып отырған құлаққа жағымды даусы келіп тұр.

“Ерте, ерте, ертеде бір ауылда еңбегі жанған шаруа тұрыпты. Ағаштарды гүлге орап, күріш алқаптарын толқытып, мамыр айы келгенде оның әйелі қыз тауыпты. Қызға Ашима деп ат қойыпты. Естідің бе, тура сенің есіміңдей...”

Анасы жұп-жұмсақ алақанымен қызының мандайынан сипады.

“Әрі қарай айтшы, апатай, тоқтамашы!”

“Ашима үш айлығында уілдеп күлетін болды, оның қарақаттай көздері барлығын түсініп жатқандай көрінетін.

Бес айлығында Ашима жүріп кетті, бірте-бірте болме ішінде жүгіретін болды. Сегіз айлығында сойлей бастады. Ашима жылап есейді, әдемі және еңбексүйгіш қыз боп өсті. “Тоғыз жасында кілемге ою-өрнектің неше түрін тоқып сала алатын еді.

Егер ол таңертең дән сепсе, сол дән түс қайта көктеп өсіп шығатын еді. Ол жұмысты әндетіп жүріп істейтін, оның даусы ғибадатханадағы күміс қоңыраулардың сыңғырындай болатын. Ашима осы аймақтағы ең шебер биші болды. Көктем келгенде ол Алтын өзеннің құмдауыт жағасына оскен сұрғылт пальмалар түбіне барып билеген кезде, оның өнерін тамашалауға бүкіл ауыл жиналатын. Би ырғағы біреуді қуантып, екіншісін мұнайтып, жалпы, ешкімді бей-жай қалдырмайтын. Сен тыңдап жатырсың ба, кішкентай құлыным?”

Анасының үні жоғалып кетті. Жел бұрынғысынша улеп тұр. Бейшара қыз күрсініп аунап түскенде, аяғындағы кісеннің шынжыры сылдырлады.

– Әрі қарай айт, апатай, айта бер, – деп күбірледі Ашима.

Жан жүрегіндегі барлық күш-қуатымен ол өткен өмірдің сәулелі сәттерін қоз алдына қайтадан елестеткісі келді, бірақ одан ешқандай

нәтиже шықпады. Елес пен болмыс қат-қабат араласып кетті. Оның туған аулында барлық ұстаханалар күндіз-түні тынбай жұмыс істеп, қару-жарақ соғылып жатыр. Солтүстіктен қалың жау келеді. Қаптаған босқындар өртенген қалалар мен ауылдар, өлім, өмір және тұтқынға түсу жайлы бірінен-бірі қорқынышты әңгімелер айтады. Әйелдер мен балалар тауға қашып, үңгірлерге тығылуда.

Ашима орнынан сәл котерілді. Кісен жаралы аяғын ауыртқан соң, ол қайтадан шөп үстіне құлап түсті.

– Маған тиіспендерші, – деп күбірледі ол, қорыққаннан көздері шарасынан шығып.

Шоп сылдырлап, қыздың үстінен егеуқұйрық жүгіріп өтті. Ашиманың дауысын ысқырған жел ешқайда естіртер емес. Өткен күндердің үрейлі оқиғалары козіне қайтадан елестей бастады. Құлағына анасының өлсіз даусы келді: “Тыңда мені, Ашима. Мені осында қалдыр. Әрі қарай жүре алатын емеспін. Жылдам ауылға жетіп, тығыл. Кім біледі, онда біреу-міреу тірі қалған шығар. Естіп тұрсың ба, Ашима? Күн де батып болмады-ау... Өне, олар келіп қалды. – Екі козі шарасынан шыққан анасы қызын қорғамақ болғандай, қолдарын алға созды. – Қаш, Ашима!”

Бір топ салт атты жау бұларға тұра ұмтылды. Үрейі ұшқан қыз орнынан қозғала алмай қалды. Жаудың қиқуы зәресін кетірді. Бір сарбаз анасын найзамен шаншып өлтірді, екіншісі қызды алдына қолденеңінен оңгеріп алды да, шаба жөнелді.

Бейшара қыздың шошыған даусы шықты. Түсі ме, өңі ме?

Басын қолымен сүйеген Ашима ұйықтап кетті. Ернің тістеніп алған. Шашы желбіреп жатыр.

Жап-жас өңінен үрей табы жоғалмапты.

\*\*\*

Венециялықтар жандарына жайлы керуен сарайға орналасты. Жолаушыны қажығатын ауыр санардан соң олар әбден тынығып үлгерді, енді шамалы уақыттан соң жолдарын жалғастыруға тиіс.



Наср-ад-дин оларды Бадахшанға дейін жеткізип тастауға келісті. Сосын бірінші кездескен керуенмен Керманға қайтпақшы. Николю және Маффео Пололармен қала аралап кеткен Марконы Матео тағатсыздана күтіп отыр. Ол әмиянының ішіндегі бар ақшасын шығарып, санауға кірісті. Матео осы уақытқа дейін көпестердің бірнеше рет жасаған өзіне табыс әкелетін ұсыныстарына құлақ аспай, сауда-саттықпен шаруасы болмағандығына өте қатты өкініп отыр.

Болмеге колына оттық ұстаған қызметші кіріп, шамдарды жақты да, одан ештеңе қажет емес пе деп сұрады. Матео жоқ деп басын шайқады.

– Маған дукат керек, балам, – деп мұрнының астынан мінгірледі ол.

Матео венециялықтардың қаладан оралғанын естіді де, Марконы өзіне шақырды.

– Не болды, Матео? Абыржып тұрсың ғой.

– Ел болғанына, ұлым! Ал менің әмиянымда бар болғаны жүз дукат қана. – Матео Маркоға сынай қарады.

– Сізге ақша қажет пе? – деді Марко. – Айтыңыз, қанша керек екенін.

– Құдай атқан жүз дукат! Бұл ақшаға тірі адамды сатып алуға болады... – Еліктің лағындай ап-арық кішкентай қыз. – Матео Маркодан жүзін бұрып, айдалаға қарады. – Жүзікара қарақшының ұрып-соққанынан аяқтары жара-жара. Мен өлтірем оны! – деп қызбаланып, жұдырығын түйді.

– Не болды саған, Матео?

Ол қыздың жанары әлі қоз алдымда тұр. Жирен шашты теңізшілердің қоздері сондай. Теңіз суындай түп-тұнық. Еліктің лағындай ап-арық кішкентай қыз... – Жабыққан Матео басын шайқады. – Сенің көмегің керек, Марко, – деді ол, сәл үнсіздіктен соң. – Мен сол қыз баланы сатып алғым келеді. Өйтпесем, қарықсыз қожасы оны ұрып өлтіруі мүмкін. Қыз үшін жүз жиырма дукат сұрайды. – Матео Маркоға қарай еңкейді. – Марко, тыңда, біз оны

өзімізбен бірге алып кетуге тиісіз. Болмаса, бостандыққа шыға ала ма? Ол тағы да құл сатушылардың қолына түседі, азабы ешқашан арылмайды.

Абыржыған Марко орнынан атып тұрды.

– Бала-шаға бізбен бірге жүрмейді, – деді ол даусын көтеріп. Біздің жолымыз қарлы шындар мен шөл далалар арқылы өтеді.

– Сонда сен қызды қожасы ұрып өлтіргенін қалайды екенсің ғой? – деп салқын тіл қатты Матео.

Марконың ойдан басы айналып кетті. Оның бүкіл сана-сезімі, ақыл-ойы “Көнбе, көнбе” деп тұрғандай.

– Өзің сипаттағандай қыз бала біздің жолдың ауыртпалығын ешқашанда көтере алмайды, – деді ол сенімсіздеу дауыспен.

– Сен оны осында ашамайға мінгізіп жеткізді деп ойлайсың ба, Марко?.. Жарайды, бұл жайлы әңгімені енді тоқтатайық.

Марко Матеоның көңілі қатты қалып, ренжігенін байқады да, кенет бір шешімге келіп:

– Жақсы. Матео, мен сізге көмектесемін, – деді.

Матеоның жүзі әдеттегідей жайнап сала берді. Ол Маркоға аса риза болған еді.

– Ал енді әскерилерше түбегейлі кеңесіп алайық. Бұл шаруаға байланысты әкенің не дейді? Маффео Поло қалай қарайды бұған?

– Әкемнің қарсы болатыны айдан анық, ал Маффео көкемді, бәлкім, өз жағымызға шығарып қалармыз.

– Біз оларға шаруаның болары болып, бояуы сіңгенде бір-ақ айтуымыз керек, – деді ойлана сөйлеген Матео.

Марко келесі күні таңертең құл базарына Матеомен бірге барды. Ашима тура кешегідей топырақ үстінде отыр екен. Түрі боп-боз, жанары солғын. Ол тітіркеніп, өзінің алба-жұлбасы шыққан киімін қымтана береді. Ауа тап-таза, әрі мөлдір. Ағаштардың жапырақтары сарғая бастаған.

Құл сатушы қабырғаға сүйеніп түрегеліп тұр. Жүзіне қарасаң, бірденеге өкінген адамдай. Матеоны көріп, қыздың жанына жетіп келді.

– Түр жылдам, хайуан! – деп ақырды ол – Жок, сені түштің түбінде ұрып өлтіретін шығармын... – Ол жат елдіктермен басы жерге жеткенше иіліп сөлемдесті. – Амансыздар ма, мархабатты мырзалар! Көріңдер міне, біздің қыз қандай жайдары. Сізді бірден таныды. Оны жүз жиырма дукатқа сатып алу – тегін алғанмен бірдей ғой.

Матео оның көпіртің айтқан қызыл сөзіне назар да аударған жоқ.

– Айтқаным мына қыз, – деді ол Маркоға.

Марко үсті-басы алба-жұлба, жүдеу-жадау қызға көз тасталы, бірақ өзінің не ойлағанын білдіріп, тіл қатқан жоқ.

– Саған күлімсіре дегенім қайда? – деп сыбырлады құл сатушы. сөйтті де қызды нұқып қалды.

Күлімдемек болған Ашима бейшараның беті қисайып кеткендей еді.

– Айтқаның сонда осы болды ғой, – деді Марко.

– Сен немене, айдай аруды корсетеді деп пе едің? – деді Матео.

– Ондай болса, бұл қыз мынандай сасық базарда отырар ма еді?

Кенет Марконың көзі қыздың көзіне түсіп кетті. Алаулаған оттай жайдары көгілдір жанар, қарашығы көмірдей қап-қара...

– Ұқтың ба? – деді тағатсызданған Матео, сосын Ашимаға қарап: – Қорықпа, қызым, – деді.

Ашима бойын тіктеп, алып адамға көз тастады. Бет ажары өзгеріп кетті, ернін тістеп тұрса да, жүзінен қорқыныш табы байқалған жоқ. Мынандай алыптың көзінше оны ұрып-соғуға кімнің батылы бара қояды? Қыздың жанарынан қайтадан үміт сәулесі жарқ ете қалғандай болды.

Марко саудаласа келгенде қыз үшін жүз дукат төледі.

– Оның есімі – Ашима, – деді құл сатушы. – Бара ғой, балақай. Ай, маған өз баламдай болып кеткен қыздан айырылу қандай қиын! – деп, ол Ашиманы қимаған адамдай колгірсіді.

Жат елдіктердің ортасында келе жатқаны Ашимаға түс секілді. Көшедегі халық олардың сондарынан бұрылып қарап, түк түсінбей

өлек. Мынандай қайыршы қыз баланы мархабатты мырзалармен не байланыстырды екен?

– Ең бастысы, ағайынды Пололар не айтар екен? – деді Матео.

Онын есіне Қажы-Мұхаммедтің інжу іздеушілер аралында: “Біз – құл-құтандардың қорғаушысы емеспіз, біз – көпестерміз. Мұны түсіну керек. Әйтпесе, саудада мән болмайды”, – дегені түсті.

Олар Ашимаға көйлек, киім-кешек сатып алып, оны моншаға апарды. Сосын керуен сарайға қайтты. Қыз сұлық калпы соңдарынан еріп келе жатыр. Балағаттамақ, ұрып-соқпақ түгід оған ешкім бір ауыз қатты сөз айтқан жоқ. Қыз өз өміріндегі бұл өзгерістің сырын түсінбей келеді. Түс пе, өң бе? Қызметші оған ас әкелді.

– Ал енді... – деді Матео. алда тұрған шайқасқа асығыстық білдіріп. – Енді оларға бәрін түсіндіру керек. Кеттік, Марко. Қызым, сен осында күтіп отыра бер.

Матео мен Марко ағайындылардың бөлмесіне кіргенде, олар алдағы сапар мәселелерін әңгімелеп, ақылдасып отырған еді.

– Келгендерің қандай жақсы болды, – деді Маффео.

“Тұра тұр, шаруамызды білгенде жақсы болды демейтін шығарсың”, – деп ойлады Матео. Ол әңгімені қалай бастайтынын жоспарлап, ойын жинақтай бастады.

– Мен қыз бала сатып алдым. Енді біз бесеу болдық. – деді ол.

Николо Поло оған таңдана қарап:

– Қалжыңды қой, Матео. Біз қазір күрделі шаруаларды талқылап отырмыз. Біздің алдымызда сапардың ең ауыр бөлігін жүріп өту мәселесі тұр, – деді.

“Сөтеіз басталды”, – деп ойлады Марко.

– Қалжыңдап отырған жоқпын, – деді Матео. – Менің бөлмеме кірсеңіз, оны өз көзіңізбен көресіз. Базарда осындай адам аяйтын сорлыны жолықтырсаңыз, өзіңіз де дәл осылай жасаған болар едіңіз.

– Түп-тура уағыз оқып отырған секілді, – деп таңданғанын жасыра алмады Маффео Поло.

– Есен дұрыс па, Матео? – деп қатулана сұрады Николо.

– Біз шындығында да қыз бала сатып алдық. Сантар барысының оның бізге пайдасы тиеді.

– Біз, біз... – деді ашу қысқан Николо. – Шайтан алғыр! Қызды дереу алған жерлеріңе қайтарындар. Естідің бе, Матео?

Сөз естіген Матео да ашуға мінді.

– Сіз менімен қалай-қалай сойлесесіз, мессер Поло? Біліп қойыңыз, мен сізге жалшы емесмін. Қыз бізбен бірге жүреді, әйтпесе, мен сіздерден бөлінемін.

Маффео Поло басалқы сөз айтуға ыңғайлана бергенде, бойын ашу қысқан Матео бөлмеден шығып кетті.

Оның соңынан ұмтыла берген Марконы әкесі тоқтатты да:

– Сен ешқайда бармайсың. Түптің-түбінде біздің жарылқаушылар емес, көпестер екенімізді ұғынатын кез келді, – деді.

Матео бөлмеге кіріп келгенде, Ашима селк ете қалды. “Мені қазір оятыретін шығар”, – деп ойлаған ол, бетін қолымен колегейлеп, бүрісе түсті. Қорқыныштан дірілдеген қыз, қожасының ұрғанын күтті.

Ауыр жалпақ алақан оның шашынан сипады, құлағына жебеушісінің майда қоңыр үні келді. Ол түсіріксіз тілде:

– Қорықпа, қызым. Сен қаштан Матеоны кім деп ойлайсың? Мен испан королінің сарбазы да болғанмын. Мені қорған жау тымтырақай қашатын. Бірақ саған несіне мақтанып отырмын, қызымау? Сен бәрібір менің сөзімді түсінбейсің. Бетінді қолыңмен жапша... Мен саудагерлердің қаракетін ұнатпаймын. Олардың бүкіл есіл-дертің, ақыл-ойың ақша билеп алған. Егер саңарластарым шешімдерін өзгертпесе, онда біз екеуміз Венецияға қайтамыз. Ол дірілдеп үрейі ұшқан қызға қарап ұзақ отырды. – Бізге ақшасыз саңар шегудің оңайға түспейтіні белгілі. Несін айтасың, қалғанда сөк тиім болмаса, Персияның өзін басып оту өте күрделі мәселе. – деді.

Ол Ашиманың қасына отырып, ойға беріліп кетті. Бір-екі сағаттай ақыт өткенде ойламаған жерден Марко кіріп келді. Жүзі жадыран, көңілі әбден көтерілген.

– Ашима бізбен жүретін болды, – деді ол даусын көтеріп. – Сен енді саспауың керек, Матео.

– Оларды қалай көндірдің? – деп сұрады таңданған капитан.

– Олар біздің пікірімізбен санасады, – деп мақтанды Марко. – Маффео көкем біздің жақта болды.

Сен мені екінші рет өлімнен құтқардың, менімен бірге мына қызды да.

Ашима бір жақсылықтың болғанын түсінді. Жат елдік алып адамның бетіне күлкі үйірілді. Қыз орнынан тұрып, оған тағзым етті.



Керуен жолы оларды Бадахшан\* патшалығына әкелді. Абыр-жыған Николо Поло әлсін-әлсін көк аспанға қарап қояды.

– Таяу арада қар жауады, – деді ол інісіне.

– Онда осында көктемді күтуге тура келеді, – деп жауап қатты оған Маффео Поло.

Олар өздерін алдарында, әлем асқары – Памирде, күтіп тұрған қиындықтар туралы ойлады. Бұл таулы өлкені жергілікті тұрғындар осылай атайтын.

Салқын жел биік таулардан шатқалдарды кеулей соғып тұр. Ағаштардан қураған жапырақтар сусып түсіп, жердің беті жұмсақ

кілем тоселгендей болып жатыр. Бұлт басқан сұрғылт аспанда сұңқарлар, қаршығалар және бүркіттер қалықтайды.

Марко керуенбасымен үзеңгі қағыса жүріп келеді. Мыңдаған тұяқ таптаған жол үлкен тынық озеннің жағасымен өтеді екен. Тынышы қалтарыста қалқыған қайық тұр. Шанышқысын оңтайлап ұстаған балықшы мөлдір судан көзін алмай, олжасын андып отыр. Тау бөктерінде бір қора жабайы ешкі жайылып жатыр. Марко олардың сақтықпен басын көтеріп, айналаға қарағанын бақылап келеді. Кенет, қайдан атылғаны белгісіз, зулаған жебе үлкен ешкіге барып қадалды. жануар бір секіруден әріге шамасы келмей, тоңқалаң асты. Ол мойнын созып, тұяғын серпіді де, тыныштала қалды. Дүркіреген табын қас қағым уақыт откенше жоғары қарай зулап, жоқ болды. Бұта арасынан аң терісін жамылған ұзын бойлы адам шықты. Аңшы маңайдан өтіп бара жатқан керуенге ешқандай назар аудармай, ешкінің терісін сыпыра басғады.

– Бадахшан – бай ел, – деп бастады әңгімесін Наср-ад-дин. Сендер Синнинан тауларында болуларың керек еді. Ондағыдай көздің жауын алатын сапалы лағылды басқа еш жерден таба алмайсыңдар. Татардың хандары осындай асыл тастарды алтынмен қаптап, түйме орнына тағады. Дегенмен, бір есептен Синнинанға бармағандарың да дұрыс, Поло бек. – Оның билеушісі олім жазасымен қорқытып, лағыл өндірісін тоқтатты. Нағыз қу түлкінің өзі. Ол кім көрінген керегінше ала берсе, асыл тастың бағасы жылдам төмен түсіп кететінін жақсы біледі. Билеуші бүкіл лағыл өзінің ғана меншігі екенін мәлімдеді, тастарды мейлінше үнемді пайдалануға қошті, ол лағылды қорші патшалар мен князьдарға сыйлайды, монғол ханының қазынасына берешегін лағылмен өтейді, анда-санда лағылды алтынға айырбастайды. Ой, одан айлакер адам жоқ... Кейде ол өз елі арқылы өтіп бара жатқан жат елдіктерге де лағылтас сыйлайды.

Аттар тастак жолмен желіп келеді. Олардың тұяқтарының беріктігі сондай, тағалауды қажет етпейді. Жергілікті жылқылар тар соқпақтармен биік тауға көтерілуге әбден тоселген. Қарттардың



айтуына карағанда Ескендір Зұлкарнайын жорыққа шыққанда мінген Буцефал атты атақты айғырдан тараған жылқылардың тұқымы мұнда күні кешеге дейін болған екен. Алайда қазір бұл асыл тұқымнан тігерге тұяқ қалмапты.

Наср-ад-дин атының тізгінін тартты. Олар жартасты алаптың шетіне келіп тоқтады. Күркіреген ғаламат зор өзеннің суы төмен қарай құлдилап құласа, желдің күшімен жайылған мұздай дымқыл ауа денені тітіркентеді.

– Көзінді сал, жас мырза. Сининан таулары анау жақта, – деді Наср-ад-дин, басқаларға карағанда биіктеу тұрған тауды көрсетіп. Осыдан екі кош жерде.

– Менің басым екеу емес қой, – деді Марко.

– Алла сақтасын, – деп күбірледі Наср-ад-дин, бейне бір дұға окитындай қолын көкке созып.

Ашима керуеннің соңында Матеомен қатарласып келе жатыр. Бұлардың Балықтан шыққанына бір аптадай уақыт болды. Бірақ жас қыз откен өмірінің әсерінен арыла алмай-ақ қойды. Оның, ең болмаса, күлімсірегенін ешкім көрген жоқ. Қыздың балаға тән бет пішінінде бастан кешкен азаптың ізі қалғандай. Бойын билеп алған үрейден қалтырап-дірілдегенін тоқтата алар емес. Кез келген адамнан корқады.

Бірақ оның бөгде сөзге икемге келмейтін еріндері Матео деп күбірлей бастады. Түсініксіз болса да, өзіне ұнамды соз.

Ішкі арпалысы басылар емес. Біреулер қызға: – “Тоқтай тұр, ол сені жүз дукатқа сатып алды. Ешкім де ақшасын босқа шашпайды. Әлде сен адамдардың жауыз екенін білмеуші ме едің?..” – деп тұрғандай.

– Бірақ ол Ашимаға ат сатып алды және теріден тіккен астары бар жібек шапан әперді. Мынау жат жерлік алып кім болды сонда? Қайырымды сиқыршы ма? Желеп-жебеуші ме?

Жақын маңда ешкім жоқ кезде ол Матеоның атын сипап, оз тілінде атқа әңгіме айтып беруді ұнататын.

Кейде өзінің ризашылығын білдіру үшін Матеоның аяғына жығылып, тағзым еткісі келетін, алайда бұған да Ашиманың батылы жете қоймайтын. Капитан өзіне қарап сөйлеген кезде қыз түсініксіз тілдегі сөздерді жаттап алып, есте сақтау үшін үсті-үстіне іштей қайталай беретін.

Кешке қарай жел басылды. Керуен жүріп келе жатқан аңғарға ымырт қараңғылығы түсті. Арада әжептәуір уақыт өткеннен кейін жолаушылар қалаға келіп кірді.

Ашима анда-санда Матеоға имене қоз қиығын салып қояды. Қыз оның әлдебір шаруаға қатты алаңдап келе жатқанын байқады. Үстіндегі шапанының тері астары жұп-жұмсақ, арық денесіне өте жайлы болды. Аяғындағы жаралар жазылса да, кісен әбден қажап тастаған тілерсегі, әсіресе, үзенгі тиіп кеткенде қатты ауырады. Жолаушылар керуен сарайға келіп тоқтаған кезде Ашима атынан жылдам қарғып түсті. Ол содан соң жылқыларға жем бергенін қадағалады, болмеге кілемдер мен тосек-орынды кіргізді, өйтеуір, шамасы жеткенше қолғабыс көрсетуді ойлады.

– Болды енді, демінді ал! – деп күнкілдеген Матео қызға жастықты көрсетті. – Не деген жүдеу едің, Ашима! Қыстан ашығып шыққан еліктің шібішінен аумайсың! Ештеңе емес, оңалып кетесің әлі.

Қыз оған үрейге толы мөлдір көздерімен қарады. Ойға батқан оның маңдайы қыртыстанып кетті. Зәресі зәр түбіне кетіп қорқып отырғанын Матео қыздың көзінен байқады.

– Ашима, сен енді ештеңеден қорықпа. – Ол өзі сапар барысында үйренген аз ғана парсы сөздерімен қызға бәрін түсіндіруге тырысты. – Шібішім, алаңсыз ұйықтай бер. Ал мен сыртқа шығып таза ауа жұтып қайтамын. Матео басын изеіп, аулаға шығып кетті. Дала тып-тыныш.

Таяу маңнан тау озенінің сарқырап аққаны естіледі. Қызметші шынжырын сылдырлатып құдыққа қауға салды. Керуен сарайдың шамдары бірте-бірте сөне бастады.

Матеоның ойы сан сакка жүгірді, оның әмиянында дым жоқ, ал ақша болса, өте қажет. Ал Ашимаға ат пен жібек шаппан сатып алу үшін Маффео Полоға екі жүз дукат бересі болып қалды. Енді ол алда тұрған табиғаты қатал биік таулы өлкемен бұлттан да биік мұздақтар арқылы өтетін ауыр сапар жайлы ойлана бастады. Ол көпестердің өзіне жасаған орасан көп пайда әкелетін ұсыныстарына құлақ аспай, сауда-саттықпен шаруасы болмағаны үшін іштей қатты өкінді.

Матео Марконың болмесіне кірді.

– Сен әлі ояу жатырсың ба?

– Отыр, Матео, – деді қуанған Марко. – Мен Наср-ад-диннің Бадахшан жайлы айтқандарының бәрін қағазға жазып жатырмын.

Матеоның пәс көңілі әжептәуір көтеріліп қалды.

– Сен әлі нағыз ғалым немесе жазушы боласың, – деді ол. – Бірақ сен ол сол шалдың айтқанының бәріне сене берме. Пәтшағарың қисынын келтіріп, ойдан да қосады-ау деймін. Бұл маңайда тау, өзен және өзіміз жолда қорған жануарлардан басқа не бар дейсің. – Матео негін қолымен тіреді. – Ал, енді, менің қызым жайлы не айтасың? Жібек көйлегін киіп жүргенде, шынында да, хан қызынан қандай айырмашылығы бар. Сен оған аз да болса, итальян тілін үйретсейші.

– Ол менімен мүлдем сойлеспейді, Матео. Мен таян келсем болды, жанарын томен түсіре қояды.

Матео келісін, басын изеді.

– Иә, шыдай тұру керек. Есіңде ме, ол базарда біз алған рет қорғенде қандай болатын? Қоқыстың ішінде қалған бір тал түлдей еді. Есін енді-енді жинап келеді.

Марко жазуын тоқтатты. Май шамның жарығы қағаз бетіне түсті.

– Осы арадан екі кош жерде Синнинан таулары бар, – деді Марко ойланып отырып, – ол жерден дүниедегі ең асыл лағыл өндіріледі. Лағылдың көптігі сондай, күреп аласың.

Матео бар ынтасымен құлағын тоса түсті.

– Айтып отырғаның шындық па? – деп қайталап сұрады ол. Маркодан көзін алмай, оның беті құбылып, жанары ойнақшып кетті.

– Рас екеніне күмәның болмасын Матео. Бірақ онда барған жолаушы бассыз калуы мүмкін. – Сосын ол Матеоға Наср-ад-диннен естіген әңгімені түгел айтып береді.

“Тау Синнин деп аталады, ол екі күндік жерде”, – деп іштей қайталады Матео. Сосын даусын көтеріп:

– Алған әсерлеріңнің бәрін жаз, Марко. Тәулік бойы қандай оқиғалар болғанын капитан міндетті түрде арнайы кітапқа тіркеп отыруға тиіс. Жұмысыңа кедергі жасамайын. Қайырлы түн, – деді.

Алайда бөлмеден шығарда ол қайтадан Маркоға бұрылып:

– Сен Ашимаға қамқор бола жүрем деп маған уәде бер. Біз мұнда ұзақ уақытқа тоқтаймыз... – Сосын сәл бөгеліп барып: – Мен үнемі оның қасында отыра алмаймын ғой, – деді.

Марко Матеоның айтқандарына онша мән бере қойған жоқ. Кенет бойы қызып, денесі ортеніп жатқандай болды. Марко зорлана күлімсіреп, Матеоға:

– Жарайды, жарайды, Ашима ойда болады. Қайырлы түн, – деді.

Матео есікті жапқан бойдан Марко май шамды сөндіріп, екі қабат корпені негіне дейін қымтап жамылып, төсегіне жатты. Тұла бойы калтырап, тісі-тісіне тимей кетті. Бірақ аздан соң бәрі басылды.

\* \* \*

Матео болмесіне оралды. Май шамдар әлі жанып тұр екен. Қыздың көздері жабық сияқты, алайда, шындығында ол, кірпігін айқастырмай, мұның әрбір қадамын бақылап жатыр. Мына кісі неге ұйықтамайды? Қыздың жүрегі жиі-жиі соғып кетті. Ол теңдерді шешіп, әлдебір қаншық-қалталарды қарады, сосын қабырғадағы шегеге ілулі тұрған ауыр тері тонды алып, іріктелген заттардың қасына қойды.

Қорыққан Ашима есінен танып қалды. Оған Матео бұрынғыдан анағұрлым зор болып көрінді. Нағыз диюдың өзі. Қолына семсерін

ұстады. Айқайламақ болған қыздың даусы шықпай, тамағына бірдеңе кешпейін қалды, үрейден жүрегі жарылып кеткендей болды. Дио оның қасына келді. Қыз көзін бір ашып, бір жұмды. Оған дәу өзін қылышпен шауып тастайтын сияқты көрінді. Матео өзіне астары теріден тігілген жібек шапан сыйлаған еді ғой... Енді неге өлтіргісі келеді? Ал шап енді, тезірек шап, жауыз сиқыршы!.. Матео қайырымды адам. Ол тез жетін, өзін ажалдан құтқаруға тиіс.

– Матео! – деп шыңғырып жіберді қыз.

Ашима бірінші рет оның атын атады. Көзін ашып жан-жағына қарады. Бойындағы үрей тарайды. Жауыз сиқыршы жоғалған. Қыздың көз алдында өзін еркелете сөйлеген жат жерлік алыптың мейірімді жүзі тұрды.

Ол қыздың сәкісіне таяна тізе бүгіп отырып, оның шашынан сипады.

– Шамасы, сенің түсіңе бірдеңе енді-ау, шібішім? Ал енді ұйықта. Сен менің атымды атауды үйреніп алыпсың. Мұның өте дұрыс. Матео аз уақытқа бір жаққа кетіп қалады. Сен аландамай ұйықтай бер, ертең тұрғаныңда көрмесең, абыржыма. Мен қайтып ораламын...

Матео май шамды сондіріп, болмеден шығып кетті. Ол есікті абайлап жапты. Ашима көзін ашып, ояу жатқан. Қыз қараңғылықтан қорықпайтын болды. Матеонын: “Шамасы, сенің түсіңе бірдеңе енді-ау, шібішім” – деген жағымды үні құлағында күйдей күмбірлен тұрғандай. Қыздың бұл сөздерді түсінбесе де, қайталағысы келіп тұрды.

Уақыт отіп болар емес. Аула жақтан біреудің мығым басын жүрген дыбысы естіледі. Сосын қайтадан бәрі тыныштала қалды. Қыз қолымен түбіт қорпнені сипады. Мейірімді алып қайда кетті екен? Бойын аландаушылық билеп алды. Түнделетін ол қайда аттанды? Атқа салт мініп ұзақ жүргендіктен денесі дел-сал бойын қалыпты. Ұйқысы мүлдем ашылып кетті. Дыбыс біткенге елеңдеп, тың тыңдаумен болды. Бірақ Матео қайтып оралған жоқ, тұн тын тыныш.

Бір кезде Ашима көрмесін ысырып тастап, орнынан тұрды. Ол жібек шапанын иығына іле салып, есікті ашты да, аула жаққа көз тастады. Түнгі аспанда сансыз жұлдыздар жымындайды. Дөңгелек ай тас тобеде, өте биікте тұр. Айдың әлсіз жарығына малынған ауланың іші жым-жырт. Керуен сарайдағылар тегіс ұйқы құшағында. Әне, ана жерде жас мырзаның болмесе орналасқан. Мүмкін, Ашима соған бару керек шығар. Қыз оның алып кісінің досы екендігін байқаған болатын. Ол қыздың неге абыржығанын түсінуге тиіс. Жас мырзамен сойлесуге де болады.

Түнгі ауа салқын еді, қыз дірілдеп кетті. Оның жас мырзаның бөлмесіне кіруге жүрегі дауаламады. Өздерінің тұрағына оралып, сәкіге отырды да, қараңғы кеңістікке көз салды. Тағы бірнеше сағат откендей болды. Ашима көзін жұмуға қорықты. Оған жақсы да, жаман да суреттер елестеп, миын неше түрлі ой шырмал алды. Корпенің үстіне кияса кетті... “Шамасы, сенін түсіңе бірдене енді-ау, шібішім?” Ол келді ме?... Ашиманың жүзіне күлкі үйірілді. Сәлден соң ұйықтап кетті.

Сол жатқаннан Ашима бозала таңда ғана оянды. Жат жерлік алыптың жататын сәкісі бұрынғысынша бос тұр. Аула жақтан атшылардың көліктерді қорадан шығарып суатқа қарай айдаған дауыстары шығады. Қыз құдыққа барып, жуынып алды да, жас мырза жатқан бөлмеге қарай жүгірді. Ол жайлап қана есікті қақты да, құлағын босағаға таяп, тың тыңдады. Матеоға деген алаңдаушылық оның бойындағы жасқаншақтықтан басым еді. Ол есікті тағы да қағып, жас мырзаның атын атады. Ашимаға іштен ынырсыған дауыс шыққандай болды... Ол бірдене болса, тұра кашуға дайындалып, есікті шамалап ашты.

Өзінің көзі қараңғылыққа үйренгенде, ол Марконың дұрыс ұйықтамай жатқанын байқады. Қыз бозбаланың жанына жүгіріп келіп, тізесін бүгіп отыра кетті. Ол ұйқысынан ояна алмай, әлсіз ыңырып жағты.

– Не болды, жас мырза?

Марко қыздың ана тілінде қойған сұрағын естіп ең жоқ, естіп енін өзінде ештеңе ұқпаған болар еді.

– Не болды, жас мырза? Ауырып қалдыңыз ба? – деп қайталады қыз парсыша сойлеп. Ол алақанын Марконың оттай алаулаған маңдайына басты. – Су әкелейін бе, сізге?

Қыз жауап күтпей-ақ жүгіріп аулаға шығып, аздан соң бір ожау құдық суын алып келді.

– Оянсаңызшы!

Ашима сулаған орамалды оның маңдайына басты. Марко көзін ашты, бірақ алдындағы адамды таныған жоқ. Бойын ауру билеген ол бірдене деп сандырақтап сойлеп жатты. Қыз оны пығынан қапсыра ұстап көтерін су бергісі келіп еді, онысынан түк шықпады. Көтеріп алып аузына сусынды енді тоса берген Марко қайтадан жастығына құлап кетеді.

– Шыдай тұр, жас мырза, мен қазір келемін...

Ол бөлмеден жүгіріп шыққан бойда венециялық көпестердің есігін қақты. Жуан дауыс қызға кіре бер деді.

– Жат жерлік алып Матео жоғалып кетті... Жас мырза ауырып жатыр. Не айтып тұрғанын өзі де толық түсінбеген қыздың аузынан осындай сөздер шықты.

– Сен не айтып тұрсың, Ашима? Марко ауру дейсің бе? – деп айқайлап жіберді Николо Поло.

– Иә, мырза, ол ауырып жатыр! Беті оттай алаулайды.

– Сен естіп тұрсың ба, Маффео?

Ағайындылар тосектерінен атып тұрып, Ашимамен бірге Маркоға қарай жүгірді. Олардың бар назары Маркода. Николо Поло ұлының басын жайлап көтеріп, аузына су тамызды.

– Сен мені естіп тұрсың ба, Марко? Мен ғой бұл сенің әкен... ұлым көзін ашып жатса да, мені танымайды, Маффео, – деді сасқалақтаған Николо, не істерін білмей. – Не деп сойлеп жатыр?

Марко бір-біріне байланысы жоқ тіркестердің басын қосып, бірдене деп мінгірлейді. Не дегенін адам түсінер емес.

Маффео Поло аурудың бетіне үңілді де, басын шайқады.

– Сандырақтап жатыр, – деп еңбірлеген ол орнынан атын тұрды.  
– Жедел дәрігер шақыру керек. Ашима, сен осында бола тұр, біз қазір қайтып ораламыз.

Қыз басын изеді.

– Матео жоғалып кетті... – деді ол жай ғана. Сосын ешкім үндемеген соң, Маффео Полоның жеңінен тартты.

– Не керек саған, Ашима?

– Матео жоқ. Кеше кешкісін кеткеннен оралмады. Маффео қолын бір-ақ сілтеп:

– Басыңды қатырма, қайтып келеді. Біз оралғанша жас мырзаның қасынан аттап шығушы болма, – деді.

Ашима Марконың бас жағына шығып, кілемге отырды. Аурудың ыңырсығаны оның жанына батқан жоқ. Қыздың беті тастай түйіліп, сазарып кетті. Сырқатқа самарқау қараса да, ол, оның оттай ыстық маңдайына салқын суға малған орамалдарды алмастырып баса берді, үстіндегі көрнесін түзеп, қайта жапты. Өзін азапты өмірден құтқарған, әкесіндей қамқор болған жат жерлік алып із-түзсіз жоғалып кетті. Қыздың енді-енді қоңілі орнына түсе бергенде семсерін асының, ғайып болды.

Біраздан соң Николо мен Маффео Пололар қасында қызметшісі бар дәрігерді алып келді. Дәрігер, қоңырқай бетіне ашпақ қардай сақалы жарасқан ірі денелі қарт кісі, ауру бозбалаға қарап, есік алдында толып тұрған кісілерден қолымен нұсқап, тарауды талап етті.

– Аурудың қасында мені жалғыз қалдырыңдар, – деді ол.

Абыржыған ағайындылар ештеңе дей алмай, бір-біріне қарады да, сыртқа шығып кетті. Ашима солардың соңынан ерді.

– Оның талабын орындағанымыз жөн, – деді Маффео.

Осындайда күткен бәрінен ауыр. Николо Поло аулада ерсілі-қарсылы алымдан, байыз ташпай жүр. Олармен санарлас келе жатқан балахшандық көпес Николоға қарап:



– Сіздер бұл дәрі ерге толық сене беріңдер. Ол өсында тәйіп сырқатты емдеп, жазды. Өуілетік қаснетке Үндістанда оқын, өбден қаныққан көрінеді, – деді.

Алайда бұл сипаттама да Николоньң көңіліндегі үрейді баса алмады.

Әжептөуір уақыт өткенде Марко жатқан болменін есігі ашылып, дәрігердің қызметшісі оларды қолын бұлғап шақырып, ішке кіруге рұқсат етті.

Аурудың дене қызуы төмен түскен сияқты, әрі жаны тыныш-ғандай. Дәрігер күбірлеп, сикырлы дұғаларын оқи отырып, қолын сермеп, шалт қимылдар жасады. Содан соң үш рет басын илі де, шегіншектен болмеден шықты.

– Есікті ашық қалдырыңдар, – деп бұйырды ол.

Қызметші үлкен жөшікті ортаға қойып, қақпағын ашты. Тым-тырыс тыныштық орнады. Маңайындағылар таңырқай қарап тұрғанда қарт дәрігер әлдебір ағаш жаңқаларын және хош иісті таяқшаларды тұтатып, жаға бастады. Содан соң түтіннен қоз алмай, арнайы жайған кілемге малдас құрып жайғасты. Ол осы қалпында ұзақ отырды. Бір сәтте будак-будак түтін есікке қарай жөңкілі. Осы кезде қызметшісі ақбас дәрігердің қолына қауырсын желінуін ұстата қойды. Ащы айқайға басқан емші бөлмені айнала секіріп зікір салып, түтінді сыртқа қуа бастады.

Ем-дом жасау ақсақалды өбден шаршатты.

Еңбегіне он дукат алып, ештең тыныққан емші жөшіктің бір бұрышынан әлдебір көгілдір ұнтақты шығарып, оны ешкі сүтіне қосып сағат сайын сырқатқа ішкізін отыруды бұйырды.

– Сырқат жазыла ма? – деп сұрады Николо Поло.

– Бұл жерге жолаушылардың жанын алуға Әзірейіл ұшын келіп тұрады, – деп күбірледі қарт. – Сіз Әзірейіл аңғарында тұрсыз. балаңызға қара безгек жабысқан, – деді ол даусын көтеріп. – Алланың көзі оң болса, балаң жазылады. Беті бері қарай бастаған бойда, оны биік тауға алып кету керек. Таудың көусар ауасы бозбаланы сырқаттан құлан-таза айықтырады.

Ақсақал аурудың тамырын ұстамақ болғандай кішкентай жұмсақ алақанын жоғары көтере берді де, бір сәтте Николо қосымша сыйлық ретінде ұсынған бес дукатты козді ашып-жұмғанша зып еткізіп іліп әкетті.

Ашима көзеге құйған ешкі сүтін алып келіп, оған көгілдір дәріден шамалы салып, мұқият араластырды. Сосын Николоның көмегімен оны сырқатқа ішкізді.

Көзі жұмылған Марко демін бірқалыпты алып жатыр.

– Ол ұйықтап жатыр. Сен қасында бол. Оны жылдамырақ аяғына мінгізу керек, – деді Николо, бетін Ашимаға бұрып. – Оның жүзіндегі сес жойылған, қимылынан дәрменсіздік байқалады. – Сен оны жақсылап күт, жылдам жазылсын. – Сосын Николо есікке таяна беріп, қайта бұрылды да, абыржыған түрмен Ашимадан: – Сен Матео жоғалып кетті дедін бе, осы? – деп сұрады.

Ашима басын шұлығыды.

– Қам жеме, ол қайтып келеді.

Ағайындылар сырқат жатқан бөлмеден абайлап қана шықты. Марко бейне бір ашық тұрған есіктен кірген ауа мазасын алғандай басын кілт бұрды.

– Шамасы, сенің түсіңе бірдеңе енді-ау, шібішім, – деп күбірледі Ашима.

\* \* \*

Матео керуен сарайдан шыға бергенде-ақ өзінің бұл іске онша ойланбай бел бұғанын жан-жүрегімен түсінген болатын. Ол тіпті жүрісін тоқтатып, атының басын кері бұрмақ та болған, алайда сапарды жалғастыра беру үшін Ашимаға көптеген заттардың қажет екендігін ойға алғанда, қобалжыған қоңілі қайтадан орнына түсті.

Ол тек бір ғана ішкі сезімнің жетегімен талай-талай шаруаға ойланбай кіріскенін және олардан ұдайы аман-сау шыққан кездерін есіне алды. Түбегейлі шешімге келген Матео бос жатқан қошемен қала қақпасына қарай шаба жөнелді. Сосын ол жерде қақпа

күзетшілерімен итальян және парсы тілдерінде ұзақ ұрысты, ақыры, өзгер дегенде, мезгілсіз жолаушыны сыбап боптаған күзетшілер қақпадан шығарды.

Сансыз тұяқ пен арба доңғалақтары таптаған жолға ай сөулесі тоғіліп тұр. Егісі орылған алқаптардан соққан желдің ызғары күшті.

Түні бойғы суыт жүріске шыдаған астындағы баран атына ырза болған Матеоның көңілі көтеріліп, қиялы шарықтады. Өте жайлы парсы ерінде отырған ол бейне бір өзін кеме үстінде келе жатқандай сезінді. Бір кездерде мұндай көңіл күй оның бойында өзінің қара қайығымен кеденшілерге жеткізбей кеткенде ғана пайда болушы еді.

Ол атының басын жарық түсіп, қара орманның арғы жағынан күн көтерілгенде ғана тежеді. Үш сағаттай уақыт тыныстап алып, қайтадан атқа конды. Оның алып денесіне назар аудармайтын адам жоқ. Жол бойындағы ауылдарда шаруалар оған әбден ұзап кеткенше таңдана қарап, жанарларымен шығарып салатын. Тоғайлардан кездескен аңшылар да тура солай ететін. Оның атының тұяғының тарсылы жолда табын-табын құландарды үркітті. Тау боктерлерінде таутекелер жайылуда. Қырғауылдар мен құрлардың көптігі сонша, олардың мың құбылған қауырсындары күзгі сұрғылт табиғатқа айрықша әр бергендей.

Күні бойы тоқтамай суыт жүрген ол, кешке қарай Синнинан тауларына жетті. Осы жерде оның алдынан салт атты жасақ шыға келді. Олар лағыл кенішін күзетіп жүрген Бадахшан патшасының сарбаздары еді. Тек осы сәтте ғана Матео өзінің соншама ақымақтық жасағанын ұқты. Алайда ол, Синнинанға жетсе болды, асыл байлық өзі келіп қалтасына құйылады деп ойлаған жоқ қой. Ойламақ түгіл, ол өзінің аса қауіпті жолға шыққанын өте жақсы түсінді. Дегенмен, оның бойында бұл сапардың ақыры қайырлы болады деген сенім күшті еді. Өмір оны қиын сәттерде асып-саспауға үйреткен. Сондықтан ол әлі де ештеңе жоғалтқаным жоқ деп есептеді.

Күзетшілердің үстінде – күмістей жалтылдаған сауыт. Бастарында – кара дулыға. Олар қылыштарын қынабынан суырды да, Матеоны тырш еткізбей, қоршап алды. Жасақ басшысы Матеоның аттан түсуін талап етті. Алайда капитан әрі қарай не боларын күтіп, соған орай қимылдау үшін аспай-саспай ат үстінде отыра берді. Оның шүңірек қоздырып жалын шашып тұрғандай еді.

– Сасық шиеборі, саған аттан түс дедік қой! – деп айқайлады жасақ басшысы. Матео өзіне ұрсып жатқанын ұқты. Қабағы түскен ол қолын жоғары көтеріп:

– Айқайлама, кара қарға, – деді ызбарлы дауыспен.

Түсініксіз тілде айтылған сөзден жасақ басшысы абыржып қалды. Матео қанжарын қынабынан суырып алды. Түптің түбінде Матео салт аттылармен бірге жүретін болып келісті. Шаруаның әрі қарай қалай орбитінін ойлаған ол, тұтқын ретінде, жасақтың қоршауында келе жатыр.

Оның төжірибелі көзіне салт аттылардың әшекейленген қару-жарақтары мен астарындағы асыл тұқымды мініс аттары бірден ілікті. Бұлар жай ғана күзетшілер емес, аттарының шабысының жылдамдығы сондай, Матео оларға әзер ілесіп келеді. Сарбаздардың сауыттары батып бара жатқан күн сәулесіне шағылысып, жалт-жұлт етеді.

Жалпақ жазықтың ортасында қонжыған қалпақтай болып жатқан таудың бөктерінде еңселі әсем сарай тұр. Жол-жәнекей оларға аттылы және жаяу әскерлер жолықты. Дабыл қағып, кернейлетіп келе жатқан бір топ еркек бұлардың жасағын қорғанда бұрылып, жол берді. Матео оларды аң аулаудан қайтып келе жатқандар деп ойлады.

Сарай қақпасы айқара ашылып, олар аулаға кіріп, аттарынан түсті. Матео есін жинап үлгергенше, оны екі қарулы сарбаз жабылып ұстап, қапталдағы қуықтай бөлмеге тығып жіберді де, ауыр есікті жауып тастады. Ол сыртынан құлыптанған, қозғалмай тұрған түк көрінбейтін терезесі жоқ тастай қараңғы қуыста отырып, өзі душар болған жағдайды ойлай бастады. Қайда және қалай жайғасарын

білмеген, әбден шаршаған Матео қолымен синалап жүрiп, ағаш орындық тауып алды, соған отыра кеттi.

“Бiр жөнi болады, Матео. Бұлар қаракшылар емес қой. Тiптi сенiң қаруыңа да тиген жоқ”, – деп өзiн-өзi жұбатты.

Кенет бiреулердiң даусы шығып, осында келе жатқаны естiлдi де, есiктiң ысырмасын ашып, ол жатқан бөлмеге қаруланған бес сарбаз кiрдi. Олар Матеодан қанжарын тапсыруды талап еттi. Матеоның амалсыздан қонуiне тура келдi.

Сарбаздар оны аумағы кең, тамаша жиһаздалған қабылдау бөлмесiне әкелдi. Бұғы мүйiздерiнен келiстiрiп жасаған абажадай шырағданда балауыз шамдар самсап жанып тұр. Сарайдың мәрмәрмен және жезбен қомкерiлген қабырғалары жарқ-жүрқ етiп, маңайға сәуле шашады. Пiл сүйегi түстес ағаштан жасалған биiк есiктiң алдында қолдарына ұзын сапты найза ұстаған, сәндi кийiнген екi сарбаз қақшиып тұр. Матео ештеңе түсiнiп те үлгермедi, оны қызметшi ишарамен алға қарай шақырды.

Үлкен залға кiрiп келген Матеоның көзi жүздеген шамдар мен шырақтардың шашқан жарығына шағылысып, ол кiлт тоқтады. Оның құлағына гу-гу дауыс келдi. Бiрнеше сағат бұрын ол атына қамшы басып, жолдың шаңын бұрқыратып шауып келе жатқан едi. ендi, мiне, жiбек пен торқаға малынған мархабатты мырзалардың ортасынан бiр-ақ шықты. Олар бұған таңдана қарап, өзара әңгiмелесiп, пiкiр алмасуда.

Жол берген жұртты жарып отiп, алтын тақтың қарсы алдына барып иiлгенi Матео үшiн қорған түстей едi. Бұл кiмнiң сарайы екен? Патшаникi ме, әлде князьдiкi ме?

Матео тiзерлеп отырды. Өзi душар болған тосын жағдайдан ол бiр сәтке сасыңқырап та қалған едi. Ол билеушiнiң алдында тұрғанын сездi. Бұл мырза жас болса да, өте-мөте жуан адам екен. Ол зор даусымен Матеоға қарап, бiрдене деп сөйлеп жатты.

– Мен сiздi түсiнбей тұрмын, мархабатты мырза, – дедi Матео орнынан қотерiлiп.

Оның бойы маңайында тұрғандардың барлығынан бір-екі қарыстай биік еді. Биілеуші Матеоға сұстана қарады да, өз адамдарына әлдеқандай өмір берді. Екі сарбаз жедел залдан шыға жөнелді.

Матео өзіне-өзі толық келе қойған жоқ. Оған, ортадағы алып адамға, жиналғандардың барлығы қызықтап қарауда. Сондықтан мұндай жағдайда ел назарының бел ортасында болу онша ұнамды шаруа емес. Биілеуші өзін құрмет көрсете тыңдаған қасындағы үш ер кісімен әңгіме-дүкен құрып отыр. Бір сәтте залға егде адам кірді де, тақ иесіне маңдайын жерге жеткізе тағзым етті, сосын, орнынан тұрып, Матеоға әр түрлі тілдерде сұрақ қоя бастады. Кезегі келгенде ол итальян тілінде сөйлеген кезде, Матеоның бойы жеңілденіп, көңілі орнына түсті.

– Осы, осы! – деді қуанған Матео. – Енді сіздерді түсініп тұрмын. Оның күндей күркіреген даусы залда тербеліп тұрды.

Аудармашы қолын көтеріп, ескерту жасады.

– Жай сөйлеңіз, мырза. Сіз аса мәртебелі, күн дидарлы Бадахшан патшасының алдында тұрсыз. Оның сұрақтарына жауап беріңіз.

Тілмашпен келіскен Матео басын ізеді. Алғашқыда абыржып, қобалжығанынан із де қалған жоқ. Енді ол тілдесе алады. Сөзін жүйелеп, ойын жинақтай бастады.

– Аса мәртебелі, күн дидарлы Бадахшан патшасы сіздің аты-жөніңізді және қайдан келгеніңізді білгісі келеді, – деді тілмаш.

– Мен Адриатика теңізінің інжу-маржаны болып саналатын Венециядан келген атақты капитан Матеомын, қара қайықтың қожасымын.

– Аса мәртебелі, күн дидарлы Бадахшан патшасы сіздің елдің халқының бәрі өзіңіз секілді бойшаң ба деп сұрайды.

– Біздің елдің тұрғындарының бойлары әр түрлі, ал бүкіл Венециядан менімен, қара қайықтың қожасы, атақты капитан Матеомен бойы мен денесі деңгейлес келетін бірнеше ғана адамды табуға болады.

– Аса мәртебелі, күн дидарлы Бадахшан патшасы кара қайықтың кожасы, атақты капитан Матеодан мұнда қандай шаруамен келгенін білгісі келеді.

Матео қандай адам екенін байқағысы келіп, билеушіге сездірмей көзінің қиығын салған еді, оның бетінен қулық пен арамзалықтың бұлтартпас белгілерін көргендей болды. Ернінде білінер-білінбес әжуа табы бар. Сыбырласып тұрған сарай қызметшілері тым-тырыс болды.

– Мен атақты үш көпеспен бірге Венециядан Қытайға, ұлы ханның ордасына бара жатырмын. Жолда мен сіздің, аса мәртебелі, күн дидарлы Бадахшан патшасының шексіз байлығы мен мырзалығы жайлы естідім. Маған Синнинан тауларында үлкендігі көгершін жұмыртқасындай әлемде тендесі жоқ лағыл тастар бар деп айтты.

Патшаның бет әлпетіндігі әжуа табы айқындала түскендей болды.

– Аса мәртебелі, күн дидарлы Бадахшан патшасы кара қайықтың кожасы, атақты капитан Матеоның өтірік айтуды қай жерде үйренгенін білгісі келеді. Аса мәртебелі, күн дидарлы Бадахшан патшасы атақты капитан Матеоға енді бес минуттан соң оның басы алынатындығын хабарлағысы келеді.

Матео үндемей, ештеңе болмағандай, оларға қарап тұр. Залда құлаққа ұрған танадай тыныштық орнады. Патша қызыл орамалының ұшына байлаған салпыншақты сілкілеп қояды. Оның шапанының омырауына қадалған лағылдар жарқ-жүрқ етеді.

– Аса мәртебелі, күн дидарлы Бадахшан патшасы сенің неге жауап бермегенін жайлы білгісі келеді, – деді бір кезде тілмаш.

– Мен ұлы ханның ордасына бассыз барудың қалай болатыны жайлы ойланып тұрмын.

– Бұл жауаптан соң зал гүлдеп кетті. Патша жуан сандарын алақандарымен шапаттап, рақаттана қарқылдап, мәз болды. Оған жарамсақтанған сарай қызметшілері де жыркылдап күле бастады. Бірақ, кәнеттен, патшаның бетінде сұс пайда болып еді, әп-сәтте

жағымпаздардың күлкісі сап тыйылды. Тек бұрынға тұрған бір бозбала байқамай күлкісін жалғастыра беріп еді, таңданған елдің бөрінің назары енді соған ауды.

– Аса мәртебелі, күн дидарлы Бадахшан патшасы қара қайықтың кожасы, атакты капитан Матеоға жазалана алдында тойға қатысуды бұйырады. Тойды аса мәртебелі, күн дидарлы Бадахшан патшасы өзінің осы қонағының құрметіне жасамақшы.

Патша алақанын соқты. Төрт қара құл залға барлық капиталын лағылмен әшекейлеген, қызыл барқытпен комкеріліп капиталған жылжымалы тақ алып келді. Аса мәртебелі, күн дидарлы Бадахшан патшасы орнынан тұрып, соған жайғасты. Құлдар патшаны көтеріп ала жонелді. Ойға батқан Матеоны ортаға алып, оның соңынан сарай қызметшілері келе жатыр.

– Сен өз аяғыңмен жүрсең, осыншама семірмес едің. Бүйтін патша болғаныңа болайын! – деп күбірледі Матео.

Олар бірнеше кең, салтанатты болмелерден өтіп, ішіп-жемнің бөрі дастарқанда жайнап тұрған үлкен залға келіп кірді. Патша Матеоға өзінің оң жағындағы жастыққа отыруды бұйырды. Күтушілер тағам мен ішімдіктің неше түрін бірінен соң бірін әкеліп жатыр. Қуырылған ет пен хош иісті тұздықтардың ісі қымбат шараптардың ісімен қосылып, мұрынды жарғандай.

Патшаның мешкейлігінен адам шошығандай. Ернінен май тамшылап, алдына келгеннің бөріні сынырып соғып жатыр. Шарап ішуі де сұмдық.

– Ішіп-жеуді азайтсаң, патшалардың патшасы болар едің, – деп мұрнының астынан мінгірлеген Матео да тамаққа кірісті.

– Аса мәртебелі, күн дидарлы Бадахшан патшасы атакты капитан Матеодан жазалана алдында аузы-мұрнынан шыққанша тойып ішіп-жеуді талап етеді.

Оған жауап ретінде Матео үлкен тостаған шарапты басына бірақ көтерді. Риза болған патшаның жүзіне күлкі үйірілді.

– Басымды нығымда қалдырсаң, патшалардың патшасы болар едің, – деп мінгірледі Матео.



Сарай қызметшілері де ыдыстарын босату жағынан патшаның қалысар емес. Матео патшаның шарап тартысына таңдана қарап отыр. Мынау семіз адамның оңешінен өткен шарапта есең жоқ! Жиналғандардың бірінен соң бірі мас болып, үстел астына құлаған сайын, аса мәртебелі патша қарқылдан күледі де, шарабын сілтей береді. Күзетшілер естерінен айырылған мастарды сыртқа сүйреп шығарып жатыр.

Матеоның көңілі көтеріңкі еді. Ол басына тонген қауіп-қатердің бәрін ойынан шығарып, зырылдап отіп жатқан уақытты да байқамады. Есінен танып мас болған тілмаш оның аяқ жағына құлап қалыпты. Соңғы кезде ғана ұшып кеткен ең мықты деген сарай қызметшілерін күзетшілер үстелдің астынан алып шығып жатыр. Аса мәртебелі патша болса, шарабы кілемге төгіліп, дарылдап ән салып отыр.

– Күн дидарлы жуан патша! – деп айқайлады Матео. – Есінде болсың, сен қара қайықтың қожасы, атакты капитан венециялық Матеомен сойлесіп отырсың.

Матео шарап толы тостағанды қолына алып, басына көтере салды. Аса мәртебелінің бет әлпеті оның көзіне мүлдем жалпақ болып көрінді, әрі секеңден бір орында тұрмайды. Құлағына оның дарылдап күлгені келді. Жарқыраған шырақтар мен асыл тастардың нұры залдың ішін бір түрлі алқызыл реңге бөлеп тастаған секілді. Тәлтіректен орнынан тұрған Матео өзін сүйемелдемек болып келген күзетшілерді жапыра-маныра гүрс етіп құлап түсті.

...Капитан өзінің оянған көзінің күн немесе түн екенін айыра алмады. Қол-көсір дастарқанды еске түсіріп, басы зыңылдап тұр. Матео сол, бастапқы терезесіз қараңғы қуықтай болмеге қайтқан камалыпты, үлкен өкінішпен бармағын тістеп, өзінің Синнинан тауларына ақымақтықпен жасаған сапарын көз алдынан өткізді. Енді, міне, өмірі қыл үстінде тұр.

– Бақытты бол, балғын қызым Ашима, сосын, ең бастысы, Маркодан айырылма. Мен аман оразмасам, ол саған қамқор болады...

Қара қайықтың қожасы, венециялық атақты капитан Матео, сенің шаруаң, шамасы, осымен біткен болар, – деді Матео өзін-өзі келемеждегендей.

Арада әжептәуір уақыт өтті. Бір кезде біреу келіп, есіктің ысырмасын ашты. Болмеге екі қарулы сарбаз және беті қуарған шүберектей боп-боз болып кеткен тілмаш кірді. Матео ашық қалған есік арқылы сырттан кірген таза ауаны құмарта жұтып, жан-жағына қарады. Аулада, ерттеулі аттардың қасында, бір топ сарбаз тұр. Сол жерден өзінің де ерттелген атын көріп Матео қатты таңданды. Сонда, бұлары қалай болғаны? Мүмкін, оның басын аулаққа, тоғай ішіне апарып алмақшы шығар? Сарбаздардың бірі оған кеше алып қойған қанжарын қайта ұсынғанда, Матеоның таңғалысында шек болмады.

– Аса мәртебелі, күн дидарлы Бадахшан патшасы, – деп бастады тілмаш сөзін түндегі сайраннан соң қырылдап қалған даусымен, – өзінің, аса мәртебелі, күн дидарлы Бадахшан патшасының, қара қайықтың қожасы, атақты капитан Матеоға деген шынайы көңілінің белгісі ретінде сізге мына лағыл толы дорбашаны тапсыруды бұйырды. Алайда бұдан былайғы жерде сені Сининан тауларының маңайынан қоретін болса, онда аса мәртебелінің бұйрығы бойынша әуелі сенің тырнағыңның қобесі согіледі, сосын саусақтарың шабылады, сонан соң қолдарың кесіледі, құлағың мен мұрныңды шүнтитады, қоздерінді ояды, ең соңында өтпейтін пышақпен терінді сыпырады. Есінде болсын, аса мәртебелі, күн дидарлы Бадахшан патшасы осылай деп бұйырды.

– Қалай-қалай шешен сөйлейсің, – деп күбірледі Матео таңдана.

Тілмаш иіліп қошеметтеп, оның қолына лағыл толы дорбашаны ұстатты.

– Жолың болсын, жат жерлік. Енді бұл маңайға жолаушы болмаңыз. Сізді Алла қолдады. Сіз бұл жерден тірі кеткен бірінші адамсыз, – деп сыбырады ол. Матео атына мінді де, тебініп қалды.

– Қара қайықтың қожасы, атақты капитан Матео, жаныңның барында қаранды батыр бұл жерден, – деді ол өзіне-өзі, – әйтпесе.

мынау боткабет уодесінен тайып, саусақтарыңды, қолдарыңды шауып, құлақ-мұрныңды шүгіттептің, содан соң басыңды алуы мүмкін.

Матео қақпадан күйғытып шауып шықты. Ол, жалпақ жазықтың ортасына тастай салған алып қалпаққа ұқсаған Сининан тауларынан, сол таудағы патша сарайынан безіп шыққандай, алды-артына қарамай, зытып келеді. Қарқылдап күлген жуан билеушіні де, бұрышта отырып байқамай бостан-бос шикылдаған бозбаланы да ол есіне түсіргісі келмеді. Матео үшін енді бұл оқиғалардың бәрі көрген түспен бірдей.

\* \* \*

Марко өзінің есі кіріп келе жатқанын сезді. Сосын оған өте алыстан еміс-еміс:

– Қазір ол мүлдем тынышталуға тиіс, Маффео, – деген дауыс жетті.

Марконың естіген сөздерін қайталағысы келді. “Қазір... ол... мүлдем”... Бұл оған үлкен күшке түсті. Қаншама ойланса да, ол соңғы сөзді есіне түсіре алмады. Көз алды қарауытып, бейне бір қараңғылық қоршауында қалғандай болды.

Ол жеп-жеңіл, жұп-жұмсақ алақанның маңдайына тигенін сезді. Көзін ашып қалғанда біреудің бетін көрді, бірақ оның Ашима екенін таныған жоқ.

– Мырза, мында қараңыз, – деді қыз.

Әкесі Марконың бетіне еңкейді.

– Ол оянды, Маффео. Құдайдың көзі оң болсын! Сен мені көріп тұрсың ба, Марко? Танып тұрсың ба?.. Маффео, ол басын изеді. – деп күбірледі Николо Поло, сосын бетін теріс бұрыш әкетіп көз жасын сүртті. – Маффео, сен кордің бе, ол мені таныды. Ашима, сен сүт әкеліп, тағы да когілдір дәріні езіп бер.

Марко ернін жалады. Бойында күш жоқ, әбден әлсіреген. Шолден су ішкісі келіп жатыр. “Әке, сусын берші” дегісі келді, бірақ сойлеуге шамасы жетпеді.

Николо Полю баласының басын көтерді, ал Ашима оның аузына дөрі қосқан сүтті тамыза берді.

Осыдан соң Марко қайтадан ұйықтап қалды.

Ол өте кеш оянды. Басына неше түрлі ой келіп, кетіп жатыр. Баяғы сол өзі жатқан болме. Шам жанып тұр. Қай уақыт екен, кеш пе, түн бе? Ол абайлап басын қырындатып бұрды. Бір бұрышта тосек үстінде Ашима отыр. Ұйықтап отыр ма? Жок. Қыздың қарашығы комірдей жайдары жанарына шамның сәулесі шағылысып тұр. Не ойлап отыр екен? Қыздың жүзінде мұң бар. Марко ана сүті аузынан кетпеген жас қыздың келбетінің келісті екендігіне тұңғыш рет назар аударды, қарлығаштың қанатындай қасы толқындана төгілген қою кара шашы екі айырылған ақша маңдайына айрықша жарасып тұр. Қыз өзімен-өзі болып отырған сияқты. Ол орнынан қозғалар емес.

– Ашима! – деп шақырды Марко. – Сен неге мұңданып отырсың?

Қыз жеңіл көтеріліп, оның қасына келді.

– Сіз ояндыңыз ба, жас мырза? Көңіл-күйіңіз қалай? – деп сұрады ол, қуанғанынан жүзі бал-бұл жайнап. – Тамақ ішкіңіз келе ме? Не өкелейін? Үлкен мырзалар қуанатын болды-ау!

Марко ойланып қалды. Абыржыған Ашима оның бетіне төне түсті. Япыр-ау, Марко тағы да есінен танып, түк білмей қала ма?

– Маған не болды, Ашима? – деді ол күбірлеп.

– Сіз өте қатты ауырдыңыз. Төрт тәулік бойы сіздің жаныңыз ажал албастысының тұтқынында болды. Міне, енді сіз оны жеңіп шықтыңыз.

– Төрт тәулік өтіпті-ау...

Марко безгекпен алғаш ауырған сол бір кешті есіне түсірді. Оған Матео келген болатын. Ол шығып кеткен бойдан Марконың көзі қарауытып, басы айналды да, тосегіне жата қалды. Айналасында не болып, не қойып жатқанын сезбеді, қайдан шыққаны белгісіз, қорқынышты дауыстар құлағын шуылдатып, үрейін ұшырды. Содан соң кенеттен жым-жырт тыныштық орнады, өйткені ол ес-түссіз қалған еді.

Марко бөлмені көзімен шодып шықты. Қабырғаға түскен Ашиманың колеңкесін көрді.

– Ашима, сағат неше болды?

– Өте кеш, жас мырза. Тура түн ортасы. Мен қазір сізге жейтін ас әкелемін, содан соң мырзаларды оятамын. Сіз ояңған бойдан олар маған өздеріне хабар беруді бұйырды.

– Матеоны да шакыр. Естідің бе, менің досым Матео да келсін... Ол саған ештеңе деген жоқ па?

– Естідім ғой... – деп күмілжіп жауап қатты ол – Мен қазір сізге тамақ әкелемін. – Қыз бөлмеден шыға жөнелді.

Шам бөлмені толық жарық қылып тұрған жоқ. Тып-тыныш түн, бір бөгде дыбыс естілмейді. Ол саусақтарымен ақ корпені ысырды, қолын көтерді, сосын түсірді, аяқтарын қозған көрді, тіпті орнынан тұрмақ та болды. Алайда оған шамасы жетпеді.

Ашима қол-қою тауық сорпасын әкеліп, оған қасықпен ішкізе бастады. Әбден әлі кеткен Марко басын қайтадан жастыққа салды. дегенмен босап кеткен буын-буындарына жаңадан күш құйылып жатқанын, бойында қайрат-жігер пайда болғанын сезініп жатыр.

– Сен неге мұңдысың, Ашима? – деп сұрағын қайталады ол.

Қыз ағаш тостағанды жерге қойды.

– Мен барып мырзаларды оятайын, шаршадың ғой, сізге ұйықтау керек, жас мырза.

Ашима есікті сәл ашық қалдырып кетті. Марко тың тыңдады. Қараңғы түн. Жымындаған жұлдыздар. Алыстан бара жатқан жүргіншілердің даусы, иттердің үргені естіледі. Бәрі түс секілді.

“Егер қазір көзімді жұмсам, бірден ұйықтап кетемін”, – деп ойлады Марко. Сондықтан ол көзін жұмбауға тырысты, өйткені жаны тағы да ажал албастысының тұтқынына түсер деп қатты қорықты.

Бөлмеге Николо мен Маффео Пололар келіп кірді.

– Марко! Жағдайың қалай? Сен тамақ іштің бе? Енді жылдам жазылып кетесің.

Марко күлімсіреді. Ол қатты шаршаған еді. “Матео неге жоқ”, – деп ойлады ол. Құлағына әкесінің:

– Ұйықтай бергені дұрыс. Маффео, – деген сөзі естілді.

Бұл шуақты және желді күн еді. Аулада әлдебір керуен жолға шығуға дайындалып жатыр. Жаңа ғана өзеннен суарып әкелген жуас қашырлар ауыр жүк артылып жатқанда да тосын мінез көрсетер емес.

Николо мен Маффео Пололар кетті. Сырқат әлі ұйықтап жатыр. Корер таңды көзімен атырып, әбден қалжыраған Ашима оның қашан оянатынын күтуде. Ауладан шыққан дыбыс мұнда күңгірлеп еміс-еміс естіледі. Кішкентай терезе арқылы бөлмеге күн құйылып тұр. Ортадағы ошақтан жанға жайлы жылу тарауда.

Кенет Ашима селк ете қалды. Шынымен көзі ілініп кеткені ме? Әлде түсі ме екен? Ол басқалардың бәрінен қымбат өзіне жақсы таныс дауысты естіді. Қыз қолын кеудесіне айқастырып, бір кадам кейін шегінді. Оның піл сүйегіндей ақшыл бетіне қан жүгіріп, қып-қызыл болып кеткен еді.

Есік ашылып, бөлмеге күн сәулесі шашырай түсті. Жат жерлік алып табалдырықтан аттады.

– Міне, мен де жеттім! – деп айқайлады ол – Сен неге маған құбыжық көргендей қарайсың, қызым? Марко неге осы уақытқа дейін ұйықтап жатыр? Мүлдем жүдеу ғой! – Матео даусын бөсеңдетіп:

– Оя ауырып қалған ба? – деді.

Марко оянып кетті. Қатты ұйқы оған қуат берді.

– Өзіңсің бе, Матео? Маған түнде неге келмеді деп ойлаған едім. Шамасы, катып ұйықтап қалғансыз-ау.

Марконың ойлау қабілеті адам таңғаларлықтай айқын. Қойған сұрақтарына жауап бермей, Матеоның өзіне таңдана қарай бергенінен-ақ ол, өзі ауырып жатқан уақытта бірдеңе болғанын түсінді. Марко үстіне күн сәулесі құйылып тұрған Ашимаға қарады.

– Кордін бе. Матео, – деді Марко итальян тілінде. – Бетінен қуаныш табы білінсе де, Анима жылап тұр. Өне. қара. енді күлімсіреді.

– Мен су әкелуге кеттім, – деді Ашима.

Бөлмеде Марко мен Матео ғана қалды. Матео қалтасынан дорбашаны алып, ішіндегісін алақанына тоға салды. Лағылдар қандай қызыл, таңдай нұрлы еді.

– Николо мен Маффео Пололар менің ит терімді басыма қаптайтын шығар, – деді күлімсіреген Матео. – Алайда мынау лағыл тастар... – Матео алақанын екінші алақанымен жауып, асыл тастарды сылдыратты. Міне, қарашы, Марко. Мен бұларды аса мәртебелі, күн дидарлы Бадахшан патшасының өз қолынан алдым. Ау, қызым қайда кетті? Мен оған лағылдардың ішіндегі ең әдемісін сыйлаймын. жарқыратып омырауына тағып жүрсін.

Марко Матеоның айтқан әңгімесін қызыға тыңдады. Кейбір кездерде сак-сак күліп, ауырғаны да есінен шығып кетті. Ол өзінің әлі де тым әлсіз екенін басын сәл-пәл көтергісі келгенде ғана байқады. Матео өзінің күректей алақанын Марконьң маңдайына басты.

– Саған енді әңгіме айтпаймын, ұлым. Көбірек ұйықта, сонда тезірек жазыласың.

...Тек бір айдай уақыт өткенде ғана Марко басын көтеріп, аулаға аздап жүруге жарады. Ол алапты қоршап тұрған тау жоталарында қар жатқанын көрді. Бозбала таза ауаны құмарта жұтты. Оған құдықтың түбі тым саяз көрінді. Жалпы, жан-жағындағы заттардың барлығы бір түрлі өзгеріп, кішірейіп кеткен секілді. Керман а кері қайтатын керуенді күтін жүрген Наср-ад-диннің өзі Марконьң көзіне енді өте кішкентай ергежейлідей болып көрінді. Тіпті атақты алып Матеоның өзінің бойы әжептәуір аласарып кеткен сияқты. Марко өзін өте денелі адамдай сезінетін болды. Бірақ оның осындай сергек қалпы ұзаққа созылмады. Біраздан кейін аяғы, төлтіректен, жүре алмай, оның тосекке қайтадан жатуына тура келді.

Бір жетіден соң оны төрт қызметші зембілге салып, тауға шығарды. Ашима мен Матео онымен бірге кетті. Зембілге еріп азық-түлік пен басқа да керек-жарақтар артылған екі қашыр келе жатыр. Марко мен оның серіктері әбден көрінбей кеткенше, ағайынды Поллолар керуен сарайдың алдында олармен қоштасып, қол бұлғап тұрды.

Қалың корпелерге оранып, қызметшілердің жүріс ырғағына сай тербеліп зембілде отырған Марко өзін бір түрлі ыңғайсыздау сезініп келе жатыр. Олар әуелде жалпақ жолмен жүріп отырды, бірақ ол бірте-бірте тарыла бастады да, біраздан соң жоғары қарай тұп-тура тартты. Қалың орманды жарып өткеннен кейін олар тастақ алаңға шықты. Тау озені арқылы ағаштан аспалы көпір салынған екен. Томенде, ануар түбінде, көбік шашып, көпіріп көгілдір өзен ағып жатты.

Жолаушылар кешке дейін конатын жерлеріне жетті. Олар ықтасында тұрған кішкентай алаңқайға тоқтады. Алаңқайда шағын қол, оны қоршаған жақпаз қабырғалардың бірінде үңгір бар екен. Олар осы аумақты көмкерген тоғайдың шетіне шатырларын тікті де, әуелі Марко жататын жұмсақ тосекті жақсылап дайындады. Түнге қарай жел шыңдардан қап-қара бұлтты айдап әкелді де, қылаулап қар жауды. Таңертең олар оянғанда айналаны тегіс аппақ қар басып жатыр еді.

Шатырдың тігілген жері жел ұдайы улеп тұрған тау аңғарындағы ең бір тыныш нүкте еді.

Таудың таза ауасы Марконың денсаулығына аса пайдалы болатын. Онын беті бері қарап, аз уақыт өткен соң-ақ аң аулауға немесе тау озеніне балық аулауға шыққан Матеоға еріп жүруге жарап қалды. Ауа райы қолайлы болған күндері олар шатырдың алдына жаққан оттың қасында ұзақ отыратын еді. Ал дауыл қотерілген кездерде қастарындағы үңгірге кіріп кетіп, сол жерден сыртқа көз салатын.

Матео мен Марко өз тілдерінде сөйлескенде, Ашима олардың әңгімелерін бір сөзін жібермеуге тырысып, бар ынтасымен



---

тындайтын. Бірде одан Марко итальян тілін үйренгің келе ме деп сұраған еді, қыз қуана-қуана басын изеді. Тілге деген ықыласы соншалық, ол кейде ұйқы үстінде өзіне таныс емес сөздерді қайталап айтып жататын.

Өткен өмір елестері бірте-бірте Ашманың санасынан өше берді. Оның көздерінде Матеоға деген перзенттік сезімнің үшқындары пайда бола бастағандай еді. Кейде, өзімен-өзі қалғанда, ол көл жағасына жүгіріп барып, сондағы құлаған ағашқа жақсылан жайғасып отырып, итальянша үйренген сөздері мен тіркестерді қайталайтын. Егер өзінің қабілетіне риза болса, онда уысына домалақ тастарды жинап алып, оларды суға лақтырып ойнайтын.

Таудағы бірнеше апта зу етіп өте шықты. Марко сырқатынан құлан-таза айықты, Бірде, қыстың арайлы таңында, олар шатырларын жығып, жүктерін буып-түйді де, төмендегі тұрақтарына қайтты.

– Ашима, сен қуаныштысың ба? – деп сұрады Марко.

– Білмеймін, жас мырза.

Қыздың көңілінде өзіне де беймәлім бір мұң бар болатын.



Найзаның ұшындай сүйір шыңдардың үстінде қырандар қалықтайды. Құландар мен бұғылар салған сүрлеулердің қары еріп, көксоқта болып қалған. Күннің алтын сәулелері жартастардың қарақошқыл беттеріне зуылдап келіп қадалып жатқан садақ жебелеріне ұқсайды. Күн жылынғаннан бері өзеннің тастақты табанымен қызыл су жүріп жатыр. Қодастар мен жылқылар жұмсарған қар үстінде тебіндеп, былтырғы шөпті іздеуде. Ұйқыдан оянған, жүндері ұйпа-тұйпа аюлар қорбаң-қорбаң етіп, орман ішінде сенделіп жүр. Тау бөктерлерінде топ-топ болып арқарлар мен таутекелер жайылып жатыр. Тарғыл ілбісін бұқпантайлап бір шок бұтаға жақындап еді, оның ішінен улап-шулап, ысқырып бір топ

ұлар ұшып шықты. Сап-сары көздерімен айналаға таңырқай қарап ағаш бұтағында үкі отыр.

Тау бөктеріндегі алаңқайларда көз жауын алатын қызғалдақ, сарғалдақтардың неше түрі қаулап өскен.

Бірақ көлеңкелі жерлер әлі де мұп-мұздай еді. Алып мұзтаулардан соққан өкпек ызғары көктемгі күннің шуағымен салыстырғанда анағұрлым күштірек болатын, сондықтан кеш түскенде таудағы өмір тоқтап қалғандай болып көрінетін: Осындай мезгілде жалғыз-жарым жолаушылар және аңшылар тау бөктеріндегі үңгірлерге немесе басқа бір ыңғайлы жерге орналасып, от жағып түнді өткізетін. Әлем асқарын – Памирді бағындырушылардың түсіне сондай түндерде салтанатты сарайлардағы жайлы төсек енетін.

Ло Бцан Сабырлы жанып жатқан отқа жуан бұтақты тастай салып еді, лап ете қалған жалын көлбей көтеріліп, жолбасшының құрыштай қолдарын шарпып өткендей болды. От жанындағы Ло Бцан ежелгі тас мүсін сияқты болып көрінеді. Ешкінің саны бұқтырылып пісіріліп жатқан үлкен мыс қазанның қасында Ашима тұр. Ло Бцанның жанына жайғасып алған Марконың бар ынтасы оның әңгімесіне ауған. Қараңғылық қоюланып, аспандағы жұлдыздар көбейе түсті, ал мұздықтардың күнгірт сұлбасы ғана көрінеді.

Бірқалыпты қоңыр дауыспен Ло Бцан тибет аңызын айтып отыр.

Кенет жолбасшы әңгімесін үзді. Шытырлап жанған от, піскен еттің мұрынды жарған иісі, маңайда жайылып жүрген ақ айғырдың кісінегені оның есіне бір кездерде өз тайпасында болып өткен ат жарыстарды, үйлену тойларын және ұлттық мейрамдарды түсірді.

Ол бейне бір жаққа барып қайтқан адамдай әңгімесін әрі қарай:

– Патшаның заңдары алтын қамыт сияқты. Салмағы зіл батпан. Қашан да болмасын, камшының тиген жері ауырады. Жаза қанжары көтерілген жерден үрей ешқайда көшпейді, – деп жалғастырды.

Ло Бцанның қолдары тізесінде жатыр, түлкі құлақшынын маңдайына баса киген, мойнында ешкі түбітінен тоқыған бөкебайы бар. Қылаулап қар түсе бастады.

Қарт жолбасшы мына пәниде жападан жалғыз еді. Оның тайпасының бар жылқысы айдалып әкетіліп, бүкіл халқы толық жойылған. Ло Бцан сабырлы оттың жанында, естеліктер құшағында, балбал тасқа ұқсап міз бақпай отыр. Оның жүрегінде өшпенділіктің оты да әлдеқашан сөніп болған. Ендігі жерде оның үлесіне тигені – ұлы Даладағы барлық тайпалардың басын қосып, Қытайдан Абескун\* теңізіне дейінгі елдердің бәрін бағындырып “әлемнің билеушісі” Шыңғысханның өзінің көз алдында өткен жойқын жорықтары мен қанды қырғындары жайлы әңгімелеп беру еді.

– Әрі қарай айтыңызшы, Ло Бцан, – деп өтінді Марко.

Қарт жолбасшы әңгімесін жалғастырып әкетті.

– Патшаның билігі алтын қамыт сияқты. Өгіз терісінен жасалған даңғыралардың жауынгерлік дабылы, кімнің болмасын үрейін ұшыратын. Қанды жорыққа аттанар сәт келді. Сарбаздар тегіс атқа қонды. Үстеріне күлі киген олардың найзалары ұзын болатын, ал шабдалы шыбығынан жасалған темір ұшты жебелері қандай сауытты да қақыратып өтетін. Тоғыз шашақты туларын толқытып, сапалы теріден сауыт киіп, қорамсақтарына оқ толтырып, лыпыған қайқы қылыштарын мығым ұстаған сарбаздар: “Біз мұсылмандарға өліспей беріспейміз...” – дейтін. Бұл даланы жүз мың тұяқ төрт рет таштап өтті. Зулап ұшқан садақ жебесінен көк жүзі көрінбейтін, сарбаздар тұтқиылдан лап қойғанда, ешкім қашып үлгермейтін.

Шыңғысханның шатыры таудың қар басқан бөктеріне тігілген еді. Билеушілердің билеушісі Шыңғысхан өз әскеріне: “Сендер әйелдер мен балаларды тірі қалдырамын десендер, өздерің біліңдер, ал қару ұстауға жарайтын еркектерді бізді Мұхаммед\* шахқа сатып кетпеулері үшін табан астында өлтіріңдер. Тек жасакка атшы-сушы қажет болса ғана бірлі-жарым еркектерді тірі қалдыруға болады”, – деп нұсқау берген екен. Олар мені атшы қылып өздерімен бірге ұлы ханның еліне алып кетті. Содан әзер қашып құтылдым.

Марко қарт жолбасшының әңгімесін ықылыспен тыңдады. Тайпасы толық жойылып кеткен, туған жерінен жырақта қалған ол

енді копестерді Памир асуларының қатерлі жолдарымен Қашғарға апарып жүр. Осыдан бір ай бұрын, 1272 жылдың наурызында, ол өзінің серіктерімен Бадахшан патшалығынан шыққан еді. Бұл жылы көктем әдеттегіден екі ай ерте түсті. Олардың керуені Бадахшан патшасының інісінің қол астындағы көптеген қалалар мен ауылдарды артқа тастап, Пяндж өзені бойымен жүріп отырды. Үш тәуліктен соң бұлар Вахан таулы ауданына жетті. Осы жерден тауға көтерілу басталды. Ол екі аптаға созылып, керуен ұшқан құстың канатын талдыратын заңғар биіктікке шығып кетті.

Ло Бцан орнынан тұрып, оттан әрірек барып, жан-жаққа құлақ түріп, тың тыңдауға кірісті.

– Мұздақтарда дауыл диюлары жынойнақ жасауға жиналыпты, – деді ол – Біз қоліктерді үнгірге қамауымыз керек.

Аяғын мысықша басқан Ло Бцан қараңғылыққа сүнгін кетті. Маркоға ол, түнмен тұтасып, қозден ғайып болатын ертегінің ғажайып кейіпкеріндей болып көрінді.

Мұздай жел күндізгі шуақтан із де қалдырмады. Қылаулаған қар ұшқындары жел желбіреткен ақ жібектен аумайды. Марко арқасын отқа қаратып отырды. Олардың Венециядан аттанғанына он сегіз ай болыпты, осы мерзім ішінде тек жарты жолды ғана жүріп өтті. Ло Бцанның айтқан әңгімесі бозбаланы ойға батырды. Жан-жағынан мұхитта қоршаған мына құрлық қандай кең-байтақ! Бұлттан асып көк аспанды тіреп тұрған осынау мұзтауларға адамзат баласы, ең болмаса, бір замандарда көтеріле алар ма екен?

Марконың мнын қайдағы бір қолденең ойлар мазалады. Ол ертегідегі алып дәу бүкіл Венецияны барлық аралдарымен, каналдарымен, бау-бакшаларымен, шыны шығаратын зауыттарымен, асты ұйық батпақ жасанды қолдерімен, мәрмәр сарайларымен, көпірлерімен, мұнараларымен, желкенді кемелерімен, қайықтарымен, зираттарымен және базарларымен біржолата көтеріп, осында, мұздай жел ұрып тұрған әлем аскары – Памирге әкеліп, қолымен қондыра салса не болар еді деп ойлады.

Онда, Пьяцеттада қасқырлар ұлып, каналдарға мұз қатып, қайықтар мен кемелер орындарынан қозғала алмай қалар еді. Жапырақтан айырылған ағаштар сидиып, алқызыл мантиялы паң сенаторлар суықтан ошақ алдында бүрісіп, қабыландар мен сілеусіндер көшеге шыққан адамдарды жеп жатар еді, бүкілхалықтық нәубетті хабарлаған шіркеулердегі қоңыраулар оларды қағушылардың үсіген қолдары қашан арқаннан айырылып қалғанша тынбай, қаланы күңгірентіп тұрар еді. Неткен қорқынышты қиял!

“Ашима Венецияны көруі керек”, – деп ойлады Марко.

Матео қызға ет толы қазанды оттан алып, жерге қоюға көмектесті.

Ло Бцан аттарды, қашырлар мен түйелерді үңгірге қамап, кері оралды.

– Маған азық-түліктің бәрін үңгірге апаруға көмектесіңдер, – деді ол – Қыс қайта түсті. Таяу арада өте қатты қарлы боран басталуға тиіс, қамсыз қалмайық.

Ло Бцан Сабырлының бұл сөздері бұйрықтай болып естілді. Бұрынғыдай бос қиялға берілуге уақыт қалған жоқ. Жолбасшының жанары қыранның көзіндей ештеңені қалт жібермей, құлағы айналадағы барлық дыбысты естіп тұр. Ол келе жатқан алай-түлей боранды иісінен сезетін сияқты. Ло Бцан кәнігі аңшыдай әр қадамын аңдап басады.

– Отты сөндіріп, шала жанған ағаштардың бәрін үңгірге апарыңдар. Үңгірдің аузының екі жағында да от түнімен жанып тұруға тиіс.

Соңғы тапсырма басқаларға емес, Ло Бцанның өзіне берілген бұйрықтай еді. Барлығы Ашима пісірген кешкі асты жеп алды. Еркектер төсек-орын, азық-түліктің бәрін үңгірге кіргізіп қойды. Жел үдете соғып, жапалақтап қар жауа бастады. Күндіз ғана қызғалдақ, сарғалдақтардың неше түрі жайқалып тұрған орман ішіндегі ашық алапты әп-сәтте аңпақ қар басты да тастады.

Адамдар жылы киініп, көрпелерге оранып алған. Боран аласұра соғып тұр, үңгірдегі әрбір қуысты суық ауа толтырып жатыр. Ло Бцан, Марко және Матео екі ағашты кесіп, үңгірге кіргізді.

Желмен шалқыған оттың комескі жарығы үрейленіп, иіріліп тұрған көліктерді және беттерінен ештеңе білінбейтін атшыларды шарпып-шарпып өтеді. Отты Ло Бцанның өзі жағып отыр. Үңгірге жайылған түтін тынысыңды аштырмайды. Есік алдында ұршықша үйірілген қар ұшқындары кейде, жел көтерілген кезде, ішке де борап кіріп кетіп жатыр. Марко тулақ төсеніп, көрпеге оранып жатса да, тұла бойының қатты тоңазып, жылдам мұздап бара жатқанын сезді. Әуелде ол башайларын жыбырлатып аяқ-қолын қозғалтып, өзінің бетін және түгіннің әсерінен жасаураған көздерін уқалауға кіріскен еді, бірақ тез шаршап қалды. Оның жан дүниесі белгісіз бір ғажайып рақатқа батып, желді де, тоңғанын да сезбейтін халге түсті. Ол өзін күн шуаққа қыздырынып жатқандай сезінді. Алайда тап осы сәтте қарт жолбасшының күсті қолдары бозбаланың бетіне тиді де, Ло Бцан оны маужыраған ұйқылы-ояу қалыптан шығарып алды.

– Тұр, оян, жас мырза! Қозғалмай жатуға болмайды. Маған қалған адамдарды тұрғызуға көмектес, әйтпесе барлығымыз мұз құрсауында қырылып қаламыз.

Бұл түн олар үшін оң мен түстің арасындай болып өтті. Уақыт мүлдем жылжымай қойып, таң енді қайтып атпайтын сияқты көрінді. Боран үдей түсті. Жолаушылар түтінге шашалып, отқа қыздырынып отыр. Ортадағы қазанда қайнап жатқан суға Ашима хош иісті қалампыр қосып, бір уыстай шай салды.

Олар кептірілген нанмен және ұсақтап туралған ысталған етпен оразаларын ашты. Марко үңгірдің аузын қардан тазартты, ал Ло Бцан мен Матео қолдарына балта алып, отын шауып әкелу үшін аласұрған ақ боранның құшағына сүнгіп кетті. Николо мен Маффео жүк көліктерінің жағдайын тексеріп шықты.

Ал боран болса, басылар емес. Осылайша бірнеше күн мен түн өтті. Көпестер сіркелері су көтермейтін, не болса соған ашуланатын

болып алды. Матеоны Ашиманың жағдайы кинайды. Қыз ештеңеге көңіл болмей, оттың басында отырады да қояды. Бұл қыз суыққа мүлдем үйренбеген, ол – Куньминнен – күн сәулелі елден еді. Онда көктем мәңгі үзілмейтін, жемістер жыл бойы пісіп, бақтар қашан болсын гүлдеп тұратын. Осы кез – онда балдан да тәтті қызыл алмалардың пісетін мезгілі. Ал күріш өсетін көгілдір алқаптарға төгілетін күн нұрының ыстықтығын сипаттап айту мүмкін емес.

Ал мұнда боран тынбай соғып тұр, алайда аш қасқырлардың ұлығаны бораннан да үрейлі. Олар үңгірдің аузын үздіксіз торуылдап, ерсілі қарсылы жүріп алатын болды. Ысталған ет таусыла бастады. Шайдың қоры мүлдем бітті. Олардың ендігі негізгі тамағы қуырылған ұнды қарасуға қайнатып пісірген быламық көже болды. Ашыға бастаған соң амалсыздан түйенің біреуін союға тура келді.

– Наурызда жолға шығып, бәрін бүлдірген сенсің! – деп жыны қозып айқайлады әншейінде салмақты Маффео Поло. – Ал мен салпаңқұлақ есектей сенің айтқаныңа қона салдым.

– Босқа сойлеме, – деп көңілсіз тіл қатты оған Николо.

Үңгірдің қабырғаларын мұз басып кетті, боранның толастар түрі жоқ. Копестер бір-бірімен жиі-жиі ұрсысып қояды.

– Мына қорпені де Ашима жамылсын. Маған қажеті жоқ, – деді Марко өзінің досы Матеоға.

Аттар мен қашырлар әбден арықтап кетті. Олардың құр сұлдеріне қараудың өзі жанға батады. Сүйек пен тері ғана қалғандай. Бақташылар жануарларды орындарынан әзер тұрғызады. Жем әлдеқашан таусылған.

– Мынау қарғыс атқыр боранның соққанына неше күн болды? – деп сұрады Матео қарлыққан дауыспен.

Соңғы бірнеше тәулік бойы жолаушылар қақталған ет пен быламықты қорек етіп отыр. Тек анда-санда ғана кесенің түбіне салынған күріш ботка беріледі.

– Егер ауа райы екі-үш күн ішінде түзелмесе, онда қалған жануарлардың жанын босқа қинамай, пышаққа іліндіру керек.



Осы кезге дейін ешкім ішкі ойын сыртқа шығарып естіртіп айта қойған жоқ. Күн қайсысы, түн қайсысы, жалпы, уақыттың есебінен барлығы тегіс жаңылған. Бар білетіндері – кок түтіннен қызарып кеткен көздерін укалап, отта тұрған қазанның айналасына шоғырланып, бойларын жылыту. Үңгірдің бір бұрышында отындық жарты бөрене мен бір шоқ бұта ғана жатыр.

Ло Бцан боран соғып тұрса да үңгірден шығып кетті. Ол біраздан соң оралып, жанарын отқа қадап ойланып ұзақ отырды.

Содан бір кезде барып:

– Бізге қалған жануарларды союдың қажеті жоқ. Боран басылғалы тұр, – деді.

Мұны айтқанда оның бет әлпеті мүлдем өзгерген жоқ. Келесі күні үңгірдің аузына әлсіз де болса күн сәулесі түсе бастағанда-ақ айғыр оқыранып қоя берді. Желдің екпіні бірте-бірте әлсірей бастады. Қар жаууын тоқтатты. Тау шындарын ақшарбы бұлттар орап алды. Аспан көгілдір түске боялып, күн нұрына малынған мұзтаулар жалт-жұлт етіп, алып гауһар тастай жарқырап, дүние өң-сәтте өзгеріп сала берді.

Жануарлардың аузын ең болмаса бір-екі тал шопке тигізу үшін арып-ашқан адамдар кейбір жерлердің қарын аршып, ақ тер, кок терлері шықты. Дегенмен бәрі де таза ауа жұтқандарына мәз. Әлі де бойы жыли қоймаған Ашима күн көзіне рақаттана қыздырынып отыр.

Қар ери бастады. Арыны әлсіреп, басылуға таянған жел бұрынғыдай қарды үйіріп әкеліп, қуыс-қуысқа тықпалап жатқан жоқ. Кеше ғана тұтас ағарып жатқан тау бөктерінің бір жері сары, бір жері қоңыр – түп-тура қырық құрақтан тігілген корпені жауып тастағандай. Аттар мен қашырлар борпылдақ қар үстінде тебіндеп, шөп тауып қоректеніп, мүлдем тойынып қалды, бірте-бірте бойларына күш бітіп, оңала бастады.

– Тастақты тауға барып қайтатын уақыт келді, – деді Ло Бцан. – Жас мырза, сіз менімен бірге жүріңіз. Бұл тау – таутекелердің

тұрақты жайылымы. – Содан соң ол атшыларға: – Тамырларды молырақ жинаңдар, күн көзіне жайып жақсылап кептіріңдер, сосын таспен жаншып үгіп қойыңдар, – деп бұйырды.

Қысқа қайқы қылышын асынып, қорамсағын беліне байлап, садағын қолына алған Марко Ло Бцанмен бірге аң аулауға кетті. Қарт жолбасшы еміс-еміс білінетін сүрлеумен жүріп келе жатыр. Қар үстіне және ылғалды жерлерге түскен қаптаған ізге қарағанда, жақын маңайда таутеке табыны көп екендігін аңғаруға болады. Ло Бцан айтқан таутекелер тұрақты жайылатын тастақты тауда ағаш сирек болғанмен, бұта қалың ну болып өседі екен. Бұл тау кең жазықтың ортасына окшау орналасыпты.

Ло Бцан арасы жарықпен бөлінген құлама жартастың арғы жағына байқап-байқап өтіп алды да, беліндегі арқанның бір ұшын Маркоға лактырды. Сосын оның да өткенін күтіп тұрды. Кенет күннің күркірегеніндей дыбыс шығып, ол дыбыс тіпті зорайып үдеп кетті. Олар тұрған жерге орасан зор жылдамдықпен қар көшкіні жақындап келіп қалған еді.

Ло Бцан мен Марко күнкағардай суырылып сыртқа шығып тұрған гранит жартастың астына тығылып, тас қабырғаға жабыса қалды. Тау гуілдеп, ауа тербеліп тұр. Өзі де тастай болып тығыздалған алып аккала қар олар тасаланған жартасқа келіп соғылды. Маркоға өзін біреу қылғындырып жатқандай болып көрінді. Содан көшкін қар жолындағының бәрін жапыра-мапыра төмендегі шатқалға барып соқты. Сол ғаламат соққының жаңғырығы басылғаннан кейін айнала бұрынғыдай тып-тыныш бола қалды.

Аншылар өздерін қорғап қалған күнкағар жартастың астынан шықты. Жаңа ғана олар көтерілген сүрлеу жолдан ешқандай белгі қалмапты, теп-тегіс болып кеткен, ал жоғарыға қарай көтерілетін соқпақ қар астында қалған. Олар айналаның мүлдем өзгеріп кеткен келбетіне қарап, үнсіз тұрып қалды.

“Шыбын-шіркейше езіліп қала жаздадық-ау”, – деп ойлады Марко.

– Мұның атын қар көшкіні дейді, жас мырза, – деп тіл қатты бір кезде Ло Бцан.

Аңшылар жоғары қарай көтеріле бастады. Төменде, аңғар бойымен ирелеңдеп тау өзені ағып жатыр. Салқын тынық ауада мұзтаулар кемпірқосақша мың құбылып, асыл тастарша жарқырайды.

Марко өз денесіндегі қан қысымының көтеріліп кеткенін сезді. Жазықтың шетіне дейін жүз-ақ қадамдай жер қалған еді, бірақ, кенет бозбаланың бойын бас айналдыратын биіктіктен қорқу билеп алды. Ол жартасқа жабысып, екі қолымен тас кетігінен ұстай алды. Көзін тарс жұмып алған Маркоға өз жүрегінің соғысы естілді. Осы калыпта әжептеуір уақыт қозғалмай тұрып қалды. Марко өзінің осыншама әлсіздігіне қысылды, бірақ оған егер көзін ашып, қолын босатса болды, мынау күздың ұшар басынан төменге қарай құлдилап құлайтындай болып көрінді. Бойын билеген қорқынышты қалай жеңерін білмеді. Оған Ло Бцанның даусы алыстан, бұлттың арғы жағынан шыққандай болып көрінді.

– Тау перілері көзіңді байлап тастады, жас мырза. Менімен бірге қорықпай елу қадам төмен түс.

Есі кіресілі-шығасылы күйде Марко төмен түсе бастады. Межелі жерге жеткенде оның басының айналғаны басылып, бойындағы қорқыныш тарап кетті, жүрегі біркалыпты соға бастады.

– Маған не болды, Ло Бцан? – деп сұрады ештеңе түсінбеген ол.

– Ызаланған тау перілері көзіңді байлап тастады, – деп қайталады шал. Сен оларды жеңуің керек. Ән сал болмаса, сақылдап күліп, айқайлап оларды үркітуің керек.

Жолбасшының кеңесін тыңдаған Марко бойын жинап алып, сексен қадамдай жерді тым тәуір-ақ өткен еді, алайда оның кеудесіне қайтадан қорқыныш ұялап адымын аштырмай тастады. Аттай тулаған жүрегі кеудесінен шығып кетердей болып көрінді. Марко қолдарын жерге тіреп, әрі қарай еңбектеп жүрмек болды, бірақ орнынан қозғалуға қорқып, екі қолымен бетін еріксіз басып,

етпеттеп жата қалды. Тек томенге қарама! Төменге қараса болды, ешқандай тоқтаусыз, көшкін қардай шатқалға құлдилап құлайтынын көзіне ойша елестетіп, үрейі ұшып, өзіне-өзі келе алмады. Ол ебден жүрегі тынышталғанға дейін қозғалмай жатты. Бойындағы қорқыныш бірте-бірте ғана сейілді.

Сосын ол абайлап басын көтерді. Жолбасшы одан жиырма қадамдай биік жерде, жазықтың шетінде тұр екен. Ол бозбалаға арқанның бір ұшын лақтырған еді, алайда Марко арқансыз-ақ көтерілмек болды. Ол осынау ешқандай қауіпсіз аралықты ешкімнің көмегінсіз өзі жүріп өтуге бел байлады. Ол өзінің әлі де болса әлсіз екендігін сезінбей, Ло Бцаннан ұялған еді, бірақ бойын әп дегеннен билеп алған қорқыныш оның адымын тағы да аштырмай тастады.

Марко айқайлап:

– Кеттім, Ло Бцан! – деп қарқылдап күлді. Таудағы тымық ауада оның даусы мүлдем өзгеріп шықты. Өзер дегенде орнынан көтерілген Марко бірде төрттағандап, бірде еңбектеп, қалған жиырма қадам жерді де өтгі-ау. Оның тас тілгілеп кеткен қолдарынан қан саулап тұрды.

– Тұңғыш рет бұлттан да жоғары көтерілгендердің барлығы мұндай жағдайды бастарынан кешеді, – деді Ло Бцан, өзер дегенде Марко өзінің қасына келгенде. – Қара, бүгін айналаның бәрі көрініп тұр.

Ол өзінің ұшқыр жанарымен маңайды шолып шықты. Сай-салаларда және ойдым-ойдым қалтарыстарда қар жатыр. Жерге түскен тұяқ ізі деген өте көп, олар қосарлана тұрған қырқалардың ортасындағы бұта мен қураған шөп аралас өскен жазыққа қарай беттеген жануарлардікі. Жел қарсы беттен соғып тұр. Олар ізді қуалап жүріп келеді. Көтерілген күннің қызуы күшейіп, тоназыған жерді жібіте бастады. Қар еріп, жыра біткеннің бәрімен су жүгірді. Марконың басына осындайда боран соғып кетсе не істер едік деген үрейлі ой келді. Біраз жүрген соң жер бедері өзгерді. Аңшылар

шағын тоғайды жарып өткенде, алдарынан жан-жағы таулармен көмкерілген кішігірім жазық шыға келді.

Ло Бцан кілт тоқтап, Марконы жеңінен ұстай алды. Алаңқайла үлкен бір табын арқар мен қап-қара таутекелер алаңсыз жайылып жатыр екен. Мұндай ірі арқарларды Марко ешқашан көрмеген еді. Олардың мүйіздері карағайдай, ұзындығының өзі үш-төрт қарыс болады, ал кейбіреулерінікі бес, тіпті алты қарысқа жететіндей. Төмендегі алапта айналасын қоға мен камыс көмкерген көл жатыр. Оның жағасында және көгілдір айдынында отырған қаз бен үйректе есеп жоқ. Айналаны көктемнің алғашқы хабаршысы – ақ және сары бәйшешектер толық жауып тастағандай, ал қылтиып шыққан көк шоп жазыққа ерекше көрік беріп тұр. Мұздақты тауда да осындай керемет бола береді екен-ау. Аңшылар өздерін қоршаған осындай тамаша көріністен толық ләззат алғанша дымдарын шығармай, манайларына үнсіз рақаттана қаран тұрды. Біраздан соң олардың бойларындағы аңшылық желік қоза бастады. Марконың шыдамы мүлдем таусылды, оның аң кездестіргенше тағат табар түрі жоқ. Олар тоғайдың жиегімен желге қарсы жүріп келеді. Ло Бцан жүз қадамдай жердегі бір шоғыр ағашты көрсетті де, Маркоға тоқта деген белгі берді.

Дыбыс шығармай, аяғын аңдап басқан қарт әрі қарай жалғыз кетті. Марко тізерлеп отырып, қорамсағынан жебе алып, садағының адырнасына салды. Жел құраған қамысты сылдырлатып, бұталардағы былтырдан қалған кенкен жапырақтарды үзіп түсіріп жатыр.

Осы екі арада өзі көрсеткен ағаштардың түбіне Ло Бцан да жеткен болатын. Бір топ қаз қаңқылдап, көл бетінен көтерілді. Бірден-бір үрейленген арқарлар мен таутекелер жерден бастарын көтерді. Марко ірі арқарды көздеп, адырнасын шірене тартып, садағын атты. Жараланған жануардың алдыңғы аяқтары бүгіліп қалды. Арқар құлады, бірақ қайта көтерілді де, сәл тенселіңкіреп, тау бөктеріне қарай қашты.

Қарт мергеннің жебесі тиген кара таутеке тұяқтарын серпіп, жаны шықпай, киналып жатыр. Оқ оған секіре бергенде тиген еді. Үрейлері ұшып, ышқына үріккен қос табын көлді жағалай қашып, қыр асып көрінбей кетті. Жаралы арқар құтылып кетер деп қорыққан Марко өзінің олжасына қарай жүгірді. Бірақ қашқан арқар дауыл құлатқан ағашқа сүрініп құлады. Бұдан кейін ол тұра алмады, жылдам жеткен аңшының қанжары шаруаны түбегейлі бітірді.

Ло Бцан жануарлардың терісін сыпырып, ішек-қарнын ақтарып тастады. Артқы сандарын ажыратып алғаннан кейін, ол тәуірлеу деген еттің бәрін сүйектен сылып алып, терісіне орап буып, сосын бұл түйіншектерді Марконың көмегімен ағаш бұтақтарына іліп қойды.

Қос тәулік ішінде олар екі таутеке мен төрт арқар атып алды. Аңшылар төменге таутеке терісіне салынған бір-бір қап ет арқалап түскен еді. Қоста тағатсыздана күтіп отырған сапарластары оларды үлкен қуанышпен қарсы алды. Жылдам қазан көтеріліп, онда жылы-жұмсақ жас ет қайнап жатты.

Қалған етті қосқа жеткізу үшін келесі күні Ло Бцан, Матео және тағы екі атшы жігіт тауға көтерілді.

Күннің нұры және жас сорпа адамдардың көңілдерін көтеріп, бойларына қуат құйды. Николо мен Маффео Пололар да аңға шығуға дайындала бастады. Олар қос маңынан алысқа ұзамай, ең болмаса құс атып, бақтарын сынамақшы болды.

Ашима төсек орынның бәрін сыртқа шығарып, тастардың үстіне күн көзіне жайып тастады. Содан соң ол бір теңді шешіп, оның ішінен шаршы мата мен емдік шөптен жасалған шипа май салынған мыс ыдысты алды.

Бетін күн нұрына бұрған Марко көзін жұмған қалпы жартастың үстінде отыр. Ол осынау алыс елдерге сапар кезіндегі өзінің өмірі мен іс-қимылдарына риза болатын. Тау жолы оны бұдан былай қорқыта алмайды. Ол жолбарыстар мен сілеусіндерді аулауды армандады. Марко өзін ұзын найзасын жыртқыштың көмейіне түп-

тура сүңгітетін ұлы аңшылардай сезінді. Тәтті қиялдың оны әбден баурап алғаны соншалық, ол қарлы боранды да, апталап іші көк түтінге толы үңгірде отырғанын да, миын айналдырған үрейлі ойларды да, тіпті биіктіктен қалай қорыққанын да, бәрін-бәрін ұмытты. “Міне, мынау ақ жолбарыстың терісі, суық түнде жамынын жатсын, Ашимаға бер”, – дейді ол Матеоға күндердің күнінде.

Айналасын таулар қоршаған жазықта үп еткен жел жоқ. Аттар мен қашырлар әр жерде бақташылардың бақылауымен жас шөптен бастарын көтермей, емін-еркін жайылып жатыр.

Ашима шаршы матаны тарам-тарам етіп жыртты да, Марконың жанына келді. Күн сәулесіне шағылысқан көздерін жыпылықтатқан “ұлы аңшы” қызды көлеңкесінен-ақ таныды.

Ашима Марконың қолдарының барлық жараларына шипа май жағып, жіңішкелеп жыртылған матамен таңып тастады.

Ауадан қарағай шайырының иісі аңқып шығып, мұрынды қытықтайды. Бұтаның арасынан бір топ құр ұшып шығып, шатқалға барып қонды. Тас жарықтарының ішінен де көк шөп қылтанып көтеріліп келеді. Мәңгі мұзтаулардың дәл төбесінен көгілдір асиан төніп тұр.

Бір апта тыныққаннан кейін керуен қайтадан жолға шықты. Күш көліктеріне ауыр теңдер артылған. Сегіз жертөледен тұратын жолдағы аңшылар ауылынан жолаушылар кодас және екі жетіге мол жететін түрлі азық-түлік сатып алды.

Керуен шығысты бетке алып қозғалып келеді. Жол бойындағы өлген жануарлардың ұдайы кездесіп отыратын қураған сүйектерінен-ақ оның әйгілі керуен жолы екендігін аңғаруға болады. Ол – бірде жартас, бірде жазық, бірде аңғар, бірде орман-тоғай дегендей – небір асуларды басып өтті. Екі апта бойы жүргенде оларға ең болмаса адам тұратын бір күрке кездескен жоқ.

Содан соң олар биік таудан төмен түсіп, Памир аймағын Қашғар-Дария бойындағы құнарлы алқаптан бөліп жатқан Марқан-су атты шөл даламен жүрді.

Олардың бұрын мұздай желден үсікке шалынған беттері енді оттай ыстық күнге күйіп, жездей жылтырап шыға келді. Үсті-бастарының қуыс-қуыстарын сусылдаған құм толтырып тастады. Анда-санда олар өздері асқан асуға – артта мұнартқан алып тауларға – мақтаныш сезіммен қарап қояды; бұл жетістік жолаушылардың жүректерінде сапарларының сәтті аяқталуына деген зор сенім туғызды.

Көліктер мен жолаушылардың ұзарған көлеңкелері сусыған құм үстінде көлбеңдейді.





Ауыздығымен алысқан ақ айғырға мінген Марко Қашғар көшесімен ағызып келеді. Даусын жырта айқайлап, өтіп бара жатқан адамдарға жаңа піскен жемістерін, мақта-маталарын, шарабы мен жібегін, жолаушыға қажет бұйымдар мен тағы да толып жатқан дүниемүліктерін ұсынған саудагерлерге ол менсінбей, көзінің қиығын ғана салады. Қашғар базарларының парсы базарларынан ешқандай айырмашылығы жоқ, мұнда тек сән-салтанат үшін жиналатын піл сүйегінен ойып жасалған түрлі мүсіндер, күміс ыдыстар, алтын әшекейлер, асыл тастар секілді Еуропа мен Үндістан арасындағы сауда нүктелері шоғырланған Бағдат, Ормуз және Керманда көп кездесетін бұйымдар сирегірек сатылады. Қашғар базарларында

күнделікті тұрмысқа қажетті дүние-мүліктер әрқашанда молырақ болады.

Көше бойымен өтіп бара жатқандар жас италяндыққа таңырқай қарайды. Марконың ашық маңдайлы, қыр мұрынды, сопақшалау келген қызыл шырайлы бет әлпеті көпшіліктің назарын өзіне аудара берді: қою қасын кере алақандай қой коздерімен айналасындағы өлемге байсалды қалыппен қарағанынан-ақ оның ақылды, батыл және қиялы ұшқыр ізденімпаз жігіт екені анық байқалатын.

Марко үстіне тәуір киім киіп, қаланың адам құжынаған көшелерімен атқа мініп серуендегенді ұнататын. Памирді басып өткен қауіпті сапар оның өзіне деген ішкі сенімін ғана нығайтып қойған жоқ, ол сондай-ақ Керманда басы ашылған әкесімен екеуінің арасындағы жаңа қатынастарды да орнықтыра түсті. Ол ендігі жерде өзіне айрықша қамқорлықты қажет ететін бұғанасы қатпаған бозөкпе бала емес. Марконың ер адам ретінде жеке даусы бар, онымен санасады және оның еркіндігін ешкім шектей алмайды. Ал, пікірінің салмағы, Матеоның, көкесінің және әкесінің пікірлерінің салмағына тең болмаса, кем емес.

Марко татар хандары сияқты үстіне көгілдір жібектен тіккен шекпен киіп алған. Досы Матео сыйлаған коздің жауын алатын лағыл тасты алтын қалыпқа қондырып, омырауына тағып тастаған. Аяғында бота терісінен иленген былғарыдан тігілген қоңыр етігі бар. Қала қақпасынан шыққан бойдан Марко атын тебініп қалып, керіліп жатқан жүзімдіктердің, жасыл бактар мен көгілдір алқаптардың, сары алтындай егістіктердің арасымен қып-қызыл шапағын шашырата шашып, батып бара жатқан күнге қарай шоқыта жөнелді. Оны еркіндіктің ерекше сезімі мас қылғандай еді. Жол бойымен ерсілі-қарсылы ағылған үстіне шөп, күріш, ағаш көмірі, көкөніс сияқты жүк артылған есек жегілген жеңіл арбалар, қап арқалаған жүк тасушылар, айдалған мал – бәрі-бәрі көз алдынан жылжыған суреттей болып өтіп жатыр. Жол босар емес, адам да, арба да, мал да тізбек-тізбегімен үзілмей ағылады. Астындағы айғыр

тастак табанды қара жолмен еркін зулап келеді, денесі тершіген жануардың сұлу мүсіні тіпті айқындала түскендей, жел тараған жалы Марконың кеудесін сипап-сипап өтеді. Бозбала ат тізгінін сәл-нәл тартыңқырап еді, жануар шабыстан желіске қошті.

Кенет Марко алдыңғы жақтан батып бара жатқан күннің алқызыл шапағына шағылыса көтерілген қою шаңды байқады. Түйдек-түйдек шаң таяп қалды. Әуелі комескілеу болғанмен, жақындағанда татар сарбаздарының тобы Маркоға анық көрінді.

Топты ту ұстаушы бастаған. Одан кейін үсті-басына сарыала киім киген жүзбасы, оның ізін ала бес бірдей онбасы, ал бұлардан соң қатар-қатар сан түзеп, аласалау болса да ұшқыр аттарына мығым отырып, садақ асынып, белдеріне қорамсақтары мен әдемі қынапқа салған қайқы қылыштарын байлап алған сарбаздар келе жатыр.

Жасақ таяп қалғанда керуендегілер алды-арттарына қарамай арбаларын жылдам жолдың жиегіне шығарып, түйелер мен есектерді тіпті одан да әрегірек алып кетті. Сарбаздардың безерген беттерінен ештеңені байқай алмайсың. Олардың аттарының тұяқтары әбден тақырланып қалған даңғыл жолдың шаңын көтеріп, тарсылдатып дыбыс шығарып келеді, ал қансорпасы шыққан көліктерінен тараған тердің күлімсі иісі қолқаны атып, ауада қалқып тұр.

Дала көшпенділерінің осынау оркөкірек, менмен ұрпақтары жан-жақтарындағы өмір көріністерін көздеріне де ілмей, тура тартып барады. Құлдыққа түскен халықтар үшін олар бұл дүниедегі ең жексұрын және жеркенішті жандар еді. Бағдат пен Новгородтан алыстағы Ханбалыққа, ұлы қаған Құбылайдың ордасына дейінгі аралықтағы барлық қалаларда егерде тұтқиылдан бүлік шыға қалса, оны Шағатайдың\* катал заңына сөйкес табан астында баса қоятын монғол сарбаздарының жасақтары тұрды.

Монғол сарбаздарымен жолығу Марконы ауыр ойға батырды. Оның есіне өкініш пен күйіктен өзегі ортенген Хасан-бектің: “Біздің елде ендігі жерде сымбатты ештеңе жоқ, барлығы татар аттарының

тұяғы астында тапталып қалды” – дегені түсті. Ал Қажы-Мұхаммед бұл шапқыншылықтан тікелей зиян шеге қоймаса да, өзіне тән сактықпен әңгіме-дүкен барысында бір елдің екінші бір елді басып алуын құптамайтынын сездірген болатын. Қарт жолбасшы Ло Бцан болса, Маркоға өз тайпасының жер бетінен жойылу тарихын тәптіштеп тұрып баяндаған еді, бірақ бұл оқиғаны ол ешқандай күйзеліссіз, жаны ауырмай, сезімі селт етпей, қарапайым әңгіме сияқты айта салатын. Шамасы, арада ұзақ уақыт өтіп, өзі де әбден қартайған соң, ақсақалдың жүрегіндегі өшпенділік оты мүлдем сөнген болуы керек. Осыншама жылдар бойы оны өшірмей ұстау мүмкін бе? Үнемі басқа дастарқан басында отыра берсең, бірде болмаса бірде, шақырылмаған қонақ екенінді сездіретіндер табылады ғой.

Марконың бойындағы монғол тарихын тереңірек білуге деген құштарлық үдей түсті. Оны әрқашан сайыпқыран сарбаздардың өрлігі таңдандыратын. Ол 1204 жылы крест тағушыларды бастап, биік қорғанмен қоршалған Шығыс Рим империясының бас қаласы Византияны жаулап алған Венеция дожы Энрико Дандолонның ерлігіне кішкентай бала кезінде-ақ ерекше сүйсінетін еді. Күштілер әлсіздерге неліктен өз биліктерін жүргізбеге тиіс? Бірақ монғолдар Ашиманың анасын өлтіріп, оның өзін құлдыққа сатып жіберді. Шыңғысхан ақбас таудың етегіне тігілген алтын шатырында отырып өз әскеріне: “Сендер әйелдер мен балаларды тірі қалдырамын десеңдер, оны өздерің біліндер, ал қару ұстауға жарайтын еркектерді, бізді Мұхаммед шахқа сатып кетпеулері үшін, табан астында өлтіріңдер. Тек жасакқа атшы-сушы қажет болса ғана бірлі-жарым еркектерді тірі қалдыруға болады”, – деп нұсқау берген.

Марконың ойлары әр сакқа жүгірді. Монғол сарбаздарымен кездескеннен кейін туындаған қисапсыз сұрақтарға жауап таба алмаған ол өзіне-өзі риза емес болатын.

Қытайды өзіне бағындырған және император атағын иемденген Шыңғысханның немересі Құбылай ханды оның әкесі мен көкесі –

аса тәжірибелі көпестер айрықша құрметтейтін. Балық каласында Николо Поло оған: “Біздің жарылқаушылар емес, көпестер екендігімізді қашан түсінер екенсің”, – деген еді. Алайда оның досы Матео қызды сатып алып, оған адамша өмір сүруге жағдай жасады, сол үшін басын бәйгеге тікті.

Жолдың оң капталындағы көгілдір қырқалардың арасымен Қашғардария ағып жатыр. Марко атынан секіріп түсіп, оны шідерледі де, өзен жағасындағы көк шалғынға жайылуға жіберді. Шығыс беттен Қашғардың үйлері көрінеді. Олардың шатырлары батып бара жатқан күннің шапағына малынып тұр. Қаланы қоршаған дуалдың ішкі жағынан мешіт мұнаралары мен шіркеу қоңырауханалары асқақ көтеріліп, алыстан көрінеді. Қашғарда ұлы қағанның қол астында мұсылмандар мен несториан-христиандар\* бейбіт қатар өмір сүріп жатыр.

Марко өзенді жағалап кетті. Жол жайқалған бақтың қоршауының сыртынан өтеді екен. Ағаштарда алтындай жарқырап сары өрік, шабдалы, алма, алмұрт секілді жемістер тұнып тұр. Қоршаудың ішкі ернеуін бойлай қызыл және күлгінсары раушан гүлдері жайқалып өскен. Бақтың қақ ортасында сыртқы есігі неше түрлі ою-өрнек салынып безендірілген аппақ үй орналасқан. Марко жан-жағына қарады. Маңайда тірі жан жоқ екеніне көзі жеткен соң, ол жылдам бір шок раушанды жұлып алы. Ашима гүлдерді ұнататын.

Осы сәтте кешкі тыныштықты біреудің қарқылдап күлген даусы бұзды. Бұталардың тасасында тұрған орындықтан талғаммен киінген зор денелі кісі көтерілді де, жылы шыраймен:

– Қош келдіңіз, жат елдік! Кіріңіз, гүлдерді қалағаныңызша алыңыз. – Сосын кошеметпен иілді. – Сіз қашғарлық қазының үй-жайына келдіңіз. Мені Баяндер бек-Береген деп атайды. Неге гүлдерді үзбей тұрсыз?

Үй қожасы аса бай киінген жат жерлік жігітке іш тарта қарап тұр. Оның көзінен әзіл ұшқыны білінеді.

Марко қолындағы бір шок гүлімен бақ есігінің аузында не істерін білмей, ыңғайсызданып тұр.

– Ұрлығым үшін кешірім өтінемін, Баяндер бек, – деді ол ұялғаннан даусы әзер шығып. – Менің атым Марко Поло, Венециядан келдім.

– Ал енді Қашғарға кері қарай шаба жөнелгенге дейін баққа кіріп, аз да болса, тыныстап алыңыз.

Марко шағын есік арқылы осынау кешкі баққа кірді. Баяндер бек қонақты мақпалмен қапталған кішкене сәкіге отырғызды. Қызметші әйел оларға қауын, өрік және шарап әкелді. Қызыліңірдегі көкжиектен ағаш жапырақтарын жарып өтіп, төгіліп тұрған алтын арай бірте-бірте көмескі тарта бастады, ақыры оның шашылған шапағынан із де қалмады. Қоңырсалқын кеш түсті, гүлзарлардан хош иіс тарайды.

Бәрің білуге құштар Баяндер бек Марконы сұрақтың астына алды. Ол өмірінде бірінші рет Венециядан келген көпесті кездестіріп тұрған болатын.

– Сіз маған кешіріммен қарауға тиіссіз, Поло бек, – деді ол – Себебі, менде шетелдіктермен сойлесу мүмкіндігі бола бермейді. Барлық уақытты қызмет жұтып қояды. Олардың сазайын Алла берсін, дүниеде ұры-қары, қарақшы, бұзақылардың соншама көп екендігін сіз көз алдыңызға ойша болса да елестете алмайсыз. Монғолдың мырзаларымен менің қарым-қатынасым өте тамаша. Олар тәртіпті жақсы көреді. – Оның жалпақ беті күлімсіреген кезде тіпті табақтай болып кетті. – Мен өткен аптада көршілерін монғол әкімдеріне қарсылық көрсетуге үгіттеген екі шаруаны жазаға кестім... Поло бек, мынау өріктердің дәмін көріңізші, тура бал татиды. – Бәлкім, өз қызметінің ауырлығын ойлағанынан болар, Баяндер бек-Береген ауыр күрсініп қойды. Сосын сұқ саусағын шошайтып, тамағын сызып көрсетті. – Сенсеңіз, тек бас алу арқылы ғана тексіз тобыр ішінде тәртіп орнатуға болады. Монғол хандары менің қызметіме өте риза... Өзіңіз мына үй-жайыма назар салып қараңызшы. Анау өзенге дейін созылған егіс алқаптары, қырқалардағы жайқалған жүзімдіктер, бәрі-бәрі менің меншігімде. Осындай

үлкен шаруашылықты игеріп, жайнатып-жарқыратып ұстаудың өзі оңай жұмыс емес.

Ол Марконы бакты қоршаған шарбак қасына әкеліп, қолдарымен нұсқап, өз иелігіндегі алқаптарды корсетті. Қазының жүзік салынбаған саусағы жоқ екен.

– Сіз Қашғар азаматы Баяндер бексіз ғой? – деп сұрады Марко.

– Дәл солай, Поло бек, – деді маңғаз қалыппен аумақтық қазы.

– Сіздің көрсеткен қошеметіңіз үшін көп рахмет, – деді Марко салқын сыпайылықпен. Сосын үй иесіне тәжім етті. – Қаланың қақпалары жабылмай тұрғанда жетіп қалу үшін маған енді асығу керек.

– Бір мезетке ғана тоқтай тұрыңыз, Поло бек! – деген аумақтық қазы гүлзарларға қарай жүгіре жөнелді де, одан бір күшак гүл жұлып әкелді. – Мына гүлдер менен сый болсын, қабыл алыңыз, ал, енді менің осынау оңаша қонысымды ұмытпай, жиі-жиі қыдырып келіп тұруыңызды өтінемін. Алла сізге жар болсын, – деді ол.

Марко жайылып жүрген атының аяғындағы шідерді шешті де, ер үстіне қарғып мініп, Қашғарға қарай құйғытып шаба жөнелді. Баяндер бектің қонысынан сәл ұзаған бойда-ақ ол қазы сыйлаған гүлдің бәрін тура шаңы бүркыраған жол үстіне, ат тұяғының астына лақтырып жіберді. Ал, өзі үзіп алған бір шоқ раушан гүлі Марконың белдігінде қыстырулы тұр еді.

Марко қалаға кіргенде түн қараңғылығы жаңа ғана қоюлана бастаған болатын. Монғол сақшылар тұрғындарға түннің түскенін, енді көшеге шығуға болмайтынын ескертіп, ағаш балғаларымен темір даңғыраларын ұрғылап, кошелерді кезіп жүр. Даңғыра соңғы рет соғылғаннан соң біреу-міреу әлдеқалай көшеге шыға қалса, онда ол адамға комақты айыппұл салынады. Марко атына қамшы басты. Оның ертең Баяндер бек-Берегеннің алдында тәртіп бұзғаны үшін жауап беруге ешқандай ынта-ықыласы жоқ еді.

Керуен сарайдың алдында айналаға хош иіс таратып ақ гүлді үлкен бұта өсіп тұр. Марконың ұшқыр жанары әктейген дуалға

түскен көлеңке сұлбасынан-ақ талдырмаш қыздың сыртта тұрғанын бірден байқады. Қыз салт аттыны көрген бойда жүгіріп барып, қақпаны ашты. Атынан қарғып түскен Марко оны тізгінінен жетектеп, ішке кірді.

– Сен екенсің ғой, Ашима, – деді ол көңілденіп.

– Мен кездейсоқ терезеге қарап қалып едім, сізді көрдім, жас мырза, – деді қыз. – Қараңғы болып кетті ғой.

Қыз қақпаны жапты. Бұтаның кейбір тармақтары шарбақ үстінен ішке қарай төгіліп тұр. Көкпеңбек жапырақтардың ішінен екі ақ гүл айрықша қоз тартады. Бәрі де ай нұрына малынған.

Ашима Маркомен итальян тілінде сөйлесті. Оның аузынан шыққан итальян сөздері әндей әсерлі, саздай сарынды естілетін.

Марко абайлап беліндегі бір шок гүлді қолына алды.

– Мен кетуім керек, – деді Ашима бәсең дауыспен. Мені мессер Матео күтіп отыр.

“Бұл қыз оны құдайдың өзіндей сыйлайды”, – деп ойлаған Марко даусын көтеріп:

– Міне, мына гүлдерді мессер Матеоға апарып бер, – деді.

Ашима шок гүлді ойланып барып алды да:

– Рахмет сізге, жас мырза, – деді.

Жаздың жайдары бір таңында, күн көтеріле бергенде, шығысқа аттанып бара жатқан үлкен керуенге қосылған венециялықтар Қашғармен қоштасты. Ло Бцан қарт бұрынғысынша керуенді бастап келе жатыр. Арада бір апта өткенде олар Такла-Макан шолінің етегіне орналасқан Жаркент қаласының көшелеріне кірді. Бұл қалада олар көп аялдаған жоқ, өйткені мұнда ауызсудың сапасы өте нашар болатын, құбырмен келген сасық суды ішу у ішкенмен бірдей еді.

Жаркенттің көптеген тұрғындарының тамағында жұдырықтай, кейде тіпті одан да үлкен, сәбидің басындай ісіктердің болатынына Марконың назары ауды. Жұрттың айтуына қарағанда ол судың сапасыздығынан пайда болады.



Венециялықтар керуеннің бұл жерде аз бөгелгеніне қатты қуанды. Хотанға баратын жол сансыз өзектер мен өзендерді жағалап отырады. Жол бойында қалалар, ауылдар және әскери бекіністер көп кездеседі. Жолаушылар осындай мекендерден жеміс-жидек, нан, май, шай және басқа да азық-түліктің түр-түрлерін сатып алып, ішетін астарының әрі дәмді, әрі нәрлі болғанын қалайды. Жол қапталдарындағы алаңқайларға бидай, макта, зығыр, сора егіліп тасталған, жинауын күтіп жайқалып тұр. Ауылдар мен қалалардың арасында сауда қызу жүруде. Оларға жол үстінде Қытайдан Қашғарға қайтып бара жатқан бірнеше керуен қарсы жолықты.

Хотан қаласын қоршаған ежелгі бекіністен қалған дуалдың кей тұстарын қалың өскен бұта басып кеткен. Мұнда да керуен бірнеше күн ғана аялдады. Ло Бцан азық-түліктің, жем мен ауыз судың қорын толықтыруды қатаң қадағалады, өйткені алда Такла-Макан шөлі арқылы өтетін ұзақ жол жатыр еді. Бір қызығы, осынау шөл далада жақын маңдағы Куньлунь тауларынан бастау алатын, бірақ бірте-бірте құмға сіңіп жоғалып кететін өзендер мен солардың алқабында пайда болған қолдар де кездесіп қалатын.

Керуен алғашқыда шөлдің шетімен жылжып отырды. Марко жол бойындағы өздері басып өтіп жатқан қалашықтар мен ауылдардың тұрғындарының жолаушыларға сезіктене қарайтындығын байқады. Қарт керуенбасының айтуына қарағанда монғол отрядтары бұл өңірге талай-талай тонаушылық жорықтарын жасаған. Сондықтан жақын маңда жат елдің жасақтары көрінді деген сыбыс есітіле қалса болды, жергілікті халық барлық малдарын айдап, осы манайдан екі кештік жердегі құм ортасындағы сулы-нулы алқапқа қашып барып, одан тек жау кеткеннен соң ғана қайтып оралады екен. Шөлдегі бұл оазисті табу мүмкін емес, ыстық желден бораған құм, ізді лезде көміп тастайды. Астықты, жалпы бүкіл азық-түлікті мұндағылар өздері ғана білетін үңгірлерге тығып тастап, олардан ай сайын қажетті мөлшерде ғана алып отыратын.

Монғол жасақтарынан әбден зөрезап болып қалған жергілікті тұрғындар сондықтан жат жерліктердің ешқайсысына да сенбей, күдікпен қарайтын.

Күннің ыстығы табаға қуырғандай етіп қыздырған құмның үстімен жүрудің азабы мен машақаты көп болды. Бастары мәңгі қар жамылған биік таулардың жанды жадыратар таза ауасын Марко жиі-жиі сағына есіне алатынды шығарды. Маңайдың еңсені езген сүреңсіз сұлбасы тек анда-санда жолда екі-үш түп ағаш немесе жағасында көк шөп қылтиған өңештей өзек кездескенде ғана өзгергендей болады. Ашима мен Матео алдыңғы жақта келеді. Матео атын тебініп жіберіп, олардың қатарына қосылды.


Марконы көрген Ашима тізгін тартып, бойын жинап, тікейіп отырды. Оның қоңырқай жүзі алмадай қызарып кетті.

– Е-е, Марко екенсің ғой, – деді қажыған дауыспен Матео. – Мынау сары теңіздей толқыған құммен енді қанша уақыт жүретінімізді, бәлкім, сен білетін шығарсың?

Ло Бцан оларды енді екі тәуліктен соң керуен Черченге жетеді деп сендірді.

Ымырт үйіріле бастаса да, ауаның салқындар түрі жоқ. Үшеуі үндемей қатарласа жүріп келеді.

Дүниеде сусыған құмнан, теңселіп жүріп келе жатқан жүк көліктерінен, олардың тұяқтарының тынымсыз тырсылынан басқа ештеңе – бақтар да, гүлдер де жоқ секілді болып көрінді жолаушыларға.



Сапарға шыққандарына түп-тура екі жыл толған күні венециялыктар қаптаған керуендер ауыр жол алдында көлік тынықтырып алатын Лоб атты кішкентай қалашыққа келіп жетті. Бұл жерден әрі қарай ұлы Лоб шөлі басталады. Мұнда аптап жел көшелерді, базарды, бөкенелеу үйлерді құмға көміп, жалындай шарпып соғады да тұрады. Бір топ дәуріштер жаңадан келген жолаушыларды қоршап алып, оларға қайыр-садақа жинайтын табақша ұстаған қолдарын созғылап әлек. Қалашықта үлкен әскери қосын аялдап жатқан секілді. Венециялыктар бір ай уақыт тұра тұруға ыңы-жыңы көп орталық көшеден алысырақтау, жалпы орталықтан аулағырақтау жерден өте-мөте жұпыны екі үйді өзер тапты.

Бірде түскі астан соң Марко өзінің досы Матеоға барды. Матео терезенің алдында сыртқа қарап тұр екен. Оның көздерінде бұрын сезіле қоймаған мұң барын Марко бірден байқады.

– Әне, үлкен сары гүл бүршік жарып тұр, – деді Матео сырттағы терезе алдындағы өсімдіктерді көрсетіп. – Кей-кейде дүниеде мұздақтар мен шөлдерден басқа ештеңе де жоқтай болып көрінеді. Сөйтіп жүргенде көзіне сары гүл түседі.

Өз сөзіне қолдау күткен Матео досының аузына қарады.

– Есінде ме, бірде, Венецияда, сен маған өз достарыңмен келіп едің ғой. Мен сол жолы да бүгінгідей терезеден сыртқа қарап тұрғанмын. Көзіме сырттағы шағын бау-бақшамда бүршік жарған сабағы ұзын сары гүл түскен, ал, оның арғы жағынан менің қара қайығымның желкендері көрінген. Одан бері қай заман, Марко. – Матео кеудесін керіп, кенет сенімді дауыспен: – Нағыз теңізші шаң жұтпауға тиіс! – деді. – Сосын екпіні басылыңқырап: – Сен мені түсінесің бе? Сумақай сатушыдан құтқарып қалмағанымда бүгінде менің қызымның жағдайы нендей күйде болар еді? Венецияға енді қайтып табаным тие ме, тимей ме? Кейде мен бұдан былай туған қаламды қормейтін секілді боламын, – деген ол ұзақ уақыт үндемей отырды. Содан соң: – Мен қызымды өз Отанына жеткіземін. Ол сол жерде ғана бақытты болады, – деді.

– Ашиманы ма? – деп сұрады Марко.

– Иә. Оның туған жері Қытайдың оңтүстік жағында, Үндістанмен шекаралас жатыр. Ашима онаша қалған кездерінде өз отанының алқызыл таулары жайлы ойлайды... Тек мынандай қарғыс атқыр қапырық ыстық, бұрқыраған шаң және алаяқ саудагерлерден құтылсақ болды...

– Сен отаныңды сағынған екенсің, Матео.

– Отанды сағындың дейсің бе? Әйелдің сөзін айтам-ау енді... Кеше біздің баққа бір адам келді. Қорыққаннан дірілдеп кеткен Ашима мені шақырды. “Ашима, саған не болды?” – деп сұраған мен, шақырылмаған қонақты желкесінен түйгіштеп айдап шықпақ едім,

қызымның: “Тимеңіз оған, мессер Матео, бұл адам бізге ешқандай жаманшылық жасаған жоқ”, – дегені. Осы кезде жаңағы жексұрынның қасқырбет жүзі жымысқы күлкіден мың құбылып, ол маған бірдене дей бастады. “Мынау не деп тұр, Ашима?” – деп сұрадым мен. “Ол алтын құймаларды күзетіп жатқан шөл перілерінен сіздің аруағыңыз басым екенін айтып тұр. Сол қазынаны алу үшін сізді өзімен бірге шөл далаға жүруге шақырады”, – деді қызым. Өзін ойлап қарашы, бұл сұмырай мені қалай-қалай арандатады!.. Оның ойында не барын бәрібір біле алмадым мен оны үйден айдап шықтым, ал ол, есуас адамдай бет-аузын кисайтып, қолдарын ереіі-қарсылы сілтеп, ұрсып, айқайлап жатты. Ашима не болса, содан қорқады. Бұл жақтың адамдарын маған түсіну де қиын.

Досына елжірей қараған Марко:

– Бәрі де сенің елді қатты сағынғаныңнан, Матео, – деді.

– Ал сен сағынған жоқсың ба? – деп сұрады Матео.

Марко өз басындағы жағдай жөнінде терең ойға шомды. Әрине. Венецияны сағынбау, аңсамау мүмкін емес. Туған қаласының бейнесі жүрегінің түкпіріне берік орныққан, алайда оған деген махаббат әрқашанда бұйығы қалпында, тек оқта-текте туған өңіріне табиғаты ұқсас жерлерді көргенде, тіпті, болмашы ғана таныс бояудың өзінен жүрегі өрекііп, сезімі селт етіп, көз алдына Венеция елестеп тұрып алады. Ол Венецияны бірде жай, бірде қатты аңсайды. оған деген сағыныш Марконың көңілін кейде жабырқатса, кейде жабыққан жүрегіне жұбаныш әкеледі; оның бойындағы осындай сезім бейтаныс дүниені көрмей-білмей тұрып, Венецияға оралуға мәжбүр ететіндей ешқашан соншалықты төзгісіз, соншалықты күшті, соншалықты азапты болып көрген жоқ. Ол сондықтан өз жүрегінде туған отанына деген нағыз сағыныш бар деп есептеген жоқ.

– Сен Ашима қатты қорықты деп танданасың, ал оның сыры маған түсінікті. Ол сені сол адаммен бірге шөл далаға алтын іздеуге кетеді деп ойлаған.

Ойдан бойы жеңілдеген Матеоның жүзіне күлкі үйірілді.

– Шамасы, сенікі дұрыс, – деді ол. Шынында да Ашима сол жексұрын мені шөлге шығуға кондіреді деп ойлаған болар... Ал, сен сонымен, туған еліңді сағынбайсың ғой?.. Қарашы, мына құм қойны-қоншыңды толтырып тастайды. – Матео алақанымен көрпені ұрғылап қойды. – Мен неге алтын іздеуге шөлге кетуге тиіспін?

\* \* \*

Арада бір ай уақыт өткенде тағы да үлкен керуенге қосылған венециялықтар Лоб шөлінің шетіне кірді. Қосымша жүктерді арту үшін қарт керуенбасы тағы да екі түйе мен үш есекті жалға алды және ең аз дегенде бір айға молынан жететін азық-түлік қорын қамдап жолға шықты.

Ол жолаушыларға керуеннен бес қадамнан артық алшак кетпеу керек екенін өте қатаң ескертті, өйткені, бұл шөл далада қара ниетті жын-шайтан шұбырып жүретін және олар шетке шыққан бірлі-жарым адамдардың басын айналдырып, айдалаға адастырып жіберетін.

Әр көліктің басына қоңырау байланды. Олардың бір сарынды сынғыры ештеңені ойлатпай, үйкінды келтіреді. Маңайда құм төбелерден басқа ештеңе жоқ. Жел құмды теңіз толқындарындай жал-жал қылып үйген. Сап-сары, ыстығы бет қарыған құмнан кашсаң да құтыла алмайсың.

Кешке қарай керуен суға толы апанға жетті. Ондағы судың мөлшері түп-тура жүз адамды және олардың көліктерін суарып шығуға жетер-жетпестей ғана еді. Жатар алдында керуенбасы жүз қадам жерге барып, таңертең жолдан жаңылмас үшін жол бағытын адастырмай көрсететін таяқ шанышты.

Есекке мінген Марконың еңсесі түсіп кеткен. Николо мен Маффео Пололар да көңілсіз, үнсіз ілбіп келеді. Жел жоқ, күн тымық. Кенет жол қапталында ағарып жатқан бірдене оның назарын аударды. Сол жаққа шоқыта жөнелген оны ешкім тоқтатқан жоқ. Түйе мен есекке мінген барлық жолаушылар жігерлері жасып, бастары салбырап, қараптан-қарап шаршап келе жатыр.

Ойламаған жерден жел көтерілді. Маркоға алыста бір жерде музыка ойналып жатқандай болып көрінді. Дірілдеп тұрған ыстық ауа арқылы айрықша бір әуен жақын маңнан шыққандай еді, алайда ол бірте-бірте құлақ тұндыратын ысқырыққа айналып кетті. Бейне бір қып-қызыл пештен шыққандай жалын Марконы шарпып өтті. Аспанды бұлт басты да, қап-қара қою шаңның құшағында қалған Маркоға түк көрінбеді.

Алапат күм көшкіні басталды.

Тынысы тарылған Марко есектің жып-жылы бүйіріне жабысып, күм үстінде жатыр. Бір жағынан жотел қысып, екінші жағынан жүрегі көтеріліп, оның жағдайы мүлдем қиындап кетті. Суылдаған ып-ыстық күм бірте-бірте денесін басып барады. Қиналғаннан мойнының күре тамырлары білеуленіп кетті, аузын ашса күм кіреді. Бойынан күш қашып бара жатқанын сезген Марко есектің жүнінен шеңгелдеп ұстап алған. Ол өзінің үстіне күм үйілмейтінін білген жоқ, өйткені сусыған күм бір орынға жиналмайтын. Марконың жүрегінің соғысы нашарлай бастады, тіпті окпесіне де күм толып кеткендей сезінді.

Қатты тартылған ішекке тиіп кеткенде шығатын дыбысқа ұқсас сазды сарын басыла бастады. Борасын алыстап барады, ал есек пен екеуінің маңайына жиналған күм томпайды да қалды, өйткені оны ұшырып әкелердей күшті жел жоқ еді.

Содан алай-түлей борасын тоқтап, шаңдақ басылып, аспанда ошақта маздаған оттай кошқыл қызыл күн көрініп, маңайда тыныштық орнағанда, шөл даланың тұрқы да өзгеріп сала берді. Бұрынғы тобешікті алқаптар теп-тегіс жазыққа айналып кеткен, ал аумағы көз талдыратын күмдақ атырапқа күм төбелер орнап қалыпты. Қай жағыңа қарасаң да, бір-бірінен аумайтын тербелген толқынға ұқсас жал-жал күм. Шөл дала бұрынғыдан да үрейлі, бұрынғыдан да сұсты болып кеткендей.

Бір қарағанда Марко мен есекті басып қалған күм төбешіктің маңынан ешқандай тіршілік нышаны білінбейді. Тек онан ақ шалбар киген бір адамның аяғы сарайып шығып жатыр.

Көкжиекті қызыл жалынға малып күн батты. Сосын қызыл рең көзден ғайып болып, маңай іңір қараңғысына көмілді. Ұшы-қиыры жоқ сұрқай құмның ортасында адам баласының жүрегі әрең-әрең соғып жатты.

Ай туды. Түнгі аспанда жұлдыздар жымыңдады.

Тек сонда ғана тобешікке жан біткендей болды. Әуелі есектің жон арқасы көрінді, содан соң оның төрт аяғы тырбандап еді, үйінді құм сусып түсе бастады. Есек, бірнеше рет талпынғаннан кейін ғана тәлтіректеп барып, өзгер дегенде жатқан орнынан көтерілді. Ол бір тұрып, бір құлап, ақыры әрең адымдап орнынан қозғалды. Бірақ сәлден соң тоқтап, басын шұлғып терең дем алып, ышқына ақырды. Терлеген денесіне құм жабысқан жануар есекке емес, басқа бір ғажайып мақұлыққа ұқсайтын еді.

Бетін алақандарымен басып, сол аяғын созған Марко бүк түсіп бүріскен қалпында жата берді. Бір кезде, есін жинағанда, ол қолдарын жоғары созып, аударылып жатты. Үстін басқан құм сусып түскенде кеудесін керіп демін алмақ болған бозбала аузы-мұрнының топыраққа толы екенін сезінді.

Ол өзгер дегенде басын көтеріп, түшкіріп, түкіріп құмнан тазалана бастады.

Есек Марконың қасына келіп тұрды. Тіршілік иесінің жанында болғаны оған қажыр-қайрат берді. Ол есектің аяғынан ұстап, ақырындап орнынан көтерілді де, ердің басына ілген қапшықтан су құйған месті алды. Местің пұшпағы жақсылап байланған еді, ішіндегі су тап-таза болатын. Марко аузын шайып, жылып кеткен суды ынтыға ішті де, құлағын тосып, тың тыңдады. Айнала тын-тыныш. Анадай жерде өзінің керуеннен қалып қоюына себеп болған ағарандаған бірдеңе жатыр. Ол түн қараңғысында жарқ-жүрк етеді.

Керуен қайда? Жалғыздық Марконың денесін билеп, жабырқау күйге түсірді. Есек басын бозбаланың иығына сүйкеді.



– Екеуміз адастық, көкшолақ, – деп күбірледі Марко. – Токтай түр, мен қазір саған су беремін.

Оның тілі таңдайына жабысын, сойлеуі қиын болды. Қаншықтап мыс тостағанды алып, су күйып, есектің аузына тосты.

– Дүниеде судан қымбат ештеңе жоқ... Коп сіміре берме. сен көкшолақ.

Марконың назарын өзіне аударған ақ зат сусыған құм мен соққан жел әбден жылтыратқан адамның қаңқасы болып шықты. Бас сүйекке жалғаса мойын омыртқа жатыр. Түк қорқынышты емес. Көздердің орны үнірейін, үстінгі жағында кең маңдайы жарқырайды. Шамасы, әбден шолдең қаталап, күш-қайраты таусылған байғұстың ақырғы демі осында біткен. Қураған сүйектерге көз тастаған Маркоға өлім жайлы ой келгендей еді, кенет алыстан сансыз тұяқтардың дүбірін естігендей болды. Ол қаңқаға қайтадан көз тастады. Бас сүйек азу тістерін акситып тұрғандай болып көрінді.

– Кеттік, көкшолақ, – деді Марко. – Естідің бе? Достарымыз бізді іздеп жатыр.

Есекке мінген Марко тағы да тың тындап еді, қырқа астынан шыққан тұяқ дүбірін өте анық естіді. Жонына камшы тиген есек сол жаққа қарай аяңдай жөнелді.

– Жылдамырақ, көкшолақ! – деп айқалаған Марконың тағаты таусылып, қаттырақ тебінді.

Қырқаға көтерілген соң бозбала есегін тоқтатып, жан-жағына бажайлап қарады. Алайда оның көзіне айдың бозамық сәулесі түскен жал-жал құмнан басқа ештеңе көрінген жоқ. Тұяқ дүбірі естілмеді. Айналадан ешбір тіршілік белгісі білінбейді. Бұл шолде қорқау қасқыр да, олексе шүкитын күзғын да, тіпті жалғыз тал шөп те жоқ. Сусып жатқан жал-жал құмды және қураған сүйектерді ғана көресің. Оның бойын үрей билеп алды. Ло Бцаннын: “Шол далада жын-перілердің қармағына түсіп қалып жүрмеңдер. Сондықтан керуеннен бес қадамнан артық жерге ұзамандар”, – деп ескерткені есіне түсті.

Әбден абыржып, сасқан бозбала жаң-жағына қарады. Қалай қарай жүру керек? Керуен қай тұста екен?

Марко керуеннің кеткен бағытын анықтауға талпынды. Қаңқа арт жақта жатыр, сондықтан ол оңға қарай жүруі керек. Бәлкім, іздеушілер тауып алғанша осы жерден қозғалмай күткені дұрыс шығар? Өйткені, оның жоғалғанын байқаған бойдан керуеннен іздеушілер шығатыны анық қой. Кенет оның тағы да үрейі ұша бастады. Қалған адамдар қандай жағдайда? Көз алдынан тістері аксиган бас сүйек кетпей қойды. Қорқыныштан арылмақ болып, бозбала басын сілкіп-сілкіп жіберді.

“Мықты бол, Марко”, – деп өзін-өзі қайрағанмен, ол бойын билеп алған үрейді жеңе алмады. Мынандай дауылда Ашиманың да жағдайы нашар шығар?

– Кеттік, көкшолақ, кеттік!

Құлағы салбыраған есек Марко басын бұрған жаққа қарай шоқыта жөнелді.

Марко қаншама шолса да, керуеннен қалған ешқандай ізді көрмеді. Ол әбден адасқанын енді ғана түсінген еді. Шаң-тозаң кірген көздері қып-қызыл. Бойы түнгі салқынды сезе бастады. Басқа түскен ауыр жағдайдан әбден қажыған ол, таң атқанша тынығып алмақ болды. Құмға қисайған бойда ұйықтап кетті. Айдалада адамды серік санаған есек те қожасының қасына келіп жатты.

Марко оянғанда бұлтсыз ашық аспанда шақшиып күн шығып тұр екен. Атқан таңның шапағы түнгі үрейді серпігендей болды. Жарық дүниемен бірге оның бойына өзіне деген сенім қайта оралды. Ол есектің еріне ілінген қапшығын алып, одан кепкен ет, қауынқак, бірнеше күлше нан мен екі торсық суды шығарып, жерге жайылған шүберектің үстіне қойды. Азық-түліктің бәрін қалың шаң-тозаң тұтып қалыпты. Марко шамасы жеткенше оларды тазартқан болды, содан соң қалай үнемдеп ішіп-жесе де, ас-судың екі тәуліктен артыққа жетпейтінін есептеп шығарды. Ол бір күлшені есекке беріп, шамалы су ішкізді, өзі де ептеп тамактанып алды да, есектің басын күншығысқа қарай бұрды.

Ол, есегін жиі-жиі тоқтатып тың тындап қояды. Бойын шарасыздық пен үміт алма кезек билеп келеді, дегенмен уақыт өткен сайын еңсесі мүлдем төмен түсіп кетті. Көкжиекке қарай-қарай көзі де әбден талды. Аптап жел құмды баяу суырып жатыр. Марконы шөл де, аштық та қыса бастады, азық-түлікті үнемдеп жұмсау өте қиын шаруаға айналды.

Күн батуға таянды. Марко болса, керуен жолының сілемін таба алмады. Ол шөл даланың шығысқа қарай созылатынын және оны екі аптада кесіп өтуге болатынын білетін.

Маркоға ауыр ойлар маза бермеді. Әкесі, көкесі және басқа адамдар қайда екен? Осылай із-түзсіз, іздеусіз шөл далада қалғаны ма? Ағарған сүйегі ғана сары құмның үстінде шашылып жатар ма екен? Әкесі мен Маффео көкесінің есіл-дерті шаруада, ал Матеоның басы Ашиманы шөл даладан қалай аман-есен өткізуді ойлаудан босамайды. Егер Марко оралмай қалса, қыз қайтер екен?

“Ал, жас мырза! Жок, жас мырза!”

Оған үрейлі ойлардан арылу қиынға түсті.

– Иә, жас мырза! – деп бар даусымен айқайлаған ол, әрі қарай шыдамы жетпей, ердің қасына ілінген қапшықтан торсықты алды да, суды қанғанша сімірді. Ертең өле ме, немесе үш күннен кейін өле ме, бәрібір емес пе? Әлденеге елендеп, құлағын қайшылаған есек ақырып жіберді. Марко су ішуді тоқтата қойды.

– Сенікі жөн, көкшолақ, сен менен ақылдырақсың, – деді ол.

Есекке де аздап су жұтқызған ол, торсықты қапшықтың түп жағына салды. Содан соң әрі қарай не істерін білмей, біршама уақыт ойланып тұрды. Оған күні бойы бір қадам да жылжымағандай болып көрінді. Маңай батып бара жатқан күннің алқызыл алауына малынған, сол баяғы бір сүреңсіз рең өзгерер емес. Тынымсыз ойдан оның басы айнала бастады.

Кенет ол өзінің атын атап шақырған өте таныс дауысты естіді. “Марко!” – деп айқайлаған үн анық естілді. “Марко!!” Дауыс қайтадан шықты.

Бұл әкесінің даусы еді. Бозбаланың бойын шаттық кернеді.

– Ау-у, – деп айқайлады ол – Мен мұндамын, әке! Бірақ бұл дауыс қай жақтан шықты? Маңай тып-тыныш қой.

Қалай қарай жүрсе екен?

– Жылдамдат, көкшолак! Қараңғы түспей тұрғанда, қырқаға көтеріліп қалайық.

Есекке қамшы басқан Марко тағы да айқайлады:

– Әке, мен мұндамын! Әке!..

Ақыры олар қырқаға да шықты. Айналада тірі жан көрінбейді. Тым-тырыс, үнсіздік. Марко елес жетегінде кеткенін сезді.

Пайда болған үміт осылай сонді. Ол мүлгіген шөл даладан отсыз жанарын ұзақ уақыт аудармады.

– Алға, көкшолак! Біз олмеуге тиіспіз!

Ол тізгінін босатып, қою қараңғылыққа сүңгіді де кетті. Тағы да аспанда жұлдыздар жымыңдады, тағы да жалғыз жолаушының жолына ай сәулесі төгілді. Марко ақыл-есінен айырылмауға тырысты. “Мен кілең шығысқа қарай жүріп отырдым, – деп ойлады ол – Күн мен жұлдыздар мені бағытымнан жаңылдырған жоқ... Мен керуеннен онша алыста болмауға тиіспін... Олар менімен қапталдаса келеді, бағытымыз бір... Шол.. Менің ындыным кеуіп қалды. Аузыма қан дәмі келіп тұр, ернім қанаған...”. Марко қолын торсыққа қарай созды.

– Алға, көкшолак! Біз олмеуге тиіспіз!..

Марко тізгінді тағы да қақты. Оны аштық пен шөл қысып барады. Екі кішкентай күлше мен бір тарам кепкен ет қолақпандай жігітке тамақ бола ма?

Басына қай-қайдағы ойлар келіп, есіне не болса, сол түсті. “Сен отаныңды сағынасың ба, Матео? Мәселенің мәні осында. Мына қасқырбет адамды маңыңа жолатушы болма! Ашиманын қорқыныштан дірілдеп кеткенін қалайша көрмейсің? Оның қызда қандай шаруасы бар? Ал мен... Елімді аңсаймын ба? Жоқ! Менің Қытайға жеткім келеді. Алтын сарайларына... Мен сонда құдықтың мұздай суын ең үлкен құмырадан сіміремін. Қазанда

таутекенің саны пісіп жатыр. Жас сорпаның пісі мұрныңды жарады! Қызыл және сары гүлдер... Үзе бер оларды, Ашима. Гүлдер сенікі. Ұнамаса, Матеоға берерсің. Музыканы естіп тұрсың ба?"

Марко ақыл-есі ауыспаса да, бір түрлі ұйқылы-ояу қалыптан арыла алмады. Оған өзіне карама-қарсы жүріп келе жатқан және дауыстап шақырған Матео мен Ашима елестеді. Содан соң оның құлағына күміс қоңыраулардың сынғырына ұқсас керемет таза әуен келді. Ашима жылап тұр екен, оның қоз жасы тамған жерлерде мөл-мөлдiр суға толы кішкене қолшіктер пайда болып жатыр.

Есектің тізгіні Марконың қолынан түсіп кетті. Жануар кілт тоқтады. Марко елес күрсауынан арылып, бойын жинап алды. Торсықты шығарып, су жұтты.

– Бір-ақ ұрттаймын, кокшолак...

Есек жата қалды, қасына Марко да құлай кетті. оның төсеніш жаюға шамасы жетпеді.

Үшінші рет таң атты. Алаулаған күн және аңтап жел. Сусыдаған құм қойны-қонышыңды толтырады. Ертеңге де бірдеңе қалдыру үшін Марко қалған суды екіге бөлді. Есектің алға қарай аяғын басар түрі жоқ. Марко оны қамшымен тартып жіберді.

– Жүр, шайтанның сапалағы! – деді ол, даусы қырылдан шығып, бірақ есек орнынан қозғалған жоқ..

Марко қамшысын лақтырып тастап, жануардың мойнынан құшақтай алды. Есек азуын ақситып, пісіп тістен алғысы келгендей болды. Марко жалт бұрылып, қынабынан қанжарын суырып алды. Бойын ашу-ыза кернеп кетті. Есектің күреғамырын қиып жіберіп, ыстық қанын сімірсем деп те ойлады...

Адам мен жануар бір-біріне карама-қарсы тұр. Есекте де ес жоқ. басы салбырап кеткен. Марконың қанжар ұстаған қолы да қотерілер емес.

Бозбала семсер ілінген белдігін құм үстіне лақтырып, сосын қапшықтағы артық-ауыс заттардың бәрін сыртқа шығарды, тек мыс тостағанды, торсықты және тамақ қалдықтарын ғана қайта салды.

Тортінші тәулік те басталды!

Маркоға оның асқазаны кеуіп қалғандай болып көрінді. Ол ең соңғы суды ішті. Торсықты ашқарақтана басына көтерген ол, ыдысты соңғы тамшы тамғанша аузына тосып тұрды. Содан соң оны жарып жіберіп, ішіндегі ылғалды құныға жалады. Сосын есектің тізгінін білегіне орап алып, алға қарай ілби берді.

– Өмірімді тағы бір күнге созу үшін мен сені құрбан етуге тиіспін, көкшолақ.

Бесінші тәулік те келіп жетті!

Марконың саусақтары қанжардың сабына қарысып қалған. Қызарып кеткен ауру көздерімен жал-жал құмдарға жабырқай қарайды. Ол аяғын өзер басып келеді. Аштықтан қарны арқасына жабысып қалды. Жарылған еріндеріне қан қатқан.

Өміріне қауіп төнгенін есек те сезетін секілді, босанғысы келгендей анда-санда басын қаттырақ тартады.

“Шол – дірілдеген жүрекке себілген тұздай. Шол – іші-бауырыңды ортейтін от. Шол – қан тамырларыңды бітейтін шаңтозан. Адам үшін шолден асқан азап жоқ”.

Марконың саусақтары қанжар сабын қаттырақ қыса түсті. Кілт тоқтады. Ал, көк есектің бойында арғы аталары – құландардан қалған қасиет оянғандай. Ол кенет жауын таптап тастау үшін алдыңғы аяқтарын көтеріп, шабуылға ыңғайланды. Марко тізгінді қайта тартып қалып еді, жануар адамның ырқына көне қойды.

– Әлі ерте, көкшолақ... Жат енді. Кеш түсті. Олар ертең жетеді... Бізді құтқарады. Түяк дүбірін естисің бе?

Әбден қажыған адам мен жануардың ұйқыда, немесе ояу екендері белгісіз.

“Құм басқан жапаң далада өз өмірін Ажал жүргізеді. Сусыз, ылғал тамбайтын оңірде еш нәрсе өспейді. Суы мен нуы жоқ жерде ешқандай тіршілік иесі болмайды. Тірі жаннан ада аймақты тек қана шол диюлары мекен етеді. Диюда дене болмайды, оларға су да, тамақ та керек емес. Шол диюлары – Ажалдың көмекшілері. Жас мырзаны соғар арбап, аластырып алып кеткен болуға тиіс”.

Ло Бцан көн теріні мүкият керіп жасаған даңғырасын қағып калып еді, жан-жағынан тура осылай қайталаған үн естілді. Николо Поло, Матео, Маффео Поло және басқа да із кесушілер құлаққа дауыс жетер жерде қапталдасып келе жатыр.

– Қызым, сенің керуенде қалғаның дұрыс болар еді, – деді Ашимаға қарт жолбасшы.

– Өмір даңғыра дүңгірлеп, адам даусы күмбірлеген жақта, – деп оған келіспеді Ашима. Біз жас мырзаны қайткенде де іздеп табуымыз керек.

Қыран жанары шол даланың жалын шашқан құмына қадалған Ло Бцан даңғырасын қайта қақты.

– Шаршаған шығарсың, қызым?

– Ол тірі ме, Ло Бцан?

– Егер даңғыранның қатарынан үш рет қағылғанын естісең...

– Шол дала шексіз бе?

– Оны оңтүстіктен солтүстікке қарай жүрсең – үш жүз күнде, ал шығыстан батысқа – жиырма сегіз күнде кесіп өтесің.

– Үш жүз тәулік!

Абыржыған қыздың даусы өзгеріп шықты. Кенет ол қатулаңғып, даусын қотеріп:

– Біз оны қайтсек те табуға тиіспіз. Ло Бцан! – деді.

Қарт керуенбасының міз бақпайтын бетіне Ашиманың жалына қарағаны байқалды.

– Оны тапқанда даңғыра қатарынан үш рет қағылады.

Ымырт үйіріле із кесушілер керуенге қайтып оралды.

Адамдар тамақтанып, сусын ішті, содан соң көлік айдаушылар түйелерді шөгеріп, артылған жүктерді түсіріп, жануарларды суарып алды.

Еркектер мекендерді суға толтырды. Айы туып, жұлдыздар жымындады... Түнгі тыныштықта ұйықтаған адамдардың тыныстағаны еміс-еміс ғана естіледі.

Із кесушілердің және Ашиманың ғана ұйқылары келген жоқ.

– Бесінші тәулік болды, – деді Матео даусы құмығып. Қайда жоғалып кеткенін білмейміз.

– Мен оған ешқандай кінә арта алмаймын, – деді кенет Николо Поло. – Тек аман-есен табылса екен.

Әжім оның мандайына терең-терең іздер салыпты.

– Әлі де болса үміт бар ма, Ло Бцан? – деп сұрады Маффео Поло. Жиналғандардың барлығының назары қарт жолбасшыға ауды. Бәрі бір адамдай, тым-тырыс оның жауабын күтіп отыр.

– Оның рухы күшті, – деді Ло Бцан.

Орнынан көтерілген Ашима жартылай көмілген құдыққа қарай кетті.

Күн шығар-шықпастан құтқарушы топ Марконы іздеуге керуен жолының сол жақ бетіне қайтадан аттанды. Біраздан соң үздік-үздік соғылған даңғыра үні естілді. Ашима санап тұр. Кенет ол Ло Бцанды жеңінен ұстап алып, айқайлап жіберді:

– Тындашы, Ло Бцан! Даңғыра үш рет қағылған жоқ па?

– Жоқ, қызым.

Матео, келісім бойынша даңғыраны толассыз қағып, тал-түсте барлық із кесушілерді жинап алды. Адамдар уақыт жоғалтпай, жылдам тамақтанды да, іздеуді жалғастыра берді. Бұл жолы олар топ-топка бөлініп, керуен торабының оң капталын шолуға кетті.

Әлсіз желдің өзі шаңдақты көтеріп тұр. Керуенмен салыстырғанда екі еседей артық жол жүріп, әбден қажыған есектер аяқтарын өзгер басады. Қызуы бет қарыған құм тобешіктер бірінен соң бірі тізіліп, әрқашан таусылар емес. Даңғыраның күңгірлеген даусы естілді.

Даңғыраның қанша рет қағылғанын санаған Ашима жүрегі жарылып кетердей жағдайда болды. Іздеу жүріп жатыр, бірақ нәтиже жоқ. Колеңке қысқарды, күн шырқау биікте – тас тобеде. Ыстық құм өзіне көп қаратпайды, жанарынды қарып кетеді... Ыңылдап отырған Ашима үнсіз қалды, ол қалғып кеткен еді.

Кенет ол алыстан даңғыраның үш рет қағылғанын естіді. Қаны басына шашып, аласұрын жүрегі көтеріліп кетті. Есін жинаған қыз:



– Тыңда, Ло Бцан! – деді.

Даңғыра тағы қағылды: Дың-дың-дың! Тағы қайталанды: Дың-дың-дың!

– Кеттік, қызым, бізді даңғыра қағып шақырын жатыр, – деді аспай-саспай карт жолбасшы.

\* \* \*

**Шамасы.** күш кеткен қолдарымен өзі тырбанып қазған болуы керек, Марко күм ішіндегі кішкентай апанда жатыр. Есектің еріне байланған бір ақ және бір қызыл орамал баяу ғана желбіреді. Одан жиырма қадамдай жерде алдыңғы аяқтарын бауырына жинап, артқы аяқтарын серейте созып құлаған есек көрінеді.

Адамнан да, есектен де тіршілік нышаны білінбейді, бейне бір екеуін де олім араны жұтып қойған секілді.

Дың-дың-дың! Даңғыра үзбей қағылып жан-жақтағы іздеушілер тегіс жинала бастады. Николо Поло жеткен бойда даңғырасын лақтырып жіберіп, Марконың бетіне үңілді.

Қалған адамдардың да бәрі тізерлеп, әкелі-балалыларды қоршап отыра қалды. Марконың жарылған ернінен аққан қара қан оның бет-аузына қатып қалған екен.

Ашима торсықтан су тамызын ақ орамалды сулап алды да, Марконың бет-аузын, кебірсіген ернін сүрте бастады. Кенкен қап тез кетті. Бет-аузында ешқандай жарақат жоқ.

– Жүрегі соғып тұр, – деп Николо Поло орнынан көтерілді.

– Ашима, аузына су тамыз.

– Бәрі рухы мықтылықтың арқасы, – деді Ло Бцан.

– Оның беті неге қап-қан? – деп сұрады Маффео Поло.

– Ол есектің күре тамырын тесіп, қанын сорған.

Ашима Марконың аузына су тамызды. Жылы су оның кебірсін қалған таңдайы мен тілін жібітіп, оңешінен өтіп, қабысқан қарнына жетті. Ащы өзегі удай ашығанда Марконың есі кіре бастады, демалысы жиілей түсті. Асқазаны ортенің бара жатқан сияқты.

Марко көзін ашты. Ол қою қара шашы иығына төгілген Ашиманы және бірдеңеден қатты абыржыған, сақалы мен самай шашы ақ күмістей жалтыраған әкесін көрді. Есі кіресілі-шығасылы, жаны киналып жатса да, оның жүрегіне осы екі бейне өшпестей болып орнығып қалды. Ол мұның түс немесе шөл перілерінің әрекеті емес екендігін бірден түсінді.

Есін жинай бастаған бозбала өзін жақын жандар қоршап тұрғанын көргенде қатты қуанып, жаны ләззатқа бөленді.

– Сені көкеңе көрістіру керек еді, – деді Маффео жорта ашуланған болып. Бізді әбден састырдың ғой...

– Жайына қалдыр оны. Көрмейсің бе бойында түк әл жоқ, – деп тоқтатты ағасын Николо Поло.

– Көк есекке су беріңдер. Бәлкім, тірі қалар.

Ло Бцан мен көлік айдаушылар есектің қасына жиналып қалған. Олар жануарға су мен жем тосып жатыр. Есек те есін жинағандай.

Су ұрттап, жүрегін жалғаған Марко кенет өзінің әбден қалжырағанын сезді. Құмға айнала шыбық шаншып, үстіне мата керіп, бозбала жатқан жерге көлеңке жасалды. Ашима дорбасынан өсімдік сабағынан жасалған желпуішін алып, Марконың бетін желпіді.

– Мен жоғалғанда сен киналдың ба? – деп сұрады көзі ілініп бара жатқан Марко.

– Иә, жас мырза... Сізге демалу керек.

– Иә, жас мырза... – деп күбірлеген Марко, көңілі орнығып көзін жұмды.



Венециялықтар енді Шыңғысхан қайтыс болар алдында ғана жаулап алынған Таңғұт патшалығының\* жері арқылы келе жатыр. Жол таулы өлке арқылы өтеді. Керуен кейде күрт жоғары көтеріліп, кейде құлдилап төмен түсіп, көбінесе, биіктен қарағанда алтын ағып жатқан жалпақ арнадай болып көрінетін құнарлы шатқалдарды бойлап жүріп келеді. Тау бөктерлерінде тізбек-тізбек болып таңғұттардың ыс басқан киіз үйлері кездеседі. Олардың түндіктерінен шыққан түтін тербетіліп тұрған сұр туларға ұқсайды. Жайылымда табын-табын мал Әдейі таңдап алынғандай кілең ұзын бойлы, кең иықты бақташылар сыбызғы тартып, көңіл көтеруде. Таяу маңда қала немесе үлкен ауыл бар екенін қырымандар мен әлі

орылмаған егіс алқантарының қобейе бастағанынан байқауға болады. Тау етектеріне жақсылап қоршалған ғибадатханалар және дінбасылардың ауқымды қоныстары орналасқан.

Венециялықтар Таңғұт патшалығының астанасы Чаньчжоуға жеткенше жаймашуақ күз зу етіп өте шығып, қыс түсіп кетті. Олар бұл жерде бір жылдан астам уақыт богелді, тіпті елдің түрлі түкпірлеріне бірнеше рет саяхатқа да шықты. Марконың жергілікті халықтың әдет-ғұрпы мен дінінен жан-жақты мағлұмат алуына толық мүмкіндігі болды.

Марко қытайша және монғолша сойлеуді барынша жылдам үйренгісі келді, өйткені напаның сый-сияпаты мен жолдауын тапсыру үшін ұлан байтақ Қытай империясының билеушісі ұлы хан Құбылайдың қабылдауына әкесі және көкесімен бірге баратын күн де онша алыста емес еді.

Армениядағы, Бағдадтағы, Ормуздағы, Бадахшандағы, Қашғардағы және басқа да елдер мен қалалардағы сияқты Марко Чаньчжоуда да ұлы қолбасшының жаулап алынған халықтардың бәрінің бойына мығым орныққан рухының осы күнге дейін өте күшті екендігін көзімен көрді. Халық тығыз орналасқан өлкелердің бәріне соғыс жағдайына сақадай сай тұрған монғол жасақтары орналасқан. Қала қақпаларын, бекіністер мен көпірлерді күзетуге монғол сарбаздары немесе жатжерлік жасауылдар ғана қойылған. Марко, сондай-ақ, жоғарғы лауазымды мемлекеттік қызметкерлердің барлығы монғол ұлтының адамдары екенін байқады.

Ағайынды Пололарда ұлы ханның мөрі бейнеленген алтын пайцза<sup>19</sup> бар еді, оны көрсеткен адамға қайда болсын жол ашық, ол үшін жабық есік болмайтын. Венециялықтарды жергілікті әкім Абака құрметтеп тікелей өзі қабылдады, олардың таяу арада жететінін және керуеннің Чаньчжоудан қашан шығатынын Құбылай ханға хабарлайтынын айтып уәде берді. Әкім оларға ыңғайлы жерге орналасқан тұрмысқа қолайлы үй болды, күтушілермен қамтамасыз етті, содан кейін де жолаушылардан қандай көмек қажет екенін үнемі сұрап тұрды.



Коктемнің жайдары күндерінің бірінде Марко мен Матео базарға барды. Сол жерден қасқырбет адамды Матео екінші рет байқап қалды. Мүмкін, ол емес, соған ұқсас басқа біреу болуы да ықтимал ғой. Иегі шығыңқы, шот маңдай, қасқырбет адам Матео сынды алыптың көзі өзіне қадалғанда, қалың тобырдың ішіне кіріп, жым-жылас жоғалды. Мынандай көпшілік ішінен оны тауып алу он-онай емес еді. Матео Лобта өзі үйден қуып шыққанда жұдырығын түйіп, көзінен ашу-ыза ұшқыны шашыраған адамды есіне түсіріп, не істерін білмей, ойланып тұрды да, әрі қарай жүре берді.

Ол бойын білеген күдікті сезімнен арыла алмай, саудагерлердің сатып алушыларды айқайлап шақырғандарына да назар салмай, ағылған адамдардың ішінен көзімен жанағы қасқырбетті ізден келе жатыр.

– Сен, бүгін неге қожырап кеткенсің, Матео? Айтшы, мынау саған ұнай ма? – деп сұрады Марко, оған екі қолын жуан қарнына айқастырып, малдас құрып отырған будданың иіл сүйегінен жасалған кішкентай мүсінін көрсетіп.

Тауарларына назар аударғанын байқаған саудагер жатжерліктердің алдына бүкіл мүсіндерді жайып салып, оларды жасаған шеберді тілінің майын тамызып мақтап жатты. Бірақ Матеоның буддалармен ісі болған жоқ. Оның бойына үрей үйіріле бастады. Бәлкім, сырын Маркоға айтуы керек шығар? Әлде, оған білдірмей-ақ қойғаны дұрыс па екен? Мына адам Лобтан Чаньчжоуга бұлармен бірге келген жоқ, сонда қалай жеткен? Оның басы катып кетті.

– Бері кел, туыскан, – деп Матео қолын жайып садақа сұрап отырған қайыршы шалдың алақанына бір уыс мыс бақырларды тастады. Қайта-қайта басын иіп төжім етіп, түсініксіз тілде алғысын білдіргей шал дүкеннен шығып кетті.

Коктемнің жұпар ауасы, көзге шағылысқан күн нұры, саудагерлердің дарылдаған даусы, бостан-бос сенделіп базар аралау – өздерін әбден шаршатқанын Марко мен Матео сыртқа, кошеге шыққанда

ғана анық сезінді. Әйтсе де кешкі асқа дейін уақыт көп еді, сондықтан Марко жолдасын қаладағы ең үлкен храмды көріп қайтуға көндірді. Биік жерге салынған храм қаланың барлық үйлерінің үстінен тоңиі тұрғандай ерекше еңселеніп көрінетін.

– Осы сен пұтқа табынып, жат елдің дініне кірейін деп жүргеннен саумысың? – деп қалжындады Матео.

– Бұл не дегенің, Матео? – деді даусы дірілдеген Марко.

– Басқалардың құдайын жаным жек көреді. Біздің сапарымыздың мақсаты басқа халықтарға таза христиан дінін насихаттау емес пе?

– Сондай-ақ аса тиімді сауда қатынастарын орнату, – деп қуақыланып іліп өкетті Матео. Жарайды, мұны қоя тұрайық. болмаса, сен маған кемеде боктауды қалайда қойғызбақ болып тәрбие жүргізген патер<sup>20</sup> секілді ұзынсонар уағыз оқып жүрерсің.

Олар аттарын қорадан шығарып ерттеп алды да, “даналық төбесіне” қарай құйғыта жөнелді. Чаньчжоуда да, өздері басып откен қалаларда көргендеріндей, монғол шапқыншылығынан қалған белгі сияқты қираған үйлер аз емес. Алайда храм сол қалпында тұр.

Ғибадатханаға апаратын тас тоселген жол бойында ығы-жығы жүргінші. Салт атты венециялықтар бір отбасын басып озды. Қолына алаңсыз ұйықтап жатқан шарана сәбиін көтерген әйелге ілесіп екі қыз бала мен төрт-бес жастағы ер бала мыңк етпей жүріп келеді. Қара қойды жетектеп алған әкелері қастарында. Барлығы мерекедегідей әдемі киінген. Бұлардан сәл кейініректе, жолдастары мен туыстары болса керек, тағы бір топ адам келе жатыр.

Венециялықтар аттарын ағаш дініне байлай салып, қақпа арқылы тып-тыныш аулаға кірді. Ғибадатханаға жатжерліктердің кіргенін көрген қытайлықтар абыржыңқырап, бір-бірімен күбірлеп сөйлесе бастады, бірақ бет әлпеттерінен ешқандай ұнатпаушылық белгі білінген жоқ.

Аулада арнасы таспен қапталған үш өзек ағып жатыр, олардың үстіне мәрмәр тастан көпірлер салынған. Ауланы қоршаған тас бағандар, жалпақ жашырақтары тоғіліп тұрған бұталар мен ағаштар

ғибадатхананың сән-салтанатына айрықша жарасып, ажарын оған сайын аша түсетін сияқты. Қабырғадағы түрлі-түсті суретте Гаутама Будданын<sup>21</sup> өмір жолын бейнеленген. Аңыз бойынша ол патшаның ұлы болған, көптеген ғасырлар бұрын Үнді жерінде тұрған және қасиетті діннің негізін қалаған.

Матео мен Марко манағы қара қойды жетектеген кісі бастан, салтанатпен келе жатқан тонқа ілесті де, көпшілікпен бірге есіктен кіріп, жайқалған саябаққа шықты. Оның ішіндегі тобенің басына ең басты ғибадатхана, ал оны айнала бірнеше кішігірім храмдар орналасқан екен. Үстеріне қара киім киген, ойға шомған торт сәни жайбаракат, асықпай үлкен храмға қарай жүрді. Халық оларға қарқ жарылып жол берді. Тек қара қой ғана орнынан қозғалған жоқ.

Діндері қокке қол созған, ғасырлар бойы өскен алып ағаштардың аясында неше түрлі ғажайып гүлдер жайнап тұрған саябақтың адам таңданарлық әсемдігі, жан-жақтан ағылып жатқан адамдардың ың-шыңсыз, салтанатпен ішке енуі, асқан үйлесіммен салынған алтын арайға боленген ғибадатхананың құрылысы – осының бәрі венециялықтарды айрықша әсерге бөлемей қалған жоқ.

Марко мынандай керемет ғибадатхананың табалдырығынан аттаған бойдан-ақ өзінің жан дүниесін ерекше бір салтанат сезімі билеп алғанын сезіне бастады.

Мұндай жағдайды Матео да бастан кешті, алайда оның бойына тағы да баяғы үрей қайтадан оралды. Ол жылтыраған қызыл бағанға сүйеніп тұрып, бір қолымен иегін тіреп, екінші қолын мықшына таянған, ғибадатхананың ортасында жатқан құдайдың орасан зор бейнесінен жанарын бұра алмады.

Басынан аяғына дейін алтынмен апталған бұл мүсіннің ұзындығы елу қадамнан кем емес болатын. Оның бас жағын қоршай құдай бейнесіндегі алтын статуялар тізіліп тұр, бір ғажабы, олардың барлығы жанды бейне секілді – дәл қазір орындарынан қозғалып, желеп-жебеп жақсылық жасауға немесе ашу шақырып, күнәкар пенделерді оңдырмай жазалауға кірісіп кететін сияқты.

Маиі шамдардан түскен күңгірттеу жарықтың өзі алтын мүсіндерді жарқыратып корсетеді, ал жұпар ністі таякшалар ғибадатхана ішін хош ніске толтырып тұр. Алтын бейненің алдына адамдар маңдайларын еденге тигізе құлап, күбірлеп дұға оқып жатыр. Бөтен дінге деген құрмет ретінде Марко мен Матео да тізелерін бүгіп, отыра қалды.

Алып құдай, бейне бір өзінің жалт-жұлт еткен жансыз коздерімен манайын коршағандарға мазақтай қарап жатқандай. Матеоның базарда-ак құлазыған коңіл-күйі тіпті құлдырап кетті, сонымен бірге бойындағы үрей үдей түсті. Ашима үйде, күтушілермен бірге қалған болатын. Коңестер бір шаруамен сапарға шығып, ең берісі бір аптадан кейін оралмақ. Матеоның ғибадатханадан тезірек шығып, жедел атына мініп, тұрақтарына, Ашимаға қарай шаба жонелгісі келіп, мазасы кетті. Бірақ оның осынау салтанатты сәтті тастап кетуге батылы жетпеді және неге екені белгісіз, мына жатқан бөтен құдайдың қаһарынан сескенетінін байқады.

Досының жанын әлдекандай мазасыздық билеп алғанынан бейхабар Марко, құрбандық шалу рәсімін қызыға тамашалады. Соқталдай төрт қызметші кара койды көтеріп әкеліп, құдай мүсінінің алдындағы еденге жықты да, сосын оны осы рәсімге арнайы дайындалған тастың үстіне бауыздады. Пұтка табынушылардың мынандай әдет-ғұрпы Марконың діни ұстанымына қайшы келіп жатса да, ол соңыларға ерген халықпен бірге аулаға шықты.

Храмның артына үйге таяу жерге ошақ қазылып, от жағылыпты. Қазандағы су қайнап жатыр. Қызметшілер койдың терісін сыпырып, ішін жарды да, ішек-карнын аршып, етін мүшелеп боліп, қазанға салды.

Ет қайнап жатыр, ал ғибадат етушілер сопылардың бастауымен храмға қайта оралып, алтын құдайдың алдына тізе бүгіп отыра қалып, одан жас нәрестеге мықты денсаулық беруін тілеп, ұзын сонар дұға оқуға кірісті. Шарана сәби құлшылық жасау кезінде бірнеше рет шарылдан жылап, рәсім салтанатын бұза жаздады.



Құдайға жалбарынушылардың сенімі бойынша дүннеге таяуда келген сәбидің бойына садақаға шалынған малдың мықты денсаулығы мен қажыр-күші ауысуға тиіс.

Сопылар корсеткен қызметтері үшін сойылған койдың бас-сирак, ішек-қарын, окпе-бауырын және терісін алды.

Содан соң сәбидің әкесі піскен етті қазаннан түсіріп, үйге апаруға таза матаға оран алды. Ол масаттана сойлеген туыстары мен достарының ортасында тұр. Жиналғандар өте көңілді, олар енді қайтып барып той дастарқанына отырады, кой етіне тояды.

Ғибадатханадан шыққан венециялықтар нықтарынан ауыр жүк түскендей жеңілденіп қалды. Оларды жап-жана ғана алтын мүсіннің алдында шаңға құлап жатқан адамдардың рухани серпілісі таңдандырды. Қыз-қырындар мен әйелдер жолай көктем гүлдерін жинап, балалар құлын-тайдай шұркырасып, ал еркектер қалжыңдасып, қызу әңгіме-дүкен құрып келеді. Жолдың қос қапталындағы дүңгіршіктерде саудагерлер тәтті тағамдар, құдайлардың шеберлер жасаған кішкентай мүсіндерін, көк пияз бен қуырған тауық етіні сатуда.

– Маған бұл адамдарды түсіну қиын, – деді ойға шомылған Марко, атының тізгінін тартып.

– Токтама, – деп асықтырды оны Матео және сәлден соң:

– Мен Ашиманы ойлап қорқып келемін, – деді.

– Неге қорқасың? Ашима үйде. Оған не болмақ?

Тісін шықыратқан Матео бірдене деп міңгірледі.

– Айтсаңшы, не болды? – деп қоймады Марко.

Матео досына базардағы кездесу жайлы әңгімелен берді.

– Венецияда болсам, мен бұл сүмелекті суға лақтырып жіберген болар едім. Ал мында... Олардың құдайларының мұндай іске қалай қарайтынын кім білген.

Құдайдың алтынмен апталған алып мүсіні Матеоға айрықша әскер еткені байқалып тұр.

Матеоның жат діннің ықпалына беріле бастағаны Марконың ренішін туғызды, бірақ ол бұл сезімін сыртқа шығарған жоқ. Ашимаға қауіп тәніп тұр деген ой жедел жүруге итермеледі.

Жолдың соңғы бөлігін салт аттылар күйғытып шауып өтті. Өздерінің дүкендері мен шеберханаларының алдында кошеге шығып отырған сатушылар мен қолонершілер жатжерліктердің мына желігіне таңдана қоз тастады.

Ашима үйдің алдында оларды күтіп тұр екен.

– Не ғып тұрсың, қызым? – деп көңілі орнына түскен Матео қуана дауыстады. Әй, Матео-ай, сен бірте-бірте діндар кемпірлердей не болса, соны ырым етегін болдың-ау. – Содан соң, көңілінде күдік қалдырмас үшін: – Саған ешкім келген жоқ па, қызым? – деп сұрады.

– Маған кім келуге тиіс еді, мессер Матео? – деді таңданған Ашима оған.

– Кім білген... Сен бүкіл Чаньчжоудағы ең сұлу қызсың ғой, – деп мінгірледі Матео.

Ашима қысылып қалды.

– Сен бүгін аузыңа келгенді сойлейсің, – деп ренжіді Марко.

– Ашима, естідің бе? Мынау сенің Чаньчжоудағы ең әдемі қыз екенінді мойындағысы келмейді... Марко, сен, немене, Ашимадан да ұсқан сұлуды қайдан көріп ең? – деп қалжыңдаған болды Матео.

Бірте-бірте Матеоның көтеріңкі көңіл күйі Ашима мен Марконы да серіптіп жіберді.

Кешкі астан кейін, аз уақыт болса да, әңгімелесіп отыру үшін Матео оларды өзіне шақырды. Барлығы алаулап жанған ошақ алдына жайғасты. Батып бара жатқан күн сәулесі майлы қағаз жапсырылған терезеден ішке еніп тұр. Сырттағы жуан ағаштың қолыңкесі жапырақ жайғаннан кейін тіпті ұлғайып кеткен. Бөлмедегі қоңырқай жасау жиһаздар үй ішін одан сайын күнгірттендіріп, бір түрлі, әркімді әңгіме айтуға итермелеп тұрғандай.

Ашима үстіне неше түрлі аңдардың бейнелерін кестелеп салған жібек матадан тіккен қойлек киіп алыпты. Оның ошақ жарығымен

арайланған жүзі бұрынғыдан да әдемі, бұрынғыдан да сұлу. Терезеге түскен саялы ағаштардың коленкесі, құстардың үздіге сайрағаны. кешкі мүлгіген тыныштық – осылардың бәрі әншейінде айтыла қоймайтын сырларды айтқызды.

– Сенің жасың нешеде осы, Ашима?

Қыз сүйріктей саусақтарымен жібек матаны сипалап отырған. Ашиманың аяғынан тот басқан кісен баяғыда алынса да, оның тілерсегін қажаған із осы күнге дейін кетпепті. Анық байқалатын кісен ізі қызарып тұр.

– Білмеймін, жас мырза...

– Білмейтіні рас, – деп қостады Матео.

– Сен маған “жас мырза” дегенді қой, – деп отінді Марко.

– Ең болмаса, бүгін бұлай деме.

Қараңғылық қоюланып кетті. Терезені жапқан қағаздан әлдебір көлеңке сырғып отті, алайда оны ешкім байқаған жоқ. Терезе алдынан жүгіріп өткен адам таяу маңға жасырынып қалды.

– Маған мырза дейтін сен қызметші емессің ғой.

– Қызым, әрине, сен қызметші емессің.

– Бұдан былай, жалпы, ешқашанда... маған мырза деуші болма.

Терезе түбінде біреу жасырынып тұр.

Алтынмен аңталған манағы ботен құдайдың көздері Матеоға өзіне осы кезге дейін тура қарап тұрғандай көрінді.

– Сен бізге бәрін айтуға тиіссің, Ашима. Ал, қазір, туған жеріңдегі қызғылт таулар жайлы әңгімелеп бер, – деп отінді ол.

– Кей кезде мен Венецияны есіме аламын, – деді Марко. – Онда Қызғылт таулар жоқ болғанмен, киширистер бар. Және үлкен-үлкен қаштан ағаштары. Біреуі біздің аулада гүлдеп тұрған болар...

– Мен он алты жаста шығармын, – деді Ашима. – Өзім солай ойлаймын... Көп жыл бұрын анам маған халқымыздың тамаша аңыздарын айтып берген еді. Олардың кейбіреуін әлі күнге дейін ұмытқаным жоқ.

– Бізге, ең болмаса, біреуін айтып берсейші, Ашима.

Болме іші мүлдем қара күнгірттеніп кетті, тек ошақта қызарған шоктан үш адамның бетіне аздап болса да сәуле түсіп тұр. Кенет Ашиманың жан-жүйесі өзін осыншама уақыт азапқа салған өткен күндердің салмағынан арылғандай болды. Балалық шақтың айрықша ыстық суреттері көз алдында колбеп, жанын жадыратып жіберді.

– Біз әңгіме күтіп отырымыз, қызым, – деді жай ғана Матео.

Ол анасының айтқан ғажайып әңгімелерін ішінен жүздеген рет қайталаған болатын, сондықтан әр сөз, тіпті, әрбір тіркес қыздың санасына мәңгі ұмытылмастай болып, берік орныққан еді.

– Бұдан екі мың жыл бұрын Үндістанда бір патша билік құрды, – деп бастады әңгімесін Ашима. – Оның өзі қатты жақсы көретін үш ұлы болды. Патшаның қазына қоймалары алтын-күміске, асыл дүние-мүлікке лық толы болатын. Соның ішінде жібек жалды арғымақ ат билеушінің баға жетпес, ең сүйікті жануары еді. Ол желден де жүйрік болатын, жүйткігенде тұяғы жерге тимей кететін. Құлағына сиқырлы сазды сыбырласа болды, арғымақ аспандағы бұлттардың ішімен жебедей зулап, елдің ана шетінен мына шетіне жеткізетін. Оның жібек жалы күнге шағылысқанда алаулаған отқа ұқсайтын еді.

Патша, қаншама түндерді ұйқысыз өткізсе де, осы керемет тұлпарын ұлдарының қайсысына берерін шеше алмады. Түптің түбінде бұл шаруаның да ыңғайын тапты. Атты босатып жіберді де, ұлдарын шақырып алып: “Далаға шығып, ақбоз арғымақты іздендер, оны кім ұстаса, тұлпар соныкі болады. Тек маған бұйырмады деп бір-біріңмен дауласушы болмаңдар”, – деді.

Әрқашан өзара тағу-тәтті өмір сүріп келе жатқан ағайынды ұлдар әкелеріне бас иіп, алғыстарын білдірді. Олар әке шешіміне риза еді, жұнтарын жазбай атты іздеуге шықты.

Ағайынды жігіттер Үнді шекарасын бойлай орналасқан күн сәулесі тоғілген ел – Куньминге жеткенше ай екі туып, екі батты. Ол мәңгі коктемге боленген, гүл жайнаған жер еді, құнарлы топырақ жыл бойы үзбей өнім беретін. Қарт балықшы жігіттерге таудан ақбоз

атты көргенін және оны ұстамақ болғанда, арғымақтың жерден тік көтеріліп, бұлтқа кіріп, көзден ғайып болғанын айтып берді.

Ағайындылар мұның өздерінің киелі тұлпары екенін бірден түсінді.

Ортаншы ұл күншығысқа қарай жүріп кетті. Бір тәуліктен соң ол құнарлы, нәрлі шөп жайқалған жасыл алқапқа келіп, ақбозды осы жерден тапты. Оны ешқандай қиындықсыз ұстап, ағасы мен інісіне хабаршылар жіберді.

Ұлдардың үлкені батысқа қарай кеткен еді. Екі күннен кейін туған айдың сәулесі Куньмин қолінің айдынына түскен кезде оған самұрық күс ұшып келіп: “Сенің інің ақбоз атты ұстады”, – деп айтып кетті. Үлкен ұл бұл хабарды жақтырған жоқ, алайда оның жеткен жері керемет көрікті еді, соның әсерінен оның басындағы богде ойдың бәрі тарап кетті. Көз алдында ай сәулесіне малынып, көлбеп жатқан тауларды ол Когілдір қырат деп атады.

Кенже ұл бірден қалаға тартқан болатын. Ағасының киелі тұлпарды ұстағаны жайлы оған да хабар барды. Біраздан соң ағайындылар өздері уәделескен жерде кездесіп, ортаншы ұл: “Ақбоз тұлпар бәрімізге ортақ болады”, – деп жариялады.

Ағайындылар арасында зілсіз, зиянсыз дау туындады, өйткені үш ұлдың екеуі әке шешімін міндетті түрде орындау керек деген еді. Олар осылай келісімге келе алмай жатқанда, тұлпар шылбырын үзін бәрінің көз алдында бұлттан асып, көзден ғайып болды. Арғымақтың шапағынан аспан алтын арайға малынып, шығыстағы тауларды да алтындай жарқыратып жіберді. Сонда ортаншы ұл: “Алтын тауға қараңдар, қайғырмайық, ақбоз ат бізді ғажайып жерге әкелді”, – деді.

Туыскандар Алтын арғымақ тауының етегіне қоныстанып, туған отандары – Үндістанның мүлдем сағынған жоқ.

Олардың мұнда тұрып жатқандарына екі жүз сексен күн толғанда патша әкелерінен хабаршы келіп, елге тез қайтуға бұйрық жеткізді. Ағайындылар әке бұйрығын тыңдаған жоқ, жерұйық секілді жат жерде қала берді.

Бұдан соң патша өзінің інісін шақырып алып, оған: “Менің ұлдарымды бір арамза сиқыршы туған отандарынан аулақта ұстап отыр. Үш мың әскер жина да, сол жаққа жорыққа шығып, ұлдарымды елге алып кел”, – деп бұйрық етті.

Інісі патшаға бұйрығын орындауға уәде берді. Ол үш мың сарбаз қол жинап, барлығын пілдер мен түйелерге мінгізіп, күмістелген қару-жаракпен қамтамасыз етіп, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған елге жорыққа аттанды. Ол өзінің немере інілерін жылдам тапты, өйткені інілері ағаларының алдынан шығып, құрметпен қарсы алды.

Патшаның інісі Көгілдір қырат пен Куньмин көлінің жарқыраған айдынын көргенде, өзінің қалай өзгергенін білмей қалды. “Егер сиқыршы адамды мынандай жерге ұстап қалса, оның жаман сиқыршы болмағаны”, – деп ойлады ол. Сойтіп, ол да патша жарлығын мансұқ етіп, осынау жерұйықтай жанға жайлы мекенде қалып қойды.

Бұл жер үш мың сарбаздың да бәріне ұнады, олар да өз отандары – Үндістанға қайтпай қалды. Жігіттер өздеріне балшықтан үй салып, бамбуктан күрке тұрғызып, жер жыртып, егін егіп, шаруаға кірісіп кетті. Табиғат олардың еңбегін еселеп қайтарды, олар ештеңеден тарықпай, бақытты өмір сүрді...

Терезенің сырт жағынан құрғақ жапырақтардың үстімен кесіртке жүгіріп өткендей сықырлаған дыбыстар шығып, біреудің қыстығып жөтелгені естілді.

Жел тұнып, құстар ұйқыға кетті, тек жас өскіндерге нәр беретін көктемгі қуатты шырын ғана бұтақтардың бойымен қозғалуда.

Бойы тоңазыған Ашиманың нығы қиқаң ете қалды. Ошақтағы шок аппақ күлге айналыпты. Көмір жанып кетсе де, иісі ауада тұр.

– Солай де, Куньмин отаным де... – деді ойға шомған Марко. – Дегенмен, Үндістанның шекарасы өте ұзын ғой. Бес жүз күндік жол.. Оның қайдан басталып, қай жерде бітетінін ешкім айта алмайды.

– Бес жүз күндік жолды да ұзақ деп тұрсың ба? – деді Матео.

– Егер мен тек қана сәске түстегі күнді бетке алып жүре берсем, Куньминге жетемін. Бірақ жолда таулар, озандар, ормандар бар. Ал

ормандарда жыртқыш аңдар мен жын-перілер құмырскаша құжынан жүреді. Онда жуандығы бөренедей жыландар, аузынан от шашқан айдаһарлар және ақ жолбарыстар да аз емес.

– Мұның бәрін қайдан білесің, Ашима?

– Маған бір жүк көтеруші айтты, мессер Поло.

Марко күліп жіберді.

– Жүк көтеруші, – деп қайталады ол сосын сәл үнсіздіктен соң:

– Сенің аңыздағыдай сиқырлы арғымағың болса ғой, онда бізді тастап, еліңе қарай тартып тұрар едің, – деді.

Ал терезенің сыртында қабырғаға жабысып бір адам тұр. Оны ешкім байқаған жоқ, оның тынысы ешкімге естілген жоқ және манайда біреу-міреу бар деп ешкім ойлаған жоқ. Ойларында түк жоқ, үшеуі әңгіме соғып отыр.

– Үй салқындап барады. Сен, қызым, тоңа бастадың. Біз көп отырып қалдық, – деді бір кезде Матео.

– Мен сені Куньминге жеткіземін, Ашима, – деді Марко кенет бір шешімге келіп. – Ұлы ханның ордасына жетіп, орналасып алған соң, мен одан Қытайды кесіп отетін жолға шығуға рұқсат сұраймын. Сапарға Матео, сен және мен үшеуіміз шығамыз.

– Келіскен сынай танытқан Матео бірдеңе деп күбірледі.

– Куньминде гүлдер жыл бойы жайнап өсіп тұрады, – деді Ашима.

\* \* \*

Олардың бөлмелері бірінші қабатта болатын, алайда Марко ұйқы алдында бақты аралап серуендемек болып, сыртқа шықты. Ол көктемнің ызғарсыз түнінде қыдырып жүріп бүгінгі күннің оқиғалары мен әсері жайлы ойланып, толғанбақ болды. Аған бұршіктері мен жапырақтарынан тараған жұпарға бусанған жер иісі араласа шығады. Жеміс ағаштары гүлдей бастаған. Бақтағы жолдарға шықырлаған қиыршақ тас төселген.

Ашиманың бөлмесінде балауыз шам жанып тұр. Матеоның да шамы сонбеген. Баққа кіре бергенде оның бетіне бұлақтар тиіп өтті.

Есіне Ашиманың өзіне “мессер Поло” дейтіні түсті. “Бір кезде ол мені жай ғана Марко деп атайтын болады”, – деп ойлады бозбала. Мүмкін, сол уақытта мен оған басымды иіп: “Синьорина Ашима” – дермін.. Марко езу тартып, күлімсіреді.

Масатыдай аспанда жұлдыздар жымыңдайды. Ағаштар мен бұталарды тұмшалаған бозғылт тұман баққа айрықша әдемі рең беріп тұр. Дуал түбінен қараңдаған біреу шықты да, аяғын мысықша басып, Марконың соңына түсті. Қолындағы қанжары жарк-жүрк етеді. Марко бөгеліп еді, одан екі кадамдай жерге қанжарын бозбалаға сілтеуге ыңғайланған әлгі адам да тұра қалды.

Марко әлдебір сыбырды естігендей болды. Оған бөгде біреу бақ жолындағы қиыршақ тастарды басқандай дыбыс естілді. Артына жалт бұрылған ол, бастан-аяқ қара киім киген адамды көрді. Тілінен у тамшылаған окжыланның басындай болып, сілтенген қанжар ауада жарқ етті. Марко бұғып үлгерді, қанжардың ұшы бақ есігінің жақтауына кірш ете қалды.

Жылдам бойын тіктеп алған Марко қарақшыны дуалға қарай итеріп жіберді. Қарақшы құлаған орнынан жылдам атып тұрып, бақ ішіне тұра қашты. Оның соңынан ұмтылған Марко да көрінбей кетті.

Болмелерде жарық әлі сөнбеген.

Ашима әдемі даусымен ән салды, сосын балауыз шамды сөндіріп, жатып қалды.

Тәтті қиялдың құшағындағы Матео оз бөлмесінде ерсілі-қарсылы теңселіп жүр.

Тынысы әзер дегенде қалыпқа түскен Марко асықпай бақ есігіне келіп, оның жақтауынан қара киімді қарақшының қанжарын суырып алды да, қарудың мұқият қайралып қылпылдаған жүзін байқап көрді. Ол белгісіз қарақшымен шайқас бойындағы бар күшін сарқын кеткен адамдай бір сәт есікке сүйеніп тыныстап алды.

Кенет Марконың көз алдына ғибадатханадағы құдайдың алтынмен апталған алып мүсінінің алдында шандақта жатқан



адамдар келді, олардың дұға оқығанын естігендей болды. Қара койдың алқымына қадалған пышак, қызылала қанның табакқа ағып жатқаны есіне түсті.

Бөгде күдай оған неге ренжіді? Әлде аруақтар ош аймақ болды ма? Ол осындай үрейлі ойлардан әзер дегенде арылды. Оған тұтқиылдан шабуыл жасаған қарақшы ешқандай дию-пері емес, кәдімгі өзі секілді қаранайым адам.

Бақпен жүрген Марко Ашиманың терезесінің алдына тоқтады. Қыз қазір ұйықтап жатқан шығар. Марко сыртқы есікті жайлап ашып, баспалдақпен қотеріліп, Матеоның бөлмесіне кірді.

Ұйқысы қашып, үйінде ерсілі-қарсылы теңселіп жүрген Матео кіріп келген Маркоға қарап:

– Сен әлі жатпағансың ба? – деп таңданды.

Марко оған өзіне жасалған түсініксіз қастандық жайлы айтып, қанжарды қорсетті.

Қатты ашуланған Матеоның дәу жұдырықтары түйіліп кетті.

– Қарақшылар, қанішерлер... – деді ол ызбарлана. – Мен оның қасқырбетін дал-дал қыламын! Қолыма түссе болды...

– Сен Лобта қорған кісіні айтып тұрсың ба? – деп сұрады Марко.

– Ең дұрысы, бұл жайлы Ашима білмей-ақ қойсын.

– Әрине, кім білсін, бұл кездейсоқ оқиғалардың біреуі шығар.

Марко терезені ашты. Ағаштардың алып бұтақтарының көлеңкелері адам алақанының жайылған саусақтары секілді. Олар жарыққа ұмтылып тұрғандай.



Түнде жауған жаңбырдан соң аспан шайдай ашылып, күн шықты. Көкте көлбеген шарбы бұлттар таудың шындары секілді. Зәулім ағаштардың үстінде қос ләйлек қалықтап жүр. Олар төмендеп, бұтаққа қонды. Жапырақтарды жарып өткен күн сәулесі ағаштардың көгілдір діндеріне түсіп, содан соң барып күмістей жарқыраған шық басқан жерге төгіледі. Мүлгіген тыныштықты жол жақтан шыққан көңілді дауыс бұзып жіберді. Көк шөп пен гүлдердің хош иісі мұрнынды жарады.

Жергілікті әкімнің сарайына апаратын жолдың қос қапталын қабырғадай көмкеріп қалың ағаш өсіп тұр.

Саябақ ішімен ілбіп басып біреу келе жатыр. Оның шығыңқы маңдайлы қасқырбет жүзінен әлденеден үрейленгені білінеді. Қапқалың төменгі ерні салбырап кеткен. Ол қақпаға жетуге зар болып келеді, маңайында тірі жан жоқ.

Шарбақ сыртынан адамдардың күлген, қалжыңдасқан дауыстары естіліп жатыр. “Жаңбырдан соң дүние құлпырып кетіпті ғой” – дейді біреуі. “Есектің құйрығы су-су болып жатқанда, оның басына күн нұры төгіліп тұратыны рас-ау”, – дейді екіншісі. Шалшық суды кешкен балалар мөз-мейрам.

Бойын үрей билеген адамның үнжырғасы мүлдем түсіп кеткен.

– Кімсің? – деп тоқтатты оны күзетші қақпа алдында.

– Ау, бұл кәдімгі Саид ғой, өте берсін, – деген екінші күзетші аяғымен қозғап қақпаны ашты.

Саидты жергілікті әкім Абақаға апарды. Абақа катты ағаштан әсемдеп ойып жасаған орындыққа жайғасыпты. Оның сол жағында тырнаның, оң жағында тасбаканың мүсіндері тұр. Әкім өзінің ұзын қара сакалын қайта-қайта тарамдап қояды. Үстіне әдемі қызыл жібек шекпен жамылған.

Қарама-қарсы тізерлеп отырған Саидтың иілгенде беті еденге тиеді. Ол қожасының бетіне тік қарай алар емес. Біреуді тұтқиыл жер жастандыруға келгенде ол бейкүнә жанға жолбарыстай атылар еді, ал енді өзінен күшті адамның алдында қорыққаннан құйрығын бұтына қысқан шиебөріден аумай қалыпты.

Жедел жетсін деп әкімнің өзі шақыртып жатқанын естігенде Саидтың зәресі зәр түбіне кетті. Мазасызданып үрейі ұшты. Оның енді не істеуі керек? Қашса ше? Бәрібір, Қашғардан Ханбалыққа Чаханнордан Талиге дейінгі аралықта Абақа оны жерге кіріп кетсе де тауып алады. Абаканың өзі ұлы ханның шексіз сеніміне ие болып, алып империяның астанасын басқарып отырған Арамза Ахмедтің\* бұйрығын орындаушы ғана. Ахмедтің қаһарына ілінген кез келген адамның түптің түбінде басы қағылып, денесі ит пен құсқа жем

болары сөзсіз. Барлық қалаларда билік басында Ахмедтің адамдары отыр, ал олардың қызметінде жүрген тыншыларда есеп жоқ.

Саидтың иілген басы жерге жетіп, арқасына күн сәулесі құйылып тұр. Күннің қызуы өтіп, жоны күйіп барады.

– Маған тіке қара, – деді Абака ызғарлы дауыспен.

Саид басын көтерді. Абаканың жанары оған атқан оқтай қадалды. Әкімнің көзқарасына шыдай алмаған бейшара көздері алақ-жұлақ етіп, төмен қарап, жер шұқыды.

– Маған тіке қара дедім ғой, – деді ашу қысқан Абака. Саид тағдырына мойынсұнып, жергілікті әкімнің ат жақты бетіне қарап еді, жүрегіне үміт сәулесі конғандай болды, бірақ Абака аузын ашып сөйлей бастағанда-ақ ол үміті жел үрлеп өшкен шырақтай сөнді де қалды.

– Сен менің тапсырмамды орындаған жоқсың.

– Сәті түспеді, мырзам.

– Мен саған маған қара дедім! – Ашуланған Абаканың көзі ақшиып, беті қисайып, маңдайы тыржиып кетті. – Иттің ғана баласы! – деп айқайлаған ол, селк-селк етіп, сопақ бет әлпетіне мүлдем үйлеспейтін быртқан саусақтарымен жалма-жан орындықтың жақтауына жабысты.

Саид қорқыныштан дір-дір егеді. Ол Абаканың аузынан: “Бір жүз жеті рет дүре соғылсын!” деген қатерлі бұйрық шығады деп күткен еді. Билеушінің тура осылай дейтініне күмәні болмаған. Жүз жеті дүре о дүниеге жолдама деген сөз. Оның өмір сүргісі келеді. Шарасыздықтан күйінген Саид алға ұмтылып, тас еденге маңдайын соға құлап, ботадай боздап қоя берді.

– Кешіре қор, мырзам! Кеше қор, мені! Анау алыптың жың-перілермен байланысы бар. Ол мені дуалап, қозғалтпай тастады...

Абаканың жүзінде пайда болған менсінбеушілік табы бірден ештеңені көзге ілмейтін менмендікке ауысты. Ол өзінің аяғын күшып жатқан адамға өмір жүргізгеніне шаттанды. Иә, оны, Абаканы – Чаньчжоудың билеушісін қорғанда, кімнің болса да, үрейі ұшып,

зәресі зәр түбіне кетеді. Оның, Алланың адал құлының. Ханбалықтағы Ахмедтен қай жері кем?!

– Кешіре қор, мені, қымбатты мырзам, кешіре қор.

– Жап аузыңды, маған тура кара! – деп ақырды Абака.

Саид басын қайта көтерді.

Билеушінің қолдары орындықтың қатты қара ағаштан жасалған жақтауларынан ұстап қарысып қалған сияқты.

– Баяндер Бек саған алып жолаушыны шол далаға адастырып жіберуді бұйырды. Ол тапсырма орындалмай қалды. Мен саған жылтыр бет жас жігіттің көзін жоюды тапсырдым. Бұл да қолыңнан келмеді. Кәпір иттің тұқымдары біздің елдің ауасын кашанғы бүлдіреді, – деп айқайға басты ашу қысқан әкім.

Абаканың сәл де болса. ашуы тарқағандай болды. Сандқа не істеу керек? Көзін жойса ма екен, әлде тағы бір сынап көрсе ме екен?

Саябақтағы шық басқан алаңқайлар күмістей жарқырайды. Тұмсықтарын алға созып аспанда тырналар ұшып барады. Ұзын бойлы қапсағай денелі бір кісі және жауырыны қақпақтай аласалау торшақ адам сарай қақпасының алдына келді. Сақшылар найзаларын айқастырып олардың жолдарын бөгеді. Ұзын кісі Құбылай ханның мөрі басылған алтын пайцаны суырып алды. Сақшылар найзаларын жылдам көтеріп, қақпаны ашып, жолаушыларға жол көрсетті.

Абака отырған бөлмеге құйылған күн сәулесі асыл жиһаздарға шағылысып, қабырғаларды нұрға малып, тасбақаның, тырналардың, айдаһарлардың, арыстандар мен канатты әбжыландардың жібек жапқыштарға салынған суреттері мен ағаштан ойылған мүсіндеріне жан бітіргендей болды. Есікті жайлап ашып ішке кірген әкімнің хатшысы тізе бүгіп тағзым етті де, басын көтерді.

– Не боп қалды? – деп сұрады оны жақтырмаған Абака.

– Кешіріңіз, мырзам, – деп аптыға тіл қатты хатшы. Алтын пайцалы жат елдіктер келіп тұр. Өзіңізбен жолыққысы келеді. Мен ойлап едім...

Басын изеген әкім орнынан көтерілді. Иті шыққан Саид капиталға қарай жылжып жол берді. Абака сәл уақыт үнсіз тұрды да, Саидты нұсқап жарлық берді.

– Мынаны аулаға әкетіндер және Сәлім оған жақсылап тұрып жиырма жеті дүре соқсын.. Ал мырзалар маған кіре берсін.

– Мың да бір рахмет сізге, мырзам! Алла сізге жүз мың жыл ғұмыр сыйласын! – деп, миңгірлеген Саид билеушінің шапанының етегінен сүйді.

Абака оны қак маңдайдан бір тепті.

Иіліп тағзым еткен Саид сонда да: “Мың алғыс сізге, мырзам!”, – деп күбірлеп сөйлеп жатыр. Қызметшілер оны залдан алып кетті.

Аймақ әкімі Абака оюлаған орындығына мығым жайғасып, байсалды калыпта жателдіктердің кіруін күтіп отыр.

Николо мен Маффео Пололар билеушінің алдына келіп тізелерін бүгіп, бастарын иді. Жауап ретінде Абака да басын изеді. Жателдіктер төрге көтерілді. Әкімнің көзі Николо Поло мойнына тағыл жүрген алтын жақтауға орнатқан ақық тасқа түсті.

– Біз аса зор мемлекеттік маңызы бар мәселелерден кол үздіргеніміз үшін сізден кешірім отінеміз, дегенмен өзіңізге әкелген кішкентай тартуымызды тапсыруға рұқсат етіңіз.

Николо Поло інжуге толы кішкентай калташаны алды да, оны Абаканың созған алақанына салды.

– Сіздің мейірімділігіңіздің шегі жоқ және ұлы ханның абыройын арттырып өзіңіздің атқарып жатқан істеріңізді елдің мақтағанын естіп жатырмыз, – деп жалғастырды сөзін Николо Поло. – Біз мығым тәртіппен халықтарды баскарып отырған әлемдегі ең қуатты билеушіге, бүкіл әміршілердің барлығының әміршісінің сарайына хат жолдап, ол хатымызда мына біз секілді ұлы мәртебелі Қытай императорының түкке тұрмайтын қызметшілеріне сіз сияқты қайырымды тақсырдың көңіл толарлық қабылдау жасағанын, жанашырлықпен қарап оз қамқорлығына алғанын ризашылықпен баяндадық. Сіздің рұқсатыңызбен біз таңғұттар елін ерсілі-қарсылы

аралап шықтық, тұрғындардың сіздің есіміңізді зор құрметпен атайтынын естідік. Біз көптеген гүл жайнаған қалаларда болдық. олардағы салтанатты сарайларды тамашаладық, тиімді сауда келісімдерін жасадық. Біз түйе жүнінен тоқылған шәлілер сатып алдық, ондай таза шәлілер әлемде жоқ. Біз, әмірші, сізге, көрсеткен қисапсыз жақсылықтарыңыз үшін достық көңілден шексіз алғысымызды білдіреміз...

Осылай деген венециялық көпестер тағы да тағзым етті.

Абаканың беті бүлк еткен жоқ, тек көздерінен ғана жылт еткен арамдық оты білініп қалды. Мынау ақ төбеттер одан қулықтарын асырын кетпек. Ол жолаушылардың айла-шарғысының бәрін бес саусағындай біліп отыр. Дегенмен олардың ақылмен айтылған құттықтау сөзіне жауап ретінде әкім жайлап қана:

– Сіздер ұлы ханға хат жолдадық дедіңіздер ме? Соның онша қажеті жоқ еді. Ол сіздердің жеткендеріңіз жайлы біледі, – деді.

– Біз ұлы ханға хабар жібердік, – деп әңгімеге араласты Маффео. Мұны сізбен ақылдаспай істегеніміз үшін кешіреді деп ойлаймыз. өйткені ұсақ-түйек шаруамен сізді мазалағымыз келмеді... Алайда бүгін біздің бойымызды қорқыныш пен үрей билеген соң, өзіңізден ықпалды көмек сұрап, отініш айтуға мәжбүрміз.

Абака өзінің салқынқанды қалпын сақтап отыра берді. Бейне бір іші пысқан жандай ол інжу салынған қалташаны әуелі жанындағы орындыққа тастай салды, сосын оны қайтадан алып, алақанына қойып, салмағын шамалаған адамдай, қақпақылдай бастады.

– Сіздерді тындап тұрмын, – деді ол. – Тек менің маңызды шаруаларым көп екенін ұмытпаңыздар.

Николо Поло бір мезетке ғана көзін жұмып қалды.

– Маған бұл жайлы баяндау оңай емес, мейірімді мырза... ұлымыздың сапарға бізбен бірге шыққаны сізге мәлім. Біз сіздің рұқсатыңызбен ел аралап, саяхат жасап жүргенде бір белгісіз адам оны өлтіргісі келген.

– Қорыққанға қос көрінеді, – деді Абака.

– Міне, қарақшының қанжары, мырза. – Николо Поло қойнынан қанжарды суырып алып, алақанына салды. – Бүгін түнде менің ұлым саябақта қыдырып жүргенде, оны осы қанжармен жарып тастай жаздаған.

Абака қатуланып қабағын түйді. Ол шабуылдың құпия себептерінен хабары бар-жоғын білмек болып жанарын Николо Полодан тайдырмады, алайда оның жүзінен әкенің ұлының тағдырына алаңдағанынан және өзінен көмек күткенінен басқа ештеңе байқала қоймады.

– Мына қаруды маған қалдырыңдар, – деді даусын созған Абака. Мен қарақшыны іздеуге бұйрық беремін. Бұдан былай сіздерді менің сарбаздарым қорғайтын болады.

Абака қолымен меңзеп, қабылдаудың аяқталғанын білдірді.

– Сізге мейлінше ризамыз, қайырымды мырза, – деді Николо Поло.

Ағайындылар тізерлеп тұрып, бастарын үш рет иіп тәжім етті де, сарайдан шығып кетті.

Есік жабылған бойдан олардың артынан кірген хатшы Абакадан бұйрық күтіп тұр.

– Саид жазасын алды ма?

– Жок әлі, қадірлі мырзам.

Кенет Абаканың жыны козып кетті.

– Жылдам қызметшіні шақыр, – деп айқайға басты ол – Мен кәпірлердің тынысынан уланған ауаны жұта алатын түрім жоқ!

Қызметші кірді де, хош иісті қасиетті шөптер жанып жатқан ыдысын оңды-солды сермеп, Абака өзін қуып шыққанға дейін ауаны тазартқан болды.

– Сандты әкеліңдер.

Тағзым еткен хатшы бұйрықты орындауға кетті.

Саид кірді. Үрейі ұшқан оның тізесі дірілдеп тұр. Ол бірден өміршінің аяғына жығылды.



– Мына қанжарыңа не бол, ақымақ.

Абака қайталап айтқанға дейін оның қаруға қарай қолын созуға батылы жетпеді.

– Қанжарыңды ал дедім ғой!

Саид көзін тіктеп ешқайда қарай алмады. Қанжарды алып, бөліне қыстырды.

– Бүгін кешке сен жолға шығасың. Күн демей, түн демей, күйғытасың да отырасың. Жолда ең жүйрік аттарды мінуің үшін мен саған қыран бейнесі салынған пайцза беремін. Түнде шырақшылар жолынды жарық қылып отырады...

Бұйыра сөйлесе де, аяқ астынан өзгерген Абаканың даусы Саидтың құлағына майдай жағып барады.

– Сен маңызды хат жеткізуге тиіссің. Оны ешкім қормеуі керек. Тіткен адамның өзі бойыңнан таба алмайтын болсын. Ұқтың ба? Әйтпесе, өміріңмен қош айтысасың. Күндіз-түні тынбай шапқылауың керек. Сен қыран қауырсынды шабармансың. Қүдіретті министр Ахмедтің өз қолына осы хатты тапсырғанға дейін сені жан баласы тоқтата алмайды... Бәрін түсіндің бе? – деп сұрады Абака.

– Қүдіретті министр Ахмедтің өз қолына осы хатты тапсырғанға дейін мені жан баласы... – деп айнытпай қайталады Саид.

– Сәлім мұны күтін отыр, – деді есік алдында тұрған хатшы. – Жазалау жайлы бұйрық күшінде қалған шығар?..

– Жарайды, бұл ақымаққа он жеті дүре соғылсын. Бүгін жолға шығатын болғандықтан дүре шыбығы жіңішкелеу болсын, – деді Абака.

\*\*\*

– Иттің баласы, Сәлім! Құлаштан ұрды-ау, – деп тісін қайрап тіл қатты ызаланған Саид, арқасын сипап жатып. – Тоқтай тұр, бөлем, менің де қолыма бір түсерсің...

– Тез қараңды батыр, Саид! – деп айқайлады Сәлім жендет. – Болмаса, тағы бір тартып жіберуім мүмкін.

Кешкісін хатшының қолынан аузы мұқият желімделген хатты және қыран бейнесі салынған алтын пайцзаны алған кезде Саид өзінің дүре соғылған арқасының ауырып тұрғанын ұмытып кетті. Ол хатты қойнына тығып, пайцзаны мойнына тақты да, жүгіре басып ямға – көлік қатынасы бекетінің үлкен кеңсесіне жедел жетті.

Қала қақпасына жақын орналасқан бұл кеңсенің бөлмелері ең үлкен лауазымды қызметкерлер отыруға сай жабдықталған, әрі өте кең болатын. Императордың жаушылары күн демей, түн демей, кез келген мезгілде шаршаған көліктерін алмастыруы үшін атқорада төрт жүз мықты ат күтімде дайын тұратын. Ұлы ханның құзырындағы елдерде дәл осындай жүз мыннан астам бекет ұйымдастырылған. Тіпті елсіздегі, үлкен жолдардан аулақтағы шалғай өңірлерден де Құбылай ханның жарлығымен осындай бекеттер ашылған еді. Бұл шаруаны жүзеге асыру үшін мыңдаған отбасы жайлы қоныстарын тастап, императордың қатынас қызметін камтамасыз етуге айдалаға көшуге мәжбүр болды. Осылайша бұрын адам тұрмаған кейбір жерлерде мал бағып, егін егетін іргелі қоныстар дүниеге келді.

Ханбалықты барлық аймақтармен әрбір жиырма бес-отыз шақырым сайын көлік ауыстыру бекеті орналасқан сапалы жолдар жалғастыратын еді. Бекет аралықтарындағы алаптарда отыз-қырық үйден құралған ауылдар бар болатын. Оларда императорға қызмет ететін жаушы-шабармандар тұратын.

Мысалы, әлдебір аймақта шыққан көтеріліс немесе әкімнің сатқындық жасағаны секілді төтенше хабарды орталыққа жеткізу қажет болғанда жаушылар тәулігіне екі жүз елу-үш жүз шақырым жолды артқа тастайтын. Олар алдағы бекетке жақындаған кезде алмастырып мінетін аттарды дайындай беруі үшін арнайы жасалған мүйіз кернейлерін дарылдата жөнелетін.

Император қызметіне алынған шабармандарға көрсетілетін сый құрмет те айрықша еді.

– Мені бөгемендер, мен әкімнің шабарманымын! – деп айкайға басты Саид, қатты жүгіргеннен ентігін баса алмай. – Немене, ақымақтар, көздерің мойнымдағы алтын пайцзаны қормей тұр ма?

Миығынан күлген сакшы Саидты бекетке өткізді.

Тіркеуші арнаулы кітапқа оның аттанған уақытын жазды да, ең жақсы атты ерттеуге нұсқау берді.

– Саған келесі бекетке дейін жолынды жарық қылып отыратын шырақ ұстаушылар қажет пе? – деп сыпайы ғана сұрады тіркеуші.

Саид бас киімінің мандайына қыран қауырсынын қадап, қоңырау тағылған белдікпен буынды, сосын иығына мүйіз кернейді ілді.

Саидтың көз алдына тағы да: “Күн демей, түн демей, күйғытасын да отырасын. Жолда ең жүйрік аттарды мінуің үшін мен саған қыран бейнесі салынған пайцзаны беремін. Шырақ ұстаушылар түні бойы жолынды жарық қылып отырады”, – деген ерні жымырайып, қабағы түйілген, бойын қысқан ашудан жарылғалы тұрған ат жақты Абақа елестеді.

Сол кезде ғана оның есіне асығу керектігі түсті.

– Жол жақсы таныс, – деді ол шікініп, сосын аркасы ауырса да, атына қамшы басып, түн қараңғылығына сүңгіп, көзден ғайып болды.

– Тоқтай тұр, Сәлім, көкеңе көрістірермін әлі!.. – деп кіжіне міңгірледі ол.

Белге байланған қоңыраулар сыңғырлап келеді. Бас киімдегі қыранның қауырсыны мен мойнындағы пайцза жолын ашып тұр. Күн болсын, түн болсын, мейлі көктен шуақ төгіліп тұрсын, немесе манайын қалың тұман басып жатсын, бекеттегілер оның алдынан елбектеп шығып, қолдан келген қызметтерін көрсетіп жатты. Өйткені ол – Абаканың шабарманы!

Ол бастан кешкен қорлықтың бәрін ұмытты. “Құлды бөрекенді өлтіреді” дегендей, қыран қауырсынды жаушы болғалы кеудесіне нан пісіп, коңілі өсіп қалды. Біліп қойындар Саидты! Қылан ат... Баран ат... Ақбоз ат... Талай аршынды арғымақтар жалдарын жел желініп, шығысқа қарай сілтеп келеді. Тастақ жолдардан тек тағаның

дыбысын ғана естисің. Шабарманды көрген керуендер қапталға шығып, жолды босатады.

Саид демалысты ұмытты. Ұзақ жол сілікпесін шығарса да, ол тәулігіне бар болғаны екі-үш сағат қана көз шырымын алып, жеті түнде орнынан атып тұратын да, шырақ ұстаушылардың өзін келесі бекетке жеткізіп салуын талап ететін.

Ханбалыққа дейін екі жүз шақырымдай ғана жол қалды. Ол жібек жалды ақбоз айғырмен көсілтіп келеді. Аспан ашық. Астындағы аты жебедей зулайды. Жол қапталынан күріш өсіретін сазды жерді ағаш соқаға буйвол жегіп жыртып жатқан дихандарды корді. Тас төбеден тонген көгілдір аспанның түсі көкжиекке жақындаған сайын бозамық тартып тұр. Ергежейлі секілді қортық шал қорсылдап, тұмсықтарымен жер қонарған бір қора шошқаны жайып жүр.

Жаушының беліндегі қоныраулар сыңғырлап келеді. Ол таяп қалғанда жүкшілер заттарын жерге қойып, бас киіміне қыран қауырсынын қадаған шабарманның соңынан қарап, демдерін алады. Саидтың арқасының ауырғаны басылды. Тек қатты қажыған соң оның ұйқысы келе береді.

– Күндіз-түні жүріп келемін. Кордіңіз бе, мырзам, сіздің бұйрығыңызды қалай орындағанымды. Тек Алла жатжерлік малғұндардың қоздерін тегіс жойсын... Ал Сәлім деген – нағыз залым. Оның өзіңізді олтірмек болып жүргені маған мәлім...

Уақытты жылдам өткізу үшін Саид өзімен-өзі сойлескенді ермек етіп келеді. Абақа қандай жауап берерін ойлағанда, оның қасқырбет кейінінде күлкі ойнап, тіпті рақатқа бөлене қалды.

– Сен адал қызметшісің, Саид. Міне, саған бес жүз лан<sup>22</sup> жібек ақшаны сыйладым... Сәлім жайлы айтқаның дұрыс болды. Оны енді ит өлімі күтіп тұр, – деуге тиіс әмірші.

Саид тар шатқалға келіп кірді. Колден шыққан өзек тастардың арасымен ағып жатыр. Жол колдің құм жағасына апарады. Саид мүйіз кернейін дарылдата тартып, жақын бекеттегі өткелшілерді шақырды. Арғы және бергі беттегі қос бағанның арасында үлкен

қайық теңселіп тұр. Жағадағы қамыс арасынан жай басып ұзын бойлы жігіт шықты. Қолында қармағы бар.

– Ей, жылдамдат! – деп ақырды Саид. – Сен, немене, қыран қауырсынын көрмей тұрсың ба? Мен Ханбалыққа, министр Ахмед мырзаға маңызды хабар апара жатқан жаушымын.

– Ахмедке ме? – деп қайталап сұраған қайықшының сыбырлаған даусынан оның министрді қарғағанын Саид естіп қалды.

– Саған тездет дедім ғой мен! – деп жындана айқайға басты Саид. Сосын жігітке тізгінін ұстатып жатып: – Әйтпесе, бастығына айтып, көкеңе көрістіремін. – деді жаушы.

– Отырыңыз, қыран қауырсынды шабарман.

Қайықшы үндемей ескегін есіп келеді. Күнге шағылысқан аттын жалы күмістей жылтырайды.

– Қол өте терең, – деген қайықшы ескек есуді тоқтата қойды.

Кенет қарсы беттен қолға қарай келе жатқан керуен көрінді. Түйелерге төрт бұрышты ағаш торлар теңделіпті.

Қайықшының жүзін мұң торлап, жанарының тұңғығында жылт еткен от ұшқынын сөндіріп тастағандай болды. Ол қайтадан ескекке жабысып, қайықты жағаға қарай есе жөнелді.

– Ана торларға жабайы үйректер, қырғауылдар, құрлар мен боденелер қамалған. Сен оны байқадың ба, қыран қауырсынды жаушы?

Қайықтың басы құмдауыт жағаға тірелді.

– Құстарды императордың аулауы үшін апара жатыр.

Саид қайдағы бір қайықшының сөзін құлағына ілген жоқ.

Абаканың жарлығын орындауға жанын салған шабарман тынымсыз шапқылап, оның Ахмедке жазған хатын көзінің қарашығындай сақтап келеді.

Жолға шыққанына бесінші күн болғанда Саид құм тобенің басынан етекте жатқан Ханбалықтың төңірегіндегі елді мекендерді көзімен шолып тұрды. Оның құлағына елкезбе дәнекерлеушілердің, шаштараздар мен қайрақшылардың айқай-ұйқайлары анық жетіп

тұр. Сондай-ақ ескі-меккі киім-кешек жинаушының қаққан кішкентай даңғырасының даусын да өте жақсы естіді. Айналасына салтанат шұғыласын шашып тұрған император ордасының мәрмөр сарайлары маңындағы үйлердің тұсынан да Саид ештеңеге алаңдамай, құйғытып өтті. Саид бас көшенің қос қапталындағы шеберханаларында жұмыс істеп отырған қолөнершілерге де, кошедегі сансыз саудагерлерге де, құжынаған халыққа да қоз қырын салған жоқ. Жаушыны, тіпті, дәмді тамағының хош иісі мұрынды жарып тұрған асханалар да қызықтырмады. Ол қоңыраулатып, кернейлетіп жосылтып келеді.

Алдында аса құдіретті қаржы министрі Ахмедпен кездесу күтіп тұрған соң, ол шаршағанын мүлдем ұмытып кетті. Ахмедтің сарайына кірген бойда-ақ шабарманның көңілі әжептәуір өсіп қалды және ол министрдің қабылдауын бойында үрей мен рақат сезімдері араласа өріліп, асыға күтті. Ол хаттың орнында тұрғанын тексеріп, кеудесін қайта-қайта сипап қойды.

– Мен Ахмед мырзаға аса маңызды хабар алып келдім, – деді ол, өзіне қайда кіруді көрсеткен және атын жетектеп бара жатқан қызметшіге, даусын кенеп.

– Сізге шамалы уақыт күте тұруға тура келеді. Министр мырза жаңа ұлы мәртебелі императордың әйелі Жамбы қатынның\* қабылдауына кетті, – деді қызметші.

– Мен Ахмед мырзамен жедел кездесуге тиіспін.

Мырс егіп күлген қызметші: – Қазір кеңсеге барып, келгеніңді белгілет. Қажет болғаныңда сені шақырады. Мен саған бас уәзір дәл қазір Жамбы қатынның сарайында екенін айттым ғой, – деді.

\*\*\*

Ахмед ханымның қабылдауынан түс кезінде аса қуанышты оралды. Ахмед көп жылдардан бері Жамбы қатынның көңілінен шығып және әр уақытта оның қолдауына ие болып келеді. Осындай

карым-қатынастың аркасында ханымның ықпалымен ол империядағы ең күдіретті министр дәрежесіне көтерілді.

Ахмед өзінің кеудесі тәтті қиял мен асыл арманға толы бозбала шағында туған қаласын тастап, Есен ноянның сарайына қызметке тұрған кезін ешқашан есінен шығарған емес. Ол ноянның қызы Жамбы сұлуды сонда ең алғаш рет көрген болатын және арудың молдіреген кара коздерінің өзіне бір сәтке кадалып откенін байқап қалған еді.

Бір күні Ахмедке Жамбының күтушісі келіп, оған ноянның сұлу қызының атынан күпия түрде монғол ханы Құбылайға тапсырылуға тиіс хатты берді. Бірте-бірте жас арудың жүрегін өзіне бұрмак ойы бар Ахмед әуелде қатты ренжіп, бұл тапсырмадан бас тартпақ болған, бірақ кейін салкынқандылықпен ақылға сала келе ноянның қызының осы отінішін ғана орындап қойған жоқ, содан бері оған жан-тәнімен беріле үздіксіз қызмет көрсетіп келе жатыр.

Ахмед өзінің, күнделікті табысы күнкорісіне әзер жететін бақалшының баласының, мемлекеттің бас уәзірі дәрежесіне жеткенге дейінгі жүріп откен тар жол, тайғақ кешуін үнемі есіне алып отыратын. Құбылайдың бүкіл қазынасының билігі оның қолында еді.

Жамбы қатын да оның адал қызметін ескерусіз қалдырған жоқ.

Ахмедтің еріндерінен болар-болмас жымысқы күлкі табы сезіледі. Императордың әйелі қыз кезіндегі сұлулығын баяғыда жоғалтты, қатты семіріп кетті, Ахмедтің оған деген махаббаты да атамзаманда сонді. Бірақ Ахмед Жамбы қатынмен оның қыз уағында әкесі Есен ноянның оң босағасында отырған кезіндегідей именген, әрі келбетіне тамсанған болып сойлесетін еді.

Ахмед аса қу және батыл адам болатын.

Ол өз жолына бөгет бола алатын барлық адамдарды соттатты, жазалатты, ақыры шексіз билікке қол жеткізді. Егер өзіне жақпаған біреудің көзін жою қажет болса, ол Құбылай ханға кіріп: “Генерал Ян сіздің императорлық биік мәртебеңізге нұқсан келтіретін қылмыс

жасады. Ол сарбаздардың алдында сіздің беделіңізді түсіретін әңгіме айтып, өзіңізді құрметтемейтінін көрсетті. Ол өлім жазасына лайық”, – деген сияқты өтірікті беті былыш етпей айта салатын. Хан оған: “Қалай шешсең, солай жазала”, – дейтін. Ахмед осылай ұнамаған адамынан дереу құтыла қоятын еді.

Қаржы министрі болып бес жыл отырғанда ол үкімет билігінің ең маңызды тетіктерін өз қолына жинақтап алды. Ұлы хан Құбылайдың сеніміне кіргені соншалық, Ахмедке ешкімнің қарсы сөйлей алмағаны былай тұрсын, оның бетіне жан баласы тіке қарай алмады. Ахмед жала жапса болды, ол адамның бұдан кейін ақталуға да, қорғануға да мүмкіндігі болмайтын, өйткені байғұстың сөзін сөйлейтін кісі табылмайтын еді.

Егер Ахмед өзінің тыңшылары арқылы бір жерде біреудің бойжеткен сұлу қызы бар екенін білсе, оның әкесіне қызметшісін жіберіп: “Сенің әдемі қызың бар. Сен оны кімге ұзатпаксың? Қызынды бас уәзір Ахмедке бергенің өте дұрыс болар еді. Өйткені, ол сені сол үшін ханның қазынасына үш жыл мерзімге бөлім бастығы етіп бекітеді”, – деген секілді хабар жеткізеді.

Мұндай ұсыныстан бас тарту қиын.

Бас уәзірмен кездескенде басқа министрлер жалбақтап, жағымпазданудан бірінен-бірі асып түсуге тырысатын. Ал сол кезде қазынаға төленетін салық мөлшері үш есе өсіп, кара халық еңселерін көтере алмас жағдайда еді.

Оның есесіне Ахмед осы уақыт ішінде қисапсыз байлыққа ие болды, қызметке тұрушы кез келген адам оған қомақты пара беретін.

Бас уәзір көшеге шыққанда оны көрген адамдар бірден тізе бүгіп, шандақ жерге жата калып қошемет көрсетуге міндетті болатын, ондай көріністерге Ахмед рақаттана қарайтын.

Бас уәзірдің төбесіне күн түсірмеу үшін акбоз атты төрт қызметші оның үстіне үлкен күнкағар керіп, оз аттарының адымдарын Ахмедтің атымен сәйкестендіріп жүріп келеді. Құрметті қарауылдағы бұлардың қару-жарақтары жүріс ырғағымен сыңғыр-сыңғыр етеді.



– Қыран қауырсынды шабарман сізге бір суыт хабар әкелді, мырзам. Ол сізді күтіп отыр.

– Ол қайдан келді?

– Чаньчжоудың әкімі Абака жіберіпті.

– Кіре берсін.

Қорқа соғып кірген Саид күміс орындықта отырған бас уәзірді көргенде құлдық ұрып, табалдырықтан аса құлай кетті.

– Хат қайда?

Хатты беріп жатқан Саид өзіне Ахмедтің сынай қарағанын байқады. Қыран қауырсынды жаушы басы салбырап үнсіз тұр. Оның қоңілінің оскені сондай, осы кезге дейін ауыр жолдан шаршағанын сезер емес. Бірақ берекесіз қалың ойдан басы мүлдем айналып кетті. Оны орасан зор әсем сарайдың қақ ортасында күміс орындыққа құдайдай қонжыған елдегі ең құдіретті адамның мысы басқаны соншалық, еңсесі түсіп, есенгіреп қалды.

Бойын әзер жинаған Саид бас уәзірге тура қарауға талшынды. Ахмед морін сындырды да, хатты ашып оқи бастады. Оның бетінде бір тамыр бүлк еткен жоқ. Бірте-бірте Саидтың да қорқынышы тарап, оған басына бір кездейсоқ бақыт қонғалы тұрғандай болып көрінді.

Неге екені белгісіз, есіне балалық шағы түсті. Оны балалар мазақ қылатын, ол ош алу үшін бір жерге тығылып, олардың жақындағанын күтетін. Олар таянғанда Саид қолындағы олі егеуқұйрық байланған таяқпен біреуінің бетіне былш еткізіп ұрып, өзі де жиіркене қашқан балалардың сонынан жүгіре жөнелетін.

Хатты тізесіне қойған бас уәзір қолымен негін тіреп, саусақтарымен үстіңгі ернін шертті. Оның бет әлпетінен қоңіл күйін байқау мүмкін емес еді. Сарайда ұзаққа созылған үнсіздік орнады. Саид қыбырлауға қорқып, ештеңені ойлай алмай, құдіретті тақсырдың аяғына жығылған қалпында ұзыннан-ұзақ созылған бойында жатыр. Бір мезгілде Ахмед:

– Маған сенің ношымың ұнады. Атың кім? – деп сұрақ қойды.

– Саид.

– Сен қанішерсің бе?

– Жок, мырзам, – деп күмілжіп қалды Саид.

Ахмед оның жауабына құлақ салған да жок, бұрынғыша өзімен өзі болған қалпында:

– Маған қанішер қаракшылар керек, – деді.

Билеушінің күбірлеп қана айтқан осы сөзін естіп қалған Саид жауабын түзегісі келіп еді, алайда оған үлгіре алған жоқ.

– Ел Абака жайлы не дейді, соны айт.

– Мен күні-түні шапқылап жеттім, – деді сасып қалған Саид.

– Саған Абака жайлы айтып бер дедім ғой.

Саидтың есіне Абаканың өзін жазалағаны және басынан тепкені бірден түсті.

– Халық Абаканы жақсы көреді, мырзам, – деді ол өлімсіреген дауыспен.

Ахмедтің көздері жартылай ғана ашылған боп-боз бетін көргенде Саидтің зәресі зәр түбіне кетті. Мынау қорқынышты адам өзіне не істемекші?

– Өтірікті соғып тұрсың, – деді Ахмед.

Саид үндеген жоқ.

– Мұның дұрыс, – деген Ахмед кенет ызбарлана: – Сен мені алдай алмайсың! – деп ақырып жіберді.

Саидтың үрейі ұшып кетті.

– Өзің жат елдік көпестерді көрдің бе? – деп сұрады Ахмед.

– Әрине, көрдім, мырзам. Олардың ішінде бір алып адам бар. Оның сикыршылығы күшті... Сосын бір әдемі құң қыз бар.

Абыржыған Саид аузын жаба қойды. Мұның бәрін несіне айтып отыр? Қазір бас уәзір жендетін шақыртатын шығар...

– Сен менің қарамағымда қызметте қаласың. Ал қазір бара бер, – деді Ахмед.



Монғол князьдерінің ұлы құрылтайында – үлкен кеңесінде сайланған жаулап алынған елдердің бәрінің билеушісі, алып Қытай мемлекетінің императоры, барлық әміршілердің әміршісі Құбылай хан бетін оңтүстікке бұрып, өз тағында отыр. Салтанаттарда ғана ашылатын есіктер тегіс айқарылған, төбесін биік мәрмәр бағаналар тіреген залға күн сәулесі толқындана төгіледі. Әр есікке соқталдай қос сақшы қойылған. Олар кірген-шыққан адамдардың аяқтарының табалдырыққа тиіп кетпеуін мұқият қадағалайды, өйткені бұл жаман ырым. Қызметшілер шетелдік елшілер мен көпестерге алдын ала осы әдет жайлы тәптіштеп түсіндіреді.

Біік табалдырыққа андаусызда қонақтардың біреуінің аяғы тиіп кеткен оқиғалар да кездеседі. Ондайда сақшылар кінәліні дереу ұстап, үстіндегі бар киімін сыпырып алып, оған алтын ақшамен үлкен айып төлетеді. Егер мұндай күнәға атағы төмен жай адам батқан болса, оған дүре соғылады.

Монғолдар бір жүз сегіз күмбезді қала деп атайтын Чжун-Найман-Сюме, яғни қытай тілінде Шанду\* деп аталатын императордың жазғы ордасы таулы-тасты өңірге орналасқан болатын.

Дойбы тақтасындай теп-тегіс шатқалдағы жазыққа салынған үйлер мен оларды қоршаған бактарға күн нұры төгіліп тұр. Ғимараттар мен храмдардың айдаһарлар және басқа да ертегілерде ғана кездесетін жан-жануарлардың бейнелерімен безендірілген күмбезді шатырларын зәулім шынарлардың коленкесі жауып тұр. Қаланың оңтүстік қақпаларынан басталатын кең көшелер солтүстік қақпаларға дейін созылады. Барлық жаулап алынған елдердің колонершілері: Самарқанның қағаз жасаушылары, Қытайдың оңтүстік жағының тоқымашылары, Багдад пен Бұқардың зергерлері, Балық пен Керманның жіп иірушілері, Йездің қару-жарақшылары, Новгородтың тері-терсекшілері... әйтеуір, бармағынан бал тамған шеберлердің бәрі Шандуға әкелінген сияқты. Ал, жаз айларында бұл қалада көпестер, ғалымдар, сопылар, саяхатшылар, масқариспаздар, сиқыршылар, жұлдызшылар және дуаналар тіпті қаптап келеді.

Император сарайы мәрмөрдан және басқа да құнды материалдардан салынған. Ол өзінің орасан зор көлемімен ғана емес, сыртқы түрінің керемет әдемілігімен корген жанды таң-тамаша қалдыратын. Сарайдың қайталанбас көркем өрнектелген бір жақ қапталы оюлаған қасбет қаланың ішкі жағына сән береді, ал сыртқы, қорған жақтағы екінші қасбеттің ішкі жақтағыдан ешқандай кемдігі жоқ. Сарай қоршауының өзі он алты шақырымға созылып жатқан алып саябақтың ортасында тұр. Көкжасыл алқаптарда императордың оның бас жылқысы жайылып жатыр. Түрлері жаңа жауған қардай

ашпақ. Оларға өз бақташыларынан басқа ешкім де себенеіз жақындай алмайды, жылқыға таянған адам қылмыскер болып саналады. Ақ биелердің сүтінен ашытқан қымызды тек Шыңғысханнан тарағандар ғана ішетін еді. Осындай қымызды бұлармен бірге тек ойраттар ғана іше алатын, өйткені ол тайпаның адамдары Шыңғысхан сарбаздарының сапында керемет ерлік көрсеткен болатын. Қара суды теріс ағызып, жын-шайтандарды ерттеп мінетін ұлы ханның қызметінде жүрген баксы-балгерлер мен жұлдызшы-күмалакшылар жыл сайын тамыз айының жиырма сегізі күні құдай-аруақтар желеп-жебеп жүрсін деп және империяның барша халқына, сондай-ақ жануарлар дүниесі мен жерінде өсетін астыққа оның көзі оң болсын деп, қымызды колдей ағызып, құдайы беретін еді.

Императордың саябағында молдір сулы колшіктер мен өзендер көп болатын. Бак ішінде тек үйренген уағында ғана келіп жем жең кететін бұғылар, еліктер және маралдар еркін жүретін. Аң-құс аулауға арнайы дайындалған екі жүз сұңқар торларға қамаулы тұратын, оларды ұлы хан ашта сайын көріп кететін. Мықты қоршаудың ішінде ханның өзі аңға салатын жолбарыстай жыртқыштар бағылатын.

Сол жылы Құбылай хан саябақ ішінен арнайы қоңіл котеру үшін қызықхана салуға бұйрық беріп еді. Бұл ғимараттың зермен көмкеріп, алтын жалатқан діңгек бағаналарының әрқайсысына жарқ-жүрк еткен айдаһар мүсіндері жансырылған. Тарбиған тырнақтарын жерге тіреген айдаһарлардың бастары қызықхананың алтын жалатқан бамбукпен жабылған тобесін тіреп тұр. Бір қарағанда жеп-жеңіл сияқты болып көрінетін бұл ғимараттың беріктігі сондай, ешқандай сұрапыл дауылға мыңк етпейтін, өйткені ол екі жүз жібек арқанмен керілген еді. Қызықхананы жинау және қайта құру көп уақытты алмайтын, оны қалаған жерге апарып тігу оң-оңай шаруа еді.

Бар байлықтың қожасы Құбылай хан тақта отыр. Оның зал толы нояндарды, әскербасыларды, белгілі байбәтшіларды, күсшы-

аңшыларды, емші-хакімдерді және шетелдік қонақтарды шолып откен жанары бір сәтке есік күзеткен сақшыларға тоқтады да, содан соң көк аспанға бұрылды. Нөкерлер өздерін өте тәртіпті ұстайды, бос әңгіме жоқ, есік жабылған бойда зал ішінде ұшқан шыбынның ызыны естілетін тыныштық орнай қалған.

Осы сәтте император үстеріне әлдебір саңылау арқылы күн сәулесі түсіп тұрған бір топ адамды байқады. Олардың бет әлпеттерінде, сырт пішіндері де залдағы басқа адамдарға мүлдем ұқсамайтын. Ұлы хан өзінің сол жағында отырған Сю Сянге\* мойнын бұрып:

– Олар келіпті ғой, – деді.

Қарт оқымысты үндеген жоқ. Жауап орнына жайлап қана басын иді. Оның байсалды ақылды жүзінде жабылып бара жатқан есіктен түскен сәуле ойнап өтті.

Күңгірт залдан қызметшінің жуан даусы күмбірлеп естілді:

– Бас иіп, құдайға құлшылық етіңдер.

Жиналған жұрт жапырыла құлап, мандайларын жерге тигізді.

– О, жерге төңкеріліп тұрған көк аспан! О, аспан аймалаған қасиетті кара жер! Біз сіздерге өз билеушімізге деген тілегімізді бере қор деп жалынып-жалбарынамыз. Ол он мың жыл жасасын!

Осы кезде басқа қызметшінің жіңішкелеу даусы шықты:

– Мәңгілік көк аспан оның елінің ұлылығы мен аман-есендігін сақтасын. Қол астындағы барша халыққа бақытты бейбіт өмір берсін және оларға таусылмас байлық, молшылық әкелсін.

– Мәңгілік көк аспан біздің әміршімізді әрқашан аман қылсын, – деп іліп әкетті нөкерлер.

Сарайдағылар мандайларын жерге төрт мәртеден тигізді. Ойға батқан Құбылай хан қоғадай жапырылып, иіліп жатқандардың жауырындарына қоз салды. Сақшылар есіктерді қайта ашқанда күн сәулесі зал ішіне құйылып өтті. Нөкерлер бүгілген тізелерін жазып такты қоршап тұра қалды. Жұрт есіктен такка дейінгі аралықта қарқайып, жалпақ дәліз жасады, оның бойымен жайлап жүріп откен асыранды арыстан, тактың төменгі жағына барып, өзінің дәу басын алдыңғы аяқтарына салып жата қалды.

Құбылай хан арыстанның жалынын сипады. Арыстан аузын ашып есінеген кезде оның пышақтай откір азу тістері көрінді.

– Менің ішім ауырып отыр, – деді кенет император.

Нөкерлердің жүзінен өте қатты абыржығандары білінді. Ханның қызметшісі қабағын түйіп, қасында тұрған жас жігітке:

– Сен, немене, ұлы мәртебелінің іші ауырғанын естіген жоксың ба? Жүгір, жылдам араб дәрігерді жеткіз, – деді ызбарланып.

– Сен маған дәрігер қажет екенін қайдан білесің? Арыстанды алып кетіп, Құнан қарияны шақырыңдар.

Ұлы мәртебелінің іші ауырғаны жайлы хабар садақтан ағылған жебеден де жылдам тарады. Арыстан, үйретушінің шақырғанын тыңдап, сыртқа шығатын есікке қарай бара жатқанда сарай қызметшілері ауыздарын ашпай, жым болды.

Шындығында да ұлы мәртебелінің көңіл күйі онша емес еді.

– Дәрігер неге келмей жатыр? Жер жұтып кеткен бе?

– Ұлы мәртебелінің дәрігерге көрінгісі келмейді.

– Таяуда менің де ішім, тура мына жерім ауырған. Тура бір тышқан кіріп кетіп, ішек-қарнымды кеміріп жатқандай болған. Дәрігер еш көмек жасай алмады...

Байбатша сөзі осы жерде кілт үзілді, ол өңі шүберектей қуарып артқа шегінді, арыстан оның қарсы алдына келіп қалған еді.

Жыртқыштың коздерінен от шашырап тұрғандай.

– Мына пәлені алып кетіңдер, – деген байбатшаның даусы зорға шықты. Ол, неге екені белгісіз, қолдарын артына тықты.

Үйретушінің шыбыртқысын сартылдатып өзін қайта шақырғанын естіген арыстан жалын желпілдетіп, басын сілкілеп, зілсіз ырылдап, есікке қарай беттеді.

Шаршаған императордың жүзіне күлкі табы үйірілді. Қытайлық ғалым Сю Сян қолдарын жеңіне тығып алған.

Екі қызметшіге сүйеніп, сонау Шыңғысхан дәуірінде Сүбедей қолбасшының жасағында болған монғолдың ардагер сарбазы Құнан қария кіріп келе жатты. Ол император тағының жанына өзіне арнап төселген кілемге отырды да:

– Сен мені шақырттың ба? Міне, мен келдім. Тек маған айтшы, осы саған не керек? Неге сен алтын тақта отырып бүкіл уақытыңды бір жерден екінші жерге көшіруге келмейтін қу қара тас үйде өткізесін? – деп сөйлей жөнелді.

– Әңгімені қой, Құнан, – деді Құбылай хан.

– Ауымды жабатының бар, онда несіне шақырттың? Маңайыңды бірыңғай ботен ақылшылар қоршап алған. Менің ұрпақтарым бұдан былай киіз үйде тұрмай ма?..

Қара сарбаз түсініксіз әңгімесін император өзіне бұйыра сөйлегенде барып тоқтатты.

– Естіп тұрсың ба, Құнан? Сен маған Шыңғысханның бүкіл әлемді жаулап алуға берген бұйрығы жайлы айтып берші.

– Бәрін естідім Құбылай хан, – деп қария кеудесін керді. Есіне жастық шағы түскен ақсақалдың соңіп бара жатқан жанарында қайтадан жалын ұшқындап, ол тіпті өзінің император сарайының ең үлкен залында отырғанын да ұмытып кетті. Оның қолдарынан қару ұстайтын күш кетсе де, ақыл-ойы сайын даламен таң алдында жүйткіп бара жатқан асау арғымақтай ұшқыр болатын.

Құнан әңгімесін бастады.

– Бұдан көптеген жылдар бұрын, аяз атты атақты ұста жалмақ озенге күміс сауыт кигізіп, ал теңдесі жоқ тігінші – қыстаулар мен жазықтардың бәріне ақ тон жамылдырып тастап, содан өзен-көлдердегі мұз, найза бойындай қатқан кезде Шыңғысхан өзінің әскербасы Сүбедей батырды тау басына тігілген алтын шатырына шақырып алып: “Сен, Сүбедей, енді сарациндарды<sup>23</sup> бағындыруың керек. Жүз мың сарбазбен жорыққа аттан. Жас ноян Құбылай осы жорықта қасыңда болсын. Ерлік көрсетіп, даңқын шығарсын”, – деп тапсырма берді оған.

Ер Сүбедейдің және жас қыран Құбылайдың басшылығымен бойларын дүлей күш кернеп, жасындай жарқылдаған біздер сарациндарды таудан құлаған тасқындай жайпадық. Носер жаңбырда қанша тамшы болса, біздің әскердің саны да сонша еді.



Біздің жебелеріміз қатарласа ұшқанда, аспан көрінбейтін. Ат тұяғы мен арба доңғалақтарының даусынан адамдардың құлағы бітіп қалатын. Бізден қашқан жау құтылып көрген жоқ.

Құбылай хан қарияны козін жұмып, мүлгіп тындап отыр. Нөкерлер жалығып, бір-бірімен сыбырласып сойлесіп кетті.

– Көкірегім қарс айырылды, – деді жай ғана Құбылай хан.

– Әрі қарай айтпай-ақ қой. Шіркін, шалқар далаға қайта оралсам ғой!..

Бұл сөздерді естіген императордың кеңесшісі, әрі оқымысты Сю Сяннің қоңілі осіп, кеудесі көтеріліп қалды. Бірақ мұны оның бет әлпетіне қарап білу мүмкін емес.

– Сізге жағ жерлік елшілер келіп тұр. Оларды қабылдайтын мезгіл жетті, — деді ол.

Қызметшілер ардагер қарияны сыртқа шығарып жатқанда Құбылай хан шетелдік елшілерді шақыруға өмір етті. Оның қысыңқы көздеріндегі ойлылық жылдам жоқ болып кетті де, хан елшілерге қызығушылық білдіріп, жалпақ бетін соларға қарай бұрды. Венециялықтар тізелерін бүгін, императордың алдына етпеттей құлады.

– Тұрындар, – деді Құбылай хан. – Білсеңдер, мен өздеріңді ұмытқан жоқпын. Менің шабармандарым сендерді Шандуға дейін шығарып салған болатын.

– Бізге көрсеткен тендесі жоқ жақсылығыңыз үшін сізге, ұлы мәртебелі тақсыр, шексіз алғысымызды білдіреміз, — деді Николо Поло. – Содан бергі кезде сіздің еліңіз бұрынғыдан да үлкейіп, керемет коркейін кетіпті. Сіздің қызметкерлеріңіз бен шабармандарыңыз бізді барлық жерде айрықша құрметпен қарсы алды.

Ханның венециялықтардың орамды тілмен сойлеген сөзін аса жылы қабылдағаны көрініп тұрды. Ол көзін Николо Полодан жарты қадамдай кейінде тұрған Маркоға аударды.

– Ал, енді, өз билеушілерің Рим папасының сіздерге қандай тапсырма бергенін баяндай беріңдер.

Николо Поло папаның тапсырмалары жайлы айтып жатқанда Маркоға Құбылай хан мен оның нөкерлерін жақсылап қарап алуға мүмкіндік туды. Ол құдіретті ханның ордасындағы әмір жайлы үлкендердің айтқан әңгімелерін бұған дейін сан рет тыңдаса да, бәрін өз көзімен көргенде осыншама сән мен салтанатқа, байлық пен талғамға аузын ашып, көзін жұмып қалды. Бәрі оңі мен түстей еді.

Венециялықтар алға қойған мақсаттарына жетті. Қаншама қауіп-қатер мен қиындықтардан өтіп, олар бастапқыда қолдан келместейі болған шаруаны аман-сау атқарып шықты. Міне, енді Марко Поло Қытай императорының алдында тұр. Ол хандардың ханының бетін ғана емес, мұрнынан екі езуіне дейін түскен терең әжімге дейін, тіпті боялған қастарының болар-болмас қағылғанына дейін көріп, әміршінің шапыраш қысық коздерін қайда барып, кірпігін қалай қакканың, жалпы, бет-ажарындағы кез келген өзгерісті байқап тұр.

Марконың алыс елдерге қызыққа толы сапарға шықсам деген бала кезгі арманы орындалды. Тек осы сәтте ғана ол өз жолының ең бастапқы қадамын жасап тұрғанын айқын түсінді.

Орда ішінде серуендеген арыстан бір кезде алтын тақтың алдына келіп, керіліп жата қалды. ал ұлы хан болса, жыртқыштың жалын сипап отыр, оның түрлі лауазымдағы нөкерлері – уәзірлер, әскерибасылар, әкімдер, оқымыстылар – императордың іші ауырғанын әңгімелеріне арқау етуден жалығар емес. Марко әкесінің сөйлеген сөзін тыңдады, алайда оның ойы сан сакқа жүгіріп, тиянақталар емес. Императордың нөкерлері венециялықтың сөзіне үлкен мән берді және Құбылай ханның бет әлпетінен бұл сөздің оған қалай әсер еткенін байқауға барынша тырысты. Ал Матео бастаған қызметшілер залға папаның сый-сияпаттарын кіргізіп, оларды ханның алдына жарқыратып жайып салғанда, таңданған дауыстардан сарай іші дуылдап кетті. Шындығында ел, сыйлықтардан гөрі, Матеоның зор тұлғасына таңданыс білдірген еді. Императордың өзі де бір сәтке көзін Матеодан аудармай, алысқа шүқшия қарады. Содан соң ол жүзін Николо Полоға бұрып:

– Сіздің адалдығыңыз бен табандылығыңыз мақтауға тұрарлық. Сіздер зор құрметке лайықсыздар. Мен сіздерге алтын ыдыстар мен зерлеп тіккен мерекелік киімдер сыйлаймын. Сіздердің құдайларыңыздың моласынан әкелген майды мен кастерлеп сақтаймын. Сіздер біздің елімізде саяхат жасауға бола ма деп сұрайтын болсаңдар, менің жауабым мынау: “Қайда барамын десеңдер де, өздерің біліндер, және айтарым, сіздерге жаулық ойлаған жан – маған да жау”. Ал, анау кастарыңдағы бозбала кім? Ол маған таныс емес.

– Ол менің ұлым, сіздей ұлы мәртебелінің сенімді құлы.

Император Марконы бастан-аяқ шолып шықты.

– Сіздің ұлыңыздың жүзінен нұр, көзінен от шашырап тұр, – деді Құбылай хан. – Мен ұлыңызды өзімнің құрметті нөкерлерімнің қатарына аламын, ол менің ерекше қамқорлығымда болады.

– Сен менің айтқандарымды түсіндің бе? – деп содан соң Сю Сянге көзін бұрды.

– Адам жүрегінің түкпіріне үніле білу – өте үлкен өнер. – деп жауап қатты қарт ғалым. Егерде нағыз ғауһарды жай жылтырақ тастан айыра алмасаң, онда ақшаңнан ғана айырыласың, ал адамнан адамды айыра алмай, жаманмен жолдас болсаң, басыңнан айырылуың мүмкін. Достарының рухы биік адамға алынбайтын қамал болмайды.



Императордың бәйбішесі Жамбы қатын жазды Ханбалықта өткізетін болды. Бәйбіше ретінде оның мемлекеттік мәселелерді шешуде де ықпалы зор еді. Оған үш жүз кәнізак қызмет қылатын. Ханымның ойындағысын білуге тырысатын сарай шаруасындағы жағымпаз күтуші әйелдер ол ашуланса, зәрелері зәр түбіне кетіп, үндерін шығармайтын, ол қайғырса, көз жастарын өтірік көлдетіп, қосыла жылайтын, оның қартая бастағанын көре тұра, көлгірси мақтайтын.

Саябақ ішіндегі Ханбалықтағы сарайда Жамбы қатынға қараған он мың адам тұратын. Саябақ бірінен атылған жебе екіншісіне әзер

Саябақ ішіндегі Ханбалықтағы сарайда Жамбы қатынға қараған он мың адам тұратын. Саябақ бірінен атылған жебе екіншісіне әзер

жетерліктей арақашықтықта салынған төрт қатар қалың қабырғамен қоршалған.

Император сарайының едені де, бағаналары да мәрмәр тастардан қашалып жасалған, ал орда бөлмелерінің барлық қабырғаларына ғажайып аңдар мен құстардың, айдаһарлардың бейнелері немесе әскери шайқас көріністері ойылып салынған. Әсіресе ою-өрнекке бай алтынмен апталған сарайдың қабырғасы мен төбесінің қиылысқан тұстары көздің жауын алады. Орда құрылысының сыртынан мәрмәрдан тағы бір қосымша қабырға тұрғызылған. Сарайға бақты жарып, піл сүйегіндей ағарып жатқан жалпақ баскыш арқылы кіресіз.

Құбылай ханның қазынаханасы мен бәйбішесінің тұратын сарайы бас ордадан таяқ тастам жерде тұр. Ол – тып-тыныш, ушудан аулақ жатқан бөлек қалашық тәрізді. Император, көбінесе, осы жанға жайлы оңаша отауда мемлекеттік мәселелермен айналысатын.

Жамбы қатын Ахмед министрді күтіп отыр. Онымен кездескен сайын әйелдің есіне жұпар ауа жайылған жайлауда өткен жастық шағы түсетін. Кейде ол баяғы қыз кезіндегідей арғымақ атты ерттеп мініп, тізгінді бос жіберіп, сайын даламен кеудесін кере құйғыта шапқанды, киіз үйдегі еркін өмірді аңсайтын. Сондай сәттерде оған мынандай салтанатты сарайдағы өмірі соңғы уыс күрішін қайнатып жеген қайыршының лашықтағы көрген күнінен де төмен сияқты болып көрінетін.

Императордың бәйбішесі саябақ ішімен еркін қыдырыстап келеді. Оның баттастырып опа-далап жағып тастаған беті бейне бір жансыз қуыршақтікі секілді. Бәйбіше іші пысқаннан не істерін білмей жүр.

Оның соңынан үн-түнсіз еріп төрт қызметші әйел келеді.

Күн аспан айналып жерге түскендей ыстық, ал аптап жел тура айдаһардың деміндей. Өткен күндердің кейбір оқиғалары есіне түсіп, терең ойға шомған Жамбы қатын хауыздың жанына тоқтап, ондағы алтын балықтардың ойынын қызықтады. Балықтардың

кимылы да бір түрлі: олар әуелі бір бұрышқа жиналады да, бейне бір құпия бұйрық алғандай барлығы бірден судың бетіне секіріп ауыздарымен келген күздің белгісіндей болып, айдын бетінде қалқыған бір-бір жапырақты тістеп, молдір суға қайтадан сүңгіді.

Кенет Жамбы қатынның жүзіне шынайы күлкі үйірілді. Бойын естеліктер баурап алған императордың әйелінің опа-далап бағтасқан бетіне қан жүгіріп, жан кірді.

Баяғы боз даладағы жастық шағында оған құда түсуге бес бірдей жүрек жұтқан жігіт келген. Бұл оларды тілдеспей қуып жіберген. Несін айтасың, ол кезде Жамбы тастан-тасқа секірген сілеусіндей шымыр еді, жебедей жылдам арғымаққа мініп, садақ тартқанда, көңігі аңшылар мен жауынгерлердің талайы далада қалатын. Таңғы шықтан езілген саз балшық толарсаққа жұғып, жер әлі кешпей, шығып келе жатқан күн сәулесі алыс қырдың боктеріне оскен бұталардың басын енді шала бергенде, ер адамдар дабдырлап сөйлеп, аң аулауға жиналып, ауыл әйелдері үйлерінің алдында ыдыс-аяқ жуып немесе құмырамен суға бара жатқанда, ал айналадағы көк жазық көгілдір аспанмен көкжиекте астасып тұрғанда – ол бірденеден көңілі алабұртып, еліктей керіліп, құлын денесі көрген жанды тамсандырып, көк шалғынның үстінде кетіп бара жататын.

– Қараңдар, Жамбы, Есен ноянның қызы кетіп барады...

Императордың бәйбішесі хауыздың жағасына отырып, судағы өз бейнесіне көз салғанда, жүзінде ойнаған күлкі ұшып кеткендей, жоқ болды. Сымдай сұңғақ, гүлдей керкем күтуші кербез қыз баяу жақындап келіп, Жамбы қатынға жастық берді.

Жамбы қатын құтырған адамдай кенет қыздың жағынан тартып жіберіп: – Бәрің де құрындар! – деп долы айқайға басты.

Күтушілер бұдан кейін шеттеңкіреп, әрі қарай қандай бұйрық боларын күтіп тұр.

Жамбы қатын қозғалмай отыр. Саябақты желден төрт қағар қабырға қорғайды. Шынарлардың ұшар бастарын жел тербетіп тұр.

ал гүлдердің сарғая бастаған сабақтары салқын ұрған қауашпақтардың салмағымен томен иіліп кеткен. Күзгі шуақ тірілткен алабажак кобелек алаңқай үстімен ұшып жүрді де, бір кезде бәйбішенің жеңіне келіп қонды.

Қалың қабырғалы қоршаудың сыртында қилы-қилы тағдырлар тоғысқан қала жатыр. Өмір заңы солай: біреу қуанады, біреу жылайды. Шебер мүсіншілер сомдаған құдайлардың, шаруалардың, сұлу әйелдердің, таңғажайып аңдардың бейнелері қоз тартады. Шеберлердің де қолдарынан келмейтіні жоқ: асыл тастардан ыдыстың сан түрін, алтын мен күмістен әшекей бұйымдар жасайды, күріш сабағынан жасалған қағазға және жібек маталарға гүлдер мен құстардың керемет қоркем суреттерін салады, тары сабағы мен бамбук шыбықтардан сандықшалар тоқиды. Ағаш соқамен саздақ немесе тастак жерлерді жыртып дән егетіндер де, арқа еті арша, борбай еті борша болып қаптаған әкімсымақтарға қызмет ететін де осындай білектері бұлқынған еңбеккер жандар.

\*\*\*

Қарны тойынған, әдемі киінген Саид Ханбалықтың думанды көшелерімен жүріп келеді. Ахмедтің сеніміне кіргендердің жағдайлары жаман болмайтын, ол сондықтан қожасына шексіз беріліп қызмет етті. Саид жанын қинап, өзін-өзі аямай, өте қысқа мерзімде Чань-Чжоудан Ханбалыққа жеткенін және осыдан соң өз өмірінің қалай жақсарып кеткенін масаттана есіне алды.

Саид қамырдан жасалған кішкентай мүсіндерді майға қуырып сатып тұрған тыриған арық наубайшының дүңгіршегіне тоқтады.

– Не сатып тұрсың? – деді ол, байбатшаларға еліктен даусын кенеп. Жағдайы жақсарған соңғы айлар ішінде оның беті жылтырап, ұрты шығып қалып еді.

Наубайшы бейтаныс жанға бір қарады да, темір табаққа қыпқызыл боялып піскен нанның біреуін савын, Саидтың тұра мұрнының астына қоя қойды.

– Кор, не сатып тұрғанымды: майға қуырған кішкентай ахмедтер. Же, өте дәмді! Міне, мына ұсақтаулары он иен тұрады, одан үлкендері – жиырма иен ғана. Су тегін. Алындар, тойындар! Бал татиды. Мен ахмедтерімді өте сапалы майға қуырамын. Оның қайнаған кездегі иісінің өзі тәбетінді ашады...

Мұны естіген Саид жынданып кете жаздады. Қарай гөр, мынау тексіз Ахмедтей мырзаны келемеждегісі келеді!

– Бұларды сен неге ахмед деп атайсың? – деді ол, бойын кернеген ашу-ызаны жасыруға тырысып.

– Әй, не деп кокисің?! – деп байбаламға басты бір қауіптің төнгенін сезген наубайшы. – Мені мазақ қылғың келеді, ә?

Ол дереу айкайлап көршілерін шақырды.

– Ли, мында кел! Қайдасың, Ван, жылдам жет, балғанды қалдырма. Ян, У, немене, естімей жатырсындар ма? Маған мына біреу тиісін тұр, сөз саптауына карағанда, барлық адал саудагерлерді құртпақшы.

Шошынған Саидті колонершілер мен саудагерлер қоршап алды.

– Мынау кеуекбаска не керек өзі?

– Батыр қараңды жылдам, тасбақаның төресі!

– Сөз шығындап қайтесің? Қақ маңдайдан бір койсайшы.

– Беліне тері алжапқыш байлаған қара күш несі Ван суырылын алға шығып, наубайшыдан:

– Намыска тиердей соншама бұл не айтты? – деп сұрады.

– Пісірілген нандарыңды ахмед деп атадың деп бұл маған жала жауып тұр. Менін солай демейтінімді сіздер жақсы білесіздер, – деп наубайшы қуақылана достарын шолып шықты. – Мен емес, тура өзі ойлап тауып, нанды ахмед деген! Қайырымды Ахмед он мың жыл өмір сүрсін. Ахмед тозақ отына нандай қуырыл деді ғой бұл пөлекор. Естідіңдер ме? Ол айна-қатесіз осылай деді.

Жиналған жүрт наубайшының тапқырлығына өлгенше күлді. Ал, Саид болса, өзін-өзі ұстай алар емес.

– Жок, бұны айтқан оның өзі! Ол біздің жарылқаушымыз Ахмед мырзаны маскараламақ болды! – деп бақырды Саид. – Қазір



сақшыларды шақырамын. Егеуқұйрықтарға жем болып зынданда жатсын бұл оңбаған.

Саудагерлер мен колонершілер жан-жақтарына аңдап қарады. Кейбіреулер білдірмей зытып отырды. Есіне әйелі мен үш баласы түскен наубайшының түсі бозарып кетті, алайда дәл осы сәтте Ван ұста Саидты өңменінен қабырғаға қарай итеріп жіберді.

– Батыр қараңды! – деді ол

– Токтай тұрындар, бөлем! – деп күбірлеген Саид жылдам зытты.

Наубайшы қазан-ошак, ыдыс-аяқ, көсеу-месеуін жинастырып, барлығын ыңғайлап буып-түйді де, арқасына салып алып, асыға басып, үлкен қаланың екінші бір шетіне барып кәсібін жалғастыра берді. Ал түс кезінде сақшылар келіп, Ван ұстаны зынданға салуға алып кетті.

– Сен адал қызметкерсің, – деп Ахмед Саидқа күміс кесе сыйлады.

– Тек енді жан-жағыңды байқан сақ жүруің керек, әйтпесе мына иттер кеңірдегіңді суырып алуы мүмкін.

\*\*\*

Ахмедтің Ханбалықта құпия тұрағы – қала сыртында арнаулы үйі бар екенін некен-саяқ қана адамдар білетін. Әр ай сайын мұнда бүкіл күтушілер, аспаздар, бағбандар міндетті түрде алмастырылып, олар алып империяның басқа түкпірлеріне жіберілетін. Император Шандуда богелін, ал оның ересек мұрагері Чимкимнің аң қызығынан қолы босамай қалатын жаз айларында Ханбалықтағы Ахмедтің қолына шексіз билік тиетін. Оған мемлекеттің бар қиырынан жаушы-шабармандар ағылып келіп, жергілікті жерлерден маңызды хабарлар әкелетін және мұның жарлықтарын шет аймақтарға жеткізетін.

Ханбалыққа папаның елшілері – христиан көпестерінің келгені Ахмедті өте қатты мазасыздандырды. Ол жат жерліктер императорға аса күшті ықпал етеді деп қорыққан болатын.

Ахмед алақанын негіне тіреген: оның дірілдеген саусақтары жоғарғы ернін шерткілейді, ойы болса, оң сакка жүгіреді.

“Венециялықтарда император берген алтын пайцза бар... Дер кезінде түк бітірмеген. Абака, сен барып тұрған ақымақсың! Қашғар мен Лобтың маңайынан ұзатпай көздерін жойсаң ғой, ешкімнің жұмысы болмас еді! Енді кеш қалдық. Император оларды құрметпен қабылдады... Оларда әдемі қыз бар деп жазыпсың...”

Министрдің саусақтары ернін бұрынғыдан да қатты шертті. Бір кезде ол күнгірт болмеден күн сәулесі құйылған баққа шықты.

Ол тұрса тұрып, ол жүрсе жүретін коленкеге ұксаған Саид мырзасының ешқандай кимылын қалт жібермейді.

– Олардың кездейсоқ апатқа ұшырап қалуы оп-оңай ғой, – деп күбірледі Ахмед. – Қытай – қауіпті ел.. Бірақ бұл қара дүрсіндеу шаруа болады. Ахмед ондайға бармайды. Ахмед тереңірек ойлайды! – Сосын ол айқайлап Саидты шақырды.

– Құлағым сізде, мырзам!

– Сен мені осында күт. Мен Жамбы қатынға барып қайтамын.

Батыстан сокқан жел шөл даланың шаңын көтеріп, сол шаң енді хауызды көмкеріп тұрған зәулім ағаштардың бұтақтарына қонып жатыр. Жамбы қатын алтындай жалтыраған балықтарға нан үгіндісін шашып қояды. Айдын бетінде қалқыған нан кикымдарын ұстамақ болып ауыздарын ашқан балықтар шашылған жемге секіргенде судың беті шымырлап, өрнекке толады. Ұлы мәртебелі бәйбішеге күтуші әйел келді де, даусы әзер шығып:

– Министр Ахмед мырза келіп тұр, – деді.

Жамбы қатын қалған жемді суға лақтырып жатып:

– Мен оны күтіп отырмын, – деді.

Ахмед императордың әйелінің алдына келіп, бас иіп, үнсіз тұра қалды. Оның жарасымды шағын сақал көмкерген қара торы бетінен бәйбішеге деген шынайы құрмет пен қошемет нышандары анық байқалып тұр еді.

– Е-е. Ахмед, сіз екенсіз ғой, – деді бәсең дауыспен Жамбы қатын. Шандуға бармағаным өкініп отырмын, онда, ең болмағанда құсбегілердің өнерін көресің ғой... Мына қабырғалардың ішінде өмір сүрудің ішті қалай пыстыратынын білсең ғой.

– Құдіреті күшті ханым, онда сіздің орныңыз үңірейіп тұрар еді ғой, – деді Ахмед. – Маған көп мәселелерде сіздің ақылыңыз қажет. Егер сіздің парасатты пікірлеріңізді тыңдамасам, онда елді ұлы мәртебелінің тапсырмасына сәйкес емін-еркін басқара алар ма едім? – Содан соң ол даусын бәсеңдетіп: – Сізді көрсем болды, бүкіл шаруа есімнен шығып кетеді, – деді.

Ахмедтің сөзі де, сұқтана қараған көзі де Жамбы қатынға күн сәулесіне шомылғандай әсер етті.

– Ағаштың басын жел тербеп тұрғанын байқадың ба? – деді ол.

Сарғая бастаған жапырақтар ауада қалықтап ұшып жүр.

Жамбы қатын мен Ахмед сүрлеу жолмен көкжасыл төбешікке көтеріліп барады. Гүлжазира жазықтарда тотықұстар мен қырғауылдар алаңсыз ұшып-қонып жүр. Төбешік қолдан үйілген. Оның биіктігі жүз қадам-ақ болса да, басына көтерілу үшін мың қадам жол жүру керек. Төбешікті үюге топырақ алған шұңқырдан әсем қол жасалған, онда аққулар жүзіп жүр. Төбешік басында керемет күрке тұр. Мәңгі көктеп тұратын ағаштардың жан-жаққа жайылған бұтақтары серуендеушілерге сая болып, оттай ыстық күннен қорғайды. Мұндағы ағаштар империяның әр түкпірінен әкелінген. Бір жерде сирек кездесетін ағаш бар дегенді естісе болды, Құбылай хан оны тамырымен қаздырып, көлемі мен салмағына қарамай, пілдерге артып, осы көктөбеге жеткізуге бұйрық беретін.

– Әне, олар келе жатыр, – деді ызалы үнмен мана Жамбы қатыннан шапалақ жеген кәнизак. – Біздің кемпірге қарашы, қалай-қалай мамыр қазша маймаңдайды.

Төбешікке шығатын жолдың қақ ортасына жеткенде Жамбы қатын тоқтады. Ол өзінің еңтіккенін байқатпағысы келді. Аялдаған жерлері жуан дінді тарбиған бұтақтары жапыраққа толы ағаштың саясы еді. Жапырақтар күн сәулесі түскенде мың құбылып түсін өзгертетін секілді. Бәйбіше айналасына гүл оскен ұзын орындыққа жайғасты да, Ахмедке қасыма отыр деген ишара жасады.

– Сіз бір шаруалардың түйінін таба алмай жүргеніңізді айтқансыз. Мен өз тарапымнан қандай көмек ете аламын, Ахмед?

Ахмедтің жүзіне ризалық күлкісі үйірілді. Ол әдеттегідей алақанымен иегін тіреп, саусақтарымен ернін шертуге оқталды да, дер кезінде тоқтай қойды. Есіне императордың бәйбішесінің қасында отырғаны түскен ол, бетін әртістерше мың құбылтып, лезде қатты ойланып, толғанған адамның кейпіне кіре қалды.

– Қытайлықтар – зұлым халық, – деп үн қатты ол біраз ойланып барып. – Олар ұлы мәртебелінің шексіз қайырымдылығы мен ел басқарудағы данышпандығын бағалап отырған жоқ.

Мына сөз ұнамаған бәйбішенің басы кекшең ете қалды, мұны байқаған Ахмед әзер естілетіндей, әсерлене тіл қатты:

– Мен енді өмірімнің ең бақытты сәттерін ешқашанда қайтып оралта алмаймын.

Императордың әйелі алақанымен жібек көйлегінің етегін сипады. Оның анау-мынауға бүлк етпейтін бояу баттасқан бетіне жан кіріп, жүзі жадырап, көзінде күлкі ойнады.

Шалқайып отырған Ахмед Жамбы қатыннан көзін аударар емес. Ол өзінің түпкі мақсаттарына жету жолында нені де болса төзімділікпен күтуге әбден үйренген адам еді. Гүлдердің ауаға тараған хош иісі мұрынды жарады. Өткен өмір көріністері көз алдынан көшкен бұлттай өтіп жатыр. Осылай үнсіз отырғанның өзі рақат.

– Сонымен, сіз, бізге қызмет істеп жүргенде өзіңізді бақытсыз деп есептейсіз бе? – деп сұрады кенет императордың әйелі.

– Мен қарапайым қызметімді бұлдамаймын. Мені бар болғаны ұлы мәртебеліге сөзім өтпей қоятын күннің жақындап қалғаны толғандырады, – деп жауап қайтарды Ахмед.

Ахмедтің көзі әуелде бір орнынан қозғалмай қалықтап тұрған сосын жерге құлдилап, содан соң жаны мұрнының ұшына келген бір жәндікті тістеп көтерілген құсқа қадалып қалған.

– Мен сізді түсіне алмадым, Ахмед.

– Шандуға жат жерлік елшілер келді. Олар ұлы мәртебелінің сеніміне әбден кіріп алған.

---

Императордың бәйбішесіне бұл хабардың қалай әсер ететінін Ахмед демін ішіне тартып бақылады.

– Сен олардан қорқады екенсің ғой, министр Ахмед? – деді әжуалағандай Жамбы қатын.

– Барлығы мемлекет мүддесі үшін ғой.

– Император саған қарағанда ақылдырақ, – деп түйіндеді сөзін Жамбы қатын.

Ахмед министрдің еңсесі түсіп кетті. Ол көңіліндегі ренішті білдірмеген болып, жайлап қана:

– Кешіріңіз мені, ұлы мәртебелі ханым, – деді.



Қазақтың аңыздары мен ертеңдері. Осындай үкісі отырған  
қарға.

Ауада тынымсыз шыр айналған ақ көбелектердей ақ мамық қар ұшқындап, салтанатты сарайлардың алабажақ шатырларын, қала қақпасын, үйлердің төбелерін күміспен көмкеріп жатыр. Тас төселген көшелерді де, сидіған ағаштарды да ақ ұлпа басып тастады: қолға үйретілген қоңыр аюдың үстіне қонған қарды үлпілдеген ақ түбіт пе деп қаласың, ал оны жетектеген адамның қалпағы қонған қардан қазандай болып кеткен. Айналаны тегіс жапқан ақ қар – мешкейлерді күпті болудан, бейшараларды аштықтың азабынан құтқаратын жан алғыш әзірейіл сияқты.

Қытайлықтарда ақ түс – аза белгісі. Жандарына жақын адам өлгенде олар аппақ киім киеді.

Монғолдарда ақ түс – бақыт белгісі. Жаңа жылды қарсы алғанда император да, оның айналасындағы сарай қызметшілері де аппақ болып киінеді.

Тордағы жолбарыс көңілсіз. Ол отсыз, өлімсіреген көздерін бір нүктеге қадап, басын бөренедей аяқтарына салып жатыр. Алдында қып-қызыл қаны шыққан бір бөлек ет. Кішкентай қара ит келіп, азуларын ақситып, етті қарпып кеп қалды. Күшік кезінен бері бір тордың ішінде отырған дәу досына қарағанда ол өзін өте сергек сезінеді.

Марко сабалап тұрған қарға қарамай, тор алдында бөгеліп қалды. Оның астары ақ тиін терісінен салынып, етек-жеңі бұлғын терісімен көмкерілген ішігі суықты да, суды да өткізбейтін. Жыртқыштан шыққан алабөтен иіс жан-жаққа тарап жатыр. Марко жолбарыстың көзіне тіке қарап, оның назарын өзіне аударғысы келді.

– Сен, Тюрго, немене, мені танымадың ба?

Арпылдаған қара итке темір тор ғана тосқауыл болды.

Темір торды қапсыра қысып ұстап тұрған өз қолына ұмтылған итке қарап, Марко күліп жіберді.

Тюрго орнынан жай ғана тұрып, басын кегжитіп көтерді де, бір қабырғадан екінші қабырғаға ерсілі-қарсылы жүре бастады. Оның тарғыл терісінің ішінде бұлшық еттері бұлт-бұлт етіп ойнайды.

– Сен, Тюрго, немене, мені танымай қалдың ба?

Марко бір қадам кейін шегінді. Ырылдаған жолбарыс тордың қабырғасына ұмтылып, алдыңғы аяқтарымен болар-болмас иілген темір шыбықтарды сабалай бастады. Ит абалап үріп тұр.

– Бұдан түк шықпайды, Тюрго.

Жолбарыс қабырғадан кетіп, тор ішінде ерсілі-қарсылы қозғалды. Ақ ұлпа қар ауада көбелектей қалықтап барып, баяу жерге түсіп жатыр.

– Онда күн күлімдеп тұрған болатын. Есінде ме, Тюрго?

Сәуір айының соңғы күндері болатын. Ханбалық маңындағы егістік алқаптарды қоршай егілген жеміс ағаштары тегіс гүлдеген

кез. Соңына сансыз нөкер ерткен император қаладан шықты. Оның үш үлкен әйелі алтын күймеде бірге келе жатыр. Тек аң аулаудың қызығы әбден жалықтырған Жамбы қатын ғана Ханбалықта қалған еді.

Император өзінің ең жақын он екі нөкерімен бірге төрт бірдей пілдің арқасына тігілген ақша шатырдың ішінде келе жатыр.

Бұл шатырдың сырты бірыңғай жолбарыс терілерімен жабылған еді, ал ішіне жаркылдаған зермен көмкерілген төсеніштер төселінген. Императормен шатырда бірге отыратын он екі адамның бірі болу күрметіне Марко Поло да ие болған болатын.

Аң-құс ілуге арнайы үйретілген сұңқар, қаршыға, бүркіт секілді қырандарды бағып-қағып, баптайтын он мың құсшы бар. Шатырда тор ішінде он екі таңдаулы сұңқар келе жатыр.

Құбылай хан жалпы саны жетпіс мыңнан асатын нөкерлерімен солтүстік-шығысты бетке алып екі тәулік бойы жүрді. Император пілдеріне ілесе арқаларына қабылан, жолбарыс, сілеусін сияқты аңшы жыртқыштар қамалған торлар артылған түйелер мен қашырлар келеді. Жыртқыштардың бұғы, елік, құлан сияқты жануарларға шапқанда оларды қызылала қанға бөктіріп барып тамақтайтынын қауіпсіз жерде отырып тамашалау ұлы ханға керемет ұнайтын. Темір торлардың бірінде қиыр оңтүстік аймақ әкімі Құбылай ханға сыйға тартқан Тюрго атты ақ жолбарыс қамауда келеді.

Аң ауланатын жаққа апаратын жолды он мың адам күзетеді. Бүкіл жол бойында – ана жер, мына жерде – біріне-бірі көрінетін белгілі бір қашықтықта, екі-үш сақшыдан тұр.

Адасқан құстарды ұстап қалу үшін олардың әрқайсысына тұғыр мен томағалар таратылған. Императордың және оның нөкерлерінің құстарының топшыларына иесі мен құсшының есімдері жазылған жүқа күміс сакина кигізілген, сондықтан олардың құстары адаса қойса, иелеріне қайтару қиын шаруа емес.

Егер жоғалған құстың немесе аң аулап жүргенде түсіп қалған қару-жарақ пен мүліктердің иелері бірден табыла қоймаса, онда, оларды төбе басындағы арнаулы шатырға апарып тапсыру керек.



Бірденесі жоғалған адамдардың бәрі жоғалтқан заттарын осы шатырдан іздейтін.

Қорықшылар мен құсшылар қоршаған, біраз төменірек барған соң мұхитқа құятын үлкен өзеннің жан-жануарларға жағасына ұлы хан мен оның нокерлеріне арналған шатыр ауыл орналасты. Дәл осылай болары Марконың княжына да кірмеген еді. Бас-аяғы ет пісірім уақыттың ішінде көк шалғынның үстіне көшелері, қалтарыстары, дүкен-шеберханасы және қонақ үйлері бар нағыз қала орнады да қалды. Императордың ұлдары мен әйелдері және туған-туыстары үшін айналасы ат шаптырым көркем шатырлар, ал оларды айналдыра нокерлер мен құсшыларға, қызметшілер мен сақшыларға арналған кішкене леу шатырлар құрылды. Бәрі ешқандай ың-шың жоқ, өз ретімен атқарылды.

Шатырлар тарғыл жонды жолбарыстардың неше түрлі терілерімен жабылған, ал оның ішінде ақ тиін мен бұлғын терілерінен тігілген тосеніштер жайылған. Мұндай салтанат оңі түгіл үш ұйықтаса түсіне кіріп көрмеген Марко аузын ашып, көзін жұмды. ол өзін бейне бір тұрғыны көп үлкен қалада жүргендей сезінді.

Құбылай ханның кісі қабылдайтын шатырының үлкендігі соншама, оның ішіне бір мезгілде он мың әскер еркін сыйып кететін. Осы шатырға жалғаса жер бетінен көтеріліп, үш алтындалатылған бағанның үстіне қойылған императордың жеке ордасы бар.

Өзен бойын жағалай жыртқыш аңдардың темір торлары қойылған. Айналадағы у-шудан мазасызданған және қарны әбден ашқан Тюрго, қазандай басын жоғары көтеріп ышқына ақырды. Даусы жер жарған жыртқыш өзінің табиғатқа шыққанын, таяу маңдағы тоғайларда жабайы жануарлардың жүргенін сезген сияқты.

Үлкендігі мысықтай ғана кезінде анасының сүр жебе тиіп созыла құлаған жансыз денесінің қасында түк түсінбей тұрғанында оны тері қолғапты бір қол желкесінен бүріп ұстап көтеріп алды да, жұдырықтай қара күшік жатқан темір тордың ішіне сүңгітіп жіберді. Тюрго жылдам өсті, ал ит болса, оған күннен-күнге кішірейіп

бара жатқандай болып корінді. Олар – императордың жолбарысы Тюрго мен козінен от шашыраған кішкентай шәуілдек қара ит – бір-біріне әбден бауыр басып үйренісіп алды.

Әрқашанда адамдар судай сапырылысқан, танауына белгісіз жер-сулардың, аңдар мен жануарлардың нісі келетін, ішек шұрылдап, қарны ашатын тор ішіндегі шайқалақтаған ұзақ сапардан соң, бостандықтың жүрек тербейтін керемет бір сәті болатынын Тюрго әбден ұғып алған еді. Жерге қойған тордың есігі ашылады да, ол аяғын аңдап басып сыртқа шығады, анадай жерде өзін көріп үреіі ұшып дірілдеп тұрған елікке еркіндікке басы айнала атылады...

Тюрго аштыққа шыдар емес. Ол сақшының аңдамай торға сүйей салған найзасын алдыңғы аяғымен шалт ұрып, ұшырып түсірді де, ышқына ақырды. Даусы құлақты жарып жібере жаздады.

Марко жоғалған заттарды тапсыратын шатыр тігілген төбешік басында тұр еді. Алтын бағандарға, шатыр-төбелеріне түскен батып бара жатқан күннің шапағы қалашықты одан сайын жайнатып жібергендей. Жақын жазықтарда жайылып жатқан жылқы, қашыр және түйелерде есеп жоқ сияқты. Төменде жалпақ өзеннің суы күмістей жылжып, баяу ағып жатыр. Төбешік етегімен төрт піл жүрін өтті. Шатырлар мен қостардың арасы құжынаған халық. Адамдардың төбесінің үстімен қайықтай қайқайып, зембілге салған шатыр келеді.

Төбешікке котеріп шығарған төрт қызметші оны Марконың қасына, жерге қойды.

Ақсаусақ қол терезеден пердені ысырды.

– Мен сізді алыстан байқадым... Жалғызсырап ішіңіз пысқан жоқ па, Поло бек? Сізбен бірге болуға рұқсат ететін шығарсыз, – деді жібектей есілген дауыс.

– Бұл мен үшін үлкен мәртебе, мейірімді мырза, – деп қуана жауап берді Марко.

Зембілдегі шатырдан шыққан Ахмед министр бозбалаға сәл ғана иіліп тағзым етті.

– Сіз императордың аңшылық сапарына тұңғыш рет қатысып тұрсыз ба? – деп сұрады ол.

– Иә, бірінші рет, – деп басын изеді Марко.

Керней үні мен тордағы аш жыртқыштардың ырыл-гүрлі адамдардың даусын естіртер емес.

Көкжиек асып құлаған күн жаңа ғана өзі шексіз дарқандықпен шұғылаға бөлеген табиғаттан бүкіл әдемі бояу-нақышты сыпырып алып кетіп бара жатқандай болып көрінді.

– Мен тұңғыш рет Ханбалыққа келіп, ұлы мәртебелінің алдына барғанымда озіңнен ересек емес едім, – деді Ахмед.

Осындай өмірі күшті, ақылға бай адамды бағалаған Марко, оны үнсіз тыңдап отыр. Күн ұясына қонды, бәлкім соның әсері болар, қоныс жақтан шығып жатқан айкай-шу да басылды.

– Кейде мен бұрынғыдай қарапайым ғана көнес болғым келеді...

– Ал сіз болсаңыз, әлі жассыз, Поло бек, күшіңіз де көп... Мен өзім туған қаланы жиі есіме аламын. Ол бір аса құнарлы аңғарда еді. Біздің үй түп-тура озен жағасында болатын. Маған жиекте отырып, әрі-бері жүзіп бара жатқан қайықтарға қарау ұнайтын. – Кенет Ахмед мырс етіп күлді де: – Осының бәрін неге айтып отырмын. Поло бек? Сіздің өзіңіздің әсем еліңізге қайту ойыңызға да келмейтін шығар... Менің алыста қалған арманыма күлсең, күле бер... Сіз нені армандайсыз? Ұлы мәртебелі императордың көңілі өзіңізге түскеннен артық не керек?

Айналадағы алқаптар бір көгеріп, бір сұрланып, озеннен толқындана көтерілген тұманның құшағына кіріп кетті.

– Маған сіз әрқашанда сене беріңіз. Бұл сөзімді басыңызға әлдеқандай қиындық түсе қалса, еске аларсыз, Поло бек.

Ахмед басын изеп, қызметшілеріне белгі берді.

Көп адамдар маңына таяна алмайтын осы құдіретті адамды Марко өзінің ұнатып қалғанын байқады.

– Рахмет сізге, мейірімді мырза, – деді Марко. Аспалы шатырға отыра берген министр кенет еңкейіп Марконың құлағына:

– Сю Сяннан сақтанып жүр, тек бұл әңгіме жайлы тісіңнен шығарушы болма, – деп сыбырлады.

Қызметшілер аспалы шатырды төменге ала жөнелді. Жердің бетін жапқан боз тұман олардың аяқтарын көрсетпейді. Ақыры алқызыл кокжиектің өзі іңір қараңғылығына жұтылып кетті.

“Сю Сяннан сақтанып жүр” деген сөз жадында жатталып қалды. “Адам жүрегінің түкпіріне үңіле білу – өте үлкен өнер. Егер сен нағыз гауһарды жай жалтырақ тастан айыра алмасаң, онда тек қана ақшаннан айырыласың, ал адамнан адамды айыра алмай, жаманмен жолдас болсаң, басыңнан айырылуың мүмкін. Достарыңның рухы биік болса, саған алынбас камал болмайды...” “Сіздің ұлыңыздың жүзінен нұр тамып, көзінен от шашырап тұр...”

Марконың басына неше түрлі ой келді. Оның көз алдынан Ханбалықтағы сарайда болған бір оқиға жылжып өтті.

Құрметті нокерлері мен министрлерінің қоршауында император демалып жатқан болатын. Бір кезде ол алтын құмырамен сапырылған салқын қымыз әкелуді бұйырды.

– Үш жыл өтті, – деді бір кезде Сю Сян. – Өз заманында ұлы мәртебелі Шынғысхан әрбір үш жыл сайын айыбы онша ауыр емес тұтқындарды зынданнан босатып отыруды тапсырған болатын.

Ұлы хан жастықтарға жантайыңқырай түсіп, ойлы жүзбен желгіуішке қарады да:

– Дүниеде қымыздан асқан сусын жоқ... – деді. Сосын сәлден соң: – Сенің пікірің қалай, Ахмед министр? – деп сұрады.

– Меніңше, қара тобыр халық төбелерінен төніп тұрған жұдырықтың салмағын сезініп отыруға тиіс. Сізді келекелеген кез келген адамды түрмеден босатуға болмайды.

Сю Сян ағарған қасын қағып-қағып қалды.

– Мүмкін, сенікі де дұрыс шығар, Ахмед, -- деп ойланыңқырап барып тіл қатты Құбылай хан.

Көңілі марқайған министр басын иді.

– Сю Сян, маған тұтқындардың тізімін жасап бер. Қалың тұман басқан төбешікте тұрғанда Марконың есіне осы бір оқиға келген еді. “Сю Сяннан сақтанып жүр”. Бұл сөз оның есінен кетер емес. Маркоға сарай маңындағылар көзге түспейтін жіптен тоқылған торға шырмалып қалғандай көрінді. Ал жіптің ұшы кімде? Құбылай ханда ма? Ахмедте ме? Әлде Сю Сянда ма?

Тюрго тағы ырылдады. Қарауылдар алаулатып от жақты. Керней үні түнгі демалысты хабарлап, сақшылар өз орындарына тұрды.

Аң аулау келесі күні таң қылаң бере басталды. Марко бұрын-соңды басынан кешпеген керемет қызыққа батты. Барлаушылар таяу маңда құтандардың, қалбағайлардың және басқа құстардың топ-тобымен отырғанын хабарлады. Қызметшілер император шатырының іргесін түрді, Құбылай хан қырандардың томағасын сыпыруға бұйырды.

Қырандар көк аспанға көтеріліп, құтандар мен қалбағайлардың төбесінен шүйіліп, оларға зымыраған октай құлдилап құлап, қайшыдай тістерімен мойындарын қиып, топырлатып түсіре бастады. Өмір үшін арпалысқан бейшара құстар өздеріне шүйліккендерден жоғарырақ көтерілмек болып әрекеттеніп-ақ баққанмен, ұшқыр сұңқарлардан құтыла алмады. Құсшылар қыпқызыл жас етті көрсетіп, қашан өздерін аттарын атап шақырып алғанға дейін қырандар ұшқан құсты құтқарған жоқ.

Аспандағы шайқастарды Марко тағатсыздана тамашалады. Қырандар олардың шатырының төбесінен жебедей зулап отіп жатыр. Аңшылар қамыс арасындағы құстарды итпен үркітіп тыным табар емес. Көтерілген құс қыранға жем болары сөзсіз.

Императордың жанары жанған оттай, орнынан тапжылмай, қырандарын бақылап отыр. Қолымен нұсқап, нөкерлеріне де құстарын салуға белгі берді. Олар қырандардың томағаларын жедел сыпырып, көкке ұшырып жатыр.

Келесі күн де жайлы болды. Құбылай хан енді ірі жануарлар аулауды бастамақшы. Екі өзен арасындағы кең жазықты аң

куушылар мен қорықшылар күн шыққанға дейін қоршап үлгерді. Олар қалың тоғай, қопалардан тау ешкі, бұғы, елік, арқар сияқты жануарларды қуып шығып, беттерін аңшыларға қарай бағыттады.

Император пілдер үстіндегі шатырының бағанына сүйеніп тұр. Жануарларға шабуға дайындалған жолбарыстар мен қабылдардың үні маңайды азан-қазан қылды, пілдер тас мүсіндей тұрған орындарында катып қалған. Аң бағушылар қажет сәтте темір тордың есігін ашуға сақадай сай тұр. Күн жана шықты, коленке ұзын, шық кепкен жоқ. Алдағы тоғайдан мүйізі қарағайдай кер бұғы ойқастан шыға келді.

– Жолбарысты жіберіңдер! – деп сабыры кетіп айкайға басты император. Тюрго тордан секіріп шығып, ылғал шоңке бауырын тосеп жата қалып, желге қарсы бүкпантайлап, тоғайға қарай қозғалды. Оның алдында шәуілдеген кішкентай қара ит бара жатыр.

Маркоға өз жүрегінің соғысы естіліп тұр. Аң қуушылардың кикіуі басылған. Тылсым тыныштық орнаған. Қыңсылаған қара ит кейін қайтып, айналсоқтап жүрді де, бір кезде ашық тұрған темір торға кіріп кетті. Қызметшілер мен сақшылар іштерін тартып, демдерін шығармай, жорғалап бара жатқан жолбарысқа қарап қалған. Қозғалмай тұрған пілдер ағаштан жасаған мүсіндерге үксайды.

Марконың бойын тағатсыздық билеп алды. Алдағы қызықтарды күту оның делебесін әбден қоздырды. Өгіп бара жатқан оқиғалардың тізбегі коңіліне ешқашан өшпейтін суреттердей орнап қалды. Ол бағана коленкесінде тұрған бетінде қап-сол жоқ Ахмедті, бас министрді жек қоретіні жүзінен білініп тұрған күзет бастығы Ванчжуды жібек шапанының жерге жететін жеңдерінен шығарған қолдарының саусақтары тынымсыз қозғалып тұрған салмақты қарт Сю Сянды, секіруге дайындалған жыртқыштай жиырылған императорды қорді. Ортасынан қайыс баумен бір шалып, бағанаға сүйейі салған бірнеше найза да, бірде коленке, бірде күн түсіп, жүздері мың құбылған ақ, қоңыр, сары адамдардың беттері де,

айналасындағы кісілердің үстеріндегі алтын мен күміс жіптермен кестеленген жалт-жұлт еткен киімдері де, шатыр ішінің сән-салтанаты да, ондағы императордың орны, асыл корпелер... тіпті шыға беріске ілінген жиналмалы арқан басқыш та естен кетпес көркем суретке айналып, Марконың көңіл түкпірінде сақталып қалды.

Бұл бейне, бұл көріністер енді ешқайда жоғалмайды, майлы бояумен жарқырата салған суреттердей әр уақытта бозбаланың көз алдында тұрады.

Үрейленген бұғы басын көтерді. Оның денесін діріл билеп алған. бүйірі бүлкілдейді. Ол басын кілт бұрып, жылдам кері қозғалды да, кенет тоғайға қарай ышқына үмтылды.

Биік өскен шоп арасынан жолбарыстың тарғыл жоны анда-санда бір көрініп қалады. Бұғы өзін тоғайдан қуып шыққан екі аяқты шулағыштардан да қауіптірек жауға кездескенін түсінді. Тоғайдағы шудан үркіп, қайта кейін бұрылды, сосын тағы тоғайға қашты, екі ортада басы айналып, қайда барарын білмей қалды.

“Орманға қарай қап”. – деп айқайлап жібере жаздаған Марконың мынау күшті мен әлсіздің шайқасына кездейсоқ бірдене бөгет болуы мүмкін деген ойдан денесі дірілдеп кетті.

Тюргоның әбден ашыққандығы сонша оған аузына түскелі тұрған жемтігімен мысықша ойнап, әуреленуге мұрша берген жоқ. Ол қалың шоптің арасынан адырнадай созыла көтеріліп, қайтадан сәл бүкты да, сосын бір қарғыш барып, бұғыға шабу үшін бағытын өзгертіп, жемтігіне қарай тура атылды.

Жан беру оңай ма, шарасыз бұғы кілт кейін бұрылып, жыртқышқа өзінің шаңырақтай мүйіздерін тосып тұра қалды.

Жолбарыстың зіл батпан салмағынан мүйіздер сынып кетті. Тюрго ырылдап, алдыңғы аяғын жануардың мойнына салып, өткір азуын бұғының жалына қадады. Бұғы ұшып түсті. Осы кезде Тюрго оның мойнын қайырып жіберді.

Тістерін жемтігінің тамағына қадады. Сәлден соң бұғының қырылдағаны да басылды.

Мұның бәрі аспалы шатырдан елу қадам жерде өтті. Пілдердің өзі үрейленіп, аяқтарын көтере берген соң, оларды бакташылар темір таяқтарымен түрткілеп, үстеріне император шатыры қондырылған жануарларды өзгер дегенде тыныштандырды.

Құбылай хан қолын көтеріп:

– Жолбарысты торына қамандар, – деп бұйырды. Қара ит шәуілдеп үріп, бұғыны айнала береді. Қызметшілер жемтігін жәукемдеп жатқан жолбарысқа жақындап келеді. Бұғының мүйізі оның денесіне жарақат түсірген еді, сол жері ауырған Тюрго әбден ызаланып, әлсін-әлсін ызбарлана ырылдап қойып, азуы мен тырнағын қоса жұмсап, жемтігін аянбай-ақ жұлмалап жатыр.

– Болды, Тюрго!

– Тында, Тюрго! Кейін қайт!

Басын көтерген жолбарыс ыр ете қалды. Қанға бөккен жердің шөбі қап-қара болып кеткен. Бір қою бұлт күн көзін жапты да, бүкіл коленке жер бетінен жойылып кетті.

– Мен жолбарысты торға қамандар дедім ғой! Сарбаздар жолбарыстың мойнына бұғалық салып, оны найзаларымен түрткілей бастады. Жеңіне жабыса кеткен қара итті бір сарбаз анадай жерге лақтырып жіберді.

Солардың біреуінің найзасының ұшы Тюргоның мүйізден алған жарасына тиіп кетті. Ашу бұған жолбарыс артқы аяқтарына тұрып, күзетшінің біреуін алдыңғы аяғымен соғып жіберді.

Пілдер салбыраған түмсықтарын жоғары көтеріп, дарылдаған дауыс шығарды. Олардың үстеріндегі шатыр теңселе бастады. Құбылай хан қос қолымен бағанадан ұстай алды. Күзет бастығы Ванчжу арқан басқышпен лып етіп жерге түсті.

Осы сәтте күн қайта шықты. Абыржыған адамдар мен үйретілген аңдардың коленкелері қозғала бастады. Анадай жерде өлген бұғы жатыр. Енді оған ешкім назар аударған да жоқ.

Императордың алдында көзге түсіп қалмақ болған албырт Марконың басына кенет бір ой келді.



Осыны сезгендей-ақ оқымысты Сю Сян Марконың жанына келіп, оның нығына колын салып тұрып:

– Орныңнан қозғалма, – деп сыбыр етті.

Бірақ найза ұстаған Марко осы кезде піл үстіндегі шатырдан жерге қарғып түсті.

Осы сәтте найзалы сақшылар тықсырған Тюрго өзін қоршаған қарулы адамдар тобырын бұзып-жарып өткенде оның қарсы алдынан Марко шыға келді. Мұны күтпеген жолбарыстың сәл бөгеліп қалғанын пайдаланған сақшылар осы кезде оның мойнына екінші бұғалықты салып үлгерді.

Дәл осы сәтте ызалы жыртқыштын құлағына өзін бағып-қағатын адамның: – Қайт, Тюрго! – деген таныс даусы естілді.

Кім көрінген бір теуіп, берекесі кеткен қара ит найза ұстаған сақшылар екі жарылып ашқан жолмен торға қарай зытты. Оның соңынан басы салбыраған Тюрго ерді.

Олар кірген бойда тордың қақпағы жабыла қалды.

\* \* \*

– Мені танымадың ба, Тюрго? – деп қайталап сұрады Марко.

Екі сұрақтың арасында көп уақыт өткен жоқ, өйткені, көп болса, Марконың жүрегі алыс-ақ рет соккан шығар.

Ақ мамық қар баяу қалықтап жерге түсіп жатыр. Адамның ақыл-ойы не деген тұңғиық терең! Өткен өміріңнің кез келген мезетін ойша көз алдына әкеле аласың, өзің қалаған бейнелерді киял арқылы болса да, елестете аласың.

Анадай жерде жылтыратып тегістеген мәрмөр тас тиелген арба өтіп барады. Оған көк есек жегілген, көліктің екі жағымен сырмақ шапан киген, қолдарына найза ұстаған сарбаздар келеді. Император бағындағы тәртіп осындай.

Ашуы басылмаған Тюрго тор ішінде теңселеді. Ал қара ит ештеңе болмағандай бұрышта жауған қарға қарап отыр.

Қардың қарқыны басылды.

Айналаны тегіс тұмшалаған акшыл тұман сейіліп, аспан ашыла бастады. Бас кошенің бойындағы қар аяққа басылып, қаптаған қолік пен шұбаған адамдардың табанымен тапталып кетті. Жүк артқан есектер мен қашырлар, аттар мен түйелер және арбалар толассыз отіп жатыр. Дүниенің бір түкпірінде өндірілетін асыл дүниелер түптің түбінде Ханбалыққа жеткізілетін. Ең кемі күн сайын жібек құртының қауашағы тиелген мың арба қалаға келіп кіретін. Мақтадан, жүннен, жібектен тоқылған маталардың және басқа да ел аумағында өндірілген бұйымдардың оннан бірі императорға тиесілі еді. Әрбір қолонерші аптасына бір күн император ордасының пайдасына жұмыс істеуге міндетті болатын.

Марко Полоның сонынан білдірмей келе жатқан Саид оған ағаштың тасасынан көз салды. Ол толығып жуандап кеткен еді, салпынған ерні, салбыраған ұрты және былшиған бетіне қарап, оны ешкімге зияны жоқ тәуір адам деп ойлауға болады. Қазір көрсе, тіпті Матеоның өзі баяғы Лоб пен Чаньчжоуда өзін қатты үрейлендірген қасқырбет жігітті танымай қалар еді.

Кенет қошедегі бүкіл қозғалыс тына қалды. Арбакештер қоліктерін тоқтатып, жыландай ысқырған шыбыртқыларын жандарына қойды. Тек аттар бастарын шұлғығанда олардың мойындарына тағылған қоңыраулар сынғырлап қоя береді. Арбакештер мен қолік айдаушылар тас мүсін секілді. Айнала тым-тырыс. Сатушылар дүңгіршіктерінен шығып, қоше жиегіне тізіліп тұра қалған. Шеберханаларын жапқан қолонершілер де осында, қоше бойында. Ұрылардың өзі қолдарын қалталарынан шығармай, жайбарақат, халықпен бірге тұр. Ал қанішер Саид болса, бұл жағдайдың себебін түсінген жанға ұқсайды, ол басын иығына тығып, көпшіліктің ішіне зып берді. Марко Поло қала қошесіндегі осындай көрініске таңдана қарап қалған.

Шыбынның ызыны естілетіндей тыныштық орнады. Тіпті өмір тоқтап қалғандай болып көрінді. Кошені бойлап, жайлап адымдап келе жатқан ерлер мен әйелдер көрінді. Олардың таңба басылған беттері қанталап кеткен.

Елдің ең алдында Ван ұста келеді. Ұстаны сүйемелдеген наубайшыны кормегенде, Саид, бәлкім, оны танымай қалған болар еді. Ванның көптен жарықты кормеген от шашқан көзі жыпылықтай береді.

– О, жаратқан ием, жар бола көр! – деп ыңырсыды бір әйел. Оның етегіне оратылып екі бала келе жатыр.

Саид үн-түнсіз қарап тұрған адамдардың қалың ортасына кіріп кеткен. Бір кезде ол мойнын созып, алдына қарады.

Жүк көліктері мен арбалардың арасымен Марко Поло түп-тура азапталған адамдарға қарай жүрді.

– Бұлар кімдер? – деп сұрады ол үлде мен бұлдеге малына киінген өзіне жақтырмай қараған наубайшыдан.

– Бұлар ұлы мәртебелі императордың мейірімділігінің аркасында тұтқыннан босатылғандар, – деп жауап қатқан Ли өзін-өзі ұстай алмай: – Ол бақытқа бөленіп, жүз мың жыл жасасын! – деп айқайлап жіберді.

Ван досының көңілін орнықтырғысы келгендей, өзінің тегеурінді қолдарын оның иығына салды. Кенет наубайшының ұранын тобыр іліп алып кетті:

– Жүз мың жасасын!

Айқайлаған халық көшені басына көтерді.

Сақшылар осылай қарай ұмтылды. Арбакештер делбелерін ыңғайлап, шыбыртқыларын қолдарына алды. Қоныраулар сыңғырлап, қоше бойымен көліктер қозғала бастады, ал қабақтары түйілген саудагерлер мен колонершілер өз орындарына оралды.

Осы оқиғадан соң Марко құлдыққа түскен туған халқының тағдырын сәл де болса жеңілдету үшін императорға қызмет етіп жүрген қытай оқымыстысының азаматтық бағасын түсінгендей болды.

“Өз заманында ұлы мәртебелі Шыңғысхан әрбір үш жыл сайын айыбы онша ауыр емес тұтқындарды зынданнан босатып отыруды тапсырған болатын”.


Бірақ ол өзіне Ахмедтің неге Сю Сяннан сақтанып жүр деп ескерткенін түсіне алмады.

Құбылай ханның сарайы тылсым құпияға толы болатын, жүздеріне күлкі үйіріліп жүргендердің барлығы билік үшін әкесін өлтіруге даяр еді.

Саид осы ыңғайсыз оқиғаны тез ұмытты. Ахмедті келеке қылған наубайшыдан өш алу да оның ойында болған жоқ. Біреулердің үстінен өсек тасу сияқты шаруалардан ол бойын сала бастады. Қарапайым халықтың көңіл күйінен хабар беріп отыратын жансыздар жетіп артылатын. Саид бұл кезде беделі өсіп, мырза атанып қалған еді, ол министр енді өзіне кішігірім болса да, пайдасы көп қызмет ұсынар деп үміттенетін. Саидтың дәмесі зор еді. Ол баққа оранған еңселі үйім, құлдарым мен күндерім және қолымда аз да болса, билігім болса деп армандайтын. Алайда, Қашғардағы Баяндер бек секілді аймақтық қазы болсам деген іштегі бұғып жатқан арманын осы күнге дейін ешкімге тіс жарып айтып көрген жоқ.

Сұсты аспанның көгілдір өңінде алқызыл сәулелер ойнақтады. Барлық жерде от жағылып, ошақ көтеріліп жатыр. Ауадан піскен тамақтың иісі мұңкиді. Ваннның лашығындағы дастарқанға қойылған тамақтың көптігі сонша, арақ толы құмыраларды қоятын орын табылмады.

Аулада су қараңғы соқыр бала сыбызғыны сызылтып отыр.



Ұлы ханның сарайындағы күндер гүлден-гүлге конып жүрген бірінен-бірі әдемі көбелектердей жылжып өтіп жатыр. Императорға қызмет еткен Марконың сіңбіруге қолы тимейтін, дем алатын уақыты жоғы соншалық, ол, тіпті, шулы көшеден үш-ақ ауладан кейін тұрған өзінің әсем үйіне де сирек баратын.

Бақтағы жүзім сабақтары тұмшалаған күрке Ашиманың ең сүйікті орнына айналды.

Марко, оны байқамай, асығыс үйге кіріп кеткен кезде, қыз хауызда жүзген алтын балықтардың ойынын тамашалап, сол жерде тыныстап отырған болатын. Өткен күндерін еске түсіретін осындай тыныш сағаттарда қытайдың қос шекті скрипкасының алыстан

үздігін жеткен үніндей нәзік сезім оның жанын олдшымен, жүрегін тербетіп, кеудесін қуанышқа толтыратын.

Есік сарт етіп жабылды. Бұл – Марконың үйге кіргені. Ол мұны байқаған жоқ. Гүлдерге бір қонып, бір ұшқан алтындай жалтылдаған аралардың ызыңы басылар емес. Хауыздың жағасын хош иісті гүлдер комкерген. Бір-екі тал гүлді үзіп алып, шашына такса ма екен? Ашима орнынан баяу көтеріліп, күнге шағылысып жарқырап жатқан суға бетін бұрды. Содан соң жағалауға тізерлеп отырып, хауызға еңкейді. Судың бетінен қап-қара шашына такқан аппақ гүлдерге дейін қыздың сұлу бейнесі шарайнаға түскен суреттей ап-анық көрінді. Тіпті хауыздағы алтын балықтардың өзі оның көйлегінің үстімен жүзіп откендей болды.

Кенет тосын сыбдырдан селт ете қалған Ашима орнынан атып тұрып, аяғы жерге тимей, күркеге қарай жүгірді. Бейне бір ұят шаруа үстінде ұсталып қалғандай жүрегі дүрсілдеп қоя берді. Ол біреудің жақындап қалған аяқ дыбысын естіп, күркенің түкпіріне қарай тығыла түсті. Қыздың нығына күн сәулесі тоғилип тұр. Ол біраз уақыт бой тасалаған жерінде тып-тыныш тұрса да, еңтігін баса алмады. Өзінің нәп-нәзік Ю атты күтушісі күрке қасынан өтіп, екінші ауланың есігіне кіріп кетті. Ашима тағы да аппақ қабырғаларымен қоршалған бақ ішінде жалғыз өзі қалды. Аралар тынбай ызыңдап, хауызда алтын балықтар жүзіп жүр.

Әлде, үйге кіргені дұрыс па екен? Түс ауа күннің көзі оттай күйіп кетті. Аспан айналып жерге түскендей қапырық, тымырсықты таратып леп соғар емес. Үйдің терезелеріне жапсырылған майлы қағаз ішке сырттағы ыстық ауаны өткізбейтін, сондықтан бөлмелердің іші қара күнгірт, әрі қоныр салқын болып тұратын. Алайда Ашимаға күрке ұнайды. Бұл жерде ол жалғыз өзі, емің-еркін, қымтырылмайды.

Марко қыздың үйде бар-жоғына да назар аудармаған секілді. Ол жылдам ауланы кесіп өтті. Ойында не барын кім білген? Бозбала бұрынғыдай емес, түйық, нығына үлкен шаруаның салмағы түскені сезіледі. Қызға ол мүлдем басқа адамдай болып көрінді.

Ұлы ханның сарайында күнде думан, күнде той өтеді. Император Маркоға інжу-маржан және басқа да асыл тастармен өрнектеп тіккен, алтындай жарқыраған асыл киім сыйлады. Марко қызға оның он бес мың алтын бизантин<sup>24</sup> тұратынын айтты.

– Ашима, сен білсең, тіпті Венеция дождарында да мұндай киім жоқ. Бұған жұмсалған ақшаға үлкен кеме сатып алуға болады, – деген еді сонда оған Марко.

Император сарайындағы сән мен салтанат оның басын айналдырып жіберген сияқты. Әйтпесе, қыздың қап-қара шашына қадалған екі тал ақ гүлді бозбала байқауға тиіс еді ғой.

Бақтағы алаңқайда өсіп тұрған шоптер де бірдей емес, көкпенбек болып жайқалып тұрғандары да, солып сарғая бастағандары да бар. Сарғыш түс басым деуге болады. Құжынап ұшқан еңбекқор аралар тұмсықтарымен шырын сорып, аяқтарына жабысқан гүл тозаңын алысқа таратып, ерсілі-қарсылы ұшып, тыным табар емес. Күркенің іргесінен өте-мөте кішкентай, бар болғаны Ашиманың сүк саусағындай ғана тасбақа жорғалап отті. Алаңқайда да күмырсқа жүгіріп, қоңыз қозғалып, шыбын ұшып дегендей, өзіне тән өмір өтіп жатыр. Қортышқандардың іннен шығарған бастары да көрініп қалады.

Марко, шамасы, өз бөлмесінде император сарайында күні бойы көрген-білгенін қағазға жазып, немесе кітаптарға шүксия үңіліп, ұйғыр мен монғолдың тілдерін үйреніп отырған шығар. Қоңырат тайпасының шеттерінен текті, бірінен-бірі өткен сұлу мың қызын әкелді деген әңгіме шығып жүр. Сарайдағы ханның қызметшілерінің бірі өзіне жас әйел алғысы келсе, ол императордың атына өтініш жазуға тиіс. Егер қайырымды ханның көңілі түссе, ол сол қызметшіге бір қызды беруге жарлық етеді, әрі қыздың жасауы ретінде бағалы дүние-мүлік қоса беріледі. Ұлы мәртебелінің өз қызметкерлеріне қамқорлығы шексіз екендігін осыдан көріп-білуге болады.

Үйдің іші тып-тыныш, тірі жанның қыбыры білінбейді. Ауладағы жуан алма ағашының бұтақтары піскен жеміске толы, қып-қызыл

алмалар тоғилгелі тұр. Ашимаға қоңырат тайнасының қыздары менен сұлу емес шығар деген тосын ой келді де, ол өзінің маңдайын, мұрынның алақанымен сипап, үлбіреген еріндеріне саусағын тигізді.

Марконың оған өз көрпесін бергені есіне түсті. “Мына көрпелі де Ашима жамылсың, маған қажеті жоқ”, – деген еді ол Матеоға. Одан бері не заман өтті. Сонда қыз қақаған аяз бен қарлы бораннан олетін шығармын деп ойлаған еді, содан мұзтаудан шөл далаға түсіп, жадыраған күннің көзін көргенде ғана тірі қалғанына сенді.

Дың-дың-дың! Шөл даланың қапырық ауасын қақыратын даңғыра даусы шықты. Естідің бе, Ло Бцан? Үш рет қағылды ғой. Ол табылды... Ол құм шағылда қозғалмай жатыр. Қалай жүдеген! Ашима оның аузына су тамызды. Ол есін жиып, қыздың бетіне қуана қарады. Бес күн, бес түн іздеу салынған кезде зәресі зәр түбіне кеткен қыздың жүрегінде өмір оты қайта тұтанды.

Міне, енді ол күркеде қиял құшағында отыр. Егер біреу келіп одан: “Өз өміріңдегі ең бір нұрлы сәт жайлы айтып берші?” – десе, Ашима қиналмай жауап берген болар еді. Оның қасында өзіне сыйлаған асыл тастан жасалған алқа да түкке тұрмайды. Мүлдем басқа... Чаньчжоудағы сол бір көктемнің кешінде Марконың өлімінен қалғанын ол білмеуші еді. Сондықтан Матео үшеуінің қара күңгірт болмеде өткен әңгімесін ерекше тәтті сезіммен еске алады. Сол жолы өзі оларға сиқырлы арғымақ және үнді патшасының ұлдары жайлы аңызды айтып берген болатын. Міне, осы кештен бастап қыз өзінің азапты өмірінің елестерінен толық арылғанын сезді.

Сол күнгі әңгімелердің әр сөзі жатталып қалды. Болме қараңғылау болатын, ошақта шок қызарып, күл ағарып жатты. Бір мезгілде Марко оған: “Мен сені Куньминге жеткіземін, Ашима, ұлы ханның ордасына барған соң, мен одан Қытайды кесіп өтетін жолға шығуға рұқсат сұраймын. Сапарға Матео, сен және мен үшеуіміз шығамыз”, – деген еді.

Кейде жалғыз қалғанда кеудесін кернейтін әрі тәтті, әрі мұңды сезім, шамасы, оның туған еліне деген сағынышынан шығар. Мынау



ұлкен у-шулы калада тұрып жатқандарына бірнеше жыл болса да, Марко Куньминге апарамын деген уәдесін есіне алған жоқ. Сезімге берілгені соншалық, өзіне не керек екенін білмейтін болып барады осы...

Мүмкін, Марко оған Ақ қыс мейрамына қатыспағаны үшін іштей ренжіп жүрген шығар. Жаңа жылдың алғашқы күнін тойлау керемет қызық болды. Ахмед министр венециялықтарды мерекемен құттықтау үшін олардың үйлеріне тікелей өзі кіріп шықты.

“Жыл бойы бастарыңнан бақыт таймасын. Ойға алған арманда-рың орындалсын!” – деді ол

Ұлы ханның алтын ордасында венециялықтарды осылай сыйлап, осылай құрметтейтін болды!

Мәртебелі қонақ табалдырықтан аттаған бойда-ақ бұл үйдегілер әбігерге түсті де қалды. Тұрғындардың бәрі ақ киім кигенде тек өзі ғана үстіндегі жібек койлегін ауыстырған жоқ, өйткені оның елінде ақ киім қайғы-қасіретті білдіреді. Ашима сондықтан Марконың Ақ қыс мейрамына қатыс деген отінішін орындай алмады.

– Мына сұлу қыз кім болады? – деп сұрады Ахмед. Осы бір қорқынышты адамның сондағы өзіне сұқтана қарағанын қыз әлі күнге дейін ұмыта алар емес. Бірақ министр Марконы жақын тартатын сияқты.

– Қызметші қыз ба?

– Жоқ, қайырымды мырза, ол біздің отбасымыздың мүшесі, – деді Марко.

Ашима қолпылдаған ақ киім денесін бұрынғыдан да зорайтып көрсетіп тұрған Матеоның қақпақтай жауырынын тасаланды. Түстен кейін Ашима көшеге шықты. Үстеріне қайғы-қасірет киімін киіп алып, думанға батқан халықты кергенде, оның қоңілі мүлдем құлазып кетті. Қытайлықтардың көпшілігі өзі сияқты күнделікті киімдерімен жүр. Тек монғолдар, қаптаған жат жерліктер және сарай төңірегіне жақын жүрген, жылы орындары бар қытай атқамінерлері ғана императордың құрметіне ақ киім киген.

Жүк көліктері коше бойлап бірінің артынан бірі шұбырып келеді. Бұл күні ұлы ханның қол астындағы барлық мемлекеттер мен аймақтардағы князьдар мен әкімқаралар ордаға алтын-күміс, інжу-маржан, жібек және жүн маталардан сыйлықтар жеткізуге тиіс. Тәртіптің сақталуын қатаң қадағалап жүрген салт атты сарбаздардың бақылауымен шеттерінен аппақ арғымақтар император сарайының қақпасынан топ-тобымен кезекпен өткізілуде. Ер-тұрманы, нокта-жүгені алтын-күміспен әшекейленген жануарлар бірінен-бірі өтеді. Дәстүр бойынша бұл күні әрбір аймақ император сарайына ақ түсті тоғыз үйір жылқы жіберуге тиіс, әр үйір тоғыз ақ сәйгүліктен тұрады. Осындай мейрам өткізілген сайын императордың малына ең кемі жүз мың бас ақ арғымақ қосылып отыратын.

Қар күні бойы жауып тұрды. Салқын ауада сансыз ақ қобелек қалықтап ұшқандай. Тон жамылған Ашима кошенің жиегінде тұрған еді. Қызметші әйел оны жеңінен тартып, абыржыған дауыспен:

– Қара! Өне, олар келіп қалды! – деп айқайлап жіберді.

Кошедегі халық сарай қақпасына қарай жапырыла бұрылды.

Қақпадан пілдер кіріп келе жатты. Олардың жалпақ жондарына неше түрлі аңдар мен құстардың суреті кестеленген ақ жібектен тігілген жабулар төгілдіре жабылыпты. Әр пілге екі жәшікке салынған император сарайындағы мейрам-тойларда ғана ұсталатын алтын мен күмістен жасалған қымбат ыдыстар артылған. Алып жануарлардың шеруі аса салтанатты еді, оны халық демдерін іштеріне тартып, сілтідей тынып тамашалады. Танданып, ауыздары аңкынып қарап қалған тұрғындардың көз алдынан бес мың піл өтті. Пілдерге ілесіп дәл осындай салтанат-сымбатпен асыл бұйымдар артылған түйелер келе жатты.

Бұл шеру, бұл салтанат, бұл байлық Ашиманың есінен кетер, ұмытылар емес, содан келесі күні оған Марко сарайдағы мереке жайлы айтқанда, қыз өзінің оған қатыспағанына және ақ киім кимегеніне қатты қуанды.

Кешке қарай қаптаған балауыз шамдармен және шырақтармен жарық түсірілген үлкен залға сарай қызметшілері, нояндар, жұлдызшылар, күсшылар, көрішкелдер, жергілікті әкімдер, министрлер және басқа да ірі лауазым иелері жиналып, өздерінің дәрежелеріне қарай белгіленген орындарына жайғасуға ынғайлана бергенде, әуелі кілең аппақ қардай киім киген байбатшалардың арасында сыбыр-күбір әңгіме көбейіп, оның аяғы бірдеңеге ашу-ыза білдірген айқай-шуға ұласып кетті. Мұның себебі: үстіне қызыл жібектен жеңі жерге жететін киім киген адам аспай-саспай императорға қарсы бара жатқан еді. Бұл – қытай ғалымы Сю Сян болатын.

Ол императордың қарсы алдына отыра қалып, үш рет басын иіп тағзым еткенде зал іші құлаққа үрған танадай тыныштала қалды.

Тек Ахмед қана көңіліндегі шаттанысын жасыра алмады.

Құбылай ханның беті түтігіп кетті. Ол шаршаған адамдай орындығына шалқайып, ойға батып, негін қолымен тіреді. Оның жанары бірыңғай ақ киім кигендердің үстінен асып түсіп, жырақты шолды. Аузын ашуға ешкімнің жүрегі дауаламады. Шырақ жарығы бағаналарға, адамдардың жүздеріне түсіп тұр. Бағалы ыдыстар жарқ-жүрк етеді, ал әшекей үшін салынған мүсіндер киелі өмірдің бар құпиясын бойларына жинап алған сияқты.

Осы сәтте құдайдың жердегі елшісі, әміршілердің әміршісі не ойлады екен? Ол өзінің қарт ұстазы Сю Сяннің бетіне қаншама қадала қарағанмен, бар ынта-ықыласын салғанмен өзі басқарып отырған қарудың күшімен бағындырылған қара-құрым халықтың мұңы мен мұқтажын ұға алмағанындай, ғалымның да не ойлап отырғанын, жүрек сырын түсіне алмады.

Сю Сян ордада Құбылай ханның бетіне тік айта алатын жалғыз адам еді. Осынысы үшін-ақ император қартты қатты сыйлайтын. Сонда да болса, Сю Сяннің елдің көз алдында, ашықтан ашық, өзінің бұйрығын орындамағаны қалай?

Жанарынан ашу ұшқыны шашыраған Құбылай хан орнынан тұрды да, даусын барынша төмендетіп:

– Сю Сян, сіздің басыңыз екеу емес шығар? Менің ақ киім киіп келіндер деген бұйрығымды орындамауға қалай ғана батылыңыз барды? Әлде менің император екенімді ұмыттыңыз ба? – деді.

Мұны естіген қызметшілердің өздерінің үрейлері ұшып кетті.

Ахмед сакалын сипап, әліптің артын бағуда.

Сю Сяннің мүшкіл жағдайын ешкімнің басына бермесін. Мындаған адамның көзі оқымыстыға қадалған.

– Менің ұлым бар еді, ұлы мәртебелім, – деді Сю Сян. – Ол сіздің әскер Ханбалықты жаулап алғанда қаза тапты. Ұлым өлген соң мен үстімнен кендірден тоқылған ақ киімді тастамай бір жыл бойы азаладым. Бұдан кейін сіздердің мейрамдарыңа мен қалайша каралы киімімді киіп келемін? Менің халқымда қызыл түс – бақыт белгісі, сондықтан бүгін қызыл киім киіп келдім.

Әр жерден шыққан дауыстан орданың іші гуілдеп кетті. Күйеуінің сол жағында отырған Жамбы қатын еңкейіп, оның құлағына бірдеңе деп сыбырлап жатты. Ашудан әйелдің беті қызарып кеткен.

Құбылай хан қолын көтергенде, зал іші тым-тырыс болды.

– Тұрыңыз, Сю Сян... Шынында да оның осылай киініп келгені орынды емес пе? Қызыл түс – қытайларда бақыт белгісі. Сондықтан бұдан былай мерекелерде барлық қытайлықтар қызыл киім киіп деп бұйырамын. Ал қалған ұлттар ақ киім киісін. Менің шешімім осындай.

Ахмед Сю Сянге ала козімен жақтырмай қарады.

Аяқтарына күн сәулесі түсіп күркеде отырған Ашима Ақ қыс мерекесін есіне алды. Қыздың өмірі бірқалыпты өтіп жатыр, оған өзі тәубе етеді. Оның Ю деген ұршықтай үйірілген аса көңілді күтушісі бар, әрдайым күлдіріп, сергітіп отырады. Жеті шекті арфаны толассыз ойнай бергеннің өзі шаршатады екен...

Кішкентай болғамен күркеге кірер есік ауладағы табиғаттың әсем қойнауына апаратын жол тәрізді. Қарсы беттегі құлпырған көк шөптің арасында жайқалған гүлдер өсіп тұр, сол жақтағы хауыз айдынына бүршіктері гүл жарған бұталар иіледі, сәл артта

бұтақтары алқызыл алманы котере алмай салбыраған үлкен ағаш өсіп тұр. Жапырақтар арасындағы саңылаудан аспанның алақандай ғана бөлігі көрінеді. Бұл жерде жел болмайды, орқашанда тымық, бір бұта тербелмейді. Кенет Марконың даусы шықты.

– Ашима, сен қайдасың?

Қыз Марконың үнінен өзіне деген қамқорлық нышанын сезгендей болды. Ол үндемей, көлеңкеде отыра берді. Қыздың күйіп тұрған күннің астына атып шыққысы келмеді. Оның үстіне шаршап отыр... Үйге кіретін есік алдынан Марко көрінді. Оның бірденеден дегбірі кеткен тәрізді. Қызға оның бетіндегі болмашы құбылыс, өзгеріске дейін анық көрініп тұр.

– Ашима!

Ол жылдам күркеге беттеді. Қыз екі қолын мойнына салып жайбарақат отыра қалды.

Күркенің алдына келген Марко кілт тоқтады.

– Шашыңа гүл қадап алыпсың ғой, Ашима. Қатты жарасады екен!

– Мен ұйықтап кетіпмін. Келгеніңе көп болды ма, Марко?

Ыңғайсызданған бойжеткен бозбаланың бетіне тік қарай алмады. Қыздың білектей бұрымдары арқасына төгіліп тұр. Шашына таққан гүлге көзі түсіпті. Бойын кернеген қуаныштан Ашиманың жүзі жайнап кетті. Өзер дегенде бойын жинап бозбаланың бетіне қарап еді, оның ойы мүлдем басқа жақта екенін байқады.

– Мен осында отырмын ғой, – деді Ашима.

Оның жұмыстан қолы мүлдем босамайды, сінбіруге мұршасы жоқ. Қыз мұны жақсы түсінеді. Дегенмен, сәл ғана болса да, қасында отыра тұрса, несі кетеді? Маркоға бұл қызық емес-ау, шамасы. Тез қимылдағанынан қыз оның тағы да асығыс екенін ұқты.

– Жүр, жылдам үйге кірейік. Матео менімен бірге императорға баруға тиіс. Ұлы хан бізді күтіп отыр, Ашима.

Олар бақ арқылы үйге беттеді, жолай қыз шашындағы гүлді хауызға лақтыра салды. Матео мен Марконы ұлы ханның неге

шақыртқанын сұраған да жоқ. Ордадағы отетін әңгіменің өз тағдырына тікелей қатысты екендігін Ашима қайдан білсін.

Су бетінде екі тал жасмин гүлі қалқып жүр. Өсімдіктер кешкі салқынның түскенін тағатсыздана күтіп тұрғандай.

\* \* \*

Марко таңға\* – құпия мәжіліске тұңғыш рет қатысты. Таи – бір жағынан, елдің жоғарғы сотының міндетін атқарса, екіншіден, қарулы күштерді басқаратын. Таи құрамына он екі монғол князі кіретін. Олар кімді қолбасшы қылып тағайындау, кімді бұл қызметтен босату, әскерді бір аймақтан екінші аймаққа көшіру, мемлекет тарапынан марапатталатындардың тізімін жасау сияқты мәселелерді талқылап, императордың бекітуіне ұсынатын. Бұл қайраткерлер соғыс жағдайында ұлы ханның кеңесшілері болып табылатын. Осы жолғы мәжіліске олардан басқа Ахмед, Сю Сян, жұлдызшы, жүзбасы, Марко және Матео шақырылды. Құбылай хан олардың барлығын жастыққа отырғызды.

Князьдар императордың алдына жондарын басқаларға қаратып, жартылай шеңбер құрып орналасты. Қымыз, күріш арағын ұсынып жүрген қызметшілердің аяқ басқаны естілмейді. Хан басын изеп өзіне жүзбасыны шақырды. Бұл жалпақ жауырынды тақырбас монғол керейт тайпасынан еді.

– Сен бізге Чипингуде\* не көріп, не естігеніңді баянда. Тек ештеңені ұмытып кетуші болма.

Тақырбас әңгімесін бастай жөнелді:

– Мәңгі жасайтын әмірші, таң ататын жақтан күн бататын жаққа дейінгі аралықта жаулап алған әлемдегі ең қуатты билеуші, ұлы Қытай империясының патшасы, сіз, Онг-ханды, Йеке-Черенді, тілмәш пен жүз сарбазды тікелей бұйрығыңызбен олардың патшаларына өзіңіздің билігіңізді мойындауды және салық төлеп тұруды талап етіп аттандырған едіңіз.

Он тоғыз күн жүзгеннен кейін біз бір аралға жеттік те, өзімізді қарсы алуға шыққан адамдарға: “Біздің сіздердің билеушілеріңмен

сойлескіміз келеді. Ол бүкіл әлемді уысында ұстап тұрған ұлы хан Құбылайға бағынуға және салық төлеп тұруға тиіс”, – дедік. Олар бізге: “Онда күншығысқа қарай жүзе беріңдер, алдарыңнан біздің патшамыз тұратын үлкен арал кездеседі”, – деді.

Біз тағы бірнеше күн жүзгеннен кейін Чипингуге келіп жеттік. Онг-хан мен Йеке-Черен аудармашы мен екі сарбазды ертіп, патша сарайына кетті. Бұл сарайдың шатыры қалың алтын құймалармен жабылған екен. Төбе ішкі жағынан да, қабырғалар да тұтас таза алтынмен қапталған. Мұны біз өз көзімізбен көрдік.

Біз көптеген бөлмелер арқылы өттік, олардың барлығында да таза алтыннан жасалған шағын орындықтар тұрды.

Таңданған Онг-хан Йеке-Черенге: “Біз бұл жайлы патшалардың патшасы Құбылай ханға баяндауымыз керек. Мен өз өмірімде мұншама байлықты көрген емеспін”, – деді.

Алайда Чипигудің патшасы Онг-хан мен Йеке-Черенді қабылдамай қойды. Патша оларды Токимуноға жіберді. Сөйтіп, біз олардың бас министрі Токимуно тұратын сарайға бардық. Онг-хан мен Йеке-Черен оған сіздің, ұлы мәртебелінің, жолдауын тапсырды. Токимуно оны оқып шықты да: “Мынандай басынған талап қоятын сендер кімсіңдер өздерің? – деп сұрады. Онг-хан: “Біз жер бетіндегі ең күдіреті күшті билеуші, Қытайдың императоры, ұлы хан Құбылайдың елшілеріміз. Егер оның айтқанына консендер, ол сіздерге қамқор болады, ал көнбесеңдер, онда күшпен бағындырады”, – деді.

Токимуно қатты ашуланды. “Мына екеуінің бастарын қағып тастаңдар”, – деп бұйырды ол “Ал, тақырбас та, басқалары да кете берсін. Олар елдеріне жетіп, ұлы хандарына біздің жауабымызды жеткізсін”, – деді Токимуно. Онг-хан мен Йеке-Черен сол жерде жазаланды. Біз болсақ, жылдам жүгіріп отырып, кемемізге жетуге асықтық.

Осылай деген тақырбас императордың аяғына жығылды.

Құбылай хан оның әңгімесін назар салып тыңдады. Таңның он екі мүшесі қысыңқы көздерін ұлы ханнан аудармай манғазданып жастық үстінде қоқырайып отыр.

– Сен олардың сарайлары таза алтынмен жабылған дедің бе? – деп қайталап сұрады император ойлы жүзбен.

– Мен мұны өз көзіммен көрдім, ұлы мәртебелім. Құбылай хан кенет басын қытай ғалымына бұрды да:

– Сен бұған не қосасың, Сю Сян, – деді.

– Чипингу мұхит ортасындағы аралға орналасқан ел. Сіздің әскеріңіз құрлықта соғысып машықтанғаң, ұлы мәртебелім.

– Сенің қандай ойың бар, Ахмед?

– Онг-хан және Йеке-Черендей ерлерді өлтіргендерден кек қайтару керек.

– Жақсы, – деді император. – Ал енді сыртқа шығып менің шешімімді күте тұрыңдар.

Құбылай хан ордада тек таи кеңесі мүшелерімен ғана қалды. Қалған адамдар гу-гу әңгімелесіп, көрші залға кірді.

Өткен уақыт ішінде аз да болса монғолша біліп қалған Матео тақырбастың әңгімесінің мазмұнын жақсы түсінді. Анда-санда ғана Николо және Маффео Пололармен бірге табиғат аясына шығып тұрғанын есепке алмағанда, қалада үздіксіз бірқалыпты өтіп жатқан өмір Матеоны мүлдем мезі қылып, әбден жалықтырып жіберген еді. Ол енді өзіне теңізде жүзуге, тіпті қайтадан капитан болуға мүмкіндік барын сезді. Матео сауда ісіне қызықпайтын. Онымен Николо мен Маффео Пололар айналыса берсін. Табыстары өте мол байлыққа белшелерінен батып жатыр.

Теңіздің тұзды ауасы, тербелген толқын, керілген желкендер, тобеден тонген ашық аспан – кейбіреулерге айтарлықтай түгі жоқ өмір ағымы секілді көрінсе – Матео үшін жанын рақатқа бөлейтін ғажайып әлем, дүниенің нағыз жұмағы деуге болады. Ханбалықты ол жерсіне алар емес. Өздері тұрған үш ауладан отетін үйге сыймай қиналады. Шолден құм айдап әкелетін жаздың оттай ыстық аптап желі де теңіз көкжалының жүйкесін жеп бітті. Матео тып-тыныш қана үйде отырып алып, кішкентай шыны кеселермен күріш арағын жұтын қойып, жата беру үшін жаратылған адам емес.



Ханбалықтан мұхитқа дейінгі аралық төрт күндік-ақ жол, бірақ осы жылдар ішінде Матео бар болғаны бір-ақ рет теңіз жағасына келіп, тулаған толқын, керілген желкендерді рақаттана қызықтаған еді. Осыдан соң Матео алыстағы адам аяғы басып көрмеген көгілдір аралдарға саяхат жасауды қиялдайтын, мұхиттағы сондай аралдарды көзіне елестететін болып алды.

Ашима мен Маркоға қарайламаса, Матео баяғыда-ақ бірінші кездескен кемеге жай матростыққа жалдана салған болар еді.

Венеция алыста жатқанмен, оның түн сайын түсіне еніп, жүрегiнiң түкпіріне берік ұялаған аяулы мекен еді.

Шындығына келгенде оның кіндігі Ханбалыққа қалай байланып қалды? Дәл қазір Матеоның Венецияда өзіне нағыз кеме және жанына керек дүниенің бәрін сатып алуға мүмкіндігі бар, ол көпестердің көмегімен көлемді қаражат жинап алды.

Оны бұл жерде тек қана адам аяғы басып көрмеген көгілдір аралдарға сапарға шықсам деген үміт қана ұстап тұр. Мұндай сапарларға шығу ер жүрек, батыл жандардың ғана қолынан келеді. Матеоның бар аңсары осындай сапарлар еді... Сөйтіп жүргенде оған бұл арманын орындауға да ойламаған жерден мүмкіндік туған сияқты – бәрі де тек хан кеңесінің шешіміне тіреліп тұр.

– Сен оған менің мықты теңізші екенімді түсіндірдің бе? – деп үшінші рет сұрады Матео Маркодан.

– Мен ханға сенің бүкіл жер бетіндегі ең мықты теңізші, қара қайықтың қожасы, атақты капитан Матео екеніңді айтып бердім, – деп күлді Марко.

Сю Сян оюлап әшекейленген қабырға жанында тұр. Оның жас шамасы нешеде екенін ешкім айта алмайды. Марко оны керемет құрметтейтін, бірақ қаншама жақындасқысы келсе де, белгісіз бір күш өзін тартыншақтатып, ғалымнан бойын аулақтау ұстата беретін.

Тақырбас әскербасы үн-түн жоқ, орындықта отыр. Оның бет әлпетінен топастық пен абыржығандық нышандарын байқауға болады. Тақырбастың сарбаздары Ханбалықтан бірнеше шақырым

жерде орналасқан еді. Үй-іштерімен шатырларда тұратын жауынгерлер бейбіт уақытта мал өсіріп, жақсы табыс табатын. Сүт, ет, тері-тересектерін олар жақын маңдағы қалаларға апарып, өздеріне қажетті тауарларға алмастыратын. Оның үстіне әскери қызметтері үшін алатын айлықтары да аз емес болатын.

Егер кейбір қытайлықтар оларға дұрыс сауда жасамай, көбірек пайда тапқысы келіп, айтқандарына көнбесе, сарбаздар мұндай сараңды өмірбақи есінен кетпейтіндей етіп ұрып-соғып, жылдам жөнге сала қоятын.

Тақырбас Чипингу аралынан тірі оралғанына қатты қуанды, оның бар арманы әскери жасақта тыныш өмір сүру еді. Кезінде бабаларын даңққа бөлеген жауынгерлік рух деңгейі Шынғысхан ұрпақтарында бірте-бірте төмендеп бара жатқан болатын. Олардың ендігі ерліктері – қытайлықтардың анда-санда бұрқ ете қалатын көтерілістерін күшпен басу; бұл шаруаға жүйрік аттары, қару-жарақтары сақадай сай тұратын.

Ахмед министр Марко мен Матеоның қасына келді. Ол бозбаланың бетін өзіне бұрған болатын. Марко Ахмедті императордың сенімді қызметшісі, мемлекеттің ақылды қайраткері деп санады, ол Ахмед пен Сю Сяннің тіл табыса алмай жүргеніне күйзелетін. Келісіп пішкен тонның келте болмайтыны белгілі ғой.

– Император менің пікірлеріме мән береді, – деді Ахмед Маркоға қарап. – Айтпақшы, сіз осы, шамасы, императордың қызметінде түпкілікті қалатын шығарсыз?

Марко бетін Ахмедке жалт бұрды.

– Мұны ұлы мәртебелінің қалауы біледі, – деді ол.

– Поло бек, егер сіз Ханбалықтан кетіп қалсаңыз, маған бұның өте ауыр тиетінін білесің бе?

Императордың жұлдызшысы барлық планеталар, олардың қай сағатта меридианды кесіп өтетіні және жыл бойына қай мезгілде көзге көрінетіні бейнеленген аспан денелерінің картасының алдында маңғаз қалыппен отыр. Оқымысты планеталардың орналасуына орай

жорыкка шығуға ең қолайлы күнді анықтау үшін төрт бұрышты табакшаларды аударыстырып, ойға шомған. Ол жорамалдап, түспалдап білдірсе де, алда болатын жер сілкінісі, көтеріліс, су тасқыны, жұкпалы ауру және басқа да зілзалалар жайлы айтқаны қолмен қойғандай келетін атакты жұлдызшы еді. Көріпкелдігінің арқасында оның император алдындағы беделі өте биік болатын.

Ахмедтің сөзі Марконың мазасын кетірді. Әрине, оның да қызықты сапарларға күштарлығы зор. Бірақ түбегейлі шешімді әбден ойланып барып қабылдау керек. Ашима қайда қалады?

Байғұс қыз Отанын қатты сағынады, бірақ елдің оңтүстігіне сапарға шығуға әлі ертерек. Жұрт Жүзкоз деп атайтын Баян\* қолбасшы жылдар бойы соғысып, Қытайдың оңтүстігіндегі аса бай Манзи аймағын әзер дегенде бағындырды. Осылайша Сун әулетінің билігі жойылды. Манзи аймағы Құбылай ханның қол астына көшті, бұл – Куньмин енді империя шекарасының ішінде қалды деген сөз. Сондықтан ел есін жинап, еңсесін көтеріп, соғыс зардабынан әбден айығып болғанша сапарға шығуға асықпау керек.

Қыздың шашына қадалған екі тал гүл оған патша сарайының шатырын жапқан таза алтыннан да қымбат.

Париждік зергер месье Буше Маркоға бұған дейін көргендерінің бәрінен әдемі білезік соғуға уәде берді.

– Сіздің Ханбалықтан кететінііз үйіңізде тұратын әдемі қыздың көңіліне кірбің түсіретін шығар. Мен сіз ол қызды туған қызындай көреді деп естідім, – деді Ахмед Матеоға.

– Дәл солай, министр мырза. Ахмед сәл жымнып:

– Сіздің жағдайыңызды түсінемін. Сізді теңіз шақырып, маза бермейді. Кейде мен де Ханбалықтан аулақ кетсем деймін. – деді.

Қолдарын арқасына аяқастырған министр залдың екінші шетіне кетті. Ол терезе алдына барып тұрды, басына қандай ойлар келгенін кім білген.

Биік есіктердің арғы жағында хан кеңесі жүріп жатыр, сан мыңдаған адамның тағдыры оның шешімімен тығыз байланысты.

Император күзетшілерінің бірі шығып, Сю Сянді, Ахмедті және жұлдызшыны ішке шақырды. Монғол көсемдері асықпай әңгімелесіп ордадан шықты. Тақырбас жүгіріп келіп оларға қол қусырып, тағзым етті. Марко мен Матео да бастарын иді.

Уақыт тоқтап қалғандай, өтіп болатын емес, бір кезде барып іштен Ахмед шықты.

– Ұлы мәртебелі император сізді әскери кемелердің біріне капитан етіп бекітті, Матео бек. Біздің аса қуатты өміршіміз, ұлы хан Құбылайдың қол астындағы қызметіңіз табысты болсын, – деп өзіміне сөйледі ол.

– Ордадан шыққан Марко мен Матеоның көңіл күйлері әр түрлі еді. Жел басылған екен. Саябақ ішіне көлеңкелер түседі. Достар көше бойлап жаяу қыдырыстағылары келіп, өздерін зембіл шатырларымен күткен қызметшілерді қайтарып жіберді.

– Ашима үшін алаңдама, – деді Марко.

Матео үндеген жоқ. Оларға батып бара жатқан күннің алтын арайы түсті. Барлық көшелердің бойында белдерінде қорамсағы, қолдарында найзасы бар императордың сакшылары тұр.

– Көп жыл бұрын мен испан кемесінде жауынгер болдым, – деді Матео. Алабажак киіммен шандақ жерде еңбектеуден қажығаным сондай, әзер дегенде қашып құтылып едім... Сен түсініп тұрсың ба, Марко? – деп сұрады да, жауап күтпей, әңгімесін жалғастыра берді.

– Шынында да сен менен асқан теңізшіні көрген жоқсың. Патрицийдің ұлы болмағаным үшін әулиелердің үкіметі маған кеме беруге сенбеді, міне, енді ата сақалым аузыма біткенде ғана азиялық император маған сенім білдірді. – Шаттанған Матео Марконы құшақтай алды. – Маған қара, Марко, мен енді нағыз капитан Матеомын! Өтінем, капитан Матео деп қайталап айтшы өзің!

– Капитан Матео.

– Сен шынымен қуанып тұрған жоқсың, Марко.

– Мен қуаныштымын, – деді Марко жайбарақат. Олардың көлеңкелері, жалпағы Матеонікі, қысқасы Марконікі, өздерінен озып

---

алда келеді. Үйлердің түрлі-түсті шатырларын арай жапқан. Олардың кастарынан терезелеріне жібек перде тұтылған аспалы шатырды котерген қызметшілер өтті.

Енді Матео аттанып кетеді. Қашан оралар екен?

Шаштараз біреудің сақалын алып отыр. Біреу шеберханада аркан есіп жатыр. Ұстаханада көрік басылып, шок жарқырап, ұста темір білекті ұрғылауда. Дәріханадан біреу алтын тамырды, біреу жолбарыстың шарапқа салынған тісін, басқа да дәрілерді сатып алуда.

Көтерілген шаң, ағылған адамдардың төбесіне тонген бұлтқа ұқсайды.

– Мен Ханбалыққа жылдам қайтып ораламын, – деді Матео.

Достар үш ауладан өтіп, саябақ арқылы алтын балықтар жүзген хауыздың жанымен үйлеріне келді.

– Міне, біз де келдік, Ашима, – деді капитан Матео, үйге кіріп бара жатып.

Оның манағы шаттығынан із де қалмаған секілді.



Матео. Алғабаяқ қымыс пендақ жерде ебектесуден қазыған  
сондай әзерлегенде қашып құтылып өзім... Сен түсініп тұрсың...

Ұстахана ошағында ағаш көмірі қоздап қызарып, көгілдір жалынның тілі сумаңдап тұр. Көрікті басқан сайын маздаған оттан ұстаның және оның жас шәкірті Ши Лянь-цанның жүздерінде сәуле ойнайды. Ұста беліне дейін жалаңаштанған. Шашыраған шоктан оның кеудесін тері алжапқыш қана қорғап тұр. Ұстаның ажарын бетіндегі екі тыртық әбден бұзып тұр – Қытайда қылмыс жасағандарды осылай таңбалайды.

Ши Лянь-цан көрік басып жатыр, ал ұста болса, бір бөлек темірді қысқашпен қысып алған. Ұстахананың есігі көшеге қараған. Батып бара жатқан күннен жалғыз қабат үйлердің, дүкендердің және ағаштардың көлеңкелері сорайып көрінеді.

Құдыққа қондырылған түтіктен беті баяу тербетіліп жатқан хауызға сыздықтап су ағып тұр. Құмыра көтерген қыздар мен әйелдер хауызға келіп, ыдыстарын түтік астына тосады да, қашан толғанға дейін ойдағы-қырдағы әңгімелерді қаузаиды.

Ұста пештен әбден қызарған тұтам темірді алып, оны төске салып, балғамен ұрғылап жатыр. Темір қажетті түрге келіп, таға болып шыққанда ұста оны бұрышта жатқан басқа бұйымдарға қарай лақтырды да, маңдай терін білегімен бір сыпырып, көше жакка көз тастады. Бала кезінен таныс көше, жүрегіне бірде жылу, бірде мұң құятын. Бейне бір сахнадағыдай оның көз алдынан әр түрлі адамдар өтіп жатыр. Қалың көпшілікті қақ жарып жол ашатын қызметшілері үлде мен бүлдеге оранған байбатшаларға косыла жүреді, ал үстеріне алба-жұлба шокпыт кигендердің арқаларында әрқашанда зіл батпан жүктері болады. Олар түкке тұрмайтын тауарларын қалай өткізсем деп, дауыстары қарлыққанша айқайлайды. Жуынды төгетін жерге қаптаған ит, қаптаған қайыршы жиналған.

Қағаз жазушылардың, жұлдызшы-жорамалшылардың, алақанға қарап бал ашушылардың дүңгіршіктері мен саудагердің дүкендері алдына ілінген иероглиф жазулары бар қызыл маталар алабажак көшелерге әр мен ажар беріп тұр.

Ши Лянь-цзан көзі көрмегенді көңілімен ұғу үшін көше жакка басын бұрып, ондағы у-шуға құлағын тосты. Ұстаның шәкірті жанарын жоғалтқаннан бері дүниедегі құбылыстарды есту, сезу арқылы ғана қабылдайтын. Өзінің көзі сау кезі есіне түскенде Шидің қазірдің өзінде көңілі шалқып, бойы балқып қоя беретін. Бірақ бұл естеліктер бұлыңғыр алыста болатын. Көңіліндегі суреттердің өңі, әлде түсі екенін бойын беймәлім елес билеген бозбала көп ретте айыра да алмайтын еді.

Ши жиі-жиі аулаға шығып бамбук сыбызғысын сызылтып ойнайтын. Пеште от алаулап, шоқ қызарып жатады.

– Кеш болып қалды, Ши, – деді Ван ұста. Көшеге шығып жолдастарыңмен қыдырып қайт.

– Онан да ауланың сыртында отыра тұрайың, Ван әкей. Ши кішкентай есікті адаспай ашып, сыртқа шықты, сөлден соң сыбызғының жанға жайлы әуені естілді.

– Ши, сен күн мен түнді айыра алмасаң да, сыбызғы ойнаған кезінде мен өзімді жұмақта жүргендей сезінемін.

Ұстаханадағы темір-терсектің бәрі істік пен найзаға ұқсайтын тәрізді.

“Ванның әкесінің ұстаханасының алдында ойнап отыратын бала кезінде Ханбалық “аспан ұлының” ордасы еді және ол Яньцзинь деп аталатын. Ұстахана жанында колшік бар болатын, Ван колы босай қалса, соның жағасындағы кок шопке отырып бамбуктан қайықтар жасайтын немесе суға тас лақтырып ойнайтын.

Кейінірек қаланы жаулап алған Құбылай хан енді өзін аспан ұлы деп атауды талап етті.

Әу дегенде қала өмірінде ешқандай өзгеріс болған жоқ. Содан бір уақытта барлық қытайлықтар Ханбалықты тастап, өзеннің император сарайы салынып жатқан екінші жағасына көшуге тиіс деген ақылға сыймайтын хабар тарады. Қаладан және оның маңайынан ондаған мың колөнершілер күшпен көшіріліп, үйреншікті мекендерінен өзеннің басқа жағалауына коньыс аударуға мәжбүр болды. Осылайша император сарайын қоршаған Даду атты қала дүниеге келді.

Жаңа қала әр қабырғасының ұзындығы алты шақырым болатын тік төртбұрыш түрінде салынды. Қаланы айнала қабырға сайын үш-үштен қақпасы бар аппақ тастан қаланған жиырма төрт шақырымдық алып қорған бой көтерді. Қақпалардың барлығының үстіне көркем мұнаралар көтерілді, оларда қала сақшыларының қару-жарағы сақталады. Қаланы қоршаған осындай темірдей берік қорғанды жиырма төрт мың жауынгер күзетеді.

Бір қақпадан басталатын түн-түзу жалпақ кошелер қаланы жарып өтіп, екінші қарама-қарсы қақпаға апарады. Оның қос капиталына дүкендер, дүңгіршіктер, шеберханалар орналасқан. Жеке адамдарға



бөлінген жерлердің бәрі төрт бұрышты болып келеді және ғимараттар олардың қақ ортасына салынады да, айналасына бау-бақша егіледі. Геометриялық жағынан өте-мөте дәлдікпен жоспарланған жаңа қаланың келбеті шахмат тақтасына ұқсайды. Орталықта биік мұнараның басына үлкен қонырау қондырылған. Қараңғы түсерде ол үш дүркін қағылады, соңғы қағыстан соң ешкімнің де қошеге шығуына болмайды; бұл үшін ерекше рұқсат қажет. Осындай қатаң тәртіпті егер біреу-міреу қатты ауырып, дәрігердің көмегін қажет еткенде ғана бұзуға болады. Оның өзінде емшінің алдында түнгі жүрістің себебін түсіндіріп, қолына шырақ ұстаған қызметші жүріп отыруы керек.

Күндіз құмырсқаның илеуіндей ығы-жығы халық қозғалатын қалада қараңғылық түскен бойдан жым-жырт тыныштық орнайды. Тек бос көшелердің бойымен отыз-қырық адамнан тұратын шолғыншы топтар ғана жүреді. Бейсеубет қыдырғандар ұсталып, түрмеге жабылып, келесі күні қазының алдынан бір-ақ шығатын. Түнгі жүрістері үшін соғылған дүреден өліп кеткендер де болушы еді.

Көптеген қолөнершілер сияқты Ванның әкесіне де өзінің бұрынғы ұстаханасын қалдырып, күзетшілердің қатаң бақылауымен жаңадан салынып жатқан Дадү қаласына көшуге тура келді. Тек монғол нояндарының сеніміне кірген бірлі-жарым ғана бай қытайлықтар ескі қалада қалды. Алайда халық саны орасан зор қарқынмен өскен соң қала көлемі қорған қақпаларының сыртына шығып кетті. Он екі қақпаның әрқайсысына қарсы беттен бой көтерген қалашықтар жылдам өсіп, маңайдағы басқа елді-мекендермен тұтасып кетті де, қала қоршауының сыртынан халқы іштегі тұрғындардың санын бірнеше есе орап алатындай жаңа, аумағы зор қала пайда болды.

Қала сыртында негізінен шеберлер мен шетелдік көпестер көп тұратын. Жаз айларында олар ордамен бірге Шандүге көшіп, қысқа қарай астанаға қайтып оралатын. Бұлар Құбылай ханның орасан

зор байлығына керемет қызығатын және өздері де осылайша тез байысақ деп қатты үміттенетін. Олардың басым көпшілігі Қытайдың барлық аймақтарынан және Қыыр Шығыс елдерінен келгендер еді.

Мұнда аяқ бассан, алдыңнан қонақ үй, керуен сарай және уақытша тұрақтар кездесе кетеді.

Ұлы ханға басқа елдерден келген елшілер мен көпестердің жамбас ақылары мемлекет қазынасынан төленетін. Сондықтан Ахмед қаржы министрі ретінде орданың күннен-күнге өсіп бара жатқан шығынын өтеу үшін қосымша кіріс көздерін тынбай іздестіріп келеді. Ашытқы, бидай, ағаш, фарфор, жеміс-жидек, жүн, көмір, жібек, май өндірістері үшін қытайлықтарға салынатын салық, жер қожалары мен колонершілерден жиналатын салықпен теңесіп, күрт өсіп барады. Кез келген тауар бағасының толассыз көтерілуі осыған байланысты. Әсіресе ас тұзының бағасы тым шырқап кетті.

Пештегі от сөне бастады. Ван тері алжапқышын шешіп, үстіне күртесін киді де, көшеге шықты. Қараңғылық қоюланып барады, әйтсе де құдыққа қондырылған түтіктен аққан су жылтырап көрініп, хауыз беті баяу ғана шымырлап жатыр.

Сатушылар тауарларын жинастырып, көпестер дүкендерін жауып тастады. Ұстахана жанынан елдің бәрі құрметтейтін музыкант шал өтті. Ван онымен шүйіркелесе амандасты.

Түн өте тез түсті. Соғылған қоңыраудың даусы бүкіл қалаға тарады да, кошелерде тыныштық орнай қалды. Ұстахана жанынан шыққан сыбызғы даусы да кілт үзілді.

Өзінің досына тәтті тоқаштар әкелген көңілді наубайшы ұстаханаға кірді.

– Дәм ал, Ван, – деді ол даусын көтеріп, сосын жан-жағына қарап, сыбырлап: – Бүгін кешке екенін ұмытпа... – деді. Сосын даусын тағы да кенеп: – Қайырлы түн, Ван, мен асығыспын, – деді.

Көше қап-қараңғы болып кетті. Ванның жанынан өтіп бара жатқан талғаммен киінген жатжерлік оның жағындағы тыртықты көріп, жүрісін жылдамдатты.

– Наубайшы Ли жай келді ме? – деп сұрады зағип Ши. Мен оны даусынан таныдым.

Ван жауап берген жоқ. Оның ойы өзіне сезікпен қараған жатжерлікте еді. Қоңырау екінші рет қағылды. Ұста қаркылдап күліп, қырсық есегін жүргізе алмай жатқан жүкшіге қарап:

– Мендей қылмыскерден өздерінді аулақ ұстандар, – деп айқайлады.

– Сізге не болған, Ван әкей? – деп сұрады абыржыған бала.

– Ли бізге тәтті тоқаш әкелді. Мә, жеп ал. Ұстахана жанынан бейтаныс жатжерлік өтті, бар болғаны осы.

– Рахмет, Ван әкей!

Қоңырау үшінші рет қағылғанда қала көшелері босап калды. Терезелерден шамның жарығы көрінеді. Төбесінен қараңғы аспан тонген қала жансыз, өлі мекенге ұқсайды.

Қоңыраулы мұнараның есігі алдында садақ асынған екі монғол сақшы тұр. Майлы қағаз жапсырылған терезелерден сыртқа бұлыңғыр жарық түседі. Үлкен көшенің бойымен сап түзеп шолғыншы топ кетіп бара жатыр.

– Жатындар, ұйықтаңдар, тарбиған тасбакалар, – деп айқайлап, шолғыншылардың бірі ағаш қақпаны найзасымен сабалап өтті. Бұған жолдастары мәз болып қаркылдап күлді.

Ірду-дырдуы көп шолғыншы топтың отіп кеткенін күтіп қалтарыста бір адам тұр. Оның ұзын бойлы, талдырмаш, еңкіштеу келген пошымынан-ақ жай кісі еместігі байқалады. Тас қараңғы жерде тұрған бұл адамның беті мүлдем көрінбейді. Маңай тынышталған кезде ол басқан ізін білдірмей, әрі қарай жүрді. Басты көшелер қиылысар тұста кілт тоқтады. Белгісіз жанның жүзіне бір сәтке май шамның жарығы түсіп өтті. Ол бетперде киіп алған екен, шолғыншылардың даусы әбден естілмей кеткенде барып, жан-жағына қоз салды да, көшені зып етіп кесіп өтті.

Ванның ұстаханасының іші тастай қараңғы. Көше беттегі есік алдында зағип бала отыр. Ол сондай сакқұлақ, ешкім есіте алмайтын

дыбысты естиді. Інінен шыққан егеукүйірық кырыкқабат жапырағын тауып алып, қытырлатып кеміре бастады. Екі адам аулаға шарбақтан секіріп түсіп, сыбырлап қана: “Біз келдік”, – деді.

Сықырлап есік ашылды да, олар ішке кірді.

Бұлар – жақыннан шыққан дыбыстар. Ши алыстағыны естуге де өте кабилетті еді. Ол кез келген дыбыстың өзіне қанша қадам жерден шыққанын түп-тура анықтай алатын. Шолғыншы топ бұл кезде қоңырау мұнарасының қасында болатын.

Ши біреудің келе жатқан дыбысын көрші үйдің итімен бір мезгілде естиді. Ол есікті ашып, бетперде киген бейтаныс адамды ұстаханаға кіргізді.

– Мені Ванға апар, – деп бұйырды ол

– Жүріңіз, мырза.

Ұста Ван, наубайшы Ли, етікші У және жүкші шамды айнала қоршап отыр екен. Бөлме қап-қараңғы, шамның жарығы жиналған адамдардың тек беттеріне ғана түсіп тұр. Терезе мұқият тұмшаланып, қараңғыланған.

– Мен күпия шабарманмын, – деді бетперделі адам. – Отыра беріңдер де, мені тыңдандар. – Бір кезде оның көзі зағип Шиге түсіп, ойланып барып: – Баланың шыққаны жөн, – деді.

Мұны естіген Ши шығып бара жатыр еді, сол сәтте Ван:

– Отыра берсін. Шиден сөз шықпайды, мырзам. Ол етінен ет кесіп алсаң да, тіс жарып ештеңе демейді, – деді.

– Жақсы, олай болса, қала берсін, – деп, келісе кетті күпия шабарман.

Қуанғаннан есі шығып кеткен Ши тастай қараңғы бұрышқа отыра қалып, әңгімеге құлақ түрді.

– Тауда от жағып, қашан белгі береді, – деп сұрады тағаты таусылған Ли.

– Ванның есіне сасық зынданда үш жыл отырғаны түсті. Оның жағындағы қос тыртық таңба сонда басылған.

– Қанішерлерге өлім келсін! – деп күбірледі ол. Жүкші Ян мен етікші У үн-түнсіз отыр.

– Оның мезгілі әлі келген жоқ, – деді құпия шабарман. – Бірақ менің мырзам сіздер бұл күнге сақадай сай дайын тұрсын деп мені өздеріңе жіберді.

– Қаншама адамды жеген жолбарыс күндердің-күнінде өзі де біреудің жемтігіне айналады, – деді жүкші. – Ахмед бүгін де императордың бәйбішесінде болды.

– Әлі уақыты келген жоқ, – деп қайталады бетперде киген адам. – Түбі жемтікке айналары ақиқат.

Сіздің мырзаңыз белгі берген бойда-ақ мен оны өз қолыммен буындырып өлтірер едім, – деді түнерген Ван.

– Одан гөрі сенің найза соққаның маңыздырақ. Құпия шабарман жиналған адамдардың ашу-ыза кернеген беттеріне барлай көз салды.

Майға малшынған пілтеден көгілдір жалын шашырайды. Кенет бетперделі адам сөзін жалғастырып әкетті:

– Шаруалардан бамбук өсетін алқаптарды тартып алған Ахмед енді бамбук сатып байып жатыр. Ол тіпті оларға өзендерден балық аулауға да тыйым салды. Шаруалар оның шабармандарына тегін тамақ беруге міндетті. Байбатшалар олардан соңғы түйір дәнге дейін тартып алып, қарсы келгендерді дүрелеп жазалауда. Салықты Ахмедтің адамдарына белгіленген мерзімде калайда төлеу үшін Цзянси аймағының көптеген тақыр кедей шаруалары өздерінің әйелдері мен балаларын сатқаны жайлы естімеген боларсыңдар.

– Біздің де жағдай оңып тұрған жоқ, – деді етікші. – Кеше маған бір шаруа келді, ол: “Қожам бүкіл мал-мүлкімді алып қойды, енді қызымды сатудан басқа амал жоқ”, – деді. Маған да қиын болып тұр. Салық төлеуге ақшаны қайдан аларымды білмеймін.

– Қамырға қосатын тұзды айтсаңшы, – деп іліп әкетті наубайшы. – Менің тұз сатып алатын ақшам жоқ. Адамдар маған: “Ли, су татитын токаштарыңды өзің же! Дәмі таңдайға татымайтын тамақты сатып алатын бізді ақымақ көресіңдер ме?” – дейді. Мен тұз сатып алсам, онда жұрттың менің токаштарымды сатып алуға шамасы жетпейді, мені есы қинайды.

– Көліктің бағасы да шырқап кетті, – деді жүкші.

– Жакын арада базарда сатушы мен сатып алушыдан қайыршы көбірек болатын шығар.

– Мәртебелі Ахмед мырза мен оның жандайшаптары байыған үстіне байып барады. Біз болсақ, аш-жалаңашпыз...

Кек кернегендердің дауыстары қаттырақ шыға бастады. Белгісіз жан қолын көтеріп, тынышталындар дегендей белгі берді.

– Хуан Чин аулаға шықты, – деді зағип Ши.

Жиналғандар желел тынышталып, құлақтарын сыртқа тосып еді, бірақ ештеңе естіген жоқ.

Көрші үйде тұратын Хуан Чин ішімдік сатуды кәсіп ететін. Ол күріштен жасалған сапасыз арақты сатудан көп пайда табатын.

– Ол қайтадан үйіне кірді, – деді Ши.

– Ши, сен есіктің алдына шығып, біреу-міреу келіп қалмауын бақыла. Күдікті дыбыс естісең, терезені қағып белгі бер.

Ши бөлмеден шығып кетті. Барлығы біршама уақыт ауыр ойға батып, сығырайған шамның айналасында үн-түнсіз отырды.

– Біз мұнда көліктің базардағы бағасы жайлы әңгімелесу үшін жиналған жоқпыз, – деді бір кезде Ван.

– Жай сөйле, Ван. Тыңдаңдар, достар, мынау Ахмедтен шықпайтын жамандық жоқ екен, ол императордың әйеліне жағыну үшін мүлдем кінәсіз адамды жазаға тартпақ!

– Барып тұрған арамза екен, – деп күбірледі Ван.

– Қорсиған Жамбы катынның да Ахмедтен артық жері жоқ.

– Ертеңнен бастап Жамбы катындарды қуырамын, – деді наубайшы.

– Және де түз салмайсың! – деп мәз болды жүкші. Наубайшының қалжыңын онша ұнатпаған Ван:

– Тілінді көп сумандата бермесейші. Сен, немене, Ахмедтерді қуырғаның үшін менің зынданға түскенімді ұмыттың ба? – деді.

Орынсыз сойлегенін сезген Ли аузын жаба қойды.

– Ал айт, Ахмед нендей озбырлық жасамақшы, – деп сұрады У.

Барлығының назары бетперделі адамның баяу дауыспен баяндай бастаған әңгімесіне ауды.

– Кеше Жамбы қатын “қызыл ала гүл және молдір тамшы” деп аталатын суға түскен екен. Ол бойы бумен балбырап жатып, қызметші әйелге қант татитын алма әкел деп бұйырады. Шамалыдан соң қайтып оралған қызметші әйел жылап-еңіреп, ханымның тапсырмасын орындай алмағанын, өйткені астанадан қант татитын алма әкеле жатқан қашырдың таудағы асудан өтерде шыңырауға құлап кеткенін хабарлайды. Сендерге Манзидан күн сайын сапалы жеміс артқан керуен келетіні белгілі ғой. Тау мен тасты басып отетін бұл – өте ауыр жол, онда қияметтің қыл көпіріндей өте тар өткелдер бар, кей тұстарындағы жолдардан қарама-қарсы келе жатқан екі адам өте алмайды. Алма жоқ дегенге Жамбы қатынның жыны келіп, екі сақшыны шақыртып, күтуші әйелді зынданға жаптырыпты...

– Қарғыс атқыр қатынды таспен атқылап өлтірсе ғой, – деді Ван құпия шабарманның сөзін боліп.

Алайда ол тоқтамай, әңгімесін әрі қарай жалғастыра берді.

Содан Ахмед түскі тамаққа императордың бәйбішесінің үйіне келгенде, әйел оған: “Мен күйеуім Құбылай хан Шандуға кеткелі алма да жей алмайтын болдым. Сіз Ұанбалықтағы тәртіпті қатаң бақылауға алуыңыз керек, Ахмед мырза”, – депті. Күтуші әйелдің айтуына қарағанда, мұны естіген Ахмед сазарып-бозарып, ақыры алма тасушыны зынданға тастатыпты. Бүгін күн шыға бейшараны жазалауға тиіс.

Бетперделі адам жиналғандардың жүздерін жылдам шолып өтті. Оның откір қоздырынан ошпенділік оты шашырайды.

Ванның тісі шықырлады.

Ызадан жарыла жаздаған наубайшы бетін басты.

– Ахмед барып тұрған аябасты екен, – деді жүкші. – Оны жек көрмейтін адам жоқ.

– Ахмедтің бұл қылмысын ел білуге тиіс, – деді күншія шабарман. Байқап-байқап көпшілікке тарата беріндер.

Аздан соң жарық түсетінін айтты Ван. Сосын: – Бейшаралардың бастарын шабар кездегі жанайқайыларын кілең біз естіміз, – деді. Сәлден соң даусын көтеріп: – Ал сендер, қолайлы мезгіл әлі туған жоқ дейсіңдер, – деді.

– Ал енді, мен сендерге айтып қояйын: алма тасушы таң атқанша бостандыққа шығарылады.

Азаматтар кеуделерін кере демдерін алды.

Жиналғандар шалқайып май шамнан сәл ғана алыстап еді, беттері көрінбей кетті. Олар қапсағай денелі құпия шабарманға бір түрлі именшектей қарады. Бұл адамдар оның күшіне де, ісіне де тәнті болып қалған еді.

Қоңыраудың бес мәрте соғылған даусы бүкіл қалаға тарады.

– Сәлден соң ол осында әкелінеді. Оны өздерің жақсылап жасыруларың керек, Ван. Тек көршілеріңнің көзіне түспесін.

– Мұнда келе ме? – деп таңданды Ван.

– Немене, қорқынышты ма?

– О не дегенің, мырза!

– Мен сені ренжіткім келген жоқ, Ван. Ол үш тәулік өздерінде болады, содан соң біз оны Ханбалықтан алып кетіп, сенімді жерге жасырамыз. Сондай-ақ менің мырзам ұстаханаға екі арба темір жіберетінін хабарлауды тапсырды. Сендер одан найзаның ұшы мен семсер соғуларың керек. Содан соң У, Ли, Ян барлығың қару-жаракты біздің достарымызға таратып беріп, сақадай-сай түру қажет екендігін ескертесіңдер. Менің мырзамның тапсырмасы осы.

Ши терезені қақты.

– Сәл күте тұрыңдар, мен қазір келемін, – деді бейтаныс жан.

– Мен біреулердің жүрген дыбысын естіп тұрмын, мырза. Көше жиегімен екі адам келе жатыр. Міне, олар тоқтай қалды, енді қайтадан жүрді...

Бейтаныс адам алақанын зағип баланың иығына салып:

– Қорықпа, Ши, олар біздің достарымыз, есікті аш, – деді.

Қараңғы ұстаханаға екі адам кірді.



– Міне, жеткіздім, мырза. – деді олардың бірі. – Таң атқанша іздемеуге тиіс. Ал енді, мен қайтамын.

– Токтай тұр, – деген бейтаныс адам Шиден: – Сен бөтен дыбыс естіп тұрған жоқсың ба? – деп сұрады.

– Жоқ, мырза.

– Онда жүре бер. Сіздерге деген алғысымыз көл-көсір. Мұны бізге көмектескендердің бәріне жеткізіңіз.

Ол басқан ізін білдірмей есіктен шыға жөнелді. Тек осы кезде ғана бозала таңның сәулесімен түрмеден қашып шыққан жеміс тасушының сұлбасы анық көрінді. Бетперделі адам секілді оның да бойы биік, тек жауырыны қақпақтай екен. Есік жабылған бойдан Ши бар ынтасымен тың тыңдауға кірісті.

Құпия шабармен жеміс тасушыны бөлмеге ертіп кіргенде, үйдегілер шамды айнала тұрған еді.

– Міне, жетті.

Ван жеміс тасушыны құшақтай алды, қалғандары үндемей, бас изеп амандасты.

– Менің атым Чжан, – деген ол, бетін қолымен басып, еңіреп жылап жіберді.

– Жылама, Чжан, – деді Ли оған жаны ашып. Сен енді бостандыққа шықтың ғой.

Жеміс тасушы басын көтерді.

– Тауда от жағып, қашан белгі берер екен? – деді бойын өшпенділік кернеген Ван.

– Ұста, сен қару соғуды біл. Қару жеткілікті болған кезде белгі де берілуге тиіс. Қанішер Ахмед қалай жазаланғанын сезбей де қалады әлі.

– Ахмедтей жауызға өлім келсін! – деп қолтады оны басқалар.

Үйден шыққан құпия шабарман көзден лезде ғайып болды.

Жаны жайланған Саид мырс етіп күліп жіберді. Ол шолғыншылардың зілсіз дауласқанын естіді, олар тура өзіне қарсы келе жатты. Жаңа ғана қоңырау соғылған. Оның даусы қала аспанымен қалқып өткен тәрізді. Сақшылар көшеде кетіп бара жатқан адамды бірден байқады. Оған тоқтауға бұйрық беріп, дереу қоршап алды. Әбден іштері пысып зеріккенде жақсы ермек тапқандай олардың жүздері жайнап кетті. Саид болса, аспай-саспай қалтасынан күміс пайцзаны суырып алып, шолғыншы топтың басшысына көрсетіп: – Мені жолымнан қалдырмандар! – деп шірденді.

Пайцзаға мұқият үңілген бастық оны амалсыздан иесіне қайтарды. Саид жүріп кеткен шолғыншылардың артынан қарап тұр. Бүгінгі маужыраған түн өте тамаша. Аспанды торлаған бұлт тұтас емес, ана жер, мына жерден жымыңдаған жұлдыздар көрінеді. Бір-біріне таяу салынған аласа үйлерді түн қараңғылығы тұтастырып жібергендей. Саидқа осындай түндер ұнайды. Шолғыншы-сақшыларға күміс пайцзаны қалтасынан шығарып көрсеткен сайын оның қонілі өсіп, төбесі көкке сәл-пәл ғана тимей қалатын.

Ахмедтің тапсырмасы бойынша өзі көптеген жылдар бойы бақылап жүрген Марко Полоны Саид ата жауынан әрмен жек көретін. Егер ол жалғыз өзі ғана болғанда, онда венециялықтың сүйегі баяғыда-ақ қурап болар еді. Лобта ең алғаш көргенде-ақ өзінің үрейін ұшырған адамның Ханбалықтан кеткенін естігенде ол қатты қуанды.

Капитан Матео мұхитты шарлап жүр, ұзынқұлаққа қарағанда, ол енді Ханбалыққа оралмайтын сияқты.

Қожасы Марконы қалай жек көрсе, Саид та дәл солай жек көретін, сондықтан бар күш-жігерін Құбылай ханның сеніміне кірген жігіттің көзін жоюға негіз боларлықтай деректер табуға жұмсап келеді. Оны Ахмедтің шыдамдылығы таңдандырады, алайда Маркоға тықыр таяна бастағанын өзі де айқын түсінген сияқты.

Ішкүса болып әбден жүйкесі жұқара бастаған Ахмед Маркомен кейінгі бір жолыққанында әзер өтірік күліп, өзінің оны жек көретінін әзер дегенде жасырды. Тереңнен толғай алатын асып бара жатқан ақыл Саидта қайдан болсын, ол өзіне жүктелген шаруа орындалған бойда Ахмед оған мансапты қызмет ұсынады деп сенетін. Осылай басына бак қонып, ештеңеден тарықпай, мырзаларша өмір сүрсем деп армандайтын.

Ол әр түн сайын венециялықтардың үйлерін торуылдайтын. Анда-санда қолымен тартылып, дуал үстіне иек асып, бак ішіне коз салатын. Жүзім сабақтары тұмшалаған күркеде бұл түні жарык сөнбей тұр. Бұл үйде не болып жатқанын, кімнің қайда кеткенін. тіпті аяқ басыстарынан-ақ аулада кімдердің жүргенін Саид кез келген уақытта бес саусағындай біліп отыратын. Ол осылайша венециялықтардың бүкіл тұрмыс-тіршілігінен хабардар еді. Оның көзге түспей анду-бақылау арқылы бұлардың өмірімен біте қайнасып кеткені соншалық, одан басқа біреу болса, өзінің бұл тіршілігін барып тұрған азап деп есептер еді.

Уақыт өткізу үшін Саид келесі көшеге бұрылды. Бір ит үріп еді, басқалары қоштап, айнала у-шу болып кетті, оның үстіне жолын мысық кесіп өтті. Сосын бәрі әу бастағыдай тыныштала қалды. Кенет Саид біреудің жүрген дыбысын естіді. Ол селк етіп, қабырғаға таянып, қанжарын суырып алды. Саид үйтем-бүйтем дегенше оның жанынан аяғын мысықша басып ұзын бойлы, қапсағай денелі біреу өте шықты.

Саид түнгі жортуылшының бетперде киіп алғанын анық байқап қалды. Не істеуі керек? Сақшыларға хабарласса қайтеді? Айқай салса болды, таяқ тастам жердегі мұнара түбінде тұрған шолғыншы топтың сақшылары козді ашып-жұмғанша жетіп келеді. Бірақ бетперделі адамды өзі ұстаса, бұдан асқан абырой бола ма?

Осылай ойы он саққа жүгіріп тұрғанда, ол жаңағы адамның қайда кеткенін байқамай қалды. Зым-зия жоқ, жерге кірді ме? Саид оның кеткен жағына жүгіріп барды. Сақтық жайына қалды. Бұл кезде

бетперделі адам ағаштың тасасына тығылып, қасынан зулап өтіп қалтарысқа бұрылған өзінің қуғыншысының қимылын жігі бақылап тұрған болатын. Ол Саид қаңғалақтап кеткен кезде ғана көшені кесіп өтіп, алдындағы қуысқа кіріп кетті. Енді оны тастай қараңғыда табу мүмкін емес.

Тоқтаған Саид әзер дегенде ентігін басты. Қараңғы көшеге қаншама қадалғанмен, көзіне ештеңе түспеді. Екі-үш қадамнан әріде түк көрінбейді. Ол ағаштың діңінен шошып кетіп, ұялған тек тұрмас дегендей, қолындағы қанжарын оның бұтағына кірші еткізді. Бетперделі адам бейне бір суға сүңгіп кеткен сияқты. Мүмкін, ол осы маңда өзін бақылап тұрған шығар? Саид кең көшенің бойымен кейін қарай жүрді. Соңында ешкімнің жоқ екенін білу үшін ол андасанда артына қарап қояды. Бір кезде ол қалтарысқа тоқтай қалып, маңайды бақылауға көшті.

Күркедегі шам әлі сонген жоқ.

Ол енді бұл жерде тұра бергеннен ештеңе өнбейтінін түсінді. Бейтаныс адаммен кездесу Саидтың жұпыны қиялын қоздырып, оған өзін біреулер әрдайым бақылап, аңдып жүретіндей болып көрінді. Ал тура тұсындағы ауладан біреудің жөтелгенін естігенде, зәресі зәр түбіне кетіп, селк ете қалды.

Саид өзіне ешқандай қауіп жоқ екенін білген кездерде ғана мақпал түндердің тылсымға толы тыныштығын қатты ұнататын. Ал бүгін оның тезірек үйіне жеткісі келді.

\* \* \*

Марко Поло кітапханадан әкелген қолжазбадан өзіне керек жерлерді көшіріп күркеде отыр. Еңбек Құбылай ханның қытай аймақтарын жаулап алу тарихы болатын. Қолжазба өте анық және коркем жазылған, Марко оны өзінің еш киналмай оқығанына қуанды. Бөтен елдің жазуын жүгіртіп оқитын деңгейге жеткенше көп жыл өтті. Оның өз сапары кезінде көрген-білген елдері жайлы жазғандары тура бір кітаптай болды. Марконың әлем халықтары

өмірінен мүмкіндігі жеткенше мол мәлімет жинауға деген ұмтылысы осы күнге дейін бәсеңдеген жоқ.

Қолжазбада Құбылай ханның ерліктері дәріптеледі. Марко кіріспедегі мына сөздерді тағы бір қайталап оқып шықты: “Билікке Құбылайдың қолы өзінің асқан ер жүректігі, ақылдылығы және монғол атқамінерлерінің көпшілігі қолдайтын туған інісі Арық-Бұғының\* арам ой-пиғылын дер кезінде біліп қоюы арқасында жетті. Таққа отырардан бұрын Құбылай хан бүкіл әскерді тікелей өзі бастап, дүниені дүбірлеткен жорықтар ұйымдастырды. Шайқастар барысында ол ерлік пен данышпандық үлгісін көрсетіп қана қоймай, әскери өнерде алдына жан салмайтын тума дарын екенін баршаға танытып, бағзы замандардан бергі тарихта аттары сақталған қолбасшылардың арасындағы бірегей тұлға екендігін мойындатты...”

Жапырақтарды сыбдырлатқан самал жел күркеде қағаз жазып отырған жас жігітті желпіп өтті. Балауыз шамның жарығы дірілдеді. Марко қағаздарын жиып, оларды жібекпен қапталған мұқабасы піл сүйегінен жасалған түйреуішпен бекітілген кітапқа салды.

Ұлы ханның ордасында тұрып жатқан кезең ішінде Марко император жазғы сарайына қашқанда тұңғыш рет онымен бірге кеткен жоқ. Қытайдың ақша жүйесін зерттеу үшін ұлы хан оны Ханбалықта қалдырды. Ол енді бар ынтасын Ханбалықтың ақша сарайының тылсым сырларын зерделеуге салды. Ол көпестердің ұлы ханның қызыл мөрі басылған қағазды беріп, кез келген тауарды қажетінше ала беретіндігіне қатты таңданды. Бұл қағаздардың құндылығы алтын мен күміс ақшадан кем емес болатын.

Жыл сайын Құбылай ханның ордасына көптеген елдерден сауда керуендері ағылып келіп жатады. Олар мұнда інжу-маржан секілді асыл тастарды, алтындай жарқыраған маталарды, гауһар таспен әшекейленген белдіктерді, торғын жібектен тігілген киімдерді және басқа да бағалы бұйымдарды толассыз таситын. Император өзіне сенімді он екі тәжірибелі көпеске осы тауарлардың нағыз бағасын белгілеуді тапсырған. Ол шетелдік көпестерге үстеме баға қосуға

мүмкіндік жасап, оған өзінің рұқсатын берді. Осылайша әбден анықталған түпкілікті баға бойынша ол қағаз ақшамен есен айырысатын еді.

Кейде император Маркоға алхимияның құпиясын игерген адам секілденіп корінетін. Шынына келгенде ол жай қағазды алтынға айналдырып отыр ғой. Қалтаңда қағаз ақшаң болса, алтын мен күмісті керегіңше сатып аласың.

Бірнеше күн бұрын Марко ақша сарайында болып, ақша басып шығаруға пайдаланатын қағазды қалай жасайтынын өз көзімен көріп шықты. Ол үшін тұт ағашының қабығын жинастырып алып, оны суға салып жұмсартып, содан соң келіге түйіп, ботқаға ұксас қоймалжың бірдене дайындайтын. Қағаз осы құрамнан жасалады, оның түсі кара қоныр болып шығады. Мыс табакшалардың көмегімен ақшаның бетіне қажетті бедерлер түсіріледі, содан соң оны көлемін әр түрлі етіп торт бұрыштап кеседі. Осыдан соң барын адалдығына ешқандай күмән жоқ үлкен сенімге ие қызметкерлер ақшаға күния белгілерді салады да, ең соңында ақша сарайының аға шебері табиғи қызыл бояумен әр қағазға императордың мөрін басып шығады.

Осындай әдіспен жасалған қағаз ақшалар Құбылай ханның құзырына қарайтын барлық мемлекеттерде алтын ақшамен бірдей жүрді және оны қабылдамауға ешкімнің батылы жетпейтін. Қағаз ақша үлкен көлемде айналыста болды. Егер ол ұзақ уақыт пайдаланғандықтан тозып қалған болса, ақша сарайда әңгімеге келмей, жаңасына қолма-қол айырбастап береді. Тек осы қызметтері үшін оның құнының үш пайызын ұстап қалады.

Ең кішкентай банкноттың құны кіші ливрге<sup>26</sup>, ал одан үлкенірегі венецияның күміс грошына<sup>27</sup> тең еді. Сондай-ақ бес және он күміс гроштық, екі, үш тіпті он алтын бизанттық банкроттар да күнделікті сауда-саттық барысында кеңінен қолданылатын. Егер жалған ақша жасап, онымен сауда-саттық жасағысы келгендер ұстала қалса, олар өте қатаң жазаланатын.

“Тәңірінің айрықша камкорлығындағы ұлы мәртебелі императордың” арнайы жарлығында:

“Егер елдің кез келген азаматы жалған ақша жасамақ болып, яғни ол тұт ағашының қабығын өңдеп, арнайы белгілер салынып, сандар жазылған мыс табақшалар дайындап, табиғи қызыл бояу сатып алып, құпия түрде білдірмей айналысқа ақша шығарған болса, ондай адам, кім екендігіне қарамай, иелігіндегі бүкіл дүние-мүлкі тәркіленіп, өлім жазасына кесіледі. Мұндай қылмысты жасағандарға ешқашанда кешірім болмайды.

Егер біреу қандай да болсын жолдармен жалған ақшаға ие болып, оны айналымға түсіріп жіберген болса, бірінші жолы ол адамға бір жүз жеті дүре соғылады, ал қылмысын қайталаса, тағы соншама дүре соғылып, бір жылға жер аударылады.

Жалған ақша жасаушыны әшкерелеп, ұстап берген адамға сыйлыққа бес күміс теңге беріледі және ол қылмыскердің бүкіл дүние-мүлкіне ие болады”, – деп жазылған.

Осынау алып мемлекеттің ақша айналымы жүйесінің өте жетілген деңгейде тұрғанына, оның себебі – Ахмед министрдің аса зор қабілетінің арқасында екендігіне саралап-салмақтау барысында Марконың көзі әбден жетті. Қаржы басқармасының қызметкерлері де оның құлағына осы пікірді ерінбей-жалықпай құйып бақты. Ахмедтің өзі де Маркоға қажетті кеңес-түсініктерін еш бұлданбай, ұдайы беріп отырды.

Түннің тылсым тыныштығын гүлдер мен шоптерді баяу тербетіп, жапырақтарды сыбдырлатқан жанға жағымды самалдан басқа ештеңе бұзып тұрған жоқ. Қабырғасынан шатырына дейін кокжасыл өсімдіктермен комкерілген күркенің іші үйден де жайлы. Балауыз шамның сығырайған жарығы оның беті мен шығына ғана түсіп тұр. қалған денесі көрінбейді деуге болады. Кенет жат елде жападан-жалғыз жүргендігі есіне түсіп, жігіттің жүрегі сыздап кетті. Ордадағы думан-салтанаттардан қолы босамайтын ол енді, міне, алып қаланың қақ ортасында оңаша қалпы өткен-кеткенді ойлан,

естеліктер құшағында отыр. Самал жел бәсеңдеп, маңай тынышталды. Маркоға оз жүрегiнiң соғысына дейiн естiледi. Қала iшi тын-тынш, тұрғындар тегiс ұйқыда. Қоңыраудың бес рет соғылған даусы қала үстiмен қалқып отiп барып, басылды. Алма ағашының бұтағына қонақтаған бiр күс қанатын сiлкiп-сiлкiп алып, қайтадан ұйқыға кеттi. Жерге шық түскен Ауада таңғы салқынның лебi сезiледi. Басын қолына қойған Марко да маужырап отыр. Оның жүрек түкпiрiндегi ойлары пісiп жетiлiп, барынша айқындала, нақтылана түскен секiлдi.

\* \* \*

Құпия шабарман бетпердесiн сыпырып, оны табылмастай етiп тығып тастады. Ендi оған сақтанудың қажетi жоқ, еңсесiн көтерiп, еркiн адымдап келе жатыр. Қала қақпасына жете бергенiнде сонда шоғырланған қарауылшылар оған әуелде садақтарын кезедi де, артынан қаруларын төмен түсiрдi. Олар Ванчжудi таныған болатын.

– Бұйрық бұлжымай орындалады! – деп айқайлаған бiреу әскербасыға жағдайды баяндады.

Оның берген мәлiметiн жылы жүзбен қабылдаған Ванчжу күзетшiлер бөлмесiне кiрiп кеттi.

– Ол неге түнi бойы қаланы кезедi де жүредi? – деп сұрады бiр сакшы басқалардан.

– Онда бiздiң қандай шаруамыз бар? Ванчжудың бiр жақсысы, ол кiммен болса да адамша сөйлеседi, – дедi тағы бiреуi.

Күзетшiлер қытайдың шалғай аймақтарынан әкелiнгендер едi.

Кенет қараңғы көшеден Саид шыға келдi. Ол күмiс пайцзасын көрсетiп, жiгiттерден:

– Жаңа ғана қарауыл бөлмесiне кiмдi кiргiзiп жiбердiңдер? – деп сұрады.

– Онда сенiң жұмысың қанша? – дедi сакшы оның пайцзасын қайтарып жатып. – Одан да үйiне барып, ұйқыңды қандыр.



– Жоқ, сен, әуелі маған кімді кіргізгенінді айтасың, – деді Саид. Жауап ала алмаған соң, ашу шақырып: – Жылдам айт. Немене пайцзамдағы басылған табақтай морді көрмедің бе? – деп өзеуреді ол.

– Әй, мынаның өзі күйрығына найзамен түртпесең кететін түрі жоқ қой, – деп бір сақшы үйқылы-ою орнынан атып тұрып қаруына ұмтылды.

Ызадан жарыла жаздаған Саид зытып отырды.

– Көресіндер, мен мұны бұлай қалдырмаймын! – деп кіжінді ол, былай шыға беріп.

Түнгі аспанда жұлдыздар жымындайды. Уақыт зулап өтіп жатыр. Наубайшы Ли, жүкші Ян және етікші У бөтен бақ, бөтен аулалармен абайлап үйлеріне жетті. Кошелер қиылысқан жерлерге ілінген май шамдардан мардымсыз жарық маңайға тарап тұр.

\* \* \*

Ашима айкайдан шошып оянды. Қорыққан қыз төсегінен басын көтеріп, айналасына қарады. Сосын демін ішіне тартып тың тыңдады. Алайда өз жүрегінің соғысынан басқа ештеңе естілмеді. Ол жалғыз еді. Сонда қалай, түсінде өзі айкайлағаны ма? Матео жорыққа аттанғаннан бері Ашиманың бойын кей-кейде түсініксіз қорқыныш билеп алатын болды. Өзінің бұрынғы өмірі мүлдем ұмытылған секілді еді, енді, міне, түсінде өзін қожасынан сөз естіп, таяқ жеген, қол-аяғы кісенделген күйде көріп отыр.

Бірақ бұл кәдімгі түс қана ғой...

Ашима жастығын түзеп, жібек көрпесін алақанымен сипап қойды, ашық тұрған терезеден болмеге еніп тұрған жас шоптің иісі оның жанын жадыратып жіберді. Тобесінде жұлдыздар жымындаған түн бойын рақатқа боледі. Өмір неткен ғажап! Тек Матео есіне түссе болды, жүрегін үрей билейді. Ол жан-жағынан тонген қауіп-қатерді елемей, шексіз мұхит төсінде кемемен жүзіп жүр. Мұхит түбіндегі сарайларда су перілері тұратын көрінеді. Кемені алып

балықтың ауларып тастауы немесе оның су асты жартастарына соғылуы әбден мүмкін ғой. Ашиманың өзі теңізді көрмесе де Матео мен Марконың әңгімелерінен оның қауіпті және шексіз екенін біледі. Неге осы күнге дейін Чиншигу аралын жаулап алуға аттанған теңізшілерден ешқандай хабар-ошар жоқ? Олар өткен жазда кеткен болатын, содан бері күз бен қыс өтіп, дүниені мың құбылтып, даланы гүлге, тоғайды жапыраққа малындырып көктем келді. Уақыт тоқтар емес, зымырап өтіп барады. Тек сол кеткеннен Матеодан ешқандай хабар келмеді.

Мазасызданып терезенің алдына келген Ашима күркеде шам жанып тұрғанын көрді. Қалың жапырақтар тұмшалаған күрке оған киелі орындай болып көрінді, есіне тағы да өзін оятқан айқай түсті. Денесі дірілдеп кеткен қыз терезенің алдынан бөлмесінің қараңғы түңіріне қарай ұмтылды. Оған айқай сол күркеден шыққан шығар деген ой келді. Ұшқыр қиялы Ашиманың көз алдына бірінен-бірі өткен үрейлі суреттерді елестетті. Жаракатынан қызыл қан саулап, өлім мен өмірдің арасында арпалысқан Марконың түрі боп-боз болып, шам жанып тұрған күркенің ішінде құлап жатқандай болып көрінді. Манағы айқай әлі құлағында тұр. Маркоға бірдеңе болып қалды ма деген ой оған бойындағы қорқынышты жеңдірді. Қыз үстіне қойлегін іле салып, баққа шықты. Жүп-жүмсақ көк шөппен жалаң аяқ жүрген қыз, жүрегі қатты дүрсілдеп, күркенің алдына тоқтады. Іште бұрынғыша шам жанып тұр. Ашиманың жүрегі орнына түсіп, бойындағы үрей тарап жүре берді.

Үстел үстінде екі балауыз шам жанып тұр. Кітап оқыған Марко ұйықтап кетіпті.

Бұл көріністен Ашиманың жаны жай тауып, денесі қорқыныштан арылды. Марко бір жақ бетіне үстелдің тастай тақтайына салыпты, ал жүмсақ кара сақал көмкерген беті тура Аशिмага қарап жатқандай. Балауыз шам бітуге таяу. Табанымен мұздай салқын күмды басқан қыз тітіркеніп, саусақтарын жыбырлатты.

Ол жайсыз жерде ұйықтаған Марконы тастап кете ала ма? Мана түсіне не еніп еді осы?..

Ашима шамалы ойланып алғысы келіп, орындыққа отыра кетті. Егер жел қатты соғып, шырағдан құлап кетсе, ұйқыдағы адамның беті күйін қалуы әбден мүмкін ғой. Орындықтың ең шетіне қарай ақырыш жылжыған қыз:

– Марко, оян! – деді жайлап қана.

Ашима оның бетіне күдіктене қарады. Көзін қабағы жауып кеткен. Ол бұрынғысынша терең тыныс алып жатыр. Ашима оның жанына келіп, нығынан түртті. Осы кезде Марко оянып, басын көтеріп, көзін ашқанда, бұталардың арасынан үйге қарай кетіп бара жатқан қызды байқап қалды. Ол елес секілді өзінің көз алдында тұн қараңғылығына сіңіп кетті.

– Ашима, бұл сен бе? – деп дауыстады Марко.

Өзін байқап және танып қалған екен. Енді амал жоқ, күркеге қайта оралу керек.

– Неге жалаң аяқ жүрсін? Суық тиіп қалады ғой. Отыр, Ашима, – деді қамқор үнмен ол. Содан соң қызды орындыққа отырғызды да: – Мені шырт ұйқыдан оятып жібердің ғой, – деді күлімсіреп.

– Түн тамаша екен. Серуендеуге баққа шықтым.

– Бар адам ұйқыда. Тек екеуіміз ғана ояуымыз, – деді Марко.

– Олар тым-тырыс қатар отыр. Ашиманың көзі маіі шамға қадалған. Еріп бітіп, шырағдан түбіне жиналған балауызға түскен пілтенің қалдығы көгеріп жанып тұрды да, жел бір шалқығанда сөніп қалды.

Жапырақтардың сыбдыры естіледі. Қабырғаға таяу өсіп тұрған алып алма ағашы қою түнде көзге көрінбейді. Тек аспан ғана жап-жақын жерде тас тобеннен төніп тұрған секілді. Осынау жазғы түннің де тұңғыық құдықтың терең түбіне жасырғандай тылсымға толы сыры көп еді...

– Осы түс корудің қандай күшія сыры барын білсем ғой.

– Немене, Ашима, түс коргеннен сауымысың?

– Мен айқай естіп ояндым, содан қорқып кеттім.

– Түнде бар, күндіз жоқ жұлдыздар сыяқты ғой түс деген.

Сәл үнсіз отырғаннан кейін Марко:

– Ашима, император мені Манзиге жібермекші. Сапарға өзім сұрандым. Бірақ біз Матеоның жорықтан оралуын күтуге тиіспіз... Саған Ханбалық ұнамай қалған секілді ғой, – деді. Сосын жауап бере қоймаған қызға қарап: – Егер Матеоны күтпесек, күні ертең аттанып кетуге болады, – деп сөзін жалғады.

Ашима қолдарын көйлегінің кең жеңіне тықты.


– Қазір мен ештеңе айта алмаймын. Матеоны ойласам мазам кетеді... – деді қыз. – Сосын, Марко, мен Куньминге оралғым келеді деп те кесіп айта алмаймын. Онда менің ешкімім жоқ... Өзім де түкті түсінбейтін болдым... Ал енді ұйықтау керек. Қайырлы түн, Марко, – деді.

Ашима атып тұрып, үйге қарай зытты.

– Буоне ноте!<sup>28</sup> – деп қоштасты Марко өз тілінде.

– Буоне ноте! – деген қыздың даусы есік жақтан шықты.

Марко Ашиманың есікті жапқан даусын естіді. Жел тағы бір желпігенде екінші май шам да сөніп қалды.



Құбылай хан Шандудан Ханбалыққа оралды. Оның сарай қызметкерлері мен нөкерлеріне арнап өткізген мейрам-тойы үш күнге созылды. Хан жайған дастарқаннан сегіз мыңдай адам дәм татты. Ұлы хан орданың солтүстік жақ қанатына қойылған биік тақта бетін оңтүстікке қаратып отыр. Құстың сүтінен басқаның бәрі бар дастарқанды айнала императорға тамақ салып беретін мәртебеге ие болған даяшылар тұр. Император жейтін асқа және ішетін шарапқа дәмі сіңбес үшін олардың аузы-мұрындары жібек орамалмен тұмшаланған. Бас даяшы Құбылай ханға шарап құйған алтын көзені ұстатты да, өзі үш қадам кейін шегініп, тізесін бүкті.

Сол кезде сарайдағылардың бәрі жаппай тізе бүгіп тағзым етіп, маңдайларын жерге жеткізе бастарын иді.

Өмірші көзеге ернін тигізіп, шарапты құшырлана жұта бастағанда үрмелі, шекті аспаптардың барлығы қосыла ойнап, оларға даңғыра қосылып, орда іші күйге бөленді.

Ұлы хан қозені басына қотеріп тастағанда оның әжім басқан беті нарттай қызарып шыға келді. Күй аяқталып, тағзым етіп жатқандар қотеріліп, өз орындарына жайғасты.

Құбылай ханның оң жағын ала, бірақ одан анағұрлым төменірек оның ұлдары, немерелері және басқа да ет жақын туыстары жайғасқан. Оның үлкен ұлы Чимким отырған орындық басқа ұлдардікімен салыстырғанда әжептәуір биіктеу екен. Шетелдік ханзадалар, хан қызметіндегі басқа да ығайлар мен сығайлар өздерінің лауазымдарына сәйкес бұлардан да төменірек, аласа орындықтарда отыр. Ханның сол жағына осындай тәртіптен әйелдер орналасқан. Қонақтардың көпшілігі еденге тоселген кілемдердің үстіне жайғасқан.

Кіре берістегі адамдарды түрлеп-түстеу қиын. Мұнда хан мейрамына тартуға әр түрлі қызғылықты дүниелер әкелген ботен елдерден келген көпестер мен елшілер, сондай-ақ ұлы ханға өз онерлерін көрсетуге ынтыққан масқарапаздар, сиқыршылар бар.

Қытай императоры ұлы хан Құбылай айдаһар бейнелері ойып орнатылған биік тақта отырып, жиналғандардың төбесінен қарайды. Қонақтардың үстеріне киген алтын мен күмістей жарқыраған киімдері орданың ішін ешқандай суретшінің қиялы жете алмас ғажайып суретке бөлеп тастағандай. Қызметшілер дастарқанға үйіп-үйіп ет салған табақтарды тартып жатыр, жеміс-жидектің де түр-түрі мол. Кәнизактар дастарқандағы алтын мен күмістен жасалған ыдыстарды қымыз бен шұбатқа және әр түрлі шараптарға толтыруда.

Император сарай қызметкерлерінің бірін ымдап қасына шақырды. Шарап иісін шығармайын деп демін ішіне тартып тұрған

оның құлағына ұлы хан бірдеңелерді сыбырлап жатты. Құбылай хан Марконы коргісі келген екен. Оның жүзінен бір жымысқы кулықтың табы білінгендей еді, бірақ венециялық алдына келіп иілгенде, бәрі тарап кетті. Ахмед министр басын так жаққа бұрды. Сю Сян әдеттегідей императордың сол жағында тұр.

– Сіз ақша жүйесін зерттедіңіз. Айтыңызшы, бұл мәселе бойынша қандай пікірге келдіңіз? – деді император.

Маркоға императордың қысқа, нақты жауапты ұнататыны белгілі еді, сондықтан ол көп ойланбастан:

– Сіздің ақша жүйесіндегі данышпандық саясатыңыз адам танданарлықтай, – деді.

Кенет Құбылай ханның іші біз сүкқандай ауырып кетті. Оның бұған дейінгі көңілді қалпынан із де қалған жоқ. Даяшы оған тағы да шарап ұсынды. Музыка ойналып, жиналған қауым тағы да император шарабын әбден тауысып, ыдысын босатқанша тізелерін бүгіп, иіліп тағзым етті. Қасында тұрған нөкерлері императордың көңілінің қайтадан көтерілгенін байқады. Марко Полоның екі құлағы Құбылай ханда.

– Ахмед салық мөлшерін ұлғайтпақ. Маған әскерге төлейтін қаражат қажет. Сіздің ойыңыз қандай, осылай жасағанымыз дұрыс болар ма екен? – деді ұлы хан.

Марко Поло ойланып қалды. Алыс бұрыштарда отырғандардың өзі мемлекеттік маңызды мәселенің талқыланып жатқанын үкқандай. Орданың іші тып-тыныш. Тақ мұрагері Чимким қолындағы ыдысын дастарқанға қойды да, майланған ернін сүрте бастады.

Марко Сю Сяннің өзіне мазасызданып, абыржып қарағанын байқап қалды. Оның әншейінде міз бақпайтын бет әлпетінен Марко тұңғыш рет толғаныс табын сезді. Венециялық көзімен Ахмедті іздеп тауып еді, министр оған күлімсіреп басын изеді.

– Ұлы мәртебелі тақсыр, халықтың мойнына бұрынғыдан да зор ауыртпалықты ілген әділетті бола қоймас деп ойлаймын.

Мұны естіген император Сю Сянге қарап:

– Сіз не айтасыз, Сю Сян? – деді.

Ғалым орнынан тұрып, билеушіге қарай бетін бұрды.

– Қойшы қойды жылына екі рет қыркады. Егер малды бұдан жиірек қырыкса, жүнді де анағұрлым көбірек алуға болар еді, алайда алдындағы мал ыстық пен суыққа төтеп бере алмай, қырылып қалатыны анық қой. Жақсы қойшы қойын жөнсіз қырықпайды. Сол сияқты халықтың да мүмкіндігінің шегі бар. Егер министр Ахмед мырза елдің соңғы соқыр тиынына дейін сыпырып алатын болса, онда бұл біліксіз қойшының қойдың жүнін қайта-қайта қырыққанындай қателік болмай ма?

Құбылай ханның танауының астынан езуіне дейін созылған өжімдер мүлдем тереңдеп кеткендей. Ордада жым-жырт тыныштық орнады. Тек масаңдау Чинкимнің ғана көршісімен бірге шарап сіміруден басқада жұмысы жоқ. Аула жақтан қатты шыққан дауыстар естіледі. Жиналған жұрттың барлығының көздері әрі қарай не болар екен деп, тақ төңірегіндегі Сю Сянге, Ахмедке және Маркоға қадалған.

Құбылай хан осыдан бірнеше күн бұрын жеткен құпия хабар жайлы ойлап отыр. Чинпигу аралына жасалған жорық мүлдем сәтсіз аяқталыпты.

Императордың теңіздегі күштері түгелге жуық қырғынға ұшырапты. Үгедей ханның немересі Қайду\* императорға өу бастан қарсы. Ол өзіне тәуелді елдердің әскерлерінің басын қосып, жұдырықтай түйіліп, неге болса да дайын отыр. Қайду тіпті Қытайдың солтүстік аймақтарын басқарушыларды өз жағына шығармаққа және оларды Құбылай ханға қарсы көтеріліс жасауға көндірмекке талаптанған болатын. Императорға енді жаңадан кемелер жасатуға және өз әскерін бұрынғыдан да нығайтуға көп қаражат керек. Бұрындары Сун әулетіне қараған аймақтарда жиі-жиі бұрқ етіп тұрған көтерілістер де маза берер емес, оларды басу үшін әскер санын ұдайы ұлғайтып отыру қажет.



Император так арқалығына жотасын тіреп шалқайып, маңдайын тыржитты. Ол терең ойға шомған. Оның көздерінен өшпенділік оты ұшқындайды. Дәл осы кезде ханның кеудесінде рақат өмірден басқаны ойламайтын, жеңілтек, үлде мен бұлдеге бөленген нокерлеріне деген жек қорусілік сезім пайда болды. Өзі болса, мінеки, алтын такта биікте отырғанымен көңілі пәс, төменде, қиын сұрақтарға жауап іздеп әлек. Сарай қызметкерлері мен олардың әйелдері ханға күйірық қауырсындары мың күбылған, ал бастары саздақтан семіз құрттарды теріп жеуді ғана ойлайтын қырғауылдар секілді болып көрінді.

Императордың жанары Марко Полодан Сю Сянге бұрылып, одан Ахмедті шолып отті. Мына айналасындағылар кімдер өздері? Дос па, әлде дұшпан ба? Құбылай хан масаттанып, мырс етіп күлді. Онымен жауласуға кімнің батылы жетеді? Шынашағын қозғаса болды, кімнің болсын шыбын жаны шығады да кетеді. Дегенмен ол өз билігін ұдайы нығайтып отыруға тиіс, міне осыған байланысты ол өзіне басқа халықтарды бағынышта ұстауға көмектесетін Сю Сян, Ахмед, Марко Поло және солар секілді мыңдаған қызметкерлердің көмегіне мұқтаж. Ол бұлардың ақылын пайдаланғаны болмаса, өздерін жек көреді. Шаруаға жұмсар кезінде император олардан асыл тас, алтын-күміс, қымбат киім, дүние-мүлікті де аяп жатқан жоқ. Қажеті болмаған күні өзінің кімді болса да тағдырдың талқысына тастап кетері сөзсіз, тіпті оларды кім көрінген итше талап, түтіп жеп жатса, қуанбаса, өкінбес еді.

Ұзақ уақыт үнсіз отырған император Ахмедке қарап:

– Сіз қаржы министрсіз, Марко Поло мен Сю Сяннің айтқандарын естідіңіз бе? Енді өзіңді тыңдағым келеді, – деді.

Ахмед көңіліндегі қуанышты білдірген жоқ. Ол Құбылай ханның нені меңзеп отырғанын жақсы түсінді. Император Ахмедтің қандай жолмен болса да тез арада қазынаны толықтыруы керек екенін қалайды. Ахмед өзінің байырғы қарсыласы Сю Сянге осы сәтте салмақты сокқы беретіндей мүмкіндік туғанын жақсы түсінді.

Құбылай ханның сеніміне кіріп жылмандаған жас түлкі – Марко Поломен кейінірек есең айырыса жатады.

Ахмед билеушіге үлкен ізетпен басын бұрып:

– Ұлы мәртебелім, сіздің адал құлыңыз өзіңізден қас қағым сөтке ғана көңіл болуді өтінеді. Мен, түкке тұрмайтын пақыр, өзімнің таяз ойыммен мемлекет басқару ісін ондаған мың шақырымға созылатын алып далаға тыңнан түрен салғанға теңер едім. Бұрын бұл жерді күтетін шебер дихан болмағандықтан, оны арам шөп басып кеткен еді. Міне, енді сіз осы тың жерді жыртуға маған тапсырма бердіңіз. Жер жыртылды, бір жерде егін бітік шықса, екіншісінде көк өскін жаңа қылтнып, үшіншісіне енді ғана дән себіліп жатыр, бос жатқан алаптар да жоқ емес. Алайда егінге қорықшы керек, олай жасалмаса, бітік егінді таптап кететіндер табылады, еңбек еш болуы мүмкін, – деді.

Ахмед министр осы тұста сөзін тоқтатып, өзін ықыласпен қызығын тыңдап отырған Құбылай ханға көзінің қиығымен бір қарап өтті. Содан соң айналадан шығып жатқан күбір-сыбырға назар аудармаған Ахмед даусын бұрынғыдан да көтеріп:

– Сіздің кеңесшіңіз Сю Сян мені қатты бақылауға алды. Басқаша айтсам, ол – мен егін еккен жердің қорықшысы секілді. Бұл жерде менің айтарым, егер ол өз міндетіне жауапсыз қарайтын болса, онда дихандардың еңбегі еш кетті дей беріңіз. Тіпті ол өзіне жүктелген міндеттерді дұрыс атқарған күннің өзінде, аспаннан тамшы тамбай қойса, дән де, мән де болмайды. Құдай жіберетін жаңбыр дегенім – ол менің билігімнің күшейгені, ұлы мәртебелім. Сіз маған ғафу етіңіз.

Көңілі толған Құбылай хан күлімдеп Ахмедке қарап:

– Түлкінің жауы тазы ғой. Мен бұдан былай өз кеңесшім Сю Сянге Ахмедтің қаржы мәселелеріндегі шаруасына араласпауды бұйырамын. Оған қоса Когатай хан Ахмедтің жеке күзетін күшейтуге тиіс екенін ескертемін, – деді.

Ахмедтің айбыны асты. Қонақтар көздерін көтеріп, ас-судан қалағандарынша ішіп-жеп отырып Құбылай ханның Ахмедке

қосымша билік бергенінен құлағдар болды. Олардың көздері оз орнына асықпай келе жатқан Сю Сянге қадалған. Оның бетінен ештеңені байқау мүмкін емес. Ғалымның тамаққа мешкейлігі жоқ болатын. Дастарқандар жиналып, маскарапаздар өз өнерлерін көрсете бастаған кезде Сю Сян, қонақтар қарқылдап күліп, ішіп-жеуден қолдары босамай жатқанда, елеусіз ғана ордадан шығып кетті.

Өнерпаздар кернейлетіп-сырнайланып, ызылтып-сызылтып ән айтып, би билеп, күй тартып, ойын-сауық көрсетіп, жиналғандардың көңілін әбден көтерді. Әмірші шараптан біраз тартты. Оған көз алдындағы халық еденге төселген алабажақ алашадай болып көрінді.

Чимкимнің сарайына апаратын жолдағы доғаша иілген көпірден отіп бара жатқан қапсағай келген сұңғақ денелі Сю Сянді Марко Полоның көзі шалып қалды.

\* \* \*

Күн әжептәуір қысқарды. Таскөмір артылған көліктер Ханбалыққа ағылып келіп жатыр. Венециялықтар тұратын үйдің алдына да бір арба тоқтап, одан кеншілер жер астынан қазып алатын, отынға жарайтын жылтыр қара тастар түсірілді. Венецияда тұрған кезінде біреу Маркоға дүниеде осындай қызуы ағаш отыннан да күшті, ұзақ уақыт сөнбей маздап жанып жататын тас болады десе, ол мұндай әңгімеге мүлдем сенбеген болар еді. Сапарға шыққаннан бері Марко небір таңғажайып кереметтерді көрді. Тас көмірдің жанғанына үйреніп қалғаны соншалық, оған суық кезде қызарып жатқан тастарға алақанын жайып, қолдарын жылытқан қатты ұнайтын.

Ханбалықтың кошелерінен де күздің белгілері байқала бастады. Өршелене соққан өкпек жел бұталардан тоқыған шарбақтарды шайқап, император саябағындағы ағаштарды теңселтіп, оларды соңғы жапырақтардан арылтты. Жел көтерген шаң үйлердің шатырларын тұтып қалды. Құстар сайрамайтын болды, тек қарлығаштар ғана күзет мұнараларын шырқобелек айнала ұшып,

біресе бас кошелер бойымен қалықтап, біресе адам көзіне көрінбейтін тым биікке шарықтап көтеріледі.

Анда-санда шуақты күндер түскенде мәңгі көгеріп тұратын самырсын ағашының инелері күмістей жарқырайды, бірақ көбінесе аспан түнереді де тұрады.

Кешкілік күн суытқанда қайыршылар шокпыт-шокпыт бірденелеріне орана бастайды. Ван найза мен семсер соғудан шаршар емес. Тоқаш сатамын деп наубайшы Ли қаланың көптеген көшелерін аралап шығып, бірде шын, бірде қалжың ретінде сөйлеп, тұрғындардың жүрегіндегі мырзаларға деген ошпенділік отын өршіте түсті.

Салық төлеуге шамасы жетпеген етікші У өзінің шеберханасын сатып, пәтерінен кетуге мәжбүр болды. Ол ауылдағы ағасын паналады. Жүкші Ян бұрынғы істеп жүрген кәсібін жалғастырып, күн сайын кешкілік белгісіз басшының жіберген сенімді адамына жұмыс кезінде көрген-білгені жайлы мәлімет береді.

Қолонершілердің жұмысы қауырт. Ақша сарайының айырбас жасайтын бөлмелерінің алды кезекке тұрған ығы-жығы адамнан көрінбейді. Алайда айырбас жүргізушілер күн сайын бірнеше сағат қана жұмыс істейді, себебі – қазынада ақша қоры аз.

Кейбір асхана-шайханалардың қожалары өздерінің қызметкерлерімен және әріптестерімен аласы-бересісін жазып қолдарын қойған кішкене бамбук таяқшалар арқылы есеп айырысатын. Бірақ бұл бамбук ақшалар тек өзара саудаға ғана жарайтын, оны кейін нағыз ақшаға қол қойған адам айырбастап беретін.

Қыркүйек айының жиырма сегізінде императордың туған күніне орай ұлаң-асыр той өткізілді. Осы мерекенің салтанаты барысында жиырма мың ноянға, әскербасыға, сарай қызметкерлеріне императордың өзі киіп жүргендей алтын-күміс зерлермен әшекейленген аса бағалы шапандар сыйға тартылды. Осындай мерекелік сый-сыяпатқа ие болғандардың ішінде Марко да бар еді.

Жаңа киім кигендердің барлығы жиналғанда орданың ішіне қаптаған император кіріп кеткендей болды. Бұл күні аспан түнеріп

тұрды және императордың іші қатты ауырды. Нокерлер құдайға құлшылық етіп, одан императорды желеп-жебеп, ұзақ өмір, денсаулық және бақыт беруін сұрады. Монғол билеушілермен және жаулап алынған елдер мен аймақтардағы әкімдерден хан сарайына ағылып келіп жатқан сыйлық-тартуларда есеп жоқ.

Аң аулауға құмар императорға мұсылман көпестер казак даласынан сұңқарлар мен бүркіттер әкеліпті. Шынайы көңілінің белгісі ретінде оларға Құбылай хан өз дастарқанынан сарқыт жіберті. Бірақ жат жерлік көпестердің асқа деген зауқылары жоқ, тіпті олар ет тағамдарына саусақтарын да тигізбеді. Осыны байқап қалған Құбылай хан қонақтардың неліктен ішпей-жемей отырғандарының себебін білгісі келді. Көпестердің басшысы, ұзын бойлы ақ сақалы белуарына дейін тоғылған қапсағай қарт мұсылмандардың заңы бойынша мұндай еттен пісірілген тамақ харам деп есептелінетінін, сондықтан бұл асты оларға жеуге болмайтынын түсіндіріп айтты. Императордың ашуланған даусын естігенде Ахмедтің зәресі ұшып кетті. Құбылай хан мұсылман көпестерді жанына шақыртты.

– Менің дастарқаным сендерге харам екен, – деді ол ашу шақырып. – Олай болса, бұл жерден табандарыңды жалтыратыңдар!

Осы сәтте ойламаған жерден әскербасы Ванчжу императорға тізе бүгіп тағзым етіп, өзіне сөз беруін өтінді.

– Сен не дейсің? – деді таңырқаған Құбылай хан. – Не де болса жылдам баянда.

Еңсесін тіктеген Ванчжу жуан дауыспен:

– Кешірім өтінемін, ұлы мәртебелім, бірақ мен сізге сарациндердің қиелі кітабынан оқығанымды айтуға тиіспін. Онда көп құдайға табынатындардың көздерін жою керек деп жазылған, – деді.

Ордада мүлгіген тыныштық орнады. Өзінің ержүректілігімен белгілі Ванчжу көпестерге ашықтан-ашық қарсы шықты. Өзінің діндестеріне тәуір деген қызметтің бәрін бөліп берген Ахмедке таяқтың бір ұшы тиетіні әркімге де белгілі еді. Жиналғандардың

көпшілігінің беттерінен әскербасыға риза болғандықтарын сезу қиын емес, өйткені ордада түрлі топтар арасындағы тартыс күннен күнге оршып бара жатқан болатын.

Есікке қарай кетіп бара жатқан мұсылман көпестері қайтадан тоқтатылды.

Құбылай оларды тағы да қасына шақырды.

– Сендер Ванчжудің не дегенін естідіңдер ме? Саскалақтаған карт көпес жәрдем іздегендей көзін жүгіртіп, жан-жағына қарады. Осы кезде тақ жанына келіп тағзым еткен Ахмед өзін тыңдауды өтінді. Бірақ Құбылай хан оның аузын аштырмады. Ол сарай қызметшілерінің біреуін мұсылман ғұламаларын әкелуге жұмсады. Келген оқымыстылардың ең атақтысына хан:

– Сендердің киелі кітаптарыңда бірнеше құдайға табынатындарды өлтіру керек деп жазылғаны рас па? – деп сұрады.

Қалай жауап берерін білмеген ғұлама үнсіз тұрып қалды.

– Иә, солай жазылған, ұлы мәртебелім, – деді ол бір кезде.

– Киелі заңдарыңды Құдайдың жазғанына өздерің сенесіңдер ме?

Алдында торғайдай үрпиіп тұрған адамның зәресін алмау үшін император бұл жолы жайбарақат, зілсіз дауыспен сөйледі.

– Әрине сенеміз, ұлы мәртебелім, – деді оқымысты. Алдындағы оқымыстыға кадала қараған император бұдан кейін оған тағы бір сұрақ қойды.

– Егер сендердің құдайларың дінсіздердің көзін жойындар деген болса, оның айтқанын неге орындамайсыңдар?

Мынандай қиын сұрақтан кейін ғұлама ақыл-есінен айырылып қалғандай болды.

– Біз өлтіре алмайсыз, әлі уақыты жеткен жоқ, – деді ол.

Орданың іші гуілдеп кетті. Ахмедтің төбе шашы тік тұрды. Оның бойын біресе ашу, біресе үрей биледі.

– Онда мен сендерді өлтіре аламын! – деп ақырды Құбылай хан.

– Мынаны ордадан алып шығып, басын қағып тастандар. Қалғандарын зынданға салыңдар, – деді ол.

Сакшылар карсылык көрсетуге каукары жок байғұстарды сыртка сүйрелеп ала жөнелді.

Ванчжу көпшілік ішіне келіп кіргенде императордың бас кеңсесінде болім бастығы болып қызмет атқаратын досы Чуй Ин үн-түнсіз қолын оның иығына салды.

Ахмед министр өте қатты абыржыды. Ол өзін біреу кеңірдегінен қысып, қылғындырып жатқандай сезінді. Мына ақымақтар оның жылдар бойы жинаған абыройын лезде төкті де тастады. Мәселе молданың басының қағылғанында немесе оның жанындағылардың зынданда шірігенінде емес.

Ахмедтің олар үшін басы ауырып отырған жок. Ол енді өзінің мойнына түсетін Құбылай ханның құрығынан құтылудың амалын ойластырып отыр.

Анадай жерде Чуй Инмен әңгімелесіп тұрған Ванчжуды Ахмед көзімен іздеп тапты. Ханның қаһарына қалай ілікпеу жолдарын ойлаған ол, Ванчжудан өш алу жағын да есінен шығармады. Өз жағдайы дұрысталып кеткен бойдан ол әуелі әскербасының досы Чуй Иннің көзін жойдыруға тиіс.

Есін жинап алған Ахмед императордан тағы да өзіне сөз беруді өтінді.

– Сөйле, Ахмед! – деді Құбылай хан бастапқыға қарағанда жұмсақтау дауыспен.

Министр мұсылмандарды жазалауды кейінге қалдыра тұруды императордың аяғына жығылып өтінді. Ол тағы да екі мұсылман оқымыстысын шақырып, құрандағы жазу жайлы қайталап сұраңыз деген ұсыныс жасады. Нөкерлері ханның бұған келісе кеткеніне таңданды.

Императордың өз шешімдерін қабылдар кезде не ойлайтынын кім білген. Оның ішінің аяқ астынан ауыратыны сияқты, мінезі де құбылмалы еді. Саңылаудан көрініп тұрған аспанның да ашылар түрі жок, қоңыр бұлттар қорғасындай түнеріп тұр.

Бөтен құдайларды ашуландырған қалай болар екен?

Құбылай ханның әжім айғыздаған бетінен ешқандай өзгеріс табын байқау мүмкін емес. Ол оз мүддесі үшін жат жерлік пенделерді ғана емес, олардың құдайларын да жұмысқа жегіп қойған. Бірақ адамдарды қуыршақ құрлы кормейтін хан, қаһарына ұшырап қаламын ба деп құдайлардан қатты сескенетін. Христиандар – Христосты, сарациндер – Мұхаммедті, жебірейлер – Моисейді, ал қытайлықтар – Будданы құдайымыз дейді. Құбылай хан олардың бәрінен оз билігін нығайтуға көмектесуді сұрайтын.

Мұсылмандардың келуін күтіп тағында шалқайып отырған императордың есіне таяуда Марко Полога берген жауабы түсіп, іштей рақаттанып қалды. Бір орайы келгенде венециялық Құбылай ханнан қандай себеппен христиан дініне кірмей жүргендігі жайлы сұраған еді. Сонда әлемдегі ең күдіретті өмірші оған күлімсіреп отырып:

– Ал озің ойлап қарашы, мен неге христиан дінін қабылдауға тиіспін? Сіз жақсы білесіз, христиандардың ешқандай кереметі, ашқан құпиялары жоқ. Ал менің дінімнің абыздарының қолдарынан келмейтіні жоқ. Қажет болса олар кара суды теріс ағызып, бұлтсыз күні жаңбыр жаудыртады. Менің дастарқаныма олар дұғаның күшімен тамақ пен шарап жеткізеді. Ғұлама діндарларым қанатсыз болса да аспанда ұшып, құша қалықтай алады. Менің тақуа дінбасыларымның шеттерінен көріпкеді болашақты болжай білетін оқымыстылар екеніне озіңіз талай рет куәгер болдыңыз. Олар маған ертең не болатынын қазір айтып береді. Егер мен сіздердің діндеріне кіріп христиандықты қабылдасам бұл дінді жақтыра қоймайтын ордамдағы қызметкерлерім мен нокерлерім не айтар еді? Бұлар менен христиандар несімен қызықтырды, христиан сопылары өздерінің мықтылықтарын несімен дәлеледі, қандай керемет көрсетті деп сұрамайды дейсіз бе? Сонда мен оларға жауап бере алмас едім. Олар мені адасты деп есептеп, қолынан бәрі келетін ғұлама абыздар маған жамандық жолдаған болар еді.

Мұсылман оқымыстылары ұлы мәртебелінің алдына келіп, аяғына жығылғанда тақ маңындағылар дүр ете қалды. Құбылай хан



оларға үнсіз қоз тастап, орындарынан тұруды бұйырды. Ғұламалар өздерінің толқып, қорқып тұрғандарын сездірмегісі келеді. Олардың төпелгек біреуінің шашы аппақ қудай, көзі ойнақшып орнында тұрар емес. Бет-аузында өжім баспаған жер жоқ. Екінші біреуі сүйегі саудыраған ап-арық, бірақ алақандары күректей жалпақ. Ол өзіне Ахмед шүқшия қарағанда, саскалақтағаны басылып, бойына ерекше бір жайбарақаттылық орнап, денесі балбырап, көзін жұмды. – Сендердің қасиетті кітаптарында басқа діндегілерді қырып тастау керек деп жазылғаны рас па?

Қоздерін ғұламалардан алмаған сарайдағы ел тыныштала қалды. Әуелде бозарып кеткен Ахмедтің де жүрегі орнықты. Осы уақыт ішінде ол отіп жатқан оқиғаларды салмақтап, қалай болғанда да Ванчжудан ош алмаққа бекінді. Ол үшін тек мұсылмандарды жазаламақ болған райынан император қайтуы керек. Ахмед тіпті ұлы хан мұсылмандардың басын алған күнде де, оның өзінің көмегіңсіз ел билеуі қиын болады деп ойлады.

Кенет табиғаттың ешкім күтпеген керемет құбылысы болды. Аспанды жауып түнеріп тұрған қоңыр бұлттар ысырылған пердедей қақ жарылып, күннің алтын жебелердей тоғілген сәулесі айналаны нұрландырып жіберді. Тіпті жаңа ғана бозарып тұрған үйлердің шатырларына дейін жарқырап шыға келді. Өнер көрсетуге дайындалып есік алдында тұрған маскарапаздардың да жүздері жайнап, мың құбылды. Ордадағылардың барлығы қошандан орындарынан бір қозғалып қалды. Алтын-күміс, інжу-маржан әшекейлер, зерлі киім күн нұрына шағылысып, жарқ-жүрк етіп, неше түрлі ғажайып бояулармен қоркемделген қабырғаларға сәуле шашып, орданы ерекше сәнге бөлеп тұр. Жарқыраған күн сарай ішін нұрға толтырып жібергендей.

Осы кезде барып ұзынтұра арық молда тіл қатты.

– Алланың бірнеше құдайға бір кезде сиынатындардың көзін жою керек дегені кітапта бар, бірақ Алла мұны дүниеде барлығын реттеп отырған бір күштің бар екенін мойындамайтындарға

байланысты айтқан. Сіз әрбір жарлығыңызда құдайды ауызға аласыз, сондықтан сізді және сіздің діндестеріңізді шариғат бойынша олім жазасына кесілуге тиістілердің қатарына жатқызуға болмайды.

Күннің тоғілген сәулесінен көңілі жадырай бастаған Құбылай ханды мұсылман молданың берген бұл жауабы қанағаттандырды. Ол зынданға түскендердің бәрін босатуға бұйрық беріп, ғұламаларға бағалы сыйлықтар тапсырды.

Осы оқиға болмаса, күдіретті әміршінің алпыс жасқа келген тойының басқа тойлардан ешқандай айырмашылығы болған жоқ. Тойға шақырылғандар қарындарына сыйғанша ішіп-жеп, күпті болып, мас болып, тіпті кейбіреулері ордадан шығарда аяқтарымен табалдырыққа тиіп кетіп, жазалауға ұшырап та қалды.

\* \* \*

Қыс айларында қар қалың түсіп, аяз қатты болды. Бірде сасқалақтаған зағип Ши ұстаханаға зып етіп кіріп:

– Ван әкей, наубайшы Ли ұсталды. Сақшылар үйлерді тінтіп, қару іздеуде. Ян сіздің жедел кашуыңызды өтінді, – деді.

Бала ұстаның күсті қолынан ұстай алды.

– Бірдеңе десейші, Ван әкей... – деп өтінді ол, ұстаға зәресі ұшқан жүзін бұрып.

Ван баланы құшақтап, бауырына басты.

– Қашу дейсің бе? Қашқанда қайда тығыламыз, Ши? Менің бетіме қылмыскердің таңбасы басылған. Бұл қалада менің кім екенімді білмейтін пенде жоқ. Ал басқа қалада жұмыс таба аламын ба? Онда мені қаракшы немесе ұры деп ойлайды ғой.

– Бамбук сыбызғымды тартсам, біз аштан өлмеспіз. Асығу керек, Ван әкей. Сақшылар келіп есіктерін балталап бұзып жатқанда мен әйелдердің қалай шулағанын естідім. Содан соң Ши күбірлеп: – Мен қорқамын. Қашайық, Ван әкей, – деді.

Бала Ваннан айырылар емес. Ұста оның дірілдеп тұрғанын байқады. Оның есіне өзінің зынданда жатқан жылдары түсті. Енді

оның қалжыңбас досы наубайшы Лиді де ұстапты. Сақшылар хан төртгібіне наразыларды іздеп, қаланы шарлап жүр. Ваннның есіне анада түн ішінде келген бетперделі адам түсті. Ол кезде үміт мол еді. Содан соң ұстаханаға темір жеткізілді де, ол қару-жарақ соқты. Бұлар қалада отырып, жуық арада тауда алау жағылып, белгі берілер сәтті тағатсыздана күткен болатын. Амал не, бәрі күр далбаса болып шықты. Одан бері каншама күн мен түн өтті. Олардың Ханбалықты қоршаған қарасүр тауларға қарай-қарай көздері талды. Дүниеде күткеннен ауыр ештеңе жоқ екен...

Ваннның жүрегіндегі үміт оты сөніп қалғандай. “Бамбук сыбызғымды тартсам, біз аштан олдеспіз”. Зағип Ши оған осылай деді. Көзі көрмесе де, баланың жүрегінде жалын бар. Ал сыбызғысын сызылтқанда оны тыңдаған адам, кім болса да, бүкіл қайғы-қасіретін ұмытады. Ошақтағы шоқ сөніп, ұстахана іші салқындап кетті.

– Жарайды, Ши, біз кашамыз, – деді Ван. – Сен сыбызғы тартасың, мен қайыр сұраймын... Несін айтасың, Қытайда өмір сүру оңай, Ши.

– Олардың дауыстарын мен естіп тұрмын, Ван әкей. Қазір көрші үйдің есігін сындырып жатыр. Сосын бізге келеді. Асығу керек.

Ван өзінің керек-жарақтарын жинап есекке артты да, жануарды іш жақтағы есіктен қалтарыс кошеге шығарды. Олар енді шыға бергенде сақшылардың ұстахана қақпасын ұрғылағаны естілді.

Шидің қолдары тізгінге қарысып қалған. Мынандай ауыртпалық оны әжептәуір есейтіп жібергендей.

– Кім білген, бір кездерде біз мұнда қайтып оралармыз, – деп күбірледі Ван.

Жолдың саз батпағы мидай езіліп жатыр. Әр үйдің алдында қармен коқыс үйінділері жиналып қалған. Дүкендер мен шеберханалардың көпшілігі жабық. Қала халқы ол қақпадан топ-тобымен шығып барады. Әскербасы Ванчжу ешкімге кедергі жасамаңдар деп тапсырған соң, сақшылар босқындарды тоқтатып жатқан жоқ. Монғол Коготай ханның адамдары күзетегін басқа қақпаларда көп кісі тоқтатылды. Зындандар лық толы.

Мұсылмандармен болған оқиғадан кейін бұрынғысынан әлдеқайда күшейген Ахмед министр жемтігіне тор құрған ормекшідей қарсыластарының адымдарын аштырмай тастады. Аяусыз қанауға түскен халықтың жағдайы өте нашар. Мемлекет қазынасы толығып қалды, ал Құбылай хан ақшаның қайдан келіп жатқанын сұраған жоқ. Ол барлық жерде Ахмедті мақтаудан жалықпайтын. Ахмед императордың бұйрықтарын орындамайды деп Чуй Инді кінәлағанда және оған сол үшін бір жүз жеті рет дүре соғуды сұрағанда Құбылай хан бұл ұсынысқа қарсы болған жоқ. Өзінің досы Ванчжудың нығына қолын саламын деп Чуй Ин осылайша о дүниеге аттанды.

Бастан-аяқ ақ киім киген Ванчжу досының моласына барып тағзым етті. Ол қабір басында ұзақ бөгелді. Бұл жерге тоқтап тұруға рұқсат жоғын білсе де, шолғыншылар қайғыдан қабырғасы қайысын қозғалмай тұрған адамды қуып жіберуге бата алмады. Аспан бұлттанып, жас қабір қылаулап жауған қардан ақ жамылғы жамылды. Қарғалар қарқ-қарқ етіп, моланың маңын айналып ұшып жүр. Табиғат та Ванчжуге өзінің қайғысын бөлісіп тұрғандай болып көрінді. Кенет оның тістеніп тұрған ерні күбірлеп:

– Ол сенің ажалыңа жетті, Чуй Ин, бірақ кегінді мен қайтарамын. Ахмедтің денесін ит пен құсқа жем қылғанша тыным таппаймын деп ант етемін саған... Ант етемін, – деді.

Оның бет әлпетінен тастай түйінгенін сезуге болады.

Ахмедтің билігіне шектеу болатын түрі жоқ. Сарай қызметшілері оның алдында тілі күрмеліп, дірілдеп тұратын. Быттиған Жамбы катын өзінің оған деген құрметінің белгісі ретінде Ахмедке сұлулығы ай мен күндей тоғыз күң сыйлады. Құбылай хан қымбат ер-тұрманымен ақбоз ат мінгізді.

Ұлы ханның шексіз құрметіне ие болған Ахмед ендігі жерде Сю Сяннің өзіне де, оның айтқан ескерту сөзіне де, кеңесшілік лауазымына да пысқырмайтын болды.

Чипингуге жасалған жорықтың сәтсіз аяқталғанын Марко 1282 жылдың қаңтарының суық күндерінің бірінде естіді. Матеонын Ханбалықтан аттанғанына бір жылдан астам уақыт өткен. Досы қоштасарда:

– Ал мен кетіп барамын, Марко. Қайтадан теңізде жүзетініме деген қуанышымда шек жоқ екенін сен бәрібір ұғына алмайсың ғой. Өмірдің қызығы таусылмайтынын осыдан-ақ байқап тұрмын. Ашиманы саған тапсырамын. Оған өзің қамқор боласың. Сенің оны әрқашанда қорғай алатыныңа менің ешқандай күмәнім жоқ, – деді де, күлімсіреп әңгімесін әрі қарай жалғады: – Өзің бір орайы келгенде сөйлесіп көр. Мүмкін, ендігі ол Куньминді сағынбайтын да болған шығар. Кім біледі, Ашима күндердің-күнінде бізбен бірге Венецияға баруға келісімін берер. Шіркін, Венеция! Венецияда темірден жасалатын зат бұл жерде алтыннан құйылады екен. Маған темір ұнайды, Марко. Темір алтыннан сенімдірек қой. Ал сау тұр, бақытты бол, туысқан! Көріскенше күн жақсы! Мен данққа бөленіп ораламын. Ашимамен сөйлесуді ұмытпа. Мүмкін, бізбен бірге болғысы келер.

Капитан Матео! Ол осындай жарқын көңілді, болашаққа деген сенімі зор қалпында Марконың мәңгі есінде қалды.

Бұл қаралы хабарды Маркоға Ахмед министр естіртін, өзінің осы сәтсіздікке шын жүректен қайғыратынын білдірді. Ол тіпті жетім қалды-ау деп Ашиманы да есіне алып өтті.

Абдырап қалған Марко жан-жағынан бірдеңелерін аркалап немесе сүйретіп отіп жатқан жұпыны киімді адамдарға назар салмай, көше бойымен құйғытып келеді. Оның құлағы бітіп қалған сияқты, сақшылардың алдарына салып айдап келе жатқан адамдарына ақырған-бақырғанын да естір емес. Солардың артынан жүгіріп келе жатқан әйелдің шыңғырғаны құлағына келгенде ол селк ете қалған болатын, өз үйінің алдына жеткенде бұл оқиға да есінен шығып кетті.

Чипингуге екі мың қытай джонкасы<sup>29</sup> аттанған болатын. Оларда ең кемі жүз мыңдай сарбаз бар еді. Жауынгерлер бай аралдың жағасына киналмай жетті және алғашқы ұрыста жау әскерін ойсыратып жеңді. Бірақ кейіннен Чипунгудің бүкіл аралдарынан жинап. Токимуно бастап әкелген қуатты әскер бөлімдері монғолдар мен қытайларды теңізге қарай тықсырып тастады. Сарбаздардың көшпелілігі осы шайқаста қырылды, алайда олардың бір бөлігі қайықтарына жетіп үлгерді. Бірақ солтүстіктен күшті дауыл соғып, қайықтарды аударып тастады. Көп адам суға кетті.

“Венеция! Шіркін, Венеция!” оның досы енді мәңгілікке Венецияны көре алмайды. Ер жүрек капитанның жанқиярлықпен шайқасқанына Марконың ешқандай күмәні жоқ. Алайда оны аман қалды деп қалай ойларсың? Сондықтан үйге жақындаған сайын ол үміт жібінің әлі де болса үзілмегеніне өзін сендіре бастады. Аулаға кіргенде ол тіпті көңілді болып көрінгісі келді, бірақ әкесімен, Маффео көкесімен және Ашимамен кездесуден қашақтады.

Үйге кірген Марко үстіндегі желбегей шапанын шешіп, үстел басына келді. Мыңдаған ой миын кемірген ол, басын қос қолымен тіреп, бір нүктеге қадалып отыр. Матео сияқты біртуар азаматтың енді қайтып оралмауы мүмкін бе? Бұлар ұзақ, әрі қауіпті жол үстінде достасқан еді. Осы сапарда бастарынан өткерген қиындықтар оларды мүлдем жақындастырып жіберді, бірте-бірте екеуі бірін-бірі көрмесе тұра алмайтындай болды. Марко Матеоның қозғалысында ер жетті және Матеоның ақылы мен сабыры бозбалаға тура жолмен таймай жүруге әсерін тигізді және оны тақ төңірегіндегі тартыстарда әділеттен ауытқымауға тәрбиеледі.

Марконың ойына өткен өмірі түсті. Естеліктер, жел айдаған қаңбақтай бірінен соң бірі, көз алдынан домалап өтіп жатыр. Дәу семсерін құлаштап сермеп Матео қараунастармен шайқасын жүр екен. Дұшпандар оның мойнын қыл тұзақ салғанда да, құлап бара жатқан ол “Қаш, Марко...” – деп айқайлап үлгерді. Зынданда отырған Матео қарақшының қолынан найзасын жұлып алды... “Сен

мені екінші рет зынданнан шығардың, Марко. Менімен қоса мына қызды да... Бакта сары гүл өсіп тұр... Осы біз Венецияға қайтар ма екенбіз?"

Көзіне өткен оқиғалар елестеген Марко досының күбірлеген даусын естіп отырған секілді. "Сен тірі ме екенсің, Матео?" – деп сұрақ қойды ол өзіне және оған біреу жауап беретіндей тың тыңдап ұзақ отырды. Жауап қайдан болсын, Марко еңсесін тіктеп, жан-жағына қарады. Үйдегі тылсым тыныштықты да жақтырмады.

"Жылама, елігім. Марко сенімен бірге қалады ғой", – деді Матео Ашимаға аттанып бара жатып. Сосын шығып жүре берді.

Енді, міне, Марко Ашимаға қайғылы хабарды жеткізуге тиіс. Қыз, шамасы, өз болмесінде болар. Ханбалықтың қысы Ашима үшін өте қолайсыз болды. Әсіресе, қатты аяз түскенде оның колдары тез тонып, саусақтары илікпей, мүлдем еңсесі түсіп кететін. Бірде қыздың болмесіне аңдаусызда кіріп келгенінде Марко оның боп-боз болып, сонген ошақтың жанында отырғанын корді. Абыржыған қалпымен Ашимадан ауырып қалған жоқсың ба деп сұрағанында. қыздың: "Мен ақ қардан қатты қорқамын", – деген даусы жеті қат жердің астынан шыққандай болып естілді.

Марко орнынан тұрып, болме ішінде ерсілі-қарсылы жүрді де қойды. Мынандай жаман ойға беріле бергені дұрыс болмас. Матео олды деп ешкім айтқан жоқ кой. Әрине, Ахмед министрдің жеткізген хабары жақсы емес, бірақ ол Матео жайында не біледі? Матео оңайлықпен жан бере қоятын адам емес. Теңіз бен дауылда ол өзін судағы балықтай сезінетін. Егер мың джонканың тоғыз жүз тоқсан тоғызы батып, біреуі аман қалса, ол капитан Матео басқарған кайық болуға тиіс. Матео тірі! Басқаша болуы мүмкін емес. Марко қайдағы-жайдағыны ойлап уайымға берілгені үшін өзін барып тұрған ақымақ деп есептеді. Бұл хабар жайлы Ашиманың білмегені дұрыс. Анық-қанығы белгісіз шаруаға қыз мазасызданбай-ақ койсын.

Марко өзінің Ханбалықта сегізінші қысты өткізіп жатқанын, ал оның алдында үш жыл бойы жолда жүргенін есіне алды. Оған

балалық пен ересектік аралығында сан ғасыр жатқандай болып көрінді.

Венеция Ханбалықтан қаншама алыста болса, оның балалық шағы да соншама алыста еді. Ол анда-санда ашық дауысты әнші, жас кеме құрастырушы Джованниді, өзімен бірге ойнап өскен қара шашты пысықай қыз Джанинаны, немесе адал қызметші Полоны есіне түсіргісі келгенде олардың бет әлпетін де көзіне анық елестете алмайтын болды. Сан-Микеледегі тыныш қорымда жатқан шешесінің моласы еске түскенде ғана оның көзіне көп нәрсе елестейтін.

Бірақ қазір оның есінен капитан Матео шығар емес. Досының жарқын бейнесі басқаларды шетке ысырып тастағандай. Матеоны олді деп есептеудің өзі қылмыс емес пе?

Көңілінің түкпірінде үрей мен күдік айқасқан Марко ағайынды Пололардың бөлмесіне кірді.

Қарттар тура Марконың ойлағанындай алдарына тауар тізімін, есеп қағаздарын және бума-бума ақшаны жайып тастап әңгімеге кірісіп жатыр екен. Марконың келгенін көрген соң олар тыныштала қалды.

– Міне, мырза да келді, – деді ақкөңіл қалжыңмен Маффео Поло. – Мессер Поло, жай келмеген шығарсыз, бізге тапсырмаңызды айта отырыңыз?

Марко үстелдің оларға қарама-қарсы жағына жайғасты. Кенет ол жүрегіндегі үміттің бұрынғыдан да күшейе түскенін сезінді. Жаңа ғана жолдан оралған әкесі мен көкесі қағаздарын аударыстырып, тағы бір сапарға дайындалып жатыр екен. Олар іскер және пысық адамдар болатын. Марко осы әулеттің түлегі еді.

Жана жоспарлар жетегіндегі әкесі мен көкесі салған жерден Маркодан ақыл мен көмек сұрай бастады.

Шетелге шығып сауда жасайтындар үшін жоғарғы кеңестің шешімімен арнайы кемелер жабдықтылып, оңтүстікке ұзақ сапарға аттануға дайын көпестерге қазынадан несне беріледі екен. Түскен



табыстың оннан жеті бөлігі мемлекетке, ал қалған оннан үш бөлігі ғана коңестердің өздеріне тиесі екендігіне карамай, сауда сапарына шығуға тілек білдірушілер жетіп артылатын көрінеді. Марко керек адамдармен сөйлесіп, әкесі мен көкесіне кеме және несие алуға көмектесуге уәде етті.

Осы әңгіме кезінде Марко әкесі мен көкесінің беттеріне үніле карап қойып отырды. Олар жас шақтарында бірде ток, бірде аш өмірді бастарынан өткізгендеріне карамай, әлі де болса жасамыс екен. Марко олардың бойындағы өмірге деген құштарлықтың күштілігіне әр уақытта таңғалатын.

Сақалы мен шашын бозқырау шала бастағанына карамай енді бірнеше аптадан соң Николо Поло елу жасқа келеді десе, оған ешкім нанбаған болар еді. Ол өзін сергек ұстап, шаншаң қозғалатын. Елу екі жасқа таяуда толған Маффео көкесі ешқашан шаршағанын білдірген емес, керісінше манайын күлкіге бөлеп, көңілдендіріп жүреді. Олар венециялық коңестер еді, ал Венеция тәрізді әлемдік сауданың орталығы бұларды мақтаныш тұтатын. Алайда Киелі Марк республикасының билеушілері өз халқының осындай ұлдары жайлы бірдеңе біледі ме екен?

Марко мен әкесінің қозқарастары түйісіп қалғанда бір-біріне риза олар жымыш күлді де қойды.

Николо Поло Шандудағы алғашқы қабылдауында Құбылай ханның: “Сіздің ұлыңыздың жүзінен нұр, көзінен от шашырап тұр”, – дегенін мақтанышпен есіне алды. Ол Марконың жағдайын ойлап мазасызданбайды. Өйткені Марко өзінің ақыл-парасатымен ұлы ханның ордасындағы ықпалды адамдардың біріне айналды.

– Қарай көр мынаған, Николо, – деп күлімсіреді Маффео Поло. – Сенің есінде ме, бірде оның бала кезінде түн ішінде бізге келіп: “Әке, айып етпесеңіз көкемнен бірденені сұрайын деп едім... Көке, сіз, ұлы ханның алдына барған кез келген адам жерге басын тигізіп, тағзым етуге тиіс дегенсіз. Өздерің де солай жасадыңдар ма?” – дегені. Ол мұны Марконың бала кездегі даусын айнытпай салып

айтты. Сосын ол қарқылдап күліп алды да, өз даусымен: – Енді, міне, өзі де ұлы ханның қызметінде, билеушіге топыраққа аунап тағзым етуден шаршар емес. Бірақ біздің Марко дандайсып кеткен жоқ, сол бұрынғы мінезі, – деді.

– Ордада қандай жаңалықтар бар? – деп сұрады Николо Поло.

– Бұрынғыдай Құбылай ханның іші ауырады. Ал оны қоршаған қызметшілердің алтын ыдыспен ханның дәретін тогуден қолдары тимейді, – деп қылжақтады Маффео.

– Император кеңсесіндегі Чуй Ин өлім жазасына кесілді. Бұны өш алу үшін Ахмед министр ұйымдастырған көрінеді, – деді Марко.

– Өзің қалай ойлайсың? – деп сұрады Николо Поло.

– Кесіп ештеңе айта алмаймын. Орда деген осек-аяңның ұясы ғой, ал Ахмед болса, маған құрметпен қарайды.

– Ханбалықта астыртын ұйым ашылды, – деді ойға шомған Маффео Поло. – Ахмед халықтың қанын сүліктей сорып отыр. Оны жақсы көретін жанды кездестіре алмадым.

– Оның бәрі жай нәрсе, – деді Николо Поло. – Бұлар бізді де жақсы көрмейді. Жалпы, жат жерліктерге оң қабақ таныта қоймайды. Мен болсам, Ахмедпен қатынасымды бұзбас едім. Қанша дегенмен императордың сенімді адамы ғой.

Бәрі де Матеоның орны үңірейіп тұрғанын сезеді.

– Матеоның алыста жүргенін қарашы, – деді Маффео.

Матеоны үнемі Марконың қасында болуға тиіс деп есептейтін Николо:

– Оның ешқайда кетпеуі керек еді, – деді.

– Оның осы жолы бізбен бірге оңтүстікке жүргені жақсы еді.

Жартас қандай ауыр болса, әңгімелесу де сондай ауыр еді.

– Чпингуде императордың қайықтары жойылып кетіпті, – деді Марко төмен қарап.

Аз уақыт үнсіздіктен соң Маффео:

– Өзің бұл жайлы да біледі екенсің ғой, – деді. Олар бір-бірінің беттеріне тура қарай алмады. Үндемей жүргендері болмаса, бұл

қайғылы хабарды ағайынды Пололар әлдеқашан естіген еді. – Әке, мен оның тірі екендігіне сенемін.

– Иә, әлі де үміт мол, – деді Николо Поло. Көпестер Ханбалықта тағы да алты аяқ откізді. Марконның көмегімен олар екі бірдей кемеге не болды. Құбылай хан мен оның нөкерлері елдің солтүстік аймағына аң аулауға аттануға дайындалып жатқанда венециялықтар теңіз жаққа баратын керуенге қосылып жүріп кетті.

Қыстың қыспағынан коктем әжептәуір уақытқа кешікті. Алайда бас-аяғы бір түнде бәрі өзгеріп шыға келді. Теректердің бұтақтарына нәр жүгіріп, оларда қызғылт бүршіктер пайда болды, бұталар көгеріп бүр жара бастады. Шаналарын доғарған халық арбаларын майылай бастады. Әйелдер күн көзіне есік алдына шығып алып, жасанды гүл құрастырып жатыр. Зергерлердің балғалары тынымсыз тақылдап, асыл металдардан бағалы бұйымдар жасалында. Ордадағы әйелдер император бағында жиі-жиі серуендейтін болып алды.

Ағаштар мен бұталардың бүршіктері гүл жара бастады. Күн сайын әнші құстар сайрай бастағанда қала ұйқысынан оянады. Күн ұзап, жер қызды. Құбылай хан өзінің орасан зор ордасымен Ханбалықтан жазғы сарайына көшті.



Жел өршелене сокканда үлкен жолдың бойындағы ағаштар жерге дейін иіледі. Қошқыл бұлттар күнді жауып, маңай қараңғыланып кетті. Тау бөктеріндегі басқыштан тегістелген алаңқайларға өзенге құлағанға дейін күріш егілген. Алыста карауытып тұрған орман сілемі көгілдір тұман мен тұтасып жатыр. Аттар мен есектердің тұяғынан майтопырақ шаң көтеріледі. Аспан айналып жерге түскендей ыстық. Жел топырақ шаң көтеріледі. Аспан айналып жерге түскендей ыстық. Жел от секілді, өсімдіктерді өртеп жіберердей. Жол тауға өрлеп барады.

Арқаларындағы ауыр салмақтан сирақтары майысқан жүкшілер жол жиегімен мықшындап, ілбіп келеді. Есек жеккен екі аяқты

арбалардың кедір-бұдыры көп жолмен жүруі де оңай емес. Тау баурайында екі сауда керуені кездесіп қалды.

Капитан Матео атының тізгінін тартып, қасындағы серігіне:

– Достым, сонымен сен бұдан әрі қарай менімен жүрмейтін болдың ғой? – деді. Сосын ол сол қолымен маңдайынан сорғалаған терді сыпырып тастады да: – Мынандай аптаптан қажымайтын пенде жоқ шығар, – деп сөзін жалғады.

Матеоның сол қолы кір-кір шүберекпен таңылыпты. Ол тізгінін босатып, атын тебініп:

– Шу-у, безгелдек, қазір жаңбыр құяды, – деді. Жол Сары өзенді бойлап келе жатыр. Арнаның арғы беті тұманнан еміс-еміс қана көрінеді, ал арт жақтағы тауларды көкжиекпен астасқан қара бұлттардан айыру қиын.

Матеоның серігі қарапайым шаруаларша киінген. Ол қашырға мініп келеді. Әбден майланғандықтан тігісі білінбейтін көк жібек жабу қашырдың қос сауырына төгіліп, жолаушы мен көлікке айрықша айшық беріп тұр. Аяғын ілбіп басып келе жатқан қашырға неше түрлі түсініксіз заттар артылған. Ердің қасына оңға және солға тең бөлініп екі мыс қазан және екі шетен қалпақ ілінген, ал үшінші дәу қалпақ толып жатқан дорба, қалта, местермен бірге қанжығаға байланыпты. Қашырдың басына орнатылған күнқағардан алдындағы жол сілемін әзер көре алатындай бөкене бойлы бір адам ер үстінде отыр. Ол – Қытайдың оңтүстік аймақтарының бірінің шаруасы еді. Қашырдың сауырынан төмен қарай төгілген көк жібек жабу оның әжептәуір ауқатты жан екенін білдіретін. Нөсерлетіп өтуге тиіс жаңбырдан пальманың жалпақ жапырақтарымен қорғанған жаяу жүкшілер осы қашыр мінген жолаушыға қызыға көз тастап қояды.

Кенет Сары өзеннің суының түсі мың құбылып кетті. Екпіні күшті жел су бетін де, жағаны да ұйпалап өтті. Джонкалар желкендерін жылдам түсірді. Ағыс бойымен жүзіп бара жатқандарға жаман болған жоқ. Ағысқа қарсы жүзгендер мықшындап ескектерімен алысып жатыр.

Алғашқы ауыр тамшылар төпеп бергенде Матео мен оның сапарласы қою кара орманның шетіне ілінді. Олар ат пен қашырды бұтақтарға байлап, жапырақтарынан жаңбыр түгіл жебе отпейтін зәулім ағаштың саясына жайғасты. Жаңбыр сабалап құйып тұр, су ну жапырақтан өте алмай, тек кейбір ағаштардың діндерін бойлай ағуда. Суық жел орман танабынан шыққан шіріген қорыс мүліктің иісін жоғары көтергізбей, жерге қайта сіңіріп жатыр. Ауада гүлдер мен шөптердің хош иісі қалықтап тұр.

Шашын желкесіне қарай жинағанда Матеоның сол құлағы жоқ шұнақ екендігі байқалып қалды.

– Сен, сонымен, әрі қарай да менімен жүремің дедің бе? – деп қайталады Матео. – Жарайды, жақсы болды, достым. Сен маған ұнайсың. Тек өзіңнен өтінерім, бұдан былай мені ренжіте қорме. Мойынтұрық киіп қалмас үшін жан-жағыңа абайлап қарап жүр... Мен сені Қожатай деп атайын. Қожатайсың, ұқтың ба? Өзім – Қожайынмың, ал сен – Қожатайсың. Шынымен бірге болғың келсе, менімен бірге Ханбалыққа баруына болады. Сосын сені менің досым Марко бір жерге орналастырады.

– Алғыстан басқа айтарым жоқ, қадірлім, – деген Қожатайдың көздері ойнақшып, жүзі жайнап кеткені соншалық, Матеоның жолай кішкене қаладағы базар алаңында болған оқиға еріксіз есіне түсті.

Жағалаудан ұзай қоймаған капитан әлі де болса теңіз иісі тарап тұрған аймақпен елдің орталығына қарай атпен жосылтып келе жатыр. Ісігі қайтпаған қолы мен басындағы жарақат оның ойын шайқастағы жеңіліс пен қайтар жолдағы кемелерін су астындағы жартасқа соқтырып қиратқан алапат дауылға аудары берді. Осындай жанын жеген ауыр ойлардан арылмақшы болып, Матео жолда кездескен елеулі белгілердің бәріне назар аударып, зерделен келеді. Үш күндік сапардан соң ол шағын қалаға келіп кірді. Тарлау келген басты көшені Сары өзеннің бір саласы бойлап өтеді екен. Қаланың аласа қақпасынан Матео басын соғып алмас үшін бұғып өтті. Коше бойында отырған сағушылар мен қолонершілер алып адамға бірден

назар аударып, таңданыстарын білдіріп жатыр. Матео мұндайға әбден үйренген, олардың мазағына да, әзіліне де көңіл болген жоқ.

Қаланың орта тұсында қоше кенеііп, төрт бұрышты алаңға барып тірелді. Ол осы алаңда Қожатайдың жүзінен тұнғыш рет корді, оның мойнына арбиған мойынтұрық-бұғау салынған екен. Матеоға оның бетінің тым ойнақы, қуақы көрініп, өзіне тартканы соншалық, ол бұл адамның қасынан жайбарақат өте алмады. Шынына келгенде, дәл сол мезетте, Қожатайдың сайқымазақтығы оған мүлдем жарасып жатқан жоқ еді, өйткені ол қол-аяғын бұғау қысып, жазалау алаңында жаны киналып тұрған. Бірақ соған онша қысылмай, өзінің мына кіріптарлығын қызықтау үшін маңына жиналғандарды қырантоқан күлкіге батырып жатыр. Одан қызықтаушылар да қалысар емес, бірдеңелерді айтып, күлкіні қыздыра түседі. Кенет Қожатайдың бойын бейне бір жын ұрғандай ашу-ыза кернеп, өгіздей өкіріп, белгісіз біреулерді дымын қалдырмай, сыпыра боктай бастады.

Матеоға жазалау алаңы нағыз театр сахнасындай болып көрінді.

Мұнда сол маскарапаз бет-аузын қисайтып, біресе ашуланған, біресе қуанған кейіпке еніп, жиналған қызыққұмарларды күлдірмекші болып әлектеніп жатыр. Алайда бұғаудағы адамның бастан-аяқ сыпыра боктағаны жандарына тиген тобыр алақозденіп, ойыннан от шығып, Қожатайға тиісе бастады.

– Әй, сен, қауынбас, жап аузыңды!

– Немене, саған бұғау кигізген біз бе едік?

– Тарт тілінді!

Сатушылардың бірі шыбықтан тоқылған ыдысқа шіріген жемістерді толтырып әкеліп, тобырға қарап:

– Мынадан қалаған жемістерінді алып, лақтырып, бакырауық боктампаздың комейін бітендер! – деп айқайлайды.

Жазалау алаңында байлаулы тұрған өзінің қашырына екі баланың мінгеспек болып жатқанын көргенде, Қожатайдың көздері шарасынан шығып кете жаздады. Балалар дарақылана күліп,

қолдарындағы таяқтарымен қазандар мен шетен қалпақтарды сабалап жатыр.

– Мынау боктампаздың қашырының үш басы бар шығар. Әр басына – бір-бір қалпак!

– Айт, жасырма, жабуды кімнен ұрлап алдың?

– Мынандай мырза ұрлық жасаушы ма еді? Бұл бір сапарға шыққан байбатша ғой. Сәлден соң осында жергілікті әкімнің өзі келіп, байқамай бұғау кигізгені үшін кешірім сұрамақшы...

Бақытсыз сорлы бұл мазактарға құлақ асып, жауап беріп жатқан жоқ, сондықтан жиналған тобыр да тиісулерін бәсеңдете беріп еді, кенет ол:

– Кетіңдер, иттің балалары! Мен сендерге... – деп барып, өрі қарай даусы шықпай қалды.

Ол бауыздалатын тауықтай басын қайқандатып, мойны мен білектері қанағанына қарамай, жұдырығын түйіп, жынын шақырған бақсыдай тыныштық табар емес. Сәл-пәл демін алып, енді ғана қайтадан боктықты боратпаққа ыңғайлана бергенде біреу лақтырған шірік өрік оның аузына кентелді де қалды. Маңдайына сарт ете қалған екінші өріктен шашыраған сасық шырын бет-аузын былғап кетті. Осы-ақ екен, бақытсыз сорлыға шіріген жеміс қарша борап, оның үсті-басынан сасық шырын сорғалады.

Балалар қашырға артылған мыс қазандарды бамбук таяқшаларымен бұрынғыдан да қатты сабалап, рақатқа батып, мәз болып жатыр.

Кенет бұғаудағы адамның бет әлпеті бұрынғысынан қатты өзгеріп кетті. Ол аузындағы шірік өрікті тілімен итеріп шығарып тастады. Содан соң басын бұрып, жазалау алаңына үймелегендерді көзімен шолып өтті. Оның салбырап кеткен қолдарында жан жоқ секілді, ал жанарынан аса қатты жабырқағаны сезіледі. Оның мұңға батқан жанарынан қорқыныш ізі байқалмайды.

Күн нұры төгіліп тұр, дар ағашынан түскен қолеңке сурет секілді. Тауықтар аяққа оралып, сол маңда шашылған шіріген жемістерді шұқылап жатыр. Үстінде жейдеден басқа киімі жоқ бір бобек аяғын



апыл-тапыл басып, жолды кесіп өте бергенде құлап, еңірен жылап қоя берді.

– Кордіңдер ме, қалай тып-тыныш болды! – деді коқиланып, шіріген жеміс әкелген сатушы. – Тағы бір мәрте топелеп алайық! Бізді мақтағанын ұмытпаған шығарсыңдар.

Ауыр күрсініп атынан түскен Матео тобырды қак жарып отіп, жазалау алаңына әрең жетті.

– Тоқта, кобіқауыз! – деді ол коқиланған сатушыға. – Оған неге тиісе бересіңдер?

Мынау зор денелі байсалды адамның байыппен айтқан сөзінің әсері күшті болды; жиналғандардың көбі қолдарындағы шірік өріктерін лақтырып тастады. Адамдар, шамасы, өздерінің де мынау бұғаудағы бейшараның орнында болулары ықтимал екендігін ұғына бастаған сияқты. Шынына келгенде оның бұлардан қай жері кем. Олар ұят жасағандарын енді ғана түсінді. Бірақ, пенденің бәрі бірдей емес қой, кейбіреулер қызық істі қайта жалғастырмақ болып, қайта дайындала бастады.

Қауіптің тағы да төнгенін байқаған бұғаудағы адамның оңі танымастай болып өзгеріп кетті; ол өзіне тиіскендерді кешіретінін сездіргісі келіп, жүзін жадыратты. Қысық қоздері күлімдеп, қастары көлденең бір сызықтың бойына керілді.

Ол тобырға бейне бір: “Туыскандар, мен оздеріңе ренжімеймін. Маған дұрыстап қарап алсаңдаршы. Мен сендерге бәрін – мазақ қылғандарыңды, ұрғандарыңды түгел кешірдім. Ал енді тып-тыныш үйлеріңе қайтып, не істегендеріңді жақсылап ойлаңдар”, – деп тұрғандай.

Жалбарынған кейіп танытқан ол, кенеттен бүкіл алаңға тараған зор дауыспен айқайға басты:

– О, жарандар, сендер қазы мырзаның маған неге бұғау кигізгенін білесіңдер ме? Мен шынымен-ақ ұры-қарыға ұқсаймын ба?

Базар алаңында жым-жырт тыныштық орнады. Өзенді бойлап жүзіп бара жатқан үлкен желкен корінеді, оның астындағы қайықты

жағалаудағы жал және тас қорған жасырып, көзге түсірмей тұр. Құлап қалған баласын анасы көтеріп алып, еркелетіп жұбатып жатыр. Балық сатушының төбесіне көтерілген үлкен күнқағардың жиегіндегі шүберектерді жел желбіретеді, ал ауаға тараған шіріген жеміс-жидек, сасыған балық пен сарымсақтың нісі колканы атады. Аулақтағы төбеде “Сұлулық Ғибадатханасы”. Оның ашық күнде ап-анық болып көрінгені соншалық, бейне бір қол созым жерде тұрған сияқты.

– Ол біздерге иттің балалары деді емес пе? – деп қызуқанды бір сатушы басылар емес.

Бәрінің көздері сол сатушыға бұрылды. Қоңілділер де, қоңілсіздер де, жастар да, қарттар да бірі қалмай соған қарады. Көшпеліктің назары басканың бәрін ұмытып, соған ауды. Арандатушы өз ойының енді іске аспайтынын сезсе де?

– Бұл кім өзі? Әуелі бізді сыбап тұрып боқтап алады, содан соң біздің ызаланғанымызға танданады... Сіздер оған біздің қадірлі қазы мырза жайдан-жай бұғау кигізді деп ойлайсындар ма? Айтсын қандай қылмыс жасағанын, – деп өзеуреп қоймады.

Бұғаудағы адам арандатушы сатушыға басын бұрып бір қарады да, даусы дірілдеп:

– Сен менің не істегенімді білгің келе ме? Мен барып тұрған баукеспе ұрымын! Жасаған қылмыстарымды айта бастасам болды, сендер тағы да шірік өрікпен пергілейсіңдер ғой. Сендердің қадірлі қазы мырзаларың маған былай деді: “Саған ұлы мәртебелінің құмар ойындарды ойнауға тыйым салғаны белгісіз бе еді? Ол өздеріңді қарудың күшімен жаулап алды. Сондықтан, сендердің бар дүниемүліктеріңнің кожасы императордың өзі. Сен құмар ойын ойнағанда ұлы мәртебелінің байлығын ұттырып, оған зиян келтіріп жүрсің, сол үшін сазайынды тартуға тиіссің”. Қайталап айтам, мен жай баукеспе емес, мемлекеттік маңызға ие ұрымын, – деп, жағдайын баяндап шықты.

Бұғаудағы адамның жұдырықтары түюлі, бірақ оның жүзі қуақылық табын жоғалтқан жоқ.

– Менің қандай ауыр қылмыс жасағаным енді сіздерге түсінікті болған шығар. Мемлекет алдында айыпты адаммын. Қазы қол-аяғына бұғау салынып, он жеті рет дүре соғылсын деп шешті... Міне, күнге шыжғырылып, байлаулы тұрмын. Қайырымды шешей, мені жуындырып жіберіңізші. Әйтпесе, сасық иіс қолқамды атын барады, – деп ол жанында тұрған мейірбан жүзді ақ шашты әйелге отініш етті.

Әйел бамбук таякпен қазандарды ұрғылаған баланы жанына шақырып, оған мығым дауыспен:

– Үйге барып бір шелек су алып кел, және көршіден ақ шүберек сұрап ал. Мына адамды жуындыру керек. Сосын бір құмыра сүт ала келуді ұмытпа, – деп ескертті.

Бала тапсырманы орындауға кетті. Бірақ, оның оралғанын күтпей-ақ су сатушы ағаш бөшкеден бір табақ мөлдір су құйып алып, ет сатушы өзінің таза алжапқышын шешіп, әйелге ұсынды. Жеміс-жидек сатушы бір табақ сары алтындай өрігін, балық қуырып сатушы ең бір жақсы піскен балығын жапыраққа орап, көкөніс сатушы көк жуасын, ал көрші ауылдан келген шаруа бір кесек қуырылған тауық етін алып, қастарындағы балалардың бірін осылардың бәрін жазалау алаңындағы сорлыға апарып беруге жұмсады.

– Ол бізге иттің балалары деген еді ғой, – деп, миңгірлеуін тоқтатар емес манағы шіріген жеміс әкелген адам.

Бұл айнала гүлге малынған, алғашқы жемістер піскен көктем айы еді. Жазалау алаңына секіріп шыққан мысық күнге қыздырынып, бұғаудағы адамның аяқ жағына жатты. Жазалау алаңында тізерленіп тұрған адам биік жерде болғандықтан басқаларға көрінбейтіндерді көретін: толқын жатқан озен, доғадай пілген әдемі тас көпір, айдында жүзген джонканың тұмсығында отырған жас әйел.. Ол қолдан тұрғызылған бөгетке такала орналасқан бамбук күркелерге, жатаған баурайлы көгілдір төмпешіктерге, күріш алқаптарына, гүл жайқалған бақтарға, ондағы жеміс ағаштарына қызыға қарады.

Құлағына жеті шекті арфалар мен сыбызғылардан шыққан мұңды, қасіретті саздар келіп жатқандай болып көрінді. Аспаптардан төгілген киелі дыбыстар бірде аспанға көтеріліп, бірде жерге құлдिलाған құстың канатындай әсерге бөлейді.

Әйел бұғаудағы адамның бетін салқын сумен жуып, оған тамақ беріп сусын ішкізді. Бейшараның көңілін орнына түсіру үшін күріш арағынан да ұрттатты. Бамбук күркелердің арғы жағындағы беткейде аймақ әкімшілігінің енселі ғимараты менмұндалап тұр. Алайда қаланың жүрегі адамдарды масқаралап жазалайтын, тіпті дарға да асатын орны осы базар алаңында болатын.

Бәрін көріп тұрған Матео еріксіз жымыды.

– Әй, достым-ай, сен өзің аузыңа асты біреу салып, тамақтандырғанына қарсы емес екенсің, – деді.

– Немене, сіз оның аш екенін және шөлдегенін кормей тұрсыз ба? Менің тамақ бергенім ұнамаса, өз жолыңызбен жүре беріңіз, – деді әйел шамданып.

– Шешей, маған бұл жерде бәрі ұнап тұр, – деп жымыды Матео.

Ол атын бағанаға байлады да, тамақтанып алмақ болып, керуен сарайға кірді. Жараланған қолының ауырғаны жанына батқан соң Матео осы қалада түнеп шықпақ болды.

Кешкісін түрме күзетшісі манағы адамды бұғаудан босатты.

– Міне, сен де азаптан құтылдың, шырақ, – деп күбірлеген Матео алаңсыз ұйықтауға керуен сарайға кірді.

Таңертең күн шыға бергенде Матео аттанып кетті. Ол неғұрлым тезірек Ханбалыққа жетіп, Маркомен, Ашимамен, ақ көңіл Маффеомен және байсалды Николо Полмен жүздесем деп, көңілі алып-ұшып келеді. Матео достарының өзі жайлы ойлап, қиналып жүргендерін сезеді.

Капитан сағынып кездесер сәтті әрқашан көзіне елестетіп отырады. Бір құлағы жоқ шұнақ екенін көргенде достары не дер екен? Ол өзі жүзген кемені және батыл теңізшілерді мұңайып есіне алды. Бір жылдан астам уақыт теңізде ойқастаған капитан еді, енді,

міне, шаңдақ жолмен аяндап келеді. Құлағын ғана қиып түскен сары сарбаздың қылышы сәл қиғаш тимегенде, басы қақ болініп, еті балықтарға жем болып, сүйегі теңізде қалатын еді. Ол есі кіресілі-шығасылы күйде суға қарғыды, ал теңіз толқындары оны жағалаудан бір-ақ шығарды. Сарбаздың қылышынан сақтаған құдай, оны бұл жолы да жебеді. “Бастан құлақ садаға” дегеннің мысалы осы шығар.

Матео атын тебініп қалды. Ханбалыққа дейін әлі сегіз жүз ли жол бар, сондықтан асығу керек. Әлі ерте болған соң жолда жүргінші аз. Қос қапталда мынандай қымбатшылық заманда жалға алған бір жапырақ жерлерін ондеген немесе байлардың егінін баптауға жалданған шаруалар ғана құмырскаша қыбырлап жұмыс істеп жатыр. Алаңқайларды өгіз жеккен ағаш соқамен жыртып жүргендер көзге түседі. Көздері шаршағаннан қызарып кеткен әйелдер мен балалар саз балшықты кешіп егін суарып жүр. Олардың кейбіреулері тізеден суға түсіп, күріш ескіндерін отырғызып жатыр.

Кенет Матео жақындап қалған жүргіншіні байқады. Ол күнге қарсы келе жатқан, сондықтан әуелде капитанға жолаушының жалпы нобайы ғана көрінді. Сәлден соң Матео қашырдың сауырында салбыраған екі шетен қалпақты және оның басына кигізілген үшіншісін көрді. Көк жібек жабудың үстінде қаптаған қапшықтар мен салпыншақтардың ортасында кеудесін керіп бір адам отыр.

– Жолға өте ерте шығыпсың ғой, – деді Матео.

– Мен сізге, құрметтім, сәлем жолдаймын, – деп байсалды жауап қайырды жолаушы. – Жол болсын?

– Ханбалыққа барамын, қарағым.

– Олай болса, мен сізді біраз жерге дейін шығарып салайын.

Өзі орманда “Қожатай” деп ат қойған жолаушымен Матео осындай жағдайда танысқан еді. Міне, содан бері олар бірнеше күн бойы мінездері жарасып, сапарлас болып, жұптарын жазбай келе жатыр.

Матеоға теңіз қандай ұнаса, қожатайға өз елінің адамдары, бақтары, алқаптары, ертегі-аңыздары сондай ұнайды.

Мұхиттын шексіз айдынында Матео өзін судағы балықтай сезінсе, ботен адамдардың бақтары мен мал қораларын Қожатай тура өз үйіндей сезінеді. Контрабандамен айналысқан кезінде Матео заң-паңға онша қарамаған болса, Қожатай да монғолдардың әскери лагерінің немесе байлардың мекен-жайының маңынан оқшау шыққан лақ, үйрек, тауықтарды көргенде, заң жайын мүлдем ұмытып кететін. Қожатай жаман жолдас емес, дегенмен, Ханбалыққа жеткенше оның талай-талай сойқанға ұрындыратынын Матео жақсы сезінеді. Олар бұрынғысынша биік ағаштын астында отыр. Жауын тоқтар емес. Суға малшынған өсімдіктер әрленіп шыға келді. Ауаға ылғал тарап, жерге нәр сінді. Қожатай Матеоның жарасын шешіп, өзінің қаптаған буыншық-түйіншіктерінің ішінен бір майды шығарып, соны ұзындығы сынық сүйемдей жараға жақты. Матеоның қолы қозғалған кезде қатты ауырып келеді.

– Қолыңды қозғама, құрметтім, – деді Қожатай.

– Саған баға жоқ, – деді Матео, – бірақ тағы да “құрметтім” деп такылдайтын болсаң, онда шетен қалпақтарыңның біреуін өзім киіп алатын боламын.

Солай деп қалжыңдаған Матео қашырдың қапталында салбырап тұрған қалпақтардың бірін тартып қалып еді, оны байлаған бау үзіліп кетті де, Матеоның аяғының астына бір тауық топ етіп түсе қалды. Қожатай оны со бойда қағып алып, тырп етпейтіндей қылыш шүберекпен орап, қалпаққа тығып қойды. Ол қорқып, алақтап жан-жағына қарады.

– Ау, мынауың не тағы? – деп сұрады досының қимылына таңданған Матео.

Матеоның жарақатын таңуын жалғастырған Қожатай ешқандай кінәсіз қалыппен:

– Бұл тауық қой, құрметтім. Мен оны сатып алғанмын, – деді.

Таңданған Матео басын шайқады. Ол Қожатайдың қай уақытта тауық сатып алып үлгергенін қаншама ойланып-толғанса да есіне түсіре алмады. Екеуі таң атқаннан бері бірге келе жатыр ғой.

– Қашан сатын алдың. – деп сұрады капитан.

– Сіз ат үстінде қалғып келе жатқаныңызда жолда кездескен шаруадан осы тауықты сатып алдым, – деді беті бұлк етпей Қожатай.

– Бүйте берсең, таяу арада екеумізді де бұғаулап тастайды, – деп ренжіді Матео.

Жел басылғанмен жанбыр әлі жауып тұр. Қалың жапырақтарды жарып отіп, жерге керемет когілдір сәуле төгіліп тұр.

– Қожатай бүгін “қайыршы тауығы” атты тамақ пісіреді. – деп хабарлады Матеоға оның жаңа серігі.

Бірақ Матео бұл маңызды хабарға мән беріп, құлақ салған жоқ, ойткені жапырақ-шатырдың жыртықтарынан төгілген күн нұры ағаш астын когілдір бояуға бояп, үшкындап сәуле шашып жатты. Ағаш жапырақтарына, мүкке, жердегі шөптерге тұнған молдір тамшылар күн сәулесімен шағылысып мың құбылып, миллиондаған моншақтардай жарқ-жүрк етеді. Жерден бу көтеріле бастады, айнала алтын арайға шомылып ағаш діндері күн түскенде таза күмістей жарқырайды. Күннің қапыл шыққаны сондай, жолаушылар маңайдағы керемет көріністерге танданып, ауыздарын ашып қалды.

– Бауырым, мына жер қандай ғажап! – деді Матео. Сәсын аз ғана үнсіздіктен соң: – Дегенмен біреу-міреу тауығын іздемей тұрғанда тезірек жүріп кеткеніміз дұрыс шығар, – деп күлімсіреді.

Олар саф ауамен кеуделерін кере дем алып, орман ішімен күйғытып келеді. Бір кезде орман да бітті.

Матеоның қарны ашқан еді, сондықтан қасындағы серігінің өзен жағасына аялдап, ат шалдырайық дегеніне қуана келісті. Олар ат пен қашырға тұсамыс салып, алаңқайға жайылуға жіберді.

Аспанда шөкім бұлт жоқ, шайдай ашық. Ал күннің қызуы бірте-бірте күшейіп барады. Олар коленкесі көлемді жуан ағаштың түбінде жайғасып, тамақтанып алмақ болды.

Қожатай богелместен ас камына кірісті. Ол тауықтың ішін жарып, мұздай суға жақсылан жуды. содан соң жерден терең ошақ

қазып, оған алаулатып от жақты да, алдын ала сыртына екі елідей балшық жансырған тауықты жайлап шок үстіне қойды. Жанып жатқан оттың үстіндегі мосыға ілінген ыдыстағы су қайнай бастады.

Қожатайдың азық-түлік қоры таусылар емес. Матеоға кейде қашырға артылған дорбалар мен қапшықтар өздігінен толып, ортаймайтындай болып көрінеді. Мысалы, кеше таңертең ортан белінен ғана күріш салынған қалта бүгін қайтадан толып тұрады. Бірақ бұған ешқандай қозбояушылықтың қатысы болған жоқ. Таңертең оздері басып өткен ауылда ауру адамға көмек қорсетуге тура келді. Қожатай оған ем-дом жасап, жарасын қайтадан таңып, дәрі-дәрмек берді. Ақысына қапшығын күрішке толтырып алды.

Сондықтан қасындағы серігі қайнаған суға уыстап күріш салып жатқанда Матеоның көңілі көтеріңкі еді.

Ошақтағы от сонген кезде Қожатай маздап жатқан шок ішінен балшық баттасқан тауықты алып шықты да, аздап суыған кезде оның қабығын таспен ұрып жарды. Тауықтың жүні балшықпен бірге сыдырылып түсті. Құс қып-қызыл болып балбырап піскен екен. Ішіне салынған түрлі тамырлар мен сарымсақтың пісі мұрныңды қыттықтап, төбетінді аша түседі. Қожатай буы бүркыраған тауықты таза орамалдың үстіне қойды да, табакшаларға піскен күріштен салды, сосын козелерге күріштің сарғыш шарабынан құйды.

– “Қайыршы тауығы” және “ақұлла қар” дайын болды, Қожайың, – деді ол бойын мақтаныш кернеп. – Ас болсын!

Матео тамақ жеуге кірісті. Ол Қожатайдың аспаздық өнерін жеріне жеткізе мақтады. “Ақұлла қар” – күріш шарабы олардың көңілдерін көтеріп, әңгімеге тартты. Қожатайдың қабілетінің арқасында осы ағаш коленкесіне жайылған дастарқан нағыз мерекеге айналды. Көк шоп үстіндегі ақ дастарқан, жандарынан ағып жатқан озен, Қожатайдың қолындағы қос таяқшамен асқан енгілікпен тамақ жегені Матеоның көңілін әбден көтерді. Пышақ пен қасықтың көмегімен тамақ жеген өзін ол жабайы жандай сезінді. Матеоға



тамақтың бәрі ұнады, тіпті шараның ешқандай иісі жоқтығы да оған әсер етпеді.

Қожатай ыдыстарды шараның қайта толтырды. Екеуі тағы да қағып салды. Бойлары балбырап, ауыздары әңгіме айтуға икемделіп, бастарына неше түрлі ойлар келе бастады.

– Сен кімсің, туысқан? – деп сұрады Матео.

Оның сапарлас серігі аспан айналып жерге түскендей тал түстегі аптап ыстықта жер жыртғып жүрген шаруаға қарап отыр. Көзінен белгісіз бір мұң сезіледі. Шаруа жыртып жатқан алаңқайдың арғы жағынан саз балшықтан соғылып, төбесін, бұталармен жапқан лашықтардан тұратын шағын ауыл көрінеді. Бұл мекен бейне бір аралда қалған сияқты, оны жан-жағынан су кілкіген күріштіктер қоршап жатыр. Соқаны қос буйвол тартып келеді.

Қытайлықтың есіне бір қонған әңгіме түсті де ол: “Шаруа соқаның соңында келеді, ал біз болсақ, император саябағындағы ақындардай көлеңкеде отырмыз”, – деп ойлады.

Қонған әңгіме мынау еді. Бір жас жігіт үлкендігі шиедей інжу тауып алады. Інжу табылған жердің қожасы асыл тасты одан тартып алмақшы болғанда жігіт айдаһарға айналып кетіпті. Айдаһардың қомынымен су атқылап, қозді ашып-жұмғанша аңғарда қол пайда болыпты. Жер иесі суға кетіп, айдаһар аңғар бойымен аққан өзенмен жүзіп отырып, үлкен теңізге дейін жеткен екен.

Күн сәулесі түскенде айдаһардың қабыршағы күмістей жарқырайды да, ол су түбіне сүнгіп кетеді. Бірақ анда-санда айлы түндерде айдыңға шығып, қозға көрініп қояды...

– Бір кезде менде де алақандай жер болған, – деді қытайлық Матеоның сұрағына жауап қайырып. – Менің әйелім өте жуас, әрі еңбекқор еді. Біздің қыз баламыз болды. Бірде байбатша маған: “Қазір жағдай ауыр, мен жер үшін төлейтін ақшаны өсіруге тиіссің. Сен бүкіл қарызыңды жедел өтеуге тиіссің. Сен менен бес пұт күріш алғансың”, – деді. Сол жылы қатты су тасқыны болып, егістіктерді шайып кетіп еді, егін нашар шықты. Байбатша қайырымды болатын.

Ол: “Қызыңды маған берсең, қарызыңды кейінірек өтеуіңе болады”, – деп уәде етті. Әйелімнің көз жасы қол болды...

Қожатай күріш шарабы құйылған ыдысты басына көтере салды. Оның жанары алысқа қадалған. Ол бейне бір басқа біреулердің басынан кешкендерін баяндап отырған секілді.

– Байбатша қызымызды ұрып-соғып, оны ауыр жұмыстарға салып қойды. Оған бізбен сөйлесуге тыйым салды. Қызымыздың жүдеп-жадап, жағы солып, жағдайы күннен-күнге нашарлай берді. Өміріміздің гүліндей баламыз қайтыс болғанда, біз, табыт алуға қарыздандық. Қайғымыз қалың тұмандай болса да, біз ақ киім киюге ақша таба алмадық.. Біздің лашығымыз тап-таза еді. Таңның атуынан күннің батуына дейін жұмыс істеп қарызымыздың көпшілігінен құтылдық. Бірде байбатша маған келіп: “Біздің елімізге жау шапты. Сен соғысқа аттанасың. Қалаға бар да, жасакқа кір”, – деді. Мен осылайша сарбаз болдым. Әскеріміз әлсіз еді, біз жеңіліске ұшырадық. Шегіне бастаған кезде мен осы қашырды өзіме алып кеттім. Алайда мен үйіме тым кеш оралыпшы. Жаулар біздің лашығымызды қиратып, әйелімді өлтіріп кетіпті. Егістікті мал таптаған.

Қытайлық әңгімесін тоқтатты. Ағаш бұтақтарында құстар тынбай сайрайды. Ақ дастарқан үстінде тауықтың сүйектері ғана жатыр. Матео мен серігі коленкеде тым-тырыс отыр. Өзектегі су да баяу ғана ағып жатқандай. Қаршыға тастай түйіліп құлап, бір балапанды іліп алып, көгілдір аспанға көтеріліп кетті.

– Мұның бәрі ертеректе болған, – деді қытайлық. – Мен енді елкезбе болып кеттім. Жұрт мынау шетен қалпақтарға күледі. Оның біреуі – өзімдікі, екіншісін егістікте қасымда жұмыс істегенде әйелім киіп жүретін еді, ал қазір өшіңкіреп кеткен гүлдердің суреті салынған үшіншісін қызым киіп жұмыс істейтін. Осылайша әрбір заттың өз орны бар. Мағына, мәні бар. Тауықты мен байбаташадан ұрлап алған болатынмын. Сенімен бірге Ханбалыққа барамын ба, әлде басқа жаққа кетемін бе маған бәрібір. Менің мүліктерімнің арасына найзаның ұшы тығылған.

---

Матео жотеліп, басын сипады.

– Менімен жүргенің дұрыс, – деді ол қарлығыңқы дауыспен. – Мен өзіңді бұдан былай Қожатай деп атаймын... Заттарыңның ішінде найзаның ұшы болғаны тамаша екен.

– Менің атым – Фань Гун-ду, – деді серігі.



“Жұмақта тұрып жатқандаймын”, – деп ойлады Ашима. Бақтан Юдің сыңғырлаған күлкісі естілді. Әнші құстардың сайрағаны тауықтардың қыт-қытына ұласып кетті. Ю неге аяғын байқап баспайды осы? Оған ұрысқысы келген Ашиманың ашуы тез басылды. Не болса соған ренжіп қайтеді.

Ашима таңғы тыныштықтың бұзылғанын ұнатпады. Оның бөлмесінің терезелері ең тыныш үшінші аулаға қарай шығатын және көшеден алыстау болған соң, өтіп жатқан көліктің, жүргіншілердің дыбыстары мұнда жетпейтін. Бірақ күн шығар-шықпастан құстар сайрап, өтештер шакырып дегендей, бақтағы өмір тынысы қыздың мазасын кетіретін.

Жас мырзаның үйден шығып кеткеніне көп уақыт болды.

“Бүгін күні бойы үйде отырғым келіп еді, бірақ Ахмед министр шақыртып адам жіберіпті. Сен маған ренжіме, Ашима”, – деді ол, кетіп бара жатып, қысыла күлімсіреп. Сосын асығыс қоштасты да, шығып кетті.

Қыздың Марко үшін өзінің бір әдемі, әшекей заттың орнында жүргеніне күмәні қалмады. Жанында бар болса – жақсы, жоқ болса – үлкен өкініш жоқ.

Кім білген, бәлкім оған: “Сіз не үшін менен кешірім сұрайсыз? Мен сізді түсінбей тұрмын, мессер Поло. Сіздің ордадағы жұмысыңыз ешқашан ақсамау керек, одан маңызды не бар?” – деп айтуы керек пе еді. Содан кейін: “Менің жалғыздықты қатты ұнататынымды сіз жақсы білесіз ғой”, – деп қосқаны дұрыс еді.

Ашима жауаптың тағы да бірнеше нұсқасын ойша сараптап шықты. Олар бірінен-бірі өткен мағыналы, кекесіннен де құралақан емес сөздер еді. Қыздың жүзі бал-бұл жанып, нұр шашқан көздері гауһардай жайнап кетті. Ол тұтқасы піл сүйегінен жасалған күміс айнасын мұқият ысқылап, әбден жалтыратты. Қыз өз бейнесіне сүйсіне қарады. Сұлу емес деуге кімнің аузы барады? Самал жел сәмбі талдың жапырақтарын баяу тербетіп тұр. Бірте-бірте бұтақтар теңселіп, жапырақ сыбдыры үдей түсті.

Ю шай әкелді. Ол биші сияқты, кілем үстінде аяғының ұшымен басып, қалықтап жүреді. Ашима айнаны орнына қойып, терезе алдынан кетіп қалды.

– Жүзіңнен күлкі арылмайды, ыржиясың да жүресің, – деді Ашима.

Бикешке қарай жылдам бетін бұрған қыз қорыққаннан селк ете қалды. Қалай болды өзі, Ашиманы ашуландырып алды ма? Бірақ оның бет-әлпетінен ашу ізі байқалмайды, тек белгісіз бір мұң бар секілді. Бикештің көңілін бақтағы құстардың сайрағаны да көтермеген-ау, сірә. – Мен хауыздағы суға кішкентай тасты лақтырып едім, алтын балықтар жан-жаққа шоқтай шашырады. Керемет қызық болды, – деді Ю.

Ол балықтардың ауыздарын ашып жан-жаққа бытырай қашқанын, қолын ербедетіп, айнытпай салғанда, Ашима ішек-сілесі қата күлді.

– Болды, Ю, – деді ол бір кезде күлкісін тыйып. – Менің мүлдем күлкім келіп тұрған жоқ.

Ю тыныштала қалды. Алайда оның бетінен күлкі табының жоғалар түрі жоқ. Кішкентай себеп болса, бұл қыз шиқылдап күліп жіберуге дап-дайын тұр.

– Сіздер маған ұнайсыздар. Ешкім маған қол жұмсаған жоқ. Не ішем, не жеймін деп ойламаймын, – деді Ю батылданып сырын ақтарып.

“Ю оны ешкімнің ұрмайтынына қуанады”, – деп ойлаған Ашима өзінің тағдырына тәубе демейтініне ұялып қалды. Ол аш-жалаңаш болғанын, кілең таяқ жегенін, шокпыт киіп, қамыс төсеніп жатқанын қалай ғана ұмыта алады... Марко мен Матео болмағанда ит өмірді бастан кешіп жүре берер еді. Ашима Юді құшақтап, бауырына басты.

– Ой, Ю, – деді ол, не жыларын, не күлерін білмей. Біраз үнсіз тұрды да: – Мен сенен бірдеңе жайлы сұрасам... – деді.

Күтуші қыз не сұрар екен деп тағатсызданып, мойнын созып, құлағын Ашимаға бұра берді. Ол бір аса маңызды құпия әңгіме естимін деп ойласа керек.

Екі беті дуылдап қызарып кеткен Ашима тағы да біршама уақыт үнсіз тұрды да, бұдан әрі шыдай алмай, даусы дірілдеп:

– Айтшы, Ю, осы мен сұлуымын ба? – деп сұрады.

Өз сұрағына өзі ынғайсызданып қалған Ашиманың өңі одан сайын қызарып, алаулап тұрды.

Бикештің сұрағына таңданған Ю:

– Сіз мұны менен несіне сұрап тұрсыз? Бұл жағынан перінің қыздары да сіздің қолыңызға су құя алмайды. Сіздің сұлулығыңызға кез келген адамның басы айналып қаларына өз басым сенімдімін. Бұл өзіңізге де жақсы белгілі. Сөйте тұра, маған сұрақ қойғаныңыз қалай? Сіз періштедей сұлусыз және акпейілсіз, – деді.

Ынғайсызданған Ашима маржан алқасын сипалай берді.

– Мен ақымақтық жасадым, Ю. Сен бұл жайлы тісіңнен шығарушы болма. Ешкімге айтпаймын деп уәде бер.

– Ешкімге, тіпті алтын балықтарға да айтпаймын, – деді салтанатпен Ю. – Бұл жолы шынында да аузына ие болатындығына оның өзі де толық сенімді еді.

Ашима сыртта біреудің дыбысын естіп, орнынан көтерілді де:

– Біреу келе жатыр. Ю, сен шығып байқашы, мүмкін жас мырза оралған шығар, – деді.

Күтуші есікті жайлап жауып шығып кетті. Ашиманың жүрегі аттай тулады. Ол ақық тас орнатқан қыстырғышпен шашын жинап, дірілдеген қолымен көйлегінің етегін сипады. Жел жақтан белгісіз еркектің сөйлегені есітілді. Өрекіген көңілі су сепкендей басылған ол, орнына отыра кетті. Бөлмеге кірген Ю бикештің көңілсіз, ештеңеге зауқы жоқ екенін байқады.

– Келген кім екен? – деп сұрады Ашима.

– Марко Поло мырзадан келіпті. Мырза сізді қала сыртындағы өзен жағасындағы үйде күтіп отырған көрінеді. Мырза өзіңізге аспалы күйме жіберіпті.

– Марко... жас мырза мені күтіп отыр дедің бе? Ол Ахмед министрге кеткен жоқ па еді?

Әп дегенде сасқалақтап қалып, Юге қараған Ашиманың кеудесіне кенет қуаныш сезімі сыймай, ол қолын шапалақтап:

– Маған тез киіну керек, Ю.. Сен мырза мені қала сыртындағы үйде күтіп отыр дедің ғой. Не қарап тұрсың? Ол мені неге шақырды екен? Мүмкін, ол бірденеге ұрынып қалған шығар, Ю? – Шошып кеткен Ашима тоқтай қалды. – Ол мені ешқашан сырт жаққа шақырған емес. Неге өзі келмеген? Білсең, сен айтшы, бұл өзі нені білдіретін шақырыс?

Ю бикешке жаңа көйлегін киюге көмектесіп жатыр.

– Не болып қалды дейсің, – деп көңілін аулады ол бикештің. – Мырзаның өзіңізбен жай ғана әңгімелескісі келген шығар. Одан басқа не болушы еді, – деді ол күлімдеп.

– Мен бірденеден қорқып тұрмын, Ю.

Ашима ақылдаса қоятындай үйде басқа ешкім жоқ. Қайда жүр екен қайырымды Матео? Ол қарқылдап бір күлгенде қорқыныштын қайда қалғанын білмей қалар еді. Кейде оған Матео енді қайтын оралмайтындай көрінетін. Қыз осы жайлы Маркоға да айтқысы келген, бірақ оның тыңдауға құлқы жоқ екенін сезген соң, әңгімесін тоқтата қойған. Көпестер де Ашиманың қозғалысына Матеоның ауыздарына алмайтын еді.

Ашима үйден шыққанда оның көңілінде үрей мен үміт, қорқыныш пен қуаныш қатар өріліп жатты. Сәлден соң күн нұры төгілген көшеге жеткенде оның бәрі лезде тарап кетті. Күйме көтерушілер көлеңкеде тынығып жатыр екен, қыз далаға шыққанда барлығы орындарынан атып-атып тұрды. Қастарынан ет сатушы өтті, ол кесек-кесек ет шанышқан үшкір сырықты нығына асып алған. Етке үйірілген шыбында есеп жоқ. Ет сатушы жас етті айқайлап мақтап келеді. Көшемен біреу жылдам, біреу баяу, әркім өз шаруасымен жүріп барады, тек қолөнершілер ғана шеберханаларының алдында отыр. Шайхана көлеңкесінде көлік айдайтын біреулер демалып жатыр. Әр қадамын кинала басқан бір қарт адам көшені кесіп өтті. Ол қолына тотықұс салынған тор ұстаған.

Шамасы, қарт құсты серуендетуге шығарған сияқты. Күйме көтеруші Ян жібек пердені ашып, Ашимаға күймеге отыруға көмектесті.

– Біз қайда барамыз? – деп сұрады Ашима.

– Алыс емес, мынау тұрған жер, ханым, – деді күйме көтерушілердің бірі.

Ашима жұмсақ жастықтарға жайғасты. Олардың жібек тыстарынан иіс судың жағымды иісі шығады. Күнгірт күйме, ырғалған жүріс қыздың ұйқысын келтірді. Өз ойымен өзі болған қыз қай жаққа бара жатқандарын байқау үшін сыртқа қозғалып салған жоқ. Бойын билеген үрей тарап кетті. Марко қала сыртындағы өзен бойындағы үйде күтіп отыр. Демек, Ашиманың өзінің жақын достарымен



таныстырмақшы. Қыздың қуанғаннан жүрегі лүшілдеп кетті. Шамасы, жалғыздығы осымен аяқталатын шығар. Коңіліндегі күдік сөйіле бастады. Ашима өзінің Юден мен сұлуымын ба деп сұрағанын есіне алып, күлімсіреді. Осы аңқаулықпен аузынан шығып кеткен сөзді Ю біреу-міреуге айтып қоймаса болғаны...

Күйме бірқалыпты ырғалып келеді. Ашима қалғуды қойып, пердені ысырып, сыртқа қоз салды. Қастарынан абажадай доңгелектері мыспен күрсалған арба жылжып отті. Шығыстағы таулар аснандағы көгілдір бұлттармен тұтасып кеткен секілді. Жел тынды. Ашима қалаға біреуі жас коконіс, екіншісі қуырылған ет, үшіншісі кеспек толы таза су, тағы біреуі жалт-жұлт еткен жаңа ауланған балық жеткізін жүрген азық-түлік тасушыларға зер сала қарады. Қашталдағы қырық жамау шарбақтардың ішінде балшықтан салынған лашықтар орналасқан екен. Тамақ тасушылар ештеңеге аландамай тіке тартып барады. Бір кезде Ашима қаланың сыртына шыққандарын байқады.

Жол бойында зәулім теректер өсіп тұр. Жағасын тал комкерген озен жазықты кесіп ағып жатыр. Пердені түсіріп, Ашима қайтадан жастыққа қисайды. Тағы да оның бойын бірдеңеге аландаушылық билеп алды, ештеңе ойламағысы келгенмен, онысынан түк шықпады. Неге екені белгісіз, ойына Матео түсті, көзіне Матео елестеді. Боп-боз, құр сұлдері қалған Матео өзіне от шашқан жанарын қадап тұр екен. Ол Ашиманы атын атап шақырған сияқты еді, кенет бұл елес жойылып, қыз сары жібек пердені ғана қорді. Алайда ол осы түсініксіз елестің қорқынышынан арыла алмады. Жүрегі дүрсілдеп кетті. Матеоға: “Үйге қайтыңыз!” – деп айқайлағысы келгенмен жағы қарысып қалғандай, даусы шықпады. Осылай бір түрлі түсініксіз жағдайда ол баяу ырғалған күйіменің ішінде келе жатыр.

Ойға батқан Яң, әріптестерімен бірдей адымдап, жүріп келе жатыр. Ол айналаға қоз де салған жоқ. Мына ханым Жамбы қатындай емес, жеп-жеңіл “Бұл қызды озен жағасындағы үйге жеткізесіңдер. Егер тапсырманы бұлжытпай орындасаңдар, онда жақсы еңбекақы

аласындар. Бұл жайлы ауыздарына ие болмасаңдар, онда бастарың кетеді”, – деп тапсырды оған Саид. Ван мен зағип Ши Ханбалықтан қашып кеткен. Наубайшы Ли зынданда жатыр... Ян әріптестерімен бірдей адымдап келеді. Кеудесін кернеген ызадан оның қолдарының тамырлары білеуленіп кетті.

“Ахмед министр мына қызды не мақсатпен қала сыртындағы үйіне апармақ екен?” Қыздың: “Біз қайда барамыз?”, – деп сұрағандағы сүйкімді келбеті Янның көз алдында тұр.

Жас жапырақтар терек бұтақтарында сырғалардай салбырап тұр. Міне, Ахмедтің үйі де көрінді. Ол биік төбешікке салынған еді, айдаһар мүсінімен өрнектелген шатыры алыстан көрінетін. Аспанды ақша бұлттар толық жабуға таяу. Олар Ханбалықтан біраз жерге шығып кетті. Бұл табиғаттың тыныш және коркем бұрышы еді. Жайкалып гүлдер өскен бақ, оны басқа дүниеден бөліп қоршаған аппақ қабырға, төбешік етегінен асыл тастардан тізілген моншақтай жалтырап ағып жатқан өзен, бұл қонысқа айрықша шырай беретін.

Қақпаны ашқан қызметші әрі қарай жүретін жолды сілтеді. Оның даусын естіген Ашима бойын жинап алды. Манағы елес пен күдікті ойлардың бәрі ұшып кетті. Қазір оны күлімсіреген Марко қарсы алуға тиіс.

Күйме жерге қойылды да, Ян пердені ысырып, қызға сыртқа шығуға көмектесті.

Ашима бақ ішін көзімен бір шолып өтті. Оған әдемі киінген қызметші келіп, тағзым етті.

– Марко Поло мырза қайда? – деді Ашима. Түк түсінбеген қызметші иығын кикаң еткізді. Ашиманын жанарынан тағы да үрей ізі байқалып, ол Янға қарап:

– Мені қайда әкелдіңдер? – деп сұрады.

Ян үндемей, бетін бұрып әкетті. Үндегенде не дейді? Бос күймені нықтарына салған олар шығып жүре берді. Ашима сол жерде біраз уақыт қозғалмай тұрып қалды.

– Сізді күтіп отыр, ханым, – деді бір кезде қызметші. Ол үйді меңзеп, соңымнан ер деді. Тас басқыш апандай үнірейген есікке апарады екен. Оның қос қапталына канатты қола арыстандар қойылыпты.

Қасына жақындаған қызметші даусын котеріп:

– Сізді күтіп отыр, ханым, – деп қайталап айтты. Бір кезде есік ашылды да, үйден шыққан адам шыдамсыздана:

– Сендер онымен несіне сойлесіп тұрсындар. Тындамаса, күштеп, шашынан сүйреп әкеліндер, – деп айқайлады.

Ашима оның даусынан селк ете қалды. Бұл адам өздеріне қарай жүріп келеді. Қыз әуелі оның арсыз, арамза көздерін байқады. Ол жақындап келген кезде тайқы мандайы, салбыраған иегі мен салпы еріні анық көрінді. Бұл – кәдімгі қасқырбет Саид болатын.

Шошып кетіп, шыңғырып жіберген Ашима жалт бұрылды. Өзіне жабыса кеткен қызметшінің бетін осып тырнап алды. Қыз қол-аяғымен бірдей тырбанып, қанша бақырғанмен, оған көмекке келетін ешкім табылмады. Даусы жасыл баққа сіңіп, жоғалып кетіп жатыр.

Қыздың шырқыраған даусын естіген Ян, бойын ашу қысып, жүрісін бәсеңдетті.

– Аналар қызға не істеп жатыр екен? – деп сұрады ол қасындағы серігінен.

– Онда біздің шаруамыз қанша? – деді селт етпеген серігі.

Олар келе жатқан жолмен ешкім жүрмеген тәрізді. Тобешіктегі ақ шарбақпен қоршалған бұл үй сырт көзден қалтарыстау жерде тұр. Өзен баяу жылжып ағып жатыр. Хан алдында шыбықтай иілетін байбатшалар сияқты сәмбо талдың бұтақтары жерге жеткенше иілін тұр.

**Ашиманың ащы даусы Янның құлағынан кетер емес.**

\* \* \*

Марко Поло қабылдау бөлмесінде тағатсызданып отыр. Оның бүгін мұнда келмек ойы жоқ еді, алайда, Ахмед мырза өзімен шұғыл

әңгімесі барын айтып, шабарман жіберді. Марконың қабылдауды күтіп отырғанына көп болды. Сарайдағы ерсілі-қарсылы жүріп жатқандардың ішінде таныстар да, бейтаныстар да баршылық. Жан-жағы қыбырлаған адам. Есік күзеткен сақшылардың жүздерінен ештеңе байқалмайды. Залдан жағ жерлік көпестер, мұсылман әкімдер және ұйғыр байбатшалары өтті. Марко олардың: “Мынау венециялыққа да тықыр таянған шығар, болмаса министр оны осыншама уақыт күттіріп қоймас еді ғой”, – деп ойлап, өзіне таңдана қарағандарын сезеді. Өзін Ахмедтің күттіріп қойғаны оның намысын әбден қоздырды.

Марко бойын кернеген ашуды өзер тежеп, айналасындағы көпестер мен сарай қызметшілеріне көзін де салмай, ойға батып, қабылдау бөлмесінде тұр. Ол Ахмед министр шақырды деген соң жедел жетті. Енді министрдің өзін күттіріп қойғаны қалай? Марко ызадан жарылып кете жаздады. – Есік ашылып, хатшы келесі кіретін адамның есімін атағанда Марко Поло даусын көтеріп:

– Ахмед министрге жедел баяндаңыз, мен бұдан әрі күте алмаймын және күткім де келіп тұрған жоқ. Менің күйем қалпа алдында тұр, – деді.

Жиналған адамдар таңырқап бір-біріне қоз тастады. Марко Поло императордың ең сыйлы адамы. Оның бір ауыз сөзі ешқашан жерде қалған жоқ, желге ұшқан жоқ. Олар іштерінен тынып, әрі қарай не боларын бақылап отыр. Тағдырдың төлкегіне ұшыраса, кімнің де болса, дұшпанының табасына қалуы әбден мүмкін ғой.

Хатшы Марко Полоға қарай бұрылып:

– Кешіріңіз, мәртебелі мырза, – деді абыржыған үнмен. Енді сәл ғана күте тұрыңыз. Министр Ахмед мырза...

– Мен саған не дедім, бар жеткіз соны, – деді Марко Поло жігерлі дауыспен бұйыра сөйлеп.

Жеке күзет сақшылары бұл көріністі асқан қызығушылықпен бақылады. Іш пыстыратын қызметте бұл да болса, ойынды бөлер өзгешелік қой. Олар іштей бір жасап қалды.

Марконың маңында адам қалмады. Мұндай сәтте венециялықпен бірге болуды ешкім қаламады.

Қолын арқасына айкастырған Марко ойға шомып, ерсілі-қарсылы жүр. Оның жүзінен дәл осы сәтте Ахмедтің жауабын сабырсыздана күткені біліне қоймайды. Император бірнеше апта бұрын жазғы ордасына кеткен. Уақытында ешқандай мән берілмеген, ұсақ-түйектер болып көрінген кейбір шаруалар қазір Марко Полоға басқа сипатта көрініп, мүлдем басқа мағынаға ие болды. Олар императорды шығарып салғаннан кейін Ахмед Маркоға күлімсіреп:

“Билеушіміз біраз уақыт мұнда болмайды. Поло бек, енді сіз толығымен менің қарамағымдасыз. Басқалар менен қатты сескенеді. Сіз ондайлардың қатарына жатпайсыз ғой”, – деген болатын.

Марко танданып: “Мен неге сізден қорқуға тиісіпін”, – деген еді.

“Жұрттың сөзіне еруші болма. Арамызға от салмақшы олар”, – деп, министр оның иығына қолын салып, өзімісіне сөйлеген.

Содан көз алдына тағы бір оқиға келді. Бірнеше күн бұрын Марко Поло кеңеске шақыртылған еді. Онда қағаз ақшалар басқармасындағы бірнеше жауапты қызметкерді Ахмедтің ұсынысы бойынша қызметтен босату мәселесі қаралды. Босаған орындарға Ахмедтің жағымпаздарды тағайындайтынын жиналғандардың бәрі білсе де, ешкім тіс жарып ештеңе деген жоқ. Тек Марко ғана:

“Сіз оларды не үшін орындарынан босатпақсыз, Ахмед министр? Олар ішіп-жеп қойды ма?” – деп сұрақ қойды.

“Ішіп-жеді деп есептей беруге болады”, – деп кесіп айтқан министр әңгімені басқа арнаға бұрып жіберген болатын сонда.

Уақытты өткізу азапқа айналды. Сарай қызметшілері бұл жандарынан өткенде, әңгімелерін тоқтата қояды. Марконың есіне әкесінің: “Мен болсам, Ахмедпен арақатынасымды бұзбас едім. Ол қанша дегенмен, императордың сенімді адамы ғой”, – дегені түсті. Бірақ оның бойындағы ар-намысы бұны да елегісі келмеді. Ол өзін осы есікті мәңгі күзетіп отырғандай сезінді. Бір кезде барып білік есік айқара ашылып, хатшы әлдекімді іздегендей айналаны шолып шықты.

– Ахмед министр мырза сізді күтіп отыр, кіріңіз, – деді ол Марко Полоға. – Көп күттіргенімізге кешірім өтінеміз. Бүгін бір түсініспеушілік болды, мәртебелі мырза.

Ашуы жылдам тараған Марко Поло хатшының артынан ере берді. Марконы көрген Ахмед министр өзінің күміс орындығынан көтеріліп, оған қарама-қарсы жүрді.

– Мен не естідім, Поло бек? – деп бастады ол сөзін. – Сіздің күтіп тұрып қалғаныңыз рас па? Ғафу өтінемін, бұл бір түсініксіз кездейсоқтық. Хатшыны жазаға тартамын. Тұрмаңыз, айта беріңіз, маған келгендегі шаруаңызды. Ешқандай қысылмаңыз. Шамасы, маған әкелген аса маңызды хабарыңыз бар-ау осы.

– Керісінше, өзіңіз маған шабарман жібердіңіз ғой, – деді Марко. – Есіңізден шығып кеткен бе, қайырымды тақсыр. Ол маған сіз шақыртып жатыр деді.

Ахмед министрдің көздері Марконың ту сыртындағы бір нүктеге тапжылмай қадалды да қалды. Сосын ол маңдайын тыржитып, ойға батып біраз тұрды, содан соң оның күлімсіреген жүзінде сүс пен ызбар пайда болды.

– Мен шақыртты дейсіз бе? Мүмкін емес, мен сізді іздеген жоқпын. Қайдан шыққан шабарман екен ол? Мен бүгін сізді түсінбей тұрмын, Поло бек.

Марко Полоның жұдырығын қатты түйгені соншалық, тырнақтары алақанына батып қетті. Министр өзімен ешқашан бұлай сөйлеспеген. Венециялық Ахмедтен көзін тайдырмай, оған шүйіле қарады, сосын оған тиісті жауап бергенде де, бетінен ешқандай өзгеріс байқала қоймады.

– Сіз мені шақыртқан жоқ екенсіз ғой, министр мырза. Олай болса, мен кете беремін. Маған бұдан былай шабарман жұмсап, әуре болмаңыз, бәрібір келмеймін, – деді ол.

Марконың бұл сөздері өркөкірек министрге өзін шапалақпен тартып жібергендей әсер етті. Ол бойын әзер билеп қалды. Алайда Марко кетуге ыңғайланып, кері қарай есікке бұрылған кезде оның

ашудан бет әлпеті өзгеріп, көзінен ызғар шашырағандай болды. Иә, бұл венециялық басқа сарай қызметкерлеріне мүлдем ұқсамайды, оның жасалған балшығы бөлек... Мұны өзінің ескеруі керек еді. Ашықтан ашық оның жынына тиюге болмайды. Құбылай хан итальяндықтарды айрықша құрметтейді, олармен ойласып, пікірлесіп отырады. Марко Поло Чүй, Ин емес, оның көзін оп-оңай жоя алмайсың. Ордада әр түрлі топтардың тақ төңірегінде жүріп жатқан тартысына араласпай, ол өзін өте дұрыс ұстайды. Ана жолы Сю Сянмен ашық шекісіп қалғаннан бері Ахмед венециялықты иттің етінен жек қоретін болды және онысын кейде сырт көзге байқатып алып жүр. Ол сондағы Марконың: “Халықтың мойнына бұрынғыдан да зор ауыртыналықты ілген әділетті бола қоймас деп ойлаймын”. – дегенін ешқашан ұмыта алмайды.

Ахмед жылдам ойлап, жылдам шешеді. Ашиманың жоғалып кеткені жайлы хабар Марконы ашындырып, қателіктер жасауға итермелеуге тиіс деп есептеп, бүгін ол Марко Поломен ашық айқасқа шығуға бекінді.

Марко іштей бұл кеңсеге бұдан былай кірмеспін деп ойлап, есік аша бергенде министрдің өзіне:

– Кетпе, Поло бек! Біз қалай ақымақтарға ұқсан, бір-бірімізді түсіне алмай қалдық. Сіз білсеңіз ғой, мынау мемлекеттің шаруасынан менің қалай қажитынымды. Жаңа, андаусызда, менің аузымнан шығып кеткен сөздерді ұмытуыңызды өтінемін сізден, – дегенін естіді.

Әлі де болса табалдырықтан аттап үлгермеген Марко Поло кейін бұрылып, ойында не бар екенін білгісі келіп, министрдің бетіне қарады. Оның жанары ашық, жүзі жылы екен.

– Отырыңыз, Поло бек, өтінемін сізден, – деді Ахмед, қолымен жұмсақ орындықты нұсқап. – Маған бір мезетке болса да мемлекеттік мәселелерді ұмытқан пайдалы.

Үн-түнсіз отыра қалған Марко, мынау адамның ішкі ойын біле алмағанына қиналып, өзінің шалт кеткеніне окіне бастады.

– Менің сіздің алтын уақытыңызды алғым келмейді, министр мырза, – деді ол бір қолымен орындықтың ағаш жақтауынан ұстап.

Ахмед оған күлімсіреп қарап:

– Сен әлі ренішіңді ұмыта алмай отырсың, – деді. – Сосын салмақты дауыспен: – Сіз түсінуге тиіссіз. Мен өзіңізбен бүкпесіз ашық сөйлескім келеді, Поло бек. Бұл бірінші рет болған оқиға емес, мен шақыртты екен деп алданып келгендер толып жатыр. Бұл менің дұшпандарымның әрекеті. Олар мені алым-салықты өсірді деп жек көреді. Салық өссе, ол мемлекет мүддесіне, ұлы мәртебелі император ағзамның талабына сай оседі. Өзім үшін емес қой. Сеніңіз маған, мен сізді шақыртқаным жоқ. Не себептен бұлай болғанын өзім де түсіне алмай отырмын. Қаласаңыз, қазір хатшыны шақырайын, ол менің сөзімнің шындық екеніне куә болады, – деп, бар сырын ақтарғандай болды.

Марко Поло оны ишарамен тоқтатты.

– Мен сізге сенемін, министр мырза. Ашуланғанымды көңіліңізге алмаңыз.

Ахмед министр Марко Полоны есікке дейін шығарып салып, онымен ажарқын қалыпта қоштасты. Қабылдау күтіп отырғандар жарылып жол берді. Дегенмен Марко Поло сарайдан бірдеңеге алаңдап, көңілі қобалжыған жағдайда шықты. Коше бойлап үйіне қайтып бара жатқанда оның жанынан сары күйме көтергендер өтті, бірақ оған венециялық ешқандай назар аударған жоқ. Күн нұры төгілген көшеде әдеттегідей қайнаған өмір жүріп жатыр.

Ол күйме көтерушілерді босатып, үйіне жаяу кетті. Матео жорыққа, ал әкесі мен көкесі елдің оңтүстігіне аттанғалы ол өзін Ханбалықта жападан-жалғыз қалғандай сезінді. Чипингуға жасалған жорық тағдыры жайлы айтпағаны үшін өзін Ашиманың алдында кінәлімін деп есептеді. Жорыққа аттанған екі мың қытай қайығының бар болғаны жиырма бесі ғана қайтып оралғаны таяу арада белгілі болды. Дегенмен Матеоның тірі екендігіне Марко әлі де сенетін еді.



Қызметші Марконы коргенде бір түрлі абыржып қалды. Ю оған мырза жақын арада келмейді депті де, өзі кошеге шығып кетінгі.

– Не боп қалды? – деп сұрады Марко одан. – Сен, немене, маған бейне бір қанқаға қарағандай қарайсың?

– Кешіріңіз, мархабатты мырза, – деп мiңгiрледi күтушi. Марко Поло күркеге кiрiп шықты. Ашима сонда шығар деп ойлаған едi. Жүзiм жапырақтары арасынан отiп, күн сәулесi күрке iшiн жарық қылып тұр. “Өзiнiң бөлмесiнде отырған шығар”, – деп ойлады ендi Марко. Ол тiптi қыздың бiрден алдынан шыға келмегенiне, онымен кездескенше әңгiменi неден бастауды ойланып алуға жететiн бiрнеше минут уақыт қалғанына қуанды. Бүгiнгi Ахмед министрмен арадағы болған оқиға оның миына қайта-қайта орала бердi, оны кiмнiң ұйымдастырғанын ойлап басын қатырғанымен, күдiктiнi доп баса алмады. Ахмедтiң: “Мен сiздi iздеген жоқпын, Поло бек”, – деп, ештеңе болмағандай жайбаракат отырғаны Марконың намысына тиiп, оның министрге деген сенiмсiздiгiн күшейтiп жiбердi. Ол манағы келген шабарманның түр-түсiн сұрамақ болып, күтушiнi шақырмақшы едi, алайда оның өзi келiп, аса сабырсыздана:

– Сю Сян... мырза, – деп даусы дiрiлдеп шықты. – Сiзге мархабатты мырза Сю Сян келiп тұр, өзiнiзбен сөйлескiсi келедi. – деп, ойын өзep жеткiздi.

Сю Сян ғұлама күтушi үшiн ғана емес, барлық қарапайым қытайлықтарға киелi күдiрет иесi болып корiнетiн.

Ол жайлы неше түрлi аңыздар тарап, оның император ордасында айтқан сөздерi мен iстеген жарқын iстерi колөнершiлерге, құрылысшыларға, дихандарға тез жететiн едi.

“Сю Сян – мәңгi өмiр сүретiн адам, – дейтiн қытайлықтар бiр-бiрiне. Сiз бiлесiз бе, оның императорға не дегенiн? Сю Сян оған: “Егер сен мереке құрметiне бүкiл қытайлықтар ақ киiм киciн деп бұйырсаң, түбi өзiң бакытсыздыққа жолығасың. Бiздiң халқымызда қызыл түс – бакыт белгiсi”, – деген. Императордың жауабын естiп пе едiндер? Ол: “Сю Сян, егер сiздiң халықта қызыл түс бакыт белгiсi

болса, онда бұдан былай мерекелерде қытайлықтар қызыл киім киіп жүрсін”, – депті. Ол Сю Сянге өлім жоқ екенін біледі”.

Міне, енді сол Сю Сяннің өзі Маркоға келді. Ол бақтағы хауыз жанында алтын балықтардың жүзгенін тамашалап тұр. Қарттың сирек сақал мен аппақ қалың қас біткен бетінен сабырлылық нышаны байқалады. Оны әкелген күйме көтерушілер ауланың сыртына кетті. Сю Сян жалғыз келіпті, қасына ешкімді ертпеген. Оның жібек киімі күнге шағылысып, жарқ-жүрк етеді.

– Кіріңіз, мархабатты мырза, – деді Марко Поло. Біздің қарапайым қонысымызға қош келдіңіз.

Алғысын айтып, амандасып тағзым еткен Сю Сян бөлмеге кірді. Қызметші оларға шай даярлап әкелді.

– Мен сіздің сөзіңізді есімнен шығарғаным жоқ, сондықтан осында келдім, – деп бастады Сю Сян. – Шешуші сәт келіп жетті, Марко Поло мырза. Оған: “Шенқұмарлықтан, өркөкіректіктен, күйтырқы істерден және басқа да толып жатқан жағымсыз қылықтардан арыл”, – деген ақыл кілең айтылып жүр, бірақ Ахмед министр бұған пысықырып қарар емес.

Қарт ғалымның ешқандай кіріспесіз, бүкпесіз айтып отырған сөзін Марко ынтамен тыңдады және шешуші шара қолданар сәттің келіп жеткенін анық ұғынды.

– Сіз, өткенде, императордың алдында, халықтың мойнына бұрынғыдан да ауыр салмақты ілуге болмайтынын айттыңыз, – деді Сю Сян. – Алайда Ахмед елдің ең соңғы бір уыс күрішін де қалдырар емес. Ол қатыгез, әрі оның талабын орындау мүмкін емес. Қарапайым халықпен жақын таныссаң, елдің әбден күйзеліске ұшырағанын бірден байқайсың. Үздіксіз тоналудан жұрт жүдеп біті. Тек өткен жылы ғана Ахмедтің жеке өзі қағаз ақшамен жиырма тоғыз мың, алтын ақшамен жиырма бес мың және күміс ақшамен бір жүз сексен мың теңгені жеп қойды. Қазынаның он екі мың қадақ шайың, бір жүз он жылқысын, асыл тастардан жасалған жиырма ыдысын және басқа да көптеген дүние-мүліктерді бас пайдасына жаратып

кетті. Бізге мұның бәрі жақсы белгілі. Ол адал адам Чуй Иннің ажалына жетті. Ол – қанішер. Мен өзіңізге осыларды хабарлауға келдім, Марко Поло мырза.

Сю Сян орындықтың арқалығына шалқайды. Ол бетін коленке жаққа бұрған. Шырағданды айналып шыбындар ұшып жүр. Олардың ызыңын Марко анық естіді.

Кенет Марконың ойына бұдан көптеген жылдар бұрынғы оқиға түсті. Аң аулауға императорға ере шыққан сарай қызметкерлері сансыз шатырдан тұратын көшелерді кезіп жүрген. Тор ішінде Тюрго аласұрады. Қызыл табақтай күн томендеп барып, орманның артындағы көкжиекке құлаған. Ахмед министр Марконы көріп котерме күймесін тоқтатты. Сонда ол: “Сю Сянен сактанып жүр, Поло бек”, – деген.

Марко өзінің құлағына осы сөздерді сыбырлап айтып тұрған министрді көріп тұрған секілді және ол бұл ескертуін тағы да қайталап жатқандай. Бірақ мұның енді Марко үшін мән-маңызы жоқ еді. Қытай ғұламасының сөзі оған қатты әсер етті. “Шешуші сәт келді”, – деді ол.

Сю Сян Маркоға ойлануға мүмкіндік берді. Оның жанары алысқа қадалған. Шыбын ызыңы күшейіп кетті.

Шәшкеде көк шай әлі тұр. Бөлмедегі тыныштықты ешқандай тосын дыбыс бұза алар емес.

– Егер пиғылы адал адам бірденеге ұмтылса, ол мақсатына жетеді. Ал ырғалып-жырғалып жүріп, уақытты өткізіп алса, жолды тікенек басып кетеді. Қазір бізге сол тікенектерді түбірімен жұлататын кез келді.

Тылсым тыныштық қайтадан орнады. Марко өзіне жауаптан тайқып кетуге болмайтынын түсінді. Қайғы-қасіретке толы бірқалыпты баяу дауыс Марконың құлағынан кетер емес. Ол ғалымның бұл мәселеде неге де болса белін бекем бұғанын терең ұғынды. Сю Сян бойын тік ұстап отыр. Ол Марконың жауабын күтуде.

Марко Полоның көз алдынан осы жылдардағы ұлы ханның ордасында өткен өмірі баяу жылжып өтіп жатыр. Ол императордың ең ықпалды екі кеңесшісін салыстырып, олардың әрқайсысының іс-қимылын ойша салмақтап отыр. Министрдің кішіпейілділігі, адамның іші-бауырына кіруі оны адастырғаны рас. Кеш те болса, Ахмедтің арамза екенін түсінген Марко енді оған сенбейтін болды.

Ғалым алақанымен киімін сипалай берді, осының өзінен-ақ оның толқып тұрғаны білінді.

– Егер сізге дәлел керек болса, Ванчжудан сұраңыз. Ахмед жендет оны досынан айырды. Ол әскербасы Чжанынді жазалау жайлы да айтып бере алады. Ахмед оның қызы мен әйелін ұрлатты, ал Чжаныдін өзін императорға сүмірейте жамандады... Ахмедтің көзі жойылу керек, – деген Сю Сяннің даусы қатқылдана шықты.

Марко Поло сәл шегініп отырды. Сю Сяннің бетіне тағы да күн түсті, оның жүзінен ойға алған істі орындайтындай жігер байқалды. Әжім-әжім бетін қайғы-мұң торлаған.

– Бірден шешім қабылдау әрине қиың, – деді Сю Сян. – Мен баққа барайын... Қыдыра тұрайын. Сіз оңаша ойланыңыз. Мен мұнда саңылауы жоқ көтерме күймемен келдім. Күйме көтерушілер шетінен сенімді. Мұнда келгенімді бөтен ешкім көрген жоқ.

Орнынан атып тұрған Марко қолдарын жоғары көтеріп:

– Өтінемін, ешқайда кетпеңіз, мейірімді мырза, – деді. Оның жалғыз қалғысы келмеді. Әрине, ол қазір не болса соны айтып, пәтуасыз сөз сөйлеп, Ахмедтен ош ала беріндер десе де ештеңе етпес еді. Император Шандудағы сарайында, тақ мұрагер Чимким солтүстік аймақтарда аң аулап жүр. Ахмедтің жеке күзеті соңғы уақытта әжептәуір күшейтілген. Ханбалықта осындай қадамға барсақ, мұны Құбылай хан қалай қабылдар екен? Сю Сяннің айтқаны шындық. Маркоға тиянақты шешімге келу оңай емес. Бірақ Марко бұл жауапкершіліктен бұлтармауы керек. Зұлымдық пен адамгершіліктің тоғысар жері жоқ, сондықтан оның өзі бір жағына шығуы керек. Ғұлама қарттың аса таза адал адам екендігіне көп жылдар

бойы император сарайында қызмет атқарып жүргенде көзі анық жеткен еді. Марконың көңілінде тек жалғыз ғана күдік бар. Ол ақиқатқа көз жеткізіп, соны сөйілтуді ойлады.

– Сіз не үшін императорға қызмет етесіз? – деп сұрады ол.

– Менің өз халқыма көмектескім келеді, – деді Сю Сян. Бұған басқа ештеңе қосқан жоқ.

Марко карттың жанын ұқты. Өзі үшін өмірінде бір шешуші шешім қабылдайтын сәт келді. Мұндай қадамға намыс-жігері жететінін ол анық сезінді. Марко солқылдақ емес еді. Соңғы жылдардағы коргендері мен түйгендері оны осындай шешімге дайындап әкелген болатын. Көз алдына әкесінің бейнесі келді. Марко оның: “Көпестердің жарылқаушылар емес екенін қашан түсінер екенсің. Мұндай шаруаларға араласушы болма”, – деген даусын естігендей болды. Бұл елесті ақжарқын, батыл қайырымды досы Матеоның бейнесі ысырып жіберді. Оның құлағына: “Қызды өзімізбен бірге алып кетуіміз керек, Марко. Әйтпесе, мына сұмырай ұрып олтiредi байғұсты... Алтын дукат үшін не iстемейдi бұлар... – деген капитанның даусы келіп тұрғандай.

Мен Ашимамен ақылдасуым керек деп ойлады Марко. Оның жүзі тас мүсіннен аумай қалған еді. Сүн-сүр, қан тамырлары білінбейді. Бір кезде ол:

– Мен сіздермен біргемін, Сю Сян, – деді. Ол басын бәйгеге тікті.

– Мен сіздермен бірге боламын, Сю Сян, – деп қайталады Марко Поло. Оның бетіне қан жүгіріп, шырай кіре бастады.

Бақтағы бұтаның саясында қызметші тұр. Ол не істерін білмей, абыржыңқырап қалған. “Мәңгі өлмейтін адам” өзінің мырзасына келіп отыр. Әңгімелері өте байсалды. Екеуінің де алдында шәшкеге құйған шай. Ол шайдың атамзаманда-ақ суып қалғаны белгілі. Кенет мырзалар оны ішкісі келсе не болады? “Сен менің мұнда келгенімді тірі жанға айтушы болма”, – деді оған “Мәңгі өлмейтін адам”. Өзіне қандай азап көрсетсе де оның бұл жайлы ешкімге айтпайтыны ақиқат. Тілін жұлып алғанша, тісінен шығармайды. Тек шайдың суып

қалғаны ыңғайсыз болды... Қазір жетіп барса, “Мәңгі олмейтін адамның” абзалдық ойларын пышыратып боліп жіберер ме екен? Ол мырзалардың қызу әңгіме үстіндегі оқыс қимылдарынан денесі селк ете қалып, бұтаның тасасында ұзақ тұрды. Мырзалар орындарынан тұрды. Сю Сян үй иесімен коштасып жатыр. Олар мұның күйған шайына көз де салған жоқ. Котерме күймені откізіп жіберу үшін қақпаны ашқан кезде Ю ак тиіндегі жылт етіп, ішке кірді де кетті.

\* \* \*

“Мені қайда әкелдіңдер?” – деп сұрап, өзінің бетіне қараған Ашима Янның есінен шықпай қойды.

Янның әкесі Ханбалық маңында тұратын шаруа адам еді. Алақандай күріштіктерін жыртқанда ағаш соқаға жегетін қоліктері болмағандықтан, оны әйелі екеуі қосылып, су кешіп жүріп сүйрейтін. Ауыр жұмыстан олардың аяқтары кепкен түбірдей жарық-жарық болатын. Ян ата-анасына сирек барушы еді. Барғанда не бітіреді? Оларда бос уақыт болмайды. Таңның атуынан күннің батуына дейін жұмыс істейтін бейшаралар кешке әбден қалжырап келіп, күр сұлдері ғана қалып, тосектеріне құлайды. Содан таң бозара бергенде олар күріштіктеріне су тасуға кірісетін.

Янның қарындастарының да тағдыры аянышты. Үлкенін байбатша Ли сатып алмақ болғанда, қыз аяқ астынан із-түзсіз жоғалып кетті. Тағдырына мойынсұнған кішісі қазір сол Лидің үйінде.

Сары күйме үлкен сарайдың ішінде басқалармен қатар тұр. Сәске түс болып қалды. Ян ауланы кесіп өтті. Оның есінен өз қарындастарының тағдыры шықпай қойды. Көз алдына үрейі ұшқан бейтаныс қыздың өзіне қараған жанары түскенде, ол бейне бір өз қарындастарының жүзін көргендей болды. Қасындағы серігі екеуі қала сыртындағы үйден бос күймемен кетіп бара жатқанда, бейтаныс қыздың өздеріне бірдеңеден үміттене қарағаны көз алдында тұр.

“Сендер онымен несіне сойлесіп тұрсындар, тындамаса, күштеп, шашынан сүйреп әкеліңдер”, – деген дауыс құлағынан кетер емес.

Мұны айтқан Саид еді.

Ян Ахмедтің сарайынан шығып кетті.

“Қайда тартып барасың, Ян? Тапа-тал түсте қалыңшығыңмен жолықпақшысың ба?” – деді күлімсіреп қалжындаған сақшы.

Қыз көмек сұрап шырқыран жатыр. Бұлар бос күймелерімен кетіп қалды. “Бұл жайлы ауыздарына не болмасаңдар, онда бастарын қағылады”, – деп ескертті Саид.

Қытайда өмір сүру тым қиындап кетті. Ян да әбден қажыды. Күні бойы иығынан мырзалар мен ханымдар мінген аспалы күйме түспейді, сондағы табысы – бір уыс күріш. Соның арқасында бұл басқалардай аш емес. Олар әр түн сайын өзінің досы Ванның ұстаханасына жиналып, тауда жағылар алауды тағатсыздана күтіп жүргендерінде де бір мағына, үзілмеген үміт бар еді. Енді олардың бірі жоқ, Ханбалық моладай үнсіз. Адамдар күннен-күнге күшейіп бара жатқан әділетсіздік туралы тіс жарып ештеңе айтпайды, олар көлеңкелерінен қорқатын болған.

Көше қалтарысымен бұрылған кезде ол венециялықтардың үйінен бірнеше-ақ қадам жерде тұрды.

Қызды Саид сұмырай не үшін ұрлатты? Бұл қыз басқалардай өздеріне пысқырып та қарамайтын паң, оркокірек емес, өте қарапайым жан екен. Ян күйме жапқышын ашқанда ішке кіріп бара жатқан қыз: “Қайда барамыз?” – деп сұраған еді.

Ян қақпа алдына келді. Не істесе екен? Кіріп барып: “Ахмед министр бикешті өзен бойындағы қала сыртындағы үйінде қамап ұстап отыр”, – десе қайтеді? Ол кіре берістегі тұғырдағы тас арыстандарға сүйеніп біраз уақыт тұрды. Ханбалықтағы көп үйлерде осындай тас мүсіндер тұр, олар тұрғындарды жын-шайтандардан қорғайтын көрінеді. Ян осылайша не істерін білмей тұрғанда, кенет қақпа ашылды да, іштен есік-терезесі мұқият жабылған аспалы күйме шыға келді. Оны қотергендер жылдам жүріп барады.

Ойға шомған Ян оларға карап тұр. Анау ұзын бойлы сұңғақ кытайлық Сю Сян кеңесшінің қызметшісі. Ян оны жақсы танитын еді.

Күн өте ыстық еді. Маңайдағы орман-тоғайлы қырқалар қалаға шығыстан соғатын салқын желді откізбейтін қалқан сияқты. Ханбалықтың барлық үйлері, бау-бақшалары, көпірлері мен сарайлары терең шатқалға орналасқан, сондықтан көктемнің алғашқы шуағы түскен бойда-ақ қаланың ауасы моншадай қызатын.

Марко Поло өзінің терезелері колаңкеленген қоңыр салқын бөлмесінде отыр. Соңғы кезде жанына қатты батып жүрген ордадағы өзінің әрі-сәрі жағдайының ақыры басын ашып алған соң, оның көңілі керемет көтеріліп, еңсесі биіктеп қалған болатын. Ол ойға алған мақсаттарының өте ауыр және қауіпті екендігін жақсы түсінеді, алайда Маркодан қорқып тұрған жоқ. Ол қызметшісіне сия мен қағаз алдырды да, бірден үш хат жазды. Біреуі – Ашимаға, екіншісі – Николо мен Маффео Пололарға, ал үшіншісі – өзінің досы Матеоға. Сосын ол Юді шақырды. Марконың өзімен-өзі болып, басқа дүниені ұмытқаны соншалық, ол қызметші қыздың көзінен оның жылағанын және бірдеңеден қорқып тұрғанын байқаған жоқ.

– Егер мен ертең кешке қайтып оралмасам, мына хатты Ашимаға тапсырасың, – деді ол. – Есіңе сақтап ал ертең кешке екенін. Сосын бұл жайлы ешкімге тісіңнен шығармаймын деп, уәде бер. – Ол хатты үстелдің суырмасына салды да, күтушіге тіке қарамаған бойы: – Осы суырмадан аласың хатты. Сен неге үндемейсің? – деді.

Сол сәтте өксіп-өксіп жылаған Ю оның аяғына жығылды.

– Жазала мені, мырза... Мен бақытсыз жанмын! – деп мінгірледі ол – Менің ханымым қайда?.. Мен қалада болып, білмей қалдым... Ханым әлі жоқ. – Ол бетін алақандарымен жауып, бұрынғыдан да үдете өкіріп жылады.

– Түр орныңнан, – деп ақырды Марко. – Сен не деп тұрсың? Не болғанын маған дұрыстап дәл қазір түсіндір. Ю, немене, керенсің бе? Түр дедім ғой саған.



Ю орнынан котерілді.

– Сіз, өзіңіз, ханымды әкелсін деп сары күймені жібердіңіз ғой. Оған қала сыртындағы озен бойындағы үйге келсін депсіз... – деген Ю әрі қарай тағы да коз жасына ие бола алмай қалды. – Ханым қатты қуанды. Ол: “Маған жылдам киіну керек, Ю. Мырза мені қала сыртындағы үйде күтіп отыр”, – деді. Енді қарасам, сіз үйдесіз, ал ханым жоқ. Менің үрейім ұшып кетті...

Марко Поло түсініксіз әңгімені:

– Токтат! – деп айқайлап, бөліп жіберді. – Ал, енді қайтадан не болғанын бастан аяқ баянда.

Юдің ұзақ әңгімесін Марко жаны түршіге тыңдады. Ю түк қалдырмай, бәрін айтты. Ашиманың өзінің сұлулығы жайлы сұрағанын қалай айтпай қалады? Өзінің ханымға: “Сұлулық жағынан перінің қыздары да сіздің колыңызға су құя алмайды. Сіздің дидарыңызды көрген кез келген адамның басы айналып қаларына еш күмәнім жоқ. Мұны өзіңіз біле тұрып, менен сұрағаныңыз қалай?” – дегенін де айтты. Әңгімеге әбден беріліп кеткен Юдің жылағаны басылды.

– Сен сары күйме дедің бе?

Күтуші қыз мақұлдап, мырзаның бетіне батылданып тура қарады. Мырза оған ештеңеге аландамай, жайбарақат сөйлесіп отырған адам сияқты болып көрінді.

– Ал, енді, шошандаған қыз, жоғал менің козімнен! – деген Марконың даусы қаттырақ шықты, ол бір сәтке бойын билей алмай қалды. – Сенің ұсқыныңды көргім келмейді!

Бұл күн маңызды оқиғаға толы болды. Өзі Ахмедте отырған кезде үйден Ашиманы ұрлап кеткен. Сю Сян не деп еді? “Егер сізге дәлел қажет болса, әскербасы Чжаньидің қалай жазаланғанын тындап көріңіз. Ахмед оның қызы мен әйелін ұрлады, ал Чжаньидің өзін императорға сүмірейте жамандады”, – деген болатын ол Марконың есіне Ахмедтің тағы да: “Мен сізді іздеген емеспін, Поло бек, қайдағы шабарман...” – деген мазақ еткендей сөзі түсті.

Марконың қаны қайнап кетті. Денесі дірілдеп орындықтың жақтауына қолы қарысып қалды. Өзін басынып, үйінен адам ұрлауды ұйымдастырған Ахмед екендігіне оның ешбір күмәні қалмады.

Ашуын басып, жағдайды шынайы пайымдағанша әжептәуір уақыт отіп те кетті. Не істеу керек? Әлде, кошеге шығып, жұрттан сары күйме кордіндер ме, ол қайда кетті деп сұрай ма? Ханбалықта көше де, қалтарыс та көп, бүкіл қалада ең кемі мыңға тарта сары күйме бар шығар. Торға түскен арыстандай аласұрған ол бөлме ішінде ерсілік-қарсылы жүре берді. Егер Сю Сян келмегенде ол Ахмедке жүгіріп барып, қанжарын алқымына тіреп, барлығын мойнына қояр еді. Ал, енді, Ахмед әбден сазайын тартқанша, күткеннен басқа амал жоқ.

Бірақ, ешқандай шара қолданбай, үйде қалай отыра алады. Ол қызметшісін шақырады.

– Семсерімді әкел және атымды ертте, – деп бұйырды оған.

– Сыртта сізбен сөйлескісі келген бір адам тұр, – деді басы салбырап кеткен қызметші.

Марко сезіктене қалды. Тағы не болды? Ол еріксіз маңдайын тыржитып, ашуланып қасын керді.

– Жарайды, кірсің, – деді ол даусын созыңқырап. Ян бөлмеге кірді. Ол үнсіз тағзым етті де, мырзаның тарапынан сұрақ күтіп, тұрып қалды.

Марко оның киімінен бұл адамның күйме көтеруші екенін аңғарды да, бойында үміт сәулесі пайда болды.

– Саған не керек? – деп сұрады ол жаймашуақ үнмен. Ян басын үстел жанында тұрған қызметшіге бұрды. Марко оның ойын түсініп, қызметшіні бөлмеден шығарып жіберді.

– Саид осы үйдегі бикешті қала сыртындағы өзен жағасындағы үйге жеткізуді бұйырды, – деді ол.

– Саид деген кім? – деп сұрады Марко Поло.

– Ол Ахмедтің тыншысы, – деді Ян даусынан жиіркеніш табы сезіліп. – Ол маған осы ұрлық жайлы тісімнен шығарсам, бассыз қалатынымды ескертті.

– Сен сонда Ашиманың қайда екенін білесің бе? – деді аштыққан Марко.

– Білемін, мырза. Біз оны кала сыртындағы үйге апардық.

– Отыр, – деді Марко Поло. – Сенің атың кім? Мен саған қарыздармын, хабарың үшін сүйінші беремін.

Оның миы мың айналып, тынымсыз ойлауда. Янды тыңдап болған соң, ол қызметшіні шақырды.

– Мына кісіні жақсылап тамақтандыр, – деді оған. Үстелге отырған Ян ас ішуге ашқарақтана кірісті. Мұндай дәмді тамақты жеп көрмегелі қай заман. Өзіне қандай қауіп төніп тұрғанын да ұмытып кетіп еді, қарны тойғанда барып Саидтың қорқытқаны есіне қайтадан түсті. Марко оны тыныштандырып:

– Таяу арада Саидтың қолынан түк келмейтін болады, – деді сенімді сойлеп. – Мен тұрғанда олардан қорықпа, сенің жақсылығыңды ұмытпаймын.

Тал түстегі күннің ыстығынан кайнап тұрған аулада ерттеулі ат тұр. Марконың есіл-дерті Ашимада. Арамза біреулер азаптап жатырма деп қорқады ол.

– Сен қару ұстауға қалайсың, Ян?

– Ұстағанда қандай, мырза, – деді ол. Дастарқанды жинап жатып мұны естіген Ю сілейді де қалды. Оның көзі шарасынан шығып кетті.

– Сен неғып тұрсың? – деп есін кіргізді Марко. – Жылдам бар да, тағы бір адамға ат пен қару-жарақ дайындасың деп айт.

\* \* \*

Өзен бойындағы үйден тіршілік тынысы сезілмейді. Қызметшілер аяқтарын мысықша басады, есіктерді жайлап қана ашып-жабады, бір-бірімен сыбырлап сөйлеседі. Терезе алдында тұрған Ашима ағаштардың үстімен күн сәулесі түсіп жарқыраған озенге көз тастайды. Арна бойымен ескекті және желкенді қайықтар ағылып отіп жатыр. Жел соқпай тұрған соң желкендер де жөнді

керілмеген. Жүрегі сыздаған Ашима бейбіт өмірдің осындай көріністерінен көз алмай тұр. Ол терезенің мыстан оюлап соққан шыбықтарынан ұстап, олардың арасына басын сүкпақ болды. Төменде жатқан жазықтарда жайқалып тұрған аксары гүлдер шаруалардың күріш сабақтарынан бояп тоқыған ши қалпақтарына ұқсайды. Өзен жағасында сымбатты теректер оскен, ал терезенің дәл алдында ши гүлден тұр. Ашима қолын сыртқа созып, қайықта отырған адамдарға бұлғады. Қайықтағы адамдар бұл жерден кіп-кішкентай болып көрінеді, оларға біреудің терезеден қол бұлғағаны көрінбейді.

Әбден амалы таусылған қыз тағы да мыс шыбықтарға жармасып, ашы айқайға басты:

– Көмектесіңдер!.. Мені қамап қойды! Көмектесіңдер!.. Бірақ оның айқайы бақтан әрі асып жатқан жоқ. Ашимаға біреудің келемеждеген даусы келіп жетті.

– Аузыңды жапқаның жөн, бикеш. Әйтпесе, зынданға салып тастаймын. Онда қанша айқайласаң да, өзін білесің.

Мұны айтқан Саид еді. Қыз өзін тыңдамаған соң, Саид бөлмеге жүгіріп келіп, оны терезе алдынан итеріп жіберді. Ашима бос бұрышқа тұрып алып, өзіне тиіскен адамның бетін осып алмақ болып, қолдарын алға созды.

Саид осындағы қызметшінің беті шиедей болып қалғанын көріп, қызға жақындауға батылы бармады.

Орнынан қозғалмай қалған Саид оған ызалы дауыспен:

– Есіңде болсын, егер тыныш отырмайтын болсаң, мен сені зынданға жіберемін. Лобта моп-момақан еді, енді қарай қор арыстандай атылуын. Тоқтай тұр, біздің қожайын жібектей қылады, – деді.

Ашима мынау қасқырбет адамның өзін осыншама жек көріп, соңына не үшін түсіп алғанын түсінуге тырысты. Қыз оны бірден таныды, оның есіне осы адамды Лобта Матеоның үйден қуып шыққаны түсті. Міне, содан бері қасқырбетті көріп тұрғаны осы ғой. Бұл адамның ойламаған жерден алдынан шығуы тым үрейлі

жағдай еді. Оған не керек? Өзін кімнің бұйрығымен тұтқындады екен?

Үстел үстінде шай мен токаш тұр. Ол аузын ашпайтын қызметші өкелген тамақтың маңына да барған жоқ. Ештеңеге аузы түгіл, қолын да тигізбеді. Мынандай жағдайда қайдағы тамақ. Одан да аштан олгені жақсы!

Терезеге мыс шыбықтар керілген. Ашиманың бақырғанын ешкім естімейді. Зілдей емен есік құлыптаулы тұр. Қашын шығуға ешқандай мүмкіндік жоқ. Қашуға көмегі тиер бір зат табыла ма деп, Ашима бұрышта тұрған шкафтың барлық суырмаларын қарап шықты. Оларда жеңіл жамылғы, опа-далап, роза майы сияқты заттардан басқа ештеңе болмады. Басқа түскен жағдайдан әбден қажып, миы мың айналған Ашима сылқ етіп отыра кетті.

Солден соң ол қайтадан оршынан көтерілді де, терезе алдына барды. Мүмкін, оның шамасы жеткенше айқайлап бергені дұрыс шығар? Бүгін таңертең ғана үйде отырғанында құстардың шикылы мен Юдің күлгеніне тыжырынғаны есіне түсті. Марко шақырып жатыр дегенде тез-тез киініп еді. Қала сыртындағы озен бойындағы осы үйге жеткенше асыққан! Ал, енді сол үйде қамауда отыр. Марко қайда? Не болды өзі?

Кенет қорқыныштан бойын билей алмай қалды: Маркоға қауіп төніп тұр деген ойдан зәресі зәр түбіне кетті. Буыны босаса да, жігерін жинап, бойындағы әлсіздікті жеңіп, есікке қарай жүгіріп барып, кішкентай жұдырықтарымен оны ұрғылай бастады.

– Ашындар! – деп айқайлады ол – Ашпасандар, онда терезеден секіріп кетемін!

– Секір, секіре ғой! – деп мазақ қылды есіктің сыртында тұрған Саид. Ол қарқ-қарқ күліп, кетіп қалды.

\* \* \*

Қар жамылған маңғаз тауларға ұқсаған ақ бұлттар көктемгі ашық аспанда қозғалыссыз тұр. Жас жапырақ жамылған ағаштардың

көлеңкесі ұзарып барады. Жол бойымен анда-санда отетін жүргіншілер, бак түкпіріне орналасқан қызғылт шатыры бар үйдің салынған жерімен ерекше жарасым тауып тұрғанына таңданып, ауыздарын ашып, сүйсіне қарайтын. Кор-жер тасушы сәл тыныстап алмақ болып, шарбаққа сүйеніп отыра кетті. Өзенге қарай колбей созылған сулы-нулы алаптарда оңкей қара ала сиырлар жайылып жүр.

Жол бойынан сегіз салт атты корінді. Оларды Марко Поло мен Ян бастап келеді. Қалған алтауы – Сю Сяның окқағарлары болатын.  
– Әне, ана жерде, мырза, – деді Ян қолымен үйді көрсетіп.

Құйғытып шауып келе жатқан салт аттылар желіске қошті. Қақпа алдына келіп, аттарынан түсті. Демалып жатқан кор-жер сатушы дорбасын аркалап алды да, тұра зытты – оған аттылы адамдардың катулы кескіндері ұнаған жоқ. Кетін бара жатып ол жанағылардың қақпаны дүңкілдетіп ұрғылағанын естіді.

Қақпаның қарсы алдында семсерлерін қынабынан суырған Марко Поло мен Ян. Окқағарлар қабырға бойына тізіле қалыпты. Құлақтарын ішке тосып тұр. Мазасызданған Марконың құлағы шуылдап кетті. Оның жүрегі дүрсілдеп соғып, қолы семсерінің балдағын қыса түседі. Ахмед мына қабырғаның арғы жағына Ашиманы тықты... Бірақ ол жақ – жым-жырт. Іштен не жүрген, не сөйлеген адамның даусы естілмейді. Ағаш бұтақтарында құстар отыр. Бак түкпірінен сайраған бұлбұл үні шықты.

– Тағы да ұр қақпаны, – деді Марко Поло Янға.

Ян қақпаны аяғымен тепкілеп жатыр. Іштен келе жатқан адамның дыбысы шықты. Марко Поло Янға қозін қысты, окқағарлар да найзаларын қыса ұстап, шайқасқа дайындала қалды.

– Аш қақпаны! – деп ақырды Ян. – Біз Ахмед министрденбіз.

Жауап болмады. Аяқтың дыбысы білінбей кетті. Жүйкесі жұқарып, жүрегі дүрсілдеген Марко қақпа артында біреудің тұрғанын анық сезді. Уақыт жоғалтуға болмайды. Семсерінің балдағымен қақпаны ұрғылаған ол катулы дауыспен:

– Император атынан бұйырамын, аш! – деді. Оларға біреудің жылдамдата кетіп бара жатқан дыбысы естілді. Осы кезде Марконың құлағына Ашиманың алыстан шыққан даусы түп-түсінікті, аң-анық болып жетті:

– Комектесіңдер!.. Мен мұндамын! Құтқарындар!.. Семсерін қынабына салған Марко жүгіріп келіп, екпінмен қабырғаға қарғып шықты. Қалғандары да осылай істеді. Ішкі баққа секіріп түскен олар, үйге қарай ұмтылды. Тоқтатқан ешкім болмады. Үйдің есігі ашық түр екен.

– Осында қалып, есікті күзетіңдер, ешкім бізден қашып құтыла алмасын. – деп бұйырды Марко оққағарларға.

Ол Янды жанына ертіп, үйге кірді. Бірнеше бөлмеден өткеннен кейін олар асханаға кірді. Онда екі қызметші, күтуші әйел және жуан аспаз әйел, барлығы бір жерге жиналған екен.

– Мырзалар, бізге тимендерші. Біз ешкімге ешқашан жамандық жасаған жоқпыз. Өгінеміз сіздерден, – деп шырылдады зәресі ұшқан аспаз.

Марко Поло қызметшілердің бірін жағасынан алып, бүрісін отырған жерінен ортаға суырып шығарды да:

– Қызды қайда тықтыңдар? – деп ақырды. – Алға түсіп, жол көрсет.

Қызметші оларды баскышпен жоғары шығарды. Олар кара күңгірт ұзын дәлізге кірді, ондағы бағандардың бірінің тасасында Саид тығылып тұр еді. Қасқырбеттің қараңғыға әбден үйренген көзі Ахмедтің бұйрығымен өзі сегіз жылдан бері бакылап жүрген адамды, яғни Марко Полоны бірден таныды. Дәл осы сәтте Саид Марконы бұрынғыдан да жаман жек көріп кетті, өйткені өзінің енді тыныш өмір кешсем деген арманы қиялға айналып кеткенін әбден түсінген еді. Ахмед оған бұл сәтсіздікті ешқашан кешірмейді. Ол мынау аулақта оқшау тұрған үйге қауіп тонеді деп ешқашан ойламаған еді, енді, міне, өзінен бес-ақ қадам жерде, қайдан келгені белгісіз, құмырадан шыққан жындай болып Марко Полоның өзі тұр.

– Келе жатырмын, Ашима! Сен естіп тұрсың ба?

Бөлмеден кыздын:

– Жеттің бе, Марко? – деп шаттанған даусы естілді. Қызметші кілтпен есіктің құлпын ашты.

Саид қарусыз болатын. Марконың бір топ адаммен тұтқиылдан келіп қалатынын күтпеген ол, қорыққаннан есінен айырылып қалған сияқты. Тыңшының жайбарақат өмірі оның қырағылығын жойып жіберген болатын. Арамзаның бойын қайтадан жыртқыштық қасиет пайда болды. Саид ашылған есіктің ойығынан түскен жарықтан өз дұшпанын анық көрді. Марконың семсері сыңғырлап еденге түсіп кетті.

Марко Ашимаға қарай ұмтылды. Бір қадам алға аттап, бойжеткен тоқтай қалды. Қызға алдында күн сәулесіне бөленген биік шыңның ұшар басында тұрған өзінің сүйіктісіне апаратын ұзақ жол жатқандай көрінді.

Еденде күмістей жарқыраған семсер жатыр. Саид бір секірсе, жетіп баратын жерде...


– Ашима... – деді сыбырлап Марко.

Осы кезде Ашима тұра ұмтылып, басын оның кеудесіне тықты. Марко бойжеткенді қапсыра құшақтай алды.

Тосын дыбысты естіген Ян басын солай қарай кілт бұрғанда бұқпантайлап келе жатқан бейтаныс біреудің сұлбасын байқап қалды. Ол еденнен семсерді көтеріп үлгерді, алайда оны сілтегенінше, Саид дәл жанынан зу етіп өтіп, баспалдақпен төмен түсіп кетті.

Оққағарлар шығар есіктің аузын қоршап тұрған. Саид құрылған қақпанға өзі барып түсті. Ол қашып кеткісі келіп, құтырған иттей ұстаған адамдарды тістеп, тырнап, әлектеніп-ақ бақты. Ақыры ол ит өліммен өлді.





Жол таудан құлап келеді. Апта бойы аспаннан тамшы тамған жоқ. Шөпті қалың шаң басып қалған. Ауылға кіре берістегі қираған тас қоршаудың қақпасының қос қапталында сидіған екі ағаш өсіп тұр. Таулар бұл жерде жап-жалаңаш, тек бірлі-жарым аласа бұталар ғана өседі. Құнарсыз топырақ сап-сары. Бұл ауылдың шаруалары үнгірлерде тұрады, ал аулаларын аласа сүйір тастармен қоршайды. Мөлдір сулы жалпақ өзен ауылды қақ жарып өтеді. Бір жақсысы, оның суы жаздың аптабында да үзіліп көрген емес, ал көктемдегі тасқында жартастарды жарып ағатын арнасынан ешқашан асып шықпайды. Халық мұны жаратқанның өздеріне көңілі түскенінен деп біледі.

Матео қоңыр салқын үңгірде жатыр. Оның бас жағында отырған кемпір қолындағы шүберекті әлсін-әлсін салқын су құйылған табаққа малып алып, сырқаттың маңдайына басады. Матеоның жүрегі Венецияға, теңізге деген сағыныштан жарылып кететіндей. Басына қан шапшып, миы солқылдап, беті оттай жанып барады. Ауырған қолы қолға ұқсамайды, бөренедей болып ісіп кеткен. Кеше қолы сыздағанда жаны көзіне көрінген, Матео жынданып кетермін деп ойлаған, ал бүгін ол қолының бар-жоғын сезе алмады. Матеоға кеудесін темір құрсаумен қысып тастағандай және ол бірте-бірте тарылып бара жатқандай болып көрінді.

Ол ауыр және үздік-үздік дем алды.

– Шешей, басымды биіктетші, – деді ол кемпірге. Әйел еңкейіп оның бетіне қарады, бірақ сырқат түсініксіз тілде сойлегендіктен оның не айтқанын ұқпады. Матео кемпірдің отсыз жанарына қоз салды.

– Басымды биіктетші, – деді ол қайталап.

Кемпір бірдене ұкса керек. үлкен ауды шиыршықтап орады да, оның жастығының астына тықты. Ауру басын бұрды, осы қозғалыстың өзі оны қажытып кетті. Ол көзін жұмып, өз құлағындағы шуылды тыңдады. Сырқаттың бетінде қан-сол жоқ. Маңдайы мен жақтары әбден сарғайып кеткен, ұзын сақалы күмістей жарқырайды. Әйел оның самайынан сорғалаған терді сүртті. Осы кезде Матео көзін ашып, ап-анық дауыспен:

– Шешей, менің соңғы сағатым таяу. Фань Гун-дуді шақыршы, – деді.

Әйел орнынан тұрып, үңгірден шықты. Сырқат жалғыз қалды. Есіктің ойығынан оған күріштен үн тартатын үлкен диірмен көрінді. Үңгірге кіріп кеткен бір тауық табаққа тұмсығын батырып, су ішті. Тұмсығын суға толтырып алады да, маңғаздана басын көтеріп, суды жұтып жібереді.

Қасында жатқан адамға назар аударар түрі жоқ. Әлсіреген Матео оған жымия қарады.

Өзеннің арғы бетінен таулар тәнін түр. Ол таулардың қорқем сұлбасын анық көрді. Бірақ бұлардың бәрі ол үшін бөтен, жанына жат суреттер болатын. Бұл жерде өзі қимайтын ештеңе жоқ. Маңдайына қайдағы бір қиыр түкпірдегі қытай аулында олу жазылған ба екен? Мұны қабылдау оған қиынға соқты. Тауық суды әлі ішіп тұр... “Байқа тауық, әйтпесе Қожатайдың дорбасына қалай түскеніңді білмей қаласың”. Күн шақшып тұрған соң қолға анық түседі.

Үңгірге кірген Фань Гун-ду алаңсыз жүрген адамның сыңайын танытты.

– Сен не айтып жатырсың? – деді ол ақжарқын үнмен. – Азырақ төзу керек. Бірнеше күнде аяғыңнан тік тұрып кетесің. Ханбалыққа дейін бар болғаны жүз жиырма ли ғана қалды. Төрт күн жүрсек, астанада боламыз.

Алып тұлғалы Матео азап көріп жатыр. Оның башпайынан тас төбесіне дейін сырқат жайлап алған. Капитанның шүңірек көздері ғана ұшқын шашып тұр.

– Мені мұқият тыңдап ал, Фань, – деді Матео. – Қалаға сен Оңтүстік қақпа арқылы кіресің. Мың еселенген бақыт көшесімен жүріп отырасың да, оны кесіп отетін үшінші көшеден Марко Полоның үйін сұрайсың. Мен өзімде бардың бәрін, ақшаны... асыл тастарды Ашимаға қалдырамын. Сен қызым мен Марконың қасында қал. Менің тілегім осы. Ал сенің өзіңе керектің бәрін алуыңа болады.

Фань Гун-ду оның маңдайындағы суланған шүберекті алмастырды.

– Маған су берші, туысқан.

Фань Гун-ду құмыраны әкелуге кетті. Ол бетін жуған жасты тоқтата алмай, үңгірдің қараңғы бұрышында ұзақ тұрды.

– Өлмеші... – деп күбірледі ол. – Мен саған “Қайыршы тауығын” пісіріп берейін. Мен сен үшін бәрін жасауға дайынмын.

– Менің бұл жерде жаным шықпайды, – деді бір кезде Матео. – Қатты дауыстан Фань шошып кетті. – Мені қайыққа апар. Менің су бетінде өлгім келеді.

– Мә, су іш, Матео. Мен сен үшін бәрін жасаймын. Қазір жағаға барып, өтіп бара жатқан қайықтардың біреуін тоқтатамын.

Ауру суды сіміріп ішті де, котерген басын тіктеп ұстай алмай, қайтадан жастыққа сылқ еткізді.

– Жүгір, Фань. Уақыт тар, – деді ол.

Кемпір қайтадан аурудың бас жағына отырды. Оның үңгірге кашан кіргенін де, өзінің жанына келіп отырғанын да, Матео сезген жоқ. Ол өңі мен түсінің ара жігін ажырата алмай жатыр. Жанының ауырғанын бірде сезіп, бірде сезбейді. Көзі ештенені көріп жатқан жоқ. Көз алдына жүрек түкпіріне сақталып қалған кимас көріністер келді.

Міне, ол Венециядағы өз үйінде жатыр. Далада күн шақырайып тұрса да, оның бөлмесі қара күңгірт қалпында. Түнде ол өзінің қара қайығымен кезекті сапардан оралған болатын, ауыр жолдан тынықпақ болып, төсегіне жатып еді, ұйқысы келе қоймады. Мазасызданып аунақши береді. Лючия мыс қазанды айнадай жарқыратып ысқылап жатыр. Матео оның бетіне қарап еді, көңілсіз екенін байқады. Ымырт мезгілі болса да, Риа-де-Чиавониде тұрған кеменің сұлбасы көрінеді. “Сонымен, Антонио, сен мені өзінмен бірге аласың ғой. Түсінсең, енді Венецияда тұра алатын емеспін”. Толқындар кеме қапталын соққылап жатыр. Руді өзі ұстап тұр. “Көріп тұрсың ба, Марко, теңіз деген осы. Оның шет-шегі жоқ. Қарашы, айдынның түсі қалай-қалай мың құбылады? Теңіз иісі танауына келді ме? Дауыл мен аспанның, толқынның, ай мен жұлдыздардың, күннің – бәрінің қадір-қасиеті тек теңізде ғана білінеді. Онда да тек керілген желкеннің астында тұрсаң ғана. Бақыт деген осы, Марко! Менің керілген үлкен желкеннің астында өлгім келеді...”

Сырат киналып, сандырақтап жатыр.

Оның маңдайына су шүберек басқан кемпір:

– Қозғалма, тыныш жат, – деді. Осы кезде есі кірген Матео:

– Фань қайда кетті? – деп сұрады.

– Ол жағалауға жүгіріп кеткен. Қазір келеді. Ұйықта, балам.

Әйел үңгірдің есігін жапты. Қамыстан тоқылған есікжапқыштың саңылауларынан күн сәулесі шашырап түсіп тұр. Сырқатқа тағы да өткен өмір көріністері елестеді.

Матео жанының ауырғанын сезбей жатыр. Бойы жеңілдегендей болды. Оның ой өрісі уақыт пен кеңістікті қамтып, шарықтап кетті. Көз алдынан өткен күндердің айқын суреттері қолбеді. Міне, күн сәулелі Венеция. Міне, ол аса мәртебелі Бадахшан патшасының алдында тізесін бүгіп: “Мен, атакты капитан Матео, қара қайықтың қожасы, Адриатика теңізінің інжу-маржаны болып саналатын Венециядан келдім. Менің басымды алыңыз да, оның орнына нұр шашқан лағыл тастар беріңіз”, – деп сойлеп тұр...

Терезе алдында сабағы ұзын сары гүлдер өсіп тұр. Тар канал үйді айналып өтеді. Кошеге қарап, қолдарын тосіне айқастырып тұрған Матеоға өзінің қара қайығының мачталары мен палубасы көрінді. Каналдарда толқындар теңселіп жатыр. Кілемдер тоселіп, өрнекті перделер керілген әсем гондолалар каналдарды бойлап баяу сырғиды. Кок аспан Риальто аралдарына тоңкерілердей төніп тұр. Сан-Марко каналы түп-тынық. Пьяцеттаның артындағы үлкен шіркеудің алтын крестері мен күмбездері күнге шағылысып, жарқ-жүрк етеді... Гранде каналының бойында мәрмәр сарайлар тізіліп тұр. Кеспе, жеміс пен көкөніс, қуырған балық және каштан сатушылар жалпақ қайықтарында отырып, сауданы қыздырып жатыр. Бір қыз қызыл алмаға толы торын суға малып алды. Ол балконда тұрып, Матеоға қолын бұлғады. “Сен Ашимасың ба? – деді ол. – Венецияға қашан келдің?”

Орнынан қозғала алмай жатқан сырқат ғажайып бір әлемге кірді. Өткен өмір көріністері көңілінде толассыз жылжып, ауруын сезген жоқ. Ойламаған жерден шыққан Фанның даусы ғана оны мына дүниеге қайтарды.

– Матео, естіп жатсың ба? Мен, Қожатаймын ғой. Жағалауда үлкен джонка бізді күтіп тұр.

– Сен джонка дедің бе? Иә, солай екен ғой... Маған көмектес, Фань.

Матео кеудесін әзер дегенде көтерді. Ауру жанына батып, бетін тыржитты. Сау қолымен сәкіден ұстап, аяқтарын төмен түсірді.

– Аулаға шығып алсақ, болды, – деді Фань. – Әрі қарай көтеріп алып кетеміз... Мұнда кел, көмектес, – деп айқайлады ол қайықшыға.

Қайықшы мен Фань ештеп-септеп Матеоны күріш тартатын диірменге дейін жеткізді. Сол жерде оны өздері екі жуан сырық пен балықшы ауынан жасалған зембілге салды.

– Саған жақсы ой келді, Матео. Енді сен қозғалмай жата бересің, ал қайық Ханбалыққа жақындай береді. Желді байқадың ба? Көр де тұр, сен суда тез сауығып кетесің.

– Асығындар... – деді Матео.

Қайықшы жатжерлік алып адамға таңырқап қарап тұр.

– Ал кеттік, – деді оған Фань. -- Алаңдама, біз сенің еңбегіңді жемейміз.

Олар Матеоны жағалауға қарай алып жүрді. Сырқаттың санасына айналадағы табиғат бояулары қатты әсер етті, ол маңайына сондай бір кимас сезіммен тамсана қарады. Жалпақ жол жарқабақты бойлай қазылған жертоле-үңгірлерді жанап өтеді. Тас шарбақ жанында тұрған тыр жалаңаш екі балдырған Матеоға үрейлене қарады. Олардың кішілеуі саусағын аузына салып, жылап жіберді. Бір шаруа шөп артқан есегін жетектеп келеді. Матео жас шөптің иісін рақаттана жұтты. Мәйіт апара жатыр деп ойлаған шаруа тоқтап басын иіді. Сосын зембілдегі адамның өзіне қараған от шашқан алақандай қоздерін көргенде зәресі ұшып, селк ете қалды.

Олар озен жағасына жеткенше әлденеше рет тоқтады. Сырқатты джонканың үстіне шығарып, палубаға, желкен керетін діңгек түбіне жайғастырды. Желкенді қайық орнынан жай қозғалып, өзеннің ортасына жетті. Матеоның қасына барып отырған Фань оның жүдеген жүзіне қорқа қарады. Сырқаттың мұрны қоңқып, көзі шүңірейін кеткен екен.

Осындай алыптың тірі аруаққа айналып, бойында ешқандай күш-қуат қалмағаны мүлдем аянышты еді. Матеонын ажал аранында тұрғанын анық байқады, бірақ көңіліндегі әлі де болса оңалып кетер деген үмітті сөндіре алмады.

Матео керілген үлкен желкеннің астында жатыр. Желдің күшімен мачта сықыр-сықыр етеді.

Қайықшының әйелі күнкағардың коленкесінде балық қуырып отыр. Шоқ салғыштан кок түтін созыла көтеріледі. Жағалаулар бірыңғай жартас. Мүйістерге қайықтар тоқтаған. Балықшылар ағаш сырықтарға байлаған ауларын құрып қойып, өздері қайықтарында уақыт өткізуде. Олардың жандарынан желкенді және ескекті қайықтар жылжып отіп жатыр.

– Қуырған балық жегің келетін шығар, Матео? – деп сұрады Фань. – Тәбетің тартса, мен қазір әкелемін.

– Қасымда отыршы, – деді оған Матео.

Еңсесі түскен Фань қайтадан отырды. Жағалаулар бір-біріне таянып, арна қушия бастады. Ағыс күшейіп, джонканы қаңбақина лактырады. Судың шуылы Матеоның көңілін көтеріп, жанын жадыратты. Ол қайыққа тура төніп тұрған жартас жағаны көрді. Тар шатқалдан джонка зулап өте шықты, әрі қарай жағалаулар бір-бірінен алыстап, арна қайтадан кеңіп кетті.

Матеоға қауіпті сарқырамадан өткен қайық шығанаққа шыққандай болып көрінді. Кенет біреу пышақ сұғып алғандай жүрегі қатты шаншып кетті. Алып денесінде діріл пайда болған ол кеудесін көтеріп еді, бойы жеңілдегендей болды. Бүкіл жарық дүниені қоштасарда бір шолып өтпек болғандай, көздері бақырайып, шарасынан шығып кетті.

Сәлден соң Матеоның басы жастыққа сылқ ете қалды.

Фань досының жансыз көздеріне қарады. Күн нұрын тоғип, самал соғып тұр. Қайық жағаны бойлап, баяу жылжып келеді.

Матео желкен астында жатыр. Өлім ешкімді аямайды және оған қашып құтыла алмайсың.

Бұл – үлкен бақытсыздық. Дарқан жүректі адам қайтыс болды.



Олар алаулаған жалынның ішінде шауып келе жатқандай. Батып бара жатқан күннің қып-қызыл шапағы маңайларын тегіс шарпыған. Марко Ашиманы өзінің алдына отырғызып алды. Олар шағын топтың басында келеді. Қатарларындағы Янның атының пысқырғаны естілді. Бұлардың артында Сю Сяннің төрт бірдей окқағары келе жатыр. Маңай күндізгідей емес, тып-тыныш, лүп еткен жел жоқ. Тағалардың тарсылы алысқа естіледі. Ашима селк ете қалды.

– Саған әлі де қорқынышты ма, Ашима? – деп сұрады камқор үнмен Марко.

– Білмеймін.



Жолдың бойында өскен ағаштар артта қалып жатыр. Сап-сары бидай масақтары алтындай жарқырайды. Кешкі аспанның астындағы жазықта қанатын кеңге жайған үлкен қаланың жатқандығын көптеген белгілерден сезуге болады: жол қапталынан үйлер мен лашықтар, зираттар және жерге құнар беруге, бұршақ пен қуаңшылыққа қарсы күресуге көмектесетін аруақтарға қойылған тас белгілер көптен кездесе бастады.

Олар шұбатылған керуеннің жанынан заулатып өтті. Шаршаған керуеншілер шыбыртқыларын сартылдатып, есектерінің жанында келе жатыр. Олардың көмір шаңы тұтып қалған беттері айғыз-айғыз: бұлар астанаға осында үлкен сұранысқа ие жанатын қара тастарды тасиды. Кіресілердің ауыр сапарының аяқталуына да аз қалды. Қос доңғалақты абажадай арбалар кедір-бұдыр жолда шоқақтап кетеді. Салт аттыларға жұпыны киініп, жаяу келе жатқан екі тақырбас сопы қарсы жолықты. Жалпы, жол бойындағы ерсілі-қарсылы жүргіншілер бірте-бірте көбейе түсіп, сәлден соң олардың арасын жарып өтіп жүрудің өзі оңай болмады. Жолаушылар бұларға таңдана қарайды, өйткені, сәнді киім киген мырзаның алдына әсем бикешті мінгестіріп алып бара жатқаны онша көп кездесе бермейтін көрініс еді.

Марко кобалжи бастады. Қараңғылықтың қоюланғаны соншалық, көлеңке жойылып кетті. Соңғы сағаттардағы аласапыран оқиғалар оған өз еркімен мойнына алған ауыр міндеттемесін ұмыттырып жібере жаздады. Уәделескен мезгіл де жақындап қалды. Марко Сю Сянге қараңғы түскен бойдан жететінін айтқан болатын. Сәлден соң бөгеліп қалғанда қала қақпаларының жабылатынын ескерту үшін қоңырау соғылады. Қазірдің өзінде қалаға келе жатқандардың асыға бастағаны байқалады.

– Менің қорқынышым тарап кетті, Марко, – деді кенет Ашима рақаттана күліп.

“Кішкентай Ашима”, – деп мейірлене еске түсірді Марко бұрынғы күндерді. Осы ой оның жүрегіндегі Ахмедке деген өшпенділікті қоздырып жібергені соншалық, ол дүниедегі басқа шаруалардың

бәрін ұмытып, бойын кернеген ашу-ызадан булықты да қалды. Ол Ашиманың қайда екенін хабарлап, Янның өзіне келгенін де жаратқанның жақсылығына жорыды. Ахмедтің арамза жоспарын бұзуға Янды не итермелегенін де түсіне алмай дал болды. Ол күйме көтерушіге патшалар ғана сыйлай алатындай тарту жасамақ болып шешті. Осы кезде оның есіне Сю Сян кеткен бойдан өзі жазған үш хат түсті. Үйге жеткен бойдан Янға көл-көсір сыйлық жасайды. Ал, Ашиманы не істесе екен?

Аспан мүлдем сұп-сұр болып кетті.

– Неге әңгіме айтпайсың? – деді Ашима ренжіген жандай.

Осы кезде Ян олардың қатарына келіп:

– Мырза, анау көтерме күймені көрдіңіз бе? – деді. Марко сегіз салт атты күзеткен жабық күймеге карады. – Оны неге маған көрсеттің, Ян? Неден абыржып тұрсың? – деп сұрады Марко.

– Мен құрыдым, – деп күбірледі Ян. – Олар мені жердің астына кіріп кетсем де, суырып алады.

– Түк түсінсем бұйырмасын. Дұрыстап айтшы, – деді шыдамы таусылған Марко.

– Бұл Ахмед министрдің күймесі. Ол, шамасы, қала сыртындағы өзен бойындағы үйіне бара жатыр.

Марко тізгінді тартты. Ат басын кегжитіп, тоқтай қалды.

– Сен кателескен жоқсың ба? – деп сұрады Марко. Күйме көтергендер көрінбей кетті. Уақыт жоғалтпай, өздері сол үйде қалдырып кеткен екі сақшыға хабар беріп, ескерту керек. Янды жіберсе ме екен? Жоқ, ең дұрысы Сю Сяннің оққағарларының бірін жедел аттандыру керек.

Марко оққағарлардың біреуін ымдап шақырып алып, оған үнсіз шола карады да, содан соң барып:

– Кейін қарай шап. Сен сегіз салт атты қорғап бара жатқан күймені оларға білдірмей басың озуың керек. Манағы үйде қалған жолдастарына ол жерден жедел кетуге тиіс екендерін ескерт. Олар жолмен емес, өзенді жағалап қайтсын.

– Түсіндік, орындаймыз, – деді ат үстінде шіреніп кеудесін кереген окқағар.

– Күймеде Ахмед министр бара жатыр, – деді ойланыңқырап барып Марко.

– Мен бәрін ұқтым, мырза, – деп жауап берген окқағар атының басын кері бұрып, күйғыта жөнелді.

Қоңырау үні естілді. Шабарман қараңғылыққа сүнгіп жок болды.

– Менің барғаным дұрыс еді, мырза, – деді Ян. ол бұл кезде кеудесін кереген қорқыныштан арылған болатын.

– Сен қасымда бол, Ян. Керек жерің әлі алда.

Ол жанында мұнара сорайған қаланың ақ қақпасына қарай шауып келеді. Алдында отырған Ашима аттың жалынан мықтап ұстап алған. “Неге өңгіме айтпайсың?..” Бұл сұрақты қыз неге қойды?

Қақпа алдындағы сақшылар салт аттыларды тоқтатқан жоқ. Адам тасқыны көшелерге тарап, керуен сарайларда көліктер доғарылып, аттар мен қашырлардың, түйелер мен есектердің жүктері түсіріліп жатыр. Коше бойындағы сатушылар тауарларын буып-түйіп, керілген күнкағарларды жинауда. Шеберханалар жабылған. Ханбалыққа түн келіп қалды. Тау қырқасының үстіне бозғылт ай көтерілді.

Өзінің ойлағаны іске аспап қалғанын білгенде Ахмедтің қандай күйге түсетінін Марко ойша елестеткісі келеді. “Ашиманы қауіпсіз жерге бой тасалата тұру керек, – деп ойлады Марко. – Құдіретті Ахмедтің енді маған қарсы ашық шайасқа шығуы әбден мүмкін”. Марко атын тебініп қалды. Олар кең қошемен шоқытып келе жатыр. Жүргінші сирей бастаған. Қоңыраудың екінші рет қағылар кезі де таяп қалды. Коше қиылысына келгенде окқағарлар Марко Поло, Ашима және Яннан болініп кетті.

– Біздер келдік пе? – деп сұрады сары күймеге мінгеннен бері бір адамның өмірін откергендей болған Ашима.

Қызметші оларға қақпаны ашып, өздерінің тып-тыныш ауласына кіргенде, кенет бүкіл қауіп артта қалғандай, Марконың бойын

жайбарақаттылық билеп алды. Болмесінен жүгіріп шыққан Ю бикешті күшақтай алды. Ол біресе күліп, біресе жылайды.

Қоңырау екінші рет қағылды. Көшеде тірі жан жоқ. Марконың ессі бойынша Ахмед ендігі қала сыртындағы үйіне жетуге тиіс. Марко Ашима мен Янды өз болмесіне шақырды. Қызметші шам жағып, шай әкелді. Ян босағада тұр. Ашима Маркоға карама-қарсы отырды. Қыз Марконың бірдеңені уайымдап отырғанын байқады.

– Отыр, Ян. Бізде уақыт аз, – деді Марко.

Ян да отырды. Марко оған ұзақ уақыт көзін аудармай қарады. Янның шаруаларға ғана төн бег әліеті оған ұнап қалды. Марко жазу үстелдің құпия тартпасынан ақша шығарып, оны Янның алдына қойды.

– Мына ақша сенікі, Ян.

Ян түк түсінбей, ақшаға қарады. Сосын басын шайқап:

– Алмаймын, мырза, – деді.

Бұл ақша әкесіне әжептәуір жер сатып алуға, үй салуға және әрі қарай ештеңеден тарықпай, ауқатты өмір сүруге молынан жететін еді.

Марко Поло ақшаны Янға қарай ысырды.

– Аласың, – деп мығым айтты ол, сосын Ашимаға қарап:

– Біз оған өзінді құтқарғаны үшін қарыздармыз, Ашима. Ахмед сені ұрлап әкетуге бұйрық берген. Жаңа, қала қақпасының қасында, ол бізге қарсы жолықты. Қазір үйіне жетті, бәрін білді, – деді.

– Ахмед пе? – деп сұрады Ашима. – Оған не керек менен?

Маркоға қандай қауіп тәніп тұрғанын бойжеткен осы кезде ғана сезінді. Тек өзін құтқарып алғаны үшін ғана Марко осы сұмырай адамның қаһарына иікті. Енді Ахмед Маркодан міндетті түрде өш алады.

Саған бұл жерде қалуға болмайды, Марко! – деді даусы дірілдеген Ашима. – Жылдам қаш, олар сені өлтіреді. Қыз атып тұрып, Маркоға жүгіріп келіп, оның нығынан тартты.

– Сен не, керемсің бе, Марко? Нені күтіп отырсың?

Өзін салмақты ұстап отырған Марко күліп жіберді.

– Мені емес, сені сенімді жерге жасыру керек, – деді ол.

– Ертең кешке дейін ғана. Кешкісін басымыз қайтадан қосылады.

Сосын ол Яннан: – Сен мына бикешті ертеңге дейін жасыра тұратын жер табасың ба? – деп сұрады.

Янның достары көп еді. Оның есіне әп дегеннен наубайшы Ли түсті. Ли осы маңнан үш жүз кадамдай-ақ жерде нашар лашықта тұратын. Ханшадай бикешті қайыршының тұрағындай лашыққа апарғаны қалай болар екен?

– Не айтасың, Ян? – деп сұрады Марко, оның богеліп қалғанын байқап.

– Тура осы маңда, мырза, сенімді адамдар тұрады... Алайда олардың лашығы...

– Бір минут бикештің қасынан кетуші болма, – деп сыбырлады Марко. – Егер мен ертең кешке дейін оралмасам, онда Ханбалықтан қызбен бірге қашыңдар. Ақшаны және мынау асыл тастарды ал.

Ашима бүкіл әңгімені, әрбір сөзді анық естіді. Марко өзінің Янмен бірге кеткенін қалайды.

– Ешқайда бармаймын, Марко. Мен озіңмен бірге қаламын.

Күйме көтеруші бөлмеден шығып кетті. Марко Поло оның есікті мұқият жапқанын байқады. Балауыз шамның жарығы беттеріне түскен олар оңаша қалды. Жапырақтарды тербеткен самал жел жабық терезеден саңылау тауып, бөлмеге де салқын лебін жайды. Ауладан жылқының кісінегені естілді. Қызметші құдыктан шелекпен су тартып жатыр.

Оларға судың төгілгеніне дейін естілді. Бұларды күткен Ян бақ жолымен ерсілі-қарсылы серуендеп жүр.

– Маған бүгін Сю Сян келіп кетті, – деді Марко Ашимаға. – Ол кезде Ахмедтің сені ұрлатқанын мен білмеуші едім. Бірақ, бәрібір мен оған Ахмедтің көзін жоюға көмектесетінімді айттым. Енді, қазір, өзімнің дұрыс қадам жасағанымға еш күмәнім жоқ. Ахмед – қанішер. Халықтың қанын сорьп бітірді.

– Мені неге баска жаққа жібермексің? – деді Ашима. Марко Поло қолын оның иығына салып, қызды өзіне жақындатты.

– Матеоның кетерінде не айтқанын тыңда, Ашима. Оның сөздері менің есімнен кетпейді, саған айтудың ыңғайын таба алмадым... “Мүмкін, Ашима бізбен бірге Венецияға баруға келісімін берер. Өзің бір орайы келгенде сойлесіп көр”. Міне, Матео маған осылай деген.

Өзінен жауап күткен Маркомен Ашиманың көздері түйісіп қалды.

– Матеоның есіл-дерті Венеция еді, – деді Ашима. – Егер сен қаласан, Венецияға барамын, бірақ Матеоның өзі қайда?

– Чипингуге жорық сәтсіз аяқталды. Кемелердің көпшілігі жойылып кетті.

**Ян есікті қақты.**

– Кешіріңіз, мырза, егер Ахмед министр шабармандарын бұрынырақ жіберсе, олар қазір келіп қалады, – деді ол

– Бара бер, Ашима, – деді Марко. – Яннан қалма. Ертең кешке қайтадан жолығамыз. Солай болуға тиіс.

– Шіркін, Матео болғанда ғой... – деп күбірледі Ашима.

\* \* \*

Жұлдыздар жымыңдаған аспан император бағының үстіне тоніп тұр. Ол коктемнің көркем түніне керемет жарасады. Алтын айдың айналасын қоршаған көгілдір бұлттар бейне бір гүлтәж тәрізді. Ай сәулесі колдерге, бақтарға тегіс төгіліп жатыр, тұтасқан шөп арасында әр жерде әсем гүлдер тербеледі. Сан ғасырлық зәулім ағаштардың діңдері алыстан қарауытып қана көрінеді. Бақтың ана басында шақырған кокектің даусы мына басына жетпейді.

Копір астында жалтырап озен ағып жатыр. Оның бойымен қайық жүзіп барады. Ұзын сырыққа жолды жарық қылатын шырақ ілінген.

Ескекші қайықтың артында тұрып есіп келеді. Сарайдағы байбатшалар мен бибілер, күтушілер мен қызметшілер мына түннің рақатына батуда. Беймаза Жамбы қатын императормен бірге Шандуға – жүз сегіз күмбезді қалаға кеткен болатын. Сондықтан,

оның сақшылары түнімен бақты кезіп жүрмейді, бүгін оларға кезігем деп қорықпауға болады.

Қасына Сю Сяннің окқағарын ерткен Марко Поло Жасыл сарайға келе жатыр. Қақпа аузындағы сақшылар оны тоқтатқан жоқ, ойткені, онда тәуліктің кез келген уақытында император бағына келіп-кетуге рұқсат еткен ұлы ханның өз мөрі басылған алтын пайцза бар еді. Әрбір маңызды оқиғаның қарсаңындағыдай Марко ойлаған шаруаларының орындалар сәтін тағатсыздана күтті. Оған, тіпті, төбеде жұлдыздар жымындаған айлы түн де ешқандай әсер еткен жоқ. Бүгін түнде Ахмед олуге тиіс, егер Сю Сян солай ұйғарса, Марко оны өз семсерімен кескілеп тастауға дайын.

– Міне, олар осында, мырза, – деді окқағар, екеуі прек жолмен төбенің басына котеріліп, Жасыл сарайдың терезелерінен комескі жарық анық көрінген кезде.

Сарай алдында зәулім ағаштар жартылай шеңбер құрап осіп тұр. Табалдырыктан аттар кезде Марко қаншама қырғын болып жатса да, ешқандай өзгермей өсе беретін ағаштармен және гүлдермен қоштасқандай айналасына сұқтана көз тастады. Сосын бірнеше залдан өтіп барып, Марко шағын бөлмеге келіп кірді.

Ол төртінші болып келіпті. Жиналғандардың балауыз шамдардың жарығы түсіп тұрған бет әлпеттеріне қарағанда оның есіне еріксізден ежелгі қытай ақынының: “Кіммен кездессең де, ешқашан ойынды түбіне дейін ашып айтушы болма. Өз еркінді толығымен бөтен адамның билігіне берме”, – деген сөздері түсті.

Марко үнсіз бас иіп амандасты.

Үстел басында Оңтүстік қақпаны қорғайтын он мың сарбаздың қолбасшысы әскербасы Ванчжу бұрын оңтүстік аймақтарды жаулап алған император әскерінің бас қолбасшысы болған, қазір Ахмедтің жапқан жаласынан орнынан алынған Чжаны және Сю Сян отыр екен.

Үшеуі қатар көтеріліп, Марконың тағзымына жауап қатты.

– Отырыңыз, Марко Поло мырза. Келгеніңіз үшін сізге алғыс айтамыз, – деді Сю Сян.

“Өз еркінді толығымен ботен адамның билігіне берме”, – деп іштей тағы қайталады Марко. Оның бұларға деген көңілі пәк болса да, Марко жұмбақ жандардың алдында тұрғандай болды.

– Не болды, мырзалар? Неге үндемейсіздер? – деп сұрады ол

– Біз сізді көп күттік, – деген Ванчжудың даусынан сенімсіздік сарыны сезіліп тұрды.

Марко Поло бұлардың өзіне күдіктене қарап отырғанын байқады. Ванчжуға қаттырақ айтып тастай жаздаған ол райынан қайтып, Сю Сянге қарап:

– Менің неге ертерек келе алмағанымды сіздер білуге тиіссіздер. Себебін оққағарларыңыз айтқан жоқ па еді? – деді.

– Білемін, Марко Поло мырза. Ванчжу сіздің көңіліңізге тиім деп ойлаған жоқ, – деді жуып-шая сойлеген Сю Сян, сонан соң Ванчжуға қарап, үзілген әңгімені әрі қарай жалғады: – Сіз қателесесіз. Сіз айтқандай іс жасау үшін көп ақылдың қажеті жоқ. Оған әлі ертерек. Қазір тауларда алау тұтатып, белгі беруге болмайды. Түсін мұны Ванчжу. Сізді досыңыздың өлімі әбден ашындырған. Бұл да – Ахмедтің қанішерлігінің әсері.

– Қала-даланың бәрінде адамдар біздің белгіні тағатсыздана күтіп отыр, – деді Ванчжу.

– Бірақ дайын тұрған қалың әскерден аяушылық күтуге болмайтынын ұмытпа, – деп жауап қайтарды Сю Сян.

– Құл болып, аталарымыздың аруақтарына кір келтіргенше, еркін жүрің, майданда өлген артық.

Сю Сян орнынан атып тұрды. Түрі адам танымастай өзгеріп кетті. Оның көпшілік білетін жайдары, дана келбетінен із қалмаған, бойын ашу-ыза кернегені білініп тұр.

– Аузыңды жап, Ванчжу, – деді ол қызынып. – Не деп отырғаныңды өзің де білмейсің. Бәрін ақылға салып істеу керек. Біз Ахмедтің көзін жоямыз және оның қызметтегі бүкіл жандайшаптарының сазайын тарттырамыз. Бұдан басқаға дәл қазір шамамыз жетпейді.



– Құл болып жүре береміз... – деп мінгірледі Ванчжу.

Қарт ғұлама мен әскербасы арасындағы қызу пікірталасты Марко Поло екі ұдай оймен тыңдады. Ол Құбылай ханның билігіне қарсы бағытталған қастандыққа араласпауға тиіс. Сондықтан Сю Сяннің басым түскенін қуана қабылдады. Көтеріліс жасау жоспарына басы қонуіне тура келді.

Чжанын бұл әңгімеге араласқан жоқ.

– Мүмкін, Ахмед келе қоймас, біз босқа күтіп отырған шығармыз, – деді ол бір кезде.

Сю Сяннің қолдары шапанының кең жеңдерінің ішінде. Оның ашуы басылған болатын, Ванчжу да райынан қайтқан еді.

– Тауға шығу да және ол жерде жолбарыс соғу да қиын, – деді Сю Сян. – Жүріңдер, тақ мұрагерінің сарайына барып, балауыз шамдарды сол жерде жағайық.

Дегбірі кеткен Ахмед министр болмесін ерсілі-қарсылы кезін жүр. Қызметші шам біткеннің бәрін жақты. Қару-жарақтың сыңғырлағанынан аулада оққағарлардың қозғалғаны білінеді. Есінін ашқан хатшыға теңселіп жүрген Ахмед қоз алмай, ұзақ қарады.

– Мейірімді мырза...

– Өшір үніңді... – деп ақырды Ахмед.

Беті қайтып қалған хатшы босағада тұрып қалды. Ахмед оған ешқандай назар аударған жоқ. Шым-шытырық ойлардан басы айналып кетті. Кеудесін кернеген ашу-ызадан жарыла жаздап тұр, өйтсе де жүрегінің түкпіріне жасырынған қорқыныш та жоқ емес. Сандің қанға боккен денесі мен аксиын қалған аузы көзіне елестеген сайын жүрегі су ете қалады. Қызды алты қарулы сап аттыны бастан келген Марко Полоның өзі құтқарып алып кеткенін қызметшілері айтып берді. Ол бірден Ханбалыққа оралды да, венециялықты қамауға алуға жарлық етті. Оның екі езуінен зымияндық табы білінеді. Императордың оң қолына қарсы келуге батылы барғаны үшін-ақ Марко Поло өмірімен қош айтысуға тиіс. Алайда Құбылай ханның алдында өзі де жауап беруі керек екені есіне түскенде

бойында аздаған сенімсіздік пайда болды, әйтсе де бұл мәселеде Жамбы қатыннан көмек боларына үміттеніп, көңілі қайтадан орнына түсті. Өліктің аузынан сөз шықпайды, ал, Марко Поло болса, ертең күннің шыққанын көрмейді, Ахмед осылай боларына сенімді. Венециялық өз бұйрығы бойынша зынданда өлтірілгендердің алды да, соңы да емес.

Самалдай жарық оған ұнамады.

– Не бітіріп тұрсың? – деп ақырды хатшысына. – Жеті шырақты сөндірі.

Хатшы бұйрықты жылдам орындауға тырысты. Кем де емес, артық та емес, жеті шам ғана соғу керек. Министр мырза сандардың киесі болатынына қатты сенетін. Хатшы шырағданнан шырағданға қозғалып, саусағын сілекейлеп алып, балауыз бітелерді өшіре бастады.

Ахмед министр оған жақтырмай қарап тұр.

– Не болды? Олар қайтып оралды ма? – деп сұрады ол.

– Шабарман келді, мейірімді мырза, – деді хатшы. – Ұлы мәртебелі мұрагер принц Чимким сізді өзінің сарайында күтіп отыр. Ұлы мәртебелінің сізбен жедел жүздескісі келеді.

Танданған Ахмед кілт тоқтады.

– Мұрагер принц Чимким дейсің бе? – деп қайта сұрады ол. – Ол Ханбалыққа қашан келген? Мұны неге маған хабарламаған?

– Ұлы мәртебелінің келгеніне бір сағат болды, – дейді. “Оның менімен сөйлескісі келеді, шамасы, тығыз шаруасы бар шығар”, – деп ойлады Ахмед.

Принц Чимкимнің жеті түннің ішінде тек өзін ғана шақыртып жатқаны Ахмед үшін үлкен мақтаныш болатын.

– Бар, күтушіге айт, менің мерекеде киетін киімдерімді әкелсін. Қозғал, жылдам! Котерме күймені дайындат, менімен жеті оққағарым бірге жүреді.

Күймені Даду қақпасының алдында тоқтатқан кезде Ахмедке жиырма мың сарай сакшыларының қолбасшысы монғол Коготай хан кездесуге келді.

– Қайда бара жатырсыз, Ахмед мырза? – деп сұрады ол  
 – Ұлы мәртебелі так мұрагері Чимким менімен әңгімелескісі келеді, шақыртып жатыр.

Коготай хан бір қадам кейін шегінді.

– Так мұрагері Чимким дейсіз бе? – деп қайталап сұрады ол таңданған пішінмен. Ол Дадуда жоқ қой.

– Ол бір сағат бұрын оралды, – деп болмады Ахмед.

– Қалай ол маған білдірмей құпияланып келе қалды. Мен оған сақшылар жіберуге тиісіні ғой.

– Жүре беріндер, – деп бұйырды Ахмед күйме котерушілерге.

– Коготай хан, енді білдің ғой ұлы мәртебелі принцтің оралғанын. Так мұрагері Чимкимнің менімен аса тығыз шаруа жайлы жүзdesкісі келетінін айттым. Қайырлы түн! – деді ол.

Коготай хан күйменің артынан ұнатпай қарап тұрды. Өркөкірек ақымақ!.. Ол Құбылай ханның аса лауазымды қызметтерге жаткерліктерді тағайындауының сырын түсінбей дал болатын.

Монғол сақшылары мырзалардың әңгімесін толық естіді, алайда ләм-мим деген жоқ. Найзаларын қыса ұстаған олар, тас мүсіндерге ұксап, қақпаның қос қапталында мелшііп тұр.

– Сендер так мұрагері Чимкимнің өз нокерлерімен откенін көрдіңдер ме? – деп сұрады сақшылардан Коготай хан.

– Көрген жоқпыз, мырза.

Ауыр ой құшағындағы Коготай хан басқышпен котеріліп келеді. Ол анда-санда аялдап, биік ағаштардың үстімен жұлдыздар жымындаған аспанға қоз тастап қояды. Сонда қалай, Чимким солтүстік қақпадан кірген бе, ал өзіне мұны сарай күзетшілері хабарлауды ұмытып кеткен бе? Кезекшілер болмесіне кірген Коготай хан өзін көргенде орындарынан атып-атып тұрған сақшыларға қолымен отыра беріндер деп ишара жасады. Орындықтың үстіңгі жағын жарық қылып екі май шам жанып тұр. Тер мен шуаш сасыған болменің ауасы қолқанды атады. Самсаған найзаны есікке жалғас қабырғаға сүйеп қойынты.

– Менің атымды ерттей берсін және маған садақ пен жебелер әкел, – деп бұйырды сәл ғана уақыт ойланған Коготай хан сарбаздардың біріне.

Чимкимнің жасырын оралуы оның мазасын кетірді. Ол сарайға барып, Ахмедтің айтқанының рас немесе өтірік екенін өз көзімен көргісі келді.

Осы уақыт ішінде күйме екінші қақпадан да өтіп, Ахмед император бағына келіп кірді. Ол селдір ағаштар арқылы көрініп тұрған сарай терезелеріндегі жарықты байқап, күлімсіреп көңілі өсіп қалды. Қолбасшымен арадағы әңгіме де оның мәртебесін көтеріп тастады. Ол өзінің Марко Полоны қамауға бұйрық бергенін Чимкимге айтсам ба екен деп әжептәуір толқыды, дегенмен өзір үндемей күте тұрайын деп шешті.

Император мен тақ мұрагері Чимкимнің сарайларының арасын бөліп, жағасы мәрмәрмен көмкерілген суы қап-қара өзен баяу ағып жататын. Оның үстімен ақ көпір өтеді. Күйме келіп қалғанда сарайдың ішіне бір адам зып берді. Семсерін қынабынан суырып, қолына ұстаған Марко Полоға министрдің келе жатқанын сол айтты.

Марко Поло баған артына бой тасалады. Қабылдау бөлмесінің іші кара күңгірт. Сарай дәлізінен сан бағытқа тарайтын есіктердің алдын Сю Сяннің оққағарлары күзетіп тұр, Ванчжу мұрагер принцтен аумай, жайбаракат калыпта такка жайғасқан. Беті анык көрінбейді. Қолына жалаңаш семсер ұстаған Чжаньи так түбіндегі бағанның артында. Сю Сян тактан сәл алыстау жерде тұр.

Күймеден шыккан Ахмед өзінің оққағарларына есік алдында күтуге бұйрык берді. Ашык тұрған сырткы есіктен кірген ол, так мұрагеріне соңғы уақытта Ханбалыкта болған оқиғаларды қалай кызыкты етіп баяндайтынын ойластырып, жан-жағына көз де салмай, қабылдау бөлмесіне тіке тартты. Оның аяк басқан дыбысы тыныш сарайда өте жақсы естіледі. Жүргенде көленкесі жылтыраған кара кызғылт бағандарға бір түсіп, бір өшеді. Алып зал ішіндегі көзге қораш осы адам бейне бір сарайды аралап жүрген елес секілді.

Күңгірттеу жерлерден өтіп, аспалы шам астымен келе жатқан Ахмедтің үстіндегі зерленіп, оюланған көгілдір шапаны алтындай жаркылдайды. Оның көңілі көтеріңкі. Принцпен болатын алда тұрған әңгіменің сипатын үшқыр қиялы сан-саққа жүгіртеді. Шындығында император отбасының көңілін айтқызбай табатын, әңгімелесушінің бет әлпетінен оның ішіндегісін біліп отыратын, мәртебелілердің астына білдірмей көпшік қойып жіберіп, сеніміне кіріп кететін осы өзінен асқан кім бар? Ордада императорға ешкім де дәл өзіндей ықпал ете алмайды. Міне, осынау алып империяға үздіксіз қаржы министрі болып келе жатқанына он екі жыл болды, оның үстіне Құбылай хан Ханбалықтан бір жаққа шыға қалса, астана қаланың бар билігін өзіне сеніп тапсырып отырады.

Дәл осы кезде Коготай хан да император бағымен күйғытып келе жатқан. Қара айғырының тасқа тиген тағаларының дыбысы жер жарады. Коготай ханға түннің сұлулығы әсер еткен жоқ, оның бар ойы Чимкимнің бар-жоғын біліп, Ахмедтің сөзін тексеріп шығу. Әскербасы сарай терезелеріндегі жарықты алыстан байқады. Оның кара арғымағы ақ көпірден қосылғып отті. Атынан түскен ол тізгіні жүгіріп келген күтушіге ұстата салды.

Тәтті ойға берілген Ахмед тұяқ тарсылы естігенмен, оған мән бере қойған жоқ. Так тұрған залдың босағасында екі сақшы тұр екен. Министр Чимкимнің кіммен болса да такта отырып әңгімелесетінін жақсы білетін. Қызметші ол келгенде есікті ашты. Такта отырған принцті көрген Ахмед етпеттеп, маңдайын жерге тиізіп, тағзым етті. Принц оған тұр, такқа жақынырақ кел деп қолымен белгі берді. Әр шырағдандағы бес балауыз шамның тек біреуі ғана жанып тұр. Жарықтың аздығынан сарайдағы сән мен салтанатты көрсететін ою-өрнектер де, әсем жиһаздар да анық көрінбейді. Зал іші құлаққа ұрғандай тып-тыныш, тек шатырдың бір қуысына ұя салған қос қарлығаштың ұшқан дыбысы ғана мүлгіген тыныштықты арагідік бұзып кетеді.

Үндемеген, амандық-саулық сұрамаған принц Чимким таққа жақындап келе жатқан Ахмедке қарап отыр. Қара көлеңкеде министрге оның жүзі көрінбеді, тек көзі ғана жылтырайды. Оның коңіліне үрей кірді. Принц неге үнсіз, неге қозғалмайды? Таққа таянған Ахмед маңдайын үш мәрте жерге тигізіп тағы да тағзым етті. Сол сәтте арт жағынан шыққан дыбыстарды естіді, бірақ бұрылып қараған жоқ.

Баған артынан шыға келген Чжаньи таққа қарай ұмтылды. Семсерін бір сілтегенде-ақ Ахмедтің басын шауып түсірді.

Тақтан түскен Ванчжу өзінің аяғының жанында жаны шықпай жатқан қылмыскерден көзін алар емес. Ол жан досы Чуй Иннің қазасы үшін кек алды. Кенет басын котерген Ванчжудың көзі қарсыдағы есікке түсті. Бетіне жарық сәуле тоғіліп өтті, құлағына ызбарлы дауыс естілді, тура сол кезде адырнасын тартып, садағын кезеп, есік алдында тұрған Коготай ханды корді. Жебе зу ете қалды. Ванчжу ажал оғының тура өзіне қарай ұшып келе жатқанын сезіп үлгерсе де, одан сақтана алмады. Жебе оның түп-тура жүрегіне келіп қадалды.

– Мұныңыз не? – деп айқайлап жіберді Марко Поло. Сіз Ванчжуді өлтірдіңіз ғой.

Ол сарай күзетінің бастығының алдында қолына қынаптан суырылған семсерін ұстап тұр.

Коготай хан адырнаға жаңа жебені салып, садағын Маркоға кезеді.

– Таста семсерді. – деді ол салқын сөйлеп. – Сен тұтқынсың.

Марко өзіне кезелген жебенің жылтыраған ұшын анық көрді. Адырнаны шірене тартқан монғол өзінен екі-ақ қадам жерде тұр. Егер бұлшық еттері бұлтылдаған қол жебені жіберіп қалса, онда өзінің де тақ түбінде өліп жатқан Ванчжуға ұқсап омақаса құларына күмән жоқ. Коготай хан қысыңқы қиғаш қоздерімен Марконың әр қимылын қалт жібермей бақылап тұр.

Кенет Маркоға жебе мен екі арада Ашима тұрғандай болып көрінді. Қыздың өзін оқтан қалқалаған бейнесі көз алдында

көлбеңдеп тұрып алды. Марко семсерді лақтырып жіберді. Сол кезде Сю Сяннің саңқылдаған даусы естілді. Ол:

– Сабыр ет, Коготай хан, садағыңды кеземе, – деді.

Қытай ғұламасы өліктердің жанынан жылдам адымдап өтті. Чжаньи өліктің жансыз жанарына қарап, Ванчжудың қан-селезі бетіне үңіліп тұр.

– Біз Ахмедті қылмысы үшін олтiрдік және ол үшін ұлы мәртебелі императордың алдында жауап береміз, – деді Сю Сян. Бізге кетуге рұқсат етіңіз. Біз ертең таңертең Шанлуға жүруге тиісіңіз.

– Мен сарай күзетінің бастығы ретінде осындағы төртін үшін жауап беремін. Сіздер тұтқындалдыңыздар, – деп қонбеді Коготай хан. Сосын сол жерде тұрған сарбазға қарап: – Жылдам қақпаға барып, сарай сақшыларына хабар бер, – деп бұйырды.

Сарбаз не істерін білмей, богеліп қалды, өйткені ол Сю Сяннің оққағары еді.

– Бұйрықты орында, – деді оған Сю Сян және Коготай ханға қарай бұрылып: – Біздің ешқайда қашпайтынымызды сіз өзіңіз көріп тұрсыз. Сіз бізге бүгін түнде Ахмедті айыптау қағазын жазып шығуға мүмкіндік беріңіз. Оқиға жайлы естігенде ұлы мәртебелінің не айтатынын есіңізден шығармаңыз, – деп сөзін жалғады.

– Алға түсіндер және Чжаньи семсерін тапсырсын, – деп бұйырды Коготай хан.

Сю Сян, Марко Поло және Чжаньи Коготай ханның алдына түсіп, сыртқа шығып келеді. Олардың құлағына әрі-бері жүрген адамдардың даусы, қару-жарактың сыңғыры естіліп жатыр.

Көктемнің көркем түнінің шырқы осылай бұзылды. Салақ асынған сұсты сарбаздардың беттеріне шырақтың жарығы түсіп тұр. Көкектің шақырғанына құлақ тосып жатқан жан жоқ. Біреу:

– Тыныш-ш-ш... – деп күбірледі.

Тақ залындағы шырақтарды ешкім сондірген жоқ. Алтын тақтың түбінде Ванчжудың өлі денесі жатыр.



Фань Гун-ду әп-сәтте өңі түгіл түсінде көрмеген мол байлыққа кенелді де қалды. Енді оның ұлы ханның мөрі басылған бір бума қағаз ақшасы бар, қажет етсе, меншігіне жер де, үй де сатып алуына болады. Мойнында асыл тасқа толы былғары қалта ілулі тұр. Астында кашыр, жетегінде ат. Фань өзіне бағалы киім сатып алуды да ұмытқан жоқ. Жол-жөнекей кездескен шаруалар оған мырзалардай құрмет көрсетуде.

Досына қабірді Фань өзен жағасындағы биік жарқабақтан қазды. Матеоның беті жағалаудағы жартастарға қаратылды. Ол саздақ, топырағы сары жерге жерленді. Фань оның қабіріне бұл пәнидегі ең қымбат затын – қайтыс болған қызының ши қалпағын қоса көмді.



Содан соң ол мәйітті құзғын-қорқаулардан қорғау үшін қабірдің үстіне тау кылып, тас үйді.

Тауды жарған өзен тар шатқалдан атылған тығындай арындап шығатын. Қазанда қайнап жатқан судай бұркылдаған арнаны қос қапталдан қысып тұрған кедір-бұдыр тас қабырғалар ескекшілердің есін шығаратын. Бұл тұста джонкалар рульге бағынбайды. Иірім оларды қағаз қайықтай шыр айналдырып, зуылдаған жебенің жылдамдығындай көз ілеспес қарқынмен жартастарға қарай ала жөнеледі. Содан кілт бұрылған өзен арнасымен бірге қайық та көзден ғайып болады.

Мына сойдақ жартастарға соғылып, талқаны шыққан қайықтарда есеп жоқ. Осы тар арнаны қайықшылар “жыланның ордасы” деп атап кеткен, өйткені, түнде толқындар джонкаларға күмістей жалтылдаған жыландардай жармасып, палубадағыларға жан-жақтан сансыз жылан ысқырып жауғандай болып көрінетін.

Моланың басында тұрып Матеомен қоштасқанда Фань екеуінің бірге өткізген күндерінің әрбір сәтіне дейін есіне түсіруге тырысты. Бұл сапар оған серігінің денсаулығы нашарлап, күн өткен сайын ауруы асқынып, жүріс-тұрыстарына кедергі келтіргеніне қарамай, осы өміріндегі ең көңілді, ең бақытты кезең болып көрінді.

Фаньға әйелі мен қызын еске алып қайғырудан да, күріш еккен алаңқай етегіндегі тар лашығын сағынудан да осы қаза ауырлау тиді.

Қырандар мен қаршығалар жоғарыдан жартастарға шүйлігердей қалықтап бір орнында тұрып алады да, бір кезде қанаттарын қағып-қағып жіберіп, бұрылған өзенді қуалай, бағыттарын кілт өзгертіп, көзден ғайып болады. Тастақ жерде ағаш та, бұта да өспейді, тек кейбір жартас жарықшаларынан көк шөп қылтияды. Жабайы қойлар мен ешкілердің аштан олмеуіне осы шөп сеп болады. Жалпақ желкен астында көз жұмған Матео жартасты биік жағалауға жерленді.

– Қош, қошам, – деді Фань. – Сенімен жүрген тамаша еді ғой. Мен барлық тапсырмаңды орындаймын.

Ханбалыққа дейін үш күндік жол қалды. Фаньға ендігі жерде тауық пен қозы ұрламаса да болар еді, алайда үйренген әдет оңайлықпен қала ма? Қанша тырысса да, тастай алмады. Күн батып бара жатқанда ол жолдан шығып бір ағаштың түбіне жайғасты да, маңайында ботен ешкім жоқ екенін байқап алып, шөп үстіне орамалын жайды. Ат пен қашыр жанында жайылып жүр. Бір кезде тұсынан құйғытып шабарман өте шықты. Ерінің қасына император поштасы салынған қызыл қапшық ілініпті. Фань жаушының алысырақ кеткенін күтіп отырды да, барлық ақшаны орамаға қойып, лағыл тастарды да сонда төкті. Асыл тастар оттай қызарады.

– Ой, өлгенің қиын болды-ау, – деп күрсінген Фань жарқыраған лағылдарды алақанымен көлегейледі. – Енді не істесем екен, Қожайын? – деп ол өлікпен күбірлеп сөйлесіп отыр. – Сен неге: “Ақшаны өзін ал, атты да алуыңа болады, ал қалғанының бәрін достарыма апар”, – демедің. Сенің солай айтуыңа болатын еді ғой, ал сен болсаң: “Өзіңе керектің бәрін алуыңа болады”, – дедің. Мұны қалай түсінемін, Қожайын? Пенденің ештеңеге тоймайтынын өзін жақсы білесің ғой. Оның шыт көйлегі мен дамбалы болса, ол бұдан былай жібек киім киюге ұмтылады, содан жібекке қолы жеткен соң, ендігі жерде ескі лашықта қалғысы келмей, тура Ву мырзаның тұрағынан ешқандай кемдігі жоқ гүл мен жеміс жайқалған бағы бар әдемі үйде тұрғысы келеді. Егер оның тұрағы тау бөктерінде болса, ол бірте-бірте қала сыртындағы алқаптан күтушілер мен қызметші әйелдер ұстайтын жай салып алғысы келеді. Адам деген тойымсыз ғой. “Өзіңе керектің бәрін алуыңа болады”, – дедің де, қиналдырып қойдың.

Фань ауыр күрсінді. Ол лағылдарды жапқан алақанын қотеріп қалып еді, тастардың жаркылынан көзін аша алмай қалды. Бұл тастарды ұлы мәртебелі Бадахшан патшасынан қандай қиындықпен алғаны жайлы Матео оған айтқан болатын. Фаньның құлағына тағы да көңілді санарласының қарқылдан күлгені естілгендей болды. Кенет оның көз алдына боп-боз болып өлгелі жатқан адамның: “Мен

өзімде бардың бәрін, ақшаны, асыл тастарды Ашимаға қалдырамын. Сен Маркомен және қызыммен бірге бол. Менің тілегім осы. Ал өзіңе керектің бәрін алуыңа болады. Қалаға сен Оңтүстік какпа арқылы кіріп, Мың еселенген бакыт көшесімен жүріп отырып, үшінші қиылыстан Марко Полоның үйін табасын”, – дегені келді.

Бір тәуліктен соң ол Ханбалыққа да жетеді. Онда алтын діңгекті мәрмәр сарайлар толып жатыр дейді. Ал, адам саны алқанта қанша күріш дәні болса, сонша көрінеді. Осыншама адам тұратын үлкен қаладан Мың еселенген бакыт көшесін табудың өзі оңай шаруа бола қоймас. Фаньның бұл көшені іздеп табатынына қожайын қалай сенді екен? – Ой, олгенің қиын болды-ау, – деп күбірлеген Фань көзін ашты. Лағылдарға тағы да қарады. Батып бара жатқан күн шапағына шағылысқан асыл тастар ошақта маздаған шоқтай жарқ ете қалғанда, Фаньға лағылдар от тамшыларға айналып, біртіндеп өзінің дүрсілдеген жүрегіне құйылып жатқандай болып көрінді.

Матеоның моласына тас үйілді, бұл жерге асау арнаның шуылы мәңгі естіліп тұрады. Аспанда қырандар қалықтап жүр. Отанынан алыста, сары топырақта, ши қалпақтың жанында капитан Матео мәңгі тыныстап жатыр. Шошып кеткен Фань жалт қарады. Айтқан тілегін орындамаса, капитан Матео ашуланып жүрмей ме?

Жол бойымен түйелі керуен өтіп барады. Фаньның қашыры және ат бұтаның жапырақтарын жеп жатыр. Су жағасында бір топ үйрек жүр.

– Қожайын, сен менің не ойлағанымның бәрін біліп жатырсың. – деді Фань. – Өзің барлық байлықтың жартысын мен алсын деп санайсың ба? Жарайды, маған сол да жетеді. Ал, Мың еселенген бакыт көшесін мен қалайда табамын. Бұл жайлы аландама, – деді де Фань Гун-ду, көзіне бірдеңе көрінгендей абыржып, кок жүзіне қарады.

Ол бұтақтары сойдия біткен қалың жапырақты ағаштың саясында еді. Бұтақтан-бұтаққа ұшып-қонған құстар тынымсыз сайрайды. Жерде отырған адамның жан дүниесінің күйзелісінде олардың

шаруасы жоқ. Аяғына бірдеңе түскенде Фань шошып кетті, бірақ оның көктен емес, құстан келген пәле екенін көріп, жүрегі тез орнына түсті.

Фань асыл тастар мен ақшаны тең бөлді де, бұл байлықты қойнына мұқият тығып, бойы жеңілдеп, жолға шықты.

Ол сол түнді қараңғы түспей тұрғанда жетіп қалған қалашықта өткізді.

Келесі күні ертелетіп жолға шыққанында маңайдағы егіс алқаптарының бәрін қалың тұман басып жатты. Содан күн шыққан кезде оның сәулелері айналаны тұмшалаған боз тұманды жылдам таратып жіберді. Маңай жаңғырып, сан құбылып, айрықша реңге бөленді. Жанында жетектеген бала бар, бойы биік, мығым денелі біреу Фаньға қарама-қарсы келе жатыр. Жолаушылардың күріш сабағынан тоқыған шарықтары әбден тозып, киімдері күнге күйіп кеткен екен.

“Бейшаралар-ай, жаяу-жалпы жолға шығыпты, шамасы, ұзақты күнде ауыздарына бір асам күріш бара ма, бармай ма, білмейді де ғой. Енді біраздан соң, Қытайда қайыршылар шаруалар мен колөнершілерден көбірек болады...” – деп ойлады Фань Гун-ду. – Өзінде бір қалтадай күріш қалған сияқты. Ол баланың көзіне қарады. – “Зағип, жастайынан соқыр болған, – деп аяушылық білдірді ол. Ол атын тоқтатып, жерге секіріп түсті.

– Қайырлы таң! Ханбалыққа дейін әлі көп пе? – деп сұрады ол ақжарқын қалыппен.

Фань жолаушының самайындағы таңбаны көргенде есіне өзінің қойнындағы байлық түсті. Ол бұл адамның өзіне ұзақ қарағанын және жүзінде қалың қайғы мен мұң жатқанын байқады.

– Менен қорықпай-ақ қой, мырза. Мен ұры да, қарақшы да емеспін. Ертең тал түсте Ханбалыққа жетесіз.

– Ван қайырымды адам, – деді зағип бала. Орынсыз қорыққанына күлкісі келген Фань Матеоға қалай еліктегенін өзі де сезбей, Ванға қарап:

– Сенің ойың қалай, ұлым? Бізде қылмыскер атану оп-оңай. Жолда келе жатып тауық ұстап алсаң, зынданға түсесің, тәніңе таңба бастырасың. Бүгінде сақ жүрмесең болмайды.

Қалалықтың көңілді әңгімесіне күлімсіреген Ван кенет байсалды қалыппен:

– Менің атым Ван, Ханбалықтық ұстамын. Сенсеңіз, ешкімге ешқашан жаманшылық жасаған емеспін, – деді.

Бала бамбук сыбызғысын алып, бір әуенді ойнай бастады.

– Мен оңтүстікке бара жатырмын. Мүмкін, сол жақтан бір жұмыс табылып қалар, – деді Ван.

– Неге Ханбалықты тастап барасың? – деп сұрады Фань.

– Неге?... – деп көңілсіз қайталады Ван. – Мүмкін, онда маған ұнамайтын шығар...

Орынсыз сұрақ қойғанын аңғарған Фань сыбызғы үнін беріс тындап тұрғанда Ван кенеттен:

– Тоқтатшы, Ши. Сен таңның атуынан күннің батуына дейін сыбызғынды сызылтудан жалықпайсың. Менің құлағым ауырады. – деді.

Зағип бала ойынын үзе қойды. Баланың бұрын ұстаханада тартқан әуендері оның есіне сол шақтағы өмірін түсіретін. Ши мұны білетін болғандықтан ашуланбайтын.

– Қалай тамаша ойнайды! – деді Фань. – Тоқтай тұрындар, осы менде бір қалташа күріш бар сияқты еді, сіздерге берейін, қажеті болар.

– Бүгінгі күн сәтті басталды, Ши, – деді Ван, көлденең көк аттының қайырымдылығына бір түрлі ыңғайсызданып. – Рахмет сізге, мырза. Сапарың оң болсын! – Содан соң жайлап қана: – Біздің атымыздан Ханбалыққа бас иіп, сәлем айтарсың, – деді.

Қос қапталында зәулім ағаштар өскен жалпақ жолмен сансыз жүргінші жүріп өткен. Биіктен шүйілген күн күріш отырғызып жатқан немесе ауыр соқаның соңында келе жатқан шаруалардың арқаларын алау оттай күйдіріп барады.

Жазық ортасындағы төбешік бөктерінен әскери лагерьдің шатырлары көрінді. Фань самсаған шатырдың санына жете алмады. Алқаптарда мініс аттары жайылып жүр. Садақпен қаруланған салт аттылар тобы жол капталымен ерсілі-қарсылы шауып, жүзбасының қадағалауымен аттарын кілт бұру өнеріне жаттығып жатыр. Аттың басын жіберген сарбаздар тізгінді кенет тартып қалғанда артқы аяқтарына тұрып, алдыңғы аяқтарын көтерген аттар кілт бұрылып, кейін қарай зулаған жебедей зымырайды.

Аң терілері жабылған әсем кең шатырдың сыртына шыққан әскербасы сарбаздардың қимылын жігі бақылап тұр.

Жолға шыққан кездерінде Фань әскери лагерьлерді жиі кездестіретін. Олар негізінен үлкен қалалардан төрт-бес шақырым жерде тұратын: әскери дайындықтан өткен сарбаздар кез келген уақытта атқа қонуға дайын жағдайда болады.

Монғол және қытай сарбаздары Құбылай ханның билігін қорғайтын, соның ішінде оңтүстік аймақтан келгендер міндетті түрде солтүстікке, ал солтүстіктен келгендер, керісінше оңтүстікке, туған жерлерінен бірнеше мың шақырым жердегі аймақтарға жіберілетін. Оның үстіне әрбір екі жыл сайын әскер басыларды алмастырып отырады.

Жолдағы көріністер Фаньды еріксіз ойға батырды. Козге көрінбейтін күйзеліс мұндай терең болар ма?! Зағип баланың сыбызғы тартуы ма, әлде оны жетектеген адамның таңба басылған бетіндегі мұң ба, неге екені, несімен тебіренгені белгісіз, таңертеңгі кездесу Фаньның есінен шықпай-ақ қойды.

Аттардың сауырлары жібектей жылтырайды. Өзіне тым жақын жерден күйғытып өтіп жатқан сарбаздардың бет-ажарынан олардың күштарлықпен жаттығып жатқандығы байқалады.

Бәлкім, оның дорбадағы жебелерден тезірек құтылғаны дұрыс шығар? Қытайларға қару ұстауға тыйым салынған ғой.

Сарбаздардың тұсынан аман-есен өткеніне ол қатты қуанды. Тұс кезінде кішкене қалашыққа келіп жеткен Фань дәмханаға кіріп,

күріш, үйрек еті, мыжылған ет, бамбук пен лотос тамырынан жасалған байбатшалар ғана жейтін тамаққа тойып алды. Ол Матеоны сағынышпен еске түсірді. Өзінің қу құлқынын толтыру үшін қыруар ақша жұмсағанын арсыздығым деп ойлады.

“Ренжіме, Қожайын. Бүгін кешке тегін тауық ұстап, кеткен ақшаның орнын толтырамын”, – деді ол іштей.

Фаньға астанаға жақындаған сайын ішкі толқуын басу қиындай берді. Қаншама ұмытайын десе де оның ойынан ақша мен лағыл шығар емес. Ішкі пайымдауларында келе-келе Матеоны кінәлау орын ала бастады. “Менімен бірге жолда келе жатудың орнына сен өліп қалдың және өлер алдында өзіңе керектің бәрін ала бер дедің. Өмір сүру қаншама қиын болса, мен не істеймін? Шамалы ғана тамақ ішкенімде қаншама шығынға батқанымды өзің біліп жатырсың. Мен сенің тапсырманды орындау үшін Ханбалыққа бара жатырмын. Маған да болашағымды ойлау керек қой. Өзің айта қойшы, Қожайын, сонда мен өз жағдайымды ойлауға тиіс емеспін бе?”

Жолдағы бір сырт көзден қалтарыстау жерге келгенде Фань ақша мен лағылды қайта бөлуге кірісті: байлықтың төрттен үшін өзіне қалдырды, төрттен бірін Ашиманың үлесіне сайды. Содан соң ол жол-жәнекей тауық ұрлап алып, оны тазалап, отқа пісірді де, сылқия тоя тамақтанып, ашық аспан астына, қашыр мен аттың ортасына жата кетті. Бірден ұйықтағанмен, ұйқысы тыныш болмады.

Фань түсінде көп қиналды. Оған қарақшылар шабуыл жасап, өзін үндірге алып кеткен екен. Ақша мен асыл тастар сол үндірде жатыр. Қарақшыларды басқарып жүрген алып денелі адам бетпердесін сыпырып тастап еді, Фань Матеоны бірден тани кетті. Келемеждеп күлген Матео өзінің айбарлы даусымен: “Сен мұның бәрін ұрлап алғансың, Қожатай! Енді дарға асылуға тиіссің, – деді.

Фань күн шықпай оянды. Қашырдың тасасында отырып, ол сол көтеріліп, әлі де болса тұман басып буалдырланып жатқан алаптарды шолып шықты. Сосын ол қалтыраған колдарымен кеудесін және шүберек белдігін сипап көрді. Ақша да, асыл тастар

да өз орнында екен. Оның көңілі орнына түсіп, жолға жинала бастады.

Ханбалық маңына Фань кештете жетті. Бұл Ахмедті өлтіргеннен кейінгі күн болатын. Түнгі оқиға жайлы хабар ауыздан-ауызға тарап, жәмиғатты желпінтіп жіберді. Қолөнершілер мен саудагерлер көшелердің бұрыштарына топ-топ болып жиналып немесе аулалар мен шайханаларда шүйіркелесе кетіп, Ахмедтің ажалының қалай жеткенін бүге-шігесіне дейін білгілері келеді.

Сарайдың қос қабат қабырғаларына да және лезде аяқтарынан тік тұрғызылған он екі мың адамнан тұратын Дадудың күзетшілеріне де қарамай, бұл хабар атқан оқтай жылдам тарады. Тіпті сол түні-ақ Ахмедтің өлімі туралы әңгімелер әлдебір құпия жолдармен орданың сыртына шығып кетті, ал таңертең жел жеткізгендей бұл жайлы бүкіл қала халқы хабардар болды. Ханбалықтан шыққан бұл хабар алып империяның аймақтарына император поштасынан да бұрын жетті.

Көше кезіп жүретін жаршы шалдар түнгі оқиғаның бүкіл жай-жапсарын қалың бұқараға жеткізуден жалыққан жоқ.

Қала толы сарбаз. Топ-топ салт аттылар бір көшеден екінші көшеге өтіп, жиналған қауымды қуумен әлек, алайда сарбаздар кеткен бойдан олар қайтадан жинала қалады. Қала қақпаларында сақшылар жолаушыларды үш қайтара тінтіп өткізіп жатыр.

Сол себептен Фань Гун-ду қала маңында аялдай тұруды жөн көрді. Ол ауқатты жолаушыларға арналған керуен сарайдан бөлме жалдады. Аты мен қашырын көліккөраға орналастырып, өзі кешкісін қала жаққа шықты. Кішкене алаңда жаршыны қоршаған тобырға қосылып, оның әңгімесін рақаттана тыңдады. Шал даусын кенен, айтқан сөзінің ырғағына қарай таяғымен жерді тықылдата отырып былай деді: – Құстардың ұшатыны, балықтардың жүзетіні, аңдардың жүгіретіні жайлы мен жақсы білемін. Жүгіргенді де, жүзгенді де ұстап алуға болады, ал ұшқанды атып түсіресің. Менің түсінбейтінім – айдаһардың толқынға қарсы қалай жүзетіні, желге қарсы қалай жүретіні және көкке қалай ұшатыны. Мен бүгін Сю



Сянді кордім. Ол нағыз айдаһарға ұқсас жан емес пе? – Соңғы сөздерді ол даусын төмендетіп айтты.

Жиналған топ рақаттана дем алды. Адамдардың бәрі басқа да астыртын күрескерлер секілді өз үйінде қамауда отырған Сю Сянің тағдырына қатты алаңдайтын еді. Шынында да ол дауылға қарсы жүріп, толқынға қарсы жүзіп, жау қолынан құтылып кеткен айдаһардың нақ өзі емес пе?

– Оған күдіретті жаратқан он мың жыл ғұмыр берсін, – деп айқайлап жіберді бір әйел.

Қала кезуден шаршаған және жаны жаңа әсерлерге бөленген Фань Гун-ду жолда көп бөгелмей, керуен сарайға оралды. Содан кешкі тамағын ішті алған ол қараңғы түскен бойдан бөлмесіне кірді. Жұқа қабырғалар арқылы көршілердің сыбырлағанына дейін естіледі екен. Сықсынып балауыз шам жанып тұр. Фань қолымен айнадай жарқыраған үстелді сипап, бүкіл еденді жауып жатқан кілемнің өрнегіне қызыға көз тастады. Оның жүктері жерде жатқан еді. Кестеленген көк жабу бұл жерге сән берер емес, сондай-ақ Фаньның сансыз қапшықтары мен дорбалары бұл бөлмеге үйлесе қоймасы анық. Ол бүкіл заттарын бұрышта тұрған әбдіреге салды да, тосесіне отырып, ойға батты. Фань ешқашанда мынандай қабырғалары сары сазбен боялмаған әсем бөлмеде нағыз мырзалар сияқты рақат өмір сүретін кезім болады деп ойламаған болатын. Оның қалада естігенінің бәрі есінен шығып кетті. Көршілердің дыбысы да басылды. Тек ауладан атшының бірдене істеп жатқаны есітіледі. Сондай-ақ сыртқы есіктің жабылған дыбысы, алыстан иттердің үргені құлаққа келіп жатыр.

Мұның бәрі көрген түс секілді. Ол енді аттың да, қашырдың да жағдайына алаңдамайды: оларды басқалар жемден, басқалар суарып жатыр. Қайда жатам, не ішем, не жеймін демейді. Оның үстінде жүннен тоқылған жұқа киім, қажет етсе, ертең-ақ жібек киім сатып ала салады. Үстел үстінде бір шәшке шай тұр. Оны әкелген күтуші Фаньнан тағы не қажет екенін сұрады.

Оған не керек болсын? Фань ауыр күрсінді. Ертегі бітті, кәдімгі өмір басталды. Ертең ол Оңтүстік қақпа арқылы қалаға кіреді... Мың еселенген бақыт көшесі, сол жаққа үшінші бұрылыс... Әрине, ол Матеоның соңғы тілегін орындайды. Оны орындамау мүмкін емес, мұны істемесе, ол қалған өмірінде рақат көрмейді. Бірақ, түбегейлі шешімге келу қиың, өйткені, Матеоның: “Өзіңе керектің бәрін алуыңа болады”, – дегені тым түсініксіз. Әрбір сөзі оның есінде... Фань орнынан жайлап көтеріліп, бөлме ішін шолып шығып, есіктің ілгешегін салды. Сосын ол ақша мен асыл тастарды қайтадан алып, оларды тең емес екі бөлікке бөлді.

– Фаньның бет әлпеті мүлде өзгеріп кетті, ол маңдайын тыржитып:

– Егер сен келіспесең, онда айт... Мен қазір ең әдемі лағыл тасты Ашима үшін таңдаймын, ант етем, – деп күбірледі.

Фаньның жүрегі кеудесіне сыймай, дүрсілдеп кетті. Ол өлі досы өзін қиыс басса, ұрысады деп шынымен сенетін. Бөтен дауыс шыққан жоқ.

– Мен сенің келісетініңді білгенмін, – деді ол бойы жеңіл тартып.

Фань ақшаны және асыл тас салған қалташаны жастығының астына тықты да, ар-ұзданы тазарғандай болып, жарықты өшірді де, ұйқыға кетті.

\* \* \*

Сю Сяннің үйі қоңыраулы мұнараға жақын, қаланың орталығында болатын. Қызметшілер әдеттегідей аяқтарын ақырын басып, сыбырлап қана сөйлеседі. Марко Поло, әскербасы Чжаньи және Сю Сян ғалымның үйінің кітапханасында қамауда отыр. Бұл түннің оқиғаларынан олар қатты шаршаса да, ұйықтамай, айыптау актісін жазып жатыр. Ахмедтің он екі жыл билік басында болғанда жасаған қылмыстары жайлы білгенде, Марко Полоның төбе шашы тік тұрды.

Уақыттың қызу жұмыспен өткені соншалық, олар таңның атқанын білдіретін қоңырау даусын еміс-еміс естіп, ұйқыдан оянған қаланы құшағына алған күн сәулесі төгілгенде ғана шаршаған-

дықтарын байқады. Үстел үстінде айыптау актісі жатыр. Оны сарай қызметінің бастығы Коготай хан Шандудағы Құбылай ханға өз хабарламасымен қосып жібергеніне дейін тағы бір рет қарап шығу керек.

Марко басын жұдырықтарымен тіреп, көзін жұмды. Күн сәулесі оған ұнаған жоқ. Көңілі аландап, қастары қағылып отыр. Оның көз алдына тағы да Ванчжудың ажал жебесін қасқая қарсы алып, тақ алдына жансыз құлағаны келді, тағы да Коготай ханның: “Таста семсерді! Сен тұтқындалдың” – деп бұйыра ақырған даусы естілді. Марконың бейне бір өзін ажалдан арашалағандай, қарсы алдынан Ашиманың бейнесі шыға келгені түсті. Осылай қалғып-мүлгін, ұйқылы-ояу отырып, қызды қамаудан босатқандағы қуанышты сәтті есіне түсірді... Міне, еріндеріне қуаныш күлкісі үйірілген қыз, не істерін білмей, ол “Ашима!” – деп айқайлап жібергенше, орнынан қозғала алмай қалды. Ашима өзін сүйеді, Венецияға бірге кетемін деді...

Марконы ұйқы жеңді.

– Тыныстап алсын, – деді Сю Сян.

Әкелген тамақтарын үстел үстіне қойған қызметшілер бөлмеден шығып кетті. Бүгінгі түн оқиғаларынан жүйкесі әбден тозған Марко адамдардың күбір-сыбырын есітіп, басын көтерді.

– Мен, шамасы, ұйықтап кеттім-ау, – деді ол

– Демал, демалуға хақың бар, – деді оған Сю Сян және венециялыққа өзіміне қарап: – Айыптау актісі дайын. Біз Коготай ханды күтіп отырмыз, Барып аз да болса, көз шырымын алыңыз. Поло мырза, ойткені сіз Шандуға жүресіз, сондықтан бізге қарағанда тыңдау болғаныңыз жақсы, – деді.

Кенет Чжаның:

– Ванчжу болса, қаза тапты, – деді.

Сю Сян еңкейіп, қолына айыптау актісін алып, оқи бастады:

– “Біздер, түкке тұрмайтын пақырлар, әлемге өмір жүргізуші қытайлықтардың императоры ұлы хан Құбылайдан өтінеміз...”

Қарт ғалымның үніндегі сабыр мен сенім Сю Сян тізіп шыққан қылмыстардың естіген құлаққа әсерін күшейте түседі. Марко Поло жұдырығын түйсе, Чжанын бөлме ішіне сыймай, теңселіп кетті.

“...Ахмед императорға білдірмей екі жүз мың теңге қағаз ақшаны қалтасына басты, өз әмірімен алты министрді тағайындады, ұлы мәртебелінің үкімет поштасына өзінің бұйрықтары мен жеке құпия қызметінің мәліметтерін тасуға ғана нұсқау берді; бидай, ағаш, фарфор, жібек, тас көмір, мата және өсімдік майын өндірушілерге қосымша салық енгізді. Ахмед сөз жүзінде халықтың тұрмысын және әл-ауқатын көтеріп жатырмын дегенімен, іс жүзінде орындалуы мүмкін емес талаптар қойып, сондай-ақ аяусыз жазалау жүргізіп, барлық аймақтарды аздырып, тоздырды. Аға бақылаушы Цуй Ю мен мемлекеттік хатшы Чуй Ин және тағы басқа жолына бөгет болған көптеген қайраткерлер Ахмедтің ұйымдастыруымен жазаланды. Ол барлық жерлерде адал қызметкерлерді орындарынан алып, зынданға қамап, олардың орнына ішіп-жеуіне ыңғайлы оз адамдарын тағайындады. Шексіз байлыққа кенелген ол, белгілі адамдардың қыздары мен әйелдерін ұрлады...”

– Әрі қарай оқымай-ақ қой, Сю Сян, – деді Чжанын.

Ғалым айыптау актісін үстелге қойды. Марко Поло орнынан көтеріліп, терезе алдына келді. Аулада бір топ сарбаздар тұр екен. Күзетшілер үйді қыбырлаған жөндік өтпестей етіп қоршаған. Сарай сақшыларының бақылауында қалған ауладағылар қалада не болып жатқанынан хабарсыз.

Күткен кезде уақыт өтпейді. Коготай хан неге кешікті екен? Айыптау актісінің дайын болғаны оған мәлім ғой.

Ашима есіне түскенде Марконың бойын үрей билейді. Шандуға жүрер алдында ол қызбен жолыға алмайды, кім білген, бәлкім, ендігі жерде оны көре де алмайтын шығар...

Барлығы Құбылай ханның көңіл күйіне байланысты. Егер оның іші ауырып немесе басқа бір себеппен сіркесі су көтермей отырса, онда, ол, тіпті айыптау актісін оқып жатпай-ақ, бұларды өлім

жазасына кесе салуы әбден ықтимал.. Жамбы катын да Шандуда жүр. Ахмедті адам қылған сол ғой. Бәйбіше бұл мәселеге де араласпайды дейсіз бе? Осы бір шаруаға қатысуға қалай ғана келісімін берді, Ахмедті өлтіруге несіне араласты? Сю Сян неге оны, Марко Полоны, Құбылай ханға аттандырып отыр. Ахмедті айыптау қорытындысымен таныстыру үшін ол өзі неге жолға шықпай қалды?

Марко козін бұрған кезде Сю Сяннің өзіне қарап отырғанын көріп, бойын билеген қорқақтық пен пендешілік үшін ұялып қалды. Ахмедтің өзіне және Ашимға жасағандарын ол бір мезетке де есінен шығармауы керек қой. Өзі Коготай ханның тұтқынында отырған соң, әрине, жағдайы оңып тұрған жоқ. Ал, Ахмед тірі қалған жағдайда ол, Марко Поло, ендігі сол құзғынның тырнағына бүрілген болар еді. Ахмедке қарсы әрекетке қатысатынын Ашима ұрланбай тұрғанда-ақ айтқаны есіне түскенде, ол өзіне-өзі риза болды. Ахмедтен өзінің қаракан басының қамы үшін ош алуға шешім қабылдамай тұрып-ақ және ғалымнан қорған іздемейтін кезінде-ақ Сю Сяннің жағына шыққанын есіне алды. Марко сойтіп, бұл жолдан соңына дейін тайсақтамай өтуге бел буды.

– Сен өзіңнің қалыңдығың үшін қиналып тұрсың ба? – деді Сю Сян. – Саспа, қолдан келгеннің бәрін жасаймыз.

Ол мұны үлкен мейіріммен айтты.

– Ризамын сізге, мейірімді мырза, бәрі дұрыс болады деп сенемін. – деп жауап қатты Марко Поло.

Қызметші Коготай ханның олармен кездесуге келе жатқанын хабарлады. Мұны естіген Марко жігерленіп, шаршағанын мүлдем ұмытып кетті. Сарай күзетінің басшысы кіргенде іштегілер орындарынан тұрды. Оның екі оққағары босағада қалды. Алғаш бойлы, дембелше келген Коготай хан тура Марконың алдына тоқтап, негін көтеріп, өзінің қысық көздерімен оның бетіне ұзақ қарады. Күміс дулығалы, үстіне бірыңғай әскери киім киген Коготай хан өте сұсты қорінеді, тобелескіш қораздарша қоқиланады. Түңгі

оқиғалардан кейін өзінің иығына ауыр жауапкершіліктің салмағы түскенін сезінген ол бірден өзгеріп сала берді, осы әскербасыға тән бұрынғы қайырымдылық нышандарынан із де қалған жоқ. Ұзын бойлы, жауырыны қақпақтай венециялыққа шұқшия қараған ол екі бүйірін таянып, бөлмеде ерсілі-қарсылы жүріп алды.

Кенет ол кілт тоқтап, сүк саусағын созып:

– Сонымен Шандуға сіз барасыз? Жарайды, жүре беріңіз... Билеушіміз сіздерге не істейтінін өзі айтады... Империя астанасын қорғауды өз қолыма алғанымды оған жеткізерсіз. Сізбен бірге мың сарбаз аттанады. Өзіңіз олардың нақ ортасында қоршауда боласыз. Олар сізді көздерінен таса қылмайды. Осыны есіңізде ұстаңыз. Егер қашпақ болсаңыз, өлдім дей беріңіз. Мен осылай бұйырдым. Бүгін ертемен Ханбалықтан шабарман аттанды. Сіздер Шандуға барғанға дейін бақылау кеңесінің бастығы Есен-Темір ұлы мәртебеліге менің хабарымды жеткізеді. Мен не көргенімнің бәрін мұқият жаздырдым... Есен-Темір – менің туған ағам. Қиын болмаса, оған менен сәлем жеткізіңіз... Ал, енді, айыптау актісін алыңыз да, жолға шыға беріңіз. Аулада сізді күзетшілер күтіп тұр...

Ұзақ сөйлеген Коготай хан тершіген маңдайын сүртті.

– Маған қосып отырған құрметті карауылыңыз үшін үлкен рахмет, – деді Марко. Үнінде болар-болмас мысқыл ізі бар. – Сакшылардың саны мол.. Мен құрметті Есен-Темірге өзіңізден сәлем жеткіземін және ұлы мәртебеліге астана күзетін қолыңызға жұмылдырғаныңызды хабарлаймын.

Марко Поло сәл иіліп тағзым етті де, монғол дәстүрі бойынша саусағының ұшын өзінің жүрек тұсына, самайы мен маңдайына тигізді.

Сю Сян Марко Полоға келіп оны құшақтады. Чжанын да онымен құшақтасып қоштасты.

– Дзе, дзе, – деді Коготай хан. – Көк аспан сізге жар болсын.

Аулада Маркоға тарғыл барыстай сымбатты арғымақтың тізгіні берілді. Мұндай көліктің тиюі Коготай ханның венециялықты жек

көрмеуінен деп білу керек. Бір қарғып Марко Поло ерге қонды. Ол салт аттылардың қас ортасында құйғытып келеді. Көңіліндегі күдікті ойлар тарап, шаршағаны ұмытылып кетті. Самал жел бетін желпіп келеді. Күн тау артына күлады, ақ шарбақтардың бойындағы ағаштар мен бұталар гүлдеп тұр, сатырлаған тұяқ үні жүрек тебіренер әуен секілді. Түнде так мұрагерінің сарайында өткен оқиғалар оған бұл өмірде болмағандай көрінді. Бойын билеген бостандық буына мас болып келеді.

Ол атын тебініп қалып, сауырына сипай қамшы салды да, даусын аса көтермей:

–Жүйткі, Қабылан, – деді ат жалына еңкейе түсіп.

Марко мынау тамаша аттың шапқан сайын тынысы ашыла бастағанын байқады. Басын көтеріп кісінеп жіберген жануар. тұяғының жерге тиген-тимергені білінбей, алға қарай октай зымырады. Бейне бір ұшып келе жатқандай. Қосын Солтүстік қақпадан тоқтаусыз шықты. Салт аттылар Ақ көлдің жағасындағы император аң аулайтын арнайы қорықтан өтіп, Шандудағы жазғы сарайға апаратын жалпақ жолға түсті.

Монғол сарбаздарының самайларынан тер бұршақтан тұр. Олардың қарулары күнге шағылысып, жарқ-жүрк етіп, қамшылары ауада ойнап, алға ұмтылған кілең торы аттарының жалдарын жел желпіп келеді.

Ахмедтің өлімі туралы хабар халыққа сарбаздардан бұрын жетіпті. Бүкіл ел шаттыққа бөленген, көпшілік өтіп бара жатқан отрядтың артынан ашу-ызамен көз тастайды. Кейбір қалаларда жұртшылық көтеріліске шығып, Ахмедтің жандайшаптарын ұстан. өз қолдарымен жазалауға дейін барған. Мұндай қалаларға табан астында әскер кіргізіліп, бұқараны қуып таратып, көтерілісті күшпен басып жатыр. Қалаларға таяу орналасқан лагерьлердегі отрядтар әрқашанда соғыс жағдайына дайын тұратын. Қазір Ванчжу мен Сю Сяннің есімдері елдің аузынан түспейді. Сондай-ақ Ахмедтің көзін жоюға қатысқан әскербасы Чжанын және тағы бір

сақалды жатжерлік адам жайлы әңгіме де оршіп тұр. Сондықтан болар, үлкен жолдың үстінде мың сарбазды бастап келе жатқан Марконы көргенде көпшіліктің көңіліне сол жұрт айтып жүрген батырың осы емес пе екен деген ой орала береді. Алайда монғол әскері өздерінен осы жайлы сұрамақ болғандарды қуалап, ешкімге сыр ашпайды.

Сапар барысында Марконың жүрегінен қуаныш сезімі арылмады. Оған алда тек жақсылық күтіп тұрғандай көрінді, ауыр жағдайда, тағдыры қыл үстінде тұрғанын ұмытып кетті. Тек қырканың қиыр биігінен кенеттен императордың жазғы көркем ордасы – Шандудың баққа оранған үйлерін, жайқалған бауларын, сарайлары мен ғибадатханаларын, жалпы қоз жауын алар көріністерін көргенде барып, оның есіне алдында аса маңызды мәселе тұрғандығы түсті.

Шандуға айыптау актісімен оны, Марко Полоны, жіберіп, Сю Сян керемет көрегендік танытты. Өйткені, император венециялықты алғаш көргеннен-ақ қатты ұнатқан, сол қалпын осы күнге дейін бұзбай келеді.

Марко қала қақпасына келіп кірді. Оның алдына жалпақ бас коше жатыр. Бөтен ештеңе білінбейді, коше толы күнделікті шаруасымен жүрген халық. Осындайда қасымда Матео болғаны қандай жақсы еді деп, ол өзінің ақылды, сергек, ер жүрек досын есіне алды. Марко осы жолы өзінің жалғыздығын қатты байқады. Өзін қоршаған монғолдың мың сарбазының қозқарастарынан ызбардан басқа ештеңе сезілмейді. Ол Құбылай ханның өздерін алғаш рет қабылдағандағы әрбір сәтті есіне түсіріп, бойындағы үрейлі ойдан арылуға тырысты.

Шандудың тас тоселген бас кошесімен келе жатқан аттардың тағаларынан шыққан дыбыс құлақты тұндырады. Жүргіншілер шетке ысырылып, садақ асынған сарбаздарға жол беруде. Саят аттылардың коше бойындағы дүңгіршіктерге түскен коленкелері өздерімен бірге жылжып барады. Күн ашық, ауада көкөніс пен көк шоп иісі аңқып тұр. Дүкен жаймаларында тау-тау болып көк жуа



мен кырыккабат жатыр. Шопті жерлерде шегірткелер шырылдайды. Байсалды зергерлер асыл әшекейлерді саудалап жатыр. Шағын алаңқайда екі сайқымазақ жиналған жұртқа онер корсетіп, мөзмейрам кылуда. Олар үшкір найзаны аспанға атын жібереді де, сосын аузымен қағып алады.

Жарық дүниенің осындай суреттерін Марко соңғы рет коруім мүмкін-ау деп ойлаған жоқ. Императордың бағы мен сарайы қаланың екінші жақ шетінде еді. Ол желіп келе жатқан атын тебініп жіберіп, қамшымен жонынан қаттырақ тартып, шаба жонелді.

– Жүйткі, Қабылан!

Марко тағы да бостандықтың бас айналдыратын тотті сезіміне беріліп кетті. Міне, қакпа ашылып, ол сарай бағына келіп кірді. Тыныныш, айнала ағаштар, айлар... Екінші қакпаға жеткенде сарбаздар тоқтатылып, тек торт оққағарын ерткен Марко ғана сарай күзетінің басшысымен әрі қарай отті. Сарайдың қасбеті ақ мәрмөрмен қапталған екен, ал әр түсті бояумен боялған шатыр күн сәулесіне шағылысып, тіпті келбетті корінеді.

Марконы қарсы алған кызыл жібек киім киген қызметкер оған иіліп тағзым етті:

– Бақылаушылар кеңесінің басшысы Есен-Темір мырза сізді күтін отыр, мейірімді мырза, – деді.

– Мені сол кісіге апарыңыз, – деді Марко Поло. Есен-Темір бұл қызметке таяуда ғана тағайындалған, сондықтан венециялық онымен таныс емес еді. Марко кеңсе табалдырығынан аттай бергенде, таң қалғаны соншама, әрі қарай орнынан қозғала алмай қалды: оның алдында осыдан торт тәулік бұрын Ханбалықта қолтасқан Қоғотай ханның нақ озі тұр еді. Ағайындылар бір-біріне күйіп қойғандай үксас екен. Алайда Марко бақылаушылар кеңесінің торағасының болмысы озінің бауырынан мүлдем бөлек екенін бірден байқады. Қоғотай хан тік мінез, бірбеткей адам болса, Есен-Темір қулығына құрық бойламайтын қызметкер. Оның мысық көздері кіріп келген Маркоға найзадай қадалып тұрып алды. Марко Есен-Темірдің бұл

көзқарасына абыржи қойған жоқ, әрі қарай не боларын күтті. Сәлпәл маңдайы жиырылғаны болмаса, Марконың тарапынан ешқандай асып-сасқандық білінген жоқ.

– Құлағым сізде, Марко Поло мырза, – деген сөз шықты бір кезде монғолдың дембелше ноянының аузынан.

Осыны айтқанда өзінің өткір көздерімен Марконы бұрынғыдан да жіті көріп тұру үшін оның мойны алға қарай барынша созыла түсті.

Осы кезде Маркоға Есен-Темірдің әбден әжім басқан көріксіз беті анық көрінді және оның есіне ноянның тек бірнеше жыл ғана бұрын алыс қиырдағы жайлаудан астанаға келгендігі жайлы біреулерден естіген әңгімелер түсті. Құбылай хан оны жастық шақтағы үзентілес жолдасы ретінде шақыртқан екен, сосын бір көңілді кезінде ноянның қытайша да, ұйғырша да білмегеніне карамай, бақылау кеңесінің бастығы етіп тағайындап жіберген.

Қалай болғанда да қарт сарбаз адам тани біледі, оның үстіне құдай берген ақылдан да кенде емес. Құбылай ханның алдында ол өте беделді еді. Сарай маңындағылар Есен-Темірдің небір дәрекіліктеріне күле қарап, оған жағынуға тырысатын.

– Сіздің туған інііз Коготай хан өзіңізге сәлем жеткізуді өтінді, – деп бастады сөзін Марко Поло.

– Сіз, немене, мұнда сәлем айтуға келдіңіз бе? – деп, сұрақ қойды Есен-Темір.

– Олай емес, – деді қысқа ғана Марко Поло. – Маған кез келген сұрақты қойыңыз, мен жауап беруге дайынмын... Менің айыптау актісін жеткізгенім сізге белгілі ғой.

Бақылау кеңесінің бастығы Марконың қолынан жазу толы қағаздарды алды да, оларға көзін де салмай, үстелге тастай салды.

– Сіздің жасыңыз нешеде? – деп сұрады ол. Марко оған таңырқай қарады да:

– Жиырма тоғыздамың, – деп жауап берді.

– Соғыста қанша жауынгерді өлтірдіңіз?

– Не деп тұр мына шал? Неге бұған айдаладағы қыңыр сұрақтарды қояды? Марконың байқауынша оның қысық көздері өзіне ықыластана қарайтын секілді. Әлде қате түсінді ме екен? Мүмкін, бұл қақпанға түскен олжасын рақаттана қызықтап тұрған аңшыға тән көзқарас шығар?

Майданға шығып ешкімді өлтіріп көрген жоқпын. Сіз менен мұны неге сұрап тұрсыз? – деді Марко.

Қарттың жүзінен жауапқа қоңілі толмағаны білінді.

– Үндеме, – деді ол бұйыра сөйлеп, сосын көп уақыт үнсіздіктен соң: – Коготай хан – нағыз батыр. Бір кездерде бізді көрген жауларымыздың зөрелері зәр түбіне кететін.

Марко Доло Есен-Темірдің түсініксіз әңгімелеріне мән бермеген дұрыс шығар деп ойлады.

– Коготай хан сіз арқылы маған сәлем жолдады ма? – Есен-Темір тағы да ұзақ ойланып барып: – Ол маған шабарман жіберіпті... Сонымен сіздер әбжылан Ахмедтің басын шауып тастапсыздар ғой. – деп сөзін жалғады.

Үстелден айыптау актісін алып, оны Маркоға ұсынды да:

– Мен мұны оқи алмаймын. Өзіміздің әміршімізге баяндау үшін сіз өзіңіз маған дауыстап оқып беріңіз, – деді.

Бақылау кеңесінің бастығы тас мүсіндей түйіліп, Марконың қарсы алдына отырды да, тура екі сағат уақыт Ахмедті айыптаудың актісін зейін қоя тыңдады. Бұл уақыт ішінде болмеге ешкім кірген жоқ. Кеш жақындап, көленке ұзара бастаған кезде әріптер ойнақшып, Марконың жанары тала бастады. Ол қытайшаны бар білігін салып монғолшаға аударып отыр, бұл оның басын айналдырып жіберді. Ең соңғы сөйлемге жеткенде ғана Марконың бойы жеңілдеп, тынысы ашылды.

Есен-Темірдің жүзінен бұрынғыша түк білінбейді.

– Мен сізді тыңдадым. Біздің әміршіміз тынығуға тиіс. Бар шаруаны мен оған ертен баяндаймын. Ал, сіз, енді боссыз, тек сізге бақтан шығуға болмайды, – деді ол.

Марко Поло үйден екі ұдай оймен шықты. Өзін ақылды, әлде ақымақ кылып көрсетті ме, оны осы қинады. Қу шалмен болған әңгімеден ештеңе ұқнады. Әйтсе де Марконың жүрек түкпірінде шаруа онша жаман емес деген сенім орнықты. Ол сенім көрі тұлкінің: “Сонымен сіздер әбжылан Ахмедтің басын шауып тастапсыздар ғой, – дегені еске түскенде тіпті нығайғандай болды.

Күтуші оған жататын бөлмесін көрсетті. Марко шамалы бой жазып алу үшін баққа қарай беттегенде оның соңынан өзін көздерінен бір сәтке таса қылмайтын төрт оққағар ере шықты.

Келесі күні Марко елең-алаңда оянды.

“Егер Құбылай хан мені өлім жазасына кессе, біздің қарттардың күні қандай болады? Оларды да ешкім аямас. Бар байлықтарын тартып алатын шығар?” – деп ойлады Марко.

– Әмірші Жұпар сарайында демалып жатыр. Мен оған бәрін баяндадым. Ол өзіңізді күтіп отыр. Ол өткен түнде дұрыс ұйықтай алмапты. Ермегі – тотықұс қауырсындары... – деді оған Есен-Темір.

“Неге осы мені айналдыра береді, әлде жүрегімді шайлықтырғысы келе ме? – деп ойлады Марко Поло.

Әдеттегідей Есен-Темірдің белінде балдағына саф алтын жапсырылып, асыл тастар ойылып қондырылған қысқа семсер салбырап тұр.

Елең-алаң. Таң енді атып келеді. Мұндай уақытта қылмыстылар жазаланады, ұйқысы нашарлар оянады.

Жолды жағалай өскен алып ағаштардың бұтақтары бір-бірімен айқасып кеткен. Есен-Темір мен Марко бейне бір көк үнгірге кіріп кеткендей. Ағаш діндерінің ара-арасында кеспектей болып үн-түнсіз сакшылар тұр.

“Менің соңғы сағаттарым болуы мүмкін емес, – деп ойлады Марко Поло. – Олай болса, Сю Сян мен Чжаньи де өлім жазасына кесілуге тиіс қой.

Екі жақ қапталдарында қатарласа тұрған сакшыларды көргенде, басына ауыр ойлар келді. Кім біледі, кейін қарай қолы кісендеулі қайтатын шығар?

– Сіздің қуанатын ретіңіз жоқ, – деді кенет Есен-Темір.

Марко Поло күліп жіберді.

– Есен-Темір, сіздің мені қорқытқыңыз келе ме? Мен қолыммен істегенді мойныммен қотеруге дайынмын, – деді ол.

Марко өз тағдырының қалай шешілетінін білуге асықпаған адамдай аяғын ілбіп басып келеді.

– Сондықтан күйзелетін де ретің жоқ, – деді қу шал.

“Егер менің қарттарым бар байлықтарынан айырылса, олар Венецияға қу тақыр кедей болып қайтады, – деп ойлады Марко Поло, – бұл олар үшін өлімнен де ауыр... Саспа, әке, бәрі дұрыс болады”, – деп сендірді ол өзің бойына жігер жинап.

– Әне, Жұпар сарайы, – деді Есен-Темір. қолымен гүлбақтың ортасында тұрған піл сүйегі түстес қуыршақтай ғимаратты көрсетіп. Жалпақ жол осы жерде аяқталды. Олар сарайдың қақпасына апаратын үлкен сүрлеуге түсті.

– Сіз сәл богеле тұрыңыз, Марко Поло мырза. Мен әміршіге сіздің келгеніңізді хабарлайын, – деді Есен-Темір.

Әмірші қызыл ағаштан жасалған төсекте жантайып жатыр екен. Ақ сақалы кеудесіне төгіліп тұр. Ол сол қолын үлкен жастыққа тіреп, оң қолымен шарап толы әдемі ыдысты ұстаған. Төсектің төменгі жағында кілем үстінде бір сұлу қыз домбыра шертіп отыр.

Әмірші қолындағы көзені ерніне әкелді де, шарапты қылғыта салып, ыдысты лақтырып жіберді. Айналаның бәрінде – кілемде, төсекте, үстелде – тотықұс қауырсындары шашылып жатыр.

Көзқарасынан ақылдылығы көрініп тұрған жүні аппақ қардай кішкентай ит, үстел жанында жатыр. Қабырғада – тұтастай сурет салынған жібек мата: қамысты қол бетінде ұшқан қызыл тырна; жалпақ озенді бойлай ұшып бара жатқан қаз-үйрек; сұрғылт асиан астындағы адам қоңілін құлазытатын сұсты жартастар. Қарағай өскен үлкен шоқының бөктерінде қос лашық тұр. Суреттер өте әдемі, бірінен-бірі өтеді, тек оларға адам бейнесі ғана салынбаған.

Бөлмені жанарымен жылдам шолып шыққан Марко Поло император әңгімесін бастамай тұрғанда бірден Есен-Темірге қатарласып, тізерлеп отыра қалды.

Оның жүрегі бірқалыпты соғып тұр. Бұрышта күтуші әйел кәуап пісіріп жатыр. Бөлмеден дәмді тамақтың иісі бұрқырайды.

– Енді ойнамай-ақ қой, – деді Құбылай хан. Домбырашы қыз үш рет тағзым етті де, шығып кетті.

– Темір, Марко Поло, отырындар, – деді ұлы хан алдында тізерлеп тұрғандарға қарап.

Қонақтар кілемге жайғасқан бойдан күтуші әйел олардың арқаларына және шынтақтарына бір-бір жастықтан тастады. Жібек матадағы тырна әміршінің тура тобесімен ұшып бара жатқандай. Сарайда терезе жоқ болса да, оның іші жап-жарық еді, өйткені осы кезде Есен-Темір мен Марко Полоның дәл желке тұстарынан көкжиектен көтерілген күн ашық тұрған есіктен шанағын тоғип жіберген. Әмірші жарыққа көзін бұрды. Күн нұры оның әжімдерін тегістеп жатқан сияқты.

– Бізге ет әкел, – деді император.

Әміршіге саптары піл сүйегінен жасалған сымтемірлерге тізілген кәуапты әкелгенде күтуші әйелдің императордың алдында қолдары қалай дірілдейтінін Марко Поло байқап қалды.

Есен-Темір беліндегі қылышын бір қозғап қойып, әміршіден қалыспай кәуап жеуге кірісті. Марко Полоға Құбылай хан әңгімені әдейі бастамай отырғандай болып көрінді... “Мені азаптай түскісі келеді”, – деп ойлады ол. Етке тойған император қалғанын итке лақтыра бастады. Кенет ол:

– Сонымен сендер Ахмедті олтірдіндер, ә?.. Жамбы қатын қатты ашуланды, – деді.

Ұлы хан тотықұстың үш қауырсынын алып үрлеп қалды. Олар ауада қалқып ұшып, екеуі үстел жанына еденге құлады, үшіншісі кәуап пісірген ошаққа түсіп, жанып кетті.

– Егер Наян тынышталмаса, онда оған соғыс жариялау керек, – деді Құбылай хан Есен-Темірге қарап.

Марко Поло Құбылай ханның өз мақсатына алыстан орағытын келе жатқанын түсінді. Жаңа ғана ол сол үшін Қытайдың Солтүстігінде әміршіге қарсы әскер жинап, өзіне одақтастар іздеп жатқан ағасы Наян жайлы айтып өтті. Солден соң император бір-екі ауыз сөзбен-ақ Маркоға үкім шығара салуы мүмкін. Тағы не жайлы айтар екен деп күткен Марконың тамағы кеуіп қалды. Неге екені белгісіз, оның есіне күтушінің императорға көуап ұсынғанда қолдарының дірілдегені түсті.

– Есен-Темір маған бәрін баяндады, – деді бір уақытта барып әмірші, сосын аузына бір жапырақ етті салып шайнай бастады. – Сондай-ақ мен сіздердің айыптау актілеріңмен де танысып шықтым. Коготай хан дәріптеуге лайық... Сіздер білесіздер ме, Янчжоудың әкімін тек қана Ахмедтің туысы болғандықтан өлтіріп тастағанын? Барлық жерде толқу болды, бірақ менің әскерім оларды басып тастады.

Құбылай ханның жүзінен қанағаттанғандық нышанын байқаған Марко Полоның жүрегі орнына түсті. Бойын тіктеп, енесін көтеріп, әміршінің жүзіне тура қараған ол, императордың үкім айтуын күтті.

– Ахмедтің мені алдап келгені енді әшкереленді. Бірақ оны сотсыз өлтірген дұрыс емес қой. Есен-Темір сен маған: “Өлтіргендері дұрыс болды. Оны түрмеге отырғызып, қашан тергеу біткенше, тамақ беру деген – көпе-көренеу ысыран жасаумен бірдей”, – деп едің ғой. Не, сен тура осылай дегенсің. Тула-Темір және сен, Есен-Темір, Ханбалыққа жүресіңдер. Сю Сян барлық қызметкерлерді, байбатшаларды және оқымыстыларды жинап, оларға айыптау актісін оқып берсін. Құжат талқыланып, шешім қабылданып. Менің бұйрығым осы.

Есен-Темір мен Марко бастарын еденге үш рет тигізді. Әмірші әңгімесін Маркоға қарап жалғастырды:

– Мен сізді Янчжоудың әкімі етіп тағайындаймын. Алтын пайцзаны Есен-Темірден аласың. Ханбалыққа қайта бер, бірақ онда онша көп бөгелме...

Құбылайдың қол сілтесінен-ақ әңгіменің аяқталғаны байқалды. Марко Поло қайтарда да манағы екі жағы самсаған ағаш пен сақшыларға толы жолмен жүрді. Қалың жапырақтар арасындағы саңылаулардан күн сәулесі анда-санда ғана көрінеді. Бас айналдыратын ғажап оқиға болды. Ол босап шықты... Неткен нұрлы таң. Күн нұрына малынған алаптар маужырап жатыр.

Марко босап шықты. Бұған сенудің өзі қиын... Әмірші оған осы елде еуропалық атқарып көрмеген ең жоғарғы қызметті ұсынды. Ол енді – Янчжоудың әкімі!

Қажыған Марко құлауға жақын тұрғанын жаңа ғана ұқты. Өткен бес тәуліктің ішінде ол бірнеше сағат қана ұйықтапты. Есесіне ол осы түні түс те көрмей, оянбай ұйықтады.

Келесі күні оған Есен-Темір таңертең арыстанның басы бейнеленіп, ұлы ханның мөрі басылған алтын пайцзаны әкеп тапсырды.

– Рахмет сізге, Есен-Темір, – деді қуанышы қойнына сыймаған Марко Поло.

– Әй, шеттеріннен есуас сияқтысыңдар, – деді оған көңілсіз жауап қатқан карт монғол.

– Жамбы қатынның адамдары басымды қағып алмасын десеңіз, онда үнемі сақ жүріңіз. Сыртта сізді окқағарлар күтіп тұр. Әміршінің өзі осылай бұйырды. Оларды өзіңізбен бірге Янчжоуға ала кетіңіз, әкім мырза, – деді содан соң сәл-пәл жұмсарып.

Атқа қонған Марко Поло тура сол күні бес жүз окқағардан тұратын отрядты бастап Ханбалыққа қарай тартты. Ханның жарлығына орай онымен бірге бұл сапарға Сағату баһадүр, Тула-Темір және Есен-Темір бірге шықты.

\* \* \*

Фаньның Мың еселенген бақыт көшесіне жетуіне сегіз тәулік уақыт қажет болды. Ол күні сайын Оңтүстік қақпаға келіп, ағылып жатқан адамдарға көз салып, бірнеше сағат тұрады да, сосын одан



өріге ары жібермей, керуен сарайға қайтып оралып, күріш шарабына сылкия тойып алып:

“Oh, Матео! Қайран досым, не істедің сен!.. Мені мынау ел бір бастық шығар деп ойлайды, бақытсыз сорлы екенімді олар қайдан білсін. Сен менен Марко Поло мен Ашимаға бар деп отінгенсің. Мен орындауға уәде бергенмін. Енді сәл ғана күте тұр. Мен оларға ертең барамын. Міндетті түрде барамын”, – дейтін.

Керуен сарайдың бақташылары аты мен қашырын жақсылап күтіп жатыр. Фань енді қайтып оралмайтындай олармен қоштасып шықты. Оның көңілінің бір түкпірінде іздеген үйін таба алмаймын ба немесе онда ешкім болмай қала ма деген ой жатты. Бірақ оның бұл үміті ақталмады. Есікті ашқан Ян алдында тұрған мырзаға сезікпен қарады.

Еңсесін көтеріп, бойын тіктеген Фань салмақты үнмен:

– Сен маған бақырайып қарамай-ақ кой. Одан да өзіңнің кожайындарыңа жылдам бар да, Фань Гун-дудың олармен жолыққысы келетінін жеткіз. Неге қозғалмай тұрсың? Тез хабарла. – деді.

– Мен сізді кіргізе алмаймын. Мырза Ханбалыққа әлі қайтып оралған жоқ, – деді Ян.

Бұл сөз Фань Гун-дудің жынына тиді. Оның есінен осы қақпаға қандай қиындықпен жеткені шығып кетті. Қайдағы бір қызметші оны, Фань Гун-ду мырзаны, үйге кіргізбеді деген не масқара?!

– Тыңда, достым, сен қазір жылдам өзіңнің ханымыңа барып. Фань Гун-дудің онымен кездескісі келетінін жеткізесің. Сенің ханымыңның есімі Ашима емес пе?... Көрдің бе, маған бәрі де белгілі. Оған Матеоның ескі досы келіп тұр де, сонда көресің мені үйге кіргізуге асығып есікке қарай қалай жүгіргенінді.

Ян кеткен бойдан Фань тағы да лағыл салынған қалташа мен Ашимаға деген екі асыл тастың тығылған жерлерін қолымен сипалап, тексеріп шықты. Ол қызға мұңданған дауыспен: “Мына екі лағылды менің досым Матео сізге бсруді отінді. Онда тек осы екі асыл тас

ғана болды. Мен оның моласына құлпытас қою үшін өзімнің бар ақшамды жұмсадым”, – деп айтпаққа бекінді.

Айтпақ болған сөздерін ойша бірнеше рет қайталап шыққанда, оның өзі саған сене бастады. Ол айналасына барлап қарап шықты, бірақ өзі күткендей бұл жерде үй құстары жоқ болып шықты. Тек тас тұғырдың үстінде алтын балықтар жүзген хауыз ғана бар екен.

Ян жылдам оралды.

– Бикеш сізді күтіп отыр, – деді ол.

– Көрдің бе, достым, мен саған не деп едім? Ал, баста өзің.

Ян күлімсіреп, алға түсті.

Матео жайлы бір хабар әкелген қонақты Ашима қуаныштан көңілі толқып күтіп отыр.

Таңертең ғана шабарман Марко Полоның Шандудан жазған хатын жеткізді. Ол бәрінің сәтті аяқталғанын айтып, өзінің Ханбалыққа қарай жолға шыққанын хабарлапты.

Мұндай күн – бақытты күн.

– Отырыңыз, бейтаныс жан, – деді Ашима, қонаққа жанындағы орындықты көрсетіп, алайда ол орнығып отырғанша өзінің шыдамы жетпей: – Сіздің бізге бүгін келгеніңіздің өзіне шексіз қуаныштымын! – деп сөзін жалғастырды: – Айта беріңіз, Матеоның жағдайы қалай? Сіз кешірсіз, менің бәрін тезірек білгім келіп барады...

Фань аузы аңқыып Ашимаға қарады да қалды. Бәрі өзі ойлағандай емес, басқаша болып кетті. Бикештің түп-тұнық көздерінен нұр төгіліп тұр. Қыздың сұлулығы кімді болсын естен тандырардай. Қаралығы түндей, жұмсақтығы жібектей шаштарында асыл тастармен өрнектелген екі қыстырғыш жалт-жүлт етеді.

Қыздың жауап күткен жанары жүзін қарып түскен Фань көзін тайдырып әкетті.

Бикештің бойын үрей билеп алды.

– Сіз неге үндемейсіз? – деді тағатсыздана. “Лотос гүліндей екенсіз, қалай естіртсем екен?” – деп қиналды Фань.

– Менің есімім Фань Гун-ду. Мен Матеомен дос болдым. Біз жақсы достар едік... Маған Марко Поло мен Аशिмага сәлем айт деп еді... – деді ол бәсең дауыспен.

Үрейленген қыздың шарасынан шығып бара жатқан көздеріне қарауға Фаньның дәті жетпеді. Ол салбыраған басын қолдарымен сүйеді. Ашиманың даусы алыстан естілетіндей.

– Не болғанын айтыңыз маған! – деді ожеттенген қыз даусын көтеріп. Матео қайда? Маған бәрін бүкнесіз айтуға тиіссіз!..

Тосын шешімге қалай келгенін байқамай қалған Фань орнынан атып тұрды. Оған Матео өзіне алақандай мейірімді көздерімен қарап тұрғандай болып көрінді. Ол ақшаны, асыл тастардың бәрін шығарып, қыздың алдына қойды да:

– Матео керілген желкеннің астында олды. Суда ол өзін бақытты сезінді. Көзін мәңгілікке жұмар алдында ол күлімсіреп: “Бәрін Аशिмага тапсыр... Өзің Марко екеуінің қасында қал. Менің тілегім осы”, – деді. Дәл осылай деп айтты. Міне, мен жеттім. Қабірін өзен жарқабағы басынан өз қолыммен қаздым. Ол енді сонда тыныстан жатыр, – деді.

Ашима жылаған жоқ. Оның көз алдына өткен өмірінің көріністері келді. Жатжерлік алыпты тұңғыш рет коктеминің ызғарлы күндерінің бірінде көрген. Сол күні таңертең бір әйел оған жалғыз тілім нан берген еді. Ал несі түнге қарай Ашиманы қайтадан итше байлап қойған. Ертесіне Матео келіп, оған: “Жүр, қызым. Мен саған жібек көйлек сатып алып берейін. Енді ештеңеден қорықпа, сенің қасыңда капитан Матеоның нақ өзі тұр. Бұдан былай ешкім сені ренжіте алмайды”, – деген. Есіне бірінші рет “Матео” деп айтқаны түсті. Осылайша ойға батып отырған Ашима бір кезде:

– Қалай болғанын бастан-аяқ айтып беріңіз, – деді. Фань өзінің қол-аяғына бұғау салынып, жазалау алаңында тұрғанында Матеоны алғаш рет көргенін, қалай “қайыршы тауығын” пісіріп жең. “ақулаша қар” ішкендерін, содан Матео ауырып, төсек тартып қалғанға дейін жолдас, сапарлас болғандарын әңгімелеп берді. Ол ештеңені жасырған жоқ.

Фаньның әңгімесін тыңдап отырғанда да Матео Ашиманың көз алдынан кетпеді. Тіпті оның: “Салқындап барады, қызым. Біз ұзақ отырдық”, – деген даусын естігендей болды.

Бұл Марко өзіне: “Мен сені Куньминге апарамын, Ашима... Онда біз сен, мен және Матео үшеуіміз барамыз”, – деп айтқан кештегі Матеоның сөзі еді.

“Матео қаза тауыпты. Мен мұны Маркоға естіртуім керек”, – деп ойлады Ашима.

Фаньның әңгімесін аяқтағанына да біраз болды. Қыз оның баржоғын сезбейтін тәрізді. Көзін бір нүктеге қадап үнсіз отыр. Үстел үстінде асыл тастар мен ақша жатыр.

– Фань алдайды деп ойладың ба, Матео? – деп күбірледі ол.

– Фань айтқанының бәрін орындады. Жайлы жат, кожам. Менің де көңілім жайланып қалды... Қандай көп ақша...

Ол ақшаға қолдарын тигізіп сипап отырған сияқты еді, бір кезде зып еткізіп қалтасына атып ұрды.

“Кейін берермін”, – деп шешті ол.

Ашима бірдеңе айтар ма екен деп Фань ұзақ күтті. Қыздың еріндері бір-біріне тимей тұр, қайғыдан өңі бұзылып кетіпті.


Фань Гун-ду бір кезде күбірлеп қана:

– Қаласаңыз осында қалайың, – деді.

– Мен мұны Маркоға естіртуім керек, – деп қайталады Ашима, Фаньның не айтып тұрғанына мән бермей. – Ол таяуда оралады... Мен мұны Маркоға, естіртуім керек! – деп еңіреп жылап, алақандарымен бетін жапты.

Фань бөлмеден шығып кетті.

– Қыз жылап жатыр. Мен ондайға қарай алмаймын, сондықтан шығып кеттім, – деді ол Янға. – Егер сен осы үйде қызметте болсаң, онда таяуда менімен танысасың. Үстел үстінде бір қалта лағыл тас қалды. Байқа, оған саусағыңның ұшын тигізуші болма!



Қарт шебер пальманың көлеңкесінде отыр. Оның әжім басқан сопақ бетін сирек көкшулан сақал одан сайын сопайтып көрсетеді. Қарт икемді тарамыс қолдарын көптеген кескіштер мен кашаулар және ағаштың кепкен түбірінен дайындалған кесінді жатқан етші үстіне салып, тыныстап отыр. Қайда қарасаң да көзің ағаш жоңқасына түседі. Шеберхана император каналынан жүз қадамдай-ақ жерде, Янчжоудың ең шетінде, су қоймасының жағасына орналасқан.

Күн қайнап тұрғанмен, ептеген жел бар. Барлық желкендерін керген джонкалар моншақтай тізіліп, су бетімен оңтүстікке қарай сырғып барады. Бұл жерден күніне бес мыңдай қайық өтеді.

Олардың көпшілігі оңтүстіктегі тойымсыз Ханбалыққа, ұлы ханның ордасына жүк апара жатыр, ал қарсы келе жатқан қайықтардың көпшілігі бос, олар қайтадан жүк тиіп алып, астанаға аттану үшін кері қайтып келеді.

Су жүгірегін арықтармен бөлінген шағын егістіктерде шаруалар жұмыс істеп жатыр. Император каналының бойындағы тас төселген жолмен ат арбалар жүріп барады.

Қарт шебердің қолына маса қонды. Оны ұрып өлтірген шал ағаш кесіндісін алып, аударып-төңкеріп қарай бастады.

- Менің бүгін жұмысқа зауқым соқпай отыр, – деп күбірледі ол.
- Ши, сен қайдасың!

Зағип бала тың тындаған адамдай тосын дыбыстарға зер салып, лашық сыртында отырған. Міне, бір жылдан асты, ол Ван екеуі мүсінші-шебердің үйінде тұрып келеді. Бала анда-санда әбжылан, арыстан, бүркіт және бастарына дағарадай қалпақ киген шаруалардың немесе мәңгі тірі сегіз құдайдың ағаштан ойып-жонып жасалған мүсіндерін сату үшін Ванмен бірге базарға шығады. Дегенмен Ши көпшілігінде үйде қалып, қарттың әңгімелерін тыңдайды. Аштан өлмес үшін қайыр сұраумен Янчжоуға жеткен Ван мен Ши мүсіншінің лашығына қонғанға дейін ұзақ жол жүрді. Қарттың тұрағы алқа-салқасы шығып, әбден тозған екен. Ван баспананы жөндеп, жаңартып шыққанда, шал оны мен Шиді қасынан шығарғысы келмеді. Сөйтіп, екеуіне осында калуға тура келді. Тек Ван анда-санда калаға шығып, кездейсоқ уақытша жұмысқа жалданып жүрді.

- Қазір келемін, ата, – деді Ши.

Үстелдің жанына келген бала оның үстін алақанымен сипалап жүріп, қарттың қолына кезікті.

– Ван осы уақытқа дейін келмей жатыр, – деді мүсінші. – Келгенде маған кесінділер дайындап берген болар еді.

- Ол кеше таңертең кеткен, – деп мұнайды Ши.

– Ван деген тыным алмайтын адам ғой, Ши. Арқаншы көршінің үлкен ұлының:

– Ши, аздап сыбызғы тартып жіберсең қайтеді. Сені тындаған кезде жұмыс оздігінен жүріп кетеді, – деген даусы шықты.

Бірақ Шидің сыбызғыда ойнауға зауқы жоқ еді.

– Кел, қасыма отыр, – деді оған ақсақал

– Ата, мен Ван кеткенде кілең енді қайтып оралмайды ма деп қорқамын. Ол – қызуқанды адам.

– Мен саған даңқты әскербасы Ван Мань жайлы әңгіме айтсам, тыңдайсың ба? Сен уайымдама, Ван кеш түсе оралады... Сосын мен саған бұдан көп ғасыр бұрын бір ұстаның сермеп қалғанда кара тасты қақ бөлетін семсер соққаны жайлы айтып бере аламын. Ал енді, өзін бір тәуір әуенді ойнап жібер. Көршілер өтінді ғой.

Алайда Ши жауап беру орнына мойнын кисайтып, бөгде бір дыбысқа көңіл бөліп кетті.

– Ата, мен көп салт аттының шапқылап келе жатқанын естін тұрмын. Көп аттылы... Сізге көрінбейді ме?

Осы кезде канал жағасындағы тас төселген жол үстіне салт атты сарбаздар шыға келді. Тегіс жерде олар денелі, шеттерінен алып болып көрінді. Алдарында жол ашып төрт сақшы күйғытып келе жатыр.

– Мен оларды көріп тұрмын, – деді қарт. – Олар қырық күн бұрын оңтүстікке аттанған еді, енді қайтып келеді.

– Бұлар кімдер, ата?

– Әкім мырза мен оның оққағарлары.

– Не деген көп сарбаз?

– Жүр, кеттік, Ши.

Зағип баланы қолынан жетектеген мүсінші жол мен канал арасындағы боғетке қарай беттеді.

– Мен оның бет әлпетін көргім келеді, – деді қарт.

– Қандай адам екен, ата? Маған да айтып беріңізші?

– Ол асыл тұқымды арғымаққа мінген, екі жағында қос нөкері көк жібектен тігілген күнқағарды төбесіне керіп ұстап келеді. Ақ нәсілді жат жерлік адам. Оның маңдайы кереқарыс, көздері үлкен.

жанары өткір, мұрны ұзын, қап-қара сакалынан төменгі ерні толық көрінбейді. Ол әлі жап-жас, Ши. Жат жерліктердің ұзын сақалдары оларды әрдайым жасамыстау етіп көрсетеді. Кең кеуделі, бойы биік, сыптай жігіт. Ол жайлы енді саған тағы не десем екен, Ши?... Бұл өкімнің бейнесі менің жүрегіме нық орнап қалды, козімді жұмсама да, көкірегіммен көріп тұрғандаймын... Ал енді, біз тізерлеп отыра қалып, маңдайымызды жерге тигізіп, тағзым етуіміз керек. Әкім мырза жанымыздан өтіп бара жатыр. Ол да басқалар сияқты озбыр болуы мүмкін. Біз оларды бөле-жармай жек көруіміз керек. Бірақ, Ши, адам қартайған сайын біреуді жек қору қиындай түседі екен.

– Не деген көп салт атты, ата!

– Иә, аз емес. Саусақпен санап шыға алмайсың. Олар әлі отіп жатыр, біз шандақ жерден маңдайымызды көтермеуге тиіспіз. Міне, енді тұруға болады.

Орнынан әзер көтерілген қарт анадайдан келе жатқан Ванды көрді.

– Ван келе жатыр! – деді ол қуанып.

Олар үйге қарай бұрылды. Ван мен Ши қартты қос қолтықтан демеп келеді. Өз ауласына жеткен ол, орындыққа отырып, қолына ағаш кесіндісін алып, мүсін оя бастады.

– Бұл ненің бейнесі? – деп сұрады Ван. – Құдай ма? Әлде, айдаһар ма?

– Кәдімгі адам, Ван. Төбесіне көк шатыр керілген, жаңа ғана қасымыздан өткен кісі, – деді қарт.

– Онда мүсінге “Жат пері” деп жазып қоюды ұмытып кетпеңіз, – деп күбірледі Ван.

– Мен оның жүзін анық көрдім... – деді мүсінші. – Сен қалада көп бөгеле берме. Түні бойы жоқ болып кеткеніңде Ши қатты қорқады, – деп сөзін жалғады.



\* \* \*

Марко Поло оз аймағының оңтүстік бөлігін аралап келе жатқан. Янчжоу әкімінің қол астында жиырма жеті қала бар. Оларда сауда мен қолөнер жақсы дамыған, алайда Ахмедтің қолшоқпарларынан тартқан зардаптан арыла алмай жатыр. Марконың арамзалардан құтылып, олардың орнына адал, іскер адамдарды қоя бастағанына бір жыл болды. Бірақ ешкімнің ішіне кіріп шыға алмайсың. Қайда барса да, жағынып тоңқайғандардың арқасын көріп, өзін мақтаған балдай сөздерді естиді.

Құбылай хан Маркодан өзінің алдындағы әкім секілді қазынаны ұдайы толтырып отыруды талап етті. Халыққа жеңілдіктер тек бұрынғы жергілікті паракор қызметкерлер жинайтын неше түрлі қосымша салықтарды жою арқылы ғана жасалды. Марко Поло бар құш-жігерін осы шараны жүзеге асыруға жұмсады.

Ұлы хан Манзи аймағын жаулап алғанда оны тоғыз бөлікке бөлген болатын. Әр бөлікке ол шексіз билікке не вице-императорларды тағайындады, бұлар, бір жағынан, бас әкім болып табылатын. Жыл сайын вице-императорлар осы мерзім ішінде жиналған салық мөлшерін және өздері басқарған аймақта болған елеулі оқиғаларды корсетіп, Ханбалыққа есен беретін. Әрбір үш жыл сайын алып империяның барлық лауазымды қызметкерлері секілді вице-императорлар да өзгертіліп отыратын.

Жергілікті әкім Марко Поло бағынатын вице-императордың ордасы империяның ең үлкен әрі бай қалаларының бірі Ханчжоуда орналасқан еді. Тұрған жерінің табиғаты және үйлерінің құрылысы жағынан ол Ханбалықтың өзімен тайталаса алатын қала болатын. Венециялық Ханчжоуда сапарда болып, қаланы аралап, оның әсемдігін өз көзімен корді. Өзін өте жылы қабылдаған вице-император Маркоға қаланың басқару жүйесімен және жан-жақты өмірімен танысуға толық жағдай жасады.

Ханчжоу аты әйгілі Батыс қолі мен күрделі каналдар жүйесі арқылы бүкіл оңтүстік астананы сумен қамтамасыз етіп отырған

үлкен өзеннің екі арасында орналасқан қала. Венециядағы сияқты Ханчжоуда да қошелер мен жолдар каналдардың бойымен өтеді екен. Қаланың кез келген жеріне жаяулап немесе көлікпен ғана емес, қайықпен де жүзіп баруға болады.

Ханчжоу аймағынан император қазынасына орасан зор көлемде салық жиналады. Оның мөлшерін алғаш рет естігенде Марко сеніңкіремей, күдіктеніп басын шайқаған болатын. Бұл өңірде тұзды қолдер мен шығанақтар өте көп еді. Елде өндірілетін, өсірілетін өнімдердің бәрінен императорға үлес тиесілі еді. Осында дайындалатын тұзға салынатын салықты есептемегеннің өзінде Ханчжоудан жыл сайын қазынаға екі жүз он тамаң<sup>30</sup> яғни он алты миллион сегіз жүз мың венециялық алтын дукат көлемінде кіріс кіретін.

Янчжоуға қайтып келе жатқанда Марко Поло Ханчжоуда көргендерін жиі есіне алып, үйіне оралған бойдан сапардан алған әсерлерінің бәрін жолжазба дәптеріне жазып қояды ойлады.

\* \* \*

Оққағарлар отрядының алдында император каналының бойындағы тас тоселген жолмен құйғытып келе жатқан әкім, маңайда не болып жатқанына көзінің қиығын да салған жоқ. Оған бұл сапардан алған әсерін сөзбен бейнелеу мүмкін еместей көрінді, ал қылқаламмен сурет салу өзінің қолынан келмейді.

Марконың ойы үлкен өзеннің жарқабағына жерленген досының қабіріне еріксіз ауа берді. Матео түбі осылай боларын сезген секілді еді. Ол бөтен елде, жат жерде, Отанынан өте алыста мәңгілікке тыныстап жатыр.

Осындай ойлардың құрсауында қалғанда Марконың көңілі мүлдем құлазып кететін. Ойламаған жерден аяқ астында, кейде адамдар құмырсқадай құжынаған базарда, кейде осындай оққағарларының ортасында ат үстінде келе жатып, жан дүниесі күйзеліске ұшырайтын болып алды. Құбылай хан оны өз империя-

сында ешкандай еуроналык бұрын-соңды аткарып көрмеген қызметке – әкімдікке тағайындап, үлкен сенім артып отырса да, Отанына деген сағыныш маза берер емес.

Бұдан бір жыл бұрын Ашима христиан дінін қабылдап, Марко Поломен некеге тұрды. Олар үйлену тойларын ың-шыңсыз онаша өткізді, бұл жайлы Николо мен Маффео Пололар да ештеңе білмей қалды. Әкесі мен көкесін есіне алғанда Марконьң бойын үрей билейді. Олардың жолға шыққанына екі жылдан асып кетсе де, осы күнге дейін ешкандай хабар-ошар жоқ.

Желкендерін жел керген қайықтар оңтүстікке қарай ағылып жатыр. Күнге күйген денелері қоладай жылтыраған қайықшылар палубада тұр, кейбіреулері керме күнкағар астында коленкеде отыр. Олар соккан желдің оздерінің жұмысын жеңілдеткеніне риза. Бірақ солтүстікке, желге қарсы жүзіп бара жатқан қайықтағыларға қпын. Олардың ескекшілері ақ тер, кок тері шығып, ағысқа қарсы тынбай еседі.

Марко Поломен қапталдаса баяғы жүкші Ян шауып келеді. Ол бұрынғы жұмысымен кош айтысқан. Қазір оның белінде семсер, нығында – күс қанатынша иілген садақ. Қорамсағында қып-қызыл кан түстес он жебесі бар. Ян жүзбасы дәрежесіне ие, Марко Полоның жеке күзетін басқарады. Өзімен Ханбалықта дос болған Ванды Ян байқаған жоқ. Оған оз отандастарының, кімге де болса, иіліп тағзым ететіні ұнамайтын. Ол Ванды – Ханбалықтық ұстаны көрмей қалды, сондықтан да бұрынғы астыртын жұмыстары есіне түскен жоқ.

Марко Поло мен жүзбасы өзінің жанынан шауып откенде Ван басын көтеріп, олардың соңынан кіжіне қарады. Янды ол да таныған жоқ. Аса бай киінген, басында күміс дулығасы бар салт аттыны бұрынғы жүкші Ян деп ойлаудың озі мүмкін емес еді.

Осылайша бірнеше жылдардан бері көріспеген Ян мен Ван кездейсок жолығып қалғанмен бұл оқиғадан түк өзгеріс болған жоқ.

Жол бойында кездескендердің иіліп тағзым еткеніне Марконьң бойы үйреніп кетті. Мейлі сотқа, мейлі қабылдауға, қайла барса да.

кілең қоретіні – тізерленіп, шіліп жатқан адамдар болды. Ол императордың тағайындаған өкілі, сондықтан қол астындағы барлық адам оны құрметтеуге тиіс. Тағзым етуге бәрі міндетті, шіліп жерге бастарын тигізіп жатқандарға назар аударып, мән берудің қажеті жоқ. Марко таяу арада Ашимамен кездесетініне қуанып келеді. Ол зағип баланың қолынан ұстап жетектеп, өзінің лашығына қарай ілбін бара жатқан шалға көзінің қиығын да салмады.

– Үйге келіп қалдық, мейірімді мырза.

– Иә, келіп қалдық, – деп тіл қатты Марко. Әкімнің үйі қаланың дәл ортасында. Бау-бақшаның ішінде тұр. Биік ағаштардың басына ләйлектер ұя салып алған. Лотос гүлі өскен хауыздың үстіне шатыр тігілген. Ашима басқышта тұрып алтын балықтарға жем беріп жатыр.

– Кешірсіз, мен кетуім керек, – деді Ю. – Уақытында бармай қалсам. Фань ренжиді.

– Бара ғой, Ю, – деп күлімсіреді Ашима.

Дәл осылай жылдам босата қояды деп ойламаған Ю ханыммен құлықсыз қоштасты.

Венециялықтың үйіндегі Фаньның басқаруындағы қызметшілер одан зәрулері ұшып қорқатын.

Ол әсіресе Юге қатаң қарайтын.

Үйге кірер-кірместен Марко Фаньды өзіне шақыртты.

– Ханым қайда?

– Бақта жүр, мейірімді мырза. Сізді екі бірдей мырза күтіп отыр. Олардың келгеніне үш күн болды, – деді Фань, көздері қуақылана күлімдеп, бетінен бірдеңені жасырып отырғаны анық білініп.

– Екі мырза дейсің бе? Осында, менің үйіме келді ме? – деп сұрады таңданған Марко.

– Иә, сізді Николо және Маффео Поло мырзалар күтіп жатыр, – деді салтанатпен даусын кенеп Фань Гун-ду.

Аң-таң болған Марко Фаньға қуанышты жүзбен қарады. “Ақыры олар да жеткен екен”, – деп ойлады ол. Ол, әсіресе, Матео қаза тапқан-

нан кейін қарттарын жиі-жиі есіне алып, олар оңтүстікке жасаған қауіпті сапарларынан орала алмай қала ма деп қорқатын.

– Оте қуанышты хабар! – деді ол шағтаныш.

Осы кезде оның есіне Ашима түсті де, қуанышы қорқынышка ұласты; әкесі мен көкесі мұның үйленгенін қалай қабылдар екен? Алайда кенеттен басына келген бұл ой жылдам тарап кетті, өйткені ол өз қадамының дұрыстығына әбден сенімді болатын.

Оның болмесіне әкесі бірінші болып кірді. Бұрынғыдай бойы тіп-тік және баяғы сұстылау қалпында екен. Қанша білдірмегісі келгенмен оның қуаныштан толқып тұрғаны байқалады. Әке мен ұл бір-біріне қарама-қарсы бірнеше қадам жасады да, күшақтаса кетті. Олардың түрлері өте ұқсас және бойлары да бірдей. “Тура бұрынғысындай, өзгере қоймапты”, – деп ойлады Марко.

Манағы ой есінен кетпеген Марко күлімдеп тұр.

Ашима олардың алғашқы кездесулеріндегі әңгімелеріне кедергі келтірмейін дегендей болмеден шығып кетті.

Олар үстелде отырды. Фаньға қандай шұғыл шаруа болса да, бұл әңгімені бөлмеуді ескертті.

Николо мен Маффео Пололар оған Үнді мұхитымен жүзген сапарлары жайлы баяндап берді. Жолда олар Құбылай ханға соғып, өздерінің көрген-білгендері жайлы айтыпты. Әкесі мен көкесінің таңғажайып сапары Марконы мүлдем баурап алды. Николо Полоның әңгімесі әуелде онша әсерлі емес еді, содан ол Үнді мұхитындағы ауқымды әрі бай аралдар жайлы айта бастағанда әбден қызынып, сөз саптасы кімді де болса қызықтырардай, баурап алатындай болып шықты. Маффео Поло да ретті тұстарда әңгімені нақтылап, толықтырып отырды.

Марко өзінің қалыптасқан дағдысы бойынша көп сұрақ беріп, қажет деген мәліметтерді жазып алды. Үнді мұхитындағы аралдарға сапарға шығу оның жүрек түкпірінде жатқан арманы еді, сол арман бүгін қайта оянғандай болды.

Әңгіме айтып отырғандардың жүзіне Марко анда-санда көзі салып қояды. Ол қарттарының беттерінен қажығандық белгілерін

байқады, бірақ бұл табиғи заңдылық – ауыр санар із-түзсіз өтпейді. Олар үшін ыстыққа шыдау ең ауыр азап болыпты. Әкесі әжептәуір арыған, маңдайындағы әжім торланып, екі езуіндегі қыртыс тереңдей түскен. Маффео Полоның бұрынғы қою қалың шашы әбден селдіреп, төбесі жап-жалтыр болыпты. Әкесі де, көкесі де күнге әбден күйіп, қап-қара болып кеткен. “Өткен екі жылда шау тартыңқырап қалса да, оларды шалдардың қатарына жатқыза алмайсың”, – деп ойлады Марко.

Марко өзін жас жағынан оларға біртабан жақындап қалғандай сезінді. Ойлау қабілеті жағынан ол өз тұтастарынан көш ілгері еді, ал әкесі мен көкесінің бойында бір кездерде Венециядан шығып, алыс елдерге саяхат жасауға жетелеген жастық жігер мен қуат-қажыр әлі де жетіп артылатын. Олар бүгін ошақтың үш бұтындай болатын; ал осы үш бұтты тек туысқандық негіздері ғана емес, жол үстінде бірге бастарынан кешкен қауіп-қатерлер де мызғымастай тұтастырып, бекітіп тастаған еді. Олардың әрқайсысы тек о дүниеге кеткенде ғана аралары ажырайтынын жақсы білетін.

Олар Матеоны еске түсірді. Ханбалықтан Янчжоуға келе жатқанда Ашима мен Марко жолай капитанның моласына тоқтаған еді. Марко Матеоның қалай қаза тапқаны жайлы Фаньнан естіген әңгімені үлкендерге айтып берді.

– Шіркін, бізбен бірге кеткенде ғой, – деді досының қазасы жайлы жаман хабар қабырғасын қайыстырып жіберген Маффео Поло.

– Мен ол жүз жасайды деп ойлаған едім. – Содан біраз уақыт үнсіз отырып: – Ол қаза тапқанда тура менің қазіргі жасымда екен... Біз де енді жас емеспіз. Әкең елу екіге келді, ал мен болсам, елу торттемін... – деді. – Ол Марконың қозіне тура қарады. – Біздің ойымызша отанымызға оралу жағын ойластыратын мезгіл жетті.

“Олар неге Ашима жайлы ештеңе сұрамайды?” – деген сұрақ көкейінде тұрған Марко, жүрегіндегі сезімге ерік бермей, отанға қайту жайлы әңгімеге назар аудармаған сыңай танытты.

– Біздің қазіргі байлығымыз корольдердікінен кем емес, – деді әкесі. – Маффео дұрыс айтады, елге оралу жағын ойлайтын уақыт

жетті. Осыны құлаққағыс қыла бастағанымызда Құбылай хан оте қатты ренжіді. “Мен сендерге сый-сыяпатты тоғін тастаған едім ғой! – деп ыршып түсті хан. – Енді мені тастап кеткілерің келеді. Өмірлеріңе қауіпті соншама ауыр жолға шығып не бітірмексіңдер? Байлық керек болса, айтыңдар, қанша алтын қажет өздеріңе? Атақ керек десендер, ең үлкен атакты беріп, ең жоғарғы қызметке тағайындайын. Ұлдарыңды бір аймаққа әкім қылып қойдым емес пе? Тек осында қалсаңдар болды... “Құбылай ханнан Венецияға қайтуға келісім алу оңай шаруа болайын деп тұрған жоқ.

Марко Поло әкесінің сөзінен оның толқып отырғанын байқады.

– Үндемей үйдей пәледен құтылмақ, – деді Маффео Поло.

Марконың көз алдында туған отанының жанға жақын суреттері қолбеді, алайда Үнді еліне деген қызығушылық та оның жүрек түкпіріне берік орныққан еді.

– Мен сүйегімнің қытай жерінде қалғанын қаламас едім, – деді бір кезде Николо Поло.

– Менің Ашимаға үйленгенімді сіздер ұнатпай қалдыңыздар ма? – деп сұрады кенет Марко.

Николо және Маффео Пололар оған таңырқай қарады. Бір кезде Маффео қарқылдап күліп жіберді де:

– Неге үндемей отыр десем, маңызды өзгеріс бар екен ғой, – деді. – Өзінді көргенімізге қуанып, біз сендерге бақыт тілеп, бата беруді естен шығарып алыппыз! Біз бұл қадамыңды әбден құптаймыз, Марко... Кім білген, мүмкін, Ашима бізге әлденеге ренжіп жүрген шығар? – деп шыж-быж болды ол – Ашима озіне арыз айтқан жоқ па, осы? Марконың бойы бірден жеңілдеп сала берді.

– Жоқ, ол жай ғана шығып кетті. Келініміз ренжіді ме деп ойлайтындай соншама не бүлдіріп қойып едіңдер, – деді Марко күліп.

– Не бүлдірдіңдер дейсің бе? – Маффеоның даусы қаттырақ шықты. – Мен ылғи да оның көңілін табуға тырыстым, ал әкен болса, келінінің қасынан айналсоқтап кеткісі келмейді.

– Біз сендерге баянды бақыт тілейміз, – деді байыпшымен Николо Поло. – Тек, егер біз Венецияға қайта қойғандай болсақ, оған қиын бола ма деп қорқамын.

– Ол Венецияға қуана-қуана аттанады, – деді Марко. Олар туған қалаларын мөлдір махаббатпен еске алды.

Әрқайсысының жүрек түкпірінде өз отанына деген ыстық сезім тулап жатты. Бұл қасиет Ашимаға да ауды. Марко сапарға шығып кеткенде ол Николо және Маффео Пололардың Венеция жайлы әңгімелерін бірнеше сағат бойы рақаттана тындайтын. Жүз аралға орналасқан қала тіпті оның түсіне кіретін болып алды. Кейде оған бала кезінде өзі Пьяцетта бағандарының түбінде сан рет ойнағандай болып көрінетін. Қарттар өзін отбасы мүшесі ретінде зор сүйіспеншілікпен қабылдағаннан бері ол алыстағы қалаға аттануға дайын екендігін байқады.

Жаз да, күз де өтті. Жартасты аралдағы ғибадатхананың шатырына қар түсті. Император каналындағы су қатып қалғанмен, джонкалар жұқа мұзды бұзып-жарып жүк тасуын бір сәтке тоқтатқан жоқ. Бұл жақтағы қыс қысқа әрі жылы болады. Көп күттірмей көктем де жетіп, ағаштар бүршік жарып, көк шөп шыға бастады.

Марконың көп уақыты қызметін атқаруға кетеді. Ол өз аймағы қалаларын жиі-жиі аралап тұрады, мұндай сапарларға кейде Ашима да бірге шығады, бірақ көп ретте ол Николо және Маффео Пололармен үйде қалатын еді.

Өмір бақи жолда жүріп үйренген көпестерді үйде отыру әбден жалықтырып жіберді. Бірақ олар Марко аймақ әкімі болып тұрғанда ешқандай сауда-саттықпен айналыспауға уәде берген болатын. Олар каналдың солтүстік бетіндегі үлкен көлдерден аң және балық аулап уақыт еткізуге машықтанып алды. Қарттар Гаююху атты үлкен көлдің жағасындағы аса көркем Гаюю қаласына барып, оның әсем көшелерін аралап, базардағы сауда барысын бағдарлағанды ұнататын. Сол жерден олар орманды тау бөктеріне аттанып, қабан



аулайтын. Николо Поло осында екі арыстанды олтіріп, олардың терілерін Ашимға сыйлады. Олар император сарайына барып, орайы келгенде оздерін отандарына қайтару жайлы отініш жасау үшін Марконың қызмет мерзімі аяқталар күнді асыға күтіп жүр.

\* \* \*

Қарт шебердің бамбук лашығында шаң басқан ағаш мүсін тұр. Ол – атқа мінген адамның бейнесі. Салт аттының беті бармақ тырнағының көлеміндей ғана болса да; оның асқан шеберлікпен ойылғаны соншалық, тура тірі адамның пішіні секілді, әрі Марко Поло мырзадан аумай қалған. Қарт анда-санда мүсінді қолына алып, оған ойға батып, ұзақ қарайтын, Ван мүсінге “Жат пері” деп жазып коюды қанша өтінсе де, олай істеуге қарттың қолы барған жоқ. Кішкентай тақтаға қондырылған мүсін ұзақ уақыт тұрды, онымен ешкімнің ісі болмады.

Мүсіншінің шеберханасында ешқандай есте қаларлықтай оқиға бола қойған жоқ. Өмір өз тәртібімен өтіп жатты. Ши өзі шығарған көңілді әуенді сыбызғыда ойнап, жаттығып жүр. Әуен әп дегенде бұлбұлдың сайрағанын құлаққа әкелсе, сәлден соң күрт өзгеріп, құдыққа тас құлап жатқандай дыбысқа ұласады. Жел канал жаққа қарай соққан кезде Шидің сыбызғысының үні суда жылжыған джонкаларға дейін жетеді.

Ван қаланың басқа бір шетіндегі ұстаханада жалданып жұмыс істеп жүр. Жол алыс болған соң ол лашыққа аптасына бір-ақ рет қонып кетеді. Сөйте тұра қарт пен бала Ванның жұмыс тапқанына қатты қуанды.

Олар Ванның оралуын апта сайын асыға күтетін. ойткені ұстаның өр мінезін жақсы білетін қарт пен зағип бала ол бірденеге ұрынын қала ма деп қорқатын. Әзірге Ван пәле-жәледен дін аман; ұдайы уақытында келіп жүр. Мінезі де бұрынғыға қарағанда әлдеқайда жұмсарған. Ол тапқан ақшасына күріш, жеміс-жидек, қокөніс сияқты тағамдарды сатып әкеліп жатыр. Қолы қалт еткенде Ван Шиге арнап

ағаштан төсек жасады және лашықты жөндеуді жалғастырды. Кешкісін үшеуі аулаға шығып отыратын, қарт өзінің ел аралаған сапарлары жайлы әңгіме айтатын. Қапал бойымен қайықтар толассыз қозғалып, көршілер жөкеден арқан есіп, ал таяу жолдың бойымен жүк артылған түйе, есек, қашырлар тізбегі тынымсыз жүріп жататын.

Ши, Ван және мүсінші қараңғы түскенше әңгіме соғады да, сосын үйге кіріп, төсекке құлайды.

– Әкей, өзің келген күні уақыт өте жылдам өтеді, – деді Ши ұйықтап бара жатып.

Осылайша екі жыл өтті. Содан бір күні олардың лашығына бейтаныс адам келіп, жан-жағына үрейлене қарап:

– Ванды сакшылар ұстап алып кетті. Ол маған осы хабарды жеткізуді тапсырды. Сіздер бұл жайлы ешкімге айтпаңдар – деді сыбырлап.

– Не үшін? – деп айқайлап жіберді Ши, бейтаныс жанның хабары жанына батқасын.

Келген адам саусағын ерніне апарып:

– Тыныш. Тыныштал. Қатты сөйлеу қауіпті, – деді. Қарт әзер дегенде орнынан кетерілді.

– Ішке кір, Ши, – деді ол зағип баланы қолынан ұстап.

Лашыққа үшеуі бірге кірді де, жүрелеп отыра қалды.

– Маған мұнда бөгелуге болмайды, Егер Ванның осында тұрғанын біліп қалса, олар бұл үйге де келеді, – деді бейтаныс кісі.

– Бізге не болғанын дұрыс түсіндірші, – деді оған мүсінші.

– Мен Ванмен ұстаханада бірге жұмыс істедім, – деп асыға сөйледі бейтаныс жан. – Біз найзаның сүңгісін және семсерлер соқтық... Ван анда-санда дайын қаруды ауылдарға жеткізіп отыратын. Кеше сондай сапарлардың бірінен оралғанда оны сакшылар ұстады.

– Әкімнің сарбаздары... – деп қайталады Ши.

– Ал, мен кеттім. Егер бір жаңалық хабар бола қалса, өздеріне жеткізе қоямын, – деді бейтаныс кісі.

– Мақұл, – деді қарт күбірілеп.

Бейтаныс адам орнынан көтерілді. Бойы аласа болса да, тортиак пошымынан күш иесі екендігі байқалып тұр. Аяғын мысықша сақ басады. Лезде көшедегі тобырға араласып, жоқ болып кетті.

– Сіз әкімді қара сақалды, мандайы керекарыс, жанары өткір, мұрны ұзын, инабатты адам деп сипаттадыңыз ғой? – деп сұрады Ши қарттан, бір шаруаны қатты ойлағаны байқалып. Шамасы, мүсіншінің сипаттауына қарай әкім мырзаның қандай адам екенін ойша елестеткісі келген болар. – Мүмкін, ол қайырымды адам шығар, ата? – деді бір кезде Ши, өзін-өзі жұбатқан адамдай, – бірдене деп ақыл қоссаңызшы! Ван тұтқында. Не істеуіміз керек?

– Қолымыздан күтуден басқа не келеді, Ши? – деді қарт.

– Мен қазір кошеге шығып, халыққа Ванды түрмеге қамағаны жайлы жеткіземін! – деді ашу-ызадан қалш-қалш еткен Ши. – Мен әкімге барып, одан Ванға кешірім жасауды өтінемін. Мүмкін, әкім адал жан шығар, ата? Оны елдің жамандағаны естілмейді ғой.

– “Тек түрмеге қамалумен ғана іс біте қойса...” – деп ойлады мүсінші қарт.

– Жүр, Ши. Далада қоныр салқын ауа, ал мына лашықта тыныстау қиын... Күту керек. Кім біледі, бәлкім оны босатып жіберер.

Қарт өз дегеніне өзі сенбей отыр. Ол жағдайдың бұдан да мүшкіл болуы мүмкін екенін Шиге қалай айтсын. Ван найза сүнгілерін соғып, оны ауылдарға таратқан. Ол бұрын бір рет түрмеде болған, самайына басылған таңба бар, енді оны жендеттер аямайды.

– Ата, маған салт аттының мүсінін берші.

Қарт сөреден салт аттыны алып, оны зағип балаға берді.

Бала оны қолымен синалап қорді де, қартқа қайтарды. Екеуі далаға шығып, үстел басына отырды. Пальманың жапырақтарын жел тербетіп тұр. Ши басын қисайтып тың тыңдай бастады. Өзінің саккұлақтығы арқасында басқаларға жетпейтін дыбыстарды іздеді. Шынын айтқанда, ол өзінің не істеп отырғанын біліп тұрған жоқ. Қып-қызыл шарға ұқсаған күн кокжиектен асып барады. Ши оны

кормесе де, күн кызуынын өлсірегенін бірден байқап, кеш түскенін сезді.

– Сендердің мұнда келгендеріне үш жыл болды, – деді қарт.

– Ван екеуіңнің. Әуелде көршілер маған: “Бетінде таңба бар адамды үйде тұрғызуға бола ма? Қайдан білесің, мүмкін, ол ұры немесе қандықол қарақшы шығар...” – деген болатын. Бірақ мен Ванды қуғаным жоқ, ал ол елдің бәріне көмектесті. Көршілер Ванның өз өмірі жайлы әңгімелерді қызыға тындайтын. Олар маған: “Сіз дұрыс істедіңіз”, – дейтін болды. Оларға сенің сыбызғышылығың да ұнайды.

Күн бітіп, түн келді. Хабар күткен олар көрер таңды көзімен атырды. Осылайша тағы екі түн өтті. Ал үшінші түні олардың лашығына бейтаныс жан тағы келіп, сыбырлап:

– Оянындар. Бекем болындар, мен сендерге маңызды хабар әкелдім, – деді.

– Біз ояумыз, – деді мүсінші қарт. Шидің тілі күрмеліп, дыбысы шықпай қалды.

– Сендерге қалай десем екен... Өздеріңе белгілі ғой, – деп мінгірледі бейтаныс кісі.

– Құлағымыз сізде, – деді қарт.

– Мына жеңдеттер Ванды өлім жазасына кесті.

– Мен тура қазір әкімнің сарайына барамын, – деген Шидің үні қаттырақ шықты.

– Тыныш! Сен, немене, мені де ұстап алсын дейсің бе? – деп абыржыған бейтаныс жан лашықтан шыға жөнелді.

Ши орнынан тұрып:

– Мен кеттім, ата, – деді.

– Түн ішінде сен бәрібір ештеңе бітіре алмайсың, Ши. Сакшылар ұстап алып, түрмеге тығады. Таң атсын, екеуміз бірге барамыз, – деді мүсінші.

Таңның атқанын хабарлап қоңырау соғылғанда олар лашықтан шықты. Ши бамбук сыбызғысын ала жүрді. Олар көшеге шыққан

алғашқы жүргіншілер еді. Бірте-бірте адам кобейді. Елең-алаң мезгіл болса да, көше тауар арқалаған сатушыларға толып кетті.

Әкім сарайына кіруге рұқсат беретін есік аузында шал мен зағип бала ішке жіберіңіздер деп өтінгенде сақшылар оларды мазакка айналдырды.

– Әкімге бармақшысындар ма?.. Аман-есен тұрғандарыңда табандарыңды жалтыратыңдар.

Бір бұрышқа кисая кеткен Ши сыбызғысын ойнай бастады.

– Отырсын, ойнай берсін, – деді сақшылардың бірі. – Қандай көңілді әуен, тіпті ән салып, би билегің келеді екен.

Қарт та Шидің қасына жайғасты. Оның екі көзі есікте, бірақ ол жақтан келер көмек қайда?!

Біреу кіріп, біреу шығып жатыр. Киімдері кок, тамақтары ток. шеттерінен байбатша адамдар. Ши сыбызғы тартуын тоқтатқан кезде қарт оған айналада не болып жатқанын әңгімелейді. Қарауыл алмасты.

– Тағы да өтініп көрейік, – деді Ши.

– Біз сіздерді кіргізе алмаймыз. Үйлеріңе қайтыңдар. Ертең келіңіздер... – деді бір сақшы оларға аяныш білдіре қарап.

Олар кетпеді. Мүсінші таяу маңнан піскен ет пен күріш сатып алып, бір козе су әкелді. Ши екеуі тамақтанып алды.

Шидің құлағына тарсылдаған тағалардың дыбысы келді. Қакпа ашылып, сақшылар:

– Бұйрықты екі етпейміз! – деп айқайға басты. Марко Полонын жеке күзетінің бастығы сыртқа қалаға шығып барады екен. Ши күріш салынған ыдысын жерге қоя салып, жолға жүгіріп шықты. Ол тағзым етіп, ат тұяғының астына жата қалып, су қаранғы көздерін салт аттыға қадады. Сыбызғысы қолында тұр.

Жүзбасы Ян атын кілт тоқтатты. Ол мына адамның дидарынан көзін тайдырып әкете алмады. Ян баяғы бала Шиді жазбай таныды.

– Тұр, Ши. Бұл жаққа қалай келдің? – деді ол.

Зағип бала адамдарды даусынан танитын. Ол бір кездерде Ханбалықта оздерінің ұстаханасына жиі келіп тұратын Янның

алдында тұрғанын бірден ұқты. Оның қателесуі мүмкін емес. Сасып қалған Ши тізермен отырды.

Атынан қарғын түскен Ян оны көтеріп тұрғызды да:

– Не болды, Ши, – деп сыбырлап сұрады, басқа сақшылар естіп қалмасын деп.

– Ван түрмеге түсіп қалды. Ол өлім жазасына кесілген, – деп күбірледі Ши.

Ян уақытты бостан-босқа жоғалтпады.

– Жүзбасы Ян қайда тұрады, – деп сұра. Ал, қазір тұр да – сонда тарт, – деп сыбырлады тағы. – Содан соң даусын көтеріп, бұйыра сөйлеп: – Шық жолдан, соқыр. Сені таптап кете жаздадым ғой, – деді.

Ян күйғытып қалаға тартты.

Ал, Ши мен карт мүсінші оның үйіне барып, бар жағдайды баяндап айтып берді.

Жүзбасы Ян ойланып қалды.

– Тым-тырыс кана үйлеріне қайтындар, – деді ол бір кезде. Ешкімге тіс жарып ештеңе демедер. Ванды құтқарып қалу жағын ойлану керек.

\* \* \*

Ауқымды жұмыс үстелінің басында отырған Марко Поло жылдық есепке қажетті кейбір мәліметтерді тексерумен айналысуда. Оның алдында таза қағаз, ақша және әкімнің мөрі жатыр. Бұл оның әкімдік кезеңдегі соңғы есебі болатын. Бірнеше аптадан соң оның орнына аймақты билеуге монғол нояны келуге тиіс. Ол қазір осылай қарай жолға шыққан болу керек. Мұнда өткізген жылдарын Марко қанағаттанған сезіммен есіне алды. Өзі әкім ретінде барынша әділ болуға тырысты. Тек жеке бастарының ғана қамын ойлайтын Ахмед қызметке тағайындаған жебірлер мен парақорлардың барлығын қызметтен қуды.

Марко ешқашан пара алып көрген жоқ. Ханжоудағы вице-император Марконың қызметін өте жоғары бағалады, ол венеция-

лықтың Янчоудағы атқарған жұмысына ұлы Ханның тікелей өзіне хат жазып, оң пікірін білдіруге уәде етті.

Марко Поло өзінің осындай ойларын бұзып, кіріп келген хатшыға жақтырмай қарады.

– Не боп қалды? – деп сұрады ол.

– Жүзбасы Ян өзіңіздің қабылдауыңызды өтінеді, мырза.

– Кіре берсін, – деді ол.

– Янның бет әлпеті сазарып, адам танымастай өзгерген. Ол Шинге: “Ванды құтқару керек”, – деген болатын. Әкім көмек бермесе, оның өзінің қолынан не келеді? Жалпы, әкім өтінішін қалай қабылдар екен? Қөңілін кеулеген күдік аз емес.

– Тұр, Ян, – деді Марко Поло. – Не болып қалды? Ван ұста жайлы Ян ештеңені қалдырмай айтып берді.

Сырттан қарағанда Марко Поло ынта қойып тыңдап отырған секілді. Ол Ахмедтің жансызы Саидтің, кәдімгі кейін Ашиманы ұрлаған қарақшының, бір кезде ұстаны түрмеге каматканы жайлы білді. Оның есіне сол бір қиын сәтте Янның Ашиманы құтқаруға көмектескені түсті.

Міне, енді ол өзінің досы Ванға кешірім жасауды өтініп отыр. Бірақ Ван бүлікші ретінде сот шешімімен өлім жазасына кесілген... Марко Поло қолына морді алып, біршама уақыт салмақтал отырды. Ян үш жыл бойы оның жеке күзетінің бастығы болып, адал қызмет етті.

– Ол шаруаларға қару таратты ғой, Ян, – деді ойға батқан Марко Поло. – Бұл үшін өлім жазасына тартылады.

– Оны өлтіруге жол беруге болмайды, – деді Ян. – Мейірімді мырза, өтінем сізден, оны босатыңыз... Ван қылмыскер емес. Ахмедтің жансызы оны жазықсыз жазалауға ұшыратты, сосын оның ұстаханасын алып қойды. Қасына соқыр баланы ертіп, ол өз елінде қайыршылық күй кешті. Оның неге ызаланғанын түсінісіз, мейірімді мырза. Ол не қылмыс жасады? Ештеңе ұрлаған жоқ, ешкімді өлтірген жоқ... Аяғыңызға жығылайын, көмектесе көріңіз!...

Марко Поло орнынан тұрып, Янның жанына келді.

– Мен оны күтқара алмаймын, себебін өзін білесің, жүзбасы Ян.

– Сіздің билігіңізде шек жоқ, қайырымды мырза, – деді шын көңілмен жүзбасы.

– Мен сізге қарыздар екенімді есімнен шығарып көргем жоқ, – деп сөзін жалғады Марко. – Міне, сен, досыма көмектес деп тұрсың. Егер мен оны босатсам, менің дұшпандарым: “Янчжоудың әкімі императорға қарсы шыққан қылмыскерлерді түрмеден шығарып жіберіп жатыр”, – деп ұлы ханға хабар береді.

Янның түрі боп-боз. Оның қолы семсерінің балдағына жабыса кетті де, сәлден соң босатып жіберді.

– Ол бәрібір тірі қалуға тиіс, – деп күбірледі Ян.

– Абыржыма, жүзбасы Ян, – деді Марко Поло. – Менің ақылымды жақсылап тыңдап ал.. Мен Ван ұстаға кешірім жасаймын. Ол өлім жазасының орнына өмірлік қаторғаға айдалуға тиіс болады. Мен сені қызметіңнен босатамын да, осы қылмыскерді қаторғаға апаруға тапсырма беремін. – Марко Янға тіпті таянып, қолын оның иығына салды. – Қаторғаға барар жол ұзақ, – деді ол даусын бәсеңдетіп.

– Өзіңді қимаймын, бірақ басқа амал жоқ...

\* \* \*

Кешкісін Ян мүсіншінің бамбук лашығына қарай шаба жөнелді. Ши ат дүбірін алыстан естіді.

– Бұл сол кісі ме? – деп сұрады тағатсыздана күткен бала.

– Дәл өзі, Ши.

Алтындай жарқыраған күннің көзін бұлт бүркеп алды. Таяуда ғана жердің шаңын басқан носер жауып өткен болатын. Суланған шөп күмістей жарқырайды, көшелерге қақ тұрыпты.

Атын бағанға байлай салған Ян үйшікке қарай жүгіре жөнелді.

– Мен сендерге қуанышты хабар әкелдім! – деп айқайлады ол.

– Әкім мырза Ванға кешірім жасап, өлім жазасын өмірлік қаторғамен алмастырды.



---

– Жасағанның көзі түскен екен! – деді қарт. – Әкім оның өмірін сақтап қалыпты ғой.

Шидің түк қормейтін көздерінен ытқып жас шықты.

– Ол енді қайтып оралмай ма? – деп сұрады бала.

– Сенің Ванмен бірге жүруіне болады, Ши, – деді Ян. Әкім Ванды қаторғаға айдауды маған тапсырды.

Қарт ішке кіріп, лашықтан салт аттының мүсінін алып шықты. Сосын қатты ағашқа өткір пышақпен ойып “Вай Ван Синь” яғни, “Жомарт жүректі жат жерлік” деген иероглифтерді жазды.



Венециялықтар ұлы ханның байлығы шалқыған көркем ордасына қайтып оралды. Олар өздерінің бұрынғы Мың еселенген бакыт көшесіндегі ескі болса да әдемі үйлеріне орналасты. Алтын балықтар жүзген хауыз жағасында бір түп жасмин бұрынғысынша өсіп тұр. Гүлдерден шырын сорған ара гуілдеп ұшады. Ауладағы күркеде отырған Ашима үйренішті мекендеріне келгеніне қатты қуанды.

Бәрі бұрынғыша, бәрі өз орнында.

Венециялықтар сарайдағы қабылдаудан шығып немесе елдің киыр түкпірлеріне саяхаттан оралып, өз үйі, өлең төсектеріне келгенде рақатқа батып, шексіз қуанатын.

Бәрі бұрынғыша, дегенмен, бірдеңелер өзгерген де секілді.

Венециялықтардың бойларындағы туған Отанға деген сағыныш үдеп барады. Оны бір-бірінен жасыру қолдарынан келер емес.

– Егер мен Матео секілді күш иесі болғанымда, онда Кайдуды патшасының сарайына барып, оның қызымен белдескен болар едім, – деді бірде Маффео Поло.

Марко Поло түк түсінбей, көкесіне қарады.

– Сен бұл ханшайым жайлы әңгімені естімеп пе едің? – деді Маффео Поло. Бізге бұл жайлы Үндістанда айтқан.

– Тоқтай тұр, көке, – деп өтінді Марко. – Сіздің әңгімеңізді тыңдағанды Ашима да жақсы көреді.

– Олай болса, шақыр, – деді көңілі өсіп қалған Маффео Поло.

Ашима келген бойдан Маффео әңгімесін бастады.

– Тек бұл әңгімені Құбылай ханға айтуға болмайды. Кайдудың атын естісе болды, оның жыны қозып кетеді. Көгеріп, сазарып, тырысады да қалады. Сендерге Кайдудың бірнеше рет Құбылай ханның әскерімен шайқасқаны және ұзын құлаққа қарағанда тағы да императорға қарсы жорыққа дайындалып жатқаны жақсы мәлім. Ал, енді, осы Кайдудың қызы жайлы әңгімеге құлақ салыңдар. Оның есімі – Айжарық. Өте күшті қыз, бүкіл патшалықта оны күресіп жыға алатын жігіт жоқ көрінеді. Әкесі оны күйеуге бермек болғанда қызы мен өзінен әлсіз еркекке бармаймын депті. Сонда әкесі қызына өзің қалаған адамға ұзатамын деп уәде беріпті. Ал, қыз өзін күресте жыққан жігітке күйеуге шығатыны жайлы шартарапқа хабар таратыпты.

Осылайша қыздан үміткерлер әлемнің әр түкпірінен жинала бастапты. Бәрі де бағын сынап көрмек. Патша сарайында айрықша сән-салтанатпен өтетін күресті көруге хан мен ханым барлық нөкерлерімен келіпті. Үстіне сәнді жібек киім киген қыз залдың ортасына шығып, өзіне қарсы шығар жігітті күтеді. Егер жігіт Айжарықты жықса, қыз оған күйеуге шығады. Ал, егер жеңіліп қалса, жігіт қызға асыл тұқымды жүз арғымақты сыйға тартады.

Біздің естуімізше, қыз осы күрестен он мыңдаған асыл текті жылқыға ие болған. Қыз әрі күшті, әрі керемет алып көрінеді...

Үнсіз қалған Маффео Полоға ешкім ештеңе деген жоқ, содан соң ол өзі:

– Айжарық жайлы әңгіме осы. Елдің айтуына қарағанда күшіне көркі сай сұлу қыз көрінеді.

– Коке, сіз, шамасы, ханның қызына ғашық болып қалғансыз-ау, – деп қалжындады Ашима.

– Айдың жарығымен ойнама, әбден ойлан, – деп ағасын мазак етті Николо Поло.

– Жүз атты бірдеңе қылып табар едім-ау, – деп күрсінді Маффео.

– Бірақ маған бұл қыздан көрі Сан-Марко каналының суына шынашағымды бір батырып алғаным қымбат. Тек, көрмейсің бе, мына бірбеткей Құбылайдың бізден бейне бір тәжіне таққан гауһардай айырылғысы келмей отырғанын.

– Ол бізге аз жақсылық жасаған жоқ, – деді Марко.

– Несін айтасың, бізбен кіндігі байланып қалған сияқты.

Барлығы бірдей ойланып қалды.

Маффео қалжындап айтқан секілді болғанмен, оның сөзінде таза шындық жатыр. Венеция түстеріне кіріп, көздеріне елестеп тұрып алатын болды... “Сан-Марко аралының суына шынашағымды бір батырсам...” Ашимаға олардың сағыныш сезімдері өзі де тұп-тура сол Венецияда туғандай өте жақсы түсінікті.

– Біз Отанымызға оралу үшін күресуіміз керек, – деді Марко.

– Патша қызымен күрескен жігіттер секілді күшіміз жетеді деп сенуіміз керек, – деп іліп әкетті Маффео.

– Қайту жайын әңгіме қылсақ болды, Құбылай хан ренжи бастайды, – деді Николо Поло. – Ал, кенет ол өліп қалса, біздің күніміз не болады? Ол әбден қартайды, кейде маған оның аз ғана күн өмірі қалғандай болып көрінеді. Ордада бізді көре алмайтын, біздің байлығымызды қызғанатын адамдар аз емес. Олар Құбылай ханның бізді сыйлайтынын білгеннен ғана, бізге ештеңе істей алмай жүр, ал, хан өліп қалса, не болады?..

Олар Отандарына оралудың барлық мүмкіндіктерін талдап, ұзақ әңгімелесті. Ұлы ханның келісімін алмай, бұл елден астыртын кетіп қалуға болмайтыны жайлы да айтылды. Шынымен Венецияға қайтпақ болып шешсе, онда міндетті түрде императордың рұқсаты керек.

Венециялықтар ұлы хан солтүстікке аң аулауға шыққанда онымен бірге болды, содан соң Шандуға соғып өтіп, бүкіл хан ордасы Ханбалыққа қайтып оралды. Батыстағы таулардан соккан ызғарлы желмен бірге қаһарлы қыс Ханбалыққа да келіп кірді. Байбатшалар ордада өтіп жатқан мейрамдар мен қабылдауларға жып-жылы жанат ішіктерін жамылып келетін болды. Ұлы ханның ең үлкең бәйбішесі Жамбы қатын кенеттен қайтыс болып, ол зор құрметпен жерленді.

Осы оқиғадан кейін іле-шала император бүкіл дәрігерлер мен емшілерге кімде-кім мәңгілік өмірдің дәрісін тапса, соған теңдесі жоқ сыйлық тарту ететіндігін хабарлап үндеу таратты. Сол-ақ екен, қаптаған бақсы-балгер, ем-домшы, дәрігер-сиқыршы, алаяқ-қуаяқ дейсің бе, әйтеуір байлыққа қызыққан тобыр сарайға қарай ағылды. Олар шипалы шөп, алтын тамыр, киелі тастарын көрсетіп, оқудұғалау, үшкіру-дуалау сияқты әдістерін насихаттап, ұлы ханға – жасағанның құлына мәңгілік өмір сыйлауға талаптанып жатты. Өзінің көңілі түсуіне қарай әмірші олардың бірін сыйласа, екіншісін жазалап отырды.

Бірде Маркоға императорға өтініш айтатын ыңғайлы сәт жеткендей болып көрінді. Ол елді ұзақ уақыт аралап қайтқан болатын. Сапар барысында көрген-білгендері, өзі болған аймақтардағы қаржы және басқару мәселелері жайлы императорға егжей-тегжейлі әңгімелеп берді. Өз бөлмесінде өткен осы әңгімені билеуші қызыға тыңдады. Онда қабылдау кезінде бақылау кеңесінің бастығы Есен-Темірден басқа бөгде ешкім болған жоқ.

– Сіз маған жағдайды толық баяндап шықтыңыз, – деді Маркоға риза болған Құбылай хан. – Сізді марапаттауға тиістімін. Ал енді үйіңізге барып, тыныға беріңіз. Қажет болсаңыз, өзім шақыртамын.

Ризашылық белгісі болар, тақырбас монғол да түсініксіз дыбыс шығарды.

Марко осы кезде императордың аяғына жығыла кетіп, одан өз өтінішін тындауды өтінді.

– Тұрыңыз, – деді император. – Қандай өтінішіңіз бар?

Марко Поло императордан Отанына қайтуға рұқсат етуді ерекше толқып тұрып сұрады.

Құбылай хан үнсіз.

Су сағаттан тамшылардың қыш ыдысқа тамғаны естіледі. Марко Поло қолдау бола ма деп бакылаушылар кеңесінің төрағасына қарап еді. оның бұл шаруаға араласар түрі байқалмады.

Билеуші бір кезде:

– Сен оның не дегенін естідің бе, Есен-Темір? – деді.

– Дзе, дзе, – деді монғол нояны.

Ұлы хан құлық толы қысық көздерін Марко Полоға қарай бұрып:

– Сю Сян қайтыс болды, ал маған білікті кеңесшілер керек, – деді.

Шошып кеткен Марко бір қадам шегініп:

– Сю Сян қайтыс болып па еді? – деді.

– Иә, – деді сабырмен билеуші. – Сю Сян қайтыс болған.

Күтпеген хабардың Маркоға әсер еткені соншалық, ол тіпті ұлы ханның жанында тұрғанын ұмытып кете жаздады. Оның кеудесіне тек қайғы толып қана қоймады, әсіресе Құбылай ханның қарт ғалымның қазасы жайлы өзіне жайбарақат айта салуы жанына батты. Император бірдене дегенге дейін ол еңсесі томендеп, ойланш тұрып қалды.

– Сіз маған қайтқыларын келетіні жайлы айттыңыз. Сізге, немене. менің ордам ұнамайтын болған ба? Алда Қайду сатқынға қарсы соғыс мәселесі тұр. Оны тәубесіне келтіру керек... Ал, менін сізге тапсырмам бар: кеме жабдықтап алып, Үндістанға жүруге тиіссіз. Онда сіз Цейлон атты үлкен аралға барасыз. Аралдың Сендеманн\* деген патшасы бар. Оның ұзындығы бір сүйем, қалыңдығы

алақандай лағыл тасы бар. Маған жеткен деректерге карағанда ол дүниедегі ең үлкен лағыл. Алаудаған оттай бұл тас тылсым күшке не. Сіз Сендеман патшаға менің - әлемнің билеушісінің осы тасты сұратқан сәлемімді жеткізесіз. Мен ол тас үшін бір қаланың бағасындай ақша төлеймін. Сіз осы тапсырмамды орындап, жолда көрген-білгендерінді маған баяндап бересіз. Ал, Отаныма қайтамын дегенді бұдан былай естімейтін болайын.

Марко Поло тізерлеп отыра қалып, маңдайын кілемге үш мәрте тигізіп тағзым етті.

Есен-Темір жоткірінін қойды.

– Енді ризасыз ба? – деп сұрады Құбылай хан.

– Ұлы мәртебелім, бізге көрсеткен керемет қамқорлығыңыз үшін шексіз алғысымды білдіремін, – деп тіл қатты Марко Поло. – Мен бұйрығыңызды орындау үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын.

Марко император сарайынан екі ұдай күй кешіп шықты. Император оның отінішін орындаған жоқ, дегенмен, өзінің көкейіндегі мақсатына сай келетін тапсырма берді. Ол әкесі мен көкесінің Үндістан және ұлы мұхиттың аралдары жайлы әңгімелерін беріле тыңдайтын, сол жақ оны еркінен тыс өзіне тартатын.

Қиялында құбылып, көз алдынан қолбен отіп жатқан ғажайып суреттер, мана ғана бүкіл жан дүниесін билеп туған жерге деген жүрегіндегі аңсау мен сағынышты ұмыттырып жіберді. Оның көз алдына мұхитпен бірнеше ай жүзгеннен кейін кенеттен қарсы алдынан шыға келетін қокжасы арал елестеді. Тулаған толқындар онда құмдақ жағалауға иек артып, пальмалардың балтырын жалап отеді. Оның құлағына бұрын ешқашан естілмеген бөтен әуен күйілады. Бұл әуен құдайы мен діні бөлек халықтың ғибадатханаларынан жан-жаққа тарап жатады. Періштелердің биіне құныға караған ол бар күшпен қанығу үшін Перілер аралының түкпіріне барады. Шатқалда қалықтаған самұрықтар шүйіліп келіп, найзадай тырнақтарын алаңсыз жайылып жүрген жылқыларға қадайлы да, жануарларды қаңбақ құрлы көрмей, ұяларына ұшып кетеді.

Ол жат ел десе, әлі де бала кезіндегідей сиқырлы сезім құшағына кіреді де кетеді. Алда тұрған сапар жайлы Маффео мен Николо Пололар не айтар екен? Марко бұл жайлы ойламауға тырысты. Көз алдындағы ұшқыр қиялы тізбектеген суреттерді сапарға нақты дайындық мәселелерді ысырып тастады. Марко осы үлкен шаруаға дайындалуға тиісті кемелер, олардың мұхитпен ұзақ уақыт жүзуге жарамдылығы жайлы және бұл кемелерді басқару үшін тәжірибелі әрі сенімді команда жасақтау керектігі жайлы ойлана бастады. Үндістанға онымен бірге солдаттар, көпестер және бір топ саяхатқа шыққан бай нокерлер өз қызметшілерімен барады, өйткені императордың тапсырмасын орындауға шыққан елшінің қасында шашбау көтерушілер әрқашанда болуға тиіс.

Қарттар мен Ашимаға барып, императордың бұйрығы жайлы айтқанға дейін Марко өз бөлмесінде ауыр ойға батып ұзақ отырды. Әңгіме үстінде Марко туыстарының бетіне барлап караумен болды. Кеш түсіп кетті, қызметші терезелерді жауып, май шамдарды тұтатты. Ойға батқан Ашима саусақтарымен үстелді шертіп-шертіп қояды. Маффео Поло иегін жұдырығымен таяп, қозғалмай отыр. Николо кеудесін көтеріп, ернін тістелеп, әзір ауыз ашып, ештеңе деген жоқ.

– Енді кайтеміз, Үндістанға десе – Үндістанға барамыз, – деп иығын қикаң еткізді Маффео. – Императордың өзі бұйырып жатса...

Ашиманың көзі шарасынан шығып кетті. Май шамның жарығы оның жанарына шағылысып тұр.

– Мен мұнда жалғыз қалмаймын. Сенсіз қалуға қорқамын, – деді ол жұлып алғандай.

– Бізде үлкен кеме болады. Сен өзімізбен бірге аттанасың, Ашима, – деп жұбатты оны Марко.

Қыздың қорқынышы тез тарап кетті, алайда ол алда тұрған сапарға қуана алмады. Николо мен Маффеоның да бұл сапарды онша ұната қоймағанын Ашима олардың бет әлпеттерінен байқады.

– Біз есепсіз көп байлық жинадық, – деді Николо еріндерін әзер жыбырлатып. – Жолымыз болса, оны Үндістанда еселеп қобейтеміз.



– Сосын ол үнжырғасы түсіп, ұлына қарады да: – Бірақ осының қандай қажеті барын түсінбеймін, – деді.

– Біздің маңдаймызға өмір бойы елкезбе болу жазылған шығар, – деді Николо.

Қарттардың әңгімесі Марконы қатты тебірентті. Олардың Отанға деген сағыныштары соншалықты күшті екенін ол осы жолы жүрегімен сезінді. Оларға ештеңе демегенімен, Марко бұл ұлы ханның қызметіндегі соңғы сапарым болады деп іштей бекінді.

Осы әңгімеден кейін Николо мен Маффео Пололар кемелерді дайындау және тәжірибелі команда жасақтау мақсатымен оңтүстіктегі Зайтон\* айлағына аттанып кетті. Марко Поло мен Ашима әзірге Ханбалықта қала тұрды, тек үш айдан соң ғана олар екі мың адамды ертіп, астанадан жолға шықты. Сапар барысында мырзаларға қызмет көрсету үшін осы топқа Фань Гун-ду мен Ю қосылды.

Марко Поло суыт жүрді. Өзімен бірге шыққан сарай қызметшілеріне ол жолай өте қысқа ғана аялдамалар жасауға рұқсат етті. Ол үлкен жолға шығар кездерде жол жабдығына тыным таппай дайындалатын. Кемелер жағадан жылжып кететін сәтті ол тағатсыздана күтті. Оған бойын билеп алған алдағы сапарда көретін қызығы мен ашатын жаңалықтары отанын аңсаған қарттар есіне түскенде бейне бір ауыр қылмысқа ұмтылғанындай болып көрінді.

Олар алты ай жүргенде ғана Зайтонға жетті. Марко Поло мен Ашима керуеннің алдында келеді. Олар төбешікке тоқтап, аттарынан секіріп түсті. Жаз да бітіп қалған. Көкжиекте керілген ақша бұлттар ақбас таулардан аумайды. Самал жел жолаушыларды жібектей желпіп тұр. Томеннен бақ ішіндегі үйлер көрінеді. Таудың бөктеріне де, жазыққа да, өзен бойына да, когілдір шығанақ жағасына да үйлер салынып тасталған, бос жатқан жер жок. Таудағы алып ғибадатханадан айналаға айбар тарап тұрғандай. Айлақ аумағы зөкір түсірген қайық пен кемеге толған.

Зайтон ауқымды, әдемі қала және ол әлемдегі ең үлкен теңіз айлағы.

Марко Зайтонға Янчжоудың әкімі кезінде келіп кеткен еді. Айлақ қоймаларында тауардың орасан зор қоры сақталатыны оған белгілі болатын. Мұнда күн сайын түрлі елдерден кемелер келіп, мыңдаған тонна жүк жеткізілетін. Мысалы, жер шарының батыс бөлігін камтамасыз етіп отырған Александрияның қоймаларымен салыстырғанда бұрыштың қоры Зайтонда жүз есе артық еді.

Айлақ көшелерінде болат инелер мен түрлі-түсті бояулардың көмегімен адам денесіне сурет салушылар қаптап жүретін. Олардың атағы дүние жүзіне тараған, тіпті Үндістанның түкпіріндегі аудандарының өзінен денелеріне сурет салғызып алу үшін адамдар ағылып келіп жататын. Ал, Зайтон тоқымашыларының өрнекті жібегіне сұраныс әлемнің көптеген елдерінде өте күшті еді.

Марко мен Ашима қарттармен кездесу жайына алаңдап келеді. Олар әкесі мен көкесінің еңселері түсіп кеткен шығар деп ойлаған еді. алайда бәрі керісінше болды. Маффео Поло олармен балаша қуанып, даусын көтеріп амандасты. Ал Николо болса, ағасының сапарға дайындық жайлы әңгімесін күлімдеп тыңдады. Шаруамен айналысу олардың қоңілін жадыратыпты.

– Сеніміңізді ақтауға тырысамыз, қадірлі адмирал мырза, – деп қалжыңдады Маффео. – Сапарға тура ертең аттанғыңыз келеді ме? Қалауыңыз солай болса, айлақта үнділік он кеме командасымен желкенін керуге дайын тұр. Мұның бәрін дайындаған Николо Поло және оның бауыры Маффео. – Ол айтқан сөздеріне сәйкес қолын сермен: – Палубаға дәл қазір көтеріле беріңдер, мырзалар. Тура қазір жолға шығуға әзірміз, – деді.

Бір жеті уақыт өткен соң желкенді кемелер Зайтоннан шықты. Көшбасшы кеменің палубасында тұрған венециялықтар өздерінің шағын флотилиясына мақтанышпен қарап қояды.

– Міне, енді тағдырымыз теңіздің биілігінде, – деген Маффео Поло ішінен күбірлеп: “Жаратқан аман-есен қайтуымызға жазсын”, – деді.

Айлақтан алыстаған сайын жел де оршеленіп күшейе түсті. Бүкіл желкендерін жайған он кеменің мачталары иіліп, корпустары

қисайып келеді. Жылдамдықтары күшті. Аспанның түсі қандай екенін айыра алмайсың. Ал, теңіздің түсі басыңды қай бағытқа бұрғанына байланысты – біресе шыныдай көгілдір, біресе жапырақтай жасыл, біресе комірдей қап-қара, біресе нілдей, біресе ақшулан жабағыдай болып мың құбылады. Венециялықтар ештеңеге алаңдамай, оздері мінген торт мачталы, жалпақ жейкенді алыс сапарларға шығуға арнайы жасалған ірі кеменің сонындағы үйірінің, иірімделіп, жарқырап жатқан ізін қызықтап, палубаның артқы жағында тұр. Кеменің қос қапталына бес-бестен құтқару қайықтары бекітілген. Сапалы тактайлардан жасалған трюм бір-біріне су өткізбейтін бірнеше камераға бөлінген. Егер кеме кездейсоқ су астындағы жартасқа соғылып, бортта тесік пайда бола қалса, тек бір ғана камераға су барады да, кеме жүзуін жалғастыра береді.

Екі жүз елу адамнан тұратын кеме командасын Манзиден Үндістанға талай рет сапар шеккен үнділік ақ сақалды капитан басқарады. Палубаның астында жол үстінде не қажеттің бәрін қамтыған шағындау келген алыс каюта бар. Олардың қабырғаларына ою-өрнекті кілемдер тұтылған, ал тосектер болса, мамық жастықтар мен жібек жамылғылардан тұрады. Торт бұрышты терезе арқылы теңіздің бетін қызықтауға болады. Қатты дауыл соға қалған жағдайда кеменің басқарылуын қамтамасыз ету үшін барлық кеме матростардың санына қарай қосалқы ескектермен жабдықталған.

Үндістан жағалауына аттанған он кемеде екі жүз лауазымды сарай қызметкерлері бар, оларға жағдай жасау үшін сегіз жүз күтуші ере шыққан. Сондай-ақ император әскерінің бес жүз сарбазы мен өздерімен бірге соншама көмекші алып шыққан екі жүз елу көпес те осы кемелермен келе жатыр. Бұл адамдардың барлығын Марко Поло басқарады. Сапардың басында ол кіршияз сарай қызметкерлерін он кемеге таратып отырғызды. Трюмдарда ұлы ханның жатжерлік патшаларға жіберген, мұқият буылып-түйілген сыйлықтары жатыр. Бірақ олардың көлемі басқа тауарлармен салыстырғанда ауызға алуға тұрмайды. Трюмдар жібек мата, күміс пен алтын әшекейлер,

бағалы киім, қыш ыдыс, зер тоқитын жиі, қару-жарак, ат әбзелі. Үндістанда үлкен сұранысқа ие мыс қазандар секілді түрлі тауарларға сыйғанынша толтырылған. Көпестер бұл тауарларды тиімді өткізіп, одан түскен ақшаға асыл тастар, піл сүйегі, үнді жаңғағы, сандал мен әбен ағаштары сияқты зәру тауарларды сатып алмақшы.

Марко сауда-саттық бойынша барлық жауапкершілікті олардың орасан зор тәжірибесіне сүйеніп, толықтай әкесі мен көкесіне жүктеді. Өзінің бұдан басқа да шаруасы аз емес еді. Сарай қызметкерлері жүрген жер неше түрлі құйтырқы әрекеттің ордасы деуге болады. Олар кит етсе болды, өзіне келіп шағымданады. Бірін-бірі жамандаса да, Марконы мақтаса да тілдерінен бал тамызып, алдарына жан салмауға тырысады. Ретін тауып пара бергілері келеді. Тіпті сұлу күндерді сыйлағысы келетіндер де бар. Әрине, олардың бәрін бірдей жылпос деуге болмайды, адал, таза қызметкерлер де жеткілікті. Алайда Марко Поло ешкімнің қармағына түскен жоқ, жанашырлық пен жағымпаздықтың ара жігін айыра білді.

Олардың мұхитта жүзіп келе жатқандарына екі айдай уақыт өтсе де, әлі бірде-бір рет жер көрінген жоқ. Қай қапталына қарасаң да – айдын. Шеті де, шегіде жарқыраған судан басқа ештеңе көзіне түспейді.

Бірде жап-жарық айлы түнде Марко мен Ашима палубаға шықты. Толқындар күмістей жалтырап, мұхит арыстандай аласұрып жатыр екен. Желкендерді жел кернеп, мачталар сықырлап, кеме бірқалыпты жылжып келеді. Күндізгі қапырық жоқ, палубаны самал желпіп тұр. Бақытқа бөленген Марко Ашиманы мойнынан құшақтады.

– Әкеміз бен көкеміз Венецияны естерінен шығарар емес, – деді Ашима қарттардың жағдайын ойлап терең күрсініп.

Ақыры бір күні Үндістан жағалауы да көрініп, кемелер Хайнань шығанағына келіп кіргенде, кенет олардың алдынан қаптаған аралдар шыға келді. Жағалауды бойлап халық тығыз қоныстанған екен. Осы жердегі озендердің теңізге құяр сағаларында алтынның көп екендігін

Маффео Поло Маркоға ескерткен болатын. Сондай-ақ бұл аралдар мысқа, бидайға және жеміс-жидекке өте бай. Алайда жолаушылар мұнда көп богелмей, осыдан бірнеше жыл ғана бұрын тотенше жағдайда ұлы ханның әскерлері жаулап алған Чамбо\* еліне қарай жүзіп кетті. Бұл елдің керемет бай екенін естіген Құбылай хан қолбасшы Сағатуға жаяу және атты әскерді мол жинап алып, Шығыс Үндістанның мұхит жағалауындағы жерлерін жаулап алу үшін жорыққа шығуды бұйырған еді. Содан Манзи аймағын жарып өткен көп әскер бөгде елдің жеріне келіп кірді. Басқыншыларға қарсы қолдарына қару алып күреске шыққан жергілікті тұрғындар таулы жердің бедерін ұтымды пайдалана отырып, Құбылай ханның әскеріне көп зиян шектірсе де, олардың бетін қайтара алмады. Жау жасағы ешқандай бекінісі жоқ жазық жерлерді көктей өтіп, жолда кездескен елді мекендердің тас-талқанын шығарды. Әйтсе де таулы аймақта өткен жан алып, жан беріскен шешуші шайқаста Сағатудың әскеріне мықты соққы берілді.

Қысылтаяң кезде қолбасшы Сағату императорға жылдам шабармандарын жіберіп, өзіне жаяу әскерден көмек қорсетуін өтінді. Осы сәтте Чамбоның патшасы Аққамбала өз жасағын кейін шегіндіріп, бекініс бола алатын қалаларға орналастырды. Жасы сексенге таяп қалған патшаның жүрегі жау табанында тапталған елін көргенде қайғыдан қарс айырылатын. Ол осы жолы жау жасағының бетін қайтарғанмен, түбі ұзақ соғысқа шыдай алмайтындықтарын түсінді. Сондықтан ол өз елінің ұлы ханның құзырына кіретіндігін білдіріп, Ханбалыққа елшілерін аттандырды. Өз әскерінің зор шығынға ұшырағанына алаңдаған Құбылай хан Ақкамбаланың жіберген елшілерін ілтипатпен қабылдап, сол арада Сағатуға әскерін Чамбодан алып кетіп, басқа елдерге қарсы жорықтарға сақадай сай тұруды тапсырды.

Міне, сол кезден бері Ақкамбала патша жыл сайын императорға орасан көп молшерде эбен ағашын және өз елікдегі ең таңдаулы деген жиырма бес пілді тарту етіп келеді.

Венециялықтардың кемелері тып-тыныш шығанаққа зөкір тастады. Марко Поло жолаушыларға бір жеті демалуға рұқсат етті. Сарай қызметкерлері мен көпестер күн сайын Марко Полоға есеп беріп отыратын окілдерді өз араларынан алдын ала белгілеген болатын. Чамбода жағаға шыққан Марко Полоның табаны үнді жерін тұңғыш рет басты. Ит тұмсығы өтпейтін қалың орман жағаға тіреледі. Оған жапсарласа жергілікті халықтың жеңіл лашықтары орналасқан.

Күн қайнап тұр. Жаңбыр жаумағанына бірнеше ай болған. Марко Поло құрлыққа тереңірек еніп көргісі келіп еді, оны бұл ойынан Николо мен Маффео Пололар қайтарды. Олар үнді жеріне жаңа ғана жетті, алда әлі оның мүлгіген қалың ормандарын аралауға талай-талай мүмкіндік болады.

Жылтыр қоныр, жарқын жүзді әдеміше келген туземдіктердің белдеріне байлаған шүберектен басқа киімі жоқ. Көпестер одардан алтын мен асыл тастарды арзан әшекейлер және әр түрлі ыдыс-аяққа алмастырып алды. Бұл айырбас жолаушылар үшін аса тиімді болды. Сондай-ақ олар бұл жерде азық-түлік сатып алып, тұщы су қорын толықтырып, шағын флотилия көп бөгелмей сапарды одан әрі жалғастырды.

Шығанақта үп еткен жел жоқ болғандықтан желкен керу мүмкін емес. Сондықтан теңізшілер әр қатар орындыққа төрт-төрттен отырып, кемені ашық теңізге шығарғанға дейін ескек есуге кірісті. Теңіз бетінде әлсіздеу болса да жел бар, желкен керіліп, кемелердің басы оңтүстікке бұрылды. Апталар, айлар өтті. Сарай қызметкерлері іштері пысқан соң жаппай ұрыс-керісті ермек етті.

Марко Полоның қолы бос кезі жоқ. Тіпті тұн қараңғысының өзінде оған бірінің үстінен бірі шағым жасағандар, кеңес сұрағандар келуді тоқтатпайтын. Ол аспай-саспай олардың дауларын әділ шешкен соң, жолаушылар алдында үлкен беделге ие болды. Бес жүз қарулы сарбаз Марконың билігінің кепілі еді, оның айтқаны заң ретінде қабылданатын. Тәртіп сақтау үшін ол қажет кезінде күш те

қолданды. Мысалы, ол екі сарай қызметшісі жекпе-жек шайқасқа шықпақ болғанда, оларға тыйым салды. Ал, бұл сотқарлар мұның айтқанын тыңдамай, палубада семсерлесе бергенде, Марко сақшыларға олардың қаруларын сыпырып алып, өздерін әбден тәубесіне келгенше жеке каютаға қамап қоюға бұйырды.

– Ел басқаруға әбден ысылып қалыпты, – деді Маффео бауырына.

Николо Поло оны құптап, басын изеді. Ұлы оның мақтанышы еді. Шындығына келгенде, қарттар туған жерлеріне оралу жайлы ойларынан қайтқан жоқ, бірақ өте ауқымды табыс әкелетін болғандықтан олар бұл сапарға да қуана-қуана шыққан болатын. Зайтоннаң аттанарда ағайынды конестер трюмнің әжептесуір бөлігіне тауар тиеп алған еді.

Осы ұзақ сапардың барысында Марко Поло кемедегі тәртіпті тиісті деңгейде қамтамасыз ете білсе де, төтеннен пайда болған жұқпалы ауруға қарсы тұра алмады. Бұл аурумен тек еркектер ғана ауырды және бірнеше адам қайтыс болды. Сырқаттардың ыстығы қатты көтеріліп, терісі, әсіресе көздерінің ағы сарғайып кететін болды. Олар тез арада күш-қуаттарынан айырылып, орындарынан көтеріле алмай қалады. Төтенше ауруды қалай емдеуді білмеген дәрігерлер неше түрлі дәрілерді қолданып көргенмен, одан түк көмек болмады. Күн сайын ертелетіп қарттар жатқан каютаға кіргенде Марко Поло аурудан аман ба екен деп ең алдымен олардың көздеріне қарайтын. Құдай қарасып, әкесі мен көкесі бұл аурудан аман өтті. Марко да, Ашима да тропикалық ыстыққа қиналған жоқ. Дегенмен, ауру адамдардың саны көбейгені Марконы қатты алаңдатты.

Ол өзіне дәрігерлерді шақырып алып, мынау төтенше зұлматтан құтқаратын қандай ем бар екенін сұрады.

Үндістанда сан мәрте болған қытайлық дәрігер:

– Бұған қарсы қолданар ешқандай амал жоқ, мейірімді мырза. Аурулар тек біз құрлыққа аяқ басып, оларға жаңа піскен жеміс бергенімізде ғана жазылып кетеді, – деді.

Жел арттан қуалай соғып тұрды. Бірнеше күн өткенде олар Яваға жетіп, Марконың қоңілі орнына түсті. Чамбодан шыққаннан бері үш ай уақыт өтіпті. Осы мерзім ішінде олар бір мың бес жүз миль жол жүрген. Адамдар, содан бері жолай кездескен кішкентай аралдарды есептемегенде, су мен аспаннан басқа ештеңе көрменгі, мұхиттың шуылы мен толқынның теңселгенінен басқа ешқандай богде дыбыс естімепті. Кемедегілер жан төзгісіз ыстық пен белгісіз аурудан әбден қажыған еді.

Көкжиектен шыққан күн биікке көтерілді. Аспан мен теңіз балқыған металл секілді. Саяхатшылар өздерін жер шарының кіндігінде тұрғандай, бұрын адам аяғы баспаған жана бір құрлыққа жеткендей сезінді. Сәске түс кезінде кемелер Ява атты көлемді, әрі бай аралдың жағасына тоқтап, зәкірлерін түсірді. Марко Поло барлық ауруларды жағалауға шығарып, оларға жаңа піскен жеміс беруге бұйрық етті.

Яваның билеушісі ешкімге тәуелді емес еді. Бұл аралдың халқымен Манзи мен Зайтонның көпестері тығыз сауда қатынасын орнатқан болатын. Жолдың алыстығы және ауырлығына байланысты оларға кейін оралу қанша қиын болса да, бұл сауда көпестерге өте тиімді еді. Явада тамақтың дәмін кіргізетін қалампыр, мускат жанғағы, қара бұрыш, имбирь секілді өсімдіктер орасан көп өсетін, ал алтын олардан да көп болатын.

Қытайлық дәрігердің айтқаны келіп, жеміске аузы тиген аурулардың беті бері қарады. Денелерінің қызуы қалпына түсіп, бойларында күш пайда бола бастады. Бір ай өткенде Марко Поло жолда қажет болар деп, кемелерге жас жемісті молырақ тиетті де, сапарды одан әрі жалғастыруға бұйрық берді.

\* \* \*

Бір апта жүзгеннен кейін кемелер сегіз патшалыққа бөлінетін Кіші Ява аралдарына келіп жетті. Олар осында зәкірлерін түсіріп тоқтағаннан кейін бірнеше күннен соң, жаңбыр толассыз жауып,



дауыл соқты да тұрды, сондықтан Марко Полоға бұл жерде амалсыздан аялдауға тура келді. Арал өте үйкен және шексіз байлыққа толы екен. Бағалы ағаштардың неше түрі өседі. Ну ормандарда пілдер, мүйізтұмсықтар, басқа да жабайы аңдар өріп жүреді.

Бұл аралдың патшалары ұлы ханды өздерінің өміршісі ретінде мойындағандарымен, оған салық төлемейді, өйткені олар өздерінің тым шалғайда жатқандықтарын және императордың Манзидан бұл жерге әскер жібере алмайтындығын жақсы біледі. Амалсыздан осы аралға тоқтағанда Марко Поло алты патшамен кездесіп, олардан сирек кездесетін бағалы сыйлықтар алды. Басманың патшасы екі ағаш жәшік сыйлады; өзінің айтуына карағанда олардың ішінде дүниедегі ең ұсақ ергежейлілердің бальзамдалған денелері бар. Венециялықтардың бұл сыйлықты көріп үрейлері ұшқан жоқ, өйткені олар бұдан бұрынғы сапарларында осы ергежейлілер жайлы біліп алған болатын. Шындығында жәшіктерде адам емес, адамға ұқсас маймылдар жатқан еді. Жергілікті көпестер оларды аулап, өлтіріп, өздеріне мәлім әдіспен бальзамдап, үстеріндегі жүндерін қырып тастап, күнге кептіріп, содан соң түрлі майлар мен дәрілердің көмегімен бұл денелерді бірте-бірте адамнан айнымайтын пошымға келтіреді екен. Сосын оларды сандал ағашынан жасалған жәшіктерге салып, алыс елдерге апарып, адам таңғаларлық ғажап тауар ретінде аса тиімді бағаға сатып, көп пайдаға кенеледі.

Маусым, шілде, тамыз айларында ашық күн сирек болып, носер тынбай күйды да тұрды. Өсімдіктер күн сайын емес, сағат сайын көтеріліп өсіп тұрды. Бұл құбылыс, әсіресе арагидік күн шыққан кездерде айқын байқалады. Флотилия аралды айналып өтіп, солтүстік жағалаудағы Самара аталатын мемлекетке барып жетті. Зәкірлер суға тағы түсірілді. Адамдар тар каюталарға камалмай, өздерін еркін сезінсін деп, Марко Поло жағалауға шығып, шатырлар тігуге бұйрық берді. Сойтін, Цейлон аралдарына аттануға қолайлы жел тұрғанын күткен саяхатшылар шатырларға жайғасты.

Марко Поло таяу маңдағы тауларда адам жегіштердің тайнасы: тұратынын естіген соң, лагерьді айналдыра екі етегі теңізге барып тірелетін терең ор қаздырды. Ол ордың ұзына бойына ұшталған қадалар қакқызып, жүз кадамдай жерге тұрақты қарауыл қойды.

Сақшылар бірін-бірі алмастырып кезекпен қарауылда тұрды. Ал саяхатшылар ештеңеге аландамай осы лагерьді бес ай бойы жайлады.

Аз мерзімнің ішінде саяхатшылар мен осы маңды мекендейтін түземдіктер арасында өте жақсы қарым-қатынас орнады, өйткені Марко Поло осы тыр жалаңаш қап-қара адамдарға ешкімнің тиіспеуін қатты қадағалаған болатын. Аңшылар өздері аулаған аңдарын, балықшылар ұстаған балықтарын, ал олардың әйелдері жеміс-жидектер мен іші өте тәтті сап-салқын сүтке толы адамның басындай кокос жаңғақтарын және өздері ашытқан шараптарын әкеліп, саяхатшыларды үнемі сыйлап тұрды. Бұл жерде шарапты құрмаға ұқсас ағаштың шырынынан ашытады екен. Осы ағаш бұтағының қабығын тіліп, оның астына ыдыс байлап қояды, ыдыс бір түнде шырынға толып шығады. Ол ашып, аса сапалы шарапқа айналады.

Амалсыздан бес айға бөгелген саяхатшылар қайтадан кемелеріне көтеріліп, барлық желкендерін көтеріп, ашық теңізге шықты. Қаптаған түземдіктер жағаға келіп, бұлармен қолдарын бұлған, қимай қолтасты, тіпті кейбіреулері өздерінің қарапайым қайықтарымен кемелердің соңынан еріп отырды. Жел күшейіп, кемелердің жылдамдықтары арта бастады. Палубада тұрған венециялықтарға бірте-бірте арал жағалауы көрінбей кетті.

Міне, олар тағы да жолда анда-санда кездескен кішкентай елсіз аралдарды есептегенде, аспан мен теңізден басқа ештеңені көрмеді. Кемелер батысқа қарай жүзіп келеді. Олар Қытайдан қанша алысқа ұзап шықты екен? Шамасы, бұл жол Ханбалықтан Жерорта теңізіндегі Аяс портына дейінгі аралықтың тең жартысынан артықтау болып қалар. Уақыт өткен сайын Марко Полоньң көңіліндегі бір ой орныға, күшейе түсті: ол Венецияға теңіздер

арқылы жүзін жетуге болады деп шешті. Егер Құбылай ханның тапсырмасын абыроймен орындап, Ханбалыққа аман-есен жететін күн туса, ол өз бойындағы барлық күш-қуатын осы жоспарды орындауға жұмсамақ болып бекінді.

Марко Поло өзінің бүкіл бос уақытын жолжазбаларын ретке келтіріп, толықтырып отыруға арнады. Бірде, түс ауған шақта, капитан оған Цейлон корінді деп хабар берді. Марко палубаға көтерілді. Үнді құрлығының тұрғындары Цейлонда кесепатты перілер мекендейді деп ойлайтынын ол білетін еді. Жергілікті халықтың оны “Ланка” деп атағанының өзінде мән бар: бұл “кесепатты пері” деген сөз. Ел патшасының аты – Сендемаин. Арал түрлі асыл тастарымен әлемге белгілі болып отыр. Елдің айтуына қарағанда патшада ұзындығы бір сүйем, қалыңдығы алақандай, оттай алаулаған лағыл тас бар. Қытай императорының алғысы келетіні осы тас.

Келесі күні венециялықтар қастарына екі жүз елу сарбаз бен күтушілерді ертіп, императордың тарту-таралғысын алып, жағаға шықты. Оларға он сарай қызметшісі және бірнеше тілмаш қосылды. Кемелер тоқтаған шығанақ тып-тыныш, әрі суы моп-молдір екен. Бөлек жатқан терең көл сияқты. Оны желден жағаны бойлай созылған қырат қорғап тұр. Қыратта қылқанды ағаштар, пальмалар мен папоротниктер өсіп тұр. Жағада ақсары құм сусып жатыр, әрі қарай қырақа баспалдақтап көтерілесің.

Кемелердегі барлық үш жүз қайық суға түсірілді. Олар тып-тыныш жатқан шығанақты ұйқыдан оятып, маңайға жан бітірді. Абыржыған ұсақ маймылдардың мазалары кетті. Олар у-шу болып, бұтактан-бұтаққа секіріп, күтпеген қонақтарды бақылап, тыным табар емес. Ағаштардың арасында тотықұстардың неше түрі өмір сүреді екен. Сондай-ақ бұрын көпшілік біле қоймайтын бейтаныс кішкентай құстар тынбай ұшып-қонып жатыр.

Өздерінің лашықтарының алдына шыққан түземдіктер қайықтардан көз алмайды. Оларда белдеріне байлаған қыш шүберектерден

баска лына жоқ, ал балаларда ол да жоқ. Қайықтардың алды жағаға жетін, олардан қару-жарақтары жарк-жүрк еткен сарбаздар секірін түскенде, қорыққан түземдікгер лашықтарына зын берді.

Тек деревняға венециялықтар қарусыз барып, тілмаштар арқылы оздерінін достық ниетпен келгендерін түсіндіргенде ғана, әуелі еркектер мен әйелдер, сосын оларға еріп балалар лашықтардан шыға бастады. Беліндегі шүберектен басқа басына жібек орамал тартқан бір шал оларды патшаға апаратын болды.

Марко Поло бұрын Кіші Явада салынғандай бекініс лагерьдің жағалаудағы құрылысына әкесінен басшылық етуді өтінді, ал өзі Маффео көкесімен бірге екі жүз елу сақшыдан, он сарай қызметкерінен және патшаға арналған тарту-таралғыларды қотеретін жүкшілерден тұратын отрядты басқарып, аралға тереңдеп еніп, патша сарайына апаратын жолға түсті. Екі жергілікті тұрғынды ол Сендемаин патшаға қонақтар келе жатқанын хабарлауға ертерек аттандырды.

Бастапқыда аралды жағалап жүріп отырған олар, кейіннен тар сүрлеу жолмен орманға кіріп, аспалы көпірлер арқылы бірнеше өзендерден өткен соң, жартасты қыраттарға көтеріліп, ақыры алты тәулік өткенде табиғаты көркем алқапқа шықты. Айналада күріш егістері, пальма ормандары мен жеміс бақтары жайқалып тұр. Тау аңғарындағы құжынаған лашықтардың ортасына патша сарайы орнапты.

Сендемаин патша қонақтардың алдынан жасау-жабдығы керемет бай, арқаларына үй тәрізді әсем күймелер қондырылған он пілді жіберіпті. Венециялықтар, сарай қызметкерлері, тілмаштар, әскербасылар жануарлардың арқасында баяу ырғалып келе жатқан осы күймелерге мінді. Осылай жүріп отырып, олар патша сарайына келді.

Патша қонақтардың құрметіне салтанат залында той өткізді. Олар патшаның айналасындағы кілемдерге астарына жастық салып жайғасып, бұрышталған тамақтарды жеп, мол шараптан ішті. Үйдің

іші қапырық болған соң, әр қонақтың жанында қолдарында желпуіші бар бір-бір күтуші отырды.

Сендемаин да қалған түземдіктер сияқты киінген, тек бар айырмашылығы – жылтыр кара денесіне тағылған асыл әшекейлерде есеп жоқ екен. Оның мойнына құнына баға жетпес лағыл мен гауһар араластыра тізілген алқа тағылса, ал кеудесіне дейін түсіп тұрған бір жүз төрт інжу мен маржаннан жасалған моншак көзінді қарыл, өзіне қаратпайды. Патшаның білектеріне алтын білезіктер, саусақтарына бриллиант қондырылған алтын жүзіктер салынған.

Дастарқан басында Маффео Маркоға:

– Көрдің бе, үсті-басына тағып алған қымбат әшекейлері бір елдің қазынасының құнындай екен, – деді.

Той дастарқаны жиналған бойдан Марко Поло ұлы ханның патшаға жіберген сый-сияпатын әкелуді бұйырды. Сосын Қытай империясының және оның билеушісінің мақтауын жетістіре отырып, ұлы ханның сөлемдемесін тапсыру үстінде ұлы мәртебелі жаһанды билеушінің талап-тілегін де майдалап жеткізді.

Дөңгелек сары жастықтың үстінде малдас құрып отырған Сендемаин патша Марко Полоның сөзін зор ынтамен тыңдады. Ұлы ханның сыйлықтары және оларды жеткізген орелі елшілер тобы патшаны ризашылық сезімге бөледі. Алайда ол ұлы хан сұратқан лағылды беруден үзілді-кесілді бас тартты. Осылай дей отырып, ол жатжерліктер ұлы ханға теңдес жоқ лағылды өз көздерімен көргендігін айтулары үшін асыл-тасты қазір көрсететіндігін хабарлады.

Патша ымдап қана ишара білдіріп еді, бір қызметші лағылды олар отырған залға алып келді. Асыл тас салынған алтын табақты сол адам Марко мен Маффеоның алдарына қойды.

Таңданған венециялықтардың да, сарай қызметшілерінің де тілдері күрмеліп қалды. Тыныштық орнап, күтушілер қонақтарды желпуді де тоқтатты.

Лағыл алаулап жанған от секілді, ол өзінен тараған қызыл тілді жалынмен адамдардың беттерін, қабырғадағы кілемдер мен

суреттерді шарпып жатқандай. Асыл тас ешқашан сонбейтін мәңгілік алаудан аумады.

Сендемаин патша лағылдың жиналғандарға қалай өсер еткенін рақаттана бақылады. Ол орнаған үнсіздікті бұзып, тілмаш арқылы Марко Полоға дүниенің бар бұрышына даңқты істері жайлы әңгімелер тарап жатқан ұлы императорға сәлем жолдап, сый-сияпат көрсететіндігін, бірақ ол сұраған лағыл атадан балаға көшіп келе жатқан мұра екендігін, сондықтан оны әлемнің бар байлығына айырбастамайтындығын, оны қолынан шығарып алса, бабаларының қарғысына ұшырайтындығын жеткізді.

Келесі күні Сендемаин патшамен болған жеке кездесу кезінде Марко Поло оған егер лағылды беретін болса, Ормуз арқылы он мың асыл тұқымды арғымақ жеткізіп беретіндігін мәлімдеді. Әйтсе де, патша бұрынғы шешімінен айныған жоқ.

Марко Поло өз нөкерлерімен Цейлон патшасының сарайында бір жеті қонақ болып, жағалаудағы лагерьге өте көңілді оралды. Өйткені патша ұлы ханға аса мол етіп, асыл тастар сыйлады. Өзі сұраған лағылды ала алмаса да, Құбылай ханның бұл сапардың нәтижесіне риза болатындығына Марко сенімді еді.

Цейлоннан аттанар алдында венециялықтар Ашимамен бірге мұхит жағасына қыдыруға шыққан еді. Олар жатаған төбешікке көтеріліп, сүрлеу жолмен тік жартасқа қарай беттеген. Оң жақтарында – кемелер мен қайықтарға толы шығанақ, сол жақтарында – мұхит айдыны. Олардың беттері батысқа бұрылып, көздері батысқа қарайды. Батып бара жатқан күн су бетіне тірелген секілді. Мұрындарында теңіздің және хош иісті шөптердің иісі келді. Ағаштардың жуан діңдерін орап алған шырмауыққа ұқсас өсімдік бейне бір бейкүнә біреуді алқымнан алған қарақшының саусақтарынан аумады. Қалың жапырақтардың арасынан арагідік қыдырушыларға назар аударған маймылдар көрініп қалады.

Асау толқындар ақ көбік шашып, жағадағы құмқайырға домалана аунайды. Төменде теңселген теңіз жатыр. Жағалауға әр берген күн

бірте-бірте кокжиекке құлап кетсе де, теңіз суы мың құбылыны, түрлі түске енеді. Мұхит жақ қара қоңыр түске боялып қалғандай, ал толқындар нілдей кокнеңбек.

Олар үнсіз батысқа қарап, ұзақ уақыт тұрды. Кенет Марко Поло:

– Жолымызды оңдаса, біз осы жерден төрт ай ішінде Ормузға жеткен болар едік, – деді.

– Екі мың бес жүз мильдей жол, – деді Маффео Поло.

– Біз үнді жағалауымен жүзсек, осы шама шығуға тиіс.

Олардың кемелері шығанақта дайын тұр. Қызметшілер мен матростар ұлы ханға арналған сыйлықтарды және көпестердің тауарларын кемелерге тиеп жатыр. Сақшылар лагерьден оралды. Ертең қайту сапары басталады деп шешілген. Барлықтарының көңілдері көтеріңкі.

– Жел батыстан шықты, – деді Николо Поло.

– Біз бейне бір Дидоның жағалауында тұрған секілдіміз, – деді өзінен-өзі Маффео.

Екі ірі лашын шығанақты айналып ұшып жүр. Оларды байқап қалып зәруелері ұшқан маймылдар бақырып, құстар шикылдап, кидулап, сактануға белгі бере бастады.

Маффео Поло солар жаққа қарай жұдырығын көтеріп:

– Тынышталындар, малғұндар! – деп айқайлап жіберді.

– Қозғалма, Ашима! – деген Марко оны тез иығынан ұстай алды.

Ағаш арасымен жылан жылжып келеді. Ол өзінің көздері шыныдай үшкір басын көтеріп, адамдарға қарай бұрды. Ешкім орнынан қозғалған жоқ, ал жылан болса, жақын маңдағы бұталарға кіріп кетті. Оның жуандығы адамның беліндей, ұзындығы кем дегенде он кадамдай болатын.

– Жолбарыс әбжыланы деген осы. Ол бізге тимейді, – деді Николо Поло.

– Біздің Лидода маймылдар да, жыландар да жоқ, – деп қыстырыла кетті Маффео.

Маңайдан теңіз шуылынан басқа дыбыс естілмейді.

Венециялықтардың бастарына егер кері қайтпай қалсақ, не болар еді деген жымысқы ой келді. Оларға бұл жерден Венеция Қытайға қарағанда жақынырақ еді. Бірақ жел батыстан соқты және өмірші елшісін күтіп отыр.

Келесі күні жел күннің қызыл арайына малынған желкендерді көргенде, матростар әнге басты. Оттай қызыл дөңгелек күн көкжиекке қонды. Жағада тұрған түземдіктерге кемелер түп-тура күннің өзіне жүзіп бара жатқандай болып көрінді.





Баяуыт тайпасынан шыққан монғол ноянының он жеті жастағы қызы Көкешін екі жыл бұрын зор құрметке ие болды: ол ұлы мәртебеліге қызмет көрсететін сұлулардың қатарына алынды.

Өте көрікті Көкешінге император мейірбан көңілмен қарайтын. Қыз өз елінің әндерін шырқағанда билеушінің көңілі шалқып, көздері жайнап кететін. Император ай келбетті аруға көптеген бағалы сыйлықты тарту етті. Сәні мен салтанаты шалқыған ордада емін-еркін өмір сүрген Көкешін өзін айттыратын көркем ханзада қашан келер екен деп күтіп жүруші еді. Жұлдызшы оның бақытты өмір сүруге тиіс екендігін есептеп, болжап берді. Тек ештеп іші пысатыны болмаса, қыз шынында да бақытты еді.

Дол осы тұста Персия мен Хорасанның билеушісі Аргун ильханның\* әйелі Бұлғын қатын жазылмайтын дертке шалдықты. Жарық дүниемен қоштасарда ол күйеуіне өз елінен шыққан текті жердің қызына үйленуін соңғы тілегі ретінде айтып кетті. Аргун ильхан Бұлғынның бұл өтінішін міндетті түрде орындауға ақтық сапарға бара жатқан әйелінің бас жағында отырып ант берді де, ұлы ханға өзінің үш қызметкерін: Ұлатайды, Әпошкіні және Қожаны аттандырды. Бұлғын елдің солтүстік жағын мекендейтін баяуыт тайпасының қызы еді.

Император оларды құрметпен қабылдады. Ол астанаға таяуда ғана Қайдуға қарсы жасалған сәтті жорықтан оралған болатын, сондықтан көңілі көтеріңкі еді. Аргун ильханның өтінішін тыңдап болған соң ол күтушісіне Көкешінді шақыртты. Жас ару ұлы ханның алдына талғаммен киініп келді; оның мойнында – бриллиант алқа, білегінде – асыл тасты алтын білезік, ал шашына піл сүйегінен жасалған тарақ ерекше сән беріп тұр. Көкешін билеушіге тізерлеп тағзым етті.

– Тұр. Көкешін, – деп бұйырды император. – Аргун ильхан бізге үш бірдей елшісін жіберіпті. Олар баяуыт тайпасынан ильханға жақсы жар бола алатын сұлу қыз іздеп жүр.

Ұлатай, Әпошкі және Қожа қызды басынан аяғына дейін шолып өтті. Өзін еркін ұстайтын ару оларға бірден ұнады. Елшілер ұлы ханға рахметтерін жаудырып, Көкешінді өздерімен бірге әкететіндерін айтты. Қыздың қуанышы қойнына сыймады. Ол өзінің жүрек түкпірінде жатқан арман-тілегі орындалды деп есептеді.

Император Аргун ильханның қалыңдығына қаптаған нөкер бөліп, оның жол жабдығын дайындауға нұсқау берді.

Елшілер қайтар қарсаңда Құбылай хан сұлудың құрметіне көл-көсір той жасап, қызбен қимай қоштасты.

Көкешін мен елшілерге қаладан күтушілер мен сарай қызметшілері және қару-жарағы жалт-жұлт еткен сарбаздар үлкен топ құрап, бірге еріп шықты.

Ұлы ханға келерде жүрген жолмен кері қайтқан керуен сегіз ай өткенде монғол нояндарының алауыздыққа ұрынып, өзара соғысып жатқан аймағына келіп кірді. Сапарды әрі қарай жалғастыра беру қауіпті болды. Ұлатай, Әпәшкі және Қожа кейін қайту жайлы шешімдерін Көкешінге хабарлағанда қыз жолы сәтсіз басталғанына налып, жылап-сықтап, қатты ренжіді. Алайда тығырықтан шығар басқа жол жоқ. Арада тағы сегіз ай өткенде Көкешін ұлы ханның ордасына қайтадан оралды.

Император сәтсіз сапардан оралғандардың әңгімесін түнеріп отырып тындады да, оларға өз шешімін күтуді ескертті. Бірақ билеуші мәселені шешуге асығыстық білдірген жоқ. Көкешіннің үнжырғасы түсіп кетті, ал елшілер болса, Аргун ильханның сарайына аяқтары тиер күнді аңсады. Императордың батыстағы монғол ильхандарының алауыздығын ауыздықтауға пәлендей құлқы жоқ еді, сондықтан бұл аймақта тыныштық орнағанша жолаушылар бөгелуге мәжбүр болды. Апталар мен айлар зымырап өтіп жатыр. Елшілердің елдерінен шыққандарына үш жыл болса да, олар басын өтуге тиіс жолда тыныштық орнар түрі жоқ.

Дәл осы кезде ұлы ханның ордасына венециялықтар және олармен бірге болған сарай қызметкерлері оралды. Олардың Үндістанға барған сапарының өте нәтижелі аяқталғаны жаңлы хабар шартарапқа тарап жатты. Жатжерлік патшалар жіберген сыйдың көлемі мен саудадан түскен табыс күткендегіден бірнеше есе асып түскен соң, ұлы хан венециялықтарға ерекше жағдай туғызып, олардың жеке күзеттерін нығайтты және бұларға өздері әкелген асыл тастардың оннан бір бөлігін тарту етті де, сосын сапар барысын баяндаған есеп жазуды тапсырды.

Үндістан арқылы Венецияға оралу мәселесі Марко Полоның ешқашан есінен шыққан жоқ. Ол өздері сапарда болған үш жылдың ішінде императордың әбден қартайып кеткенін байқады. Елшілер әкелген дәрі-дәрмектер оның денсаулығын түзей алмады. Ұлы ханның ұрты үңірейіп, көзі шүңірейіп, бетіндегі әжімдері терендеп

кеткен екен. Тек қозінің оты ғана сонбеген, салбыраған қастарының астынан қуақылана жылт-жылт етеді.

Венециялықтар ендігі жерде императордан Отандарына оралуға рұқсат сұрамай, тұра тұруға бекінді. Олар императорды ашуландырып алып, тіпті Ханбалықтан аттап шыға алмай қаламыз ба деп қорықты. Венециялықтар басқа жоспар құрып, біршама уақыт өткеннен кейін ұлы ханнан тағы да Үндістанға сауда сапарына шығып қайтуға сұранбақшы болды. Тек бұл жолы өздерімен бірге сарбаз алмайды. Сол кеткеннен Ханбалыққа қайтып оралмайды...

Венециялықтардың ендігі мақсаттары – аман-есен Отандарына оралу. Осы арман жандарын жеп, жүректерін ауыртады. Қарттар қалған өмірлері Венеция тұрғындарының құрметіне боленіп, үйлерінде тыныш қана өткізуді армандап, ал Марко Поло өзінің алыс сапарларда көрген-білгенін, басынан кешкендерін отандастарына баяндап беріп, олардың ой-өрістерін кеңейтсем дейді. Венециялықтар, шынында да, күні бүгінге дейін ешкімнің, христиандардың да, сарациндердің де, татарлардың да, пұтқа табынушылардың да ешқайсысының өздері сияқты осыншама көп елді аралап көрмегенін мақтаныш ете алады.

Бірде, түскі астан кейін, Марко Полоға Аргун ильханның елшілерінің жұмсаған адамы келіп, оған Ұлатай, Әпошкі және Қожа мырзалардың өзімен оңаша піріклескісі келетінін, сол үшін азғантай ғана уақыт болуін өтінетінін хабарлады. Марко келген адамға өзінің қарапайым үйінде өтініш айтқан мәртебелі мырзаларды қабылдауды зор құрмет санайтынын жеткізуді тапсырды. Ұлатай, Әпошкі және Қожа көп күттірмей, шын жүректен сөлем беріп, жетіп келді. Амандасу, танысу рәсімдерінен кейін олар үстел басына отырды. Көп ұзамай Қожа әңгімені олардың Үндістан сапарына бұрып, ұлы мұхитпен қалай жүзіп өткендері жайлы әңгімелеп беруді өтінді.

– Сіз қалай ойлайсыз, теңіз жолымен Қытайдан Ормузға оңай жетуге бола ма? – деп сұрады Қожа.

Венециялықтар сезіккенін қалды. Олар пльханның елшілерін ордадан бұрын да кездестіргенмен, бұлардың нендей шаруамен жүргенін біле қоймайтын. Қарттар мен Марко бір-біріне қарасты.

– Оңай дейсіңдер ме? – деп қайталады Марко. – Жо-жок, бұл өте қауіпті жол, бірақ біздің ойымызша, құрлық жолымен салыстырғанда, сәл де болса, жеңілірек секілді.

– Кешіріңіздер, мырзалар, – деп сөз қосты Николо Поло. – Сіздер бізге оңаша бір шаруа айтпак едіңіздер ғой?

Қожа сонда ғана венециялықтарды өздерінің күпия жоспарларымен таныстыруға кірісті.

– Бұл-кездесуден император хабарсыз, – деді ол – Бізді өздеріңізге Персия мен Хорасанның болашақ патшайымы Көкешін жіберіп отыр. Нояндардың алауыздығынан шыққан таусылмайтын соғыс біздің жолымызды жауып тастап, өз елінен алыста бикеш әбден қажыды. Сондықтан біз сіздерден Персияға дейін апаратын теңіз жолының бар-жоғын сұрағалы келдік. Бірден айтпағанымызға кешірім өтінеміз.

Қожа жауап күткен сыңаймен венециялықтарға қарады.

– Сонда өздеріңізді Ормузға жеткізгенімізді қалайсыңдар ғой? – деп сұрады Маффео Поло.

– Иә, біздің патшайымның ең ынтазар тілегі осы, – деді Қожа.

– Бәріміздің тілегіміз осы, – деді Ұлатай. – Міне, тура үш жыл бойы елге оралуды армандап омалып отырмыз.

“Үш-ақ жыл”, – деп ойлады Марко, сосын әкесі мен көкесінің бетіне қарап, олардың қандай әсерде отырғандығына назар аударды.

Бірақ жатжерліктер бұлардың бет әліпеттерінен ешқандай өзгерісті байқай алмады, тек сұрақтарына шыдамсыздана жауап күтіп отыр.

– Біздің туған жерімізден шыққанымызға жиырма жыл болды, – деді Марко Поло. – Елге қайту мәселесін көтере бастасақ болды, император реніш білдіреді.

– Сонымен сіздер келісесіздер ғой? – деп сұрады Қожа.

– Ұлы мәртебелімен сөйлесіңіз. Біз қуана-қуана келісеміз...

Елшілер шыққан бойдан Маффео орындыққа сылқ етіп отыра қалды да:

– Мен бұған сене алмаймын... Мүмкін емес, – деп күбірледі.

– Бұл жайлы әзірге басымызды қатырмайық, – деді Николо Поло.

Марко өмірінде бірінші рет карттардың алдында өзінің шарасыздығын байқатты.

Он бес күндей уақыт өткенде Қожа бұлармен әңгіме барын айтып, қызметшісі арқылы хабар берді. Сөне бастаған үміт оты қайтадан тұтанды.

Қожа сұлу патшайыммен бірге императордың қабылдауында болып, оған өздерінің тілегін білдіргенін айтты. Ұлы хан әуелде олардың ұсыныстарына құлақ аспаған екен, бірақ артынан бұлармен арада болған әңгімеге қайта оралып, теңіз сапарының жай-жапсарын ойланып қоретінін білдіріпті.

Келесі күні таңертең Николо, Маффео және Марко Пололар императордың ордасына барып, Құбылай ханнан өздеріне қабылдау жасауды өтінді.

Император оларды қашан өз бөлмесіне шақырғанша, түске дейін қабылдау бөлмесінде күттіріп қойды. Әміршінің қасында Сю Сян қайтыс болғаннан кейін императорға бас кеңесші болып тағайындалған Есен-Темір болды.

Құбылай хан тағы да венециялықтардың соңғы сапары жайлы әңгіме қозғап, саяхат барысындағы кейбір оқиғаларды пысықтап сұрай бастады. Ол анда-санда жанындағы адамдардың беттеріне қапыл көз тастап қарап қояды да, содан соң бұрынғыдай қас-қабағы көзін жауып, ұйықтап отырған адамның кейпіне енеді.

Венециялықтар өздерінің алаңдап отырғанын сездірмей, императордың барлық сұрақтарына жан-жақты жауап берді. Олар өз тағдырларының шешілер сәті алыста емес екенін сезіп отыр.

Ұлатай, Әпәшкі және Қожа Көкешінмен бірге маған келіп кетті, – деді бір мезгілде ұлы хан. – Сонымен сіздер оны Аргуннің еліне

жеткізін салғыларың келеді... Көкешін бай үс сағыныштан созып барады. Менің сіздерді жібергім келмен еді, алайда Есен-Темір: “Сен оларды неге ұстайсың? Олардың үйлеріне қайтқысы келетінін көрмей отырсың ба? Босатқан жөн”, – деп отыр. Маған адал болғандарың үшін отініштеріңді орындамақпын. Көкешінді Аргун ильханның ордасына апарып тапсырған соң, үйлеріңе жүре беріндер. Кемені өзім беремін сіздерге.

Император іш тарта, өзімсіне сойледі. Оның бұл жақсылығына қалай жауап берерін білмеген венециялықтар оған тізерлеп отыра калып, тағзым етті.

Ю мең Фань Гун-ду ерекше қуанышты жағдайдың болғанын бірден байқады. Мырзалар адам танымайтындай өзгерген. Олар күліп, калжындап, үйді бастарына котерді. Ашимадан алда тұрған сапар жайлы естіген Ю бұл жаналық хабарды бірден Фаньға жеткізді. Осылайша, мырзалар оз отандарына қайтатын болды. Ал, бұлар қайда қалады? Кеме жайлы ойласа, Фаньның төбе шашы тік тұратын. Ол теңізді де, кемемен жүзгенді де жек көруші еді.

– Ю, білесің бе, – деп күрсінді ол, – менің енді қайтып ыстық елдерге барғаннан өлгенім жақсы... Мен аздаған жер мен шағын үй сатып алар едім. Шошқа мен буйвол алуға да ақшам жетіп қалады... Егер сен келіссен, Ю, онда мен мырзалармен сөйлесер едім... Бірақ сен менің тезірек өлгенімді тілейтін шығарсың.

Жауап орнына Ю оған алара қарады.

– Сен мен жайлы осылай ойлайды екенсің ғой! – деді ол даусын котеріп. – Олай болса, өзіңе де, болашақ буйволыңа да бакыт тілеймін...

Ю бөлмеден жүгіріп шыққысы келіп еді, Фань оны ұстай алды.

– Жаным-ау, мен мұны қалжындап айттым ғой, мырзалар рұқсат етсе, сен менімен бірге қаласың ба?

Жанарына жас толған Ю үнсіз ғана басын изеді. Оған Ашимамен қоштасу ауыр болатын, дегенмен жүрегі қуанышқа толы еді. Өйткені ақымақ Фань қыздың көптен күтіп жүрген сөзін жаңа ғана айтты.

Қыз басын Фаньның шығына салып, жылап-жылап алды, ол тырнағын жасырған мысықтай моп-момақан болып көрінді.

Құбылай хан венециялықтарға және олардың нокаерлеріне өзінің құзырына қараған барлық елдерде қошеметпен қарсы алынып, көмек көрсетілуге тиіс екендігі жайлы бұйрық мазмұны ойылып жазылған алтын пайцзаны тапсырды. Сондай-ақ ұлы хан оларға папамен және Франция, Испания корольдарымен өз атынан келісім жүргізетін мәртебе берді.

Ұлы ханның жарлығына сәйкес Зайтон портында алыс сапарға аттанатын он төрт кеме жасакталды. Олардың әрқайсысында тоғыз бірдей желкен керілген өте берік бір мачтадан ғана бар еді. Үлкен деген бес кемеде командалар екі жүз елу адамнан жасакталған. Трюмдерге тиелген азық-түліктің қоры екі жылға мол жететін еді.

Император венециялықтардың, Аргун ильханның елшілерінің және Көкешін сұлудың құрметіне қоштасу дастарқанын жайды. Ол Маркоға, Маффеоға және Николоға неше түрлі асыл тастарды сыйға тартып, олармен кимай қоштаса тұрып, бұл кісілердің Еуропада біраз уақыт тұрғаннан кейін, осында, ордаға қайтып оралатындығы жайлы уәделерін алды.

Венециялықтарға атқосшылыққа мың сарбаз бөлінді.

Оңтүстікті бетке алған керуен Маркоға жақсы таныс жолмен жойқын ағысты Сары өзенге келіп жетті. Саяхатшылар арғы бетке өтіп жатқан кезде венециялықтар және Ашима мен Фань атқа мініп, соңғы рет Матеомен қоштасу үшін жартасты жағалауға барды. Жолаушылар өз достарының зиратына тізелерін бүгіп тағзым етті. Арнасы осы тұста тарылатын өзен арқырап ағып, көкте қырандар қалықтап, жел сарғылт шанды көтеріп жатты. Тастардың арасындағы жарықтардан сап-сары гүлдер қылтиып осіп шығып тұр.

Матео мәңгі ұйқының құшағына енген. Бірақ достары үшін ол өлген жоқ. Олар абзал азаматтың алып денесіне көңілдері тола қарап, оның ақылды көздерін көріп, ақ жарқын күлкісін естіп отырғандай күй кешті. Жолаушылардың есіне Матеомен бірге өткізген сәттері



түсті, олардың әрқайсысы капитанмен іштей сөйлесіп, мұңдасып жатты. Сосын Марко дауыстап:

– Біз Венецияға өзіннен сөлем жеткіземіз, Матео, – деді.

Ашима алақандарымен бетін көлегейледі, ол жылап отыр еді.

Фань Гун-ду ішінен күбірлеп: “Сен маған ренжімейсің ғой, бауырым... Мен енді өзіме үй тұрғызам, аздаған жер және шошқа мен буйвол сатып аламын... Жаман тұрмасын деймін. Юға жолығып, жолым болды. Осының бәрі үшін өзіңе қарыздармын, кожайын... Қош бол, Матео!” – деді.

\* \* \*

Қыркүйектің арайлы бір таңында он төрт кеме Зайтон шығанағынан зәкірлерін көтерді. Теңіз бетінен самал соғып тұр. Шығарып салушылардың ортасында тұрған Фань Гун-ду мен Ю апақ желкендерін керіп, теңізге шығып бара жатқан кемелерден көздерін алар емес. Оларға Марко мен Ашима берген сыйлықта есеп жоқ.

Ашиманың бірте-бірте алыстап бара жатқан жағалауға қараудан көзі талар емес. Марко Поло жалғызсырамасын деген оймен әйелін күшактап алды.

– Мен де бейне бір өз үйіме бара жатқандаймын, – деді Ашима.

Қарттар кеменің бас жағында тұр. Жел олардың шаштарын кобыратып жіберген. Енді, ашық теңізде ғана ағайындылар өздерін шынымен бостандыққа шыққандай сезінді. “Бүгінгі желден, мына кемелерден, мына желкендерден кымбат бұл дүниеде не бар екен”? – деп ойлады алпыс жастағы Маффео Поло. Ол колын Николоньң нығына салып:

– Үйге бара жатырмыз, бауырым, – деді.

– Иә, тек Құдай аман-есен Отанымызға жеткізсін деп тілейік.

\* \* \*

Сапар онай болмады. Хайнань аралының жағалауында жолаушылар сұраныл дауылға тап келді, таудай толқындар олардың

кемелерін какпақылға салып, зорелерін ұшырды. Содан кейін бірнеше апта қатарынан теңіз бетінде үн еткен жел болған жоқ. Күн оларды қақтап тастайтындай күйін тұрды. Жолаушылар арасында етек алған безгек ауруы біраз адамдардың ажалына себеп болды. Таңғаларлығы сол, бұл ауруға тағы да тек ер адамдар ғана шалынды. Аргун ильханның елшілері Ұлатай мен Әпәшкі екеуі бір күнде қайтыс болды. Көкешін сұлу мен Қожа қарт олардың өліміне қатты қайғырды.

Венециялықтар палубаға қаруланып және окқағарларын ертін қана шығатын болды. Түнге қарай олар кезектесіп қарауылға тұрды, өйткені, кеме командасы жат жерліктерге жақтырмай қарайтындықтарын сезіп қалды. Матростар бір-біріне: – Аруақтарды ашуландырып алған соң, ауру көбейіп кетті. Дінсіздерді теңізге лақтырып тастасақ, сырқаттар тез сауығады, – деп пыш-пыш әңгіме айтатын.

Үш ай дегенде кемелер сегіз патшалықтың аралы Кіші Яваға келіп жетті. Олар шығанаққа зәкір тастап, аралдың солтүстік жағасында бір ай демалды. Теңізшілер мен нөкерлердің көңілдері әжептәуір көтеріліп қалды. Бірақ жолдың екінші жартысы бұрынғыдан да ауырлау болды. Жолаушылар Ормуз портына жеткенге дейін Үнді мұхитымен он сегіз ай жүзді. Сапар барысында алты жүздей адам қайтыс болды, олардың біреуі ғана әйел затынан еді.

Жүдеңкіреген Көкешін сұлудың бетін әжім шала бастады. Қожа да венециялықтар да адам тозгісіз ыстықтан және ұзақ жолдың азабынан әжептәуір арыды. Тек жалғыз Ашима ғана түк өзгерген жоқ. Парсы шығанағындағы жартасты аралға аяқтары тигенге шаттанып, қуанбаған жолаушы болмады. Ормуздың әкімі оларды ілтипатпен қарсы алып, жағалаудағы бес жайлы үйге боліп орналастырды. Аргун ильханның өздері келерден аз ғана уақыт бұрын қайтыс болғаны жайлы қаралы хабарды олар осында естіді. Оның иеліктеріне енді Аргунның көмелетке толмаған ұлының камқоры болып жүрген Гайхату әкім әмірін жүргізіп тұр екен.

Аргунның казасы жайлы естіген Көкешін өкініштен өзегі ортенін еңірен жылап, ұзақ уақыт өзіне-өзі келе алмады. Ол күнде кеніксіп баққа шығып, көк теңізден көзін алмай отырады да қояды. Жас сұлуды жұбатқысы келген сарай әйелдерін Көкешін өзіне жақындатпады. Оның қоз алдынан туған үйінде өткізген бақытты балалық шағы, табын-табын тұлпарларды айдаған жылқышылардың әндері, ұлы ханның ордасында өткізген көңілді өмірінің көркем көріністері тізіліп отіп жағтты. Қанша айтқанмен жастың аты жас, бір күні ол қолына айна алып, ұйпаланған шашын тарап, бет-ажарына мән бере бастады. Біраздан соң Қожа қызға Гайхатудың сарайына-жол жүру керек екенін айтқанда, Көкешін бірден келісіп, олар солай қарай аттанып кетті.

Ильхан әкімінің ордасы Тебризде орналасқан еді Қожа венециялықтардан сонда апарып салуды өтінді. Тербиз Еуропаға шығатын жолда жатқандықтан олар бұл ұсынысты бірден құп алды. Нокерлер теңіздегі сапардан соң тынығып қалған болатын. Олар бұл сапарға ынтамен шықты. Парсы жерімен салт аттылардан, қашыр үстінде бірқалыпты теңселген күймелерден, ауыр жүк артылған түйелерден тұратын үлкен керуен жылжып келеді. Ұлы хан берген алтын пайцза венециялықтарға барлық қиын сәттерде өлшеусіз көмегін тигізді. Оларға тиесілі жүк бес түйеге артылған. Сактық жасап, ең қымбат асыл тастарды олар өздерінің жолда қиетін елеусіз киімдеріне білдірмей тигіп тастады. Керуен аман-есен Тебризге жетті, Гайхату жолаушыларды үлкен құрмет көрсетіп, қарсы алды.

Көкешін сұлуды қасындағы нокерлерімен бірге алпыс мың әскермен Персияның шығыс шекарасын жаудың шабуылынан қорғап тұрған Аргунның ұлына аттандырып жіберді.

Аз уақыт демалғаннан соң венециялықтар мен Ашима сапарларын одан әрі жалғастырды. Бір ай өткенде олар Қара теңіз жағасындағы Трапезундке\* жетті. Жолаушылар бұл айлақтан басқаларға ұқсамайтын жаңа кемені көрді. Ұзынтұра, сымбатты келген бұл кеменің тұрпаты ақула секілді еді.

Оның қасындағы басқа кемелер ікемсіздеу болып көрінді.

Көркем кемеңің мачтасында Сан-Марко республикасының ақ туы желбіреп тұрды.

Бұлар айлақ алдындағы көшеден қолдарын оңды-солды сермен, даурыға сойлескен екі теңізшіні кездестірді. Оларды тыңдаған Марко Поло кілт тоқтап:

– Мыналардың сөздерін тыңдандар, – деді. Матростар итальян тілінің венециялықтарға ғана тән сазды, әуезді диалектісінде сөйлесіп бара жатыр. Көпестер демдерін шығармай, матростардың әр сөзіне рақаттана құлақ түрді. Сан-Марко республикасының кемесі анау, көшедегі венециялық теңізшілер мынау!

– Бері келші, матрос! – деп айқайлады Маффео Поло. – Сіздер Венециядансыздар ма?

Нашар киінген кісілерді онша менсіне қоймаған матростар бұлардың жанына келді.

– Қандай шаруаларың бар? – деп сұрады олардың бірі.

– Біз порттан венециялық кемеңі көріп, таң-тамаша қалдық, – деді Марко Поло.

– Сіздер венециялықтар сияқты сөйлейсіздер, – деді ойланып қалған теңізші. Дегенмен бір өзгешелік байқалады... Бұл кемеңі жасаған Муранолық Джованни. Оның кемелері әлемге ойгілі гой.

– Муранолық Джованни... – деп қайталады Марко Поло.

Бастарын изеп мақұлдаған матростар жөндеріне кетті.

– Мен оларға ешқашан адам көрмегендей қадалып қалдым-ау деймін, – деп күлді Маффео Поло. – Олардың сөйлегендерін таң атқанша тыңдауға әзір едім.

Айлақтан әр тілде сөйлейтін, әр түрлі киінген адамдарды: көпестерді, теңізшілерді, тілмаштарды кездестіруге болады. Теңіздің беті сұрғылт, аспан түнеріп тұр. Кемелерге жүк тиеліп жатыр.

Марко Поло үн-түнсіз карттармен қатарласа келе жатыр. Үлкендер сияқты оның да қуанышы қойнына сыяр емес. Досының атын естіген соң балалық шағы есіне түсті. Арадағы жылдар тарқаған

тұмандай... Муранолық Джованни... Бірте-бірте жаңа өсерлер Қытайдағы жылдарды комескілендіре бастады.

Туған топырақ тиіп тұр.

Сан-Николо портына 1295 жылдың жадыраған жаз күндерінің бірінде кеме тоқтады. Оның палубасында көне жол киімін киген үш еркек және басқа ұлттың түрлі-түсті жібек көйлегін киген жас әйел тұр. Олар теңізден сокқан самал желге рақаттана кеуделерін тосады. Күн сәуле шашып тұр. Жағадағы сары құмға соғылған толқындар кері қарай серпіледі. Бір сопы жартастан ойылған баспалдақпен томен түсіп, су жиегіне тоқтады. Шамасы, осы кемеңі күтіп тұрса керек.

Балықшылардың он шақты қайығы су бетінде теңселіп тұр. Құрған ауларынан күмістей жалтыраған балықтарды балықшылар босатып алып жатыр. Жағалауда алаулап жанған оттың жалыны ошақтағы мыс қазанның түбін-жалайды. Оттан шыққан түтінді жел ұйтқытып әкетеді.

Сан-Николо портына келген кеме шығанаққа кірді. Венециялықтар сол қалыптарында әлі палубада тұр. Сан-Марко каналымен гондолалар ойкастап өтуде. Олардың ескекшілері толассыз есіп, бір-бірімен қалжыңдасып қояды. Сан-Джорджоның бактары алыстан аңсап жеткен саяхатшыларды құшақ жая қарсы алып тұрғандай.

Олардың алдарында Риальто аралы жатыр. Кеме үйлер мен сарайлар анық көрінетін жерге келіп қалды. Қайықтарға бағыт сілтейтін емен бағандарда шағалалар қонақтап отыр. Шығанақтағы айнадай жарқыраған айдыннан аспандағы бұлттарды көресің. Бұл айдыңның ерсілі-қарсылы ағылған және зәкірде тұрған қисапсыз гондолаларға, балықшы қайықтарына, баржалар мен галераларға тарлау екендігі байқалады. Түрлі түсті желкендерін керген кеме баяу жылжып келеді. Алдыңғы жактан Пьяцетта көрінді. Қараған козді қарықтыратын Дождардың ақшаңқан әсем сарайы су астынан көтеріліп шығып тұрған төрізді. Сан-Марко шіркеуінің күмбезінде алтын крестер жарқырайды. Пьяцеттаға сыймаған халықты қық

жарып жол бастан келе жатқан қызметшілердің соңынан үстеріне қанқызыл мантия<sup>31</sup> киген екі сенатор жүріп келеді. Кампианиладан коңырау үні естілді.

– Міне, Венеция деген осы, – деді Марко Поло Ашимаға.

Тас арыстан айдыңға көз тігіп жатыр. Тас бағанға орнатылған Теодор Әулие жолаушыларға күлімсіреп қарап тұрған сияқты.

Олар Отандарына оралды.

## ТҮСІНІКТЕР

**Джованни Плато Карпини** (1182-1252) – Иннокентий IV папаның елшісі ретінде 1245-1247 жылдар аралығында Лионнан шығып, Орталық Монғолияға, Күйік ханның ордасына дейін барған. Оның Монғолияға сапары Киев, Дон мен Каспий жағалауындағы далалар, Хорезм және Жетісу арқылы өткен. Ол Күйік ханның ордасына дейін он бес ай жол жүрген.

**Пірәлардың жазбалары** – бұл жерде әңгіме Плато Карпини сапардан оралғаннан кейін жазған “Монғолдар тарихы” атты кітап жайлы болып отыр. Марко Поло заманында Еуропада кітап басатын станоктар болған жоқ, сондықтан кітаптар колмен көшірілді.

**Құбылай хан** (1216-1294) – Шыңғысханның немересі. Шыңғысхан әулетінің ата жұрты Монғолияға, оған жапсарлас жатқан Байкал көлі маңындағы барлық жерлерге және Қытайға билік жүргізген. 1259 жылы ұлы хан болып сайланып, шартты түрде Тынық мұхиттан Евфратқа және Днестрге дейінгі монғолдарға қараған барлық жерлердің әміршісі болып есептелді.

**Аяс пен Сис** – Киликиялық Арменияның қалалары. Осы елдің таулы аймақтары арқылы Бағдад пен Дамаскіден Босфор жағалауына, Тбилиси, Тебриз және Самарқандтан Жерорта теңізінің айлақтарына дейін сауда керуендері ағылып жатқан.

XI-XII ғасырларда Киликиялық Армения арқылы крест ұстаушылардың жасақтары сан рет өтіп, бұл ел крест жорықтарының басты базасына айналған.

Киликиялық Арменияның патшалары монғолдармен тату болды. Олар өздерінің Иранды билеген монғолдық хандарға бағынышты екендігін мойындады және еуропалық билеушілердің монғол әміршілерімен келіссөздерінде ара ағайындық рөл атқарды.

Киликиялық Армения монғолдармен және батыс еуропалық кейбір елдермен одақтасып, Мысырға қарсы жорыққа да шықты. Оны Марко Пололар Аяске келер алдында ғана Мысыр сұлтаны Байбарыс (1260-1277) жермен жексен етіп, талқандап кетті.

**Мамлюктер** – Орта ғасырлық Мысырда құлдықтан босаған сарбаздарды осылай атаған. XII-XIII ғасырларда мысырлық билеушілер әскер санын толықтырып отыру үшін жаппай құл сатып алуға қошті Мамлюктер арасында түрлі түрік тайпаларынан, иеркестерден, аландардан, грузиндерден, тіпті Киев пен Рязаньнан шыққандар да болды. XIII ғасырдың бірінші жартысында

Мысырда мамлюктердің ықпалы орасан зор болды, ал 1250 жылы ел билігі солардың қолына көшті. Байбарыс сұлтанның шыққан тегі қыпшақ тайпасынан болатын, сондықтан оның аталарының “Ұлы Донның саласы Каяла озенінің бойында” князь Игорьмен шайқасуы да әбден мүмкін.

**Хұлағу** – Шыңғысханның немересі, Құбылай ханның туған інісі. 1256-1258 жылдарда Иранды, Кавказдың бір бөлігін және Иракты жаулап алды. 1258 жылы Бағдадқа басып кірген Хұлағу қаланың тас-талқанын шығарды. Ондаған мың тұрғындар қаза тауып, құлдыққа сатылды.

**Ассасиндер немесе измаилиттер** – бүкіл Таяу Шығысқа үрей сепкен жасырын діни секта мүшелері. Бір қызығы, “ассасин” деген сөз француздың “ассасинэ” – “олтіру” деген сөзінен шыққан. Измаилиттер XII-XIII ғасырларда көптеген мұсылман және христиан елдерінің билеушілерін олтірді.

**Қарақорым** – Мөңке ханның Улан-Батордың батыс жағындағы Орхон озені бойындағы ордасы. Қарақорым 1267 жылға дейін ұлы хандардың астанасы болды, бұл қалада монғолдар Ираннан, Орта Азиядан, Қытайдан және орыс жерлерінен әкелген көптеген колонерші-құлдар тұрған.

**Ханбалық** – монғол тілінде хан қаласы деген сөз, қазіргі Пекин; аты бірнеше рет өзгерген Қытайдың ежелгі қаласы. 1267 жылы Құбылай хан оған жалғастыра салтанатты сарайлардан тұратын Даду қаласын салғызды да, Ханбалықты мемлекет астанасына айналдырды.

**Бахрейін аралдары** – Парсы шығанағындағы аралдар тізбегі. Қазіргі заманда аса мол мұнай қорымен белгілі болса, орта ғасырларда інжу-маржанның көптігімен даңқы шықты. Бахрейіннің асыл тастары Ормуз, Шираз, Басра қалалары арқылы Шығыс елдеріне кең тарады.

**Балық (Балх)** – қазіргі заманда Визирбад деп аталатын Солтүстік Ауғанстандағы қала. Ежелгі дүниеде және орта ғасырларда Орталық Шығыстағы маңызды сауда орталықтарының бірі болған.

**Шибирган** – Солтүстік Ауғанстандағы Балықтың батыс жағындағы қала.

**Бадахшан** – Памир өңіріндегі биік таулы аймақ. Ерте замандарда-ақ өзінде өндірілетін асыл тастарымен, әсіресе лазурит және лағылдарымен Бадахшанның даңқы әлемге тараған.

**Абескун теңізі** – Каспий теңізінің ескі аты.

**Мұхаммед** – Хорезм патшасы. 1219-1221 жылдар аралығында Ауғанстан, Орта Азия және Иранға жайылып жатқан Мұхаммедтің ұлан-ғайыр патшалығын Шыңғысхан жаулап алды. Дарынсыз және қорқақ патша



монғолдарға қарсы күресті ұйымдастыра алмай, әскерін тастап, бас сауғалап, Түрікмен шоліне барып бой жасырды. Ол Каспий теңізінің бір аралында аштан олдді деген мәлімет бар.

**Шағатай** – Шыңғысханның екінші ұлы. Жетісу мен Шыңжаң жерлері оның қарамағында болған. Тек Шағатайдың заңдарын ғана емес, Шыңғысханның басқа да ұрпақтарының талаптарын орындамағандар қатаң жазаға ұшырап отырған.

**Несториан-христиандар** – VI-VII ғасырларда сол кезде Византия империясының қарамағындағы Сириядан шығып, Қытайдың батыс аймақтарына қоныстанған қауым. Несториандар Қиыр және Таяу Шығыс елдері арасында сауда қатынасын өрістетуге үлкен үлес қосты. Марко Полоға дейінгі Қытай жайлы деректер Еуропаға солар арқылы жетті.

**Таңғұт патшалығы** – XI-XII ғасырларда Орталық Азиядағы Хуанхэ өзенінің бастауы мен Кукунор көлі маңында жатқан аса қуатты ел болды. 1226-1227 жылдары Шыңғысхан оны толық жаулап алды. Орыс саяхатшысы П. К. Козлов 1907-1909 жылдары монғолдар шабуылынан қираған Харо-Хото қаласының орнын тауып, қазба жұмыстарын жүргізді.

**Ахмед** – Құбылай ханның бас министрі, он сегіз жыл бойы мемлекеттің қаржы саласын басқарды. Халыққа ауыр тиген алым-салық жүйесін енгізген оны тұрғындар өте жек көрді. Қытайдың бүкіл халқы Ахмедтің өлімі туралы хабарды зор қуанышпен қарсы алды.

**Жамбы қатын** – Құбылай ханның бәйбішесі. Бұл әйелдің орладағы ықпалы өте жоғары болды.

**Шанду** – Пекиннен 30 шақырым жерде Шандухэ өзенінің бойында орналасқан Құбылай ханның жазғы ордасы. Ұлы хан жылдың ең ыстық айларын осы қалада өткізген. Монғолдар оны “Чжун-Найман-Сюме”, яғни жүз сегіз күмбезді қала деп атаған. Оның орнында қазба жұмыстарын жүргізгенде император сарайы сияқты алып құрылыстардың қалың қабырғаларының қалдықтары табылды.

**Сю Сян** – тарихи тұлға, қытай ғалымы, Құбылай ханның кеңесшісі.

**Сүбедей қолбасшы** – Шыңғысханның даңқты әскербасыларының бірі. Калка өзенінің бойында 1223 жылы орыс жасағын талқандаған.

**Жаңа жыл** – Қытай күнтізбесі бойынша жаңа айдың бірінші күні. Бұл мереке жыл сайын өзгеріп, 21 қаңтар мен 19 ақпан аралығының белгілі бір күніне сәйкес келеді.

**Тап** – ұлы хан жанындағы кеңесші орган, жоғарғы кеңес.

**Чиншигу** – Марко Поло Жапонияны осылай атаған. Құбылай ханның империясы мен Жапонияның арасында өте тығыз сауда қатынасы болған және ол 1269 жылға дейін жақсы жалғасқан. Құбылай хан 1269 жылдан бастап Жапонияны басып алуға дайындық жүргізді. Аралды жаулап алуға жасалған 1274 жылғы алғашқы әрекет сәтсіз аяқталды. 1281 жылғы шабуыл бұдан да нәтижесіз болды; жолда сокқан дауылдан монғол кемелері тас-талқан болып қирап, бүкіл жасақтан тек үш адам ғана елге аман оралды.

**“Жүзкөз” Баян** – Құбылай ханның Оңтүстік Қытайды бағындырған қолбасшыларының бірі.

**Арық-Бұғы** – Құбылай ханның інісі. Құбылай таққа отырғаннан соң ол ұзақ жылдар бойы ағасымен тақ үшін күресті. Бұл күресте ол Ертіс бойындағы және Жетісу жеріндегі монғол нояндарының қолдауына сүйенді.

**Қайду** – Үгедей ханның немересі. Шыңғысханның шөбересі. Шағатай ұлысын басқара отырып, көптеген жылдар бойы Құбылай ханмен теке-тіресте болған.

**Янчжоу** – Янцзы және Хуанхэ өзендерін қосатын ұлы канал бойында, Янцзы өзенінің сол жағасында орналасқан қала. Марко Поло бұл қалаға 1286 жылы әкім болып тағайындалып, оны үш жыл басқарды. XI ғасырдың соңында қала мен оған бағынышты аумақта 500 мың отбасы болып, тұрғын халықтың жалпы саны 3000000 адамға таяған.

**Сендеманн** – шамасы, бұлай деп сол тұста Цейлонның солтүстік бөлігін басқарған Чандра Банту есімді көсемді атап отырған сияқты.

**Зайтон** – еуропалықтар мен арабтар Тайвань бұғазы жағасында Фуцзянь провинциясында орналасқан Қытайдың маңызды порты – Цюанчъжоуды осылай атаған.

**Чамбо** (дұрысы -- **Тямпа**) – Вьетнамның оңтүстік бөлігі. Марко Поло заманында Тямпа солтүстік Вьетнам патшалығы Да Вьетпен жауласқан дербес мемлекет болған. Монғол қолбасшысы Сагату Тямпаға 1281 жылы басып кірді, алайда қатты қарсылыққа кездескен жасақ бұл елді тастап шығуға мәжбүр болды. Сагату көтерілісшілермен шайқас кезінде қаза тапты. Монғолдар бұл елге қайтадан шапқыншылық жасаған жоқ, Құбылай хан өзіне алым ретінде ел патшасы жіберіп тұрған пілдерге риза болды.

**Ява** – Марко Поло бұл аралда болған жоқ. Ол Тямпа жағалауынан Малакка бұғазы арқылы Суматра мен Цейлонға өтті, ал Ява жайлы мәліметтер Тямпа мен Суматрада естіген деректер негізінде жазылған болуға

---

тііс. Ява ол тұста күнгі мемлекет еді, явалықтар 1291 жылы аралды жаулап алмақ болған Құбылай хан аттандырған монғол флотилиясына мықты тойтарыс берген.

**Ильхан** – “елдердің өміршісі” деген мағынадағы Иранды билеген монғол хандарының атағы. Аргун ильхан (1284-1291) Хулағудың немересі болатын. Монғолдық Иран Құбылай ханмен бірігіп, Шағатай ұлысының ханы Қайдуға қарсы күресті. Сол себептен Иранның астанасы Тебриз бен Ханбалықтың арасында тығыз қарым-қатынас орнаған еді.

**Трапезунд** – Қара теңіздің оңтүстік жағалауындағы қала, сол кезде 1204 жылы орнаған Трапезунд империясының астанасы болды.

## ҚАЗАҚШАҒА АУДАРУШЫНЫҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ

Қазак тіліне аудару кезінде ескертпе жасап, түсінік беру қажет сөздердің оң жағындағы жақша ішіне рет саны қойылып, ескертпелер сол рет сандары бойынша беріліп отыр.

<sup>1</sup>**Пірәдар** – Сопы (монах), белгілі бір діни қауымдастыққа кіретін және осы қауымдастықтың барлық талаптарын бұлжытпай орындайтын адам. Орыс тіліндегі “брат” деген мағынадағы сөзге ең жақын балама ретінде осы ұғымды қабылдауға тура келді.

<sup>2</sup>**Сутана** – католик дінбасылары киіп жүретін ұзын етектегі сырт киім.

<sup>3</sup>**Пьяцетта** – ежелгі Венециядағы орталық алаң осылай аталған.

<sup>4</sup>**Лан-Джорджио** – Венеция қаласы салынған аралдардың бірі. VII ғасырдың аяғы мен VIII ғасырдың бас жағында осы қала негізінде құрылған Венеция республикасы Мурано, Сан-Микеле, Риальто, Лидо, Сан-Джорджио сияқты ондаған аралдарға орналасты. Венеция IX-XVI ғасырлар аралығында Батыс Еуропа мен Шығысты байланыстыратын аса маңызды сауда орталығы болды.

<sup>5</sup>**Арвеведерчо** – итальян тілінде “Қош келдіңіз” деген тіркес.

<sup>6</sup>**Гондола** – итальяндықтар оның ішінде венециялықтар дүниеге әкелген бір ескекті, жалпақ табанды қайықтың түрі. Сондай-ақ “галера” деп аталатын ескек саны 25-ке жететін қайықты да венециялықтар ойлап тапқан.

<sup>7</sup>**Буона сера** – итальян тілінде “Қайырлы кеш” деген тіркес.

<sup>8</sup>**Дукат** – Венецияда 1140 жылдан бастап шығарылған, әуелі күмістен, кейін алтыннан құйылған ақша.

<sup>9</sup>**Сан-Николо** – Венециядағы кеме тоқтайтын айлақ.

<sup>10</sup>**Дождар Сарайы** – VII-XVIII ғасырлар аралығында Венеция республикасының басшысын дож деп атаған. Дож елді осы сарайда отырып басқарған.

<sup>11</sup>**Григорий X** – 1271-1276 жылдар аралығындағы Рим папасы.

<sup>12</sup>**Хингай** – ПIANO Карпини бұл адамның есімін Хингай деп қате жазып отыр, оның дұрыс аты Чингай. Чингай – тарихи тұлға, Үгедейдің нөкері, ұлы ханға оның бұйрықтарын қағазға жазып отыратын хатшы болған.

<sup>13</sup>**Катай** – Марко Поло мен оның замандастары Солтүстік Қытайды Катай деп, Оңтүстік Қытайды Манзи немесе Манги деп атаған. Бұл сөзді шығарма мәтінінде бұдан әрі қарай барлық жерде Қытай деп алдық.

<sup>14</sup>**Бон джорно** – итальян тілінде “Қайырлы күн” деген тіркес.

<sup>15</sup>**Мессер** – итальян тілінде “мырза” деген сөз.

<sup>16</sup>**Муникэ** – Монке (Мункэ, Менгу) – Шыңғысханның немересі, Төлейің (Төлей) ұлы. 1251-1259 жылдар аралығында Монғол империясының ұлы ханы.

<sup>17</sup>**Фут** – ағылшынша ұзындық өлшемі. Бір фут 0.3048 метрге тең.

<sup>18</sup>**Торнез** – Венеция республикасының алтын мен күмістен жасалған ақшасы.

<sup>19</sup>**Пайцза** – монғол империясында сенім грамотасының орнына жүрген асыл металдардан жасалған тілікше белгі.

<sup>20</sup>**Патер** – католик діні бойынша қызмет атқаратын кейбір лауазым иелерінің атағы.

<sup>21</sup>**Гаутама-Будда** – буддизмнің негізін қалаушы Сиддхартха Гаутаманың (б.з.д. 623-544 ж.ж.) қоладан құйылып, алтынмен апталған мүсіні.

<sup>22</sup>**Лан** – Құбылай хан заманындағы жібек матадан жасалған ақша.

<sup>23</sup>**Сарацин** – әуелде ежелгі авторлар осылай деп Аравиядағы көшпенді тайпаларды атаған, ал келе-келе бұл атау барлық араб тайпаларына тән жалпы атқа айналған. Крест жорығына шыққандар мұсылман дініндегі барлық адамдарды сарациндер деп атады.

<sup>24</sup>**Бизантин** – монғол империясы шығарған алтын ақша.

<sup>25</sup>**Патриций** – Ежелгі Римде, кейіннен орта ғасырлық Батыс Еуропада, сүт бетіндегі қаймақтай ауқатты, әлді адамдарды осылай атаған.

<sup>26</sup>**Ливр** – Венеция ақшасы.

<sup>27</sup>**Грош** – Венецияның ұсақ тиын ақшасы.

<sup>28</sup>**Буоно ноте** – итальян тілінде “қайырлы кеш” деген тіркес.

<sup>29</sup>**Джонка** – Шығыс Азия елдеріне кең тараған ағаштан жасалған желкенді қайық.

<sup>30</sup>**Таман** – монғол империясының алтын ақшасы.

<sup>31</sup>**Мантия** – Рим папасының және басқа да православиелік дін өкілдерінің салтанаттарда киетін сырт киімі.

## М А З М Ұ Н Ы

|   |     |
|---|-----|
| Алыс әлемге.....                        | 5   |
| Армениядағы қырғын.....                 | 21  |
| Түнгі әңгіме.....                       | 27  |
| Көгілдір ақық.....                      | 41  |
| Қарақшылар шабуылы.....                 | 51  |
| Керемет кеме.....                       | 74  |
| Судан қымбат сусын жоқ.....             | 92  |
| Жанары жарқын қыз.....                  | 102 |
| Ажал аранында.....                      | 115 |
| Жолбасшы жігерлі болса.....             | 142 |
| Баяндер бек-Береген.....                | 157 |
| Үрей мен үміт.....                      | 167 |
| Ұлы қолбасшының рухы.....               | 183 |
| Қыран қауырсынды шабарман.....          | 198 |
| Жүз сегіз күмбезді қала.....            | 215 |
| Император бағындағы кездесу.....        | 224 |
| Ханбалықтағы қыс.....                   | 234 |
| Капитан Матео.....                      | 249 |
| Қара түнді қыс жарып.....               | 266 |
| Тақ төңірегіндегі тартыс.....           | 289 |
| Көлденең көк атты.....                  | 312 |
| Адам ұрлаған азғын.....                 | 328 |
| Желкен астындағы адам.....              | 357 |
| Мұрагер сарайындағы оқиға.....          | 364 |
| Шандуға сапар.....                      | 380 |
| Вай Ван Синь.....                       | 409 |
| Үнді еліне сапар.....                   | 430 |
| Отанға оралу.....                       | 453 |
| Түсініктер.....                         | 467 |
| Қазақшаға аударушының ескертпелері..... | 472 |

**«Тарих. Таным. Тағдыр» сериясы**

**Вилли МАЙНК**

**МАРКО ПОЛОНЫЦ  
ТАҢҒАЖАЙЫП САПАРЫ**  
*(қазақ тілінде)*

*Орыс тілінен аударған*  
**Қуаныш Ахметов**

|                      |                                       |
|----------------------|---------------------------------------|
| Редакторы            | <i>Л. Имашева</i>                     |
| Суретшісі            | <i>Е.Қожбаев</i>                      |
| Серияны жасаған      | <i>Е. Қожбаев</i>                     |
| Техникалық редактор  | <i>С. Бейсенова</i>                   |
| Компьютерде беттеген | <i>С. Назырбаева</i>                  |
| Корректорлары        | <i>Г. Әмірешова,<br/>А. Оразбаева</i> |



ИБ №170

Теруге 27.04.2006 ж. жіберілді. Басуға 06.12.2006 ж. қол қойылды. Пішімі 70x108<sup>1/32</sup>. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «KZ Times New Roman». Басылымы офсеттік. Шартты баспа табағы 21,00. Есептік баспа табағы 23,1.

Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 4810

---

«Аударма» баспасы,  
010000, Астана қаласы, Ш.Айманов көшесі, 87/1.  
«Астана полиграфия» АҚ,  
010000, Астана қаласы, Брусиловский көшесі, 87/1.

ISBN 9965-18-159-4



9 789965 181597











"ТАРИХ. ТАНЫМ. ТАҒДЫР."